

**ФИЛОСОФИЯ, САЯСАТТАНУ ЖӘНЕ  
ДІНТАНУ ИНСТИТУТЫ  
ҒЫЛЫМ КОМИТЕТІ  
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ**

**ТӘУЕЛСІЗДІК. АШЫҚ ҚОҒАМ.  
ҚАЗАҚ ДИАСПОРАСЫ**

**10-том**

---

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ТӘУЕЛСІЗДІГІНІҢ  
25 ЖЫЛДЫҒЫНА АРНАЛҒАН АКАДЕМИК  
Ә.Н. НЫСАНБАЕВТЫҢ ТАҢДАУЛЫ ҒЫЛЫМИ  
ЕҢБЕКТЕРІНІҢ 10-ТОМДЫҚ ЖИНАҒЫ**

**Алматы  
2016**

**ӘӨЖ 101**  
**КБЖ 87**  
**Н 91**

*ҚР БҒМ Ғылым Комитеті Философия, саясаттану және дінтану институтының Ғылыми кеңесі баспаға ұсынған*

**Редакциялық алқа:**

**З.К. Шаукенова** (төраға), **С.Е. Нұрмұратов** (төраға орынбасары),  
**В.Ю. Дунаев, С.Ю. Колчигин, В.Д. Курганская**

**Рецензенттер:**

ҚР ҰҒА академигі **Ж.М. Әбділдин**,  
ҚР ҰҒА академигі **А.Қ. Қошанов**,  
ҚР ҰҒА академигі **С.С. Сартаев**

**Н 91 Нысанбаев Ә.Н.**

Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 25 жылдығына арналған академик Ә.Н. Нысанбаевтың таңдаулы ғылыми еңбектерінің 10-томдық жинағы. – Алматы: ҚР БҒМ ҒК Философия, саясаттану және дінтану институты, 2016.

**ISBN – 978-601-304-064-6**

**Т. 10: Адам және ашық қоғам. 10-том. – 453 б.**

**ISBN – 978-601-304-074-5**

ҚР ҰҒА академигі, қоғам қайраткері, Президенттің бейбітшілік және рухани келісім сыйлығының лауреаты, көрнекті ғалым-философ Ә.Н. Нысанбаевтың таңдаулы еңбектерінің 10 томдық жинағында оның белгілі шығармалары топталған.

Оныншы томда адам және оның мәні мен мағынасы, дүниетанымы мен құндылықтар әлемі зерделенеді. Бұл кітапта адам мен ашық азаматтық қоғам арақатынасы мәселелері зерттеледі. Еңбекте адамды рухани жағынан жетілдіру қоғамды жетілдірудің төте жолы болып келетіндігі көрсетіледі.

Кітап ғылыми қызметкерлерге, оқытушыларға, студенттер мен докторанттарға және қалың оқырман қауымға арналған.

**ӘӨЖ 101**  
**КБЖ 87**

ISBN – 978-601-304-074-5 (Т. 10)  
ISBN – 978-601-304-064-6 (ортақ)

© Нысанбаев А.Н., 2016  
© ҚР БҒМ Философия, саясаттану және дінтану институты, 2016

---

## АЛҒЫ СӨЗ

Қоғам – әлеуметтік институттар, ұйымдар, қауымдастықтар мен жеке индивидтердің тіршілігі мен дамуында көрініс табатын, адамдардың өмір сүруінің тарихи өзгерістерінің формаларынан құралатын, табиғаттан бөлініп шыққан жүйелі құрылым. Осыған байланысты әлеуметтік философияның пәні адам өзінің басқалармен бірлескен іс-әрекеті кезінде түзелетін алуан түрлі байланыстар мен қатынастарды, сонымен қатар, олардың формаларын анықтау болып табылады деп тұжырымдауға болады.

Әлеуметтік философияның маңызды мәселелерінің біріне тарихи процесте заңдылықтардың болу мәселесі және онымен тығыз байланысты адам қоғамының типологиясының объективті негіздерін іздеу жатады.

Бұрын өмір сүрген және қазіргі бар алуан түрлі қоғамдарды әлеуметтік философияда белгілі бір типтерге бөледі. Қоғамдарды жіктелеудің бірнеше тәсілдері бар. Маркстік дәстүрге байланысты қоғамның типі өндіріс тәсілі арқылы, яғни ол ие болатын экономикалық ресурстардың пайдаланылуы мен бақылануына байланысты анықталады. Бірақ қоғамдардың типологиясы өмір сүруге қажетті оларға тән құралдарды алу тәсілдері, олардың әлеуметтік-мәдени сипаттары, шаруашылығын ұйымдастыру тәсілдері арқылы жасалуы мүмкін.

Адамдар, өздерінің ерекшеліктері мен сапаларының сан алуандығына қарамастан ең алдымен іс-әрекеттің субъектісі, ал өздерінің мақсаттарына жету үшін жасалған және қолданылатын құралдары – ең қарапайым тас балтадан бастап компьютерге дейін – оның объектісі болып табылады. Адамдар арасында пайда болатын байла-

ныстар мен қатынастар, оларға таңылатын объектілер де, іс-әрекеттің ұйымдастырушы формалары ретінде қарастырылады.

Әлеуметтік ұйымдастықтың түрлері мен формаларының шарттылығына қажетті адамдардың іс-әрекетінің белгілі бағытының түбірі туралы маңызды сұрақтар, адамның бостандығы мәселесі тәрізді, іс-әрекеттің ішкі регулятивті механизмдері, оның субъектілерінің жайы мен қасиеттері және олар әлеуметтік топтармен қарым-қатынасқа түсу процесі кезінде пайда болатын сұрақтар болып табылады. Қысқаша айтқанда, адамзат тегінің тіршілік ету ауқымының шектерінде іс-әрекеттің белгілі бір модификациясы болмайтын және оның іргелі сипаттамаларымен қатынасы арқылы түсіндірілмейтіндей ештеңе жоқ. Сондықтан іс-әрекеттік тұрғыдан қарастыру әрқайсысы әлеуметтік әрекеттің субстанционалды түсінілетін қасиеті ретінде, құрылымдық элемент (бөлік) ретінде, бөліктердің қатынасы ретінде анықталатын бірқатар іргелі ұғымдарда әлеуметтік құбылыстардың барлық алуан түрлілігін қайшылықсыз түйіндеуге мүмкіндік береді.

Ары қарай әлемдік философияда қоғамдық біртұтастықты тану әлеуметтік таным деп аталатындығы көрсетіледі. Социум танымның объектілерінің ішіндегі ең күрделісі болып табылады, өйткені ол – материя қозғалысының адамзатқа белгілі ең жоғарғы формасы. Әлеуметтік танымда қоғам әрі объект, әрі субъект болады: адамдар өздерінің жеке тарихын жасайды және де дәл солар оны тани алады. Мұндай объект пен субъектінің сәйкестігі бір мағыналы болып бағалана алмайды. Бір жағынан, ол оң мағынаға ие, өйткені қоғамда өтіп жататын процесстер танитын субъектіге оның тікелей немесе жанама өмірлік тәжірибесіне өте жақын болғандықтан осы процесстерді терең түсінуі мен дұрыс тануына мүмкіндік береді. Алайда, екінші жағынан, танымның жинақталған субъектісінде әртүрлі, тіпті, кейде қарама-қарсы ырықтар, мақсаттар орын алады. Соның нәтижесінде тарихи процесстердің өзіне және

оларды тануға субъективизмнің элементтері енгізіледі. Сонықтан әлеуметтік танымда шектен шығып кетуден сақ болу керек.

Адамның философиялық ұғымы әлеуметтік философияның объектісі ретінде адамды адам ететін, маңызды болып табылатын және одан оның басқа да ерекшеліктері шығатын адами ерекшеліктері мен қасиеттерін бөліп көрсетуге мүмкіндік береді дейді. Ең алдымен олардың қатарына: әлеуметтік, шығармашылық, бостандық, сонымен қатар адамды өзгеше жаратылыс ретінде сипаттайтын белгілерін жатқызады. Соңғыларының арасында ең маңыздысы болып адамның коммуникацияға, жауапкершілікке қабілеттілігі және өзінің жасаған нормаларына сәйкес өзін ұстауы есептеледі. Сондықтан Қазақстанның мемлекеттік егемендігін алуы жағдайында барлық әлеуметтік саясат бүкіләлемдік сұхбатқа ашық болып табылатын біздің қоғамымыздың ең басты байлығы – адамға бағытталуы керек.

Әлеуметтік ортамен өзара әрекеттесе отырып, өткен ғасырлардың тәжірибесін, адамгершілік нормалары мен ережелерін игере отырып, адам тек қана жеке тұлға болып қалыптасып, қоғамда өз орнын тауып қана қоймайды, сонымен қатар көп жағдайда адам өзін, өзінің индивидуалдылығын жоғалтады, сонымен қатар қоғам да адамды жоғалтады, ол адамнан жаттанады.

Жаттану, шын мәнінде, адамның заттануына, өзінің іс-әрекеті өнімінің құлына айналуына, еңбегінің шарттары, құралдары мен өнімдерінің үстінен бақылаудың жоғалуына әкеледі. Ол оның адамдық мәнінің маңызының жойылуына әкеледі, адамды затқа, басқа біреулердің мақсаттарына жетуінің құралына және өзінің жеке индивидуалды тіршілігінің құралына айналдырады. Сонымен қатар адам өзінің бостандығын жоғалтады, ол «шектеулі», «шекті» болып қалады, яғни тек қана жеке тұлға ғана емес, индивидуалдылық болудан да қалады. Сондықтан бостандық логикасы жаттанудың антиподы болып табылады. Ол орташа-

ланған, бір ізге келтірілген адам болып қалады. Мұндай бір ізге келтірілу үшін социумның бүкіл механизмдері мүмкіндік туғызады. Адамның рухани өмірі екінші орынға түсіп қалады, ол адамның өзінен және қоршаған органы материалдық және техникалық тұрғыдан игеруден туындайды және соған тәуелді болып қалады. Жаттанудың тек қана объективті ғана емес, субъективті жағы да бар. Жаттанудың субъективтілігі бұл әлеуметтік феноменнің жалған идеологиялық ұстанымдардан орын алатындығынан, әлеуметтік нормаларды қарсы күш ретінде қабылдаудан, жалғыздық сезімінен, апатиядан, әлеуметтік летаргиядан көрінеді.

«Адам, – профессор Қ. Әбішев айтқандай, – жаттанумен байланысты болатын әлеуметтік жаттануды жеңуі қажет, өйткені ол адамды билейді және әлеуметтік әділеттілікті бұзады». Мұндай жаттануды жеңу тек демократиялық және адам бостандығы орнаған мемлекетте ғана мүмкін.

Әлеуметтікті адамның ерекшелігі ретінде сөз қозғаған кезде адамның қасиеті – ерекшелігі көпшілік жағдайда басқа адамдарға бағытталатындығын және басқа адамдар тіршілік ететіндіктен ғана болатындығын ескеру керек. Адамның табиғатына тән және қоғамда жасалатын әлеуметтілігі оның шығармашылығымен, бостандығымен, сонымен қатар, өзіндік санасымен органикалық түрде өзара байланысты.

Шығармашылық тек адамға ғана тән: шығармашылық процесінде ол бұрын болмаған нәрсені өндіреді, сапалы түрде жаңа материалды және рухани құндылықтарды жасайды. Шығармашылық еңбекте пайда болатын адамның ерекше қабілеттілігі болып табылады. Ол сан алуан қоғамдық қажеттіліктерді қанағаттандыру үшін қызмет ететін жаңа шындықты жасауға бағытталады. Адамды өзінің шығармашылық мүмкіндіктерін жасауға және дамытуға қабілетті жаратылыс деп тегінен тегін айтпайды.

Шығармашылықтың мүмкіндігінің өзінде-ақ адамның бостандығы жатыр. Бостандық ұғымы көпқырлы;

оның маңызды қыры қоғамдық өмірдегі бостандық пен қажеттіліктің өзара байланысы болып табылады. Сонымен қатар тек қана қоғамда ғана адамның еркін дамуы мүмкін. Адамның дамуымен табиғи қажеттілік патшалығы кеңейеді, өйткені тұтынушылықтың көлемі ұлғаяды; бірақ оны қанағаттандыруға бағытталған қоғамның өндіруші күштері де ұлғаяды. Сөйтіп адам табиғи және қоғамдық күштерді бақылауға ала отырып, қоғамда өзінің бостандығын шектеушілерді жеңеді. Осы күштерге ие бола отырып, ол өзінің бостандығының мөлшерін жоғарылатады. Ол бұл күштерді тануға мүдделі болған сайын және оларды өзіне қызмет етуге мәжбүрлеген сайын еркін әрекет ете алады. Бұл белгісіз күштерді танып-біле және игере отырып, адам белгісіз, оның іс-әрекетін шектейтін қажеттілікті белгіліге, яғни бостандыққа айналдыруға қабілетті.

Толеранттық ұстын басқа, тіпті мүлдем қарама-қарсы көзқарасқа төзімділікпен қарауға және сыйласуға, менің өзімнің жеке «менің» ұстанатын құндылықтармен үйлеспеуі мүмкін құндылықтарды ұстанатын, мүлдем басқа мәдениеттің өнімі екендігін түсінуге негізделеді.

Қатынас адамдардың бір-біріне деген қоғамдық қажеттілігін білдіреді. Адамдардың арасындағы қатынастарда кездесетін мәселелердің бірі әлеуметтік-экономикалық жағдаяттардың әртүрлілігімен, қатынасқа түсетін субъектілердің этностық және ұлттық ерекшеліктерімен, олардың білімділігі мен руханилығының дәрежесімен, жас ерекшеліктерімен, белгілі бір әлеуметтік топтың өзгешелігімен т.б. анықталатын мәдениеттердің әртүрлілігінде жатыр.

Осыған байланысты әр түрлі мәдениетаралық, толеранттық пен өзара түсіністікке, басқалардың идеясын қабылдауға деген талпынысқа, басқаның ойын түсінуге, оны өзінікі етіп жасауға негізделген сұхбаттың қажеттілігі өзекті болып табылады. Мәдениет қатынастың нәтижесі ретінде, ең кем дегенде, екі түрлі мәдениеттің сұхбаты ретінде пайда болған кезде ғана

терең философиялық мағынадағы мәдениет бола алады. Бұл жерде сөз әрқайсысы өзін адамдық болмыстың, адам санасының, оның психологиялық ерекшеліктерінің, мінез-құлқының, ең соңында, оның өмірлік тағдырының өзіндік детерминациясының формасы ретінде көрсететін мәдениеттердің сұхбаты туралы болып отыр.

Мәдениеттің иесі әлеуметтік субъект болып табылады. Дәл соның өзі мәдениетаралық қатынастың, олардың сұхбатының өкілі болып табылады. Және де жүргізіліп жатқан сұхбаттың жемістілігі дәл соған, әлеуметтік субъектіге тәуелді. Сұхбаттың барлық эвристикалық мүмкіндіктерін, оны жүргізуші, өздерінің дәстүрлерімен, тілдерімен, мәдениеттерімен ерекшеленетін, әлеуметтік субъектілердің арасындағы коммуникативті байланыстарды барынша толық пайдалану қақтығыстар мен дағдарыстардан құтқарады, бірлескен шығармашылыққа мүмкіндік береді, жеке тұлғаның және жалпы қоғамның дамуының негізін құрайды.

Бұл жерде жаһандану ұғымы әлеуметтік философияда қазір жеке бір ұлт немесе халықты ғана емес, бүкіл әлемдік өркениетті қамтитын әлеуметтік өзгерістердің көлемділігін көрсету үшін қолданылатындығы атап өтіледі. Жаһандану теориясы қазіргі уақытта экономикалық және саяси құрылымның батыстық моделі көп мөлшерде мойындалып, кең тарап, әлемде белсенді түрде батыстану (вестернизация) жүргізілуі көзделетін қазіргі мерзімдегі көзқарсқа негізделеді. XX ғасырдың соңғы үшінші бөлігінде батыстық мәдениет пен капитализмнің таралуын ақтауға бағытталған жаңару идеясы тарай бастады. Мұндай көзқарасқа сай қазіргі бүкіл өркениет жаңару процесінің туындысы, ал жаһандану жаңарудың таралуы ретінде түсіндіріледі. Қазіргі уақытта жаһандану бүгінгі әлемнің шындығына айналып отыр. Әрине, көп елдер, осы деректі мойындай отырып, бұл жаһандық процестерге батып кетпеуге тырысады. Қазақстан Республикасы жаһандану дәуірінде өзін бірегейлендіруге ұлттық мәдениет арқылы талпы-

ныс жасайды. Оны жуырда жарық көрген «Қазақстан жаһандану жағдайында: философиялық-саясаттанулық талдау» атты ұжымдық монографияда зерттейді.

Әлеуметтік сала мен құрылымды, әлеуметтік стратификацияны зерттеу азаматтық қоғам мәселелерін танып-білумен тікелей байланысты. Қазіргі тұрғыдан қарағанда азаматтық қоғам ондағы бар бүкіл үлкен және кіші әлеуметтік топтардың, маманданған демографиялық топтардың, сонымен қатар ұлттық қауымдас-тықтардың өзара әрекеттесуі болып табылады. Олардың арасында әлеуметтік топтар мен қоғамның қабаттарының объективті түрде пайда болатын, сонымен қатар адамдардың саяси, экономикалық, рухани және әлеуметтік қажеттіліктерін іске асыру үшін жасалына-тын іс-әрекеті мен соған сәйкес мүдделерін ескерген маңызды.

Идеалды түрде азаматтық қоғам – бұл қоғамдағы саяси емес және саясаттандырылмаған рухани және экономикалық қатынастардың тұтас жиынтығы. Ол адамдардың аяқ асты өзіндік жүзеге асырылу аумағы: олардың азамат ретіндегі ерікті ұйымы немесе олардың тәуелсіз индивидтер түріндегі іс-әрекеті болып табы-лады. Сонымен қатар, бұл қоғам үшін өзгеше болып та-былатыны адамдардың өзіндік жүзеге асырылу аумағы мемлекет жағынын болатын бір жақты негізсіз регла-ментациядан соған сәйкес құқықтық нормалармен қор-ғалатындығында. Қазір азаматтық қоғам туралы сөз қозғаған кезде мемлекеттен автономды, тәуелсіз дами-тын демократиялық қоғамды айтады.

Бірақ бұл тәуелсіздік салыстырмалы: қоғам адам-дардың демократиялық құқықтары мен бостандығын қамтамасыз ете отырып, толығымен мемлекеттен тысқары кете алмайды. Олай болса, мемлекет азаматтық қоғам мәртебесін қолдауы қажет. Бұл мағынада ол өзі де азаматтық болуы қажет.

Азаматтық қоғамның зерттеушілері қазіргі жағдайда оның экономикалық негізі жекеменшіктік қатынастарға келіп тірелмеуі керек, ол акционерлік, корпоративтік,

кооперативтік, ұжымдық, мемлекеттік жекеменшікті және қоғамдық ұйымдардың жекеменшігін де құрамына енгізуі керек деп атап көрсетеді. Азаматтық қоғамның мақсаты осындай кең экономикалық негізде әрбір азаматқа өзін толығымен көрсетуге мүмкіндік беру, қажеттіліктерін қанағаттандыру, бүкіл қоғамға пайда келтіру болып табылады.

Қоғам мен адам тіршілігінің ең маңызды саласы болып табылады. Дәл осында адамды басқа тірі жаратылыстардан ерекше ететін – рух, руханилық пайда болады және іске асады. Мұнда ең қарапайымдардан бастап, ең нәзік және синтетикалықпен аяқталатын рухани тұтыныстар пайда болады; мұнда адамдық рухтың ғажайып жаратылысы болып табылатын – идеялардың өндірісі өрістейді; сөйтіп маңызды мөлшерде оларды тұтыну жүзеге асады.

Қоғам өмірінің рухани саласы генетикасы жағынан да маңызды болып табылады: қоғамдық практиканың туындысы бола отырып, тарихи түрде ол социумның қалыптасуын аяқтайды. Социумның ішіндегі жүйесі ретінде пайда бола отырып, рухани өмір социумды жоғарыға дейін құрастырған.

Қазіргі уақытта қазақстандық қоғамның қоғамдық-саяси және рухани салаларын демократияландыру процесі кезінде біртіндеп, бірақ ұдайы діни ұйымдар мен конфессиялардың заңды құқықтары мен бостандығы қалпына келтірілуде, өмірге әртүрлі көзқарасты ұстанатын адамдардың шынайы теңдігі іске асуда деп көрсетеді. Мұның барлығы біздің қоғамымыз бен қоғамдық санамызда конфессияаралық сұхбат пен жаңа өзара түсіністік философиясының гуманистік негіздерінің қалыптасуына әсерін тигізеді.

Қоғамның рухани өмірі қоғамның ішіндегі жүйесі бола отырып, өз кезегінде нақты бір тарихи формада белгілі бір құндылық болып табылады деп атап көрсетеді. Сондықтан, оны танып-білу кезінде осы қоғамға тән ерекшеліктерді анықтап алу керек. Мұндай тұрғыдан қарастыру авторға рухани құндылықтар

элемін жасауға бағытталған әрекет ретіндегі рухани өмірдің мүмкіндіктерін анықтауға, түрлері мен формаларын ашуға мүмкіндік береді. Рухани өмір рухани құндылықтарды өндіру, тұтыну, беруге бағытталған іс-әрекет ретінде көрсетіледі.

Қоғамдық сана рухани өмірдің жүрегі болып табылады. Ол қоғамның белгілі бір даму сатысында оның теорияларының, гипотезаларының, көңіл-күйінің, эмоцияларының, сезімдерінің жиынтығы болып табылады. Қоғамдық сананың деңгейі – бұл қоғамның күрделі себептік байланыстарына бойлау мөлшері. Сана теориялық және қарапайым деңгейде жүзеге асады. Қоғамдық санаға келсек, оның әрқайсысы адам іс-әрекетінің және қоғамдық қатынастардың белгілі бір түрлерінен жоғары тұратын идеялар жүйесі болып табылады. Қоғамдық сананың формаларына, мысалы, ғылым, мораль, философия, дін және т.б. жатады.

Адамдардың әрбір жаңа ұрпағы кез келген қоғамда бала кезінен бастап, үстемдік ететін экономикалық және әлеуметтік қатынастар мен идеологиялық мекемелермен қатар ұлттық ерекше құбылыстардың: өмір сүру бейнесінің ерекше кездерінің, мәдениеті мен тұрмысы формаларының, ұлттық салттары мен дәстүрлерінің ықпалына түседі, үлкен буын адамдардан ұлттық тілдің байлығын, өз халқының рухани құндылықтарына құштарлық сезімін, халыққа тән белгілі бір әдеттерді, нормаларды, мәнерлер мен өмірлік қажеттіліктердің және т.б. өзгешеліктерін игереді. Мұның барлығы бірте-бірте осы буынның мінез-құлқының ерекшелігінің дамуына әсерін тигізеді. Индивидуалды – ерекше (ұлттық) психикалық қасиеттердің әр алуандығынан немесе олардың әртүрлі тіркестерінен ұлттың мінез-құлқының ерекшеліктері қалыптасады.

Қазіргі көпэтностық қазақстандық қоғамды іштей біріктіруші фактор ретіндегі ұлттық идеясының рөлін ашады. Ол «Мәңгілік ел» жалпыұлттық қазақстандық идеяның негізін іздеу мен анықтау құндылықтардың жаңа жүйесінің қалыптасуындағы және қоғамдық

санадағы қайшылықтарды шешудегі маңызды тарихи кезең болып табылады деп есептейді. Қазақстанда жаһандану дәуірі кезінде ұлттық идея ұлттық егемендік пен елдің идеологиялық қауіпсіздігін, тәуелсіздігін, унитарлы мемлекетте қазақ мәдениетінің басқа этностардың мәдениетімен сұхбатқа түсуіне, оның ерекше мәдениетіне шабыт беріп, нығайтуға ықпал етеді. Мұнда қазақстандық идея – бұл демократиялық ашық қоғамның, әділеттіліктің идеясы, жаңа рухани-игіліктік кеңістіктің қалыптасуы мен соның негізінде әрбір этностың ұлттық санасының қайта түлеуінің, келісім, бейбітшілік және салауатты өмірдің кепілі ретіндегі күшті өркениетті тәуелсіз мемлекетті құру идеясы екендігін дәлелдейді.

Білім берудің шығыстық және батыстық парадигмаларын салыстырмалы түрде талдау негізінде егеменді Қазақстан батыстың білім беру дәстүріндегі рационализм мен шығыстық тәжірибені бойына сіңірген және біздің көпэтносты елімізде өмір сүретін барлық этностардың педагогикасымен өзара байланысты қазақтың дәстүрлі педагогикасына бағытталған, өзінің білім беруге байланысты ұлтық моделін табуы қажет деген маңызды қорытынды жасайды. Ол білім әлемдік, ал тәрбие ұлттық деңгейде болғанын қолдайды.

Ол білім беру мен тәрбиенің оқушыны педагогикалық ықпалдың енжар объектісіне айналдыратыны авторитарлықтан туады. Білім берудегі жеке тұлғаның жаттануы негізінде классикалық педагогика жатқан қазіргі оқу процесіндегі индивидуализмді жойып, «бұқаралық адамды» қалыптастырудан көрінеді. «Бұқаралық адам» – бұл көбірек алып, азырақ беруге тырысатын, белгілі бір стандарттарға, стереотиптерге сай ғана ойлап, әрекет етуге әдеттенген адам. Өкінішке орай, бұл бұқаралық адамдардың ортасы өзінің бір қалыптылығына орай, оқушының дербестікке және даралылыққа құлшынысына қарсылық көрсететін педагогтың белгілі бір типін қалыптастырады.

---

# **1 ТӘУЕЛСІЗДІК ФИЛОСОФИЯСЫ ЖӘНЕ ДЕМОКРАТИЯ**

## **1.1 Тәуелсіздік идеясының қалыптасуы**

Бұл томда, негізінен, қазіргі заманғы жаңаша философиялық пайымдаулар бойынша елімізде ұлттық тәуелсіздіктің жиырма бес жылында жарық көрген елеулі зерттеулер жинақталған. Әрине, мағынасы мен мәні жағынан тәуелсіздік кезеңіндегі еңбектер алдыңғы тарихымызға қарағанда біршама ерекше сипаттамаларға ие болады. Солардың ішінде қазақстандық философиялық ойды тұжырымдаушы мамандардың арасында шығармашылық еркіндіктің басымдық таныта бастағанын және оның әлемді философиялық тұрғыдан рухани игеруде жетекші рөл атқаруға бетбұрғанын қуанышпен атап өтуге болады.

Кеңестік қоғамның ыдырауымен XX ғасырдың соңында асыра дәріптелген маркстік философияның дәуірі де әлеуметтік-рухани кеңістігімізде аяқталды. Елімізде ондаған жылдар бойы, негізінен, толықтай идеологияланған, таптық атеистік бағдарға сүйенген философияның үстемдік етіп келгеніне қарамай шынайы философиялық зерттеулер мен талдаулар жүргізіліп келгенін де атап өтуіміз керек іспетті. XX ғасырдың екінші жартысында Қазақстанда әлемдік философияның ұстындары мен заңдылықтарын меңгерген мықты кәсіби философияның негізі қаланды. Ұлттық университетте қазіргі кезеңде кәсіби философ мамандар дайындалады, ал философияның әр түрлі теориялық және әдіснамалық проблемаларын жан-жақты зерттейтін, жоғарыда аталған, ғылыми философия институтымыз

да бар. Сондықтан философиялық мәселелер қазіргі кезеңде жаңа деңгейде зерттеу жағынан өзінің жалғасын табуда. Мәселен, философия тарихын зерттеуші мамандар аль-Фарабидің есімін әлемге танытуға, оның философиясының гуманистік астарын ашуға біршама тер төкті, диалектикалық логикамен айналысатын мамандар философияның ұғымдық-категориялық негіздерін сараптаумен айналысты, ғалымдарымыз ғылым тарихы және философиясы бойынша ғылым және мәдениет философиясынан, философиялық антропологиядан, антология мен әлеуметтік философияны қарастыруда біршама жетістіктерге жеттік.

Ал, енді тәуелсіздік алған тарихи кезеңнен бері елімізде басқа салалардағыдай философиялық-дүниетанымдық зерттеулерде өзіндік өтпелі кезең дәуірі орын алды. Бұрынғы әдеттегі зерттеу тәсілдері жаңа бағыттағы методологияға (әдіснамаға) орын бере бастады. Мамандар көп мәселені жалпыадамзаттық құндылықтар тұрғысынан зерделеуге ауыса бастағаны байқалды. Әрине, ол дегеніміз ұлттық болмысымыздың ерекшеліктерін философиялық сараптаудан өткізбеу деген сөз емес. Керісінше, этникалық болмыстың, сананың, ділдің, дүниетанымдық әмбебаптардың мәселелері жаңа қырынан ашыла түсті. Кітапта жарық көрген еңбектердің басым бөлігі осы өлшемдерге жауап беретін деңгейде. Әрине, пікірлер таласы жаңа ойларды туындататыны анық. Міне, осы егемендік алған тарихи кезеңнен бері еліміздің философиялық ойларды түйіндеуші қауымында әртүрлі тұжырымдар палитрасы, көзқарастар алуандығы көрініс берді.

Бұл заңды құбылыс болатын. Өйткені, «қасиетті жер бос болмайды» дегендей тәуелсіздікке жеткізген еркіндіктің бостандықтың арқасында әлемнің әр бұрышында дамыған, өрбіген философиялық-дүниетанымдық ағымдар еліміздегі маман-философтар үшін де қызығушылық туғыза бастады. Еуропада кең тараған постмодернистік бағыттар, компаративистика, герменевтика және синергетика сияқты тәсілдер кеңінен қолданыла баста-

ды. Әсіресе, философтарымыз құндылықтар мәселесіне, басқаша айтқанда, аксиологиялық мәселелерге, олардың әр түрлі қырларына үлкен маңыз бере бастады. Философтардың бір тобы қазақтың түпкі тарихының негізіндегі түркілік философияның інжу-маржандарын сұрыптаумен айналыса бастады. Бұрын-соңды ешқандай философиялық талдауға түспеген есімдер тереңінен және жан-жақты қарастырыла бастады. Мәселен, Қорқыттың, М.Қашқаридің, Ж. Баласағұнның, Қ.А. Иасауидің, Асан Қайғының, қазақтың атақты билерінің, ағартушыларының, қазақ интеллигенциясының, Абай мен Шәкәрімнің дүниетанымдық жүйелері жалпыадамзаттық құндылықтар тұрғысынан байыппен зерделене бастады. Кешенді түрде жүзеге асырылған мемлекеттік «Мәдени мұра» бағдарламасы түркілік кезең мен қазіргі замандағы көптеген ойшылдардың рухани қазынасын, көп ғасырлық рухани байлығын тұңғыш рет қазақ тілінде жарыққа шығаруға себепкер болды.

Бұл тек ұлттық тәуелсіздік дәуірінде ғана жүзеге асырылуы мүмкін дүниелер болатын. Тарих қойнауында қатпарланған даналық көздерін ашу қазіргі жаһандану заманында өрбіп келе жатқан нигилистік көзқарастарға қарсы тұратын дүниелер болып табылады. Оларды жинау, зерделеу, насихаттау арқылы ұлттық мәдениетімізді сақтауға, оның құндылықтарын дамытуға мүмкіндіктер алатынымыз анық. Бұл бағдарламаның тағы бір қыры әлемдік философияның ең құнды деген дүниелерін қазақ тілінде алғаш рет оқырман қауымға ұсыну болып табылады. Бұл жас ұрпақтың философиялық мәдениетін біршама биікке көтерері анық.

Тәуелсіз дамудың жылдары рухани мәдениетсіз, жастарды жоғары өмірлік құндылықтар рухында жүйелі және саналы түрде тәрбиелемей, тек материалдық игілік жолында тәрбиелеудің табысты болмайтындығын көрсетті, өйткені прагматизм және табыскерлік мүддені жоғары қоюшылық руханилықтан алшақ құндылықтарды егетіні белгілі. Әлемдік тәжірибе көрсеткендей, тек Қазақстан емес, сонымен қатар көп-

теген елдер, әсіресе, өз дамуының трансформациялық кезеңдерінде заманның алға қойған жаңа талаптары аясында өздерінің тарихына, мәдениетіне, дәстүрлеріне қайта бет бұрды. Міне, осындай тарихи жағдайда өзара түсінісу деп аталатын жаңа философиясының болашағы зор. Ол адамдар арасындағы ынтымақтастықты нығайтуға теориялық іргетас болады [1].

Халықтың өзіндік санасын мәдени және тарихи тамырдан ажыратуы мүмкін емес және оның үстіне, ол жаңашылдық даму үрдісіне бойлаған берік мәдени және философиялық дәстүрге сүйенбей дамуы мүмкін емес, сонымен қатар дәстүрді ескермеген қандай да бір мәдени жаңалық болуы да мүмкін емес. Біздің пікірімізше, халықтың өзіндік санасы мәселесімен сәйкестендірілген дәстүр мен жаңашылдық өрбігенде, еркін шығармашылық тұлғаны, этникалық қауымдастықты, тіптен, бүкіл адамзаттың руханилық бағытында қалыптасуына негіздер нығайғанда егемен Қазақстанның тәуелсіз дамуының ауқымы кеңейді.

Бұл томда айрықша көңіл бөлінген мәселенің қатарына қазақ философиясын зерттеуге деген бетбұрыстың мәтіндік негіздерімен, әдіснамалық бағдарларымен таныстыру болып табылады. Өткен тарихи кезеңдерде ұлттық философияға деген көзқарас үстірт болатын, тіптен, көшпенді өмір салтын ұстанған халықтарда философияның ізі де болмауы керек деген пікірлер де айтылып келді [2]. Міне, осындай жағдайда рухани тарихымыздың даналыққа толы інжу-маржандары бар екенін дәлелдеу зерттеуші ғалымдарымыз үшін үлкен сын болатын. Бұл еңбекте осы мәселенің дәйекті жауабы беріледі. Антологиялық ұстынмен біршама еңбектерде үзінділер жүйеленіп оқырмандарға ұсынылады. Жалпы қазақ философиясының Батыс Еуропалық рационалистік философиядан түбегейлі айырмашылығы бар екені белгілі.

Қазақ философиясы тарихи процесте поэтикалық формада танылған, бейнелілік арқылы әлемді рухани игеруге тырысқан, даналықты жоғары көтерген, сөз қадірін басқа құндылықтардан жоғары қоя білген. Сондықтан

осындай бейнелі философияның мағыналық деңгейін сипаттап жеткізу қазіргі заманның философ қауымы үшін үлкен міндет саналатыны анық. Қазақ ұлтының философиясын зерделеуде оның күрделі тағдырын жан-жақты қарастырумен астасып жатады. Осыған орай бұл томда қазақ ұлтының мәдени құрамдас бөлігі іспетті қазақ диаспорасының дүниетанымы, ұлттық идея сияқты мәселелердің төңірегінде қалыптасқан мәтіндер топтамасы берілді.

«Ұлттық философия» деген атаудың өзі жалпы философияның деңгейін төмендетіп, оның өзін оқшаулай түсетін сияқты. Дегенмен, «неміс философиясы», «орыс философиясы» деген ұғымдар, сөз тіркестері қазіргі кезеңде толыққанды қолданылады. Оған себеп болған бір топ неміс тілді философтар мен орыс тілді ойшылдардың философиялық жүйелерінің тарихта мойындалуы, тарихта ерекше орын алуы болып табылады (Кант, Гегель, Бердяев, Соловьев және т.б.).

Ал, енді «қазақ философиясы» деген құбылысты қазіргі кезеңде әлемдік деңгейде таза мағынада «қолдануға бола ма, болмай ма?» деген пікір-таластар өз жалғасын табуда. Әрине қазақ елі тәуелсіздікке қол жеткізген кезеңнен бастап өзінің шашылып жатқан рухани және мәдени мұрасын түгендей бастады, сол жүйелеудің нәтижесі «қазақ философиясы» атты жинақталған құбылысын туындатты. Ол өзінің тарихи бастауын сонау ежелгі түркілер заманынан алып (Қорқыт, әл-Фараби, Қожа Ахмет Иасауи, Жүсіп Баласағұн, Махмұд Қашқари және т.б.), қазақ хандығы кезеңіндегі ақын-жыраулар, билер мен шешендердің шығармашылығын, ХІХ ғасырдағы қазақ ағартушыларын, ХХ ғасырлардағы қазақ зиялыларының дүниетанымдарын және кәсіби философиясын қамтиды. Бұл біздің ұлттық ойлауымыздың, рухани мәдениетіміздің тарихы, яғни даналық құштарлықты мәтіндеуіміз, бейнелеуіміз, ұғымдық жүйеге келтіруіміз болып табылады.

Әрине, Абай мен Шәкәрім қазақтың рухани келбетін танытатын, нағыз далалық даналықтың үлгісі екеніне

дау жоқ. Бірақ олар да қазақтың ғасырлар бойы қордалаған рухани мұрасына, тамаша ойлау жүйесінің дәстүріне сүйенген емес пе? Осындай ойшылдардың дүниеге келуі үшін халықтың даму деңгейі, ойлау мәдениеті де біршама биікке көтерілуі тиіс болатын және оның өнегелі тарихы болуы керек болатын. Міне, ондай ұлттық тарихымыз бар екені белгілі. Тек соны жақсылап саралай білсек болды емес пе?

Қазақ философиясы тарихын тұжырымдап, жан-жақты зерттеу барысында бірнеше әдіснамалық бағдардың, тұрғының қажет екенінде күмән жоқ. Міне, осындай өзектілігі мол мәселелерге тоқтала кетелік.

**Біріншіден,** этникалық рухани мәдениетіміздің дамуын, тарихын жан-жақты өлшемдер бойынша зерттеулер жасау қажеттілігі бар. Бұл мәдени мұраға деген шынайы бет бұрудың бастамасы болу керек. Өткенімізді терең сараптаудан өткізбей болашаққа нық қадам жасауымызда көптеген жаңылысулар болары анық. Әрине, бұл дегеніңіз дәстүрлі мәдениетті идеалдандыру емес және архаиканы болашағымыздың негізгі бағдары деп те санаушылық емес. Бұл әрекеттің түп тамыры жалпы адамзат мәдениетіне лайықты түрде енуіміз үшін шынайы тарихи рухани құндылықтарымызды таба білуімізде, барынша объективтілік, ақиқаттылық ұстындар деңгейінде зерделеуде жатыр.

**Екіншіден,** қазақтың, оның аржағында түркі әлемінің ойлау тарихын, философиялық белестерінің сабақтасуын тарихи кезеңдеуден өткізу міндеті тұр. Тарихшы ғалымдар да, философ ғалымдар да қазақ философиялық даму кезеңдерін әр түрлі сатыға жіктеуге талаптанып жатқаны белгілі. Әрине, мұндай талпыныстардың түпкі мақсаты тарихи тұлғаларды, тарихи оқиғаларды белгілі бір критерийлер бойынша топтастырып, оларға ерекше сипаттамалар беруде. Айта кететін жағдай әзірге осы мәселелер бойынша қазақстандық философтардың шын пейілдегі ортақ пікір алысуы өтпей жатыр. Бұл да болашақта аса назар аударатын мәселе. Өйткені, зерттеулер барысында

ортақ мәмілеге келуге тиісті жалпылама мағынасы мен мазмұны бар мәселелерді келісе отырып шешкен орындарды деген ойдамыз.

**Үшіншіден**, көне заманнан бүгінгі күнге дейінгі қазақ философиясы тарихын объективті түрде зерттеу үшін әдіснамалық негіздерді анықтау, бір жүйеге келтіру міндеті тұр. Әрине, қазақ философиясының тарихы жалпы әлемдік философия тарихының әдіснамалық, методологиялық ұстанымдарына бағдар ұстауы қажет екені де белгілі. Қоғамдық ой-пікірді зерттеудің дәстүрлі түрлерінің ішінде нақты тарихилық, тарихилық пен логикалықтың бірлігі принциптері жетекші рөл атқаратынын атап өтуге болады. Сонымен қатар, салыстырмалы талдау, құндылықтық сараптау, біртұтастық тұрғысынан қарастыру сияқты тәсілдердің маңызы ерекше. Оларды қолданбай тарихи оқиғаларды, тарихи тұлғалардың дүниетанымын бағалауда сыңаржақтылыққа жол беруіміз мүмкін. Міне, сөйтіп, қалайда ақиқатқа сәйкес келетін тұжырымдарды жинақтау, нағыз тарихи шындықты айтуға тырысу, философиялық білімге сәйкес қоғамдық ойды зерделеу әр түрлі мәтіндерді (текстерді) сипаттауларға шақырады. Бұл тұрғыдан алғанда біздің еліміздің тарихында соңғы 3 ғасырда ғана таза мәтіндер пайда бола бастады. Әсіресе, қазақ ағартушылары кезеңі соның озық үлгісі болады. Міне, сол тарихи кезеңнен бергі рухани мұраға мәтіндік түсініктеме беруге болады. Бұл дегеніңіз барлық қазақ ойшылдарының философиялық ой-пікірлері толығымен пайымдаулардан өткен дегенді білдірмейді. Әлі көптеген сараптаулар мен сұрыптаулар күтіп тұрғаны анық.

Қазіргі философиялық процесс қазақ еліндегі күрделі құбылыстарды қамтуға тырысады. Отандық философияның тағдыры тәуелсіз мемлекеттің тарихымен, еліміздің рухани тәуелсіздігін қамтамасыз етумен астасып жататыны белгілі. Әсіресе, ол өзінің әдіснамалық және дүниетанымдық қызметтерін қандай деңгейде орындай алатындығы үлкен мәселеге айналып отыр. Көптеген

ғылыми салалар өзінің методологиялық бағдары ретінде отандық және әлемдік философияның озық үлгілеріне сүйенгісі келеді. Ал ондай философиялық жүйе бар ма? Ондағы базалық категориялар мен ұстындар қандай? Жалпы ол қалай аталуы тиіс? Міне осындай сұрақтар бүгінгі күні өзекті мәселе болып отыр.

Әрине, философияның дамып отыруы әрбір ұлт үшін өмірлік қажеттілік. Өйткені халықтың ұлттық рухын танып білу үшін, оны түсіну үшін алдымен оның философиясын түсіну қажет. Философиялық жүйе, негізінен, гуманистік бағдарларға негізделсе, адамгершілік ұстындарды, әлеуметтік әділеттілікті ту етсе, сонда бұл халықтың философиялық ойтанымы әлеуметтік дүниені рухани даму жолында өрге сүйрейді, ал, керісінше, философияда негізгі бағдар ретінде өмірлік бойкүйездік, өзімшілдікке толы менмендік, басқаға деген тәкаппарлықпен қараушылық немесе құндылықтық нигилизм болатын болса ол әлеуметтік дүниеде тұлғалық, социумдық құлдыраудың басты себепкері болады, адамдар мен халықтар арасында іріткі тудырады, әртүрлі дау-жанжалдардың пайда болуына түрткі жасайды. Сондықтан философиялық ой-сананың дамуы әлеуметтік шындықта үлкен жауапкершілікті қажет ететін дүние, қоғамдық прогресс үшін маңыздылығы зор.

Философия, бір жағынан, мәдениеттің, өркениеттің дамуының, әлемде көрініс беруінің рухани квинтэссенциясы деп алатын болса ғана, ол тек қордаланған нәтиже деп қабылданады, бірақ ол, екінші жағынан, алға қарай дамудың өзіндік платформасы, іргетасы, рухани өзгерістердің бастауы болып табылады. Жалпы философиялық ойды терең әмбебаптық байланыстарды түсінген тұлға ғана айта алады, яғни ол тұжырымдар жай ғана тарихи оқиғаларды сипаттап, баяндау ғана емес, барынша рационалдық талдаулар арқылы адам әлемінің конструктивті негіздерін анықтау, болуға тиістілік тұрғысынан әлемді зерделеу, өрнектеу, пайымдау.

Қазақ дәстүрлі мәдениетіндегі философиялық тұжырымдаулар, негізінен, бейнелеу түрінде жасалды,

сондықтан ұғымдық рационалдық сипаттаудан гөрі ұлттық діліміздің поэтикалық бейнелеу арқылы әлемді игеруге бейімділігі көбірек. Міне осы қасиетті тұмшалау керек пе, әлде дамыта түскен дұрыс па? Біздің пікірімізше, адамның адамдығын айқындай түсетін белгінің бірі ақынжандылық қасиеті, өйткені, ол руханилықтың негізгі өзегі. Ал, енді қазіргі әлемді жайлаған нарықтық прагматизм тек өзімшілдік пен жатсынудың қайнар көзіне айналуда. Адам адамнан әлеуметтік қашықтықты ұстануды мақсат етеді, ол өзінің жеке құқының, еркіндігінің көлеңкесінде жүргенді қалайды. Әрине, нарықтық экономиканың, қатынастардың даму қисыны міндетті түрде осындай нәтижелерге алып келері сөзсіз болатын.

«Не ексең соны орасың» дейді халық даналығы. Ал, қазақ халқының діліндегі қауымдастыққа деген құрмет қазіргі кезеңге дейін сақталып отыр, бірақ нарықтың қисыны басқаша басымдықтардың рөлін көтеруде. Енді адамдар топтасуының негізгі арқауы мүдделік сәйкес-тік, яғни тиімділікті іздеушілік болып отыр. Бұл, бір жағынан, халықтың ұлт болып қалыптасуын тездеткенімен оның бұрынғы құндылықтар жүйесін толығымен қайта қарауға итермелейді. Бұл жолмен тарихта басқа ұлттар өткен, мұнымен бізде өтетініміз анық. Бірақ мәселе басқада. Мәселе, адамның руханилыққа бет бұруында болып отыр. Кезінде Абай айтып кеткен «Адам бол!» мен Шәкәрімнің «Ұжданы» осы руханилық әлемінің негізгі өзегі болып табылады. Бұл жерде оппоненттерден пікірталастыру мақсатында «нарықтың қатал заңдарын қайда қоямыз?» деген сұрақтар туындауы мүмкін.

Қазақстан – көп этнос өкілдері мен көп діннің конфессиялары орын тепкен мемлекет. Жаһандану жағдайында біздің еліміздің орнықты дамуының аса маңызды алғышарты және негізі қоғамымызда аса жоғары маңыздылыққа ие болатын этносаралық, мәдениетаралық және діндер арасындағы сұхбат болып табылады. Мамандар діни философияның адамның

руханилығын дамытатын, оның әмбебаптық қасиеттерін өркендететін жақтарын айқындаумен айналыса бастады. Философия тарихындағы көптеген діни философтар диссертациялық зерттеудің объектісіне айнала бастауы тәуелсіздік кезеңінің өзгеше сипаты болып табылады. Сонымен қатар қазақстандық философтар әлемдік философияның алуан түрлі ағымдары мен бағыт-бағдарларынан шеттеп қалған жоқ. Еуропалық рационалистік философиямен қатар ежелгі Қытай, ежелгі Үнді, ортағасырлық араб және орыс философиясының даналық көздерін ашумен де айналысуда. Өйткені, Қазақстандағы философиялық ой әлемдік философияның құрамдас бөлігі болуы тиіс және оқшаулану жолы арқылы емес, негізінен, басқа мәдениеттермен өзара тиімді сұхбат, философиялық қарым-қатынас арқылы ғана біз рухани байи түсеріміз анық.

Қазақстанға келген тәуелсіздік кезеңімен қатар демократиялық процестер философия саласын да қамти бастады. Еркін ойлаудың арқасында қоғамдағы әлеуметтік процестерді ашық талқылау, сараптау мүмкіндігі тереңдей түсті. Адамның әлемге қатынасының қандай деңгейі, қандай сипаты тұлғаны және жалпы қоғамдық ортаны дамытуға, жетілдіруге себепкер болатындығы көптеген зерттеулерде тұжырымдала бастады. Әр түрлі сипаттағы пікірлердің айтылуына мүмкіндіктер ашылды. Бұл ақиқатты іздеудегі, оның терең философиялық астарын зерттеудегі іргетасты бекіте түсті. Міне, сондықтан қоғамдағы процестерге тікелей қатысы болуға тиісті құбылыстар жөнінде батыл тұжырымдар пайда бола бастады. Мәселен, Қазақстан философтары көтеріп жүрген болашақ өзара түсіністік философиясы, негізінен, қоғамдағы құбылыстарды түсіндіргенде, олардағы қайшылықтардың шешімін табу жолында адамдар арасындағы өзара түсіністік пен өзара сыйластықты жетекші ұстындар етуі тиіс деген идеяны басшылыққа алуы жаңаша тұрғы болып табылады. Ол қоғамдағы қатынастарды үйлесімдендіруге ықпал етері анық.

Әрине, үндеу тастап, өзара түсіністікке шақырғаннан адамдар бір-біріне жақын бола түспесі анық. Бұл жерде дүниетаным жүйесінің де, діни сананың да, діни философияның да орны ерекше. Себебі, еліміздегі азаматтардың дінге деген қатынасы тереңдей түсуде. Діншілдік құбылысына адамзат тарихында әр түрлі келеңсіз қасиеттерді таңу оның беделін біршама түсіргені анық. Елімізде әлемнің әр түкпірінен келген діни миссионерлер қазіргі жағдайларға сәйкес жаңа конфессиялардың артықшылығын үгіттеуде. Осындай дүниетанымдық бәсекелестіктің адамдардың санасында, қазіргі кезеңде еліміздің рухани-әлеуметтік кеңістігінде орын алғаны, оның күннен күнге беки түскені белгілі болып отыр. Сондықтан қазіргі кезеңдегі философтардың зерттеулерінің негізгі мақсаты мен міндеті – дін, діни сенім сияқты ерекше тарихи, әлеуметтік, мәдени феномендердің нағыз өзіне тән мәнін, мағынасын, әлеуметтік, дүниетанымдық қызметін ашып беру болып табылады. Дегенмен, шынайы руханилықтың түпкі астарларын іздеу, «Адам-Әлем» қатынасының қайшылыққа толы күрделі дүние екендігін қазіргі заман философиясы толық пайымдайды.

Нарықтық қатынастардың қазіргі кезеңде қоғам өмірінде, адамның тіршілік үшін күресінде жетекші рөл атқаратыны белгілі. Соған сай философиялық сараптаулар да белгілі бір деңгейде прагматикалық мәселелерді сараптауға бейімделу жағдайында. Бұл да жаһандану дәуірінің философияға қойған талабына сай заңды әрекеттер болып табылады. Яғни қазіргі заманның философиясы тек тарихи сананы ғана емес, сонымен қатар әлеуметтік психологияны, антропологияны, экономикалық, құқықтық заңдылықтарды ескеретін, өзінің тұжырымдарында қолданатын деңгейге шығуда. Онсыз қазіргі заманның процестеріне өзінің тиімді ықпалын, пайдалы әсерін тигізе алмасы анық. Осындай процестердің арқасында әлемді рухани игерудің, даналықпен сараптаудың жаңа келбеті қалыптасуда. Әсіресе, жаһанданудың объективті мағынасы мен оның

астарында туындайтын жаһаншылдықтың астары, түп төркіні авторлардың шығармаларында кеңінен ашып көрсетіледі. Міне, осыған орай жалпы шығармашылық пен руханилықтың жасампаз негіздерін айқындау арқылы философия адамға да, қоғамға да өзінің тиімді әсерін тигізе алады. Ал Қазақстандағы философия өзінің теориялық даму барысында осы жасампаз бағытта болады деген ойдамыз.

Әрине, бұл үлкен мемлекеттік деңгейдегі шараны жүзеге асыруда айта кететін кейбір жәйттер де бар: томдағы кейбір шығармалар мәтіні таза философиялық тұжырымдар шеңберінен шығып, дүниені рухани игерудің әр түрлі салаларын қамтитын деңгейлерді танытады. Яғни авторлар философиялық тұрғылармен, тәсілдермен қатар мәдениеттанулық, социологиялық, саясаттанулық пәндердің зерттеу әдістерін мәселелерді қарастыру барысында кең қолданғанын атап өтуімізге болады. Бұл қазіргі заманның жалпы пәндік кірігу процестерінің көрінісі. Дегенмен, құрастырушылар ұжымы, негізінен, алғанда тәуелсіздік тұсында ғана жарық көруге мүмкін болатын озық ойдың үлгісі боларлықтай шығармалардың үзінділерін бір томға жинақтауға талпынды. Әрине, бұл томның көлемі біршама жаңа еңбектерді, қызықты мақалаларды оған енгізуге мүмкіндік берген жоқ. Сонымен қатар кейбір шығармалардың жалпы «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасынан орын алмауы екі себепке байданысты. Бір жағынан, көптеген туындылардың әлі де уақыт сынынан өтпегендігімен байланысты болса, екінші жағынан, олардың басшылыққа алынған томды жинақтау ұстынына сәйкес келмеуімен аstasyп жатады. Сондықтан оқырманға ұсынылған том бағдарламаның қазақ халқының философиялық ойы бойынша қорытындылаушы кітап болғанымен оның негізгі мақсаты – болашаққа теориялық, әдіснамалық, құндылықтық көпір болатын ойларды бұқара халыққа, зиялы қауымға ұсынуды алдына мақсат етіп қойғанын ескерте кетуге болады. Осы қадамның аясында зерттеу-

шілердің біршама еңбектері аударма түрінде беріледі, ал кейбір мәтіндер түпнұсқаның өзі күйінде, яғни авторлар баяндаған мемлекеттік тілде ұсынылған.

## **1.2 Тәуелсіздік жағдайындағы жаңа қоғамдық сана мен құндылықтар жүйенің қалыптасуы**

Қазақстандағы тәуелсіздіктің орнығуымен бірге құндылықтарды қайта қараудың ұлы дәуірі басталды. Бұл қайшылықты және көп қырлары жағынан дімкес процесті кейінірек зерттеушілер құндылықтардың «құлдырауы», «босаңсуы» деп атайды.

Қоғамдық сананың құрылымы күрделі болып келеді және оның негізгі және басты деңгейі ретінде кәдуілгі-практикалық сана мен ғылыми-теориялық сана айшықталады. Әдетте, кәдуілгі практикалық сананы әлеуметтік психологиямен, ғылыми-теориялық деңгейді идеологиямен оның маңызды бөлігі ретінде байланыстырады. Иеленушісі немесе қоғамдық сананың субъектісі бойынша дара, топтық және бұқаралық деп бөлінеді. Осыған орай дара сананың иеленушісі жеке адам, индивид, топтық сананың – әлеуметтік топ, бұқаралық сананың иеленушісі – белгілі бір идея, мақсат бойынша біріккен бір топ адамдар болы табылады. Көптеген социологтар тобырдың санасын және бұқараның санасын атап көрсетеді. Тобыр өзінің белгілі бір мақсатына жету үшін жинала алады, біріккен қызмет үшін белгілі бір көшбасшысы немесе жетекшісі болады, мысалы, митингіде немесе шеруде. Бұқара қоғамның барлық тұрғындарын қамтитын абстрактілік ұғым ретінде түсіндірілуі мүмкін, осыған орай «халық бұқарасы» деген ұғымды еске түсіруге болады.

Қоғамдық сана – қоғам өмірінің барлық саласын қамтып көрсететін әр түрлі рухани құбылыстардың жиынтығы болып табылады. Қоғамдық сананың негізгі формаларына жататындар – мораль, өнер, дін, философия, ғылым, саясат, құқық. Салыстырмалы түрде жақын кезеңнен бері экологиялық, экономикалық және басқа

да қоғамдық сананың формалары мен түрлері анықтала бастады. Бұл қоғамдық сананың барлық түрлері, формалары мен деңгейлері өзара байланыста болып, бір-біріне әсер етеді. Идеялар мен теориялар, құндылықтар мен нормалар, мұраттар мен үрдістер жүйесі ретінде идеология ерекше орын алады. Идеология өмір сүретін қоғамдық қатынастарды не дамытады, немесе тежеуге қабілеті бар. Алдымен идеология қоғамдағы экономикалық қатынастарды белгілі бір қоғамдықтық таптың тұрғысынан бейнелейді. Қоғамдық сананың қалыптасуы бір жағынан материалдық-экономикалық өмірдің ықпалуынан туындаса, екінші жағынан, саяси және экономикалық өзгерістер азаматтардың дайындықтарына сәйкес келетін қоғамдық сананың кемелденуіне байланысты сәтті жүзеге асуы мүмкін. Дәлірек айтқанда, қоғамдық сана прогрессивті үрдістер мен әлеуметтік мүмкіндіктерді жүзеге асыру үшін басқа кеңістікті қалыптастыруға қабілетті.

Басқа әлеуметтік-экономикалық парадигмаға өту, дүниетанымдық ауқымның өзгеруі, бұрын аяусыз сынға ұшырап, «буржуазиялық» деп әшкереленген принциптер мен бағдарларға арқа сүйеу – осының бәрі қоғамдық сананы барынша күрделі күйге жеткізді. Бұрын өзінің дүниетанымдық ыңғайы бойынша біркелкі болған, ресми марксизмнің идеологиялық өктемдігіне бағынып келген қоғамдық сана енді «шытынады». Әр түрлі этностардың, әлеуметтік қабаттардың тарихи ауқымдағы өзгерістерге қатынастарын білдіретін көптеген әр қилы векторлар пайда болды. Бұл құбылыстар миллиондаған адамдардың күнделікті әдеттегі өмірлік практикасын өзгертіп, біршама түзетпелер жасады.

Дегенмен, бұл тезис біршама нақтылауды қажет етеді. Тәуелсіздік қол жеткізердің алдында шыныменде қоғамдық сана өзінің идеологиялық заряды бойынша біркелкі болып келді ме? Макс Вебердің социологиясы қарапайым, бірақ талассыз шындықты дәлелдеген болатын: әлеуметтік-экономикалық болмыстағы төңкеріс қоғамдық сананың өзгеруі мен құндылықтардың қайта

қаралуы жүзеге асқаннан кейін ғана мүмкін. Егер бұл шындықты ескеретін болсақ, онда қоғамдағы маңызды, тағдырлы оқиғалардың алдында қоғамдық сана белгілі бір мағынада шешуші әлеуметтік өзгерістерді қабылдауға, тіптен, оның иегерлері қатысуға дайын болатын. Өзінің дүниетанымдық ыңғайы бойынша бұл құбылыстар біркелкі емес, қайшылықты болатын. Тұрғындардың бір бөлігі мектеп оқулықтары мен ресми баспасөзде үгіттелген идеологиялық формулалар мен марксистік догмаларды ұстанды. Бірақ сталиндік «та-зартуларды», қазақ интеллигенциясының қаймағының құрбандықтарын, қазақ халқының басына түскен зұлматты есінде ұстағандар да бар еді.

Әртүрлі марштар мен «Туған жерім кең байтақ елім...» сияқты кең тынысты өлеңдер жоғарыдан уәде етілген әділдіктің орнығуы мен баршаның бақыты болуына заңды түрде күмәндәну мен орны толмас өкініштердің үнін басып кете алмады. Жалпы идеологиялық фонның игілікті тұстары сыни аккордтармен ұласып отырғанын сенімділікпен атап өтуге болады. Олар, әсіресе, жылымық деп аталған кезеңде, кейінірек қайта құру заманында айқын біліне бастады. Сонымен қоғамдық сана құндылықтық қыры жағынан алғанда болашақ өзгерістерге дайын болатын.

Дегенмен әлеуметтік-экономикалық жүйе координатындағы өзгерістер және одан да маңыздырақ – Қазақстанның тәуелсіздікке қол жеткізуі қоғамдық сананың векторлар қатынастарын түбегейлі өзгертті. Әлеуметтік және этникалық факторлардың үйлесуі шешуші мәселеге айналды. Әлеуметтік тұрғыдан алғанда әлі ешкімнің, ешқашанда жүріп өтпеген социализмнен капитализмге өту күтіп тұрған болатын. Қоғамдық сана үшін осыған байланысты біршама күрделі мәселелер туындаған болатын. Біріншіден, бұл өтпелі кезең жақсы дәйектелген, орнықты ойланған жақсы әлеуметтік жоспарлар мен бағдарламалар арқылы жүзеге асуы тиіс болатын. Бұл жалпы көпшілік мойындаған марксизмнің ережелеріне сәйкес келмеді. Оған сәйкес капитализм

стихиялы түрде дамиды және тек социализмді ғана саналы және мақсатқа сай «қалауға» болады. Екіншіден, капитализм құндылықтық модальділік бойынша руханисыздық жайлаған тұтынушы қоғам ретінде теріс сипатта көрсетілді. Маркс жақсы көрсеткендей адам өзінің іс-әрекетінен, өз еңбегінің өнімінен, тіптен, өзінен өзі жатсыну жағдайына түседі. Міне, сонымен адамдар жатсыну мен әлеуметтік әділеттілік жеңуге бағдарланған «жоғарырақ» және «деңгейі кемелденген» қоғамдық-тарихи дамудан бас тарта отырып, енді осындай жатсыну және затқа тәуелді жағдайындағы қоғамды «құруы» тиіс болды.

Бірақ одан да маңыздырақ, дәлірек айтқанда басымдық танытатын қоғамдық сананың өзгеруінің саласы этникалық қыр болып табылды. Тәуелсіздік мен егемендік ауыз толтырып «кеңес халқы» деп аталған қоғамдық-тарихи құбылыстың нәзік және осал екенін көрсетті. Қазақстанда, Ресейде, Кавказда формасы жағынан алғанда «ұлттық», мазмұны жағынан алғанда «социалистік» ұсқынсыз, бедерсіз мәдениеті бар «кеңес халқы» өмір сүрді. Егемендік осы ондаған жылдар бойы декларацияланған ұғымды абстрактілі екендігін көрсетті. Бірте-бірте абстрактілі схемалардың ауқымына сыймайтын ұлттық өзіндік сананың талшықтары пайда бола бастайды. Қазақстандағы 1986 жылғы желтоқсан оқиғалары этникалық шекаралардың шытынауын білдіретін жаңарған қоғамдық сананың шешуші кезеңіне айналды. Қазақстанның өзін тәуелсіз мемлекетпін деп жариялау сәтінде әлеуметтік фактормен тығыз байланысты қоғамдық сананың этникалық факторы басымдылық танытты.

Дегенмен айта кететін жағдай өткен ғасырдың 90-шы жылдары орыс тілді тұрғындар саны белгілі тарихи себептерге байланысты республика тұрғындарының жартысынан көбін құраған болатын. Енді көпшілікке кенеттен, бірақ ақтауға тұралықтай орыс пен қазақ этностарының өзара қатынастарындағы өзгерістер жүзеге асты. «Аға ұлт» өзінің ағалық амбициялары-

нан бас тартуы тиіс болды және сонымен қатар «іні ұлттың» басымдық танытуға құқығын мойындауға тиіс болды. Егемендік қазақ халқының өмірінде жасынның жарқылындай болып өзгерістер әкелді – қазақтың өлеңдерінде армандалғандай оның алақанына бақыт құсы келіп қонды. Ал енді орыстар үшін осы тарихи маңызды оқиға алдағы өмірдің барлығына сауал қоя қарауға итермеледі, ең негізгі мәселе төңірегінде ойлануға әкеліп соқтырды: қай жерде өмір сүру керек, Қазақстанды өз отаным деп атаймыз ба, әлде тарихи туған жер көрші Ресейге көшіп кету керек пе? Бұрынғы кеңес республикаларын бөліп тұрған шекаралар көптеген адамдардың жүрегін тілгендей болды. Қоғамдық сана этникалық белгі бойынша полярланды. Біреулердің қуанышы мен салтанаты екіншілер үшін көңілге кірбің түсу мен абыржуға әкеліп соқтырды.

Сонымен, Қазақстанның тәуелсіздікке қол жеткізген кезеңінде қоғамдық сананың екі құрамдас бөлігі: әлеуметтік және этникалық ерекшеленді. Олардың екеуі де қайшылықты болатын, өйткені қоғамдық сана көп деңгейлі, көп векторлы болып көрініс берді. Егер әлеуметтік өлшем жөнінде айтатын болсақ, онда бұл жерде екі үрдіс бір-біріне қарсы тұрды. Бір жағынан, ұжымшылдық пен патернализмнің социалистік құндылықтарына тұрақты бағдарлар сақталып келді, өйткені жаңа әлеуметтік-экономикалық парадигмаға ауысу трагедия, құндылықтар жүйесінің күйреуі, идеологиялық вакуумға сырғу ретінде қабылданды. Екінші жағынан, нарық, демократия, азаматтық қоғам, жеке еркіндіктер сияқты жаңа құндылықтар жүйесіне қарай ұмтылу байқалды. Бірінші позицияны еркін бәсекелестік құндылықтарын қабылдамайтын негізінен аға ұрпақ өкілдері ұстанды, ал екіншісін, негізінен, жаңалыққа құмар, әдеттен тыс әрекеттерге бейім, прагматикалық құндылықтық бағдаларды ұстанған, қалайда табысқа жетемін деген, тіптен, «ескірген» армен ұят туралы түсініктерден бас тартуға дейін баратын жастар ұстанды.

Қоғамдық сананың екі әр қилы векторы ұрпақ аралық өзара қатынастарды таңбалай түсті. Сонымен қатар марксистік идеологемалардың девальвациялануы құндылықтардың инфляциялануын білдірмейді. Ақиқат, Игілік, Әсемдік, Махаббат, Берілгендік, Ар-ұят сияқты мәңгілік, әмбебап құндылықтар орнықты болып қала беретіні белгілі. Сонымен қатар нарықтың құндылықтарын әлеуметтік параметрлері бойынша түзетпелер енгізбейінше қабылдауға болмайтындығын түсіну қажеттігі тұрды. Яғни болашақта жаңа құндылықтар жүйесін қалыптастыру, қазақстандық қоғамның ерекшеліктері мен өзіндік қасиеттеріне сәйкес келетін қоғамдық сананың басқа дүниетанымдық модельдерін анықтау қажеттілігі тұрды.

Осындай қиын да, әрі кезек күтірмейтін міндеттерді шешуге қоғамдағы экономикалық, әлеуметтік және саяси реформалардың тиімділігі тәуелді болды. Қоғамдық санадағы әлеуметтік пен этникалық өлшемдердің қатынастары енді түбегейлі өзгергенін байқатты. Кеңестік дәуірде әлеуметтік құрамдас бөлік басымдық танытқан болатын, өйткені, ұлт мәселесі кеңес халқы үшін принципті түрде шешімін тапқан деп есептелген болатын. Тек қана астыртын, ұжымдық бейсаналықтың қатпарларында бедерсіздікке, ұлттық әлем бейнелері мен ұлттық мәдени мұраны жоғалтуға деген қарсылық пісіп жетіле бастаған болатын. Тәуелсіздік халық рухының және қазақ ұлттық өзіндік санасының барлық күшін қозғауға салды. Қоғамдық болмыс пен қоғамдық сананың этникалық факторы бірте-бірте басымдық таныта бастайды. Барлық әлеуметтік мәселелер, жекешелендіру, ұлттық капиталдың қалыптасуы, шаруашылықтың нарқтық құрылымы қалыптасуы, демократия мен азаматтық қоғамның қалыптасуының дамуы – осы барлық мәселелердің арқауы негізгі мәселе – этникалық сала ауқымында өзіндік ерекше сипатқа ие бола бастайды.

Қазақстан егемендікке қол жеткізген кезеңде орыс тілді тұрғындары көпшілігін құрайтын полиэтникалық, поликонфессиональді мемлекет болатын. Халықтар дос-

тығы кеңестік шындық ауқымында жоғары құндылық ретінде қарастырылды. Бұның бәрімен клісуге болар еді, егер бұл достықтың қандай бағамен сақталғанына көз жұмып қарайтын болсақ: ұлттық төлтумалықтан, ұлттық салттар мен дәстүрлерден, өзінің туған ана тілінен бас тарту орын алып келген еді. Халықтар достығы категориясын жаңаша түсініп, этнос, ұлт, халық, диаспора, ұлттық азшылық деген не? Сұрақтарға қайтадан жауап беру қажеттілігі туды. Қалай достық пен өзара түсіністікті нығайта отырып, ұлттық бірегейлікті және өзіндік ұлттық келбетті сақтауға болады?

Қоғамдық сананың этникалық құрамдас бөлігі басымдылық таныта бастады, өйткені, бұл бағытта қазақстандық экономика мен саяси-әлеуметтік құрылымын қалай анықтауға болады? деген ең өзекті сұрақ анықталды. Демократия мен жекешілдік құндылықтары мен меншікті күйттейтін нарық жолына қалай түсуге болады? Сонымен қатар ұжымшылдық пен әлеуметтік ынтымақтастыққа бағдарланған ұлттық ділге сәйкес келетін дәстүрлерімізді сақтауымызға болады? Шығыс пен Батыс, Оңтүстік пен Солтүстік жолдары кездесетін еуразиялық держава ретіндегі Қазақстанның ерекшелігін өркениеттік кеңістікте қалай сақтауға болады?

Осындай күрделі сұрақтарға жауаптар этникалық мәселелерді шешу тәсілдерімен анықталып, астасып жатты. Теориялық жағынан шешімнің бірнеше варианттары мен сценариялары болды және олардың барлығы қоғамдық сана деңгейінде ұсынылды. Бірінші жауап қазақтың ұлттық санасының жоғары биіктеуімен байланыстырылды. Халықтың тарихын жадын құртуға немесе жоюға болмайтындығын растайтығын туған елдің тарихы мен мәдениетіне деген қызығушылық күшейе түсті. Бірақ бұл тарихи жағынан алғанда заңды және ақтауға тұрарлық көңіл-күй бірақтан этнократиялық бағыттағы үрдістерді өрбітті. 1993 жылдың Конституциясы өзінің алғашқы позицияларында этнократизм идеологиясын бекіткен еді. Оған жауап ретінде оры тілді тұрғындардың жаппай миграциясы басталды.

Этникалық орыстар – Ресейге, этникалық немістер – Германияға көше бастады. Қазақстаннан кеткен адамдар негізінен жоғары білімдері бар білікті мамандар болатын. Осының нәтижесінде республика тұрғындары 1 миллионға қысқарып, экономика еңбекке жарамды кадрлардан айрылды.

Этникалық мәселелердің шешімдерін табудың екінші кезеңі 1995 жылғы Конституцияның бекуінен басталады. Оның бірінші статьясында шешімді түрде этнократизм идеологиясы жоққа шығарылады. Мемлекеттіліктің субъектісі ретінде енді «жалпы тарихи тағдырмен біріккен Қазақстан халқы» мойындалады. Қазақтың ежелгі жерінде тек сол өзінің мемлекеттілігін қалыптастырады. Бұл дегеніңіз Конституция бұрынғыдан басқа концептуальді схемаға сүйенеді деген сөз: қазақ этносы басымдық танытушы ретінде өзінің төл тағдырына үлкен жауапкершілік алады және сонымен қатар басқа этностардың барлығын Қазақстан халқы деген біріккен біртұтастыққа топтастырып, олардың тағдырын да өзіне жүктейді. Осы позицияда ондаған жылдар жүріп өткен соң, келісім мен өзара түсіністік императивтері зерделенгеннен кейін Қазақстанның көпсанды этностарын біртұтас әлемге біріктіруге және ынтымақтастыруға мүмкіндік беретін сезімдер, ойлар мен түсініктердің күрделі жүйесін құрайтын жалпыұлттық қазақстандық идеяны іздеу басталады. Ондаған жылдар өткеннен кейін Президент Н.Ә.Назарбаевтың еңбектері мен бастамасының арқасында әлемдік кең бұқараның қолдауын тапқан этносаралық келісімнің қазақстандық моделі қалыптасады және жүзеге асады.

Мемлекеттің ұлт саясатының бағын өзгерткен Жаңа Конституция орыс тілді тұрғындардың миграциясын, яғни көші-қонын тоқтатты. Республикаға басқа елдерден өздеріне бақыт таппағандар қайтып орала бастады және Қазақстанды өздерінің негізгі Отаны екендігін мойындауға көшті. Өздерінің тарих Отанына орала бастаған қазақ оралмандарына мемлекеттік бағдарлама

бойынша қабылдау мен орналастыру шаралары атқарыла бастады. Біртіндеп тұрғылықты халықтың пайыз саны өсе түсті, тіптен, бірнеше жылдардан кейін жалпы республика халқының олар 60% -тен аса құрамын құрай бастады.

Бұл жаңа әлеуметтік-мәдени ауқымда қоғамдық санадағы этникалық белгі бойынша бөліну бірте-бірте азая түсті. Этникалық қайшылықтарды шешуге бағытталған тұрақты әрі оңды үрдіс байқала бастайды және сонымен қатар біріккен құндылықтар жүйесімен топтасқан қазақстан халқы деген тарихи қауымдастықтың қалыптасу белгілері көрініс береді. Кейбір саясаттанушылар «Қазақстан халқы» деген терминді естігенде өзін теориялық жағынан банкротқа ұшыраған «кеңес халқы» деген ұғымды еске алады. Айта кететін нәрсе: «Қазақстан халқы» тіптен басқа теориялық концептіге сүйенеді. Егер «кеңес халқы» жалпының жеке-дараны басып, жаншуымен, ассимиляциялауымен қалыптасса, онда «Қазақстан халқы», керісінше, жеке-дара мәдениеттердің, яғни ұлттық әлем бейнелерінің дамуы мен көркейінің негізіндегі біртұтастық пен бірлік деп қабылданады.

Қоғамдық сана эволюцияланады, яғни, этникалық белгілер бойынша бөлінуден, қайшылықтардан бірлік, өзара түсіністік, келісім және төзімділік басымдылық танытатын біртұтас күйге жету мақсаты қойылады. Халықтар достығы деген ұғымның құндылығы артып, дегенмен оны қазіргі қазақстандық қоғамдағы әлеуметтік шындықтың өзгеруіне сәйкес жаңа методологиялық позициялар тұрғысынан түсіну керек. Күн тәртібіне жаңа құндылықтар жүйесін қалыптастыру міндеті қойылады, яғни ол республикадағы барлық этностардың біріккен ұлтқа ынтымақтастыруға қабілетті болуға тиіс дүниетанымдық базиске айналуы керек.

Бұл міндеттердің шешімін табу бірнеше теориялық қиындықтармен байланысты болатын. Біріншіден, идеологиялық диктаттан босану еркіндік дегеніміз плюрализм, яғни жоғарыдан таңылған бұлжытпастан орын-

далуға тиісті идеологиялық схемаларды бас тарту деген пікірді туындатты. Плюрализм модальды сөзге айналды, дәуірдің ұраны болып табылды. Өзгерістердің жаңа лебі еркін тыныс алуға және марксизм классиктерінің томдарын әрірек ысырып қоюға мүмкіндік бергендей болды. Дегенмен плюрализм күмәнді стратегия екендігі анықталды, өйткені әртүрлілік арқылы бірлікке келуге мүмкіндік қалдырмайтындығы байқалды. Яғни, қазақстандық халық деген біртұтастыққа адамдарды біріктіретін тұтастас құндылықтар жүйесін қалыптастыруға мүмкіндік жасамады.

Плюрализм бөледі, ыдыратады, ол әртүрлілік арқылы бірлікке ұмтылдыратын өзара түсіністік пен сұхбатқа толы біртұтастас әлемді қалыптастыруға мүмкіндік бермеді. Жалпы құндылықтар жүйесі, әлеуметтік тұтастық бейнесін болуға тиістілік тұрғысынан моделдеуші, идеялар жүйесі ретінде түсінілетін идеология керек болды. Қоғамдық сана өзінің көптүрлі позицияларын сақтай отырып, азаматтық бірегейлік, қазақстандық отансүйгіштік туралы айтуға болатын біртұтастас құндылықтық импульске ұмтылуға тиіс болды.

Екіншіден, мынандай сұрақтар туындайды: бұл біртұтастас құндылықтар жүйесі қандай болуға тиісті еді? Меншікке құқықтылық, қожайын сезімі, жекешілдік, жеке жауапкершілік пен бастамашылыққа негізделген нарықтық экономикаға және құқықтық, демократиялық мемлекетке өту дәуірінің либеральді типтегі құндылықтарын Қазақстан этностарының ұлттық ділінде терең орныққан дәстүрлі ұжымшылдық және әлеуметтік ынтымақтастық құндылықтарымен қалай сыйыстыруға болады? Жалпы жаңашаландыру бойынша Қазақстан өзінің мәдени дәстүрлерін сақтауы тиіс. Ол ұлттық негізге батыстың үлгілерін ойсыз ауыстыра салмау керек. Жекешілдік пен ұжымшылдық, еркіндік пен патернализмге жақындық сияқты бір-біріне сәйкес келмейтін дүниелерді қалай сыйыстыруға болады? Бұл сұрақтарға жауапты қазақтың әдеттегі құқығының, далалық демократияның және соған сәйкес ділдің

ерекшеліктерін зерттеу барысында табылды. Сөйтсек, жоғарыда келтірілген ұғымдарды бір-біріне қарама-қарсы қоюдың қажеті жоқ. Өйткені, қазақтардың өткен тарихы үйлеспесті үйлестіретіндей, жеке еркіндікті ұжымшылдық принципімен, рудың дүниетанымымен жақындататындай әлеуметтік үлгілерді ұсынады екен.

Тәуелсіз Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық дамуының моделдерін, өркениетті дамудың дербес жолдарын іздеу қазақтардың әдеттегі құқығы философиясы мен дәстүрлі саяси философиясының негіздерін белсенді зерттеуге түрткі болады. Бұл тақырып қазақстандық философиялық дискурсте жаңа сала болып табылады. Ол Далада өмір сүрген адамгершілік-құқықтық реттеу тетіктерінің қазіргі заман үшін өте өзекті екенін анықтайды. Оларды қазіргі кезеңдегі демократиялық мемлекеттердің әлеуметтік институттарымен салыстыруға болады, тіптен, кейде олардан өзіндік артықшылығы бар екенін айтуға болады.

Ғылымда екі супер өркениетті анықтап беретін Шығыс-Батыс дихотомиясы жалпыға белгілі. Шығыста әдетте этатизм жоғары деңгейде, меншік мемлекеттенген, жеке адамнан ұжым басымырақ, автономиялық тұлға жоқ, сондықтан адам құқығы мен еркіндігі категориясы сақталмаған деп сипатталады. Шығыс өркениетінің негізгі құндылығы тұрақтылық, батыстікі – динамизм деп мойындалады. Мемлекет Шығыста барлығына билігін жүргізеді, ал Батыста оның құқығы шектелген.

Далада қалыптасқан өркениет Шығыстың да, Батыстың да қасиеттерін сіңірді. Номадизм құбылысы ұжымдық пен жекешілдікті, этатистік пен либеральді бастауларды сонылық түрде жақындастырды. Көшпелілердің саяси мәдениеті үшін корпоратизмнің де. Жекешілдіктің де толық басымдығы сәйкес келмейді. Нәтижесінде көшпенді номадизмнің өркениеттік ментальділігін құрайтын, оған сәйкес келетін тұлғалық-рулық өзіндік санадан бастау алатын жекешілдік пен корпоративизмі астасқан «кентаврға» айналады [3].

Шығыс пен Батыстың әр түрлі бағыттағы әсері номадалық өндіріс тәсіліне негізделген Даладағы ерекше көшпелі демократияның қалыптасуына алып келді. Қазақтардың еркіндік сүйгіштігі деспоттық түрдегі билікпен шырмалмағандығынан, әйелдердің салыстырмалы түрдегі еркіндігі мен теңдігінен, тұлғаға деген құрметтен, билікке құл сияқты бас имеуден көрінді. Көшпелілердің еркіндік сүйгіш өмір салты дәстүрлі қазақ қоғамының саяси жүйесі құрылымының институциялануына әсер етті.

Экономикадағы нарықтық өзгерістерді жүзеге асыру кезеңі, саяси жүйедегі – демократияландыру, идеологиялық саладағы – плюрализм тотальді жатсынуды жеңуге мүмкіндіктер ашты және еркін еңбек құндылығы, адамның шығармашылық қабілеттерін ашу сияқты либерализмнің құндылықтарын бекітуді қажеттілігін өмірге алып келді. Сондықтан, өзінің еңбегімен адам өмірінің негізін құрайтын материалдық игіліктерді қалыптастыратын қожайын, меншікшіл сезімін дамыту қажет еді. Әрі соның арқасында қоғамның интеллектуалды және рухани мүмкіндіктерін дамытуға болатындығы айқындалды.

Қазақстандық қоғамды түбегейлі өзгерту батыстық модернизациялану мен трансформациялану тәжірибесін ойсыз көшіру негізінде жүзеге аспауы тиіс. Ол жаһандану кезеңіндегі Қазақстанның дамуының нақты-тарихи жағдайлары негізінде жүзеге асуы керек. Сондықтан Қазақстандағы азаматтық қоғамның қалыптасуы үшін тұлғаның шығармашылық қабілеттерін аша түсетін өзіміздің кеңестік өткеніміздің оңды тұстары мен тарихымыздың дәстүрлі кезеңіндегі құндылықтардың жарамдысын қолдануға болады. Міне, солардың негізінде азаматтық қоғам институттарының консенсусы, қалыптасуы мен дамуы мүмкін.

Жеке меншіктік мүддені, жекешілдікті дамыту, қожайын сезімін тәрбиелеу үшін жағдайларды қалыптастыру – бұл міндеттердің барлығы дәстүрлі қоғамның ауқымында ондай жағдайлардың болмауымен күрде-

лене түседі. Ал Кеңес қоғамының өзінің тарихында практика мен қоғамдық санадан қазіргі Қазақстанның қалыптасуына қажетті осы құндылықтарды жойды. Қазақстан қоғамы өзінің таңдаған қоғамдық-саяси даму жолын сәтті жүзеге асыруы үшін азаматтық қоғам институттары қалыптасуы ауқымында қайта түлеген қазақ халқының құндылықтарын бекіте түсу үшін идеологиялық-насихат қамтамасыз етуді күшейту қажет еді.

Дәстүрлі қазақ қоғамында «біз» әр уақытта «меннен» күштірек екені жалпыға белгілі. Меншік қатынастары да ұжымдық бастауларға күшті акцент жасап, сондай болды. Жерді пайдалану тетіктерінің өте күрделі болғандығына қарамастан жерге деген меншік анық тәртіптелген болатын. Қазақстанда меншіктің үш негізгі формалары (жеке, қауымдық-топтық және қоғамдық) бұрыннан болғаны белгілі. Ұжым мен тұлғаның мүдделерін үйлесімдендіру үшін объективті жағдайлар қажет. Азаматтық қоғам қалыптасуы үшін көпқұрылымды экономиканы дамыту маңызды. Теңқұқықты субъектілер нарық механизмдерімен реттелгендіктен өздерінің экономикалық іс-әрекеті мен экономикалық еркіндігін таңдау құқығын жүзеге асыра алады. Шынайы ұжымшылдықты қалпына келтіру керек және бұл процестің объективті негізін меншіктің ұжымдық формасын (кооперативтік, акционерлік, арендалық) дамыту құрайды.

Қазақстандағы қалыптасып келе жатқан азаматтық қоғамның негізгі құндылығы еркіндік болып табылады. Ол әрбір адамға шығармашылықпен өзіндік паш етуге мүмкіндік ашады. Өз уақытында көшпендіде басынан еркіндік сүйгіш рух бар болатын. Еркіндік сезімі өзін қоршаған кеңістікке ерекше қатынасты туындатты, барлық жай нәрсеге дүниетанымның ашықтығын қалыптастырды, әлемге терең қызығушылық пайда болғызды.

Азаматтық қоғамды өз қызметін нақты өзіндік басқару негізінде жүргізетін әр түрлі мәдени, ұлттық,

еңбек, территориялық және басқа да бірлестіктер, ассоциациялар мен қауымдастықтар танытады. Дәстүрлі билік пен қатар қауымдастық мүшелерінің сайлауы арқасында таңдалатын өз ақсақалы туысқандарының өмірінің әр түрлі мәселелерін шешіп отырған. Осыған орай қазақ ауылында өзіндік басқару институты болғандығын тарихтан белгілі болып отыр. Бұл өзіндік басқару формасынан қазіргі кезеңдегі зерттеушілер ақылға сыйымды жақтарын көре білгенін және оны қазіргі қоғамға қолдану мүмкіндігін атап өтуге болады.

Азаматтық қоғам институттарын қалыптастыру процесі қазақстандықтардың мәдениетінде, психологиясында, өткен тарихында терең тамырлары бар жалпы қазақстандық отансүйгіштікті қалыптастырусыз мүмкін емес. Дәстүрлі қазақ қоғамында атамекенге деген махаббат және оны барынша құрмет тұтып, бас ию сияқты құндылықтар орын алған болатын.

Өткеннен біздің заманымызға жеткен біріктіргіш құндылықтардың арасында ішкі этникалық және этнос аралық келісім мен тұрақтылық сияқты құндылықтар ерекше маңыздылыққа ие болады. Олар полиэтникалық қазақстандық қоғамның құндылықтық базисын құрайды және солардың арқасында Қазақстандағы демократиялық құндылықтарды тереңдетуге мүмкіндіктер ашылады, сонымен қатар олардың арқасында азаматтық қоғам қалыптасуы тиіс.

Қазақ халқының тарихи дәстүріндегі діни сенімге төзімділік, шыдамдылық, фанатизм мен діни агрессияның жоқтығы, үлкендерді сыйлауға бейімділік пен басқа халықтардың рухани еркіндігін құрметтеу – конфессия аралық сұхбатты өрбітуге және дінді азаматтық қоғамның элементі ретінде мойындау үшін қарулануға болатын басты игілік пен құндылық деп қабылдауға болады.

Қазақстанның тәуелсіздікке ие болу кезеңінде қалыптаса бастаған жаңа құндылықтар жүйесі, қоғамдық сананың жаңа құндылықтық бағдарлары догматикалық марксизм мен ресми идеологияның орны-

на келген қазақстандық философиямен теориялық тұрғыда дәйектелді.

Қеңес уақытындағы философияның дағдарысының негізгі себебінің бірі оның шектен шыққан идеологиялануы еді. Философия мемлекеттік болды және өзінің әлеуметтік шындықтың нақты қайшылықтарын сыни және объективті талдау мүмкіндігін жоғалтып, апологетикалық доктринаға айналғандықтан идеологиямен сәйкестендірілді. Ал одан басқа қоғамтанулық, оның ішінде философиялық дағдарыстың негізгі себебі қазақ халқының ұлттық дүниелік түсінегінің бастауы мен тамырларының ерекшеліктерін ескермеген рухани мәдениетті біркелкілеу болып табылады.

Қоғамтанулық теориялар ресми мәдениеттің идеологияланған кеңістігінде ғана өмір сүре алатын әлеуметтік дамудың абстрактілі, қайшылықсыз схемалары сипатында тұжырымдалды. Нақты шындықпен, әсіресе, қазақ халқының ұлттық психологиясы мен рухани әлемінің қайшылықты сипатымен түйіскенде бұл теориялар бір-біріне қайшы келетін қорытындыларға шашырай түсті. Халықтың өмірлік әлемінен оқшауланған бір қарағанға дұрыс болатын принциптер өздерінің қарама-қарсылығына айналды, дүниетанымдық маңыздылығы мен әлеуметті құндылығын жоғалтты.

Философиялық теорияны мемлекеттік идеологияның диктатына бағындыру, ұлттық рухани мәдениеттің ерекшеліктерін саналы түрде ескермеу отандық философиялық ғылымды халықаралық ғылыми қауымдастықтан принципті түрде оқшаулаумен өзара байланысты болды. Халықаралық философиялық мектептердің жетекші бағыттарымен келіспес идеялық текетірес позициясында болу – дүниетанымдық және методологиялық өзара тиімді сұхбатқа келу мүмкіндігін жауып тастады. Біздің философияның тұйықтығы әлеуметтік практикалық мәселелердің шешімін іздеуде методологиялық әлсіздікке және оның догматизміне міндетті әкеліп соқтырды. Екінші жағынан, осындай догмаланған философиялық теория қоғамды жаңылыстырады,

елді әлеуметтік-саяси басқару процестерінде әкімшіл-әміршіл жүйенің дөрекі араласуын ақтайды.

Қазақстандағы философиялық ғылымның реформалау жолдары өткен жылдардағы идеологиялық принциптерге қатаң арқа сүйеуден бас тартудан басталды. Осындай философияның деидеологизациялануы философиялық танымдағы тыйым салынған салаларды, республикада жүріп жатқан өзгеру процестерін объективті зерттеу мақсаттарымен сәйкес келмейтін саяси шешімдер мен идеологиялық цензураны жойды.

Қазақстандағы философиялық ғылымдағы аталған барлық қырсықтардың тереңде жатқан себебі жаппай жатсынуда, меншіктен жатсынуда, адамның өзінің көпдеңгейлі мәнінен, өзінің ұлттық философиясынан, тарихынан, мәдениетінен, тілінен және дінінен жатсынуда. Осындай жатсынулардың нәтижесінде адамдар әлеуметтік процестердің объектісі мен құралы жағдайына тап болды. Догматизм мен монополизм осындай негіздерде өрбіді. Сондықтан қазіргі философиялық ғылымдардың негізі міндеті әлеуметтік жатсынуды жеңудің ерекшеліктерін ашып, жолдарын көрсету: бұрын тыйым салынған бұл тақырыппен қазақстандық философтар пәрменді айналыса бастады.

Қазақ халқының рухани мәдениетін біркелкілеуді жеңу мен ұлттық өзіндік сананы қайта түлету міндеті философиялық ғылымдарды тарихи түптамырларымыз бен жалпы әлемдік тұтастықпен сәйкестенген Шығыстың түркі тілді өркениетінің ерекшеліктерін кешенді зерттеуге шақырды. Бұл жерде тарих және философиялық ғылымдардың, біздің республикамыздың барлық қоғамтанушы-ғалымдарының және халықаралық ғылыми кеңістіктің, әсіресе, Шығыс елдері мәдениеттерінің өкілдерінің кәсіби мүдделері түйіседі.

Философиялық зерттеулер қазіргі жағдайда төмендегідей маңызды міндеттердің шешімдерін табуға бағытталған: Қазақстан халқының бұқаралық санасын азаматтық қоғам мен құқықтық мелекеттің құндылықтарына қайта бағдарлауға, батыстық және шығыстық

дүниетанымдық стратегиялармен таныстыруға, шығыстық және батыстық мәдениеттердің өзара қарым-қатынастары аясындағы ғылым методологиясын салытырмалы зерттеу. Сонымен қатар. Қазіргі таңдағы өтпелі мобильді қоғамның сипаты, негізгі қайшылықтары және экономикалық сапасы ерекше зерттелуде, Қазақстанның орнықты дамуы мен әлеуметтік болашағына, қазақстандық демократияның модельдеріне, нарықтың мүмкіндіктері мен адамның орықты дамуының мүмкіндіктерінің әр түрлі варианттарына болжаулар жасалуда, қазақстандық қоғамның рухани-адамгершілік жағдайы мен оның түбегейлі өзгеруі мен жаңаруының болашағы талдануда.

Егемендікке ие болу мен нығаюына байланысты өзгерген Қазақстандағы рухани жағдай философия алдына жаңа әлеуметтік шындықты, өтпелі кезеңнің ерекшеліктері мен қайшылықтарын, нарыққа өтудің қазақстандық жолының моделін, тәуелсіз Қазақстанның әлемдік өркениетті қауымдастыққа кірігудің мәдени-тарихи алғышарттарын, азаматты қоғам мен нарықтық экономиканың құндылықтарына сананы бағдарлайтын жаңа білім беру, ғылыми-техникалық, экологиялық, ұлттық және мәдени саясатты қалыптастыруын, Қазақстанның демократиялық дамуы үшін әлеуметтік серіктестіктік жолында қоғамды біріктіруге қабілетті, республикадағы этносаралық, әлеуметтік және саяси тұрақтылықты барынша нығайта түсетін жаңа құндылықтық бағдарларды қалыптастыруды терең зерделеу күрделі міндеттерін қойып отыр.

Қазақ халқының ұлттық мәдениеті мен руханилығын қайта жаңғырту мәселелерін көтеріп, экологиялық қиыншылықтан Қазақстанның орнықты дамуына өтуді, адамдағы руханилықты асқақтату арқылы жаһандық экологиялық мәселелерді шешуді, халықтың ұлттық мәдениеті ауқымындағы адам экологиясы философиясын зерттеуді терең және тұтастай талдау алға қойылып отыр. Өйткені, экология, экономика және саясат өзара байланысты.

Жаңа методологиялық және дүниетанымдық позициялар бойынша Шығыс пен Батыстың философия тарихының бай мұрасын игерудің жаңаша мүмкіндіктері, ислам рухани дәстүрінің ерекшеліктері, түркілік рухани тәжірибе мен қазақтың поэтикалық философиясының реконструкциялары анықталды. Догмаланған марксизмнен бастарту әлемдік өркениеттік процестің сұхбаттастығына назар аударуға мүмкіндік берді. Қазақтардың және республикада өмір сүріп жатқан басқа этностардың рухани дәстүрінің синтезі бола отырып Қазақстан философиясы әлемдік философиялық мәдениетпен сұхбатқа түсті.

Сонымен, Қазақстан тәуелсіздікке қол жеткізгеннен бастап жаңа құндылықтар жүйесі қалыптаса бастады және қоғамдық сана социализм құндылықтарынан нарық пен демократияның құндылықтық бағдарларына эволюцияланды деп сеніммен айтуға болады. Бірақ өтпелі типтегі қоғамға тән көптеген шешілмеген мәселелер қалған еді.

Қазақстандағы қоғамдық сананың қалыптасуындағы келесі тарихи кезең транзитті қоғамның әлеуметтік-экономикалық және саяси міндеттерінің, жаһандану жағдайындағы әлеуметтік-мәдени және жеделдетілген жүйелі модернизациялануының, демократиялық мемлекет пен азаматтық қоғамның қалыптасуының шешімін табумен байланысты.

Алдымен өтпелі кезең деген не, оның категориялық анықтамасы қандай және бұл кезеңдегі қоғамдық сананың сипаттамалары қандай деген сұрақтарды қойып көрелік.

Өтпелі кезең қалыптасу категориясы, белгілі бір анықтықтың, мәндік негіздің қалыптасу процесі позициясынан қарастыру керек. Өзінің объективті диалектикасында Гераклит алғашқы рет осы категориялар жөнінде сөз қозғаған болатын. Тек қана болмыс қана бар, ал болмыс емес болмайды деген Парменидке қарсы Гераклит болмыс дегеніміз болмыс емес, яғни қалыптасу деп парадокстық формуланы ұсынады. «Бәрі ағады,

бәрі өзгереді... Бір өзенге екі рет түсу мүмкін емес» деген Гераклиттің қанатты сөздері қоршаған ортаның өзгергіштігін зерделегендігін куәландырады. Кейінірек, басқа мәдени дәуірде, қалыптасу категориясы Гегельдің «Логикасының» бірінші бөлімінде төмендегідей артикуляцияланды: пәннің қалыптасу процесінде «болмыс» пен «ештеңе» бір біріне өтеді және қалыптасу болса олардың өзара қатынасының шекарасына айналады. Сонымен қалыптасу ойдың белгісіздіктен анықтылыққа, тұрақсыздықтан тұрақтылыққа және қарама-қарсы бағытта өтуін білдіреді. Сөйтіп, қалыптасу деп негізінен мәннің қалыптасуын сипаттайды. Ал даму болса метаморфозаға ұшыраған орныққан мәнге қатынасты білдіреді.

Өтпелі кезең Гераклиттің айтқанындай өзінің әр түрлі қауіптері мен күтпеген тұстары бар буырқанған өзен іспетті қалыптасу кезеңі. Өтпелі кезең қоғамдық сананың мәселелері ерекше сипаттарға ие болады және олар шиеленісіп, өзіне ерекше назар аудартады. Жалпы қалыптасу дегеніміз саясат, экономика, мәдениет, идеология сияқты барлық әлеуметтік салалардың анықсыздығы, көпварианттылығы, тұрақсыздығы.

Қазақстанда тоталитаризмнен демократияға, социализмнен капитализмге өтпелі кезең аяқталды деп тұжырымдай аламыз ба? Кейбір ресейлік саясаттанушылар мен социологтар он жылдай болған батыстық типтегі демократия мен нарықтық реформалар жасау жолына түскен мемлекеттерді «өтпелі» деп қазірге дейін атауға болатынына күмән келтіреді. Олардың пайымдауынша, қазіргі кезеңде көптеген посткоммунистік орталық және шығысеуропалық елдерде (кейбір балкан елдерін қоспағанда), Ресейде және балтық жағалауы республикаларында өтпелі кезең практика жүзінде аяқталды деген дұрысырақ [4]. Дегенмен, осындай аяқталудың өлшемі туралы ешнәрсе айтылмайды. Тіптен, З. Бзежинскийдің пікіріне сүйене отырып Ресей «жартылай еркін» және ол демократиялық жағынан алғанда алға көбірек жылжыған – Латвия, Литва және Эстония сияқты постке-

ңестік республикалар мен «демократиялық емес» Орталық Азиялық (Қазақстан, Түркіменстан, Өзбекстан, Тәжікстан, Қырғызстан) елдердің арасында орналасқан. Егер Ресей туралы айтатын болсақ, онда ол әзірге «жартылай еркін» ел болғандықтан ондағы демократия институттары бір деңгейде жұмыс істеп, екіншісінде – тежеліп тұрады емес пе? Сондықтан ол «транзитті» өтіп кетті деп айтуға болмайтын сияқты. Ал егер Қазақстан туралы айтатын болсақ, онда оны демократиялану деңгейі бойынша басқа орталықазиялық елдермен сөзсіз біріктіріп жіберу дұрыс емес. Бұл аймақтағы посткеестік республикалар арасында оның демократиялану деңгейі біршама биік деуге болады.

Поскеңестік мемлекеттерде өтпелі кезеңнің аяқталуы жөніндегі мәселе түбегейлі шешімін тапқан жоқ. «Ресейлік және белорустік қоғамдар транзитті және олар посткеңестік кезеңді аяқтаған жоқ» деген басқа пікірлер де бар [5]. Бұл жерде аяқталу жөнінде төмендегідей маңызды өлшем ұсынылады: нарық пен демократияның құндылықтары бұқаралық санада үстемдік таныта ма? 2000 және 2002 жылдары Беларуссияда өткізілген жалпыеуропалық құндылықтарды зерттеу ауқымындағы ұлттық репрезентативті сауалнаманың деректері бойынша бұқаралық сананың бұндай бұрылысы бола қойған жоқ және «парадоксты беларус» әлі күнге дейін нарықтық құндылықтар мен социализмнің нормалары мен құндылықтарын сәйкестендіргісі келеді. Осындай жағдайлар әлі күнге дейін «транзиттің» құндылықтары аяқталмағанын білдіреді [6].

Қазақстанға келетін болсақ, онда да «транзит» позициясы төңірегінде таластар мен айтыстар жалғасын табуа. Кейбір аналитиктер кейбір нақты тұжырымдар мен дәйектемелерге сүйене отырып, Қазақстан әлеуметтік тұрақсыздық кезеңінен өтіп кетті және орнықты және байыпты «даму» категориясына енді деп есептейді. Біздің еліміз нарықтық эконикасы бар ел деп саналады және ӘСҰ-ға енуге дайындақ үстінде. Біз демократия институттары мен азаматтық қоғамды қалыптастыруда

біршама табыстарға жеттік. Біз этнос аралық келісім мен өзара түсіністік моделі мен үлгісін әлемге ұсындық. Біз халықаралық субъект ретіндегі өзіміздің позициямызды бекітіп, беделді серіктес ретінде халықаралық қауымдастық қатарына ендік. Елімізде қазіргі кезеңде динамикалық төзімділік мәдениеті, этнос аралық өзара байланыс, өзара түсіністік, келісім және этностардың бейбіт өмір сүру мәдениеті қалыптасуда.

Дегенмен бұл дәйектемелер Қазақстандағы өтпелі кезең аяқталды деп тұжырымдауға жеткіліксіз негіз болады. Төмендегідей сұрақ қойып көрелік: аяқталудың өлшемдері қандай? Яғни сонда әлеуметтік ағзаның өлшемдерін «даму» категориясы тұрғысынан біз сипаттай алар едік. Алдымен мемлекеттің тұрақты және сенімді әлеуметтік базасын – ортаңғы тапты қалыптастыру. Дамыған мемлекеттерде осындай ортаңғы тап тұрғындардың 80 пайызын құрайтыны белгілі. Өз дәуірінде Аристотель өзінің «Полития» деген еңбегінде «ортаңғы» элементтің рөлі мен маңызына ерекше назар аударды. Стагирит ірі меншік иелерін ірі оңбағандар деп атай келіп, олардың өздерінің мақсаттарына адал емес жолдармен жететінін, онымен қоса жұртшылықтың қызғанышын тудыратынын атап өтеді. Ал енді меншігі аз адамдар іштеріне ашуыза жинап, ұсақ оңбағандар түрінде өздерін танытады. «Орта» сословияға жататын ауқатты адамдар басқа мәселе. Олар кедейлер сияқты басқалардың байлығына ұмтылмайды, байлардың байлығына тиіспейді. Міне осы қабат – ең мықты, сенімді, тұрақты әлеуметтік элемент. Әсіресе, қазіргі кезеңде байлар мен кедейлердің арасындағы айырмашылық ұлғая түсуде, кедейлердің байларға деген дұшпандығы арта түсуде. Аристотель дәуірінен бері көптеген әлеуметтік теориялар дүниеге келді. Бірақ Стагириттің айтқан қандай тарих формада көрініс берсін мемлекеттің тірегі болатын «ортаңғы элемент» туралы тезисін ешкім жоққа шығарған жоқ.

Осы өлшемге қазіргі қазақстандық қоғам жауап бере ала ма? Қазақстан Республикасындағы соңғы халық сана-

ғының нәтижесі бойынша азаматтардың 47,7 % өздерінің туысқандарының арқасында күн көруде, 22,6 % жалданып жұмыс істейді, 13,6% – зейнеткерлер, ал меншіктерінен пайда көріп жүрген басқалары – 0,2 ден 3% құрайды. Цифрлар көңіл аудартатындай. Әрин, басқа да зерттеулердің деректерін келтіруге болар еді, дегенмен халық санағы нақтырақ панорамалық картинаны береді [7]. Ал бұл жерде «ортаңғы элемент» қайда? Егер тұрғындардың жартысына жуығын әр түрлі арқа сүйегіштер құрайтын болса мәселе күрделі емес пе? «Қазақстандағы ортаңғы таптың» қалыптасуы тақырыбының әр түрлі қырларымен қазіргі кезеңде философтар, социологтар, экономистер, саясаттанушылар айналысады. Бірақ нақты жағдай төмендегіні көрсетеді: қоғамның болашағында мықты әлеуметтік іргетас болудан үміттендіріп ортаңғы тап қалыптасу процесін басынан кешіруде.

Бірақ өтпелі кезеңнің аяқталуы жөнінде айтудың ерте екендігін білдіретін маңызды басқа өлшемдер де бар. Бұл жерде сөз қазақстандық өтпелі кезеңнің аяқталуы жөніндегі өлшемдердің жүйесі туралы айтуға болады. Егер біз экономикалық параметрлерге негізгі маңыз бере бастасақ, онда біз материализмнің философиялық ауқымынан шыға алмаймыз. Марксты айтпай-ақ оның белгілі «болмыс сананы билейді» деген формуласымен жүреміз. Бірақ қазіргі социологиялық ойдың даму болашағын негізінен анықтап берген Макс Вебердің өзі Карл Маркстың мықты оппоненті болған еді. «Капиталда» философиялық материализм тұрғысынан феодализмнен капитализмге өтудің тарихи және логикалық алғышарттары ашып көрсетілетіні белгілі. Маркс бойынша алғашқы шарты ретінде жұмыс күшінің нарықта товар түрінде көрінуі жатады. Вебер тарихи талдаудың басқа парадигмасын тұжырымдайды. Капитализмге өтудің шарты алдымен таза экономикалық процестер емес, сананың, құндылықтық бағдарлардың күрт жаңғыруы жатқызылды. Ортағасырлық адам үшін жоғары құндылық ретінде тақуалық, монах болу, құдайға қызмет ету танылды. Ал енді осындай адам

басқа тарихи дәуірге өту үшін, оның санасы өзгеруге тиіс еді, яғни «капитализм рухы» қалыптасып, кәсіпкерлік пен іскерлік бастамашылдық пайда болуға тиіс болатын. Осы тұрғыдан алғанда сананың өзгеруі өтпелі кезеңнің аяқталуының, яғни социализмнен капитализмге өтудің, социализмнен нарық пен либеральді демократияға аяқ басудың алғашқы шарты болып табылады.

Біздің қоғамда осыған ұқсас сананың өзгеруі жүзеге асты ма? Біріккен мағына құрастырушы кеңістік, тұрақты және үміт артатындай құндылықтар жүйесі қалыптасты ма? Социологиялық зерттеулердың нәтижесі бойынша тек қана қоғамдық сананың жоғарға қабаты ғана өзгерістерді қабылдауға бейімділік танытады, ал дерең деңгейлерде құндылықтық бағдарлар социалистік сипатта көрініс беретіні байқалады. Философия және саясаттану Институтының социологиялық сауалнамасында респонденттердің 69,7% кеңес дәуірінде әділеттілік көбірек еді тұжырымды білдіргенін анықтады. Айта кететін жағдай осындай пікірді меншік иелерінің 75,6% білдірсе, мемлекет қызметкерлерінің 63,6% жақтап отыр [8]. Басқа социологиялық зерттеудің көрсеткіштері социализмнің нормалары мен құндылықтарын жақтайтын адамдардың пайызын одан да жоғары береді. Өтпелі кезеңнің аяқталуының қажетті шарты ретіндегі жаңа ділдің. Жаңа демократиялық сананың қалыптасуы жөнінде айтуымызға болады ма ?

Біз «қалыптасу зонасынан» «даму зонасына» көтерілдік деген қорытындыларды жасауға асығуға және қалауымызды шындық деп қабылдауға болмайтынын басқа да өлшемдер арқылы талқылау мүмкіндігі бар. Бұл маңызды нәрсе, өйткені қоғамдық сана мәселелерін өтпелі кезең ауқымында қарастыруға тиістіміз және аяқталмаған «посткоммунистік транзит» тұрғысынан көптеген міндеттердің шешімін іздеуге тиістіміз. Осы жағынан алғанда уақытынан бұрынғы, немесе кешігіп қалған өтпелі кезең зиянды деп бағаланады.

Қоғамдық сана және оның модустері мен көңіл күйі негізінен ұлттық қауіпсіздіктің деңгейімен анықта-

лады. Егер ұлттық қауіпсіздік туралы тұтасымен айтатын болсақ, онда ол саяси, әскери, экономикалық, мәдени, экологиялық, ақпараттық, адамгершілік-рухани мәселелердің күрделі кешені. Олардың шешімдері адам, әлеуметтік топ пен қоғам болмысының сенімділігі мен орнықтылығын қамтамасыз етеді. Бұл жерде тұлғаның қауіпсіздігі туралы сөз болып отыр. Ішкі және сыртқы қауіпсіздіктің өзара байланысты және өзара толықтыратын қырларын айқындап көрелік.

Сыртқы факторлардың арасынан алғашқы орынға геосаяси мәселелер шығады. Оның мәні әлемнің жаңа геосаяси құрылымын қалыптастырумен, екі негізгі үрдістің қарама-қарсылығымен анықталады. Бір жағынан, барлық құрылымдар мен кодтарды, әлеуметтік модельдерді орталықсыздандыру идеясын құптайтын көпполюсты, көпвариантты әлемді бекітуге, ұлттық құндылықтар мен дәстүрлердің құқығын мойындауға ұмтылу. Екінші жағынан, экономикалық, әскери және саяси басымды күшке ие бір супердержаваның диктатына бағынған, бір полюсты әлем концептін жүзеге асыруға бағытталған нақты, қатал және шегінбейтін саясат. Осы екі үрдістің арасындағы күрес Орталық Азия елдеріндегі геосаяси жағдайдың ерекшелігін анықтайды.

Бұл аймақтың географиялық орналасуы әлемнің кіндігінде, Азиядан Еуропаға баратын жолдың түйісінде орналасқан. Сонымен қатар есепсіз табиғи байлық Орталық Азияны Қытай, Иран, Түркия және Ресей арасындағы «үлкен ойынға» айналдырып, «тәтті түйірге» таластыруда. Әдеттен тыс жағдайларға ойынға жаңа шытырман қырлар енгізеді, яғни ойыншылардың қатарына еуразияға жатпайтын, мұхиттың ар жағынан Құрама Штаттарының «орталық шабуылшы» сияқты қатысушы болып қосылуын атап өтуге болады.

«Геосаяси ойын» жай ғана метафора емес. Ол ұғым ретінде түсінудің постклассикалық парадигмасы және классикалық емес сұхбатты қарастыратын герменевтикалық тәсіл арқасында бекіген болатын. Ойын өзіндік жағдайлары мен заңдары бар шындық

ретінде түсініледі. Ойыншылар бұл жағдайларды сөзсіз қабылдауы тиіс, бірақ басқа варианты бар: ойынды ойнап жүріп, оның заңды субъектісіне айналып, бірте-бірте бақылауды қолға алып, сосын оның ережелерін ойын ба-рысында өзгерту жатады.

Орталық Азиядағы ойын төңірегінде субъект болуға тырысатын, бірақ серктес болуға асықпайтын Ресей мен АҚШ сияқты екі ойыншы ерекше байқалады. Өткен ғасырдың 90-шы жылдардың басында Қазақстанда тұратын орыс диаспорасы туралы дерекке назар аудар-мастан Ресей Батысқа қарай бет бұрды. Ал бұл саясат Ресейдің Орталық Азиядағы бұрынғы позицияларының әлсіреуіне әкеліп соқтырды. 90-шы жылдардың аяғында осы маңызды аймақтағы өзінің ықпалынан бас тартудың қауіптілігін зерделенген соң Ресей өткенінің орнын тол-тыруы мақсатында Қазақстанға қарай бетін күрт бұрды. Ондай қадамдар жасауға мүмкіндіктер нақты түрінде бар еді: бұрынғы жән мықты еуроазиялық байланыстар, Қазақстанның орыс тілді тұрғындары, Ресейдің жоғары оқу орындарында білім алып, тәрбиеленген қазақтың зиялы қауымы, билік элитасындағы американдық серік-тестерге қатысты оппозицияның өсуі және ресейлік жаққа қарай бүйректің бұрылуы жатады. Ресей Орталық Азияға қатысты тұтастанған сыртқы саяси концепция-сын тұжырымдап жатқан сияқты.

Ал енді, тіптен, жаңа ойыншы – АҚШ. Бұл «мұхитың ар жағынан келген серіктес» өзінің саясатында эконо-микалық қатынастардан саяси салаға назарын көбі-рек аудара бастады. Ол өзінің ұлттық мүддесіне қатысты мәселелер туындайтын болса, оны реттеуге нақты тетіктердің пайда болғанына жол ашылды деп есептейтіндей. АҚШ БАҚ пен Интернетті қолдана оты-рып, Қазақстан мен Ресейдің ара қатынасына сына қағылғанын көксейді, мүмкін деген тартысты сала-ларды айқындауға талпынады, Қазақстанның орыс тілді тұрғындарды түпкілікті халықтан бөліп тастауға күш салуда. Нақты дүрдараздықты тудыруы мүмкін кейбір латентті қайшылықтар ізделінеді, орыстілді-

лер мемлекеттік тілді пәрменді үйренуге асықпайды және іштей тарихи отанына үміттеніп отырады деген тұжырымдар атап көрсетіледі. Бұл жағдайды орнықсыздандыратын стратегия Қазақстан Үкіметі мен Қазақстан халықтарының Ассамблеясының іс-әрекеттері арқылы шектелгенмен, одан келетін қауіптер мен қатерлердің деңгейін төмендетуге де болмайды.

Үлкен геосаяси ойында Қазақстанға қандай рөл берілген? Иеленуге және алдаусыратуға болатын объект ретіндегі пассивті рөл сияқты. Бірақ Қазақстан тәуелсіздік пен егемендікке қол жеткізгеннен кейін Орталық Азиядағы геосаяси күштердің ара салмағын анықтайтын дербес субъектіге айналуы тиіс. Мұхитың ар жағынан келген серіктес өте күшті және әскери және экономикалық қуаты жағынан басымырақ деп қарсы айтуға болады. Бірақ, шығыстың дипломатиясы мен шығыс менталитетінің принциптерін еске түсіріп көрелік. Атышулы іске араласпау принципі төмендегідей: «Кім аяғының ұшымен тұрса, онда ол ұзақ тұра алмайды. Кім үлкен қадамдар жасаса, онда ол ұзақ жүре алмайды. Кім тиіссе, ол табысқа жете алмайды... Жұмсақ пен әлсіз қатты мен күштіні жеңеді... Мен алға ең болмаса бір сүйем жасай алмаймын, ал артқа қадамдар жасаймын. Бұл дегеніңіз іске араласпау арқылы қимылдар жасау, күш салмай соққы беру».

Шығыс менталитеті икемді, мобильді тактикаға сүйене отырып, ойынды дербес ережелер бойынша жүргізуге мүмкіндік беретін көпжақты қатынастар мен одақтар жүйесі арқылы табысты маневрлер жасауға мүмкіндіктер береді.

1994 жылдың сәуірінде Орталық Азиялық Одақ (Қазақстан, Қырғызстан, Өзбекстан), 1996 жылдың наурызында – «Төртеу одағы» (Ресей, Белорусь, Қазақстан, Қырғызстан), 1996 жылдың сәуірінде – Шанхай бестігі (Қытай, Ресей, Қазақстан, Тәжікстан, Қырғызстан) құрылды. Жоғарыдағы және басқа да одақтар мен альянстар күрделі халықаралық қауымдастықтар жүйесін құрайды. Олардың мұхиттың ар жағынан келген

қатерлерге қарсы тұра алатындай шамасы бар. Қазақстан өзіншң дербес ойыншы болуға тырыса отырып бір полюсты әлемге, яғни АҚШ-тың басымдылығына қарсы тұруға бағдарланған және бұл мәселе бойынша Ресеймен және Қытаймен ынтымақтас. Әлем ұлттық мүдделер мен ұлттық мәдениеттің барлық саласын мойындайтын көп полюсты, көп орталықты болуға тиіс.

Геосаяси ойындар дегенмен басқа ойындармен – жаһандану ойындарымен күрделене түсуде. Қазіргі геосаяси картамен қатар екінші халықаралық карта пайда болғанын сеніммен айтуға болады. Онда ұлттық мемлекеттердің шекаралары жойылады және онда бұрынғы тарихи дәуірлерге белгісіз қаржылық құрылымдары мен белгілі бір құндылықтар жүйесі бар ұлттықтан және территориялықтан жоғары экономикалық және мәдени қауымдар қалыптасады. Әлемдік экономика өзінің ұлттық территорияларынан бөлектенген мегаполистердің қалыптасуын қамтамасыз етеді. Зертеушілер әлеуметік өмірдің дәстүрлі ұйымы болып табылатын ұлттық мемлекеттер түріндегі формасы қазіргі жаһандану процестері арқасында күн тәртібінде тұр деген пікірді білдіреді. Постмодерншіл Ж.Лиотардың сөзімен айтқанда коммуникативті айқындық идеологиясы мен практикасы қалыптасуда және соған байланысты адамның әлеуметтік орны ақпараттық ағындардың өзегінде, ядросында болып отыр. Экономика мен саясаттың негізгі субъектілері болып негізінен тікелей шет елдік инвестициялар басты құралға айналған трансұлттық корпорациялар көрініс береді.

Қазақстан ТМД елдерінің ішінен шет елдік инвестициялар көлемі бойынша бірінші орын алып отыр. Қазақстанның құнарлы жерлерінен пайда табуды көздеген америкалық компаниялар Шевроннан бастап республиканың мұнай-газ секторында түбегейлі орнықты. Республиканың экономикалық секторындағы шет елдік компаниялардың бар ынтасымен қатысуын кейбір зерттеушілер «жаңа колониализмнің» түрі деп атайды. Біз үшін маңыздысы бұл ұғымның астарында жаңа мағына

жатқанын жеткізу: тікелей шет елдік инвестициялар ұлттық мемлекеттерді тек ауыздықтап қана қоймайды, сонымен қатар трасұлттық қауымдастықтарды қалыптастыра отырып бізге белгілі географиялық карталармен сәйкес келмейтін әлемнің виртуалды картасын қалыптасуына алып келеді. Онда ұлттық мемлекет деп аталатын әлеуметтік-экономикалық және саяси құрылымдар болмайды және оның орнына өзінің билігі мен еркін жүргізетін және экономикалық және саяси процестердің бағытын анықтайтын, бұрын белгісіз болып келген трансұлттық одақтардың конфигурациясы пайда болады. Қазақстан үшін бұл қауіптер ме қатерлер ойдан шығарылған нәрселер емес, өйткені, трансұлттық компаниялар ұлттық шекараларды елемейтін одақтардың қауіпті өрмегін тоқуда.

Біз халықаралық мәселелер тұрғысынан ұлттық қауіпсіздіктің кейбір қырларын қарастырдық. Үлкен ойыншылар мен мұхиттың ар жағынандағы серіктестер Қазақстанның «өтпелі кезеңнің» тұрақсыз жағдайында ұзағырақ болғанымызды қалайтыны анық байқалады. Сонда олар өздерінің ұлттық және трансұлттық мүдделерін оңайырақ бекіте түсетіні белгілі және Қазақстанды өздерінің алдарқатуының пассивті объектісі ретінде қарастыра алады.

Қоғамдық сананың жалпы ырғағын анықтайтын ұлттық қауіпсіздіктің ішкі аясына назар аударып көрелік. Өтпелі кезеңнің жағдайы немен анықталады? Ол «қалыптасу» категориясы арқылы баяндалатын болғандықтан соған сәйкес көптеген қайшылықтар мен тартыстардың шешімін іздеуге тура келеді. Олар кейде дұрыс шешімін таппағандықтан жараның аузын ашқандай әсер қалдыруы мүмкін. Гегель бойынша, диалектикада процестер «даму» категориясы деңгейіне жеткенде мәселе қарама-қарсылықтар мен оладың күресі, антиномиялығы мен полярлығына жетіпқана қоймайды, сонымен қатар қайшылықтардың шешіміне, яғни мәселелердің жөнді шешіміне жетеді. Міне. Осы нәрсе өтпелі кезеңге жетіңкіремейді, яғни ашық және

жасырын қайшылықтар түрінде сипаттала отырып олардың олардың өзіндік шешімі табылып жатқанын байқамаймыз.

Біздің пайымдауымызша, алымен бұл мәселелерді қарастырудың оптикасын түбегейлі өзгерту керек және оларды тікелей басқа бағытқа бұру керек. Дәстүрлі ойлау жолдары бойынша төмендегідей тұжырымдарды келтіруге болады: қоғамдағы өткір де қауіпті мәселелерге, яғни нашақорлыққа, наша саудасына және нашабизнесіне, терроризм мен экстремизмнің әр түрлі көріністеріне, латентті этносаралық қақтығыстарға көңіл аудару керек. Әрине, бұл мәселелердің барлығы кейінге қалдырылмайтындай қарастыруды қажет етеді. Бірақ методологиялық жағынан алғанда басқа тұрғының болашағы зор. Ауруды тек емдеп қана қоймау керек, алдымен денсаулықты сақтауға барынша тырысып, аурудың алдын алу керек. Біздің жағдайымызда Қазақстан қоғамының, экономикалық, саяси, этносаралық, рухани-адамгершілік салауаттылығын айтамыз.

Осы мағынадағы бірнеше маңызды мәселелерді атап өтуге болады. Алдымен билік құрылымдары мен азаматтық қоғам қатынасы, билікке өздерінің сенімін халықтың сену деңгейі, және олардың жалпы игілікті қамтамасыз ететін биліктің шешімдерін орындауға дайындығы. Бұл жөнінде Конфуцийдің айтқан тағлымдарын еске түсіруге болады. «Мемлекетте тамақ пен қару жеткілікті болу керек және халық билеушілерге сенуге тиіс. Егер қажеттілік туып жатса нені құрбандық етуге болады? Тамақтан бас тартуға болады. Қарудан да. Бірақ сенімсіз мемлекет сақталып қала алмайды». Қазіргі заманның аналитиктері тұрғындардың сенім деңгейін билік институты – «саяси капитал» деп атайды (П.Бурдьё).

Қазақстанның саяси құрылымдары осындай саяси капиталға ие ме? Социологиялық зерттеулерді нәтижелері (Философия және саясаттану институты, 2001 ж.) бойынша билік халықтан қашықтанған, жатсынған және адамдар билікке сын көзімен қарайды, олар корруп-

цияға бейім және қызметті жеке бастың мүддесіне пайдалануға құмар деген тұжырымдар келтіріледі.

Сонымен, философтар айтқандай негізгі мәселені, яғни субстанционалды туралы айталық. Әлеуметтік болмыстың барлық салалары, яғни саясат, экономика, мәдениет ең биік деңгейдегі нәрселер болып есептелгенмен олар рухани басымдылықтармен, құндылықтар жүйесімен, дүниетаныммен анықталады. Соңғы кезде барлық этностар мен әлеуметтік қабаттарды біріктіретін қабілеті бар ұлттық идеология, біртұтас ұлттық идеяның қажеттілігі туралы мәселе қойылып жүр.

Шын мәнінде егер бізде Қазақстан азаматтарын біртұтас әлеуметтік ағзаға біріктіретін идеология және құндылықтар жүйесін қалыптастырмай тұрып біз өтпелі кезеңнің аяқталғаны жөнінде айта аламыз ба? Ұлттық қауіпсіздікке негіз қауіп осында емес пе? Бұрынғы марксизмнің дүниетанымдық багажын жоғалтып алғаннан кейін біз әлі орнықты дүниетанымдық негізге ие болған жоқпыз. Бұл салада жинақтағандарымыз да бар: қазақтардың дәстүрлі мәдениетін терең және байыпты түрде зерттеулеріміз, руханилықтың басымдылығына және Шығыс пен Батыстың конструктивті синтезіне бағдарланған жаңа қазақстандық философияның қалыптасуы, ислам мәдениетіне және түркілік мәдени бастауларға назар аудару жатады. Бірақ бұл теориялық деңгей, зерттеу ресурстары. Ал енді бұқаралық санаға келетін болсақ, онда ең теріс мағынадағы дүниетанымдық плюрализм патшалық етеді. Бір адамның өзінде қатпарланған күйде әр түрлі дүниетанымдық принциптер өзара аралалыс жатады, тіптен кейде ешқандай принцип жоқ десек те болады. Маркстік, материалистік постулаттар діни сарындармен араласып кеткен және осылардың бәрі адамгершіліктің жоғарғы мұраттарымен жұмысы жоқ, тек сауда-саттық төңірегінде әңгіме қозғайтын кейбір БАҚ-тың кеңінен таратуымен американдық бұқаралық мәдениеттің соусын араластыруымен беріледі.

Осыған қарап Қазақстан әзір посткоммунистік транзит жағдайын кешіп отыр деуге болады. Қалыптасу

және шешілмеген көптеген мәселелер – қайшылықтар транзитке тұрақсыздық, орнықсыздық алып келеді, текетірестік пен қауіпті зоналарды қалыптастырады. Өздерінің жаһанданулық мүдделерінің ізіне түскен геосаясаттың үлкен ойыншыларының көзқарасы бойынша бұл жағдайды сақтап, соза түсу тиімдірек. Екінші деңгейлі ойыншының рөлін атқарудан қаламайтын Қазақстанның көзқарасы бойынша «транзитті» тезірек өту керек, өйткені өтпелі кезеңді бітіру жаңа деңгейге сапалы секіріс жасауға мүмкіндік береді және категориялық мәртебесі бойынша қалыптасуға емес, дамуға жауап беретін әлеуметтік-экономикалық және рухани-мәдени өмірдің жағдайын жасайды. Өтпелі кезеңнің аяқталуы алдымен базистік дүниетанымның қалыптасуымен байланысты, барлық этностар мен әлеуметтік қабаттарды біртұтас Қазақстан халқына біріктіретін ұлттық идеяның бекуімен астарласып жатады. Осы фокус арқылы этнос аралық қатынастар мәселелері, мемлекеттің тұрақтылығы мен орнықтылығының кепілі болатын ортаңғы таптың қалыптасуы шешімін табады, сонымен қатар биліктің азаматтардан жатсынуын жеңуге және «саяси капиталды» жинақтауға болады.

Қоғамдық сананың маңызды компоненттердің бірі оның саяси-әлеуметтік өлшемі болып табылады. Бұл аспект қазақстандық қоғамның тоталитаризмнен демократияға өту ауқымында қоғамдық сананың эволюциясын ерекше қарастыруды қажет етеді. Тоталитаризмнің күйреуі және демократияның қалыптасуы жеке адам мен қоғам, индивидуалдылық пен қоғамдық сана қатынастары мәселесін жаңаша қойды.

Индивидтердің өзінің, субъектілердің қоғамдық, мемлекеттік, саяси, экономикалық және рухани өмірінің қызметтері үлкен маңыздылыққа ие бола бастайды. Тарихи процеске тікелей қатысушылардың саналарында, ойлау жүйесінде болып жатқан өзгерістер, азаматтардың дүниетанымдық бағдарлары шешуші бола бастайды. Демократия ықпалды бола түсу үшін бәрінен бұрын кемелденген азаматтық қоғам қажет еді және соған

сәйкес кемелденген қоғамдық сана қажет болатын. Бұл прогрессивті экономикалық және саяси реформалармен астасқанда мүмкін нәрсе. Жеке еркіндік құқықтық мемлекет тұрғысынан мықты қорғалуы тиіс. Бірақ ТМД мен Қазақстанда болып жатқан жаңғыру мен демократиялану демократияның классикалық модельдерінен және дамыған батыс елдерінің бай саяси және экономикалық тәжірибесінен айырмашылығы бар.

Шынайы демократияның пайда болуы мен дамуы үшін жаңа қоғамдық сана, әлеуметтік-экономикалық және саяси өзгерістерді жасауға қабілеті бар азаматтардың пайда болуы стратегиялық маңызды факторға айналды. Қазақстанда өзінің экономикалық еркіндігін жүзеге асыруға мүмкіндік алған орта тап, шағын кәсіпорындар, кіші бизнес, интеллигенция қалыптасуда. Жеке адам мен қоғамның арасындағы тартысты шешу жеке мен жалпы мүдделер механизмін есепке алуды қамтамасыз ететін азаматтық қоғамды қалыптастыруды білдіреді. Жеке адам өзінің кеудесін кең көтеруі керек, заттар мен нәрселер әлемін құндылықтың ең жоғарғысы деп атамауы да тиіс. Әлеуметтік қатынастар мен индивидтердің заттар әлдеміне байлануы ақыр соңында адамның деперсонализациялануы алып келері анық. Индивид тұлғалық болмыстың өзіндік құндылық ретіндегі мәнін жоғалтатын анонимділіктік түссіз, бедерсіз үстемдігінің объектісіне айналуына жол бермеуі керек. Индивид өзін тұлға ретінде зерделеуі тиіс болатын, сонымен қатар қоғамдық тұтастықтың мәндік бірлігі дерегінде зерделеуі, қоғамдық өмірдің батауы екендігін түсінуі тиіс болатын: адамдардың өзіндік дамуына салауатты қоғамды қалыптастыру тәуелді екені белгілі. Көптеген прогрессивті индивидтер шынайы субъектілер мен тұлғаларға айналғаннан кейін қоғам мен қоғамдық санаға әсер етіп өздерінің төл біртұтастығы автономдық субъектілігін жүзеге асыра бастайды. Сонымен, қоғамдық сананың эволюциясы демократияның элементтері либеральдық құндылықтардың кірісуімен жүзеге асырды.

Тоталитаризмнен босану «авторитаризм факторын» жеңу мен абсолюті мемлекеттік билікті шектеуді талап етті. Посткеңестік кеңістікте меншікке деген көзқарас өзгерді, билік құрылымында өзгерістер болды. Бірақ Қазақстанда бұрынғы әміршіл-әкімшіл жүйеден жеке бастамалар мен рухани және әлеуметтік тәуелсіздіктерді көбінесе жаншып отырған тарамданып кеткен бюрократиялық аппарат сақталды. Оған БАҚ-ты бақылап отыруды, режимге қарсылық көрсету актілеріне тыйым салу, өз мақсаттары үшін билікті пайдалану, жемқорлық және сол бюрократияның өзі жатады. Бұл құбылыстардан арылу үшін және мемлекет өтпелі кезеңде өзінің қызметтерін жөнді орындауы үшін көп нәрсені істеу керек еді. Әйтпесе, қоғамда хаос пен әлеуметтік әртіпсіздік орнауы ықтимал болатын. Әлеуметтік өзгерістерді сауатты түрде жүзеге асыруға индивидтер, яғни «төмендегілер» әзірге дайын емес болатын. Қоғамдық сананың эволюциясы мен жеке сана және ойлауда түбегейлі өзгерістер қажет болды. Қоғамдық сананың эволюциясы бірте-бірте жүзеге асты, оған уақыт фактор қажет болатын. Ал ол болса біркелкі процесс емес.

Қазақстанның тарихи тәжірибесі, бай дәстүрлі мәдениеті мен рухани құндылықтары бар. Қазақ халқының ұлттық-психологиялық ерекшеліктері оның ділінен байқалады және қоғамдық сананың қалыптасуы мен дамуына әсер етеді, яғни саяси санаға, саяси мәдениетке, ісқимыл, мінез-құлық нормаларына және т.б. Әлеуметтік белсенділіктің моральдік-адамгершілік таптаурындары осымен байланысты. Қоғамдық қатынастардың дербес субъектілігінің қалыптасуы стадиясынан өтіп қана оңды өзгерістерге жетуге болатындығын есте ұстау керек. Жаңа қатынастарға өту адамдардың өздерінің дамуына байланысты, ол табиғи-тарихи заңды процесс.

Болмыстың сыртқы формаларын өзгертуге болады, бірақ ең бастысы және маңыздысы – адам санасындағы, дүниетанымындағы, дүниені қабылдауындағы ішкі өзгерістер. «Оқиғалар тізбегін тездетуге болар еді,

егер адам болмысының сыртқы формасын өзгерту міндеті алда тұрса. Субъектілердің көпшілігінің нақты өзгерістері жүзеге асқаннан кейін өткенді өзгерту және жаңа қатынастарды бекіту белгілі бір күш салу мен күресті талап етеді. Жоғарыда айтылғандардай адамдардың өздерінің дамуы үшін олардың жасаған заттық жағдайлары мен әлеуметтік институттардың ешқандай маңызы жоқ деп айтуға болмайды. Өйткені, бұл салалардың қызмет етуі адамдардың қызметтерімен тікелей байланысты, яғни бұл анонимді құрылымдардың жұмысшы органдары адамдардың өздері. Мемлекеттің әсері мен үстемдігі, сонымен қатар адамдардың іс-әрекеттерінің заттық жағдайлары ақыр аяғында олардың өздеріне өздеріне қайтып оралатын қасиеттері бар, олар өздерінің істерінің нәтижелерін, қызметтерінің әсерлерін сезіне бастайды. Барлығы үшін өзінен өзі белгілі индивидтердің әлеуметтік жағдайларға тәуелділігі өзінің ішкі терең мағынасында өздерінен, сыртқы образдарда бекіген өзінің тарихи жеткен деңгейінен тәуелділікте» [9].

Нарықтық қатынастардың барлық теріс қырларына (жұмыссыздық, қайыршылық, тағылымның құлдырауы, жатсыну және жалғыздық, қатал бәсекелестік, қылмыстың өсуі және т.б.) қарамастан субъектілердің дербес дамуы жүзеге асады, индивидтің іс-әрекеттері ынталандырылады, өзіндік іске асыру жолдары ізделіне бастайды, әлеуметтік-экономикалық және саяси іс-әрекет белсенді бола түседі, құндылықтық тұрғылар мен бағдарларда белгілі бір маңызды өзгерістер жүзеге аса бастайды. Бірте-бірте қоғамдық санаға азаматтық либеральды құндылықтар ене бастайды, қоғамдық өмірдің әлеуметтік, экономикалық, саяси және рухани салалары өзгеріске ұшырай бастайды.

Өкінішке орай, азаматтардың үлкен бөлігі, тұрғындардың көпшілігі әзірге биліктің қол астындағы тұрғындар деңгейінде болып отыр. Оны «ғасырлар бойғы мойынсұнушылық, бағыну инстинктері» қамтамасыз етеді (Н.Бердяев). Бірақ демократиялану жүзеге асқан

сайын жеке мүдделер өндіргіш күштер мен қабілеттердің дамуын қамтамасыз етеді, нақты индивидті алға жылжуға, қимылдауға мәжбүрлейтін прогрессивті қозғалыс жүзеге асады. Жеке меншік индивидті өзіне және материалдық игілік үшін, табыс табу үшін, жалпы қоғамға тиімді мағынада өзі үшін жұмыс істеуге мәжбүрлейді. Жеке адам іс-қимылдың үлкен еркіндігін, құқығының молдығын, қозғалыстағы шектеудің болмағандығын, ұждан бостандыдығы мен сенім бостандығын қалайды. Ол өз кезегінде демократияның жүзеге асуына мүмкіндік береді. Қоғамның кемелдену деңгейі оның құрылымындағы индивидтердің кемелдену деңгейімен анықталады. Сол индивидтердің өздерінде болып жатқан нақты өзгерістерді есепке ала отырып қоғамдық санадағы эволюция мәселесі жөнінде айтуға болады.

Бұрынғыдай индивид қауымдастықпен және ұжыммен қабысып кеткен жоқ, ол енді псевдосубъект емес, шыннайы субъект, ол енді өзінің төлтумалық тұтастығын, автономды субъектілігін қоғамдағы өзінің өнімі – қоғамға әсер ете отырып жүзеге асырады. Жекешілдік, жеке бастама және жеке меншікке негізделген еркіндік жаңа өндіргіш күштердің және өндірістік қатынастардың дамуына, әлеуметтік-экономикалық даму мен саяси демократияның қалыптасуына негіздер болып табылады. Қоғамдық қатынастардың субъектісінің құқығы мен міндеттерін зерделеуді қамтамасыз ететін азаматтардың әлеуметтік басқаруына қатысуын кеңейту және белсендендіру керек.

Қоғамдық сана транзитті жағадайда қалайда бейнелейді. Әлеуметтік құрылыстың бір түрінен екінші түріне көші – бұл уақытша, өтпелі жағдай және соны пайдаланған кейбіреулер өздерінің өтірігі мен алдауын, қаталдығы мен дәрекілігін ақтап алғысы келеді. әлеуметтік қалыптарды ұстанғысы келмейді. Қатаң әлеуметтік қалыптар алдымен тұрақты өмірге арналған. Осыдан төмендегідей маңызды міндеттер туындайды – либеральді демократиялық құндылықтарды оңды

қабылдауды қалыптастыру, демократиялық реформаларды жүргізуге және адам құқығын сақтауға ықпал жасау, Қазақстандағы демократиялық және нарықтық реформалардың табысты жүргізілуінің жағдайы мен тетіктерін зерттеу [10].

Жылдам өзгеріп жатқан тарихи жағдай, негізінен, қоғамдық сананың демократиялану жолымен қалыптасуы мен дамуын анықтады. Демократия және еркіндік ұғымдары адамдардың санасында өзінің даму жолын өтуде. Демократия мен еркіндік либералдық құндылықтар деген түсініктерден демократия мен еркіндік тұлғаның өзіндік дамуы мен өзіндік жүзеге асуының жағдайы дегенге дейін өрбиде. Демократия категориясы және оның адам өміріндегі рөлі әр түрлі тұжырымдалады. Қазіргі Қазақстандағы демократияның даму мәселесі өз бойына демократияның табыстары мен сәтсіздіктерін енгізеді, тұрғындардың әр түрлі қабаттарының оған деген біркелкі емес қатынастарын кіргізеді. Бұл жәй ғана саяси және философиялық абстрактілі ұғым емес, бірақ ол нақты индивидтің күнделікті өміріне, оның қоғамдағы іс-қимылыны, оның дүниетанымдық тұғырлары мен бағдарларына, сенімдері мен басқа адамдармен қарым-қатынастарына тікелей әсер етеді.

Демократия тікелей аударғанда «халық билігі» дегенді білдіреді. Демократияның дүниеге келуі антикалық полистің пайда болуымен байланысты. Полис азаматтық өзін басқарушы қауымдастықтың элементтерін ұстады және жеке меншігі дами бастаған қалалық құрылымның бөлігі болатын. Геродот өзінің «Тарих әкесі» шығармасында «демократия» ұғымын кіргізді және Афиналық демократияның негізін қалаушы екі принципін анықтады: сөз еркіндігін және барлық азаматтардың заң алдындағы теңдігін.

Аристотель өз заманында демократияны мемлекеттік құрылыстың «дұрыс емес» формаларына жатқызғаны қызғылықты. Ол демократия мен охлократияның, яғни тобырдың билігі арасына теңдік белгісін қойды. Аристотельдің пайымдауынша, егер қоғамдық

пайданың мүддесі үшін көпшілік билейтін болса, онда оны полития деуге болады. Оның ойынша, полития басқарудың ең үздік формасы. Демократиялық принциптің негізі заңның үстемдігі. Жаңа кезеңде «демократия» ұғымы азаматтық, жаратылыстық, әлеуметтік және саяси құқықтар мен еркіндіктердің жиынтығы ретінде нақтыланады. Демократия мемлекеттік билікті азаматтарға қатынасты шектеу талабының формасына айнала бастайды: халықтың егемендік идеясы және оның революциялық төңкеріске құқылығы (Т.Пейн), тұлға мен меншік еркіндігі, «биліктің бөлінуі» принципі (Ш.Монтескье), мемлекетті қалыптастырудағы халықтың қатысуы (Ж.-Ж. Руссо), сауда мен өндірістік іс-әрекеттердің еркіндігі (А. Смит) және т.б. Бір адамның абсолютті билігін жеңу үшін биліктің бұтақтарын заң шығарушы, атқарушы және сот етіп бөлі идеясы пайда болады. Адамзаттың прогрессивті ойы әділ және тіптен, адамның гуманистік өзін-өзі бекітуге мүмкіндіктер бар идеалды мемлекетті қалыптастырудың жолдарын іздеді. Философия мен саяси ойдың тарихында қоғамның еркіндік, теңдік және әділеттілік идеяларының жүзеге асуы жөнінде көптеген теориялар мен концепциялар бар. Әлеуметтік мұрат қалыптасады және оған жетудің жолдары мен тәсілдерін анықтаудың әрекеттері жасалынады. Демократияны еркіндікпен, тұлғаны құрметтеумен, құқықтарды қорғаумен, әділдікпен және мүмкіндіктердің теңдігімен және т.б. байланыстырады.

Демократияның антиподы тоталитаризм болып табылады. Тоталитаризм – қоғамдық өмірдің барынша идеологиялануымен және саясаттануымен, биліктің шектен тыс өсуімен және оның азаматтық қоғамды жұтып қоюымен, тұлға еркіндігінің жоқтығымен, партиялық-мемлекеттік аппараттың барлық жағын бақылауымен, барлық әлеуметтік жүйені ұжымдық идеологиялық тұтастыққа бағындыруымен сипатталатын саяси жүйенің және қоғамның түрі. Көбінесе тоталитаризмді қоғам мен адам өмірінің барлық салаларына мемлекеттің тотальді бақылау жасауымен таны-

латын саяси режимнің түрімен сәйкестендіреді. Оған бір жетекші партияның монополиясы мен үстемдігі, барлық оппозицияны жою, меншіктің мемлекеттенуі, белгілі бір идеология тән болып табылады. «Тоталитарлық режим тек құқықты шектеп немесе негізгі еркіндіктерді доғарып қана қоймайды, бірақ, сонымен қатар біздің кейбір шектеулі біліміміз бойынша, адамдардың жүрегінен еркіндікке деген махаббатты өшіреді. Ол келген еркіндіктің ең қажетті жағдайын талқандайды. Әркім үшін әлеуметтік кеңістікте қажет еркін қозғалысқа деген қабілеттілікті жояды», – деп атап өтеді Х. Арендт [11].

Ең қиыны өткенмен айырылысу деңгейін анықтау. Қоғамдық санадағы өзгерістер өткеннің негізгі көзқарасындағы өзгерістермен байланысты. Швейцариялық философ Ю.Бохенский «өткеніміздегі немен қоштасуға тиістіміз», – деген сұрақ қояды. «Алдымен дүниетанымдар туралы айтуға негіздер бар сияқты. Әрине, қазір олар дағдарысқа ұшыраған және бір ғана дүниетаным немесе негіздер туралы айтылып отырылған жоқ. Жалпы дүниетанымды таңдау еркін дүние – оны ешкім зорлап таңа алмайды, бірақ екінші жағынан ешкім соншама еркін де емес кез келген нәрсеге бас ұра қалатындай. Бұл тұрғыдан алғанда біздің еркіндігіміз шектеулі». Біздің мәселеміз туралы айтатын болсақ онда біздер тоталитарлық өткенімізбен, бұрынға дүниетанымымызбен және ескі тұрғыларымыз және бағдарларымызбен қоштасудамыз. Дегенмен адам санасы мен ойлауы өте жай өзгереді, мінез-құлық пен ойлаудағы ескі таптаурындар үстемдігін жалғастыруда. Өзіндік жеткілікті тұлғалардың пайда болуына, қоғамдық игілік үшін, яғни прогрессивті мақсаттарға, мүдделерге, құқық пен заңның ауқымындағы жеке және жалпы мүдделердің негізіндегі құндылықтарға жету үшін конструктивті өзара әрекеттестік жүзеге асыруға қабілетті шынайы және нақты субъектілерге қажеттіліктер туындайды.

Субъектінің осындай автономиясы демократиялық жағдайларда, ажырамас құқықтар мен еркіндіктерді бергенде мүмкін. Демократияның нығаюы ортаңғы

тапты дамыту арқылы, кіші және орташа бизнесті қолдау арқылы, нағыз меншік иелерінің барлығымен мүмкін. Бірақ ескеретін бір жәйт, Қазақстанда батыстық дүниеге қатынас пен дүниетүсінігінен айырмашылығы бар ментальділіктің басқа әлеуметтік-мәдени, саяси, діни және басқа дәстүрлері мен формалары үстемдік етеді. Қазақстандық қоғамдағы жүріп жатқан қоғамдық сананың эволюциясын талдау демократизациялану процестері жалпы халықаралық заңдылықтарға тұтас алғанда сәйкес келеді, бірақ айрықша қазақстандық ерекшеліктермен сипатталған күйде.

Демократияға саяси-әлеуметтік шындықтың нақты өзгеруі және осы оңды өзгерістерді жүзеге асыруға қабілетті субъектілерді қалыптастыру жолдарымен келу мүмкіндігі бар. Бұл жол өте күделі және бірқалыпты емес, адам әр түрлі сипаттағы қайшылықтармен, кедергілермен, мәселелермен кездеседі. Қоғамдық сана тоталитарлық өткеннің мұрасынан арылып, бірте-бірте батыс еуропалық сипаттағы либерализмнің идеологиясы мен философиясына өзгере бастайды. Қоғамдық сана алдымен өзіне тән консерватизм мен кейбір керенаулықтан арылуы тиіс. Көптеген жылдар бойы үстемдік еткен марксизм-ленинизм идеологиясы тұлға еркіндігін теріске шығарған жоқ, бірақ оның дамуы әрқашанда әлеуметтік-экономикалық және саяси құрылымға байланысты болды, адам белгілі бір қызметтерді атқаруға тиіс еді. Тұлғаның жан-жақты және үйлесімді дамуы кеңес адамының мұраты болатын. Бірақ мемлекет оның өмірінің жағдайын жасады, тұлғаны бақылады, оны бойкүйез етті, ол тәуелді, қорқақтау, жоғарыдан айтылғанды орындаушы ғана болды. Әр уақытта бірінші орында ұжымның, топтың, елдің мүдделері болатын. Бірақ тарихтың жолы осындай болғанмен нақты шындық демократиялық либеральді құндылықтардың қажеттігін көрсетті. Ал оның негізінде индивидтің шынайы еркіндігі жатқаны белгілі. Марксизм классиктері ұсынған өмірде еркіндікке, теңдікке, әділеттілікке жету жолдары күш-

теу тәсілімен және индивидтің өзінің дербес өзіндік құндылығын жоғалтуымен астасып жатты. Жақсы идеялар тежелді және кеңес адамның жаны мен тәніне сіңіп кеткен тоталитарлық режим орнады. Көпшілік пен бұқараның үстемдігі кез келген абсолюттік режимнен тиімді жеке адамды басып отырады. Жеке санада құлдық психология терең тамыр жайған болатын және ол адамдардың мінез-құлқы мен іс-қимылында байқалып отырды. Белгілі ойшыл Э.Фромм былай деп жазады: «Бірақ «Еркіндіктен қашудағы» талдау көрсеткендей қазіргі адам әзірге қобалжудың құрсауында және ол өзінің еркіндігін кейбір диктаторларға беруге дайын немесе машинаның кішкентай тетігіне айналып оны жоғалтқысы да келеді: еркін адамнан гөрі жақсылап тойған және жақсы киінген автомат болғысы келеді» [12]. Сондықтан демократияға өту өте ұзақ болады, және оған сабақтастық, шыдамдылық және сынақтан өту үшін үлкен уақыттың қоры мен мықтылық керек. «Адам тәуелсіз, зерделі, объективті болу үшін ол әзірге көп жағдайда пісіп-жетілген жоқ. Адам өзінің дербес күштеріне арқа сүйеу қажет екендігін, өзінің өміріне өзі мағына беру керек екендігін әзірге көтере алмайды. Оны жоғарға күштерден алғысы келеді, сондықтан адамдарға пұт пен аңыздар керек... Ол биліктің, ақшаның, егеменді мемлекеттің, ұлттың алдында бас иеді; және ол сөз жүзінде болса да Будда, пайғамбарлар, Сократ, Иса, Мұхаммед сияқты адамзаттың ұлы рухани көсемдерінің ілімдерін мойындайды және ол бұл ілімдерді наным мен тұтқа табынудың жиынтығына айналдырып жіберді» [13]. Көп нәрсе әлеуметтік жағдайға ғана тәуелді емес, ол жеке адамның даму деңгейіне де байланысты. Біз ескі нанымдарға сенудің тұтқынындамыз, біздің белсенділігіміз жеке бастың қамын ойлауға бағытталған және жеке мүдделер мен қажеттіктердің әлемі өте тар. Ірі тұлғалар мен батырлар жоғалып жатыр, олар ұлы тарихтың еншісінде.

Кенжелеу дамыған елдердің «батыстануы» барысында қоғамдық өзара әрекеттесудің тұрпайы түрле-

рінің пайда болуы мен дамуы қаупі бар. Адамның өзінің табиғаты бойынша қоршаған ортаға өзімшілдік қатынастарын таныту қасиеттері бар. Батыс мәдениеті өз мәні бойынша тұтынушы болып табылады. Сана-ның жеке және қоғамдық деңгейлерін әлемге деген тұтынушы-пайдалылық қатынастар билеп алады. Қоғамдық және жеке өмірдің практика жүзінде барлық саласына саудалану енеді. «Әрқайсымызды нарықтық типтегі адамға айналдырмақшы болған либерализмнің қазіргі идеологиясы біздің барлық талпыныстарымыздың ашкөзденген түпкі астарын ашып береді... әрбір жеке адамнан өз басының ғана пайдасын көздейтін жарыққа өзінің экономикалық санасын шығаруын талап етеді, адамдардың жеке және ұжымдық түпсанасында жасырын жатқан дүниелерді шығарды және пайданы көздемегеннің өзінде адамдарды әр түрлі іс-қимылдарға итермеледі» [14]. Жеке адамның өзіндік өмірінде материалдық мүдделер үстемдік етеді, онда адам «өзінің аман-есендігінің езіп-жаншуында» (Токвилль А.) Ондай жеке адам ұжымдық мүдделер мен жалпы мақсаттарды түсінуге қабілетті емес, ол өзі мен өзінің отбасына назар салады. Сондықтан, адамның жеке өмірі – бұл еркіндік пен шығармашылықтың саласы емес, ол бір өлшемді қатал детерминация.

Қоғамдық өмірдегі тоталитаризмнен демократияға өту күрделі процесі қоғамдық сана мен қоғамдық болмыстағы көптеген догмалар мен әдеттегі таптаурындардан бас тартуды талап етеді. «Өркениеттік» тұрғының ауқымында әңгіме жалпыадамзаттық құндылықтар, оның ішінде либеральді-демократиялық құндылықтар туралы болып отыр. Жалпы Қазақстан индустралдыға дейінгі дәстүрлі өркениеттердің қатарына жатады. Оған ұжымдық, тұлғасыз құрылымдардың үстемдігі, қауымның басымдығы, тұтастың бөліктен жоғарылығы, жеке таңдаудың, адам егемендігінің жоқтығы және т.б. жатады. Бұл бұрынғы дәстүрлі мәдениетке де жақындағы Қазақстан Республикасының тарихи дамуындағы кеңестік кезеңге тән нәрсе. «Транзитті қоғам: өзін сәйкес-

тендіру аясындағы әлеуметтік дискурс пән ретінде» деген еңбекте төмендегідей тұжырымдар келтірілген: «Макроэкономикалық құрылымдардың өзгеруі және егемендік алғаннан кейінгі уақыттағы жаңа саяси институттардың құрылуы тек «жалған қазіргі кезеңді» қалыптастырды» (П.Штомпка), немесе өткеннің әр түрлі типтерінің бірлігінің антогонистік формасы. Бұл даму тәсілінің мәдени-өркениеттік ресурстары тіптен жартымды емес. «Өтпелі қоғамдарды» динамикасы мен социумдық құрылымын сипаттау үшін қолданылатын терминдерді ұсынатын прогрессивті идеологиялардың лексиконы (модернизация, демократилану, орнықты даму, реформа және т.б.) тек әлеуметтік дискурстың феноменологиялық тұрғылардың мағыналық бостығын көрсетеді. «Жалған қазіргі кезеңге» реформалар жолы алып баратын болашақтың жай-күйі арқылы қарау керек. Бірақ, нақты шындық негізсіз, дербес емес, онтологиялық тірегі жоқ, шынайы түрдегі – транзитті бірдеңеге айналады [15]. Жасалынған қорытынды демократиялық идеяларды практика жүзінде енгізу барысында маңызды нақты қауіптер мен теріс нәтижелер болатындығын бар екендігін ескертеді. Ұлы Платон ескертіп кеткендей, тоталитаризм биліктің көптігімен, демократия еркіндіктің көптігімен қауіпті. Сондықтан бұл екі шектен шығудан гөрі «алтын ортаңғыны» ұстану керек.

«Халық «демократия» терминінің халық билігі деген тікелей мағынасына сеніп 1990-1991 жылдары «демократтардың» артынан ерді. Ол билік басындағы коммунистік номенклатураға өзінің риза еместігін білдірді. Ол халық билігін ерекше мәртебеге ие болған азшылықтың билігімен асыстырғандықтан оған сенбейтінді. Осындай ұлттық иллюзияның кезеңінде алдыңғы қатарлы теория өзінің қарсы еместігін білдіріп халық жағында болды» [16]. 1998 жылдан қоғамдық сананың дамуындағы жаңа кезең басталады. Ол алдымен өз кезегінде 1999 жылы елде көппартиялы негіздегі Парламент сайлауын өткізумен байланысты. Мемлекеттік және қоғамдық өмірге қатысу мен ішкі саясатқа әсер ету

мүмкіндігін зерделеуде біршама өзгерістер болып, саяси белсенділік арта бастайды. Қоғамдық сана барлық қоғамдық күштері мен Қазақстан Республикасының барлық халқының бірігуі үшін қоғамның даму кезеңіне сәйкес болып жатқан оқиғаларды тұтас түсінуді қалыптастыруға қабілетті бола бастайды. Демократияның саяси идеясы қоғамдық сананың орталық идеясына айналады. Демократия мен еркіндікке қарай қозғалыс – мемлекеттік және азаматтық құрылыстың елеулі міндеті. Шектен шыққан ұжымшылдық пен жеке еркіндікті шектеуді жеңу маңызды мәселе болып табылады, бірақ, басқалардың еркіндігіне нұқсан келтіретін шектен шыққан жекешілдікті жеңу де маңызды.

Қоғамдық сананың динамикасы дәстүрлі және либералды құндылықтардың зеделі және үйлесімді қатынасын білдіретін бірте-бірте алға басқан оңды процестер жөнінде, жеке мүдде мен ұжымдық еріктің келісімі жайлы куәландырады. Жүргізілген талдау қоғамдық санадағы екі негізгі үрдісті анықтауға мүмкіндік береді: жеке меншікшіл қатынастар мен адам құқығын жақтайтын «прагматик-батысшылдар» және ұжымдық қатынастарды (патерналистік сана) жақтайтын «мемлекетшілдер». Тежеуші фактор – төменгі мәдени және саяси деңгейі бар «тоғышарлардың» үлкен қабаты, атап айтқанда, нарықтық қатынастар жағдайындағы өзін-өзі сақтап қалу мүддесінен аспайтын, болып жатқан оқиғаларға немқұрайлы қатынастылар. «Сөйтіп, азаматтық қоғамды дамыту процесіндегі дүниетанымның өзгеруі тоталитарлық өткеннің архетиптерінен құтылу адамның дүниеге қатынасының негізінде жататын дүниетанымдық әмбебаптықтардың түбегейлі ауысуын тұжырымдайды. Жағдайлар мен шарттардың ауысуы дүниетанымның өзгеруіне алып келеді деп біржақты айтуға болмайды, өйткені, бұл жағдайларды жасайтын адамдардың өздері және олар бір-бірімен өзара байланысып жатады. Сананың эволюциясы керек, яғни Т.Кунның терминологиясы бойынша парадигмалардың түбегейлі ауысуы қажет» [17].

Әлемдік экономикалық жүйеге Қазақстанның кірігуі қоғам өмірінің барлық саласының либерализациялануын әрі қарай кеңейту мен тереңдетуді міндетті етеді. У.Черчиллдің атақты сөздерін еске түсіруге болады: «Демократияда кемшіліктер көп, бірақ басқа одан артық ешнәрсе ойлап табылған жоқ». Құқықтық мемлекет пен азаматтық қоғам қалыптасуы кезеңі мен қоғамдық сананың эволюциясында әлеуметтік тепе-теңдікті жетіп, оны сақтау үшін демократия мен еркіндіктің азаматтық либералдық құндылықтарын дәстүрлі, тарихи өзара көмек, ынтымақтастық және ұжымшылдық принциптерімен біріктіру міндеті тұрады. Демократия идеяларын жүзеге асыру үшін мемлекетпен ынтымақтастық, елдің басшыларының даналығы қажет. Жеке және қоғамдық сананың өзгеруімен және дамуымен және оның артында тұрған әлеуметтік-экономикалық қатынастармен Қазақстандағы шынайы ізгілікті қоғамды қалыптастыруға үмітіміз артылады.

Сонымен, қоғамдық сананың екі өлшемі – этникалық және саяси-әлеуметтік салалар тарихи кезеңдегі қазақстандықтардың дүниетанымыны мен құндылықтар жүйесінің өзгеруінің мәні мен бағытын анықтады. Қоғамдық сананың қайшылықтарын жеңу үшін барлық этностар мен әлеуметтік қабаттарды біртұтас қазақстандық халыққа біріктіруге қабілетті жалпықазақстандық ұлттық идеяның концептуальді негіздерін қарастыру қажеттілігі туындады.

Бірақ, жалпықазақстандық ұлттық идея деген не? деген сұраққа жауап беру үшін қазақ халқының рухани бастауларына назар аудару, мәдени дәстүрлерді қайта жаңғырту, қазақтың ұлттық рухының бай қазынасына жақындай түсу керек.

### **1.3 Ататүрік салған арда жол**

Түрік халқы – адамзат тарихына Күлтегін мен Тоныкөкті, Махмұд Қашқари мен Жүсіп Баласағұнды, әл-Фараби мен Науайыны, Қорқыт Ата мен Қожа Ах-

мет Иассауиды берген түркі өркениетінің мәдени және рухани дәстүрін молынан мұраланған халық. Осы қырынан қарастырғанда Ататүрік бүгінгі таңда Еуразия құрлығының аса зор аумағын қамтып жатқан қазіргі түркі тілдес халықтардың өмір тірлігі мен мәдениетінің заманалармен сәйкесіп, жаңғырып жасай беретінін дәлелдеп кеткен кемеңгер қайраткер. Түркі халқы басшысының идеялары, әсіресе, бүгінгідей кіріктіру, ортақтастыру, оңтайландыру жағдайында түбі бір түркі тілдес халықтардың, қазіргі геосаяси аумақтағы іргелі ел ретінде мемлекет құрылысын жетілдіруде, мәдениеті мен экономикасын, саясаты мен руханиятын тығыз байланыстыра отырып, жаңғыра дамытуда тамаша бағдарға айнала түсуде.

Тарихта бүгіндей халықтың тағдыры саяси басшыларының ерік-жігері мен көзқарасына, кемеңгерлігіне көп жылдар бойы, тіпті ғасырлар бойы тәуелді болатын жәйттер ұшырасады. Түрік Республикасының қазіргі саяси, экономикалық, әскери және мәдени саладағы дамуы мен беделі – бүкіл дүниежүзілік өркениет әлемінде жоғары бағалануы осы елдің саяси жүйесінің негізін қалаған Ататүріктің қайраткерлігінің нәтижесі деуге болады. Егер осынау кемеңгер басшысының өмір белестері мен қызметіне зерделей ой жүгіртсек, оның ең басты ерекшелігі: бүкіл саналы ғұмырын түрік жұртының еңселі мемлекет болуына, оны қорғауға, дамытуға арнауы. Ататүрік ел экономикасын жаңғыртумен қатар оның әскери қуатын күшейту жолдарын таба алды, сөйтіп халықаралық беделге ие болды. Ататүрік Түркиядағы қоғамның демократиялық саяси жүйесін жасап, парламентаризм, сот жүйесінің тәуелсіздігі секілді қазіргі заманғы өркениет жетістіктерін мемлекет құрылысына және ел өміріне кеңінен енгізе білді. Бұл жағынан қарастырғанда ол бүкіл түрік халқының мұң-мүддесін қорғай отырып елдің тәуелсіз даму жолдарының негізін қалады деуге болады.

XIX-XX ғасыр бедерінде ұлы Осман империясы экономикалық және саяси құлдырауға ұрынды. Осындай

ауыртпалық кезеңде биліктің күші әлсіреп, ұлттың берекесі кетіп, тіпті Түрік мемлекетінің өмір сүру мүмкіндіктері шын мәнінде өзекті мәселеге айналды. Сол кезеңдегі мемлекеттік биліктің әлсіреуі мен шет жұрттардың басқыншылық жоспарлары ұлттық тәуелсіздік пен мемлекет қауіпсіздігіне аса зор қатер төндірген-ді. Сонымен қатар елдің ішкі өмірінде ұлттық сана-сезім, ұлттық арнамыс мәселесі халықтың рухани өмірінің қажеттігінен шеттетіліп, түрік этносының өзіндік ерекшеліктерін сақтап қалуы неғайбылға айналды. Сөйтіп ұлттың өзіне-өзі құрметпен қарауы бәсең-деп, ұлттың болашағына деген сенім селдіреп, ел өмірін үмітсіздік билей бастағанды. Мұның бір себебі, әлеуметтік-экономикалық және мәдени мәселелер шешімін таппай, онан әрі күрделеніп, елдің берекесі кетуі барған сайын асқынған еді. Міне, түрік халқының басына осынау қиын-қыстау кезең туған сәтте түрік тарихының сахнасын аса дарынды ұйымдастырушы, білгір саясаткер, әлемдік тарихта аса сирек кездесетін мемлекет басшысы Ататүрік шықты. Міне, сөйтіп Ататүрік бүтіндей бір халықтың, бүтіндей бір елді, бүкіл бір мемлекетті ыдырап, құрып бітуден тек сақтап қапа қойған жоқ, сонымен бірге оны өркениетті елдермен қатар даму жолына түсіріп кетті.

Өзі заманына лайық өте білімдар, аса белсенді саясаткер ретінде ел басына күн туған қиын-қыстау кезеңде Ататүрік жұртын апаттан алып шығудың жолдарын көрегендікпен таба отырып, қазіргі Түрік мемлекетінің іргетасын демократия мен ашық қоғам негізінде берік етіп қалады. Ол іс жүзінде халық билігі жүйесін ұсынып, халықтың барлық топтарының ерекшеліп мен мүдделерін мықтап ескеру мәселесіне барынша мән берді. Оның тікелей қатысуымен «Түркияның ұлы халық жиналысы» Жоғарғы органы құрылды. Еуропа елдерінің үлгісі бойынша Түркияда жұртшылықтың түрлі топтарының мүдделерін қорғайтын саяси партиялар пайда болды. Елін кемел жолға бастаған Ататүрік дүниежүзіндегі көлтеген елдермен халықаралық құқық тұрғысынан толық.

Соның барысында сол кезеңде-ақ ерікті кәсіпкерлік саласы барынша кеңейе түсті. Бүтіндей алғанда Түркияның экономикалық жүйесі түбірімен қайта жасалып, қазіргі өркениетке тең сыртқы экономикалық байланыстар жолға қойылды. Осындай шаралардың барысында елдің экономикалық жағдайларын сауықтыруға бағытталған мемлекеттің стратегиясы жасалып, айтарлықтай табысқа қол жете бастады. Сөйтіп Түркия артта қалған аграрлы елден өндіріске бағыт ұстаған елге айналды. Түркияда туристік құрылымдар кеңінен дамып, коммерциялық және банктік қызмет жүйесі орнықты. Міне, осындай жағдаяттардың бәрін зерделей келгенде Ататүрік үкіметінің реформаторлық идеясы мен батыл қадамдары елдің қазіргі заманғы әлеуметтік-саяси және экономикалық бейнесін сомдап жасай алды.

Ататүріктің әскери талантының арқасында түрік халқы ұлттық тәуелсіздігі мен елдің, жерінің тұтастығын қорғап қалды. Оның болашақты болжай білетін кемеңгерлігінің бір дәлелі ретінде ХХ ғасырдың 20-жылдарында тәуелсіз Түрік мемлекетінің астанасы ретінде Анкара қаласы гүлдене бастады. Бүтіндей алғанда түрік қоғамы ХХ ғасырдың бедеріндегі жаңа геосаясат жағдаяттары үндескен мәдени даму жолына түсті. Шын мәнінде Батыс пен Шығыс құндылықтарын өзара кіріктірген қазіргі түрік халқының бірегей мәдениеті қалыптасты. Сөйтіп Түркия бір ғана этномәдениетпен тұйықталған томаға-тұйықтылықтан арылып, шын мәнінде Батыс пен Шығыс, Солтүстік пен Оңтүстік, Еуропа мен Азия арасын жалғастыратын мәдени көпірге айналды.

Ататүрік сонымен қатар қазіргі заманғы ғылым мен техниканың жетістіктеріне негізделген білім беру жүйесін қайта құру жөніндегі шараларды да іске асырып кетті. Сөйтіп араб графикасын латын жазуына көшірді. Мұның өзі Түркияның Еуропа мәдениеті жетістіктерін пайдалануын айтарлықтай жеңілдетіп, жастардың Батыс мәдениеті мен бүкіл адамзаттық құндылықтарды кеңінен оқып-үйренуіне жол ашты. Мемлекетте рухани билік діни биліктен бөлініп лаицизм принципі жүзеге

асты, сондай-ақ әйелдердің қоғамдағы орны жөніндегі реформа жасалып, қоғамдық өмір патриархалдық тұрмыс-тіршіктен арылуға бет түзеді. Мұның өзі Түркияны дамушы ел ретінде әлемнің өркениетті елдерінің қатарына қосылуға мүмкіндік берді. Сөйтіп, Түркия түркі тілдес мемлекеттер мен түркі халықтары қауымдастығының төрінен орын алып отыр.

Ататүріктің тарихи жағынан қарастырғанда ең басты жетістігі «Халықтар дамуының бағдарламасын және жалпыұлттық топтасу идеологиясын жасауы болып табылады. Оның халықтың мәдени бірігуі идеясын жариялауы ұлтаралық қақтығыстар мен әлеуметтік кереғарлықты жоюға негіз қалады. Мұның мәнісі тілдің, менталитеттің, діннің және жердің ортақтығы халықтардың мәдени өмірінің ерекшеліктерінің де ортақтығына бастайды дегенге саяды. Бұл бағыт әлеуметтік-экономикалық, саяси өмірді түбірімен қайта құрудың іргетасы болды. Түрік тілінің қазіргі әмбебап сөйлеу тілі латын графикасының негізінде елдің алуан түкпірлерінде ортақ бір ұғымды тілге айналдырды. Сөйтіп, ел халқының түрік тілі негізін де топтасуына жол ашты. Сондай-ақ, діни өмірде дәстүрлі ислам айтарлықтай ықпал етті. Ататүріктің мұндай бастамасы әлемнің түкпір-түкпіріндегі көптеген халықтар үшін, әсіресе, бостандық, демократия және ұлттық тәуелсіздік жолындағы күресте азаттық ұранының өзегіне айналды.

Ал бүгінгі таңдағы Түркиядағы қаржылай және саяси дағдарысты уақытша құбылыс деуге болады. Әрине, мұндай жәйттер Қазақстан экономикасына айтарлықтай ықпал ете қоймайды.

Ресейдің, ал кейінірек Кеңес империясының құрамында болған түркі тілдес халықтардың арасында түрікшілдік идеясы кеңінен тамыр жайғаны, бұл идеяның озық ойлы зиялылар үшін негізгі бағыт-бағдардың біріне айналғаны мәлім. Олардың осынау аса бай рухани мұрасы қазіргі көп қырлы дүниеде түркі тілдес халықтардың тарихи, мәдени, идеялық саяси тұрғыдан байланыс орнату жолында күш біріктіруге

меңзейтін сара жол болып отыр. Бұған Исмаил Гаспринский, Мұстафа Шоқай, Фейазхани, Маржани, Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов, Мағжан Жұмабаев сияқты көптеген ұлы тұлғалардың қызметі мен шығармалары айқын дәлел.

Ататүріктің Түрік Республикасының тәуелсіздігінің он жылдығына арналған баяндамасында Кеңес империясының ыдырау мүмкіндіктері мен әлемнің жаңа тұрпатты сипатқа ие болатыны. Кеңес Одағы шеңберінде өмір сүрген түркі тілдес халықтарға Түркияның қолдау мен көмек жасауға әзір тұратыны жөніндегі кемеңгерлік болжамдарының дұрыстығын бүгін біз айқын көріп, біліп отырмыз.

Қазақстанның мемлекеттік тәуелсіздік алуы мұндай болжамның ақиқаттығын толық растады. Енді еліміздің стратегиялық бағыт-бағдарын және әлеуметтік-экономикалық даму жолдарын айқындап алуымыз керек болды. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстанның 2030 жылға дейінгі даму стратегиясын жасауы – осы жолды белгілеп, айқындап берген бірден-бір құжат еді. Еліміз үшін аса маңызды осынау құжатта Республикамыздың әлемдік қауымдастық тұрғысынан алғандағы басым бағыттары мен даму жолдары нақты көрсетіліп отыр. Алайда, біздің қазір көріп отырғанымыздай, бұл құжаттың мәні тек күнделікті іс-қимылға басшылық жасап нұсқау беру тұрғысынан емес, тәуелсіз мемлекетіміздің саяси және әлеуметтік-экономикалық дамуының негізгі нысанасы мен басын бағыттарын белгілеп беруімен құнды. Және бұл құжат Қазақстан халықтарының бүкіл күш-жігерін топтастыруға негізделген. Кеңес Одағы шеңберіндегі түркі тілдес халықтардың тәуелсіз дербес мемлекет құруға қол жеткізуі мен өзінің ұлттық ерекшеліктеріне орай қалыптасып, әлемдік қауымдастық жетістіктерін пайдалана отырып дамуға бет алатынын Ататүрік сол кезде-ақ болжап біліпті.

Мұстафа Кемал Ататүріктің бүкіл арман-ойының өзегі болған түркі тілдес халықтардың ұлттық жаң-

ғыруы, ұлттық мемлекеттілігін нығайтуы, ұлттың іштей топтасуы мен ұлтаралық келісім идеясы бүгінгі таңда да өте-мөте маңызды екені белгілі. Ататүріктің осынау іргелі идеясы биыл тәуелсіздігінің он жылдығын атап өткелі отырған Қазақстан Республикасы үшін де маңызы зор болып отырғанын айту ләзім.

## 1.4 Түркі әлемі туралы сөз

*Проф. Садық Тұрал*

*1999 жылдың аяғында Түркия Республикасы Ата-түрік мәдениет орталығының сол кездегі президенті, атақты ғалым, профессор Садық Тұрал құрастырған «Қазақ түріктерінің ағартушыларына Нысанбаевтың көзқарасы» («Kazak Turklurunu aydinlatanlara Nisanbayev'in Bakisi». Nazirlatan, Prof.Dr. Sadik Tural. Ankara, 1999. 251 s.) атты көлемді еңбек Анкарада түрік тілінде жарық көрді. Бұл – еліміздің рухани өміріндегі елеулі оқиға. Жаңа кітапта профессор Садық Тұрал жазған көлемді алғы сөзді қысқартып жариялауды жөн көрдік.*

Мемлекеттер үшін өсіп-өркендеу, дамып-жетілу, ұлттық жиынтық өнім көлемінің (ұлттық қазынаның) жылдан жылға өсуі маңызды мақсат ретінде қаралса да, негізінен, бұлардың барлығы – көмекші құралдар. Негізгі мақсат – адамның, халықтың, мемлекеттің өзіне деген сенімінің жоғары болуы, өз күші мен мүмкіндігіне сенуі, достарына алтынның сынығындай қымбат серік, дұшпандарына қаймықтырар қарсылас бола алуы және тыныш, бейбіт, эрі бақытты тұрмысқа қол жеткізуі болып табылады. Негізгі мақсат – адамдарының ар-ұжданының биіктігімен, кемел тұлғасымен және айналасындағыларды сүйсінтерлік, «досым» деп мақтаныш тұтуға лайық қасиеттерімен тарихтың толқынында ағып бара жатқан адамзат өркениеттерінің құрамдас бір бөлігі бола алуы. Негізгі мақсат – мемлекеттің ішкі бейбітшілігі мен қауіпсіздігін

тұрақтандырып, аймақтық бейбітшіліктің кепілдігі саналатын әлемдік бейбіт өмірге үлес қоса алатын бір мемлекет және халық (ұлыс) бола алуы.

Зиялы қауым мына бір тұжырымды әрдайым есінде сақтап, ұмытпауы керек: еленіп-ескерілуді не жеке тұлға болуды не материалдық тұрғыда бай болуды қалаған кісі, жекелеген топтар, қоғам және үкімет (басқару әкімшілігі) дегендеріміз – негізінен ғылыми танымды, яғни ғылым мен техниканы дамытып, оның өнімін саудалай алатындар өзіне үлкен, көлемді, дамыған, бай, күшті, тың және ықпалды кеңістік жасай алғандар – ғылым мен техниканы дамытуға және олардың өнімдерін саудалауға қабілетті, басқа өндіріс салаларымен бәсекеде бәйге басында болуының нәтижесінде қол жеткізген үстемдік пен жоғарылықты сақтай алғандар.

XXI ғасыр бәрінен бұрын адам дамуының аренаға шығатын дәуірі болайын деп тұр. XXI ғасыр қылым мен техниканың ғасыры болады. XXI ғасыр білік пен біліктіліктің, даналық пен парасаттылықтың қақтығысқа түсетін және бәсеке бәйгесінде арындап шабатын ғасыры болады.

XXI ғасыр ғалымдардың бұрынғысынан да көп тер төгетін және еленіп-ескерілетін, маңызды орынға ие болатын ғасыры болады. Ғылыми мекемелер және ғалымдар теория мен практиканың арасындағы өзара келіспеушіліктің жойылуына үлес қосқан сайын, адам және қоғам көлеміндегі ыдыраушылық та азайып, жойыла бастайды. XXI ғасырдың ең негізгі мәселесі – ғылымның дін және философиямен қақтығыстары мен келіспеушіліктерін азайтып, керісінше, үйлесімдіктерді көбейтетін қағида, тұжырым және анықтамалармен адамдарға тыныштық және бақытты өмір қамтамасыз етуі керек. XXI ғасырда шейхтерді де, мұршидтерді де, жалған пайғамбарларды да, көзбояушы шарлатандарды да әлі-ақ жиі-жиі көретін боламыз. Түркия және Түркі әлемі аса сезімталдық және үлкен жауапкершілік керек ететін бұл жағдайға өте сақ болуы керек. Түркі әлемі – біздер тарих бойынша жинаған тәжірибемізді

ескере отырып, теория мен практика арасындағы келіспеушіліктерді, дау-дамайды жойып, өзіне және басқаларға жолдайтын өзіндік өсиетін айта алған, сүзіліп тазартылған, мөп-мөлдір етілген ғылымның тұжырымдамалары мен қорытындыларын ден қойып тыңдауымыз керек. Саясатшылар мен үкімет басшылары, дүкен сөрелерін сәндеуден өзге пайдасы жоқ шешімдер қабылдау және олардың жүзеге асырылуы үшін орындалатын іс-шараларды тізбелеудің орнына, «социологиялық шындық» пен «тарихи шындық» ұғымдарын «саяси-үкіметтік (басқарушылық) шындық» ұғымымен байланыстыра отырып, үйлестіргісі келсе және осы ұғымдардың шынайы үйлесімін қамтамасыз еткісі келсе, алдымен ғылымға құлақ түруі керек.

Бүгінгі таңда еуропалық немесе американдық, батыстық немесе шығыстық болған сайын емес, өзіндік сенімін (яғни өз күші мен қабілетіне сену сезімін) күшейтіп, оны ұлттық сана реформасының іргетасы жасауға ниет еткен және бел байлаған, осы мақсатынан еш қайтпайтын қайсар зиялылар мен басшылар өз ортамыздан шыққан сайын, түркі тектес халықтардың проблемалары да, қайғы-мұңы да азая бастайды. Еуропа Одақтастығына (АЕТ) кіруді мақсат еткен және осы жолда қыруар жұмыстар атқарып жатқан Түркияның зиялы қауымына айтарым мынау:

Біздің зиялы қауым өз тарихымызға қатысты бір шындықты ешқашан ұмытпауға тиіс. Тарих деген жойқын толқынды мұхиттың ағысына түсіп кеткен, өзіндік құндылықтардың тағдырын надан халықтың қолына тастай салып, ұлттық құндылықтардан жатсынған, ұлттық рухани байлығын мойындамауды және жоққа шығаруды зиялылықтың алғышартты ретінде қабылдаған 1850 жылдан 1920 жылға дейін созылған 70 жылдық кезеңнің сарқыншақтары әлі де ықпалын жойған жоқ. Осы кезеңнің өкілдері арасынан Республикамыздың басқарушы әкімшілігіне кіре алған «мүшелерді» әрбір кезеңнің өзіне тән «ортақ пайдалардан ауытқушылық (оқшаулану және маргиналды) неме-

се бүйректен сирақ шығарушылық» сияқты қасиеттері бар «саясаткерлер» болатынын ескермесек, Түркияда Ататүрік армандағандай жаңа толқын жас ұрпақтың тарих сахнасына шығу үшін қадам баса бастағаны белгілі. Міне менің ерекше тоқталып көрсеткім келген шындық – осы жас ұрпақ. Бұл жас (жаңа) ұрпақтың болмысында ұлттық құндылықтарға көңіл болу, рухани жаңғыру ізденістері саналы әрекетіне айналуға. «Батыстық болу» – «еуропалық болу» тезистерімен және «салт атты жалғыз жолаушы» тағдырына түсіруден басқа еш пайдасы жоқ «құтылу рецептерімен» тура жолдан ауытқушылықтарының және есеңгіреушіліктерінің себептерін шұбатып тізбектеуге тырысатындар мұны түсіністік пен ауызбірлік іздеу деп қабылдауы мүмкін. Осылай қабылдай тұра олардың ешқандай әсерленбеуі, жүрегінің дыз етпеуі де мүмкін. Олар өз мемлекетін танымағандықтан, өз мәдениетінің қандай талаптарды қоятындығын, нелерді қажет ететіндігін және қандай сұраныстарға қалай жауап беретіндігін терең түсіне алмағандықтан «үйлесім» тауып, сіңісіп кететін басқа мәдениеттер іздегендер немесе өз мәдениетінен жатсынып басқаға еліктегендер өзінің ұлттық сана, әрі барғанда өзінің рухани дағдарысы мен тоқырауына жалпы қоғамды қамтыған күнделікті бір құбылыс деп қарауы мүмкін. Бұлай ойлау – алданушылық. Сүйіспеншіліктің бес шартын ұмытып, өздерінің ашқарақ пайдакүнөмдік пен материалдық құндылықтарға құштар ниетін «ата-бабаларымызға және болашақ алдындағы жауапкершілік» атымен орындатқысы келетін жандар өздері білсін! Жиырма жасқа жаңа толған өскелең жас ұрпақ бар алдымызда! Бұл жас ұрпақтың арасынан шығатын менсінбеушіліктен, мойындамаушылықтан, жатсынудан арылып, электрондық құралдар мен техниканың құрған «жасанды әлемінің», яғни өзге мәдениеттің еліктеушісі немесе толық мүшесі болудың орнына, тарих бойында қалыптасқан адамгершілікке негізделген кемел және бай өз мәдениетінің саналы және намысты азаматы болуды мақсат еткен кісілердің басқарушы әкімшіліктің

төрінен орын ала бастауы – осы алдымыздағы жиырма жылдың ішінде болатын құбылыс. Өз қоғамының құндылықтарымен, өзінің ортақ түсінігінің қабылдау және қабылдамау реакцияларымен үйлесімділік ішінде болу адамның тұлға ретінде кесел мен аурудан ада тән мен жанға ие болуын қамтамасыз етеді. Бұл үйлесімділікті қоғам көлемінде алып қарайтын болсақ, оны мемлекеттің ішкі бейбітшілік пен қорғаныс және әлеуметтік әділет жүйесін даярлаушы күш ретінде қабылдауға болады.

XXI ғасыр өзіндік сенімді, өз күшіне және қабілетіне сену сезімін санаға көшіріп, әрекетке айналдыра алған, оны оқу-ағарту және басқарушылық жүйелерінің іргетасы ете алғандардың бәйге басында болатын ғасыры болады.

XXI ғасыр өзіне тән өзгешеліктермен, бейнелермен байыған және көркейген әлемде, ұлттық санасын салауаттылық пен кемелденген руханилыққа көтере отырып, әлемдегі ғылым, техника мен басқару жүйесіне үлес қоса алатындардың ғасыры болады. Адамдар одақтастық, ынтымақтастық, ісбірлігі және ортақ тіл тауып келісуді мойындау, яғни еш қарсылық көрсетпестен қабылдау емес, керісінше, саналы түрде қатысу, ат салысу, ортақтаса жұмыс істеу және адамзатқа ортақ құндылықтарға саналы түрде үлес қосу қасиетіне айналатын ғасырда өмір сүретін болады. «Соғыс» сияқты технологиялық апаттардың, жер сілкінісі мен сел басу, топан мен микроптық жұқпалы аурулардың, табиғи апаттардың әсерлеріне немесе зардаптарына бірге ынтымақтаса отырып «бір жеңнен қол» шығара отырып тосқауыл бола алсақ, маргинал есалаңдар мен мәңгүрттердің бағыт сілтеушіліктеріне және басқарушылықтарына тосқауыл бола алсақ, сонда ғана әлемде бейбіт және тыныш өмір салтанат құра алады.

Бүкіл түркі әлемінде рухани жаңаруды, ұлттық санын және ұлттық рухани құндылықтарды зерттеу ізденістері тұрғысында үлкен бір сілкініс бар. Материалдық, әрі руханилық жағынан баю және нарық-

тық экономика мен демократиялық принциптерге негізделген ашық азаматтық қоғам орнату процестері де осы алдыңғы он жылдықта жемістерін бере бастайтын шығар деген ойдамын.

Осыдан үш жыл бұрын жарық көрген «Мәдениет мәйегі – құқық» атты мақаламда айтып өткенімдей, тәуелсіздіктің өлшемдерінің бірі – өзіндік сенім, өз күші мен қабылетіне сену сезімінің қолдаушысы болып саналатын ұлттық құқыққа ие болу. Қазіргі уақытта тәуелсіз түркі республикаларының әрбірі халық санын арттыру жөнінде тиісті шаралар қабылдай бастады. Олар ғылыми және білім беру мекемелерін түбегейлі реформалау жұмыстарын жүргізіп, іргетасы ұлттық мәдениеттің кірпіштерімен қаланған «ұлттық құқықтық жүйе» қалыптастыруға және оны нығайтуға бар ынта-жігерімен ат салысуда. Түркі республикаларының жүргізіп жатқан реформасы мен жасалып жатқан іс-шаралар – озіміз куә болғандай үлкен төзімділікпен және ынта-жігермен іске асыруының нәтижесінде – үлкен табыстарға қол жеткізетіндеріне өз басым шын жүректен сенемін.

Түркі тектес халықтар кеңестік тоталитарлық режимнен бұрын аймақтық ерекшеліктері мен ұлттық құндылықтарына қарай қалыптасқан ауыл шаруашылығына сүйенген «жабық қоғамдар» болатын. Азаматтарды «кеңес азаматына» айналдыру үшін, «жалғыз жол» және «бір типтілікті» ту қып ұстанған идеологиялық саясат «ерекше», «басқаға ұқсамайтын» құндылықтар мен әрекеттердің барлығына тыйым салды. «Кеңес азаматын» қалыптастырудың бірегей құралы әкімшілік-әміршілік басқару жүйесі мен орыс тілі болды. Халықтарды «ана тілінен» суытқан, тіпті, анасын далаға тастап кеткен баладай ана тілінен бастартушылыққа, жатсынуға апарып соқтырған бұл жағдайдың сарқыншақтары әлі күнге дейін жүрегімізді ауыртады.

Төрткүл дүниенің бар байлығын байлап-матап берсе де, қыруар қаржы төлесе де, әйтеуір бір типті «кеңес азаматын» қалыптастыруды мақсат еткен кеңестік режимнің орны толмас қателіктері әлемге, жекелеген

адамдар мен қоғамдарға халық, ұлт-ұлыс, дін, тұлға болу, меншік (меншіктілік) сияқты ұғымдарды жоққа шығарған моделді үлгі етіп көрсетіп мақтанудың іс жүзінде мүмкін емес екендігін төгілген айрандай ақтарып салған жоқ па?

1991 жылы құлады деп қабылданған осы төрт құбыласы темір пердемен жабылған «идеологиялық үкіметтің (кеңес одағы)» тас-талқан болуынан кейін пайда болған кеңістік қандай құндылықтармен, қашан және кімдер арқылы толтырылады? Түркі тектес халықтар және Түркия бұл тұрғыда өзара және Ресей Федерациясымен бірлесе отырып, қандай ынтымақтастық жасай алады? «Атом соғысы» және Қызыл армия қаупі жойылғандығына қарағанда, Еуропа ендігі жерде бұл ынтымақтастықты қалай қабылдайды? Еуропа Түркияға немқұрайлық, тіпті дұшпандық көрсете ме? Әлде бүтін бір аймақ ретінде Еуропаның мұсылман әлеміне, шығысқа қарай өтетін жолының үстіндегі бірінші және дамыған керуен сарайы – бір бөлігі екендігін мойындап, Түркия мемлекетін намысты, өркениетті, ар-ожданы биік және өзіндік қасиеттері бар бір құрылым ретінде ешбір шарт қоймастан, танып-білмей жатып көрсоқыр тұжырымдар жасамастан қатарына қоса ма?

Көпшілікті мазалаған осы сұрақтарға Еуропа жағынан да, Түркия жағынан жауап бергісі келетіндердің қаперінен шығармауы тиіс жәйтті ары қарай сабақтауға тырысайық: түркілігімізді, мұсылмандығымызды және 75 жыл бойы бейбітшілік, молшылық пен берекенің орын тепкен қонысы болатын мемлекетке айналдыру үшін екі бірдей ұрпақтың әмірі еткен Республикамызды дау-дамайға салуға, ыдыраушылыққа түсіруге немесе ыдыратқызуға ешкімнің құқығы жоқ. Кемшіліктерімізді және жетіспеушіліктерімізді өзіміз түгендеп, өзіміз бүтіндеп, басқаның құрығына түспеуге тырысып, ешкімнің зорлауынсыз-ақ өз мәселелерімізді өзіміз шешуге тиіспіз.

Түркі тектес халықтардың әрбірінде болып жатқан қайта жаңғырту реформалары, рухани жаңару

процестері аясында әлемдік өркениеттің теңізіне жүзіп шығып, өздерін таныту жолында атқарылып жатқан іс-шаралар тез арада асыға күткен нәтижелерді бере алар ма екен? Түркі тектес халықтардың нені, не үшін, қалай жүйелеп жасайтындықтары туралы жеткілікті мағлұматы бар ма? Түркі тектес халықтардың тарихи деректерге қол жеткізу, оларды пайдалану және тарихи деректерге сүйену арқылы қол жеткізетін «өзіндік сенім» сезімінің негізінде өркениетті және ұлттық жүйе құрып, экономикалық ортақ пайдаларын байыту арқылы бұл жүйені жаңа бір ділге айналдыруы қалай іске асады? Кім бұл сұраққа жауап береді дейтін болсаңыз, айтайын...

Ескі ғылыми деректермен қатынасын кесіп, жаңа деректерге қол жеткізу, сондай-ақ өз ана тілдерін дамытып байытатын бір оқу-ағарту жүйесін қалыптастыру жолында Түркі тектес мемлекеттер тәуелсіздіктерінің 10 жылдықтарында жаппай латын әліпбиіне өтулері керек. Бұл тұрғыда ғалымдарымыз және мамандарымыз айырмашылықтары аз, қолайлы және жазуға оңай, жаңа бір қарбаластың шығуына кедергі жасайтындай ортақ әліпби үлгісін немесе жобасын жасап, саясатшыларымыз бен басшыларымызға ұсынуы керек.

Екінші кезекте Түркі республикаларында Қазақстандағыдай – ұлттық энциклопедия, сөздік, ұлттық тарих (тарихнама) еңбектерін баспаға даярлау және жариялау жұмыстарының жеделдетілуі керек. Аталмыш еңбектер осы республикалардың тәуелсіздігінің 10 жылдығына латын әріптерімен басылып шығуы керек. Бір жағынан, архивтердегі әдебиеттерді пайдалану және архивтер жасау, екінші жағынан, әлемдік нормаларды таңдап, талғам және ақыл таразысынан өткізгеннен кейін қабылдау және жасалып жатқан өз құрылымдарына қосу ізденістері қуантады. Түркі әлемінде бүгінгі таңда көрініс берген ғалымдар мен үкімет басшыларының ынтымақтастығы, өзара сенім, ерік және сүйіспеншілікпен иеленген бір серпілістің (рухани жаңарудың) белгілері «шығармашылыққа» және «практикаға» айналуға.

XXI ғасыр туралы толғаныстарым мен ой-пікірлерімді осылайша назарларыңызға ұсынғаннан кейін, енді Қазақстан туралы бір-екі ауыз сөз айтқым келеді.

Қазақстанның жеке меншіктікке өту кезеңін өндірісте өнімді арттыратын нәтиже ретінде қарап асығыстық жасамасақ, үкімет пен халық арасындағы өзара сенім мен ашық сұхбат қанат жайған сайын, бұл өлке бақытты және бай мемлекет болып шығар еді. Менің ойымша, Түркі республикаларының басшылары мен зиялылары Түркияның 1923-1938 жылдар арасында қандай жетістіктерге қол жеткізгенін, қандай рухани серпіліс пен дәуірлеуді басынан өткергенін ерекше зейінмен зерттеулері керек. Ғылым және оқу-ағарту салаларында қызмет көрсететін мекемелері мен Түркия Республикасы арасында жақын қарым-қатынастар қалыптасып жатқан Қазақстан – Қожа Ахмет Иасауидің, Арыстан бабтың, басқа да данышпан бабалардың, ойшыл аталардың және шешен билердің отаны. Түркі әлемінің рухани байлығының қайнар көзінде қасиетті Құран Кәрім кітабының аят пен сүрелерін Түркі тіліне аударушы, сопылық махаббаттың (суфизмнің) көрнекті өкілі, ислам дінінің Түркілер арасында етек жайып орнығуына көп еңбек сіңірген Қожа Ахмет Түркістани (Түркістандық Қожа Ахмет) бар. Қожа Ахмет Иасауиден алқан иман сәулесінің Белхли Бахауаддин және оның баласы Мәулана, Хүнкәр Қажы Бекташ және Юнус Әмре арқылы осынау Анадолыға жеткенін айтсақ қате болмас. Сонымен қатар Қожа Ахмет Иасауидің дәнін сепкен иман және Құран Кәрім мұсылмандығын (шынайы мұсылмандықты) таратуды борышы деп білген Хакім Ата, Гөзлү Ата, Қошқар Ата сияқты шәкірттерінің ісін Азади, Дана Ата, Мақтұмқұлы, Ниязгулу Ниязидің жалғастыруы арқылы «Иасауи жолы» бүгінгі Түрікменстанға, сонымен қатар уәлилер (әулиелер) арқылы Өзбекстанға жайылған деген ойдамын.

Негізінде XXI ғасырға дейін шәкірттері мен ізбасарларының арқасында өз жалғасын тауып отырған,

айналасын шашыраған сәулелерімен жарқыратқан бір шамшырақ іспеттес, иман мен шынайы мұсылмандықтың ұраншысы сопы Қожа Ахмет Иасауидің дәстүрлі жолының әсерлері аталмыш ғасырдан кейін өзгерістерге ұшыраса да, кейбір қасиеттері тарихтың терендіктерінде қалып қойса да жойылған жоқ. Шынымен де оның хикметтері, Құран кітабының аят пен сүрелерін Түркілік дүниетанымға тән тілмен түсіндірген хикмет жолдары Түркілердің болмыс, жаратылыс және адамгершілік фәлсафасының мың жыл бұрынғы үлгілері емес пе?!

Қазақстанның жайлау-қыстау түріндегі шаруашылық жүйесіне негізделген тыныс-тіршілігінде адам, табиғат, қоғам және «Жоғары (Абсолют) Күш» туралы ізденіс, рухани серпіліс және рухани жаңару толғақтарының көріністерін көргіміз келсе, аймақтық сипаттағы ұлттық төзімділік пен күресінің, кейбір кезеңдерде жаңғырған жан дауысының ішінен іздеуіміз керек.

Қорқыт Ата дәстүрі, өлең мен жыр жырлағанды үлкен құрметпен және терең сүйіспеншілікпен тындай білген, поэзияның хикметпен (даналықпен) иленген көркем шығарма болуын күту, басқаша айтқанда, талап ету қазақтардың басты қасиеттерінің біреуі болып табылады. Жыраулар мен ақындар – дін жөнінде бақыт-бағдар сілтеу, тура жолды көрсету, ұлттық рухани серпіліс пен жаңарудың жаршысы болу, сондай-ақ философиялық ескерту жасау жауапкершілігін арқалаған кісілер. Осынау кең байтақ өлкеде алауы еш сенбеген ұлттық санаға жету жолындағы шамшырақтардың біреуі – ұлы Абай. Абай – Мұхтар Әуезовті советтік иманнан құтқарушы.

1930 жылдан кейін Абайдан алған сәулемен қоқамның мәдениетіне бет бұрған Мұхтар Омарханұлы Әуезов – совет мүмкіндіктерін пайдалана отырып, ар-ұждансыз және ұлтынан жат болып өмір сүрудің орнына, халқының рухани тамырына жете алған данышпан тұлға. Абайды зерттеу былай тұрсын, оның атын атаудың өзі қылмыс саналған бір кезеңде Мұхтар Әуезов, өзінің қуатты қаламынан туындаған атақты эпопеясы, мақалалары,

монографиялары, әңгімелері және қазақ әдебиеті тарихы тақырыбында берген дәрістерімен ата-бабаларына, ұлттық мәдениетіне қамқоршы болып, бұларды жан-тәнімен қорғай білді. Әуезов Абайды жазды: Абай Жолы.

Осы тақырыпқа байланысты ендігі сөз кезегін Әбдімәлік Нысанбаевқа берелік:

Халықтар арасындағы достық пен бірлік жаршысы болған М.О. Әуезов кейінгі ұрпақтарға тәрбиелік мәні бар адамды сыйлау, белгілі тұлғаларды, ұлыларды ардақтауды мирасқа қалдырған ұлы ұстаз – жазушы. Ол осы ниетпен Ш. Руставели мен А.С. Пушкин, М. Горький мен А. Чехов туралы терең ойлы мақалалар жазып, олардың өмірлерінің үлгілі тұстарын көрсете білді. Достық туралы жастарға Ш. Уәлиханов пен Ф.М. Достоевскийді үлгі етсе, халықтың үні, ғасырлар үні есебінде Т.Г. Шевченко мен Жамбыл туралы мәніне жеткізе отырып, терең ой тастады. Осылардың бәрін жазушы ермек үшін емес, кейінгі жастарға үлгі үшін жазғаны ақиқат. Ұлағатты ұстаздың жеке басының өзі бір ұрпақты тәрбиелегенін кейін О. Сүлейменов, Ә. Әлімжанов, Ш. Айтматов талай жазды да.

М. Әуезов халықтар достығын, ұлтаралық қатынастарды тұрақтандыру үшін негізі қазақ халқының мақсат-мүддесін қорғауға, онымен есептесуге, мүдделерін ұштастыруға шақырады. Осы жағдайды жастарға ескерте отырып, ол былай деп жазды: «Көп ұлттылық, көп тілде сөйлеу факті болып отырғанда, біздің орыс тілді студенттер мен студенткалар өздері күнделікті қатынас жасайтын ұлттың тілін, оның мәдениетін білулері керек», – дейді.

Бұл айтылғандар М. Әуезов тағылымы мен өнегесінің бір қыры ғана. Оларды қысқаша түйіндесек: өз халқыңды шын жүрегіңмен сүйе отырып, бүкіл адамзат мүддесін көздеу, адамзат болашағы жолында күресе отырып, өз халқыңның барша шығармашылық қуатын мейлінше жарқыратып ашуға күш салу, өтпеліге емес өміршеңге, тек бүгінге ғана емес ертеңге де, тіпті мәңгілікке қызмет етуге ұмтылу. Бұл тағылым бізді

өз дәуіріміздің өрелі әлеуметтік-рухани ізденістерінің соңында қалмай, аршындап басында жүруге, өз талантыңды халықтың қайсар мақсаттарына жұмылдыруға шақырады. Қазіргі өтпелі кезеңде ұлттық мәдениет пен рухани мұраны халқымыздың қажетіне жаратып, ХХІ ғасырға қадам басқан салауатты қазақ халқының өркениет шыңына жетеріне күмән жоқ. Сондықтан мұхтаранудың теориялық және методологиялық мәселелерін тереңірек зерттеу бүкіл Түркі әлемінің келелі міндеті.

Әуезовтің ашқан жолынан өткендер: ең баста қырғыз баласы Төреқұлұлы Шыңғыс Айтматов, содан кейін атақты ғалым-философ Әбдімәлік Нысанбаев, философ-ақын және тарихшы Олжас Сүлейменов, қазақтың оқымысты ғалымдары М.Қ. Қозыбаев, А.Қ. Қошанов, Ә. Кекілбаев, Ж. Әбділдин, Ш. Ыбыраев, Ж. Қасымбаев, Жансейіт Түймебаев сияқты даналар мен философ-ақын Мұхтар Шаханов. Осы тізімге тағы да 40 кісінің атын қосуым керек. Әрине, бұл жерде мемлекеттің мәселелерін өте жақсы білетін, қымбатты да ардақты қоғам қайраткері, даналардың досы, Елбасы және хикмет (даналық) құштары Нұрсұлтан Назарбаев мырзаны ерекше атап өтуіміз керек, оның Абай-Мұхтар жолына байланысты атқарған қыруар қызметтеріне бас иіп, алғыс айтуымыз керек.

Олжас Сүлейменұлы – адамның және қоғамның жады мен санасының кеңестік режим талап еткен қалыбында қалыптасқан және архивтердегі тарихи деректердің жойылып кеткен бір кезеңінде қаламынан «Аз и Я» деген үлкен шығарма тудырған сана мен ақыл-ойдың сәулесі.

Әбдімәлік Нысанбайұлы – атеизмді бастауыш мектептен университетті бітіргенге шейін оқытқан және ұрандаған сол режимде иманды және адамгершілігі жоғары азамат болуды өз білімі мен философиясының мәйегі жасай алған ұлы тұлға...

Бүгінгі таңдағы қазақ ғылымы мен философиясының дана философтарының біреуі – менің ойымша, біріншісі – Әбдімәлік Нысанбаев.

Бірінші томы оқырман назарына ұсынылған «Қазақстан» атты ұлттық энциклопедияның бас редакторы, «Қорқыт Ата» энциклопедиялық жинағының тұсауын кескен, әрі басшысы, төрткүл дүниенің тқрт бұрышынан қасына аспиранттар келетін, кеңестік дәуірде де, қазіргі егеменді Қазақстан Республикасында да көптеген сыйлықтарға, құрметті атақтарға лайық деп табылған атақты философ Әбдімәлік Нысанбаев шын мәнінде бір зиялы тұлға.

Қазақтардың, сонымен қатар «түріктік кеңістік – Түркі әлемінің» және ғылымының рухын зерттеп, сырының түйінін шешуге, сұрақтарына жауап беруге тырысқан және қазір де бар күшін жұмсап жатқан Әбдімәлік Нысанбаев.

Әбдімәлік Нысанбаев – атақты ғалым, теоретик, «халықаралық философия мектебінің» іргетасын қалаушы және басшысы, шығармалары бірнеше тілдерге аударылған, сондай-ақ АҚШ, Ресей, Германия, Болгария, Польша, Қытай және Түркияда жарық көрген 300-ден астам ғылыми зерттеу еңбектері мен мақалалардың авторы болумен қатар, басқарушылық және ұйымдастырушылық қабілетімен де елге кеңінен танымал қоғам қайраткері. 1997 жылы Түркияның Анкара қаласында өткізілген салтанатты жиналыста қадірлі ғалым, дана ойшыл, атақты философ және құрметті ұстаз проф. док. Әбдімәлік Нысанбаев мырза Ататүрік атындағы Мәдениет орталығының құрметті мүшесі болып қабылданды.

Әбдімәлік Нысанбаев – ойлау азабын тартуға бел бұған, тәуекел деп осы «ойлау» деген қиын да ауыр жолға шығып, бұл жол бойында ақыл-ойы мен сана-сезімі нұр үстіне нұр құйылып жарқыраған сайын қанаттанып және басқа адамдарды сәулесімен нұрландыруға бар күш-жігерін жұмсайтын адам. Ойшыл – болмысқа, яғни жаратылысқа өзін мазалаған сұрақтарын (ізденістерін) сұраған, «жаратылыстың» ақиқатын және хикметін тұжырымдауға талпынған, жауап табуға тырысатын адам.

Бұдан кейінгі басқа іс-шараларды Түркия Республикасының университеттері ойлансын дей отырып, оның қолымызға тиген еңбектерінен арнайы таңдап алынған мақалалардан құрастырылған бір кітап басып шығару арқылы осы атақты философ-ғалымымызды Түркия қауымына таныту жұмысының тұсауын тәуекел деп кестік. Бірақ менің қазақшаны жеткілікті дәрежеде білмеуім, сондай-ақ орысша текстердің аударылуы да өз алдына бір қиындық тудырды. Сондықтан мақалалардың іріктелуі және аудармасын редакциялау міндеттерін өз мойныма алдым. Мекемеміздің қызметкері Динара Дүйсебаева қазір аспирантурада оқып жатыр – бүкіл ынта-жігерімен текстерді аударып, өзіне берілген міндетті атқарып шықты.

Менің қадірлі ұстазым, өмір керуенінде 87 жылдық жолды өткенімен әлі де болса жас жігіт, ұстаздардың ұстазы Түркі мәдениетін зерттеу институтының директоры ретінде аттай 27 жыл қызмет атқарып келе жатқан ардақты проф.док. Шүкрү Елчин бізге жиі-жиі былай деуші еді:

«Сауда-саттықпен айналысатындар мен саясатшылардың өздеріне тән есебі және кітабы болады; олар пайдасын есептейді, өнімдерін өз дәуірінің ұрпағына ұсынады, айналасындағылармен қарым-қатынаста болады. Біз болсақ, өз дәуіріміздің ұрпақтарына да, өткен дәуірлердегі ұрпақтарға және болашақ ұрпақ алдында есеп беруге мәжбүр ғылым деген жолдың жолаушыларымыз».

Ұстазым Шүкрү мырза, Шүкрү ағайым – Түркияның темірқазығы дәрежесіне көтеріле алған ардақты жандардың біреуі. Ұстазымыз Әбдімәлік Нысанбаев та Түркі әлемінің темірқазық жұлдыздарының алдыңғы қатарынан орын алған ардақты жан.

Қазақстанның, сондай-ақ Түркі әлемінің бетке ұстап мақтаныш тұтар данышпандарының арасынан суырылып шыққан бәйге басындағы шабандозы, Түркі әлемінің алдыңғы қатарлы азаматы Әбдімәлік Нысанбаевтың біліктілігі мен даналығына қайран екенімді білдіре

отырып, үлкен құрмет және терең ілтипатпен сәлем беремін.

*Түрік тілінен аударған Динара Дүйсебаева  
Анкара, Түркия, 1999 ж.  
Қазақ әдебиеті, 01.03.2002.*

### **1.5 Жаһандану және халықтың философиялық және тарихи санасының қалыптасуы\***

Адамзат тарихының руханиятының ең маңызды түпнегізі оның ақыл-ойынан, парасатты дербес ойлау тәжірибесінен байқалады. Ойлаудың ұғымдық, түсініктік жүйеленуі әлемдік философиялық дәстүрдің жарқын көрінісі ретінде танылады. Жалпы адами эволюцияның өлшемі ретінде даналық үлгілерін алуға толық болатыны анық. Осы тұрғыдан алғанда адамзат тарихындағы кез келген халықтан философиялық пайымдаудың үлкен жүйелі құрылымдарынан бастап өлшеулі деңгейдегі тұжырымдар мен түсініктерден тұратын ерекше сілемдер аралығындағы көптүрлілікті аңғаруға болады. Олардың барлығына әр қилы бағалау беріп, әр түрлі өлшемдер арқылы сараптаудан өткізу міндеті гуманитарлық ғылымдар алдында тұрған қасиетті міндет. Дегенмен негізінен ойлау жүйесінің адами принциптерінің өзара ұқсастығына тәнті боламыз және әрбір мәдениеттің өзіндік көріністерінің, ерекше сипаттарының бар екенін де мойындауға тиістіміз. Міне, осыған орай халқымыздың өзіндік ойлау жүйесі, философиялық мәдениеті бар екеніне еліміздегі көрнекті ғалымдар өткен ғасырдың екінші жартысында түбегейлі көңіл бөле бастады, философиялық мәселелер кәсіби тұрғыда игеріле бастады. Кезінде өзіміз құрған «Алматылық философия мектебі» деген мәртебелі атаудың XX ғасырда Еуразия кеңістігінде пайда болуы бекер емес болатын.

---

\* Мақалада Б.Сатершиновтың кейбір ойлары пайдаланылды.

Әрине, қазақ халқының философиялық ойы жайлы еліміз тәуелсіздікке қол жеткізгеннен бері ғана толыққанды сипатта зерттеліп, қазақ және орыс тілдерінде бірталай еңбектердің жарық көргені белгілі. Қазақ философиясы қазақ халқының өмір сүру, даму және көркею формасы. Олардың кейбірі жеке монографиялар мен мақалалар болса, біршамасы оқулық, немесе оқу құралы түрінде көрініс тапты. Бірақ олардың баспадан шығу даналары да, таралу ауқымы да жоғары оқу орындарындағы күннен күнге ұлғайып келе жатқан зияткерлік рухани байлыққа деген сұранысты толығымен қанағаттандыра алмасы анық. Оның үстіне философиялық ойлау тарихына деген көзқарас біржақты болмауы тиіс, ол әртүрлі түсініктердің сұхбатынан, өзара байланысынан қалыптасқаны тиімді. Сонда ғана жас ұрпақтың шығармашылыққа деген талпынысы күшейе түседі, тарихи тұлғалардың дүниетанымдық жүйелері бойынша соны ойлар туындайды.

Қазақ философиясы еліміздің рухани тәуелсіздігінің көрінісі болып табылады. Қазақ философиясы адамзат тарихында ғасырлар бойы қалыптасқан әлемдік философияның ажырамас құрамдас бөлігі екені белгілі. Күні кешеге дейін бұл тақырыппен байланысты мәселелердің барлығы мұқият бақылауда болып, көбісі тыйым салынған жабық дүниелер қатарында болып келгені баршаға аян. Өйткені, социализмнің ұстындары тек бір коммунистік идеяның төңірегіне шоғырланғандықтан оған сәйкес келмейтін басқаша мағынадағы түсініктердің барлығын жоққа шығарып отырды. Тіпті, бұл тақырыппен айналысамын деген зерттеушілердің әрекеттеріне өткен қоғам «ұлтшылдықтың жалауын көтеру» деген үстірт бағалаулар беруге асыққаны да рас. Тоталитарлық қоғам қазақ философиясымен айналысамын деген азаматтардың осы мақсатта ұлттық ойлау жүйесін жандандыруға ұмтылғандарын да осындай бағалаулармен шектеп отырды. Міне, осындай идеологиялық тұмшалаудың арқасында тарих сахнасында әртүрлі рухани тереңдіктердегі өздерінің даналыққа

толы тұжырымдарын бұқара халыққа жеткізген ойшылдардың шығармаларының мәтін түрінде қоғамда кең тарамай және ғылыми зерттеулер түрінде өз бағалауларын ала алмай ондаған жылдар бойы уақыт өткізгені белгілі.

Қазіргі уақытта жаңаша заманның тарихи кезеңі келді, рухани дүние де демократиялана бастады, яғни ойлау еркіндігінің ұстындары қоғамдық санада беки түсуде. Сөйтіп, бұл басқа мәдени, саяси дәуір орыстың философиялық даналығының, қазақ халқының және басқа да халықтардың ой-тұжырымдарының тарих доңғалығының астында жоғалып кетпей олар халықтың рухының терең тамырларында бойлай орналасқанын, өмір сүргенін байқатты. Мәңгіге жабылған шығар, енді олар Ақиқат әлемінен орын алмас деген тарихтың «ақтаңдақтары» бірте-бірте ғылыми кеңістікте мамандар үшін ізденістер ауқымы, нысаны ретінде күн санап ашылу үстінде. Сол рухани күштердің, тарихи деректердің еркіндікке шығу кереметін, яғни басқаша айтқанда, халық рухының шабыттық асқақтауын қазіргі заманда өз көзімізбен көріп, оның куәсі болып отырмыз. Бұл құбылыстар шын мәнінде қазіргі тарихи кезеңнің дәуірлік, шынайы тарихи сипаттамасы болып табылады, этникалық жаңғыруымыздың бастамасы болары хақ.

Шындығында, егер қазіргі замандағы «шынайы» философияның өлшемі ретінде тек батыстық модельді алатын болсақ, онда оған ұқсамайтын, сәйкес келмейтін барлық ұлттық философиялар «философия» деп аталудан қалады. Олар класикалық неміс философиясындай гносеологиялық және логикалық мазмұнның, теориялық құралдардың және категориялық безендірудің жоқ екенін желеу етеді. Бірақ мұндай дәйектеудің түп негізі күйреген. Өйткені әлемді рухани игеруде, зерделеуде қатып қалған бір ғана философиялық үлгі болуы мүмкін емес. Жалпы адамзаттың рухани әлемінде Ақиқатқа қарай ұмтылудың даналыққа толы пайымдаулары сан түрлі формада көрініс бермей ой-саналық даму туралы жартымды сөз қозғау болмасы анық. Сондықтан әрбір

халықта өзіндік философия қалыптасқан және бар. Олар болашақта әр қайсысы өз шамасы келгенше адамзаттың жалпы мәдениетіне шығармашылық тұрғыдан өз үлестерін қоса беретініне күмән келтіруге болмайды. Бұл ойтұжырымдарды толығымен ежелгі түркілік заманнан бастау алған қазақ философиясына да байланысты айтуға болады.

Ал, енді қазақ философиясының толыққанды зерттелуі үшін және оған қатысты ғылыми ізденістердің өрбуі үшін елімізде тәуелсіздік алған уақыттан бері қолайлы кезеңдер орнай бастағаны белгілі. Философия және саясаттану институтында 1992 жылы қазақ философиясын зерттеуге арналған бөлімнің ашылуы бірнеше ұжымдық монографиялар шығарып, көптеген жас ғалымдардың қазақ философиясы бойынша диссертациялар қорғауына мұрындық болды, тәуелсіз Қазақстанның түкпір-түкпіріне гуманитарлық сала бойынша қажетті аса білікті кадр-мамандар дайындауға өзінің қомақты үлесін қосты. Сонау тарихтың қойнауында жатқан рухани мұраларымызды, тарихи тұлғаларымызды қайта жаңғыртуға талаптанған ғалымдарымыз Қорқыт Ата, әл-Фараби, Ибн Сина, Қожа Ахмет Иасауи, Ахмет Иүгінеки, Махмұт Қашқари, Жүсіп Баласағұн, Асан Қайғы, Қадырғали Жалайыри, қазақтың билері мен ақын-жыраулары, Махамбет, Шоқан, Абай, Шәкәрім, Ғұмар Қараш, Мұстафа Шоқай, Мағжан Жұмабаев, Мұхтар Әуезов, Мәшһүр Жүсіп Көпеев сияқты есімдердің философиялық мағынада халық жадында жандануына өз еңбегін сіңірді. Ол өзінің еңбектерінде қазақ халқының басқа халықтар сияқты философиялық ойлау жүйесі тарихи маңызды құбылыс ретінде қалыптасқанын және оның қайталанбас өзіндік ерекшеліктері бар екендігін үнемі ескертіп отырады. «Біз өзімізге этникалық тегіміз жағынан келсек, мың жылдан аса мәдениетіміз, тарихымыз, философиямыз бар халықпыз». Халықтың әлем туралы образдары мен түсініктеріне қарап, оның ұлттық рухы мен діліне сүйеніп отырып айтуға болады.

Қазақтардың ежелгі түркілік дәуірі кезеңінде дәстүрлі дүниетанымы болғаны мамандарға белгілі. Кез келген әлеуметтік немесе рухани құбылыстың мағыналық, мазмұндық, құндылықтық көрінісі жеке адам үшін немесе бүтіндей халық үшін құтты, қайырлы болмаса, онда оның өзіндік келбетінің әлеуметтік субъект үшін мәні де жоғалатыны анық. Бұл тұжырымдар өз кезегінде өткен тарихи кезеңдердегі және қазіргі таңдағы әлеуметтік процеске, әлеуметтік практикаға берілген жан-жақты және оңды аксиологиялық сипаттама болары сөзсіз. Қазақтың ділін жақсы түсінетін адам оның ұлттық дәстүрінде материалдық құндылықтарды иеленуге ұмтылушылық, оның қызығына дәнігушілік пен құнығушылық сияқты әдеттерді халқымыз өзінің қоғамдық санасында дәріптемейтіндігін байқайды. Сондықтан да болар мұсылмандық дүниетаным арқылы келген «қанағат», «сабыр», «тәуба» сияқты терең мағыналы ұғымдар халқымыздың әлемді түсіну көкжиегіне үйлесімді сіңісіп кеткені көрінеді. «Қанағат қарын тойғызар» деген халқымыз әрбір нәрсенің, әрбір құбылыстың өз мөлшері, үйлесімділікке сай келетін өлшемі болады деп түсінген. Олар халықтың дүниетанымында диалектикалық, логикалық, экзистенциалдық түсініктердің қалыптасқандығын білдіретін әлемге қатынастардың болғанының дәлелі. Халқымыз адамзат тарихында моральдік-этикалық қалыптарды өзінің дүниетанымына негізгі арқау еткен этностардың қатарына жатады. Бұл жағынан алғанда сан ғасырлық дәстүрлі тарихы бар Шығыстың даналығын қордалаған қытайлықтардың құндылықтық бағдарларымен біршама ұқсастығымыз да бар деуге болады. Ал, енді басқа халықтардың әлеуметтік тіршілігіндегі онтологиялық тіректі рухани дүниенің әртүрлі салаларынан таба біліп (жапондар эстетикадан, римдіктер құқықтан, қазақтар этикадан, гректер философиядан, парсылар поэзиядан және т.б.), басқа салаларды сол жүйені тұтастындыра құраушы элементтері ретінде қарастыруы шын мәнінде жалпы өмірдің терең құпиялы мәнін философиялық тұрғыда ашады.

Шынтуайтына келгенде түркілік бабаларымыздың даналыққа толы құштарлығы мен тұжырымдары тек қана қазақ халқы үшін ғана емес, жалпы түркі тілдес халықтарға, одан кеңірек алсақ адамзат баласына рухани бағдар болып табылады. Сонау Орхон-Енисей жазбалары мен Абайдың кісілік философиясы, Шәкәрімнің ар-ұят, ұждан философиясы аралығында игерілмеген, өзінің толық философиялық тұжырымдамасын жеткілікті деңгейде ала қоймаған дүниелер әлі де жеткілікті. Мәселен, халықтың діни сенімдері мен ұлттық ділі арасындағы өзара астарласу мәселесі өзінің тыңғылықты философиялық зерделеуін алуға тиісті мәселелердің қатарына жатады. Қазақтың әлемді қабылдауы батыстық үлгілерден айрықша ұстындарға негізделген. Бұл да өзінше философиялық зерделеудің түрі. Ол даналықты жоғары қоюшы жүйе десе де болғандай. Ал қазақ халқының даналық тағылымдары аталған тарихи үлгіні, мәдени парадигманы сабақтастықпен жалғастырып келе жатқан бірегей мәдениет болып табылады. Жастардың тарихи санасын қалыптастырудың қажеттігі мына төмендегі пікірлерден туындайды.

Кеңес дәуіріндегі жетпіс жыл бойы халқымыздың өзіне лайық тарихы тұмшаланып айтылмай келгені, айтылса да саясаттың ыңғайына қарай бұрмаланып, теріс түсіндіріліп келгені белгілі. Шынайы тарихи дамуды түсіндіру амалдары маркстік-лениндік әдіснамаға сай, тап күресін таңумен сипатталды. Кезінде тек еуразиялық аймақтың ғана емес, әлемдік дамуға да өзіндік ықпалын тигізген Қазақстан мен Орталық Азиядағы көшпелі мәдениет алғашқы қауымдық, жабайылық ретінде қарастырылып, ұлттық тарихтағы өркениеттік, мемлекеттік дәстүр жоққа шығарылды. Қоғамдық және мәдени дамудың батыстық үлгіден түбірлі айырмашылықтары ескерілмеді. Қазақстанның Ресейге кіруінің себеп-салдары асыра дәріптелді, оның отаршылдық саясатының тұжырымдары бүркемеленді. Қазақ халқының мәдени тарихына деген нигилистік көзқарас қалыптасты. Тек тәуелсіздік тұсында ғана

халық өз тарихы мен тағдырына бет бұруға мүмкіндік алды.

Бірнеше ғасырларды қамтыған отаршылдық нәтижесінде рухани күйзелістен кейін тәуелсіздігіне қол жеткізгеніне жиырма үш жыл енді ғана толған Қазақстанның қазіргі жағдайында ұлттық бірегейлік пен мәдени тұтастықты қалыптастыру ең көкейтесті мәселенің бірі болып отыр. Барлық ізгі рухани белсенділіктер басылып қалатын құлдық жағдайдан шығып, мәңгүрттік және маргиналдық санадан тез арада айығып, шынайы еркіндікке қол жеткізу қазіргі жаһанданудың қатаң бәсекелестігі жағдайында саяси, әлеуметтік-экономикалық дербестікпен қатар, рухани тәуелсіздікке ие болуды қажет етеді. Бұл үшін ұлт тәрізді күрделі жүйенің қалыпты өмірқамын қамтамасыз ететін төлтума тарих пен мәдениеттің өзегін құрайтын ұлттық дүниетанымды, рухани қайнарларды қайта қалпына келтіру арқылы қоғамның өзіндік тарихи санасын қалыптастыру керек. Тарих өткен шақпен, адами жадымен және әлеуметтік еспен байланысты болғандықтан, бұған төл тарихты тану арқылы қол жеткізуге болады. Тереңге бойлап, құнарлы топырақтан нәр алатын тамырынсыз дарақ ағаштың жапырақ жайып, көгермейтіні сияқты, қазіргі заман да өткеннің тарихынан тағылым алып, сабақтастықты сақтамаса келешектен күдерін үзері сөзсіз.

2004 жылдан бастап қолға алынған «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасының ұлттың тарихи санасын қалыптастырудағы маңызы зор деп есептейміз. Бұл бағдарламаның жүзеге асырылуы нәтижесінде тарихи әділет үстемдік алып, зерде жаңарып, сана сауыққандай болды. Төл тарихымызды, елдік дәстүр, халықтық тағдыр талайымызды танып-білуде, ескерткіш мұрағаттарымызды жинастыру мен сараптауда біраз жетістіктерге қол жетті. Бұған дейін қол жетпей жүрген деректер, білмей жүрген рухани және ғылыми қазыналар жарыққа шыға бастады. Шетел мұрағаттарынан да туған ұлттық тарихымызға қатысты құжаттар жинақталып,

оқырман игілігіне ұсыныла бастады. Осы жинақталған мәдени мұра мен рухани қазынаның дәнін тауып, сөлін сүзіп ұлттың рухани кәдесіне жарату зиялы қауым мен ғалымдарға жүктелетін шаруа.

«Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасын іске асыруға Философия және саясаттану институты да белсене атсалысты. Тұңғыш рет 20 томдық «Қазақ халқының философиялық мұрасы» сериясын баспадан шығардық. Оның 6-шы томы «Қазақтың тарих философиясы» деп аталады. Бұл томға антологиялық ұстынмен Өтеміс қажының «Шыңғыс-наме», Захир ад-Дин Бабырдың «Бабырнама», Мұхаммед Хайдар Дулатидің «Тарих-и Рашиди», Әбілғазы Баһадүрханның «Түрік шежіресі», Қадырғали Жалайырдың «Жами ат-тауарих», Құрбанғали Халидтің «Тауарих-и хамса» еңбектерінің үзінділері енгізіліп, оларға тарихи-философиялық тұрғыда түсініктемелер берілді.

Осы уақыт ішінде қазақ тарихын қалпына келтіруге қатысты қаншама зерттеулер жүргізілді, қаншама мақалалар арнаулы әдебиетте де, бұқаралық баспасөзде де жарияланды. Бұған тек тарихшылар ғана емес, әлеуметтік-гуманитарлық ғылымның барлық салаларының өкілдері атсалысты десе де болады. Бұл да дұрыс, өйткені кез келген қоғамның, таптың немесе әлеуметтік топтың, адамның, тіпті адамзаттың өз жағдайын уақыт ағымында, өзінің осы шағын өткен шақпен және келешекпен байланыста қарастыратындықтан, тарихи сананы қоғамдық сананың ерекше формасы ретінде қарастырған абзал. Қазіргі постмодернистік ғылымда, жалпы ғылымдардың интеграциялану үдерісі барысында тарих өзінің мифологиялық, әдеби, лингвистикалық, семиотикалық және т.б. қырларынан зерттеле бастады, демек тарихты кез келген мәтіннен табуға болады. Осы орайда кеңестік жылдары қазақтың тарихи санасын жоғалтпай, сақтап қалуға өз шығармаларында І. Есенберлин, М. Мағауин, Ә. Кекілбаев, С. Сматаев сынды жазушылардың өзіндік үлес қосқанын айта кету керек. Кез-келген

қоғамдық-гуманитарлық ғылымдардың өзінің пайда болуы, қалыптасуы мен дамуы болатындықтан, олардың іргетасын құрайтын тарих ғылымы, ол басым көпшілігінде, бұрмалаушылықтан, үрдісшілдіктен, апологетикадан тазарып, объективті айғақтар мен хронологияға сүйенсе, оған дүниетанымдық нәр беретін философия ғылымы болып табылады. Сондықтан тарих ғылымының түйткілді мәселелеріне философияның да «таласы бар».

«Тарихты тұтастай қарастыру дүниетанымдық ғылымдар өкілдерінің ғана қолдарынан келеді. Тарихтың философиялық мәселелерін қарастырудың қиындықтары оның жекелеген тұлғаларының, тұтастай халықтардың, мемлекеттік саясаттың және т.б. мүдделерін қозғайтынымен байланысты. Тарих философиясы идеологиямен шектесіп жатады, ал идеологиясыз ешқандай мемлекеттің де өмір сүре алмайтыны белгілі», – дейді елімізге танымал академик Досмұхаммед Кішібеков өзінің «Тарих философиясы және қазіргі заман» деген еңбегінде. Еліміздің тарихына қатысты көптеген «ақтаңдақтардың» беті ашылып жатқанымен, бір біріне кереғар, қайшылықты пікірлердің орын алып, бірауызды, біртұтас ел тарихының, ұлттық тарихтың осы күнге дейін жазылмауының бір себебі де осы идеологияның бәсең болуында жатқан сыңайлы. Тіпті, басқаны былай қойғанда, еліміздің тарихындағы ең маңызды кезең және Қазақстан тарихы мен әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдарындағы ең өзекті мәселелердің бірі – төл мемлекеттілігіміздің бастау көзі саналатын Қазақ хандығының құрылу датасы мен қазақ халқының құралуы, оның этногенезі мәселесі әлі күнге дейін анық айқындалмай отыр. Ал этногенездің басы айқындалмай бірауызды ұлттық тарихты жазу, елдігіміздің түп төркіні дәл анықталмай мемлекеттігіміздің біртұтас тарихын жазу мүмкін емес. Қазіргі кездегі халықтар мен елдердің арасындағы бәсекеге қабілеттіліктің бір түбірі осы рухани-философиялық, өркениеттік және мәдени мұра мен тарихи санада жатыр емес пе?!

Жазушы Қойшығара Салғарин біздің тарихшыларымызда тоталитаризм дәуірінен қалған стереотиптің басымдылығын алға тартады: «Қазақстан тарихын, басым көпшілігінде, әртүрлі саяхатшылардың – араб, парсы, қытай, Византия, римдік, орыс және т.б. саяхатшылардың айтқандарына сүйеніп жазу. Барлық маңызды мәселелерді өзіміз талдаудың орнына, шетелдік авторлардың жазбаларының ұстанымымен баяндау үрдіске айналған» (Қараңыз, Егемен Қазақстан, 2001 жыл, 6 наурыз). Бұл орынды сынның себептерін Д. Кішібеков жоғарыдағы еңбегінде былайша түсіндіреді: «Бір кездері қазақтардың өз тарихы болған жоқ, олардың шынайы тарихы Қазақстанның Ресейге қосылуынан кейін ғана басталды деген де пікір болды. Сондықтан қазақ авторлары тарихтың белгілі бір оқиғаларына, айғақтарына байланысты өз қатынастарын айтуға батпады. Сол себепті қазақ тарихшылары жалғыз объективті, беделді пікір ретінде шетелдік авторлардың айтқандарына сүйенуге мәжбүр болды».

Демек, осы айтылғандардан елімізде болып өткен тарихи үдерістерді қайта қалпына келтіруде жазба деректермен қатар, ата-бабаларымыздың қолданған тарихи білімін де, ауызекі тарихи дәстүр мен шежірені де пайдалану мәселесі туындайды. Халқымыздың ауызша мәдениеті, тарихи санасы мен қазақ тарихнамасындағы шежірелік дәстүр мәселелері өзінің кешенді түрде зерттелуін күтіп жатқан тың тақырыптардың бірі.

Өзінің бастауын әйгілі «Моңғолдың құпия шежіресінен», Бабыр, Мұхаммед Хайдар Дулати, Ұлықбек, Әбілғазы, Қадырғали Қосымұлы, Өтеміс-қажы шежірелерінен алып, Ш. Уәлихановтың, И. Халфиннің, Абай мен Шәкәрімнің, Қ. Халид пен М.Ж. Көпейұлының, Н. Наушабайұлы мен М. Тынышбайұлының еңбектерінде жалғасын тапқан бұл шежірелік дәстүр кеңестік дәуірде «ескіліктің зиянды қалдығы» ретінде тоқтап қалды. Бірақ бұл кезеңнің өзінде Ә. Марғұлан, С. Аманжолов, М. Ақынжанов, Х. Арғынбаев, М. Мұқанов сынды зерттеушілердің осы тақырыпқа қалам тартқанын атап өту керек.

Ұлттық тарихты жаңғырту мен ата-текті түгендеу үрдісіне орай, шежірешілдік құбылысы орын алды. Ауызша тарихты ғылыми дәлдікпен, азаматтық тарихпен байланыстыру ұмтылыстарымен қатар, өзінің тегін ұлықтауды мақсат тұтып, рушылдықтың, жүзшілдіктің жетегінде кеткендер де болды. Дегенмен, тарихи сананы жандандырудағы шежіре-тарихтың маңызын түсініп, оны терең зерттеумен айналысқан ғалымдар мен ғылыми орталықтардың еңбегін бағалай білген жөн. Мысалы, Тарих және этнология институты, Шығыстану институты, Номадизм институты сияқты мемлекеттік мекемелерді айтпағанның өзінде, белгілі кәсіпкер Х. Ғабжалиловтың демеушілігімен ашылып, танымал тарихшы Талас Омарбековтың жетекшілігімен қызмет еткен мемлекеттік емес «Алаш» тарихи зерттеулер орталығының қазақтың бүкіл ру-тайпалық құрамын саяси тарихпен байланыста таратып, тыңғылықты зерттеулер жүргізгенін лайықты бағалау керек. Сондай-ақ марқұм Ақселеу Сейдімбектің «Қазақтың ауызша тарихы. Шежірелік деректерді пайымдау» (Астана: Фолиант баспасы, 2008) атты еңбегі осы бағытта үлкен жұмыс болып табылады. Авторға бұл тақырып таңсық емес, керісінше оның шығармашылығының өзегін құрайды деуге де болады, кезінде оның шығарған «Қазақтың төр шежіресі» деген плакаты халық арасына кең тарап кеткен еді, сол сияқты «Ауызша тарихнама», «Қазақ әлемі. Этномәдени пайымдау» атты кітаптарымен және көптеген ғылыми-талдамалы мақалаларымен, ғылымда «даланың ауызша тарихнамасы» ұғымын енгізуімен ол ғылыми қауымдастық ішінде танымал тұлға болды.

«Қазақтың шежірешілдігін, дәлірек айтсақ, қазақтың тарихшылдығын ұлттық қасиет деуге болады. Бұл, әрине, ерекше артық жаратылғандықтан немесе артта қалған жабайылықтан емес. Қазақ халқының шежірешілдігін, тарихи санасының сергектігін, ең алдымен, оның ұзақ ғасырлар аясында көшпелі өмір салтта болуымен сабақтастырған жөн. Ал салт атты көшпелілер өркениетінің Еуразия ойкуменінде үш мың

жылдық тарихы бар», – дей отырып Ақселеу Сейдімбек қазақтың шежірешілдігін көшпелі өмір салтымен қатар жеті аталық үрдіс пен қандас-туыстық қатынастармен байланыстырады. «Адамның күні адаммен» деген принципке негізделген бұл жүйе тек моральдық-этикалық өлшем ғана емес, этнобиологиялық және этномәдени тұтастықты қамтамасыз ететін тетік, әлеуметтік және экзистенциалдық өмір сүруді реттеудің нормасы қызметін де атқарған.

Жалпы философиялық мәселелер нақты бір тарихи материалдарға сүйеніп шешілер болса, тарихи зерттеулердіңөзініңдетамыры белгілі бір философиялық көзқарастарда жатыр. Философиялық көзқарастардың пайда болу хроникасы ретінде де, оның дамуы мен құбылуы ретінде де көзге түсетін тарих философияның тарихын да өз бойына сіңіріп алады. Адамзаттың тарихи даму үдерісімен тығыз байланыстағы философия тарихи мәліметтерге сәйкестігі арқылы да зерделене бастады. Қазақ халқының да тарихын, оның тарихи философиясын зерделегенде осы мәселелер ескерілуі керек. Ал мұның түпкі мақсаты өзіміздің төл тарихымызды тереңірек танып, одан тағлым ала білу болып саналады.

Тарих – бұл бүгінгі ұрпақтың әлеуметтік жады. Жады немесе әлеуметтік ес неғұрлым терең болған сайын адам да, тұтастай алғанда қоғам да рухани бай болады. Бүгінгіні түсіну мен болашақты болжау үшін өткенді білу тарихи білімнің негізгі арқалайтын жүгі екендігі рас. Ал бұл тарихи білім берудің мақсаты жан-жақты дамыған тұлғаның ойлау мәдениетінің қажетті компоненті ретіндегі тарихи сананың элементтерін адам бойында қалыптастырумен ұштасып жатады. Тарихи білім немесе тарихи эрудиция – бұл тұлғаның рухани байлығы. Қазіргі адам алдыңғы буынның жинақтаған әлеуметтік-мәдени тәжірибесіне тереңірек ендеген сайын оның өмірлік және азаматтық ұстанымы да айқындала түседі. Тарихи білім адамның ғылыми дүниетанымының қалыптасуына, оның бойында адамгершілік мұраттардың егілуіне ықпал етеді. Отанға деген сүйіспеншілік, оның өткені

мен бүгiнiн мақтан тұту патриотизм деп аталатын сезiмдердiң құйылысын тудырады. Бұл тұрғыдан алғанда, қазақтың философиясы мен қазақтың тарихына қатысты ғылыми жұмыстардың, зерттеулердiң, мақалалардың көбейе түскенi еш артық етпейдi. Әсiресе, буыны бекiп, қата қоймаған тәуелсiз мемлекетiмiздiң жас азаматтарының бойында отансүйгiштік қасиеттердi егу мен ойында тарихи сананы қалыптастыру барысында оқулықтар мен оқу құралдары көбiрек жазылуы керек. Бабаларымыздың қалдырған әлеуметтік-адамгершiлiк үлгiдегi өсиеттерi мен рухани мұрасын терең насихаттап, қалың көпшiлiктiң игiлiгiне жарату қажет. Бұл жас ұрпақты игiлiкке, жүрек пен жанның тазалығына, бiлiмдiлiкке, имандылыққа, адамгершiлiкке, парасаттылыққа, әсемдiк пен әдептiлiкке тәрбиелеп, тұлғалық қасиеттер қалыптастыруға өзiндiк үлесiн қосады, қоғамды зиялылыққа үндейдi.

Посткеңестiк кезеңдегi жаңартушылық пен қазiргi жаһандану жағдайында ұлттық және өркениеттiк бiрегейлiк мәселесi өткiр қойылып отыр. Бұл мәселе сыртқы суперөркениеттердiң тоғысу нүктесiнде орналасқан геосаяси жағдайымен ғана емес, iшкi мәдени гетерогендiлiгiмен, яғни халқының көпэтносты және көпдiндi құрамымен ерекшеленетiн Қазақстан үшiн ерекше көкейтестiлiкке ие болып отыр. Батысшылдық пен дәстүршiлдiктiң күресiмен сипатталатын әлеуметтiк-мәдени ахуал қоғамды тұтастықтан айырып, ұзақ уақыт трансформациялық үдерiстердi бастан өткiзген титулды ұлт қазақтардың өзiндегi бiрлiк мәселесiне нұқсан келтiрiп отыр. Мақал-мәтелдерiнiң басым тақырыбын құрайтын, бiрi бiрiнен ажыратылмай қосақталып айтылатын бiрлiк пен береке, ынтымақ пен ырыс бүгiнгi қазақ халқы үшiн күн тәртiбiнен түспей отыр. Ұлтты ұйыстырушы тетiктердiң бiрi тарихи сана десек, төл тарихқа деген жаппай бет бұрудан ынтымақтың ұйытқысын аңғаруға болады.

Қазiргi тарихи санаға тән белгiлердiң бiрi бiртұтас әлеуметтiк тiннiң, бiртұтас тарихтың сөгiлуi болып

табылады. Әлеуметтік жады жағдайлардың үнемі өзгеріп отыруына қарамастан, дамудың үздіксіздігін сақтаудағы қоғамның қажеттілігін өтейтін құрал және, демек, қоғамның қалыпты қызметінің шарты болып табылады. Алдыңғы дамумен сабақтастық жойылған жағдайда, сабақтастықтың жаңа жағдайларға бейімделе алмаған тұстарында тарихи байланыс үзіліп, тарихи ұмыту тетігі іске қосылады. Бұл ұмыту анағұрлым әлеуметтік маңызды ақпаратқа орын беруі тиіс. Алайда ұмытушылық идеологиялық догмалар мен саяси күштердің араласуынсыз, табиғи түрде жүзеге асуы керек. Олай болмаған жағдайда әлеуметтік жады зорлықпен «тазартылып», жасанды, саясиленген, формалданған тарихи сана бекітіледі.

Әлеуметтік жады ретіндегі тарихи сана қоғамның шоғырлануында орасан зор рөл ойнайды. Сондықтан тарихқа деген немқұрайлы қатынас, оны уақытша саяси құмарлықтардың пайдасына шешу қоғамның рухани-интеллектуалдық өміріне нұқсан келтіреді. Сондай-ақ «өткен үшін таласып-тартысып, оны меншіктеп алумен» сипатталатын да шектен шыққан тарих та бүгінгі күні орын алып отыр. Қазіргі заманда жүзеге асқан түбегейлі экономикалық, саяси және әлеуметтік өзгерістердің тарихи санаға, оның қызметіне әсерін тигізгені даусыз. Тарихи сана сол бұрынғысынша адамның рухани әрекетінің нәтижелерінің жиынтығын – тарихи білімдер мен бағалауларды білдіргенімен, оның сапалық деңгейі, соңғы екі компонентінің мазмұны адам танымастай өзгерді. Қазіргі тарихи санада тұрақсыз белгісі басым бола бастады, «теориялықтан» психологиялық үстем түсе бастады, тарихтың өткен және қазіргі құндылықтарын «инициативті түрде қарама қарсы қою», біржақты ақтау мен күйе жағып қаралау әдетке айнала бастады.

Тарих пен рухани өткен шақ объективті, қадірлі қатынасты күтеді. Өткеннің сенімін арқалаушы ғалым тарихшы ешкімге де, оның ішінде, тіпті билікке де (мүмкін, оған мүлдем) өткенді айыптаудың, ақтаудың

адвокаттық, кінәлаушылық, прокурорлық, соттық функциясы берілмеуі керектігін жариялап айтуы керек. Тарихтың өзі құнды. Қамаумен, асып-атумен танымның мәселелерін ешқашан шеше алмайсың.

Осы орайда, қазақ философы Ағын Қасымжановтың ұтымды ойларына құлақ түруге тура келіп тұр: «Ақиқат пен шыншылдықтың қарапайым дауысын жаңғыртатын кез келді, тек сол ғана өткеннің нобайын анықтап, ақырында сенімді түрде өмірді жаңартуға мүмкіндік береді, өйткені оң мен солды, жақсылық пен жамандықты айырып алмай, оны жүзеге асыру мүмкін емес. Бұл туралы қазақ халқының өткенін жалған патриоттық жарнамалаудың тұтастай толқынын туғызған демагогия мен спекулятивті эйфориядан бойды барынша аулақ ұстап, үлкен жауапкершілікпен айту керек. Даңқы жер жарған тарихымыздың бар екеніне қарамастан, біздің шынайы ұлттық өзіндік санада соншалықты құлдырағанымызға таң қалуға тура келеді, біз әлі бұрынғыша «интеграцияның» жоғары мүдделері деген желеумен өзіміздің көз алдымыздағы экономикалық мүдделерімізді құрбан ете саламыз және құлау стихиясынан тысқа шығуға шамамыз жетпейді. Төменгі әлеуметтік топтардан бастап, зиялы қауым мен билік басындағы элитаға дейінгі тұтас қоғам өзінің жеке ар-ұяты мен тарихтың соты алдында шыншылдық пен әділеттіліктің құтқарушы сезімін бойына сіңірмей, өзімшілдік пен қорлық қатар жүре береді және олардан арыла алмаймыз».

Қазақ халқының рухани дамуының уақыты мен кеңістігін айқындаудың осы маңызды мәселелерін өткір алға тарта отырып, бұл автор өзінің «Ұлы дәстүрлердің кеңістігі мен уақыты» деген еңбегінде тарихтың жанды тарих екендігін де ескертеді: «Қазіргі тірі жүргендер үшін берік әрі құнарлы іргетас ретінде (шынайы) тарихқа сүйену үлкен игілік болар еді, одан сусындаған біз бабаларымыздың жеңген және жіберген қателіктерін қайталамас едік, жаңадан «жаңалықтар» ашпас едік – өйткені тарих шеңберді айнала қозғалу емес, бір ғана

құбылыстардың жай қайталануы ғана емес, оның әрбір кесіндісі бұл – алға қарай бағытталған түзу. Бір мезеттік қызықтар үшін бабалардың аттарымен, тарихпен ойнаудан асқан арсыздық жоқ. Мұндай іске барған адамдарға «әруақ ұрсын!» деуге болады. Тарихтың тұлғасыз үдеріс емес екені белгілі, ол – белгілі бір тарихи мұраны бойына сіңірген әртүрлі қондырғыдағы, өмірлік құндылықтардағы, менталитеттегі әр алуан адамдардың іске асырған және асырып жатқан адами жанды тарих».

Қазіргі тарихи сананың өзгерісінде тарих ғылымы үлкен рөл ойнауы тиіс. Тарихи таным мен тарихи сананың диалектикалық арақатынасында тарихи сананың мазмұнын нақты толтыратын тарихи таным алдыңғы орында болады. Тарих ғылымын бүгінгі әдіснамалық хаостан шығару үшін әлемдік тарих ғылымын, ондағы танымдық құралдар мен тәсілдерді терең әрі жүйелі талдап зерттеу қажет. Ғылымды жаңарту қоғамды жаңартудан бір де кем түспейтін ұзақ та күрделі үдеріс.

Қоғамның тарихи санасын жаңарту тарих ғылымын дамытуға қоса, әлеуметтік-тарихи қауымның бұқаралық субъектінің де тарихи санасын өзгертуді білдіреді. Қазіргі адамның санасы тарихи болғаны маңызды, өйткені тарихтың өзі бүгінгі күні алдыңғы қатардағы функцияны атқарып отыр. Тарихты оқып үйрену адамның өзін-өзі тануына, тамырдан ажырамай өсуіне септігін тигізеді, алайда мұның барысында тарих мифологияланбаған, шынайы, ақиқат болғаны абзал.

Айтылғандарды түйіндей келе, жаңарту мен жаһандану дәуіріндегі тарихи сана мен ұлттық өзіндік тарихи сана тағдыры туралы айтқанда, әлеуметтік-мәдени уақыт пен кеңістіктегі әртүрлі халықтардың барлық дерлік жетістіктерінің ұлттық-рухани дәстүрлерге негізделетінін ұмытпау қажет. Ұлттық мәдениет оны тасымалдаушылар үшін ерекше психологиялық тартымдылыққа ие болады, ұлттық айырмашылықтар мен ұлттық мәдениеттерді сақтау, тарихи өзіндік сананы жаңғырту ұлт өкілінің терең эмоционалдық-

психологиялық және рухани қажеттіліктеріне жауап береді. Егер адамзатты күрделі әлеуметтік жүйе ретінде қарастырар болсақ, онда айрықша көзге түсетін ерекшеліктері бар ұлттар мен ұлттық мәдениеттердің болуы эволюция үдерісінде табиғи өміршеңдіктің негізқұраушы тетіктерінің бірі болып табылатын алуан түрлілікті қамтамасыз етеді.

Жаһандану біртұтас өзара келісілген және өзара байланысты әлемді қалыптастыра отырып, бүкіләлемдік тарихтың жаңа дәуірін ашады деген сенім мол. Бұл тұтастықтың шеңберінде ұлттық өзіндік тарихи сана және ұлттық мәдениеттердің айырмашылықтары мен қайталанбас тәжірибесі ескерілуі тиіс. Жаһандану алдындағы қорқыныш тұтастық айырмашылықты сіңіріп жұтып қоятындай жалпылық пен жалқылық арақатынасының көнерген ескі үлгісінен туындайды. Мұндай ахуалда қазіргі заманның ең маңызды мәселесі Батыс мәдениеті мен дамушы елдердің дәстүрлі мәдениеттері арасындағы сұхбатты құру болып шығады. Рухани тәуелсіздік пен дәстүр сабақтастығын сақтай отырып, өркениеттік мұраттарға жету үшін бізге ұлтты ұйыстыратындай идея керек және бұл демократиялық және күшті Мемлекетпен, әділ әрі гүлденуші Қоғаммен, сондай-ақ еркін әрі құрметтелетін Тұлғамен сипатталады. «Бәсекеге қабілетті алдыңғы қатарлы елу елдің қатарына ену», «зияткерлік ұлт қалыптастыру», «индустриалдық-инновациялық даму» тәрізді ұрандар осындай идеяны іздестіруден шығып отыр. Ал бұл идеялар біржақты технологиялық мақсатта болмай, жаһандану мен жаңару жағдайында оның терең рухани мазмұны да болуы қажет.

Бүгінгі жағдайда, желігу мен еліктеудің салдарынан батыстану мен жаһандануды бастан өткізгеннен кейін, қазіргі қаржылық-экономикалық дағдарыстың бір түбірі атлантизмнің рухани тоқырауында жатқанын ескере отырып, бойымызға табиғи тән ұлттық жаратылысымызға, дәстүрлі тарихи-рухани тамырымызға оралуымыз қажет. Басқаның жетістігін

ретімен пайдалану үшін өзіңнің басқалардан айырмашылығыңды білдіретін өздік ұлттық «МЕНіңе» ден қою керек, яғни қазіргі жағдайда алдымен қазақ болуың керек. Бұл зияткерлік ұлт қалыптастырудың, бәсекеге қабілетті қауым тәрбиелеудің, алдыңғы қатарлы елу елдің қатарына қосылудың, ең бастысы жаһандандудың жойқын ықпалынан аман қалып, мәдени төлтумалық пен рухани дербестікті сақтап қалудың кепілі.

## **1.6 Біртұтас ұлт, бірегей жұрт**

Тәуелсіз мемлекетіміз өзінің әлемдік қоғамдастықтың толыққанды, тең құқықты мүшесі екендігін паш еткен алғашқы құжат – «Қазақстан Республикасының Мемлекеттік егемендігі туралы декларациясында»: «Республикада тұратын халықты топтастыру мен олардың достығын нығайту бірінші дәрежелі міндет...» деп жазылған еді. Бұл ежелден келе жатқан, ұлы ойшылғалым Шоқан Уәлиханов атап көрсеткендей, «бейбітсүйгіш халықтың» жаңа заман табалдырығы алдындағы шынайы шешімі, мәңгілік ұстанымы болатын.

Ширек ғасырға жуықтаған мерзімде еліміз бұл саясаттан әсте айныған емес, қайта оны қоғам дамуының сұраныстарына сәйкес жетілдірумен, нығайта түсумен келеді. Ол нәтижесіз емес. Соның арқасында кешегі екі заман аралығындағы қиындау «өліара» кезеңде туындаған әртүрлі қайшылықты сәттерді еліміз айқайшусыз, әлеуметтік толқуларсыз аман-есен өткізді. Сол кездегі басты мәселе – халық тыныштығы қамтамасыз етілді. Осы идеяны Н.Ә.Назарбаев «Нұр Отан» партиясының XVI съезінде дамыта түсіп, бүгінде орындалуы қолға алынып жатқан бес институттық реформаның «100 нақты қадам» Ұлт жоспары төртінші бағытының (біртектілік пен бірлікке арналған) өзекті бір нысаны ретінде ұсынды.

Тәуелсіздік жылдары осы бағыттағы жаңа тұрпатты мемлекетіміздің де, Тұңғыш Президентіміз Н.Ә.Назарбаевтың да тиімді саясаты қоғамның қай саласына

болсын игі әсер етіп, саяси серпілісіміз бен әлеуметтік әлеуетімізді арттыруымыздың, экономикалық қуатымызды нығайтудың берік кепіліне айналды. Сөйтіп, бүгінгі күні елімізде ынтымақ пен бірліктің өзгеге ұқсай бермейтін нақты моделі қалыптасты. Оның түпкі мақсаты 100-ден астам ұлт пен ұлысты бір ұлтқа айналдыруда емес, оларды рухани тұтастыққа ұйыстыра түсуде, азат Қазақстанның қасиетті шаңырағын бірліктің құдіретті күшімен биіктете беруде болып отыр.

Қазақ халқы өзара түсіністіктің, парасатты қарым-қатынастың қадірін жақсы біледі. Осынша асты да, үсті де байлыққа толы алып аймақты ұстап тұру оңай болған жоқ. Ауызбірлікті қамтамасыз ете алмай, ұлы Абай айтқандай, «бас-басына би болып», ру-жүзге бөлініп, көрінгенге жем болған заманды да, о шеті мен бұ шеті бірнеше күндік кең-байтақ кеңістікте оңтүстіктен солтүстікке, шығыстан батысқа, кейде кері көшкен «Ақтабан шұбырындыны» да, елді тастап, қайғы-қасіретпен үдере шет асқан көшпенділікті те көрді. Бүкіл қазақ болып, қасіретті «Елім-ай» әнін де айтты. Ұйыса отырып ұтқан кезеңдер де аз болған жоқ. Бұған мыңдаған жылдарды қамтитын ежелгі тарихымыз куә. Сондықтан да, халқымызға бірліктен қастерлі, одан қасиетті ұғым жоқ. Болған жоқ, болмайды да.

Биыл Қазақ хандығының 550 жылдығына байланысты тарихты таразылағанда, халқын бір мақсатқа жұмылдыра отырып, мемлекетіміздің атақ-абыройына өлшеусіз үлес қосқан хандар туралы жақсы айтылып жатыр. Соның ішінде XVII ғасырдың аяғы мен XVIII ғасырдың басындағы қазақ халқының гүлденген әрі әлеуметтік мерейі арта түскен айрықша кезең Әз Тәуке ханмен байланысты болғаны белгілі. Бас-аяғы 35 жылдай ел басқарған, қабілет-қарымы жеткілікті, көреген саясаткер, дана дипломат Тәуке хан халықты ұйыстыру үшін бар саяси-әлеуметтік амалды тиімді пайдаланған. Осы қасиеттері үшін халқы шынайы сезіммен оның атына «Әз» деген атау қосқан. Оның билік жүргізуі хандық өктемдікпен, әскери күшпен, не басқа айла-тәсілмен

емес, ақылдылықпен, тапқырлықпен, халықтық дәстүрді жақсы білумен ұштасып жатты. Сондықтан да оның аты кейін үш жүзге мәлім болды, ғасырлар қойнауынан бізге кейде аңыздай болып еркін жетті.

Қазақ – табиғатында ынтымақшыл, иманды халық. Тіпті, саяси сипаты жағынан ұлттық ұстанымдарына сәйкес келе бермейтін кешегі кеңестік заманның өзінде ұлтымыз өзіне тән бауырмалдығын Алланың «махаббатпен жаратқан адамзат» баласының ешқайсысынан аяған емес. Бұған мысалдар толып жатыр. Бұл 70 жылдығын атап өткен Ұлы Отан соғысының алдында елімізге депортацияға ұшырап келген халықтарға көрсетілген қатынастан айқын аңғарылды. Оны бүгін атажұртына көшіп кеткендер де, елімізді өзінің Отаны санап, осында мәңгілік қалғандар да айтудан еш жалықпай, тұрақты ыстық ықыласы мен риза көңілін білдіріп келеді.

Өзімнің туып-өскен Сыр бойында болған, соған қатысқан кісілерден естіген бір оқиғаға тоқтала кетейін. 1937 жылы осы өңірге корейлердің көшіп келгені белгілі. Кейін екі халыққа күнделікті аралас өмір тиімді сәттерді мол етті. Бірі бірінің тілін білген жайттар да болмай қалмады. Бұрын да суармалы жерде егілген күріш шаруашылығының одан әрі облыстағы дамуына осы ағайындардың өзіндік үлесі айрықша болды. Қазіргі Қызылорда қаласындағы Қорқыт ата атындағы мемлекеттік университеттің негізін қалаған Владивостоктан көшіп келген педагогикалық институт болатын. Осындай жарасымды істерге байланысты 80-жылдары Қызылорда облысы Жалағаш ауданына қарасты сол кезде «Калинин» атындағы кеңшарда, қазіргі Бұқарбай батыр ауылында корей халқының күндері өткен. Оған көрші облыстардан, Алматыдан белгілі кісілер келген.

Қонақтарға мәдени қызметтердің ішінде театрландырылған бір көрініс ұсынылады. Онда корейлердің бір тобының 30-жылдардың автокөлігімен елді мекеннен алыстау жерге әкеліп, түсірілген сәті бейнеленіпті. Ауылда бұларға жолауға болмайды, олар адам етін жейді деген ақпарат таратылған. Ертемен қойын жайғастыруға

далаға шыққан қойшы бір қапқа бәрі бастарын қойып жатқан бір топқа назары түседі. Сосын белгілі болғанындай, орталарында жалғыз қаптағы күріш осылардың бар тамағы екен. Қойшы тілдесе алмағанмен түрі өздерінен тым алыс емес, аш-жалаңаш адамдарға жұртқа көрінбей айран, нан сияқты дәмдер әкеліп береді. Осыны көргенде, қонақтардың ішіндегі егде тартқан бірі солқылдап жылап, көз жасын біразға дейін тыя алмапты. Ол «дәл осындай жағдай менің бала күнімде болған еді, мұны қайдан алған» деп таң қалады. Шынында да, осындай ақпарат кезінде жергілікті басылымдарда болған сияқты. Бұл қазақтың шынайы болмысын көрсететін көріністер еліміздегі басқа ұлт өкілдерінің «тірі қалғанымыз қазақтың арқасында» деулеріне нақты дәлел емес пе? Сондай-ақ, бұл Қазақстанды бір отбасына теңеп жүрген өзге ұлт өкілдерінің пікірлері де төркінсіз емес екенін танытады ғой. Осындай кеше халықтар арасындағы бірін бірі жатсынбай қабылдаған қарым-қатынас, бүгін туыстай сезініп отырған қазақ халқының адал пейіліне, жылы жүрегіне, асыл тілегіне лайықты **Алғыс күнін** белгілейік деген ойлар төркінсіз емес. Мұның алда пайдалы боларына сөз жоқ.

Кешегі кеңестік кезеңде-ақ Қазақстан «Достықтың лабораториясы» деп жайдан-жай аталған жоқ болатын. Оған әлеуметтік негіз бар еді. Алайда, ол кезде осы лабораторияның бас маманы деп қазақ халқы айтыла қоймады. Мұны Мәскеу біздің халқымызға қимады. Орталықтың Одақтағы ұлттарды «ұлы» мен «ұсаққа» бөлуі, соның салдарынан үлкеннің өктемдігі кішіні мойындаттырмады. Мұндай өзгені өзекке тебу оның да асыл адами қасиеттері аз емес екенін аңғарттырмады. Патшалық Ресейдің «бұратанасын» айтпағанымен, кеңестік бұра тарту көзге ұрып тұрды.

Еліміздегі өзіне тиесілі мәртебеге, ежелгі жер иесі, осы аймақта мемлекет құраушы ұлт ретіндегі биік мәртебеге қазақ халқы тәуелсіздіктің арқасында ғана ие болды. Өз тізгіні өзінде, өз алдына ел болудың шынайы шарапаты осында жатыр. Қазір Отанымыздағы

тұрақтылықтың негізгі кепілі, басқа ұлыстарды іштей ұйыстырушы мен топтастырушы ретіндегі ұлтымыздың ерекше әлеуметтік рөлі айқын.

Адамзат баласының алғашқы қауымдасуы мен қоғам болып қалыптасуы әлеуметтік қажеттіліктен туғаны мәлім. Атақты француз әлеуметтанушысы Эмиль Дюркгейм өзінің «Қоғамдық еңбектің бөлінуі» атты алғашқы басты еңбегінде әлеуметтік келісім мен ынтымақтастық теориясын жайдан-жай зерттеген жоқ еді. Ол қоғамдағы байланыстар мен қарым-қатынастардың табиғатынан әлеуметтік мәселелер мен шиеленістердің болатынын білді. Осы бағытта ол кезінде қоғамдық рухани келісімді нығайтуға ықпал ететін маманданған топ құру идеясын ұсынған болатын. Еліміздегі бірлік пен ынтымақтастыққа соңғы жиырма жылда өлшеусіз үлес қосып келе жатқан Қазақстан халқы Ассамблеясының абзал миссиясының басты бағыты осында болып отыр. Достық пен түсіністіктің лабораториясына айналған бұл құрылымның толымды жұмыс істеуіне Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаев айрықша қамқорлық жасап келеді. Міне, осының арқасында сан салалы этносаралық, дінаралық қарым-қатынастарды нығайта түсуде жүйелі жұмыс жасалып, осы бір ізгілікті істің ұлттық бірлік пен этносаралық толеранттылықтың отандық моделін қалыптастыруға үлкен үлес қосылды. Жақын, алыс елдер бұл модельді өздеріне жайдан-жай үлгі етіп жүрген жоқ.

Қазақстан халқы Ассамблеясы аясында елімізде ірі этностардың 28 республикалық, 800-ден астам өңірлік этномәдени бірлестіктері қалыптасты. Олар кешегі 90-жылдардан бері сан салалы қызмет атқарып келеді. Қазақстанда тұратын этностардың 15 тілде шығатын 35 газеті мен журналы бар. Эфирде төрт телеарна, 5 тұрақты «Менің Қазақстаным», «Шаңырақ», басқа да телебағдарлама бар. Радиода «Достық», «Тіл – татулық тірегі» атты және т.б. 8 тұрақты бағдарлама жұмыс істейді. 9 республикалық газет «Біз – қазақстандықтармыз», «Бір халық – бір ел – бір тағдыр», т.б. айдарлармен ақпараттар таратуда. Республикада өзбек, ұйғыр, тәжік

тілдерінде білім беретін 211 мектеп бар. Жексенбілік мектептер жұмыс істейді.

Осындай берекелі ісі, айрықша танымы бар ел алда «Біртұтас ұлт, бірегей жұрт» болып қалыптаса ала ма? Оның саяси-әлеуметтік алғышарттары бар ма? Әрине, баршылық. Әңгіме соларды тиімді пайдалана білуде болып отыр. Ең бірінші – мемлекетіміздің алдағы болашағын айқындаған, оның демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік сипатын орнықтыратын Ата Заңымыз бар. Мақсат ортақ, ол – Тәуелсіз елімізді тұғырлы ету. Шындап келгенде, осыдан ардақты алда асу жоқ. Бірлік пен ынтымақ – ортақ. Осыдан қасиетті елімізде ұғым жоқ. Бүгінгі күні еліміздегі жүзден астам ұлт пен ұлыстың 70 пайызы, бүкіл түркі әлемінің ұлы перзенті Мұстафа Шоқай айтқандай, «ұлттық намыс пен бүкіл «қаны бір, тілі бір, діні бір» түркі жұрты. Қазақстанды Отаным, елім деген өзге ұлт өкілдерінің достығы да осы ежелгі қазақ жерінде жарасымдылық табуда. Бүгін қазақстандықтардың мүдделері мен мұраттарын үйлестіріп, оларды өзінің берік ұстанымы еткен, бірлік пен достықтың туын биікке көтерген Елбасын бүгін Қазақстаннан бөліп қарау мүмкін емес. Бұл сөздер шынайы синонимдерге айналған. Шетелдерде болғанымызда ылғи байқайтын бір жайды айта кетсек артық болмас. Онда Отанымыз «Қазақстан» десек, олар дереу «Назарбаев» деп егіз сөздей атап жатады. Бұл жайдан-жай емес.

Мәдениетіміз бен әдебиетіміздің озық үлгілері ортақ рухани дүниеге айналды. Ұлы ойшылымыз Абай Құнанбаев, арқалы ақынымыз Сәкен Сейфуллин, жыр алыбы Жамбыл Жабаев, т.б. әдебиетіміздің талантты өкілдерінің шығармалары бүгінгі күні тек қазақтардың ғана емес, ол елімізде тұратын басқа этностардың рухани мұраларына айналды. Сондай-ақ, ұйғыр жазушысы Ахметжан Аширидің, корей Лаврентий Сонның, неміс Герольд Бельгердің және басқалардың шығармалары қазақ тіліне аударылып, бүкіл халқымыздың ортақ игілігіне айналып отыр.

Тәуелсіздік жылдары халқымыз дәстүрлі діндеріне қайта оралды. Елімізде 3,5 мыңнан астам діни ұйым жұмыс істейді. Бұл кешегі атеистік кезбен тіпті салыстыруға келмейді. Діннің ізгілікті қағидалары жұртшылықты ортақ рухани үндестікке шақырып, тәуелсіздігіміздің мұраттарына қызмет етуде. Елімізде дәстүрге айналған әлемдік дін өкілдерінің съезі де осы мақсатқа бағытталған.

Алда бүгінгі тәуелсіз қоғамымыздың сипатына сәйкес қалыптасып келе жатқан салт-дәстүрлер, әдет-ғұрыптар, көзқарастар, моральдық ұстындардың жиынтығы, яғни әлеуметтік нормалар мен ережелерді жетілдіре түсу, оның қазіргі алыс-жақынды сезе бермейтін жаһанданудың теріс әсерінен қорғау, оны тәуелсіздіктің жоғары талаптарына сай ету, айналып келгенде негізгі-негізгі қағидатты мәселелер төңірегінде ұжымдық сананы қалыптастыру сияқты алда аса маңызды асу түр. Осы ұжымдық сананы қоғам мүшелерінің көпшілігі мойындайды. Ал оның барлық қазақстандықтарға ортақ болуы, оны әрбір азаматымыздың өздерінің күнделікті өмірлерінде, іс-әрекеттері мен қызметтерінде басшылыққа тұрақты алып отыруы – «біртұтас ұлт, бірегей жұрт» болудың бірден-бір асыл амалы. Бұл, шын мәнінде, қоғам мүшелерінің тұтастықты нығайта түсетін, беріктікті бекем ететін әлеуметтік қажеттілік.

Ұжымдық сана – саяси сергектіктің, әлеуметтік әлеуеттіліктің, парасатты пайымдылықтың қайнар көзі. Мұны қалыптастыруда ортақ тілдік кеңістіктің рөлі зор. Тәуелсіздік жердің, елдің иесінің туған тіліне қатысты күрделі өзгерістер алып келгені белгілі. Кешегі егемендіктің елең-алаңында, аса бір күрделі де қайшылықты кезеңде қазақ тілі мемлекеттік мәртебеге ие болған қазақ тілінің қолданыс аясы кеңейе түсті.

Біз саяси сипаты, әлеуметтік болмысы жағынан кешегі кеңестік кезеңмен салыстыруға келмейтін жаңа тұрпатты азаматтық қоғам, жаңа сипаттағы демократиялық мемлекет құрып жатырмыз. Аумағына бес

Франция сыятын елімізді жақын арада санмен толтыру оңай емес шығар. Алайда, сапамен толтырудың жолдарын қарастыру аса қажет. Ең бірінші орында бәсекеге қабілетті білім-ғылым тұрғаны даусыз. Білім – бірліктің төте жолы. Осы арада осыдан 70-80 жыл бұрын ғұлама ғалым Ахмет Байтұрсынұлының: «Біз кейін қалған халық, алға басып, жұрт қатарына кіру керек. Басқадан кем болмас үшін біз білімді, бай һәм күшті болуымыз керек. Білімді болуға оқу керек. Бай болуға кәсіп керек. Күшті болуға бірлік керек. Осы керектердің жолында жұмыс істеу керек», деген сөз халқымыздың тұтас ұраны болуы тиіс.

Адамзат қоғамының өзі қажеттіліктен пайда болды, қажеттілікпен қалыптасқаны белгілі. Тату-тәтті, береке-бірлігі ортақ біртұтас ұлт, бірегей жұрт та осы қажеттілікпен ынтымақтастықтың арқасында ғана бола алады. Бүгінгі азаматтық қазақстандық ұлт құрғақ қиял емес, ол – ертеңгі өмір сүрер «Мәңгілік Еліміздің» тұрғыны. Бұл халқымыздың асыл рухани құндылықтарын тәуелсіздік мұраттарына бағындырып, Қазақстан атты қасиетті шаңырақтың астында ұйыстыру мен іштей топтастыруды қажет етеді. Бүгінгі алыс-жақынды біле бермейтін жаһандану заманында, әсіресе, ішкі бірліктің аса маңызды екенін толық сезіну керек. Мұнсыз сыртқы орнықтылықпен саяси-әлеуметтік тұрақтылық қамтамасыз етілмейді. Сол себепті, «Біріңді, қазақ, бірің дос, көрмесең, істің бәрі бос» деген ұлы гуманист Абайдың тұжырымын «Біріңді, бауыр, бірің дос, көрмесең, істің бәрі бос» деп айтсақ, хакім аруағы кешірсін. Бүгінгі заман осыны сұрап тұрғандай.

Бүгінгі Қазақстан мектептерінің алдында тұрған маңызды міндет-тердің бірі – оқушыларға жүйелі патриоттық тәрбие беру. Жалпы кез келген елдегі жас ұрпаққа білім беру ісі тек оқушыларға белгілі бір білім мен дағды жиынтығын игертуді ғана мақсат тұтпайды, сонымен бірге жасөспірімдерді қоғамдық өмірге араласуға, басқаша айтқанда, әлеуметтендіреді, әлеуметтік белсенділікке даярлайды. Адамның әлеу-

меттік белсенділігінің бірнеше түрі бар, олардың ішіндегі ерекше маңыздысы – өскелең ұрпақ бойында азаматтық көзқарас, азаматтық мәдениет, азаматтық тұғыр, азаматтық мінез-құлық қалыптастыруды көздейтін азаматтық әлеуметтік белсенділік.

Мектепте оқушыларды әлеуметтік белсенділікке баулудың қайнар көзі оларды отаншылдыққа тәрбиелеу болуға тиіс. Кез келген елдегі белгілі бір құндылықтар жүйесі ретіндегі патриоттық тәрбие жеке адамның өзі үшін де, жалпы қоғам мен мемлекет үшін де үлкен мәнге ие. Отаншылдық, яғни патриотизм деген не? Ол өз Отанын жүрегімен сүю, халқының тағдырына терең жауапкершілікті сезіну, елінің ішкі өмірінде және халықаралық аренада үлкен табыстарға жетуіне өз үлесін қосу. Патриоттық сана мен сезім жеке адам өмірінің мәнділігін арттырады, оны өзімшіл ниеттер мен тілектер шеңберінен жоғары көтереді, адамның бұл пәнидегі тіршілігіне нақтылы рухани-гуманистік мән ұялатады. Сондай-ақ, басым бөлігін ұлттық патриоттық рухы күшті адамдар құрайтын қоғам да іштей топтасқан, ынтымағы жарасқан, жеке мүшелерінің тұрмыстық тауқыметін шешуге қабілетті сипатқа ие болады.

Мектептегі де, жалпы қоғамдағы да патриоттық тәрбиенің негізгі арқауы – ұлттық патриоттық идея болуға тиіс. Бұл қасиетті сезім адам бойына сөзбен айтып жеткізу қиын ішкі тебіреністер арқылы, ана тілі, бесік жыры, туған халқының дәстүрінен тамыр тартатын дүниетаным, қастерлі құндылықтар, ұлттық музыка, өнер, әдебиет, фольклор, батырлық жырлар, би, кескіндеме, сәулет өнері сынды мәдени арналар көмегімен сіңеді. Өсе келе отандық тарихи, философиялық және қоғамдық оймен терең танысу, елдің құқықтық заңнамаларын, ең алдымен Ата заңын, рәміздерін, мемлекеттегі ұлттық мүдделерді қорғау, ұлттық қауіпсіздікті сақтау жүйелерін жете біліп құрметтеу арқылы адам өз елінің нағыз ұлтжанды азаматы болып қалыптасады. Содан соң оның өз Отанының өркендей түсуіне ықпал ететін шығармашылық жұмысы басталады.

Табиғи отаншылдық пен әсіре ұлтшылдық сезімдердің нақты шекарасын анықтау қиындау, алайда оларды ажыратудың бірден бір өлшемі мынау: бұл сезімдерде өзге этностар мен ұлттардың мәдениетіне қатысты дұшпандық, бітіспес қарсылық нышаны бар ма, жоқ па? Бар болса, ол – әсіре ұлтшылдық, жоқ болса – табиғи отаншылдық. Сондықтан жас ұрпақты отаншылдыққа жүйелі түрде тәрбиелеу ісі оның қарама-қарсы астары – әсіре ұлтшылдыққа, шовинистік менменділікке ұласып кетпеуіне сақ болған абзал.

Біздің көп этностық қоғамда жалпыұлттық, яғни қазақстандық халықтың мүддесі тұрғысынан ойластырылған жалпы қазақстандық патриотизм рухын жас ұрпақтың бойына сіңіру оңтайлы. Мұндай жағдайда жас ұрпақ өзінің қай этносқа жататына баса назар аудармай-ақ, ортақ Отанымыз Қазақстанды сүйуге тәрбиеленіп, топтаса түсер еді. «Қазақстан – біздің ортақ үйіміз». Еліміз Президенті Н.Ә.Назарбаев жиі айтатын осы пікір жас ұрпақты отаншылдыққа тәрбиелеудің негізіне айналуда тиіс. Көп конфессиялы және көп мәдениетті Қазақстан халқын топтастыруға бағытталған жалпыұлттық идеяның негізіне де дәл осы ой алынар деп үміттенемін.

Отаншылдық сезім жас ұрпақтың бойында өз елінің өткен даңқты тарихы мен бүгінгі келбеті, саяси және құқықтық жүйесі үшін мақтаныш сезімі арқылы қалыптасады. Оқушыларды отаншылдыққа тәрбиелеудің тағы бір маңызды шарты – оларға демократия негіздерін игерту. Тек шынайы демократия салтанат құрған жағдайда ғана өз елінің гүлденіп өркендей алатынына жас ұрпақтың күдігі болмағанға не жетсін.

Жылдан жылға әлемде жаһандану процесі қарқын алып келеді. Бүгінгі жас ұрпақ күні ертең сол процестің қазанында қайнайтын азаматқа айналады. Ол азамат өз ұлтының рухани-адамгершілік дәстүрлері рухында кемел тәрбие алған ба, халықтың бай мәдени мұрасын бойына сіңіріп өскен бе?! Болашақта бәсекеге төтеп бере алатын білімі мен білігі мықты қазағы мен Қазақстан азаматы болып қалуы, елдің тәуелсіздігі

мен елдігін сақтауы, міне, осыған байланысты. Жас ұрпақты кішкентайынан, дәл бүгінгі күнге дейін жүйелі отаншылдыққа тәрбиелей бастаудың маңыздылығы да міне, осында.

### Әдебиеттер

1 *Нысанбаев А.* Философия взаимопонимания. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 2001.

2 *Abdimalik Nisanbayev.* Kasak türklerinin felsefesi. Ankara, 2002. 182 s.; Kasak türklüğünü Aydınlatanlara Nisanbayev'in Bakışı. Hazırlayan Prof. Dr. Sadik Tural. Ankara, 1999. 258 s.

3 *Абенев Е.М., Арынов Е.М., Тасмагамбетов И.Н.* Казахстан: эволюция государства и общества. – Алматы: ИРК, 1996. – С. 16.

4 *Рукавишников В.О.* Качество российской демократии в сравнительном измерении // Социологические исследования, 2003, № 5. – 31 б.

5 *Титаренко Л.Г.* Парадоксальный белорус: противоречия массового сознания // Социологические исследования, 2003, № 12. – 97 б.

6 Глобализация и постсоветское общество. – М., 2001. – 55 б.

7 Источники средств существования населения Республики Казахстан // Итоги переписи населения 1999 года в Республике Казахстан. Статистический справочник // Агентство Республики Казахстан по статистике. Алматы. 2000.

8 Казахстанское общество и социальное прогнозирование. Социологическое измерение. – Алматы. 2001. – 25 б.

9 *Абишев К.А.* Тоталитаризм как форма отчуждения // Человек в мире отчуждения. – Алматы. 1996. – 53 б.

10 *Нечипоренко О.В., Нысанбаев А.Н.* Россия и Казахстан в XXI веке. Опыт модернизационных реформ. – Новосибирск, 2005. – 32 б.

11 *Арендт Х.* Истоки тоталитаризма. – М., 1966. – 573 б.

12 *Бохеньски Ю.* Духовная ситуация времени // Вопросы философии. 1993, №5. – 94 б.

13 *Фромм Э.* Бегство от свободы. – М., 1989. – 9 б.

14 Сонда. – 11 б.

15 *Панарин А.С.* Стратегическая нестабильность в XXI веке. – М., 2004. 143 б.

16 *Дунаев В.Ю.* Транзитное общество: контексты самоидентификации как предмет социодискурса // Становление гражданского общества в странах Центральной Азии. – Алматы. 1999. – 171 б.

17 Сонда. – 156 б.

---

## **2 МӘДЕНИ ЖАҒАНДАНУ ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ДҮНИЕТАНЫМЫ**

### **2.1 Тәуелсіздік – біздің басты құндылығымыз**

Қазіргідей өтпелі қоғамда өмір сүрген жағдайда, кез-келген елдің немесе халықтың болашақ өркениеттік дамуы сырттан енгізілген саяси технологиялар мен экономикалық реформалау әдістерінің көмегімен емес, ұлт болмысының терең рухани қыртыстарын қамтитын дүниетанымдық тұрғыда шешіледі. Ал біздің қазақ тумасынан философ халық қой. Сондықтан ұлттың өткен тарихы мен дәстүрлі рухани-дүниетанымдық тұғырларын қалпына келтіруде философия маңызды орын алады.

Жекелеген ғылым салалары табиғат пен қоғамның нақты қырларын зерттеумен айналысса, ал философияның пәндік аймағы адам мен әлемнің жалпы арақатынасын қамтиды. Осыған сәйкес ғылым ұлттықтың ауқымынан тыс жатса, ал философия өзінің бастауын мифологиядан, діннен алатындықтан әлемге деген қатынастың этностық сипатымен, мәдени ерекшелігімен тығыз байланыста болады. Демек, әлемде қанша ұлттық жетілген мәдениеттер бар болса, сонша ұлттық философиялық жүйелердің болатындығы белгілі. Ал қазақ халқының кейінгі ұрпаққа қалдырған рухани мол мұрасын ескерсек, қазақ философиясы туралы сөз қозғау орынды да әрі маңызды.

Қазақ мәдениетінің өткені, оның терең рухани қыртыстары мен болмысы, бүгінгі мәдени ахуалдың қайшылықтары мен келешегі мәселелерін зерттеу өзінің көкейтестілігімен көзге түсіп, отандық философия ғылымына маңызды міндеттер жүктейді. Егер Батыста

кәсіби формадағы университеттік философия үстемдік етсе, қазақтардың ұлттық дүниетанымы көркемдік және діни мәтіндердің дәстүрлі түрлерінде, өзіңіз айтқан ақын-жыраулардың, би-шешендердің, ағартушылардың шығармашылығында басым болып келеді. Бұл мәселе қазіргі кезде еуроорталықтық ойлау тәсілінен арылған қазақ философиясының болашағы туралы мәселені күн тәртібіне қояды. Қазақтың бай төлтума мәдениетін қалпына келтіру, халықтың тарихын жан-жақты түсіну үшін де, оның дүниетанымдық негізі мен әдіснамалық құралын қалыптастыру қажет.

Осы орайда әдебиеттегі қалыптасқан пікірлерді жинақтай келе, оның мынадай жіктемелік белгілерін атап көрсетуге болады: қазақ философиясы философиялық емес сарындағы даналық тәжірибесіне жатады; қазақ даналығы табиғатқа бас июмен, оны тәңірі тұтумен сипатталады, оның терең экологиялық мазмұны бар; қазақ философиясы көшпелілік менталитетімен тығыз байланысты; қазақ философиясы онтологиялық және гносеологиялық мәселелерден гөрі этика мен антропологияға көбірек көңіл бөледі, аксиологиялық мәселелерге, әсіресе, рухани құндылықтарға ерекше назар аударылады; қазақ философиясы өзінің ғарышпен, әлеммен үндестігі арқылы сипатталады; философиялық мәселелер, қазіргі тілмен айтқанда, негізінен, экзистенциалдық, дидактикалық және прагматикалық сипатта қарастырылады, қазақ философиясында нәпсіден, байлықтан, табыстан гөрі ар-намыс, қанағат, тәубе, әділеттілік және тағы басқалары жоғары қойылады, алудан гөрі беру дәріптеледі; ұжымдық мүдде жеке мүддеден жоғары қойылады.

Кеңестік тарихымызда көптеген жылдар бойы барлық гуманитарлық және қоғамдық ғылымдарда қазақ халқының рухани тарихындағы үрдістерге үстірт көзқарас қалыптасып келгені белгілі. Тәуелсіздікке қол жетісімен біз өз институтымызда «қазақ философиясы және эстетикасы» бөлімін ашып, осы уақытқа дейін айтылмай келген қазақ философиясының проблема-

тикасын ғылыми-зерттеу жұмыстарының нысанына айналдырдық. Соның нәтижесінде бірнеше ұжымдық монографиялар жарық көрді: «Қазақ даласының ойшылдары: IX-XII» (1995), «Қазақ даласының ойшылдары: XIII-XV» (1999), «Қазақ даласының ойшылдары: XVI-XVIII» (2001), «Қазақ даласының ойшылдары: XVIII-XIX» (2004). Сондай-ақ «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы аясында 20 томдық «Қазақ халқының философиялық мұрасы» жинағы жарық көрді. Антологиялық ұстынмен құрастырылған осы сериядан іріктеп, бес томын ағылшын тілінде келесі жылы шығарсақ па деп отырмыз. Бұл шаралар қазақтың рухани бейнесін әлемге танытуға жағдай жасайды және қазіргі қалыптасқан заманауилық ахуалда қоғамның рухани даму жолын дербес таңдауға, ұлттық мәдениетті қайта түлетуге көмектеседі, сонымен қатар қазақтардың тарихтағы өткенін руханилық тұрғысынан кеңінен пайымдауға септігін тигізеді деген ойдамыз.

Кеңес дәуірі тұсында Маркстік-лениндік рухтағы философияның тек қоғамдық-саяси өмірдегі идеологияның негізгі құралы болып қана қоймай, бүкіл жаратылыстанулық және әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдардың әдіснамалық негізі болғаны да белгілі. Сондай-ақ ол өмірдің барлық дүниетанымдық қырларын түсіндіріп беретін бірден-бір дұрыс әмбебап ілім рөліне ұмтылды. Рухани саланың кеңестік дәуірге тән ерекшеліктеріне орай сол заманғы адам ділінде үстемдік еткен бұл ілімнің өзіндік орнын жоққа шығаруға болмайды.

Аталмыш дәуірде Қазақстанда өзіндік кәсіби философиялық мектеп қалыптасып қана қоймай, оның өкілдері жалпы кеңестік, әлемдік философиялық білімнің дамуына да өзіндік үлестерін қоса білді. Мұның дәлелі ретінде диалектикалық логика бойынша Бүкілодақтық симпозиумдардың 1968, 1977, 1990 жылдары Алматы қаласында өткенін келтіруге болады. Симпозиумның материалдары жеке-жеке екі кітаптарда жарияланды. Қазақстандық философтар логикалық-гносеологиялық және әдіснамалық қырынан қарастырған диалектика-

ның бұл мәселелері маркстік философияның негізгі дүниетанымдық және теориялық міндеті болып табылатын диалектиканың теориясын жүйелі түрде дайындаумен байланысты болды. Ал диалектика теориясының өзі тарихи танымның, қоғамдық практика мен ғылым жетістіктерінің жан-жақты қорытындысы болуы тиіс еді. Қазақстандық философтардың осындай қомақты ғылыми нәтижелері – бірнеше монографиялар мен мақалалар тізбегінің жариялануы оларға бүкілодақтық танымалдық әкелді. Осы кезден бастап Қазақстанда кәсіби философияның қалыптасуы туралы толық негізде айтуға болады.

Тәуелсіздік тұсындағы қазақ халқының қоғамдық санасындағы түбегейлі өзгерістер тарихи тағдырдың тәлкегімен ұмыт болған ұлттық дәстүр мен мәдениетті қайта жаңғыртуымен сипатталады. Бірнеше ғасыр бойы отаршылық пен тоталитаризмнің ықпалымен мәдени деградация мен трансформацияға ұшыраған ұлттық мәдениетті қайта өркендету мемлекеттік деңгейде төмендегі міндеттерді жүктейді: ең алдымен ұлттық мәдениеттің негізін құрайтын түбегейлі құндылықтарды қайтару, яғни адамдарды рухани тұрғыда оятатын ұлттық тіл мен дәстүрді қайта жаңғырту; осы уақытқа дейін тыйым салынып келген халықтың тарихи өткенін толығымен жан-жақты зерттеулер арқылы қалпына келтіру, тарихи сананы қалыптастыру арқылы мәңгүрттік жағдайдан арылу; ғасырлар бойы қалыптасқан қазақ халқының асыл қазынасы – мәдени-рухани мол мұрасын игеру.

Жекелеген жетістіктерді есепке алмағанда, жалпы қазақстандық ғылымның жай-күйі әлемге танымал деп мақтанарлықтай жағдайда емес. Ғылыми-техникалық дамудың қарқындылығы нәтижесінде әлемдік қауымдастықтың жаңа ақпараттық-интеллектуалдық қоғамға қадам басуы және, сонымен қатар, еліміз егемендік алғаннан кейінгі оншақты жыл ішіндегі өтпелі қоғамға тән реформаларға сәйкес жаңалықтар лебі отандық ғылымға жаңа талаптар қояды. Қазақстанның ғылымын

ілгері дамыту үшін, буындар арасындағы сабақтастықты сақтау үшін, менің ойымша, төмендегі ұсыныстарға құлақ асу керек сияқты:

- ғылыми зерттеулер республикада барлық қаржы, кадр және материалдық-техникалық мәселелерге қатысты бірінші кезектегі мәселе болуы, оларға деген көзқарас, олардың әдіснамасы мен технологиясы, зерттеу бағдарламаларын қалыптастыру мен қаржыландырудың стратегиясы түбегейлі өзгеруі тиіс;

- әлеуметтік-гуманитарлық бағыттағы жеті ғылыми-зерттеу институттарына ұлттық мәртебе беріп, оларға барынша мемлекеттік қамқорлық жасау;

- ғылым саласындағы мемлекеттік емес сектор құруға жан-жақты қолдау көрсетіп, оларды қажетті мемлекеттік тапсырыспен, үй-жаймен, техникалық құралдармен қамтамасыз ету арқылы ғылымдар арасындағы бәсекелестік пен кәсіпкерлікті дамыту керек;

- ғалымдардың жалақысын басқа дамыған елдердегідей көтермейінше, әлеуметтік мәселелерін шешпейінше инновациялық дамуға көшу мүмкін емес;

- техникалық және әлеуметтік-гуманитарлық пәндер бойынша қазақ тілінде жаңа оқу бағдарламаларын, оқу құралдары мен оқулықтарды шығаруды үдету керек.

Жалпы, білім беру жүйесінің жалпыны қамтитын сипатына сәйкес әрбір әлеуметтік бірлікті ұлттық тарих пен рухани мәдениет аясына енгізу арқылы, елімізде біртұтас мәдени-ағарту және ақпараттық кеңістікті қалыптастыру арқылы білім мен ғылымды қоғамдық талапқа сай етіп жаңаша құруға болады. Сонда отандық жаңалықтар да шет жерге сатылмайтын болады, жастар ғылымнан қашпайтын болады.

Бостандық, азаттық, тәуелсіздік идеясы жаратылысынан еркіндіксүйгіш азақ халқының өмірінің мәнін құрайтын сияқты. Соңғы екі-үш ғасырларда астарлы жүргізілген отаршыл саясатқа қарсы болған үш жүз елуден астам көтерілістің өзі нені көрсетеді? Құдайға шүкір, халқымыздың аңсаған тәуелсіздігіне де қол жеткізіп, дербес елге айналдық. Алайда қазіргі жаһандану зама-

нында бәсекелестікке төтеп беру де оңай шаруа емес. Ұлттық намыс пен жігерді жани түсу керек, ұлттық рухты асқақтата түсу керек деп ойлаймын. Бұл үшін өз қазаныңның ішінде қайнап қоймай, одан асып төгіліп, өзіміздің тамаша ұлттық құндылықтарымызды сыртқы әлемге де сіңіре білуіміз керек. Қазіргі қазақ философиясының мәні барлық жағынан алғандағы еркіндік және еркін ойлатын тұлғаны қалыптастыру мәселесі болуы керек деп ойлаймын.

Қазіргі жағдайларда терроризммен, ұлтаралық қақтығыстармен, діни және саяси экстремизммен сипатталатын төзімсіздікті ғаламдық зұлымдықтар қатарына қосуға болады. Біріккен Ұлттар Ұйымы осыдан он жыл бұрын 1995 жылды бекерден бекер төзімсіздікті адамзат өмір сүруінің қатері ретінде белгілей отырып, толеранттылық жылы деп жариялаған жоқ. Төзімсіздік адамның құқықтары мен еркіндіктерімен, қоғамды демократиялық ұйымдастыру ұстындарымен сәйкес келмейді және мәдениеттер мен адамдар арасындағы айырмашылықты мойындамайды, оған қысым жасайды, жалпыадамзаттық дамудың қайнар көзі қызметін атқаратын алуан түрліліктің қарсыласы болып келеді.

Дін неге өзекті? Алдымен ол адамзаттың экзистенциалды болмысымен, руханилығымен байланысты. Бұл тұрғыдан алғанда дін қашанда өзекті. Екіншіден, бүгінгі әлемде қалыптасқан ахуалда діннің саясатпен астасуымен байланысты. Көпшілік дінді тазалықпен нық сенімнің нәтижесінде адам жүрегінен орын алатын ілім ретінде қабылдағанымен, теріс пиғылды саясатшылар оны өзге мақсаттағы құралға айналдырып отыр. Үшіншіден, тоталитаризм тұсында атеистік бағытта тәрбиеленген біз үшін діннің өзектілігі тәуелсіздік тұсындағы дүниетанымдық және рухани ізденістермен байланысты. Діни фанатизмнің соңы қашанда жақсылыққа апармайтынын талай тарихи айғақтармен дәлелдеуге болады. Ал біздің қазақтар ежелден ханифиттік мазхабтағы сунниттік бағытты ұстанады. Бұл бағыт жергілікті салт-дәстүрге де-

ген төзімділік, жаңашылдыққа деген либералдық қатынас ұстанатыны белгілі. Сондықтан да болар, басқа аймақтармен салыстырғанда, біздің елімізде іштей діни келісім бар. Дегенмен де билингвизм, трилингвизм, діни диалог идеяларын әсіре дәріптеп, елдің ішкі қауіпсіздігі мен тұтастығын назардан тыс қалдыруға болмайды.

Тәуелсіздік, демократия және рухани жаңару. Ғасырлар тоғысында дербес елге айналып, саяси, әлеуметтік және экономикалық жүйесі әлемдік өркениет үлгісінде қайта құрылып жатқан біздің тұтас бүгінгі елімізде бұл үш ұғым бір-бірімен ажырағысыз бірлікте зерттелініп, оңтайлы шешімі де бірге табылуы қажет. Себебі, кең мағынада алғанда, қоғамдағы демократиялық принциптердің тұтас салтанат құруы тек тәуелсіз елде ғана жүзеге асады. Сондай-ақ шынайы демократия мен халықтың басым көшпiлiгiн тұтас рухани тұрғыдан осы демократиялық еркіндікті пайдалана алатындай кемелденуіңіз мемлекетті тұтас тәуелсіздігін баянды ету де мүмкін емес.

Демек, тәуелсіздік – қоғамдағы демократиялық принциптердің тұтас орнығуы мен халықтың рухани жаңаруының іргетасы болса, демократия мен рухани жаңару – елдің тұтас саяси және экономикалық тәуелсіздігін баянды етудің тұтас басты құралы екен.

Тәуелсіздік қазақ халқының ғасырлар бойы аңсаған асыл мұраты еді. Ата-бабаларымыз қанын да, жанын да аямай, қанша арпалысса да жете алмай кеткен осынау қастерлі мақсатқа біздің тұтас ұрпақ 20 ғасырдың аяғында дау-дамайсыз қол жеткізді. Әлем жұртшылығы халқымыздың дербес елдігін таныды, өркениетті мемлекет құруға ұмтылған қадамымызды құптап, қолдау көрсетуде.

Тарихи себептерге байланысты Қазақстанға қоныс аударып, біздің тұтас атамекенімізге бауыр басқан өзге этникалық топтардың өкілдері де ортақ Отанымыздың дербес мемлекетке айналғанына өзімізбен бірге қуанып, оның өркениет жолымен дамуына елеулі үлес қосуда. Бір сөзбен айтқанда, біз – тәуелсіздігімізді нығайту,

экономикалық жүйемізді жаңарту, демократиялық ұстындарды орнықтыру, ұлттық бірегейлену сынды күрделі-күрделі процестерді басымыздан өткізіп жатқан елміз. Мұның өзі қоғамдағы орнықты саяси ахуал жағдайында халықтың басым көпшілігін тұтас рухани жаңаруы арқасында жүзеге асуы мүмкін процестер. Міне, сондықтан да ел Президенті Н. Назарбаевтың Қазақстанның келер ғасырдағы басты даму бағдарын белгілеп берген стратегиялық жоспарында халықтың рухани жаңаруына ерекше маңыз берілген. «Адамдардың ой-санасын бір сәтте өзгерту мемлекеттің қолынан келмейді, – делінген аталған еңбекте, – бірақ мемлекет өзгерістер процесін, объективті тенденцияларды түсіндіру, маңызды ақпаратты халыққа жеткізу жолымен және де ең бастысы, өзіндік молшылыққа бағытталған әлеуметтік-экономикалық саясатты іске асыру жолымен жеделдетуге қабілетті. Адамдардың жаңа дүние-танымы қалыптасқанша оңдаған жылдар қажет болады».

Адамдар санасының өзгеру, халықтың басым көпшілігінің тұтас әлемдік өркениет үлгісімен рухани жаңару процесін тұтас күрделі сипатын ашып көрсете отырып, ел Президенті бұл процест тұтас қазіргі таңда қалай жүріп жатқанына да баға береді. «Қоғамымыздағы өзгерістер ықпалымен, өзіміз көбіне оны түйсіне де бермей, құндылықтардың сапалық тұрғыдағы өзге жүйесі мен адамдық қарым-қатынастардың жаңа түріне дағдылана отырып, өзіміз де түгел өзгердік, – дейді Президент, – қысқасы біз азаттық алдық. Мемлекеттік-ұжымдық дүниетанымның жекешіл дербес дүниетаныммен алмасуы біздің тұтас өміріміздің тұтас әрбір қырын өзгертті». Бір ескере кететін жай – Президент еңбегінде айтылған «азаттық» сөзі бұл тұста мемлекетт тұтас тәуелсіздігі мағынасында емес, адамдардың рухани бостандығы мағынасында қолданылып отыр. Ал рухани бостандық, ой еркіндігі, ұлттық философия мен тарих, қазақ ұлтының сонау көне заманнан бүгінгі күнге дейінгі жүріп өткен ұлы жолын өркениеттік әдіс тұрғысынан тереңірек зерделеу тәуелсіз және еге-

мен Қазақстан жағдайында ғана мүмкін болды. Тек тәуелсіздік пен егеменділік жағдайында ғана Қорқыт Ата, Қожа Ахмет Иасауи, т.б. ғұлама ойшылдар мен гуманистер көзқарастары, қазақтың дәстүрлі дүниетанымы туралы бүкпесіз айтуға, айтып қана қоймай, жүйелі түрде зерттеуге халқымыздың бай рухани мұрасын игере отырып, ұлттық өзіндік сананы қалыптастыруға, біртұтас ұлт болып ұюға мүмкіндік алдық.

Бұл орайда ендігі алдымызда тұрған келелі міндеттердің тұтас бірі – халқымыздың ежелгі тарихи, мәдени және рухани әлемінің терең тамырларын анықтап, оларды қопара зерттеп, философиялық тұрғыдан біртұтас жүйеленген ұлттық тарихымызды жасап шығу.

Ұлт тарихын ұлы ойшылдар мен жеке тұлғаларсыз көзге елестету мүмкін емес. Себебі, ықылым заманнан бері ықпалына ерген халқын өрге сүйреп, өркениет жолымен алға бастаған да, сенімді ақтамай орға жығып, азап пен қайғыға душар еткен де жеке тұлғалар болған. Бүгін біз олардың бірін тұтас іс-әрекетін құрметпен еске алсақ, екіншісіне өкінішпен бас шайқаймыз. Ал әңгіме мәдениет, ғылым мен өнер жайына ауысқанда жеке ойшылдарды ауызға алмау мүлде мүмкін емес. Кез келген ғылыми және философиялық еңбек, мәдениет пен өнер, әдебиет пен музыка туындысы жеке адамның ғана көкірегінен қайнап шығып пайда болады. Қазіргі авторы белгісіз, халықтық болып аталып жүрген жырлар мен күйлерді, әндер мен аңыздарды да кезінде жеке адамдар шығарған. Тек кейін олардың есімдері хатқа түспей, уақыт атты ұлы дүрмекте ұмытылып, ел жадында шығармасы сақталса да, өздері қалмаған. Рас, ғасырлар қойнауынан бізге жеткен бұл шығармалар жүре бара өңделсе өңделген болар, толықса толыққан шығар, бірақ о баста бір ғана хас шебердің тұтас қолынан шыққаны талассыз.

Осы тұрғыдан келгенде, жадына сеніп, жазушызуға салғырттау қараған елде Қорқыт Атаның, Әбу Наср әл-Фарабид тұтас, Махмұт Қашқарид тұтас, Қожа Ахмет Иасауид тұтас, Асан Қайғының, Бұқар

жыраудың, Абайдың, Құрманғазының, т.б. ұлы бабаларымыз шығармаларының сол күйі сақталып, бүгінгі ұрпақтарының игілігіне айналып отырғанына мың мәрте шүкірлік айтқың келеді. Сірә, кең байтақ даламыздағы өркениет көшін тұтас өн бойынан қадау-қадау шыңдар тәрізді уақыт өткен сайын бейнелері асқақтай түскен осынау тарихи тұлғалардың бірқатары шығармаларының дер кезінде хатқа түскені арқасында даусыз-талассыз түркі мәдениетінің төл өкілдері аталып отырса, енді бірқатары ұлт пен ұлттық мәдениет тұтас өз кезіндегі, тіпті кейінгі бүкіл даму барысына орасан зор ықпал жасағандықтан халық жадында мәңгі бақи қалған. Ендігі міндет – алтынның сынығындай осынау асыл мұраларымызды жинақтап, біртұтас жүйеге айналдырып, халықтың рухани жаңаруына қажет табиғи арна қалыптастыру. Ол үшін біз, ғалымдар, ең алдымен «рух», «руханилық» ұғымдарының мәнін саралап, отандастарымыздың руханилық тұрғыдан жаңару және даму бағдарларын айқындап алуымыз қажет.

Адам баласы ежелден-ақ тұлға архитектуроникасында дене – жан – ақыл – рух болатынын айыра білген. Дене мәні – материалдылығында; жанның мәні – образдарда, эмоцияларда, сезімдерде; ақыл мәні – ойларда, идеяларда. Бірақ материалдық мүдделермен өмір сүретін адамда рухани сипат болмайды; эмоциялармен немесе идеялармен өмір сүретіндер де «рухани» кісі болып танылмайды. Тек рух қана адамның руханилығына кепіл бола алады.

Рух мәні – жасампаздық пен шығармашылық еркі, бостандығы, қуаты. Соңдықтан да рух адамның өмір сүруі мен дамуына кепіл болатын біртұтас қасиетті күш.

Руханилық – адамның өзін-өзі тәрбиелеп, біртұтас тұлға ретінде қалыптасуы. Демек, «қасиеттілік» дегеніміздің тұтас өзі руханилық; ол адамның ішкі жан дүниесінен шығатын және оның еркіндігін тудыратын «нұрлы сәуле» немесе психикалық қуат. Мұнымен қоса руханилық – тек жай ғана еркіндік (еркінсу секілді) емес, ол жауапкершілік те, өйткені мұндай адам шексіз

шығармашылық мүмкіншілігі арқылы бір өзі бүгін бір әлем секілді болады.

Рухани адам, «рухтанған» жан – бұл өзін-өзі біртұтас әмбебаптық бағытта дамыта алған еркін тұлға.

Осыдан келіп руханилық өлшемі – адамның тұлғалық қасиеттерін тұтастықпен ұштастыра отырып тұрақты түрде жетілдіру қажеттігі келіп шығады.

Руханилықты тәрбиелеу сондықтан да адамгершілік жауапкершілікті, ойлау мәдениетін, тұтас дүниетанымды тәрбиелеу болып табылады.

Бүгінгі қазақстандықтар өзге өркениетті дүниеден оқшау өмір сүре алмайды. Бүкіл адамзат баласы біртұтас кеңістік пен уақытқа байлаулы.

Біздің тұтас уақытымыз планетарлық техникалық дискурс пен тұрмыс құпиялары арқылы сипатталады (М. Хайдеггер). Сондықтан отандастарымыздың болашақ рухани жаңару өлшемдерін Шығыс дәстүрлері мен Батыс модернизациясының синтезімен ғана айқындауға болады.

Бірінші өлшем – әлемдік тарихтың біртұтастығын тану және оның мәнін түсіну. Бұл орайда дәуірдің тұтас рухани даму деңгейі тарихты біртұтас етіп көрсетуінен аңғарылады деген Ясперс пікірімен келіспей болмайды.

Шығыста рух абсолютті болмыспен біртұтастыққа жету үшін ішке қарай ұмтылса, Батыста сол рух жайлылыққа, әлемдегі тіршілік қауіпсіздігіне жету үшін сыртқа қарай ұмтылып жатады. Қазір уақыт біздің тұтас алдымызға Батыс бастиондарынан (өркениет, ғылым мен техника, логикалық ойлау жүйесі табыстарынан) қол үзбей, назарды Шығысқа аудару міндетін қойып отыр. Біз үшін рухани жағынан бай адам болу Батыстың да, сонымен бірге Шығыстың да адамы болу, демек, біртұтас адамзаттық өркениетке жету болып табылады.

Екінші, осыдан келіп шығатын өлшем – Шығыстың бай рухани тәжірибесін игеру және Батыстың рухани мәдениеті биігіне көтерілу. Бұл үшін «кітаптардың кітабына», әлемдік мәдениет шыңдарына қол созуымыз керек.

Бірақ бірінші рангадағы кітаптарды оқу да рухани көрсеткіш бола алмайды. Өзін-өзі тану – бұл өзара түсіністік. Интеллектуалдылықтың биік шыңдарын игеру – өзін-өзі танудың, әлем мен адамға деген өзіндік көзқа-расты қалыптастырудың шарты болып табылады. Мұндай өзіндік әрекеттерсіз интеллектуалдық тамаша еңбектермен танысудан туған ойлар адам мүсірке-лік пен сырттай құр бос эрудиция көрінісін ғана тудырады. Осыдан келіп руханилықтың үшінші өлшемі – ойдың дербес өзінше еркін жұмыс істеу қажеттігі келіп туындайды.

Әйтсе де мұның бәрі де әлі жеткіліксіз. Рухани қалыптасу барысында ой барлық мәндерді түгел қамти алмайды. Бұл орайда тұлғаға тән эмоционалдық, ерік-жігер секілді көріністердің тұтас бәрін де жұмылдыру қажет болады. Адам мәдениет әлемімен сұхбатқа түсу процесінде өзгелердің тұтас пікірлершін өзінше игеріп қана қоймайды, сонымен бірге өз көзқарасын да білдіреді. Бұл оның өзін-өзі тұлға ретінде қайта өзгертуге, өзгелерді де өзгертуге ықпал ететін жалпыға ортақ сұхбаттар кеңістігін құруға ықпал етеді. Осынан келіп руханилықтың төртінші өлшемі – өзін-өзі тұрақты түрде өзгертіп отыру, адамзаттық тұлға жасау шарттылығы туындайды.

Адам бойындағы рухани даму мүмкіндігін көрсететін тағы бір жайт – оның айқын өмірлік позициясының болуы. Егер ол тек қана баюға ұмтылатын, бірақ еліне, өз отандастарына қол ұшын беруді, көмектесуді ойламайтын, имандылық пен адамгершіліктен аулақ тұрған болса, қанша кітап оқыса да, бәрібір, ондай адамның руханилығы туралы сөз болуы да мүмкін емес.

Өмірлік позиция белсенділікті, табысқа, материалдық игілікке ұмтылуды қажет етеді, бірақ ол өз отандастарының, қандастарының тұрмыс дәрежесін көтеру, туған елін тұтас экономикасы мен мәдениетін дамыту мақсатын көздеуі шарт. Осындай өмірлік позициялар ғана әрбір тұлғаның рухани өсуі мен рухани қалыптасу деңгейлерін көрсете алады.

Жиырманшы ғасырдың, шартты түрде Ғайса пайғамбар дүниеге келген күннен басталатын зайырлық күнтізбеміздегі екінші мыңжылдықтың соңғы жылы барша қазақстандықтар үшін екі үлкен жаңалықпен басталды. Оның бірі – отандастарымыздың басым көпшілігін тұтас қолдауымен бізді үшінші мыңжылдыққа бастап апаратын Елбасымызды сайлап алуымыз болса, екіншісі – сол Елбасымыздың «Тарих толқынында» деп аталатын кітабының қазақ және орыс тілдерінде жарық көруі.

Әрине, бұл Президентіміздің қаламынан туған алғашқы кітап емес. Сонау 90-жылдардың басында жарық көрген «Ақиқаттың ақ жолынан» бастап, бізді Елбасымыз отандық және әлемдік ауқымдағы күрделі проблемалардың күрмеуін жазуға тікелей ықпал еткен, ықпал етуге тиіс құнды ойларын талай рет оқырмандармен бөліскен-ді. Ол кітаптар Қазақстан мен ТМД елдері шеңберінде ғана емес, дүние жүзін тұтас көптеген мемлекеттерінде ерекше қызығушылықпен қабылданған.

Ендеше, сұңғыла саясаткерлігімен ғана емес, күрделі саяси-әлеуметтік және экономикалық мәселелерді талдауда кәсіпқой ғалымдардың өзін тұтас алдын орап кететін парасатымен жалпақ әлемге танылған Елбасымыздың тағы бір жаңа кітабын біз неге үлкен жаңалыққа балап отырмыз?! Жаңалық болғанда, Батыс жарты шардағы Америкадан бастап, Шығыс жарты шардағы Жапонияға дейінгі ірілі-ұсақты елдердің тұтас бәрін тұтас құлағын елеңдеткен Қазақстандағы Президент сайлауына пара-пар жаңалық деуімізге не себеп?!

Басқаны қайдам, әрбір жаңа шығармасы арқылы мүлде жаңа қырынан танылатын Елбасымыздың «Тарих толқынында» кітабын мен өзім солай қабылдадым. Себебі, біздің тұтас қазіргі қалпымыз бен болашақ дамуымыздың басым бағыттарын айқындап берген «Қазақстан – 2030» стратегиясы ғылыми тұжырымдылығымен, басты міндеттерді және оларды орындау кезеңдерін нақтылы алға қоя білуімен тәнті ете тұра, бұл жоспарларды іске асыратын басты тұлға – адамды

дамыту тетігі толық ашылмай қалған сияқты көрінетін де тұратын. Бейне Елбасы бұл тетікті табуды, оны жан-жақта негіздеуді қоғамтанушы ғылымдар сыбағасына қалдырғандай әсер алатынбыз. Енді міне, бұл тетікті де өзі тауып, біздің ілгері дамуымыздың негізгі тірегі ретінде ұсынып отыр.

Мәселен тұтас мәні неде? Мәселен тұтас мәні: дербес мемлекет бола сала бүкіл әлемдегі қаржы мен ақпарат ағыстарының иіріміне тартылып, әлемдік саясат айдынына күмп берген Қазақ елін тұтас ертеңгі тағдырына байланысты еді. Онсыз да отаршылдық пен тоталитаризм бұғауынан сан-сырап шыққан ұлттық санамыз әлгі ақпараттар ағынының адуыңды иірімінде жұтылып кетпей ме?! Жаңаша отарлаудың оңтайлы сарбаздары от құсатын қару асынғандар емес, жып-жылмақай ақша тасығандар болуы мүмкін бүгінгі заманда, оқ бойы озып кеткен әлемдік өркениет көшін қуып жету үшін шетелдерден жаңа технологиялар мен қаржылай көмек алуға мәжбүр болып отырған біздің тұтас Отанымыз түптің түбінде жаңа кіріптарлыққа душар болмай ма? (Әзірше мемлекетіміздің сыртқа жиынтық қарызы жылдық ұлттық табысымыздың 21 процентін ғана құрап отырғанда бұлайша сары уайымға салыну ертерек болар, бірақ дүние жүзінде қатерлі меже ретінде қабылданған 25 проценттің де ауылы алыс емес). Ең соңында, ашық демократиялық қоғам жағдайында бір жағынан біліктілік пен ілкімдік бойынша шетелдік замандастарымен иық тірестіре бәсекеге түсе алатын, екінші жағынан, өзінің ұлттық ділі мен тілін таза сақтаған жаңа үрпақ тәрбиелей аламыз ба? Этникалық құрамы да, өмірге көзқарастары мен ұстанымдары да ала-құла бүгінгі отандастарымызды қыр астындағы жаңа ғасырда алдымыздан шығар бейбіт бәсекелерге төтеп беретіндей топтасқан бірегей құрылымға қалай айналдыра аламыз? Өтіп бара жатқан ғасырдың 20-жылдарындағы Ататүрікт тұтас «Түрік халқын дамыту бағдарламасы» ұқсас немесе іргеміздегі Қытайды» «XXI ғасырдағы қытай халқын жетілдіру бағдарламасы» сияқты бізге де

қазақ халқын дамытудың кешенді жоспары қажет емес пе екен, сірә? Осы тәрізді сауалдар бір мені емес, барша зиялы қауымды көптен мазалап жүргеніне күмәнім жоқ.

Сөйтсек, бұл сауалдар Елбасымызды да мазалайды екен. Және тек мазаланып қоймай, жаңа кітабы арқылы барша қоғамтанушы ғалымдар күрмеуін жаза алмай жүрген, қазіргі және болашақ қоғамымызға қатысты күрделі мәселелердің тұтас шешімін де өзі ұсынып отыр.

Елбасының «Тарих толқынында» кітабы таза тарих туралы кітап емес. Бұл – мыңжылдықтардан тамыр тартатын ұлттық ойлауымыз бен тарихымызды қайта жүйелеу жолдарын көрсететін, тарихи тәжірибені бүгінгі өміріміз бен болашақ дамуымыздың қажетіне қалай жаратуды» үлгісін саралайтын күрделі ішкі әлеуметтік және сыртқы геосаяси мәселелердің тұтас шешімін табу тәсілдерін орнықтыратын, қазақ деген халықтың, жалпы түркі жұртының болмысы мен мұратын барша әлемге мүлде басқа Қырынан танытатын құнды туынды.

«Біз, – деп жазады Елбасы, – жағымды және жағымсыз ықпалдарына қарамастан, әртекті мәдениет тасқынында өзімізді құлықсыз тұтынушы ретінде сезінеміз. Бұл жерде мейлінше кең ауқымда жүріп жатқан ақиқат ахуалға қатысты да осыны айтуға болады. Алайда, осынау кең ауқымды ақиқаттан басқа біздің тұтас өзіміздің тұтас ұлттық мақсат-мүддеміз де бар ғой... Сонда қайсысы мәндірек – ахуалдың ағымында кету ме немесе өзіміздің тұтас қасиетті де стратегиялық мақсат-мүддемізді нысана ету ме? Бұл ретте қазақтың қазіргі ұлттық санасының жай-күйін қайдағы бір ақиқат ахуал деген алып қашпа қауесетпен шендестіріп, сол ұлттық сананы ішкі және сыртқы күштердің тұтас қыспағында қалдыру үрдісі байқалады. Сөйтіп, ілгері дамуға тұғыр болатын ұлттық сананың ұстанымды ерекшеліктері қаперден тыс қалып жүр».

Елбасымыз қазіргі қоғамымыздағы өткір проблеманы осылайша төтесінен алға қояды да, бұл проблеманы шешудің тұтас мән-маңызын былайша тұжырымдайды: «қазақтың өз ішіндегі біреулердің тұтас тетіктерін, ин-

ституттарын, құндылықтарын жетілдірудің тұтас мән-маңызы әскери құрылыстан немесе сыртқы саясат институттарын жасақтаудан бір де олқы емес».

Кітапта қазақ халқының әлемдік өркениетке «мен дегізерлік өзіндік болмысымен» енуіне мүмкіндік беретін, ілгері дамуымызға тұғыр болатын ұлттық санамыздың ұстанымды ерекшеліктері сараланып көрсетілген. Және бұл «ғасырлар тұңғыығымен тамырласып жатқан» ұстанымды ерекшеліктер, яғни біздің ұлттық тұтастануымыз үшін табан тірейтін тұғырларымыз ұлттық тарихымызды жаңа өркениеттік көзқараспен, терең біліктілікпен жан-жақты талдау арқылы ашылған.

Шынымен-ақ, біздің ұлттық тарихымыз көшпелі халықтың мәнсіз-мағынасыз жөңкіле босуының, атысшабыстарының жай әншейін жиынтығы емес екен. Қазіргі өркениетті елдердің тұтас негізін құраған халықтар бір-бірімен әлі араласа алмай жатқанда шаруашылықты жүргізу тәсілдері мен әскери өнерді меңгеруде алдына жан салмаған Еуразия құрлығының қақ ортасындағы түркілер өзге халықтарға мәдениет жеткізуші, Шығыспен Батыс мәдениетін бір-біріне жалғаушы рөлін атқарған. Тіпті, Жерорта теңізі жағалауындағы ежелгі дәуір өркениеті де бүгінгі Батыс елдеріне түркі-мұсылман өркениетін даналық өкілдерінің еңбектері арқылы жеткен. Мыңжылдықтар бойы алыс-жақын жұрттың бәрін қаһарымен қалтыратып, өзін озық мәдениетін ықпалына сіңірген түркі халқының күшқуатының сырын зерделей келіп, автор біздің даңқты ата-бабаларымыздың бойында асқақ рух, мызғымас бірлік, жағдайға тез бейімделгіш алғырлық болғанын сол замандардан сақталған деректерге сүйене отырып дәлелдейді. Дәл осы қасиеттер оларды адамзат көшінің алдына шығарған. Дәл осы қасиеттер кейін қанша қыспаққа түссек те, біздің тұтас төл болмысымызды сақтап қалуға жәрдемдескен. Болашақ жиырма бірінші ғасырда да қазақ халқының «Мен дегізерлік өзіндік болмысымен» әлемдік қауымдастықтан өз орнын табуына жеткізетін де – осы қасиеттер.

«Түркілер әлемін тұтас тап ортасында адам тұрды, – деп жазады Н.Назарбаев, – олар ең алдымен адамды құрмет тұтты. Адамдар әлемі, адамзат – түркі рухының қасиетті жиынтығы, міне, осылар».

Кейін отаршылдар да, тоталитаризм идеологтары да, ең алдымен, қазақ халқының бойындағы осы рухты жоюға тырысты. Олардың жоспарынша, «осының бәрінен соң ұлттық кие күйреп, психологиялық тығырыққа тірелуге тиіс еді.

Алайда, нәтижесі басқаша болды. Қазақтар – ұлы өркеніеттердің тұтас мұрагерлері тарихының сан-сапалақ мұраларынан өзін тұтас «ұлт – мен» дегізгерлік қасиеттерін алып шыға келді. Жай ғана алып шығып, жай ғана сақтай білген жоқ, сонымен бірге еселеп жаңғырта да білді».

Міне, Елбасымыз ұлттық рухтың киесін осылай бағалап отыр. Халық бойындағы осынау киелі қасиетті түртіп оятып, ілгері дамуымыздың қажетіне жаратудың мән-маңызын енді ұғынғандаймыз.

Ғасырлар бойы әрбір қазақты ортақ қауымға біріктіріп, ұлт етіп ұйытып, әрбір адамның тарихи зердесін жас кезінен қалыптастыруға, сөйтіп, тұтас халықтың бірегейлігі мен төлтума дүниетанымын сақтауға жәрдемдескен дәстүрлі рулық құрылымымыздың, жеті атаға дейін ірге бөліспейтін отбасылық үлгіміздің оңды ықпалдарын шынайы және мүлде жаңа көзқарас тұрғысынан бағалай отырып, Елбасымыз бұл дәстүрдің де ілгері дамуымызға, ұлттық топтасуымызға тірек болар тұстарын қажетімізге жарату қажеттілігін айтады. «Тарихтағы өз орныңды білу, бабаларыңды ру төмпешігінің деңгейінде емес, жалпыұлттық өреде мақсат тұту, ұлан-байтақ Еуразия тарихында ұлы істерге ұйтқы болған қазақтар мен олардың бабаларының өзіндік орнын танып-түсіну, ұлттық қадір-қасиетіңді қорлайтын жаттанды жалалардан арылу, міне, ұлттық тұтастыққа кепіл болатын бүгінгі күннің ең қуатты тетіктері осылар!» – дейді Елбасы.

Бұл да отандық қоғамтанушылар назардан қағыс қалдырып жүрген тосын ой. Және барша зиялы қауымға батпандай жүк арқалататын міндет те.

Елбасымыздың ойынша, ұлтты ғұмыр бойы тұтас-тандырып келген, болашаққа да тастүйін топтасқан қалпымызда жетуге жәрдемдесетін ұлы тетіктердің тұтас бірі – ана тілі.

Сондықтан «бүгінгі таңда ана тілін білу әрбір қазақтың парасаттылық және ұлттық қажеттігіне» айналып келеді. Мемлекет те қазақ тілін дамыту үшін, ең бастысы, институттанған мүмкіндіктер жасап беріп отыр.

Ұлттық тұтастығымызды, өзіндік болмыс-бітімімізді сақтаудың тағы бір тетігі – ұлттық мәдениет және қазақ халқының мәдениеті еліміздегі бүкіл мәдениеттерді біріктіруші рөл атқаруға тиіс – дейді Елбасымыз. Қазақ мәдениетінің мұндай қуатына күмәнмен қараушылардың күдігін нақтылы дәлелдермен сейілте отырып, автор ұлттық мәдениеттің сипатына біліктілікпен талдау жасайды. Әсіресе, Елбасымыздың ғасырлар бойы орасан зор көркемдік және танымдық-тәрбиелік жүк арқалаған қазақ поэзиясы туралы толғамды ойлары кәнігі әдебиетшілердің өзін тәнті етері даусыз.

Жалпы біз – бүгінгі қазақстандықтар әлемдік қауымдастық құрамындағы өзіндік болмыс-бітімімізді, төл дүниетанымымыз бен ұлттық мәдениетімізді серік етіп қана сақтап қала аламыз.

Сондай-ақ біздің тұтас ұлттық мәдени тұтастығымыз – ішкі бірегейленуіміздің де кепілі.

Елбасы ішкі бірегейлену, яғни бүгінгі қазақстандықтардың бір халық түрінде ұйысу процесін екі деңгейде қарастырады. Біріншісі – еліміздегі барша отандастарымыздың саяси-азаматтық қауымдастыққа ұйысуы. Бұл орайда, бәрімізге тең құқық беріп отырған елдік нышандарымызға құрмет, шекарамыздың мызғымастығын сыйлау, ортақ Отанымыздың жетістіктеріне қуану тәрізді сезімдер, міндетті түрде, қазақстандықтарды топтастыруға тиіс.

Ұлттық бірегейлену, негізінен, қазақ ұлтының өз ішінде өтуі қажет деп есептейді Елбасы. Сонда ғана ұлттық мемлекетін құрып отырған ұлт өзге этникалық

топтарды құрамына кіріктіріп, әлемдік қауымдастыққа біртұтас халық ретінде таныла алады.

Елбасымыз қоғамымыздың этникалық құрамының сан алуандығынан да ілгері дамуымызға қажет тетіктер табуға ұмтылады. Автор Қазақстандағы этникалық топтар мәдениеті өзге елдермен мәдени ықпалдасудың тиімді арналары болып табылатынын, бұл арналарды оңтайлы пайдалана білудің тұтас маңызын ерекше атап көрсетеді.

Бұл орайда, шынайы демократия мен азаматтық қоғамының мән-мағынасын шала түсінетін, сөйтіп, Қазақстанды ұлтқа қатыссыз адамдар қауымдастығы түрінде көргісі келетін ішкі және сыртқы «саясаткер-сымақтарға» біздің Елбасымыз жаңа кітабында батыл тойтарыс берген. «XX ғасырдың өн бойында бірегейлікті өркениеттілік, діни және идеологиялық доктриналар арқылы құрастырудың әр алуан әрекеттері шаң беріп отырады, – деп жазады Елбасы, – шынтуайттап келгенде, рационализм мен индивидуализмнің ұстанымдарын ғаламдық ауқымда «меңгеруге» негізделген либерализмнің тұтас әрекеті де ұлттық атаулыны әмбебаптықпен алмастыру емес пе? Соңғы онжылдықтарда қолданылып жүрген өркениет жүйелерін құрастырудың сәнге айналған әрекеті ұлттық үлгілерді ағымға бейімдеу дертіне шалдыққан. Әлбетте, мұның экономикалық өмірді ұйымдастыру әдістерінен гөрі құндылықтар жүйесіне қатысы молырақ.

Алайда, тарихта орын алған, ішінара өзін ақтаған осынау орасан зор түзілістердің тұтас бәрі негізгі фактіні шығара алмайды. Дәл осы ұлттық бірегейлік бүгінде «адамзат қоғамын топтастырудың басты тәсілі» болып қала береді. Бұдан сенімді, бұдан орнықты тетік әзірге жоқ».

«Ғасырлар тоғысында» кітабындағы ерекше көңіл аударатын тұстар – Елбасымыздың жалпытүріктік тұтастық пен Орталық Азиядағы туысқан халықтардың бірлігі туралы айтқан ойлары. Тарихы ортақ, тамыры бір, мәдениеті мен ділі ұқсас түркі халықтарын бас

біріктіріп, әлемдік саясат пен өркениет айдынында этникалық одақтас ретінде мәңгілік бірге болса деген арман – Қазақстан Президентін тұтас жүрекжарды сыры іспетті.

Ал Орталық Азиядағы үш туысқан елдің тұтас одағына Елбасымыз ерекше мән береді. Және бұл туралы ойларын өз тарихымыз бен әлемдік тәжірибелер мысалдарын тілге тиек ете отырып, терең де тұжырымды толғайды.

Бір кездерде әлемдік өркениеттің тұтас көшбасшысы болған түркілердің атамекенін иеленіп қалған кейінгі ұрпақтары – қазақтар, қырғыздар, өзбектер әлсірей-әлсірей неге XVIII ғасырда адамзат дамуының кенжелеп, ақыры жеке елдіктерін жоғалтып тынды. Бұған бір жағынан, тек сауда жолы ғана емес, әлемдегі мәдени және экономикалық ықпалдастықтың негізгі арнасы болған «Ұлы Жібек жолының» өзге арзан теңіз жолдарының ашылуына байланысты өз маңызын жоғалтқаны себеп болса, екінші жағынан түрік халықтары арасында ортақ бірліктің тұтас жетіспеуі де, салқынын тигізгені де – бүгінде дәлелденген тарихи шындық.

Қазақстан Президенті тарихтың осынау ащы тәжірибелерін талдай отырып, өз аумағымыздан «Ұлы Жібек жолы» сынды әлемдік ақпараттық және экономикалық байланыс жолдарын тартуға тарихи мүмкіндік туып отырған бүгінгі күні осы мүмкіндікті уысымыздан шығарып алмау қажеттілігін ескертеді. Ол үшін ұлттық мүдделерімізді үйлестіріп, саяси, мәдени және экономикалық ынтымағымызды бекіте түсу қажет.

Жиырмамыншы ғасырдың соңғы онжылдығы тұсындағы өтпелі қоғам жағдайында жалпытүркілік мәдениеттанудың мүмкіндік шамасы да безбенге түсіп отыр. Бүгінде біз бұрынғы тоталитарлық санадан жаңа демократиялық санаға өтудеміз. Қоғам тек саяси ғана емес, ғылыми, мәдени және өзге де өмірлік маңызы бар мәселелерді шешуге келгенде дағдарып қалғаны рас. Халықаралық өзара тығыз ықпалдылық жағдайында ауытқымалы-толқымалы өтпелі қоғамның рухани

ұстыны – ұлт мәдениетін және халықтық дүниетанымды өз топырағынан көктетуді қолға ала бастадық.

Мен тұтас пікірімше, егемен Қазақстанның одан әрі тарихи дамып-жетілуіне әр қырлы мүмкіндік, жағдайлар бар сияқты. Ол үшін әр қилы әлеуметтік қозғалыстар мен саяси ұйымдардың егемен, тәуелсіз мемлекеттегі негізгі қазақ ұлтының басқа этностарға шынайы жанашырлық танытуы, ұрпақтар, әлеуметтік жіктер арасындағы ынтымақтастық қоғамның орнықты дамуын қамтамасыз етеді. Мамандардың міндет-парызы күннен-күнге туындап отырған мән-жайды екшеп, сараптап, нарықтық қатынастарға көшу кезеңіндегі таңдап алған өркениетті батыттағы өзіндік даму жолымыз таразылануға тиіс.

Бір қарағанда, дәл бүгінгі әлеуметтік құлдыраудан шығудың жолы қазақ халқының Қазан төңкерісіне дейінгі байырғы тұрмыс-салтын қалпына келтіру болып көрінуі мүмкін. Өкінішке орай, халқымыздың дүниетанымы мен бай ұлттық көне мәдениетінің жұлым-жұлым жұрнағы ғана қалды. Онда да тағдыр тәлкегіне, тоталитарлық тепкіге ұшырамаған, туған жерінен жырақ жүрген қазақ диаспорасы ғана төңкеріске дейінгі қазақтың әдет-ғұрпын қаз-қалпында сақтап қала алған. Оған біздердің қайта оралуымыз бүгінде мүмкін емес. Әйтсе де ештен кеш жақсы дегендей, Қарағанды жинаған сынықшыдай, рухани ұлттық мұраны өз қалпына келтіру және мәдениет пен руханилықты жандандыру бұдан былайғы мәдени майдандағы басты шаруамыз болмақ. Оны да жалпытүріктік тұтастық идеясы негізінде жүргізген жөн.

Тәуелсіз мемлекет, айқын мәдени және рухани-адамгершілік бағдарсыз дамымайды. Егер Қазақстанға жағырапиялық және әлеуметтік-мәдени шолу жасасақ, біз тұтас еліміз Баты пен Шығыс және ежелгі өркениетті Қытайдың қақ ортасында орналасқан. Бұл фактор қазақ халқының кешегі, бүгінгі және болашақтағы рухани болмысына әсерін тигізбей қоймайды.

XXI ғасыр – тәуелсіз де егеменді түркі тектес мемлекеттер мен халықтардың түбірлі де күрделі өзгерістер

ғасыры. ХХІ ғасыр – нарықтық қатынастардың өмірімізге мықтап орнығатын және ұлтым деген ұландардың күні туатын ғасыр. ХХІ ғасыр – түркі мәдениеті мен ғылымының гүлденетін ғасыры. Сондықтан түркі тілдес мемлекеттер мен халықтардың өзара бірігуі, ынтымақтасуы және жалпытүріктік тұтастықты қалпына келтіру қазір біздер үшін ауадай қажет. Бұл кітап жеті жылғы үздіксіз зерттеу жұмысымының нәтижесі. Оны дайындау барысында Фарит Сулейманов, Гауһар Барлыбаева, Сергей Колчигин, Ғарифолла Есімов сынды көрнекті ғалымдармен бірігіп жазған мақалаларды өңдеп пайдаландым. Сондықтан оларға шын жүректен алғысымды білдіремін.

## **2.2 Бағыт айқын болмай, көш түзелмейді**

Жер шарының ұлттық тәуелсіздік алған әрбір жаңа мемлекеті ең әуелі күрделі саяси және әлеуметтік-экономикалық мәселемен бетпе-бет келері сөзсіз. Қоғамның осындай әлеуметтік-экономикалық іргетасы шайқалған кезеңде үкімет саяси тұрақтылықты қамтамасыз етіп тұра ала ма деген сауал туындайды. Өйткені күрделі өзгерістер барысында мемлекеттің басқару механизмдері әлсіреп, қоғам – дамудың тұрақсыз сатысына өтеді. Мұның өзі сайып келгенде, елдің өрісті дамуына тосқауыл жасайды. Айталық 80-жылдардың аяқ кезінде Кеңес Одағы, міне, нақ осындай күйге ұшырағанды. Сондықтан да қазіргі әлеуметтік-экономикалық өзгерістерді тездетеміз деп, қоғамды бір қалыптан мүлдем шығарып жіберетін асығыс шешімдер қабылдау қатерлі.

Мұндай асығыс саясат түптің-түбінде кері әсер етуі мүмкін. Біз бұрынғы Кеңес Одағы кезіндегідей идеологизммен суарылған қоғамды қайта орнатуға тырыспаймыз. Алайда, қоғамның белгілі бір деңгейдегі идеологиялық бірлігін сақтамай қоғамды реформалау мүмкін емес. Дүниенің тұтас бірқатар индустриалды елдеріндегі әлеуметтік-экономикалық жаңа

ағымдардың тәжірибесі көрсетіп отырғандай, қоғамдағы түрлі реформалар ешқашан саяси, әлеуметтік және экономикалық жағдайдың аумалы-төкпелі кезінде жүзеге асырылмаған. Мұндай өзгерістер әдетте негізгі қоғамдық-саяси құндылықтарды халық қабылдаған жерде ғана өркен жайған.

Олай болса Қазақстандағы қазіргі іргелі өзгерістерге де өркениетті елдердің бай тәжірибесін тұтас биігінен қарағанымыз жөн. Мінеки, нақ осы тұрғыдан келер болсақ, біздің мемлекетіміздегі нақты іспен айналыспайтын, тек болжам ғана жасайтын құнарсыз, даурықпа пікірсайыстар тегінде нәтижелі жеміс бере алмайды. Сондықтан күретамырлы мәселені талдап, талқылауға келгенде басқа мемлекеттердің саясат һәм әлеуметтік-экономика саласындағы жетістіктерін де ұмытпағанымыз لازым. Мәселен, мына көрші Қытайдың сатылы экономикалық реформасы социалистік жүйенің шеңберінде жүргізіліп, кезінде атышулы Михаил Горбачевтің тұтас қайта құруына қарағанда анағұрлым оңды нәтижелер берді. Бұл жерде айта кететін бір жайт, 70-жылдардың аяғында басталған Қытай реформалары бүгінге дейін елде саяси тұрақтылықты демейтін негізгі құрал – мемлекеттік идеология ретінде пайдаланылып, әлеуметтік-экономикалық өзгерістердің келесі кезеңінде қоғамның іргетасын бекіте түсетін ұран ретінде жүзеге асты.

Басқа социалистік елдерге қарағанда Қытайдың бір өзгешелігі сол – елде экономикалық түлеулер қаншалықты тереңдеген сайын, саяси орнықтылыққа соншалықты қатер төнген жоқ. Оның үстіне, Шығыс Еуропада, КСРО-да социализмнің күйреуін өзінше бағалаған Қытай басшылығы демократиялық процестердің тым астамшыл даурықпасына тежеу салатын шаралар қолданды. Тіпті, 1989 жылғы мамыр-маусымдағы Пекин оқиғасын басқаннан кейін демократияландыру процесі тоқтатылды, саясат пен идеологияға мемлекеттік бақылау қойылды. Осыған орай идеологиялық келісімпаздық идеяларымен және

мемлекетті басқарудың көппартиялық түрлерімен, сондай-ақ мәдениет саласында жастарды тәрбиелеуде «буржуазиялық әсермен» күрес науқаны жүргізілді.

Пекинде болғанда байқағанымыз – кәдуілгі идеологияның ықпалын біржақты бағалауға болмайды. Біздің тұтас делегацияның арасында Қытайда бұдан бірнеше жыл бұрын болып қайтқандар да бар еді. Солардың бір аңғарғаны – астанадағы үгіт-насихаттың тұрпаты, көрнекті үгіт кейпі өзгерген дейді. Дәлірек айтқанда, көптеген саяси ұрандар мен шақырулар ғайып болып, оларды Қытайда 2000 жылы өтетін Олимпиадаға байланысты плакаттар, шақырулар алмастырыпты. Мао Цзедуннің және басқа да тарихи қайраткерлердің тұтас портреттері тек арнайы кабинеттерде ғана қалған. Әр түрлі қоғамдық ғылымдар институттарында болғанымызда қытайлық әріптестеріміз, әлбетте, экономикалық реформалар тұсындағы мемлекеттің саяси, әлеуметтік дамуындағы идеологияның рөлі туралы оң пікірлер айтты. Қытай мамандарының айтуынша, мемлекеттің әлеуметтік-саяси тұрақтылығын сақтау экономикалық сілкіністерге, жаңғыруларға апарды, ал ол үшін қоғамдағы идеологияның орны мәнді, салмақты болуға керек. Біздің көршілердің идеологияға деген көзқарасы прагматикалық, яғни қасаңдау көрінді. Яки олар экономикалық реформа кезеңдерінде идеологияны халықты ұлы өзгерістерге жұмылдырушы күш ретінде бағалайды екен.

Халқы 1 миллиард 300 миллионнан асатын, оның үстіне тіл, ұлтаралық проблемалары жетіп артылатын, ауыл тұрғындары арасында сауатсыздық басым елде реформа жасау – өте күрделі шаруа. Мамандардың пайымдауынша, «тұралатып тастайтын терапияның» қайсыбір нұсқасы болмасын, әдетте, оңды нәтиже бермейтін көрінеді әрі қауіпті де. Сондықтан қытайлықтар экономикалық игілікке жету үшін қоғамның бірте-бірте өзгеруіне үміт артып отыр. Мұндай пікірсайыстар мен ойталқылардағы құрғақ сөзді ғана тыңдап қоймай, Қытай экономикасының соңғы онжылдығы көрсеткіштеріне

де көз жеткіздік. Ал дүкендердегі тұтыну тауарларының молшылығы реформа жетістіктеріне айғақ болғандай еді. Тіпті көшелерінде жөңкіліп жүрген шетелдік автомобильдерден түрлі иероглифтерді байқауға болады, мұның өзі бұл машиналардың Қытайдағы біріккен заыттардан шыққанын дәлелдейді.

Егер деректерге сүйенсек, бүкілқытайлық ұлттық өнеркәсіптің 1970–1992 жылдардағы орташа даму қарқыны дүниежүзілік деңгейден он процент жоғары екен. Қолымызда елдің өткен жылғы жалпы экономикалық көрсеткіштері болмаса да, Лондоннан шығатын «Экономист» журналының деректеріне сүйенсек, бүкілқытайлық ұлттық өнеркәсіп өнімдері алғашқы айда 14 процент, ал өнеркәсіп саласында бұл көрсеткіш 20 процент өсіпті. Ал енді ең қызығы мынада болып отыр, бізде – Қазақстанда экономикалық ырықтандыру қиындығын Ресейдегідей өткеннің идеологиялық жүгінен көреді, бұл жүк нарықтық экономиканы халықтың қабылдауына кедергі жасап отыр деседі. Ал осы қисынға иек артсақ, социалистік Қытайда нарықтық өзгерістерге демократиялық еркіндік берілмей отыр десек те, шын мәнінде жыл сайынғы мемлекеттен тыс экономикалық сектор үлесі өсіп, бүкілқытайлық ұлттық өнеркәсіп өніміндегі оның үлесі 60 процентке жетіпті.

Мінеки, дамудың осындай орнықтылығын қамтама-сыз ету нәтижесінде бастапқы сегіз жылдың ішінде Қытай мемлекеті елдің экономикалық қуатын екі есе арттырды. Жыл сайын ақшаның құнсыздануын тежеуге бағытталған шаралар да жүзеге асырылып отырды. Мұның бәрі, сайып келгенде, осынау 56 ұлттың өкілдері бас қосқан елде азаматтық татулық пен ұлттық келісімді үйлестіруге үлкен септігін тигізіпті. Сөйтіп, бүкіл өркениетті мемлекеттерге қол жайып, шет елдерден қарызданып-қауғаланып, гуманитарлық жәрдем сұрап жүрген Ресеймен салыстырғанда Қытай экономикасы күрт өсумен және тұтыну базарында жалпы тұрақтылығымен көзге түседі. Мұның себебі – ел ақша табудың көзін тапқан, ал шетелдік қаржылар елдегі

өндірістік базалардың кеңейіп, нығаюына әсер етеді. Бұл жерде шетел инвесторлары Қытай экономикасының есігін өздері келіп қағады. Айталық, 1991 жыл аяғында шетел инвестицияларының көлемі 46 миллиард долларға жетіп, оның 26 миллиард доллары өндірісті дамытуға жұмсалған. Сауда балансының жағымды сальдосын өсірумен қатар Қытай өз өнімдерін әлем базарына шығаруды үстемелей түскен. 1993 жылдың өзінде-ақ ҚХР-ның ұлттық банкідегі шетелдік валютасының қоры сыртқы қарызымен қатар түсіп, 40 миллиард доллардан асты.

Жалпы алғанда, 90-жылдардан бастап Қытай қоғамы өз экономикасын базарлық нарыққа бұрып, идеологиясын да соған орай бейімдей білген. Бүгінгі елде, халық арасында, әсіресе, жастар арасында пайда көзін таба білу және базар нарқымен ойлау жақсы насихатталды. Асылы, өркениетті Қытай елінде жерді және еңбекті қадірлеу, қастерлеу, бағалау қасиеті қалыптасқан. Міне, сол қасиет енді қоғамдағы ең жоғары мінез-құлықтық қалып ретінде қабылданған. Жастарды социалистік рухта тәрбиелеуде ұлттық тарих тағылымдарын бойға сіңіру, сөйтіп ұлттық мақтаныш сезімін, отансүйгіштікті алға тарту үрдісі дамыған.

Осыған орай біздің қытайлық әріптестеріміздің жүздерінде сауал тудырған бір жай бұрынғы Кеңес Одағының тарихи мұраға қарым-қатынасы еді. «Сіз-дер неге соншама өткенге шүйіле қалдыңыздар?», «Әдетте, жаңаны жасау жолында ескіні түп-тұқиянына дейін талқандау керек деп ойлайсыздар ма?», «Өткен ұрпақ толқыны жасаған рухани және идеологиялық игіліктеріне үрке қарау қайдан шыққан?». Міне, осы іспеттес сұрақтар әрбір кездесу сайын алдымыздан шыға берді. Содан ба екен, Қытай ғалымдарына мұның түпкі себептерін түгел түсіндіре кету оңай шаруа болмады.

Мынадай бір жайды да бөліп айта кету қажет: бүгінгі Қытай қоғамы білім мен ғылымды негізгі идеологиялық бастау ретінде тұтынады, әрі оны мемлекет қолдайды. Ғылыми орындар мен мекемелерді қажетті құрал-

жабдықтармен жеткілікті түрде қамтамасыз етеді. Ғылыми мекемелердегі аспиранттар, жас ғалымдар, олардың ағалары да ағылшынша ағып түүр, әрбіреуінде жеке-жеке компьютер бар.

Сондай-ақ кәсіпкершіліктің жоғары дәрежеде дамуы ғалымдарының дүниежүзілік ғылыми қауымдастыққа еркін енуінен де байқалады. Тәуелсіз Қазақстандағы саяси, әлеуметтік-экономикалық ахуалға қатысы бар ғылым мамандарына міндетті түрде қазақ тілін оқыту талабы қойылған. Бәлкім, сол игі істің нәтижесі болар, біздің делегация мүшелеріне тікелей қазақ тілінде сөйлеу ұсынылды, сосын бірден қытайшаға қотарылды. Көршіге ілтипатпен қарау қашаннан қытай қанына сіңген қасиет екен. Қытай мемлекеті ХХІ ғасырдағы қуатты елдердің бірі болуы ғажап емес.

Ең соңында тағғы бір ескеретін жәйт – Қытайда «мәдени революцияның» өткеніне отыз жыл болыпты, ал соған қарамастан революцияға дейінгі ел тарихы күстана етілмейді. Демек, мұнда ұлттық ойлау жүйесіне және тарихи мұраға деген ықылас сөніп қалмаған, ескі қытай мәдениетінің ежелгі ескерткіштері, жалпы мұражайларға айналған ұланғайыр сарайлар кешендері өте құрметтеледі. Ұлы қытай қорғанына барудың өзі мыңдаған жылдар бұрынғы ата-баба рухымен, елдің тарихи тағдырымен біте қайнарудың белгісі ретінде саналады.

Әрине, экономикалық өзгерістерге орай туып жатқан күрделі проблемалары бар көрші ел жайында әңгіме аз болмаса керек. Айталық, мұнда жоспарлы шаруашылық пен нарықты экономиканы реттеудің қалыптасқан механизмін жасау жолында біраз қиындықтар кездеседі. Әсіресе мемлекеттік сектордағы көптеген кәсіпорындарда шығын проблемасы айрықша алаңдататын көрінеді.

Бір мәселені мойындаған жөн: Қытай үлгісіндегі әлеуметтік-экономикалық жаңа ағымдағы идеология қоғамды сабырлы қалыпта ұстайтын құрал ретінде бағаланады. Міне, біз соны зерттесек, әсте теріс болмас

еді. Ендеше, Қазақстан Республикасы да ұлттық мемлекет құрылысының әлемдік тәжірибесін пайдалана отырып, жалпыұлттық идеялық бағдарын және өзін тұтас даму жолын айқындауы керек. Мұндай басым бағыттар біздің жас мемлекетіміздің қазіргі хал-ахуалынан және геосаясаттық мүмкіндіктерден туындайды. Осыған байланысты:

Біріншіден, моноэтникалық, монолингвистикалық және мәдени жағынан бірыңғай құрылысқа бейімделген қоғамның әлеуметтік-экономикалық қызметі мен дамуы орнықты болады, алайда демографиялық факторларға байланысты Қазақстан үшін мұндай бірегейлікке жетуге әлі талай жылдар қажет.

Қазақ халқының бүгінгі таңдағы басты бағыты – Қазақстан Республикасының тәуелсіз мемлекет ретіндегі құрлысын ойдағыдай жүргізіп, әлемдік қауымдастықтың белсенді мүшесі болу. Бұдан шығатын тағы бір қортынды – өзінің жауапкершілігін, азаматтық сезімін ұғына білетін, Қазақстанның ұлттық мемлекетін тұтас идеясын қалыптастыруға ат салысатын қоғамдық қозғалыстар мен ұйымдарды мемлекеттің қолдап отырғаны абзал.

Екіншіден, біздің Конституциямызда бекітілген маңызды азаматтық құқықтың бірі – діннің толық еркіндігі. Адамзат қоғамының даму тарихының тәжірибесі көрсетіп отырғандай, дін және соған байланысты дәстүрлі моральдық құндылықтар жүйесі патриархалдық дәуірде ғана емес, қазіргі индустриялы қауымдастық кезеңінде де ел мен елді жақындастыратын, табыстыратын, біріктіретін рөл атқарып отыр. Осы тұрғыдан алғанда, мысалы, Оңтүстік Кореяның жылдамдатылған әлеуметтік-экономикалық даму тәжірибесін айтуға болар еді. Мұнда 50-ші жылдардан бастап христиандық және соған орайлас еңбек этикасы жалпыұлттық идеологияның бір бөлімі ретінде пайдаланылды.

Кезінде Оңтүстік Корея экономикасының тез көтерілу себептерін жан-жақты зерттегенде дін факторының рөлі күшті екені анықталды. Ал, Қазақстан үшін белгілі

себептерге байланысты жалпыұлттық идеологияның негізгі бөлігі ретінде идеялардың монодіндік жүйесі жүрмейді. Біздің республикамыз тарихи тамырлары және түркілік ой-жүйесі жағынан исламға таяу болғанымен ортаазиялық көршілеріміздей жалпыұлттық идеологияны бұл негізде құра алмасақ керек.

Олай дейтініміз, біріншіден, бұрынғы идеологияға сүйеніп қалған қоғамның елеулі бөлігі қалайда бір діннің алға шыққанын қаламайды. Екіншіден, Қазақстанда исламға да, христиандыққа да тепе-тең әлеуметтік база бар, бірін оздырып, бірін кейін қалдырсақ, мұның өзі мемлекетт тұтас орнықты дамуына кері әсер етуі мүмкін. Үшіншіден, әлемдегі ірі діни ағымдар арасындағы қарама-қарсылықты ескермей тағы болмайды. Тегінде бір ел аумағында мұндай қарама-қарсылықтың ушығуы мемлекетте тәртіпсіздік өрбіп, оның аяғы насырға шабуы мүмкін.

Үшіншіден, тәуелсіз Қазақстан жағдайында жалпыұлттық идеологияның басым бағыты – экономиканың тұрақтылығына және бірқалыптылығына жетуді мақсат тұтып, республика халқын біріктіру. Адамдарды еркін кәсіпкерлікке және нарықты экономика жүйесіне бейімдей отырып, қалың қауымның көпшілігінің психологиясын ескерген дұрыс. Олай етпесек, экономикалық реформалардың нәтижесінде кенеттен шағын байлар тобы мен көпшілік кедейлер тобының қалыптасуы қоғамның орнықты дамуына қатер төндіруі мүмкін.

Тегі бейбіт еңбекпен айналысқан өркениетті мемлекеттердің әлемдік тәжірибесі көрсеткеніндей, қоғамда орташалар неғұрлым көп болса, олар елді қайсыбір әлеуметтік сілкінулерден сақтап тұрады. Демек, Қазақстанның жалпыұлттық идеологиясы асқан байларды немесе қайыршыларды емес, ең аддымен қоғамдағы орташаларды қолдауы тиіс. Өйткені, экономикалық тұрақтылықтың идеясы және бүкіл қоғамның гүлденуі сол орташаларға байланысты.

Төртіншіден, мынаны да ескеру керек: соңғы ондаған жылдарда социалистік идеология елдің сая-

си және әлеуметтік-экономикалық дамуында қияли мақсаттарға байланып қалған еді. Өкінішке қарай, осы қиял бұрынғы Кеңес Одағы халықтарының ұлттық ой жүйесін тұтас «жемісі» боп қалған-ды. Егер біз тағы да тәуелсіз Қазақстан үшін жаңа идеология іздеп, қияли болжамдарға түссек, сәтсіздікке соғатынымыз сөзсіз. Олай болса, біз ондаған жылдарға бағытталған идеологиялық ұстанымдарымызды айқындап алып, таяу тұрған перспективаларымыздың анық, дәлдігіне назар аударуымыз қажет.

Сонда экономикалық тұрақтылық пен дағдарыстың кезеңдерін реттеп алуға болады, жалпы ұлттық идеологияның бүгінгі бағыттарын соған орай реттей алатын боламыз. Ал оны оқтын-оқтын реттеуден есте жүрекінбеуіміз керек. Өйткені өркениетті елдер әрдайым солай етеді. Айталық АҚШ президенті Б.Клинтон өзін тұтас көпшілік алдындағы сөздерінде американ халқына жаңа идеологияның керек екенін айта бастады, сөйтіп, қоғамның негізгі байлығын сақтау үшін бүгінгі идеологияны өзгерту керектігін ескертті.

Шындығында, идеологиясыз қоғам болмайды. Қоғам өз алдына қояр міндет-мақсаттарын айқындап алуы керек. Әрі өзін тұтас дамуына тірек болатын негізгі идеялық бағдарлар мен ұғым-түсініктерді тауып, сол негізде өркендеуі тиіс. Дүниедегі ең қарқынды дамыған, әр саладағы табыстарымен әлемді таңдандырған Жапон мемлекетін алайық. Жапон ұлты – өзгелерге үлгі болуға лайық, уақыттан озған, бізбен салыстырғанда көш ілгері дәуірде өмір сүріп жатқан ұлт. Сол жапондар екінші дүниежүзілік соғыстан күйреп жеңіліп, көп шығынға ұшырап, ұлттық рухы төмендеп шықты. Осы сәттен бастап олардың өзіндік жолын, еңбек этикасын, негізгі нысаналы мақсаттарын, білім берудің ұлттық моделін іздеуі басталды. Мұның терең себебі бар еді. Халықтың рухын биіктетіп, өзіндік ұлттық санасы мен психологиясын өзгертіп, білімін көтеріп алмай, шын мәніндегі, жоғары технологияға негізделген серпінді экономикалық дамушы қоғам құру мүмкін емес. Кез

келген материалдық және рухани байлықты жасаушы – халық. Халық менталитетіндегі түбірлі өзгерістер экономикалық категорияға айналып отырады. Сонымен, жапондар немістің озық оқу жүйесін алып, оны өз мәдениеті мен дәстүрлеріне сәйкес түбірінен қайта қарап, ыңғайластырып және бейімдеп алды. Ол бұрыннан да іштей тәртіпті, іскер, жұмысты тиімді және шапшаң істей білетін халық болатын. Осы жақсы қасиеттеріне терең білім мен жаңа демократиялық қоғамда өмір сүру, принциптер мен заңдарды қатал сақтау, заң аясында ғана жемісті іс істеу үрдістері қосылды. Нарықтың экономикалық этикасы мен идеологиясы халық санасынан берік орын алды. Сөйтіп тиімді экономикалық жүйе құрды.

Біз де жастарымызды оқыту жүйесін мүлде жаңа негізде құрып, ұлттық бастауларымызға сүйене отырып, жаңа ашық қоғамның жаңа дүниетанымы мен психологиясы қалыптасқан адамдарды өмірге келтіруіміз керек.

Бұрынғы тоталитарлық идеологиядан бас тартып, тәуелсіздікке бет алған кезеңде егемен елдігіміздің бет-пердесін көрсететін идеялық бағдарлар көрініс бере бастады. Өйткені, кез келген қоғам идеологиясыз өмір сүре алмайды, онсыз әлеуметтік-экономикалық және саяси реформаларды іске асыру мүмкін емес. Бізде жаңа Конституция қабылданғаннан кейін нарықтық идеологияның құқықтық негіздері бар деуге болады. Қазақстанда бүгінгі күні бірнеше қоғамдық қозғалыстар, саяси партиялар, мемлекеттік емес ұйымдар бар. Соған орай, олардың ұстанған өзіндік идеологиялық бағдары болуы да орынды. Ал енді мемлекет болған соң оның өзіндік ерекшелігін екшейтін бағыт-бағдар ұстанары хақ. Сөйтіп қана саяси-экономикалық реформаларды іске асыруға рухани мүмкіндік жасалмақ. Ал бүгінгі қалыптаса бастаған идеялық бағдарымыздағы басы ашық айқын нәрсе – халық бірлігі, яғни «бірлік бар жерде тірлік бар» деген тамаша қағида. Оның көнәтностық республикамыз үшін өміршеңдігі өте маңызды. Осы тұста ел халқын қазақ ұлтының негізінде, белігілі бір

ұлттық идея төңірегінде топтастыру қажеттілігі туындайды. Барлық Қазақстан халқын тәуелсіз мемлекеттің төрт аяғы теңелуі тұрғысындағы темірқазық болатын бағытқа жұмылдыру – іргелі істі ілгерілететіні анық.

Шынында да идеологияның негізгі өзегі адам бостандығына және оның ой еркіндігіне саяды. Ол ұлттық ар-намыс пен мүддеден өріс алмақ, Конституция арнасында қабылданып жатқан заңдарымызды қағаз бетінде қалдырмай іс жүзіне асырсақ, демократиялық қоғам орнатсақ, нарықтық идеологиямыз соған қызмет етсе және жетекші болар деңгейге көтерілсе құба-құп қой.

Осы айтылғандарды жүзеге асыру мақсатында мемлекеттік және мемлекеттік емес салаларда ғылыми мекемелер құрылуда. Олар жергілікті жердің ерекшеліктерін ескере отырып, жаңа жағдайға сәйкес өндіргіш күштердің бір қалыпта дамуын ғылыми негіздеуді көздеп отыр. Ал енді осы айтылғандарды түптің түбінде жүзеге асыратын келешек ұрпақ. Оларға берер бүгінгі ұлағатымыз қандай? Идеологиямыздың негізгі бағыты осыдан басталмақ. Кей жерлерде балабақшадан бастап, мектеп, жоғары оқу орындарында кешегі кеңес өкіметі кезіндегі оқыту моделі мен ұстаздар дәріс беруде. Өмір өзгерсе де осы оқыту мен тәрбиедегі ескі қағидалар қатып қалған күйінде. Осыны тез арада өзгертпесек, ұлттық мүдде айналасында айтып-жазып жүргеніміздің құны көк тиын. Оған мемлекет тарапынан қаражат жеткілікті дәрежеде бөлінуі – сол мемлекеттің болашағының баяндылығы мен жарқындығына кепіл болмақ.

Біздің бүгінгі кезеңге, бүгінгі мемлекет құрылысымызға сәйкес қоғамның құнды идеологиялық базасын анықтау керек, оны Қазақстан Республикасының Конституциясы ондаған жылдар бойы қалыптастыра береді және жалпыұлттық идеологияның басым бағыттары соған енеді. Тек өмірдің өзі ғана, мемлекеттік құрылыстың тәжірибесі ғана Қазақстанды әлеуметтік-экономикалық жаңа сүзгіден өткізу арқылы біздің қоғамдағы идеологиялық қызмет бағытының қайсысы дұрыс екенін айқын көрсетіп береді. Солай десек те, бұл

жұмысты мемлекеттік тұрғыда жүргізген жөн. Өйткені бұрынғы әлеуметтік-саяси жүйенің күйреуіне байланысты сана-сезімдегі идеологиялық тұрақтылық жоғалған. Жалпыұлттық идеологияның жаңа жүйелерін жасамай Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық ұлттық бағдарламасын жасап іске асыра алмаймыз. Біздің мақсатымыз, Республика Президенті Н.Ә. Назарбаев атап көрсеткендей, бірлікті, тұтастықты, әлеуметтік серіктестік пен ынтымақты нығайту болып отыр.

Әр халық өзін тұтас ұзақ мерзімді стратегиялық мақсаттарын, идеялары мен басыңқы міндеттерін жақсы біліп, өз елінің таяудағы оңдаған жылдарда қандай болатынын көз алдына айқын елестете алатын болуы тиіс. Қазақстанның 2050 жылға дейінгі даму стратегиясы болашақтың бейнесін айқын аңғартып қана қоймайды, сонымен қатар оның жүйелі әрі кезең-кезеңмен терең ойластырылған, ғылыми негізделген бағдарламасы іспетті. Ол ең алдымен антропологиялық принципті басшылыққа алады. Өйткені стратегиялық даму жоспарының басты назарында адам проблемасы – оның тұрмыстық әл-ауқат жағдайы, рухани байлығы, дүниеге көзқарасы, менталитеті, денсаулығы, қауіпсіздігі, кедейшілік пен жұмыссыздықты түп-тамырымен жою сияқты аса маңызды мәселелер тұр. Бұл ретте ол әрбір басшы мен әрбір қазақстандық азаматтың ынтымақ-ынтық танытуы мен іскерлігін арттыруды, жеке рухани бостандығы мен жоғары жауапкершілігін күшейтуді көздейді. Әр адамның тағдыры өз елінің тәуелсіз болуына және өз басының аянбай күш-жігер жұмсауына, белсенділік танытуына, ерік-жігеріне, алға қарай ұмтылысына, табандылығы мен еңбек сүйгіштігіне байланысты.

### **2.3 Демократия – өркениетті ашық қоғам орнатудың өзегі**

Президент Н.Ә. Назарбаевтың 1998 жылғы Қазақстан халқына арнаған «Елдегі жағдай, ішкі және сыртқы саясаттың негізгі бағыттары туралы: жаңа ғасырда

қоғамды демократияландыру, экономикалық және саяси реформа» атты жаңа Жолдауы елімізді дамытудың 2030 жылға дейінгі стратегиялық бағдарламасы ауқымында қарастырылуы тиіс. Өйткені мұның өзі сол Стратегияны нақты жүзеге асырудың аса маңызды біртұтас бөлігі болып табылады. Онда ғасырлар тоғысы қарсаңында еліміздегі экономикалық, саяси және әлеуметтік-мәдени өзгерістерді демократияландыру мен оны тереңдете түсудің тиімді де жаңаша жолдары белгіленген.

Президенттің жаңа Жолдауында мемлекеттік өкімет билігін тұтас үш тармағын (атқарушы, заң шығарушы және сот билігі) одан әрі жетілдіре түсудің, көппартиялық жүйені қалыптастырудың және жергілікті басқару жүйесінің ауқымын кеңейтудің аса маңызды міндеттері көрсетілген. Әңгіме еліміздегі саяси жүйені өзгерту туралы болып отыр. Әлеуметтік және саяси тұрақтылық, еркін және алуан пікірлі бұқаралық ақпарат құралдары, тәуелсіз соттар, үкметтік емес және әйелдер ұйымдарының азаматтық қоғам құрудағы халықтың демократиялық саяси мәдениетін арттырудағы рөлі, мемлекеттік және мемлекеттік емес құрылымдар арасындағы салауатты бәсеке – қазақстандық қоғамды демократияландыруға тән сипаттар, міне, осылар.

Осы заманғы өркениет құндылықтарының арасында адам құқықтарының алатын орны ерекше. Ол құқықтар дүниежүзілік қауымдастықта өзінің лайықты орнын алуды ойлайтын әрбір мемлекетте қоғамдық өмірді демократияландыру қажеттігін толық мойындауға негізделген болуы тиіс. Тоталитарлық қоғам жеке адамның құқықтары мен бостандығының барлығын да сөз жүзінде қаншама көпірте жариялағанымен шын мәніндегі нағыз демократияны қамтамасыз етуге мүлде дәрменсіз болды. Өйткені бұлай ету оның табиғатына жат нәрсе болатын. Соның салдарынан да ол қоғамда елдің қожайыны деп жарияланған еңбек адамдары шындығына келгенде орасан зор партиялық-мемлекеттік мәшиненің елеусіз ұсақ тетіктері деңгейінде ғана қалып қойды. Ал жеке меншіктің болмауы мен жаппай теңгермешіліктің

орын алуы жоғары өнімді еңбек етуге деген ынта-жігер атаулыны біржолата езіп-жаншып, басып тастады. Қоғамдағы идеологиялық өктемдік пен өмір сүрудің мейлінше қатаң шектеулі ережелері жағдайында адам өзінің қалауын таңдау құқығынан жұрдай болып шыға келді. Өйткені тоталитарлық саяси тәртіп үстемдігі жеке адамның негізгі демократиялық құқықтары мен бостандығын елеусіз қалдырып, аяқасты етуге алып барып соқтырды.

Демократияландыру процесінде мемлекеттік үкімет билігі институттары мен қоғамның саяси мәдениетін жетілдіру ерекше рөл атқарады. Қазіргі қоғамдық дамуға тән нәрсе – қоғамның неғұрлым ашық бола түсуі және адамның құқықтарын құрметтеуге мән беруі. Құқықтық мемлекет жағдайында ең алдымен құқықтық заңдардың, соның ішінде әсіресе, Негізгі заң ретінде Конституцияның басымдығы сөзсіз қамтамасыз етілетін болуы тиіс. Одан соң әрбір адамның, азаматтың, әр түрлі ұжымдар мен ұйымдардың бостандықтары мен құқықтарының заң жүзіндегі кепілдіктері туралы сөз етуге болады. Бұл жерде жеке меншік құқығын мойындап, танудың айрықша мән-мағынасы бар. Өйткені онсыз орташа тапты қалыптастыру, экономиканың нарықтық үлгісін дамыту мүмкін емес. Ал, мемлекеттік өкімет билігі институттарының жүйесі бүкіл саяси организмнің жалпыадамзаттық қазыналарға, демократияға, гуманизмге және жеке адамның бостандығына сәйкес қалыпты жұмыс етуі керек.

Республикамызда құқықтық мемлекеттің жұмыс істеуінің негізгі принциптерін сақтауды қамтамасыз ету қоғамдық өмірді демократиялық, саяси және әлеуметтік тұрғыдан реформалаудың, демократияны күшейте түсудің бірден-бір дұрыс жолы болып табылады. Ол ұстындардың қатарында мыналар бар:

– азаматтардың құқықтарын конституциялық негізде бекітіп беру. Ол құқықтарды қайта қарау, өзгерту немесе шектеу (тікелей немесе жанама түрде) Парламент пен Президент қоса алғанда ешкімнің де қолынан

келмейтін болуы тиіс. Ондай құқықтарды шектеу немесе өзгерту халықтың тікелей өз ерік-жігерін білдіру – референдум өткізу арқылы ғана мүмкін болуы тиіс;

– сөз жүзінде ғана жарияланбай, саяси және мемлекеттік институттардың құрылымына берік енгізілген ол құқықтарды нақты жүзеге асыру кепілдіктерінің жүйесі белгіленуі тиіс. Олар: заң шығарушы, атқарушы және сот билігі тармақтарының бөлінуі, тәуелсіз конституциялық бақылау, заңның басыңқылығы, кез келген мемлекеттік органның және лауазым иесінің заңсыз іс-әрекеттері үшін олардың үстінен сотқа шағым жасау және басқалары;

– кейбір азаматтарға өзге біреулердің есебінен қосымша құқықтар беруге тыйым салу. Мұның өзі заң алдында жұрттың бәрінің тең құқықты екенін жай ғана сөз жүзінде жариялау арқылы ғана емес, қайта заңның өзін әлеуметтік әділеттілік принципі негізінде ешкімге ешқандай жеңілдіктер мен артықшылықтар бере алмайтындай жүйеде жасау арқылы қамтамасыз етілуі тиіс;

– бұқаралық ақпарат құралдарының ауқымын, мазмұнын және сипатын анықтауда тәуелсіз болуы және мұның өзін жалған ақпарат бергені үшін қоғам мен заң алдында жауапты болумен ұштастыруы;

– жұрттың бәрінің және әрбір адамның заң алдында оны мейлінше қатаң сақтау жөніндегі жауапкершілігі, азаматтардың нақты құқықтық саналылығы мен мінез-құлқының элементі ретінде заңды мейлінше құрмет тұтып, қастерлеу;

– үкіметтің қызметіндегі және кез келген лауазым иесінің мінез-құлқындағы заңдылық пен нақты әлеуметтік саясат құрылымының негізін қалайтын принциптер ретінде әлеуметтік әділеттілікті жүйелі түрде жүзеге асыру, т.б.

Құқықтық мемлекетті қалыптастыру мен қоғамдық өмірді демократияландыру – күрделі әрі қарама-қайшылықтарға толы ұзаққа созылатын процесс. Мұның өзін біздің ұлттық мемлекеттілігімізді қалыптастыру мысалынан да айқын көруге болады. Тоталитаризм

тәртібінен қоғамдық өмірді демократияландыруға көшу қажеттігі айдай айқын нәрсе болғаннан кейін Қазақстан азаматтарының алдында демократиялық жетістіктерімізді сақтап қалудың барынша ықпалды тетігін жасау міндеті тұрды. Ондай тетіктің аса маңызды құрамдас бөлігінің бірі – Қазақстан мемлекетінің нақты іс жүзіндегі егемендігі мен тәуелсіздігі болып табылады.

Президенттің Қазақстан халқына арнаған Жолдауында Қазақстанды демократиялық мемлекет ретінде дамыту мақсаттары мен үлгісі айқын көрсетілген. Онда демократияның дамуы, меншікті қатынастарды реформалау және толыққанды нарыққа қарай ілгері басу жаңа мемлекеттің қалыптасуы мен инвестициялық тартымдылығын арттыра түсу үшін қолайлы ахуал тудырудың баламасыз тәсілі ретінде қарастырылады. Саясат саласындағы қойылған негізгі мақсат – президенттік басқарудағы егеменді жас мемлекетті дамыта түсу. Біздің мемлекетімізде барлық азаматтар үшін мүмкіндіктердің тең екендігі және жұрттың бәрінің де заң алдында тең екендігі айрықша атап көрсетілген.

Қазақстанды дамытудың Президент ұсынған үлгісі демократиялық әрі бейбітшілік сүйгіш мемлекет құруды көздейді. Ондай мемлекетте адамның құқықтары мен бостандығына, тұрақты азаматтық бейбіт өмірді және ұлтаралық келісімді, сенімді ұлттық қорғаныс пен қауіпсіздікті қамтамасыз ететін саяси және идеологиялық пікірлердің алуан түрлі болуына нақты кепілдік беріледі. Оның үстіне, мемлекетімізде қалыптастырылатын саяси жүйе меншіктің алуан түрі бар және әлеуметтік жауапкершілігі күшті ұлттық кәсіпкерлік дамыған, салауатты бәсеке мен шетелдік инвесторлардың ақылға қонымды мөлшерде қатысуы қамтамасыз етілген қуатты нарықтық экономикаға арқа сүйейтін болады.

Сонымен қатар ондай саяси жүйенің айқын белгіленген әлеуметтік бағыт-бағдары болуы тиіс. Ол жүйе адамның өз қабілеттерін тиімді пайдалана алатын болуы үшін жұрттың бәріне бірдей тең жағдайлар мен мүмкіндіктер туғызады, олардың материалдық әл-

ауқатын жақсартуына негіз қалайды, тұрақты даму мен өмір сүрудің негіздері ретінде әрбір этникалық топтың өзіндік ұлттық ерекшеліктерін сақтап, дамыта түсуіне жағдай жасайды.

Қазақстан Республикасын орнықты дамытудың Президент Н.Ә. Назарбаев ұсынған бағдарламасы әрбір азаматтың мүддесін қорғауға бағытталғанын да мұқият есте ұстау керек. Бұл жерде олардың ұлттық ерекшеліктерінің, діни нанымдарының және саяси көзқарастарының қандай екендігінің ешқандай да қатысы жоқ. Біздің барлығымыз да гүлденген өркениетті қоғамға қажымай-талмай адал еңбек ету, саналы түрде тәртіп сақтау, нарықты экономиканы дамыту және өміріміздің барлық салаларында терең демократиялық өзгерістер жасау арқылы жете алатынымызды барынша айқын түсінуіміз керек.

Бұл жерде өзге дамыған елдердің деңгейіндегі экономикамен салыстыруға болатын оңды экономикалық жағдайға қоғамдық өмірдің барлық саласы түгелдей демократияландырылған орнықты құқықтық мемлекет жағдайында ғана қол жеткізуге болатынын айқын сезіну қажет. Онсыз қоғамдық организмнің барлық қарама-қайшылықтары сөзсіз шиеленісе түседі де жасампаздық еңбек етуге қажетті күштер босқа рәсуа етіледі, біздің қазақстандық үйімізде бейбіт өмір де, материалдық игілік те болмайды. Біз орнықты құқықтық мемлекет жағдайындағы азаматтық қоғамда әрбір адамның дербес қызмет ету саласын еркін таңдап алуы және өзінің экономикалық, әлеуметтік, ұлттық және саяси мүдделерін толық жүзеге асыруы үшін тең мүмкіндіктер пайда болады деп үміттенеміз. Ондай демократиялық қоғамда халықтың өзінің ерік-жігері мен парасатты ақыл-ойына шек қоймайтын заң ғана басымдық алатын болады, ал өздерінше дербес ойлай алатын, қабілетті де еңбексүйгіш адамдар экономикалық тамаша жетістіктерге ие бола алады.

Сонымен құқықтық мемлекет құру мен қоғамдық өмірдің бүкіл саласын (экономикалық, саяси, әлеуметтік,

ғылыми және басқа да салаларын) демократияландыру дегеніміз Қазақстан Республикасының дүниежүзілік қауымдастыққа әбден лайықты әрі толық құқықты мүше болып кіруінің сөзсіз қажетті шарттары болып табылады. Ал олай етпейінше, мемлекетіміздің әрбір азаматының неғұрлым жоғары тұрмыс жағдайын қамтамасыз ету қиын, адамның өмір сүру қызметі мен бостандығын мән-мағыналы ету де мүмкін емес.

---

## **3 ҰЛТТЫҚ ТӘУЕЛСІЗДІК ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ДИАСПОРАСЫ**

### **3.1 Шетел қазақтары және ұлттық идея**

Болып өткен Дүниежүзі қазақтарының 4-ші Құрылтайы шешімдерінде, онда Дүниежүзі қазақтары қауымдастығының төрағасы, Қазақстан Президенті Н.Ә. Назарбаевтың сөйлеген сөзінде қазақ диаспорасының өзекті мәселелері талқыланды. Осыған орай қазақ диаспорасының, ирреденттері мен репатрианттарының теориялық-әдіснамалық және ғылыми-практикалық мәселелерінің маңыздылығы арта түспек. Менің жұмысымда идея аясында Қазақстандағы қазақтар мен шетелдердегі қазақтарды ұлттық бірегейлендіру арқылы біріктіру сөз болады, яғни ұлттық идея отандастарымыздың тәуелсіз мемлекетіміздің игілігі жолында іштей бірігу, топтастыру факторы екені қысқаша айтылады.

Әлемде 3 мыңнан астам ұлттар мен ұлыстар бар екен. Бір ұлттан туратын бірде-бір мемлекет жоқ. Барлық мемлекеттерде негізгі доминаната халық пен бірге ұлттық диаспоралар өмір сүреді. Сол сияқты Қазақстан мемлекетінде 67%-тен астам қазақ халқы мекендесе, ал 39 шет елдерде оның 6 миллионнан астам диаспорасы бар. Қазақтар саны Өзбекстанда – 2 млн., Қытайда – 2 млн., Ресейде – 2 млн. Шыққан тегі мен ұлттық санасына қарағанда, әлемдегі барлық қазақтар саны 16 миллиондай. Осы себепті де қазақ ұлты келешегі мол, ірі ұлттар қатарына жатады.

Қарап отырсақ, кейбір қазақ диаспоралары шарықтаған нарық экономикасы мен азаматтық қоғам орнаған елдерде ғұмыр кешуде (АҚШ, Франция, Англия,

Алмания, Швеция, Түркия және т.б.), ал қалған бөлігі қазіргі экономикалық-әлеуметтік және саяси реформалар жүріп жатқан дамушы елдерде өмір сүруде (Қытай, Ресей, Қазақстан және т.б.). Осыған орай шеттегі қазақ диаспорасының бай нарықтық тәжірибесі осыған сәйкес ділі мен санасындағы құндылықтық басымдықтар егемен Қазақстан үшін өте пайдалы және құнды.

Қытайдағы, Моңғолиядағы, Өзбекстандағы, Ресейдегі қазақтар өзінің ата-жұртында өмір сүруде, ал қалған қазақ диаспоралары әртүрлі жағдайларға байланысты кезінде қоныс аударуға мәжбүр болғандар. Сонымен, дүние жүзіндегі мемлекеттердің қай-қайсысында болса да негізгі халық және көптеген басқа ұлттардың диаспоралары басқа этникалық ортада бірге тұрады. Олардың бірі жер іздеп қоныс аударған диаспоралар болса, бірі жаугершілік, басқыншылық барысында басқа елдердің ортасында қалғандар; енді біреулері қуғын-сүргін мен зұлматқа ұшырап, өз этникалық ортасынан кетіп, басқа этникалық ортада қалуға мәжбүр болғандар.

Қазақ диаспорасы бұрынғы тоталитарлық заманда жабық тақырып болды. Мемлекеттік тәуелсіздікке қолы жеткен Қазақстан үшін қазақ диаспорасы кешенді гуманитарлық ғылыми проблема ретінде 1991 жылдан бастап Философия институтында «Қазақ диаспорасы: мәселелері мен болашағы» атты ғылыми бағдарлама шеңберінде жүйелі түрде зерттеле бастады. Оған философия ғылымының кандидаты, марқұм Ә.Қ. Арғынбаев көп еңбек сіңірді. Бірнеше ғылыми конференциялар мен отырыстар осы мәселеге арналып, кітаптар шыға бастады. Сөйтіп, «Қазақ диаспорасының ғылыми-зерттеу мәселелері» атты тұңғыш кітап жарық көрді. Бұрын қоғамтануда ешбір болмаған диаспора және қазақ диаспорасы ұғымдары халықаралық ғылыми термин ретінде қалыптасты; тіптен «Қазақстан» ұлттық энциклопедиясына және ресми құжаттарға да енді. Мұның өзі ғылыми жетістік болатын.

Мен Арғынбаев мырзамен бірге сонау 1991–1992 жылдарда зерттеу жұмысын өрістете отырып, жаңа

бір диаспорология немесе диаспоратану дейтін жаңа ғылымның өмір сүретіндігін дәлелдедім және ол көптеген әдебиеттерге еніп те кетті. Бұл диаспора туралы ілім басқа этникалық ортада ғұмыр кешіп жатқан этникалық топты зерттейді. Оның тиімді ұлт саясатын қалыптастыру мен іске асыруда алатын орны айтарлықтай. Мемлекет ішіндегі өз атамекенінің тарихи иесі – негізгі доминанта ұлтпен бірге ғұмыр кешіп жатқан ұлттық диаспоралар арасында оқтын-оқтын қайшылықтар пайда болып отырады. Кейде осы қайшылық дау-жанжалға ұласып, ол мемлекеттік және территориялық тұтастыққа қауіп төндіреді. Сондықтан мемлекет шеңберінде негізгі халықпен ұлттық диаспоралар арасындағы қайшылықтарды олардың ұлттық мүдделерін тиімді үйлестіру арқылы шешкен жөн; бұл әлеуметтік тұрақтылықпен орнықты дамуды қамтамасыз етеді. Диаспора – қалыптасып келе жатқан жаңа диаспоратану ғылымының негізгі ұғымы. Қазақстанда негізгі қазақ ұлты мен басқа орыс, неміс, кәріс, өзбек, тағы басқа ұлттық диаспоралар арасындағы күрделі де қиын мәселелерді дер кезінде шешу этносаралық және әлеуметтік тұрақтылықтың, түбегейлі демократиялық реформаларды пәрменді жүргізудің, орнықты дамудың бірден-бір шарты. Барлық диаспоралардың өздерінің атамекенінде мемлекеті бар, ол – сол халықтардың дамуының этникалық кеңістігі. Өздерінің этникалық ортасынан басқа этникалық кеңістікке көшіп келіп, сіңіп отырған ұлттың шашыраған бөліктерін ұлтқа санап, елімізді көп ұлтты деу ғылыми тұрғыдан шындыққа сәйкес келмейді. Ұлттық идея – біртұтас қазақ идеясы, сырттағы және іштегі қазақтардың тәуелсіздік игілігі үшін бірегейленуі. Қазақстандағы қазақтар мен орыстар арасында дәйекті және өркениетті қатынас орнату қазақ ұлтының мәдениеті мен руханиятын қайта өрлету үшін ауадай қажет. Сондықтан республикада жаңа диаспоратанулық зерттеулерді барынша өрістетуге қажет болды. Теориялық және қолданбалы диаспоратану бойынша көптеген зерделі зерттеулер ұйымдастыру – алда тұрған міндет болды.

Қазақ халқы түркі тектес халықтарға жатады. Осы түркілік тұтастықты оларға ортақ ғұлама тұлғалардың, ойшылдардың рухани мұраларын (Қорқыт Ата, Қожа Ахмет Иасауи, Абай, Әлішер Науаи және т.б.) зерттеу, ортақ ақпараттық-мәдени кеңістікті құру, олардың диаспораларын зерттеу, халықаралық жалпытүркілік ғылыми-зерттеу қорын құру арқылы іске асыру қажет.

Қазақ диаспорасы – қазақ ұлтының құрамдас бөлігі. Егеменді еліміздің жаңа ұлт саясаты шеттегі қандас бауырларымыздың мұң-мұқтажын қоса қамтып, оларға мемлекеттік қамқорлық жасалуда. Кез келген мемлекет өзін құрып отырған ұлттың сыртта жүрген өкілдеріне қамқорлық жасауды мерей тұтады. Өйткені мұндай ізгі ниет – оның абырой-беделін, қуатын танытатын, өзіне өзгелердің құрметпен қарауын туғызатын шара. Мысалға, Германияның немесе Израильдің пәлен ғасыр бұрын көз жазып қалған қандастарына жасап отырған қамқорлығы, шынымен-ақ, кісі қызығарлықтай.

Кейде керісінше де болады. Жаңадан дербестік алған өзінің этникалық Отанының аяғынан тез тұрып кетуіне сол мемлекетті құраған халықтың сырттағы ауқатты өкілдері елеулі көмек жасайды. Кезінде Израиль мемлекеті солай қуаттанған. Әсіресе, шет елдерде тұратын 56 миллион қытайлықтардың «Қытай реформасының» табысты іске асуына тигізген жәрдемі елеулі болды.

Қазақстан Республикасы өзі алғаш құрылған күннен бастап, қандай қиын жағдайға тап болғанына қарамастан, сырттағы қандастарымызға қамқорлық жасауды назардан тыс қалдырған емес. Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың қазақтар тұратын мемлекеттер басшыларымен кездесулерінде қандастарымыздың хал-жағдайына қатысты мәселелер сан мәрте ресми түрде қозғалды. Қазақтардың ата-жұртына біртіндеп оралуын, олардың азаматтық мәртебе алуын, тұрғын үймен қамтамасыз етілуін, қолдан келгенше жәрдем берілуін шешуге Үкімет тарапынан талпыныс жасалуда.

Ұлттық идея халық үшін барлық тарихи кезеңдерде маңызды рухани күш болғаны белгілі. Ал енді, бұл

құбылыстың түпкі мәніне, құрылымына назар аударатын болсақ, онда ол ең алдымен өзінің рухани кіршіксіздігімен, болашаққа деген арман-тілегімен айрықшалануы тиіс. Сонда ғана ұлттық идеяның нағыз тарихи маңыздылығы арта түседі. Өткен ғасырларда өмір сүрген даналарымыз халықты үнемі рухани-адамгершілік бағдарларға шақырып отырған. Әл-Фараби замандастарына «қайырымды, ізгілікті қаланың» қажеттілігін айтса, Жүсіп Баласағұн қоғамда әрбір адамның әділетті болуын көксеген, Абай пендеге арнап «Адам бол!» деп нақты кеңесін берген, Шәкәрім болса ар-ұяттан, ұжданнан әлеуметтік болмыстың, адам өмірінің түп қазығын іздеген. Осы айтылғандарға орай, қазіргі заманда еліміздің азаматтарына құндылықтық бағдар болатын, болашақтың жарқын жолын анықтайтын ұлттық идея қажет екеніне күмән келтіруге болмайды. Басқаша айтқанда, оның сипаттамасын ұлттық идеологияның нақтыланған, тарихи кезеңге бейімделген рухани моделі іспетті феномен деп беруге болады.

Ұлттық идея Қазақстан жағдайында жергілікті тұрғындарды ғана жарқын болашаққа жетелейтін бағдар, көшбасшы ой-тұжырым емес, сонымен бірге ол алыс және жақын шет елдердегі қандастарымыздың жүрегін жібітетін, көңілдерін биікке барынша көтеретін, рухани деңгейде әрқайсысына демеу болатын қасиетке ие болуы керек. Жалпы ұлттық идеяға деген зәрулік қоғам дамуының белгілі бір кезеңінде бекер туындамайды. Ұлттық идея, негізінен, жас ұрпаққа, жас мамандарға, жас отбасыларға алға қарай жылжуға ауадай қажет құдіретті әлеуметтік-рухани күш болуға тиіс. Ұлттық идеяға негізделген қазақ философиясы еліміздің рухани тәуелсіздігінің көрінісі, ел бірлігінің рухани тірегі. Рухани дамудың негіздері толық қаланбаған елде идея сан қилы бағытта өрбиді, ал ол мемлекетте өмір сүретін барлық азаматтардың игілігіне, мүддесіне қызмет етсе құба-құп. Егер әр түрлі этникалық, діни, әлеуметтік топтарды бір-біріне қарсы қоюды, олардың ара жігін ашуды мақсат еткен жалпы мемлекеттік идея болса, онда ол түбінде

сол елдің ыдырауына, мемлекеттің құлдырауына әкеліп соғады. Мұндай жағдайды Кеңес Одағының ішкі саясатынан анық байқауға болатын еді. Онда орталықтың абсолют басымдық дәрежесі қоғамда басты идеяға айнала бастаған уақытта одақ өз тіршілігін амалсыздан тоқтатты. Жалпы империялардың бәріне тән ортақ осал жері – мылтық пен қара күшке сүйеніп жүйені ұстап тұрудың әдеті мен дәстүрін бекітуі. Сондықтан, әрқилы империялар тарих сынағына шыдамай ыдырады.

Қазақстан Республикасының қазіргі кезеңдегі ұлттық идеясының өзіндік бір вариантын төмендегідей тұжырымдауға болады: «Бастауларды ұмытпастан, біз бірлесіп әрбір азаматтың игілігі үшін күшті, өркениетті, бәсекеге қабілетті және демократиялық Қазақстанды құрамыз». Бұл ойтұжырымның үш маңызды іргетасы бар екенін байқаймыз: біріншіден, ол рухани бастауларды, халықтың тарихи мұрасын ұмытпауға шақырады; екіншіден, әрбір қазақстандыққа ортақ игілік болатын бірлік мәселесін көтереді; үшіншіден, Қазақстанның бәсекеге қабілетті өркениетті, демократиялық ел болуына ұмтылыс жасау қажеттілігі айтылады. Бұл тұжырымның өміршеңдігі мен оның халықтың көңілінен шығаршықпасын уақыт көрсетері анық. Дегенмен, оны ұлттық идеяның елімізде қалыптастыруға деген үлкен қадамның лайықты бастамасы деп қабылдағанымыз жөн. Біздің Институттың ғалымдары қазіргі кезеңде ұлттық идеяның теориялық-әдіснамалық негіздерін жасауға және соның негізінде қазақ философиясын дамытуға атсалысуда. Ғылыми танымның нақты әрекеттері өз жемістерін береріне сенемін.

Жоғарыда айтқандай, еліміздің тәуелсіздігі жарияланған кезде алғашқылардың бірі болып «диаспоратану» деген ұғымның ғылыми айналымға енуіне үлес қостым. Міне, енді қазіргі кезеңде етек жеңімізді жинап, шетелдік кеңістікте өмір сүріп жатқан бауырларымызды ішке тартып, рухани-мәдени жағынан біртұтас халыққа айналуға қадам жасап жатқандығымыз қуантады.

Мемлекетіміздің тәуелсіздігін нығайта түсуімен қатар, Елбасы Н.Ә. Назарбаев алыс және жақын шет елдердегі қазақ диаспорасына ерекше көңіл бөліп келеді. Қазақ жерінен кезінде әртүрлі себептермен көшіп кеткен және көшуге мәжбүр болған қандастарымыз қазіргі таңда тәуелсіз мемлекетімізге орала бастады. Сондықтан, оларға «оралман» деген ат та берілді. Басқаша айтқанда, халықаралық деңгейде «репатриант» деп аталатын бұл құбылыстың қазіргі жаһандану заманында өзектілігі арта түсуде. Ал енді ғалымдар тұрғысынан жасалған әрекеттерге келетін болсақ, онда жалпы бұл мәселе біздің Институттың ауқымында ғылыми жоба ретінде екі рет пәнаралық түрде зерттеліп, «Қазақ диаспорасы: мәселелері және болашағы» деген тақырыпта ұжымдық монография формасында жарық көрді. Екінші кітап – ХХІ ғасырдың басындағы Еуразиялық интеграция ауқымындағы қазақ диаспорасы мәселесіне арналды. Әрине, диаспора мәселесінің әлі де көптеген әлеуметтік-философиялық, құндылықтық-дүниетанымдық және практикалық тиімді шешімін табуға тиісті тұстары баршылық. Ең негізгі ұлттық идеяны басшылыққа ала отырып концептуалдық бағдар – қазақ халқының біртұтас ұлтқа айналуының сан қырлы тетіктерін іске қосуға тырысуымыз қажет, соның бір қыры әлемдегі қырықтан астам елдердегі алты миллиондай халқы бар қазақ диаспорасы мәселесі.

Ендігі жерде өзіндік «менін» сақтауға ұмтылған әрбір жұрт, ең алдымен, тарихи санасы мен жадын, бірегей ұлттық болмысы мен ойлау машығын, өзіндік дүниетанымы мен дінін, ана тілі мен ерекше ділін, бай дәстүрлі төл мәдениетін дамыту, аман алып қалу жолында жанталасуы қажет.

Қазір қазақ халқы үшін жасанды, виртуальды әлемде жоғалып кетпеу, жаһандану заманында өз төлтумалығымызды, қайталанбас ұлттық болмысымызды, ұлттық ойлауымыз бен кейпімізді сақтап қалуымыз маңызды болып отыр. Батыс мәдениетімен бәсекеге түсе алатындай ХХІ ғасырдағы рухы биік мәдениетімізді

одан ары қалыптастырған жөн. Рухы мен мәдениеті биік деңгейдегі халық пен мемлекеттің болашағы жарқын. Оған ешқандай күмән болмас.

Бостандық, азаттық, тәуелсіздік идеясы жаратылысынан еркіндік сүйгіш қазақ халқының өмірінің мәнін құрайтын сияқты. Соңғы екі-үш ғасырларда отаршыл саясатқа қарсы жүргізілген үш жүзден астам көтерілістің өзі нені көрсетеді? Құдайға шүкір, халқымыздың аңсаған тәуелсіздігіне де қол жеткізіп, дербес елге айналдық. Ұлттық идея іштегі және сырттағы қазақтарды біріктеуге оз септігін тигізеді. Алайда, қазіргі жаһандану заманында бәсекелестікке төтеп беру де оңай шаруа емес. Ұлттық намыс пен жігерді жани түсу керек, ұлттық рухты асқақтата түсу керек деп ойлаймын. Бұл үшін өз қазаныңның ішінде қайнап қоймай, одан асып төгіліп, өзіміздің тамаша ұлттық құндылықтарымызды сыртқы әлемге де сіңіре білуіміз керек. Қазіргі қазақ философиясының мәні барлық жағынан алғандағы еркіндік және қазақша еркін ойлап, еркін сөйлейтін тұлғаны қалыптастыру мәселесі болуы керек деп ойлаймын.

Қазақ диаспорасы мәселесін тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында қолға алып зерттеуге атсалыстық. Жаңа диаспоратану ғылымын ашып, оның зерттеу пәні мен әдістерін, ұғымдық аппараты мен әдіснамасын анықтадық. Диаспора, қазақ диаспорасы, диаспоратану ұғымдарын жаңа «Қазақстан» атты ұлттық энциклопедияға, «Мәдени мұра» бойынша зерттеулерге енгіздік. Онсыз қазақтың ұлттық тарихы толық болмайды. Диаспоратану бойынша қазір теориялық және қолданбалы пән аралық зерттеулер жүргізілуде. Сөйтіп, ол әлемдік гуманитарлық ғылымда кеңінен пайдалануда. Бірнеше кітаптар жарық көрді, докторлық және кандидаттық диссертациялар қорғалды, бірнеше ғылыми жиындар өткізілді. Оның үстіне, осы тәуелсіздіктің 20 жылдығы ауқымында осы мәселе бойынша бірнеше ғылыми-зерттеу жобаларының орындалуына ғылыми жетекшілік жасап, жалпы диаспоратану мәселелерінің әлемдік деңгейдегі теориялық-әдіснамалық, әлеуметтік-экономикалық,

құндылықтық-психологиялық, этнодемографиялық тұстарын ашып көрсетуге тырыстық. Бұған экономистер, философтар, аксиологтар, тарихшылар, социологтар, мәдениеттанушылар, демографтар атсалысты. Әсіресе, қазақ халқының ұлттық тарихына байланысты диаспоралық мәселелердің қыр-сырын ашуға әр түрлі саладағы ғалымдарды жұмылдырумен айналысқандығымыз өз жемісін берді. Оралмандар үшін квотаның жылдан жылға көбеюі еліміздің тәуелсіздігінің нығая түскендігінің бір белгісі деуге болады. Дегенмен Қытай мен Өзбекстандағы, Ресей мен Еуропадағы бірнеше миллиондаған қандастарымыздың тіліне және жалпы хал-жағдайына көңіл аудару мәселесі, олармен байланысты білім-беру, бұқаралық ақпарат құралдары, мәдени және экономикалық сияқты салаларда тереңірек жүргізу өзінің өзектілігін сақтап отыр. Қазақтардың ұлттық болмысы мен ойлау машығын, тілі мен ділін, діні мен ұлттық келбетін, ұлттық бірегейлігін сақтау бүгінгі өзекті мәселелер қатарына жатады. Өйткені олар тез шешіле қоятын мәселелер емес. Олар біршама шыдамдылықты, этникалық төзімділікті, халықаралық дипломатияның ұтымды тұстарын тиімді пайдалануды қажет етеді. Қазақстан тәуелсіздік алысымен Германия мен Израиль сияқты үшінші ел болып, өзінің диаспорасына мемлекеттік қамқорлық жасап келеді. Шын мәнінде өзінің ұлттық диаспорасының жағдайына шыннайы мән беріп, көңіл бөле бастаған халық қана нағыз есейген ұлттың қатарына жатады.

Ұлт саясаты жалпыұлттық идеяға негізделуі керек. Бұл идеяны қазақтардың ұлттық идеясы мен қазақстандықтардың азаматтық бірегейлену идеясын синтездеу арқылы еліміздің әлеуметтік-саяси тұрақтылықты қамтамасыз етеміз. Қазақстанды мекендейтін халықтардың 65 пайыздан астамын осы жерді ата-бабадан мұра етіп иеленіп келе жатқан байырғы халық – қазақтар құрайды. Сондықтан этносаралық және дінаралық қатынастарға қатысты барлық жауапкершілікті осы ұлт көтереді. Қазақ хал-

қының рухани құндылықтары ұлттарды ұйыстыруға, қазақстандықтарды бірегейлендіруге қабілетті. Қазақтың тілі, тарихы мен мәдениеті отаршылдық пен тоталитаризм барысында зәбір көріп, трансформацияға ұшырағандықтан, оларды қайта түлетуге үлкен көңіл бөлінуі тиіс. Әсіресе, Мемлекеттік тілге қатысты, оның қолданылу аясын барынша кеңейтуге байланысты нақты іске асыруды талап ететіндей жаңа заң қажет сияқты. Ал Мемлекеттік тіл бүкіл қазақстандықтарды іштей топтастыратын басты факторға айналмақ.

Сонымен, Қазақстан Республикасы – көпэтносты ұлттық мемлекет. Кез келген ұлттық мемлекет оны құраған негізгі ұлттың өзге этникалық топтар алдындағы басымдығын таныту құралы емес. Адамзат тарихында мемлекет этностардың бір-бірімен өзара әсерлесу мүмкіндігі көбейген кезде, белгілі бір ұлттың бірегейлігін (аумағын, дінін, тілін, мәдениетін т.б.) аман сақтап, дамыту қажеттігіне орай пайда болған. Қазақстан Республикасы да, ең алдымен, сан ғасырлық тарихы бар біртұтас қазақ ұлтының бірлігі мен бірегейлігін сақтап, дамытуға қызмет етеді. Мұның өзі өзге этникалық топтар мәдениетіне қысым жасалады деген сөз емес. Керісінше, олардың да төл мәдениеті дамып, әрі Қазақстанның мәдени дамуына бір бұлақ болып қосылып, әрі біздің өзге халықтармен (әлгі этникалық топтардың атамекендерімен) мәдени байланыс жасауымыздың тиімді арнасына айналуы қажет-ақ.

Ал енді қоғамдағы әлеуметтік құндылықтар, жеке адамдардың бостандықтары мен құқықтары мәселесіне келсек, біздің еліміздің азаматтарының бәрі этникалық тегіне, дініне, т.б. қарамастан, бәрі де тең құқылы, бәріне де тең мүмкіндіктер берілген. Мұның өзі қазақстандықтарды іштей топтастыруға, ортақ Отанымыздың болашағы мен бүгінгі мүддесі жолында бірігуімізге, сөйтіп, бірте-бірте ұлттық идеяны ту етіп бірегей халыққа айналуымызға ықпал етеді.

Тіл – ұлттық бірегейліктің негізі, яғни халықтың өзіне ғана тән ділі, діні, дүниетанымы, мәдениеті осы

тіл арқылы ғана сақталып, дамиды. Ал жоғарыда айтқанымыздай, кез келген мемлекеттің құралғандағы мақсаты – белгілі бір ұлттың бірегейлігін сақтау болып табылатындығын еске алсақ, (онсыз мемлекет өзінің барлық қадір-қасиетін жоғалтады), онда Қазақстан Республикасында қазақ тілінің бірден-бір мемлекеттік тіл ретінде өркендеуі өзінен-өзі түсінікті жайт. Мемлекеттік ұлттық саясатты ендігі жерде мемлекеттік тілдің қолдану аясын кеңейтуге бағытталғаны жөн. Себебі құрып отырған негізгі халықтың тілін барынша дамыту – Үкіметтің бірден-бір міндеті. Онсыз мемлекет өз мәнін жоғалтады.

Ендігі міндет – сын сағатта тек сабырлылық қана танытып қоймай, өр-кениетті білім мен ғылымның өрелі биігіне көтеріле отырып, өз маңына келіп жатқан оралмандарды және өзге отандастарымызды да біріктіру мен топтастыру болып отыр. Онсыз бәсекеге қабілетті елулікке кіру мүмкін емес. Туған еліңде «мен осы елдің иесімін» деп кеуде қақпау керек, керісінше, мықтылығыңды Отаныңның өркендеуіне, отандастарының іштей топтасуына қосқан жеке үлесіңмен дәлелдеуің қажет. Алдымен қазақтар бірлікте болмайынша, барша қазақстандықтар бірлікте болмайды. Ендігі жерде ұлттық идеяға негізделген мемлекеттік ұлттық саясат осы мәселелерді шешуге бағытталғаны жөн деп есептеймін. Тек саяси реформалар мен саяси жаңаруды жеделдеткен жөн. Сонда ғана саяси реформалар экономиканың дамуына және оның бәсекеге қабілеттілігін арттыруға өздерінің септігін тигізеді.

Еліміздегі адам капиталы мен ресурсын дамытуға, оның тапшылығын жоюда шетелдегі қазақтардың үлесі айтарлықтай болмақ. Өйткені олар нарықтық экономикасы біршама дамып жатқан Еуропа мен Азия елдерінен келген. Тек сыртқы және ішкі қазақтардың рухани-мәдени және ұлттық бірлігін жаһандану заманы талабына сәйкес нығайту ауадай қажет. Осы жерде ұлттық идея бүкіл әлемдегі қазақтарды біріктіретін факторға айналуға.

Қазақстан Республикасы – тәуелсіздік жолында ғасырлар бойы мың өліп, мың тірілген қазақ ұлтының тарихи Отанында құрылған унитарлық мемлекет. Сондықтан, қазақтардың өз есімімен аталған елдің бүгінгі хал-жағдайына да, болашағына да өзге этностық топтарға қарағанда жауапкершілігі көбірек болуы заңды. Осы уақытқа дейін біздің халқымыз бұл тарихи жауапкершілікті сезініп, өзінің асқан төзімділігі мен сабырлығының арқасында елдегі этносаралық та, әлеуметтік те татулықты сақтауға ұмтылып келеді.

Конституцияда жазылған «Қазақстан халқы» ұғымын еліміздегі сан түрлі этностардың қарапайым жиынтығы түрінде ұғынсақ қатты қателесеміз. Қазақстан халқы – осы тәуелсіз унитарлық мемлекеттің негізін құрап отырған шешуші қазақ халқының маңына топтасқан, қазақ тілінің, халқымыздың өзіндік ділінің, дәстүрлі мәдениетінің қазіргі заманға сай дамыған келбетіне өз мәдениеттері арқылы ерекше бояу қосқан, сөйтіп ортақ тіл, ортақ діл, ортақ мәдениет, демократия, бостандық, адам құқы сияқты базалық құндылықтар арқылы топтасқан отандастарымыз қауымдастығының жаңаша сапалық күйі.

Бір мемлекетте тұратын адамдардың ортақ ділі болуы, яғни олардың ойлау машығының, мінез-құлқының, ардақ тұтатын құндылықтарының, ұстанатын әдет-ғұрпының, т.б. бірегейлігі көптеген әлеуметтік-психологиялық факторларға байланысты қалыптасатын құбылыс. Олардың ішінде қоныстанған өлкесінің табиғаты, шаруашылық жүргізу тәсілдері сияқты қосымша факторлар болғанымен, ең басты біріктіруші фактор – адамдардың бір-бірімен тарихи тамырластығын сезінуі, былайша айтқанда тарихи санасының, тарихқа көзқарасының, тарихи жадының ортақтығы болып табылады.

Өз Отанының, өз халқының тарихы мен мәдениетін терең білмеген адам жел айдаған қаңбақтай сыртқа елеңдеумен, сыртқа еліктеумен күн кешеді. Егер біз, қазақ халқы өзі іштегі мен сырттағысы бар іштей бірегейленіп,

өзге отандастарымызды өзіміздің айналамызға ұйытып, ұлттық бірегейлену ісінің көшбасшысы боламыз десек, онда, ең алдымен, отандық тарихнамамызды түзеп, рухани-мәдени құндылықтарымызды түгендеп алуымыз қажет. Сонымен ұлттық идея бүкіл әлемдегі қандастарымыздың біртұтас қазақ идеясы.

Әрине, мен маман тарихшы емеспін, бірақ жаһандану жағдайындағы қоғамдағы кейбір күрделі және көпқырлы әлеуметтік мәселелерді пәнаралық ғылыми зерттеуде сан түрлі сала мамандарының өзара күш біріктіруіне тура келеді. Қазақстан халқының бірегейлену процесі, міне, дәл осындай қазіргі заманғы күрделі әлеуметтік құбылыстардың бірі. Бұл құбылысты зерттеп, оңтайлы тетіктерін табуға лингвистер де, экономистер де, философтар да, әлеуметтанушылар да, саясаттанушылар да, тарихшылар да, мәдениеттанушылар да ат салысуы қажет. Оның үстіне, қазіргі жаһандану заманында, еліміз бүкіләлемдік саяси, экономикалық, ақпараттық-коммуникациялық және мәдени процестерге етене араласқан сайын өзіміздің төл ұлттық болмысымызды зерттейтін гуманитарлық ғылымдардың рөлі мен маңызы арта түспек.

Сонымен, неге біз мемлекетімізді құрып отырған Қазақстандағы жетекші ұлт – іштегі және сырттағы қазақ халқының тарихын, ежелден тамыр тартқан мәдениетін, философиялық және әлеуметтік ойын, ардақ тұтқан құндылықтарын өзіміз танып біліп, соның арқасында өзге отандастарымызға ұғындырып ортақ тарихи сана қалыптастыра алмай отырмыз.

Менің бұл пікірлерімнен елімізде ортақ тарихи сана қалыптастыру бағытында ешқандай жұмыс жүріп жатқан жоқ деген жаңсақ пікір тумауы керек. Бұл бағытта атқарылып жатқан жұмыстар баршылық. Қолға алынған «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы Қазақстан азаматтарының еліміз бен жеріміз тарихы туралы түсінігі іштегі және сырттағы біртұтас қазақ халқының сан ғасырлық өркениеті мен мәдениетінің жауһар үлгілерін көпшілік білетіндей мүмкіндік жасауға тиіс.

Айтпақшы, мұндай жұмыстар бұрыннан-ақ жасалып жатқан еді. Кейбір ұлтжанды азаматтар мен мекемелер өз істерін дабырайтып насихаттамады, діттеген мақсаттарына үнсіз қол жеткізуге тырысты. Сонымен жалпы ортақ сананы қалыптастыруға тек білім беру мекемелері ғана емес, сонымен қатар оған барлық әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар және олардың қазіргі заманғы пәндері қатысқаны жөн. Өйткені ортақ сананы қалыптастыру пәнаралық мәселе болғандықтан ол жүйелілікті талап етеді.

### **3.2 Шетел қазақтарының құндылықтық әлемін зерттеудің теориялық-әдіснамалық негізі**

Кез келген мемлекет өзін құрып отырған ұлттың сыртта жүрген өкілдеріне қамқорлық жасауды мерей тұтады. Өйткені мұндай ізгі ниет – оның абырой-беделін, қуатын танытатын, өзіне өзгелердің құрметпен қарауын туғызатын шара. Мысалға, Германияның немесе Израильдің пәлен ғасыр бұрын көз жазып қалған қандастарына және олардың құндылықтарына жасап отырған қамқорлығы, шынымен-ақ, кісі қызығарлықтай.

Кейде керісінше де болады. Жаңадан дербестік алған өзінің этникалық Отанының аяғынан тез тұрып кетуіне сол мемлекетті құраған халықтың сырттағы ауқатты өкілдері елеулі көмек жасайды. Кезінде Израиль мемлекеті солай қуаттанған. Әсіресе, шет елдерде тұратын 56 миллион қытайлықтардың «Қытай реформасының» табысты іске асуына тигізген жәрдемі елеулі болды.

Жаһандану жағдайында ендігі жерде өзіндік «менін» сақтауға ұмтылған әрбір жұрт, ең алдымен, тарихи санасы мен жадын, бірегей ұлттық болмысы мен ойлау машығын, өзіндік дүниетанымы мен құндылықтар жүйесін, дінін, ана тілі мен ерекше ділін, бай дәстүрлі төл мәдениетін дамыту, аман алып қалу жолында жанталасуы қажет. Шетел қазақтарының құндылықтық санасындағы өзгерістерді, құндылықтық әлемінің

жаңаруын зерттеуде өмірбаяндық, этнодемографиялық, социологиялық әдістерді кеңінен қолданады.

Бостандық, азаттық, тәуелсіздік идеясы жаратылысынан еркіндік сүйгіш қазақ халқының өмірінің мәнін құрайтын сияқты. Соңғы екі-үш ғасырларда отаршыл саясатқа қарсы жүргізілген үш жүзден астам көтерілістің өзі нені көрсетеді? Құдайға шүкір, халқымыздың аңсаған ұлттық тәуелсіздігіне де қол жеткізіп, дербес елге айналдық. Ұлттық идея іштегі және сырттағы қазақтарды біріктіруге өз септігін тигізеді. Алайда, қазіргі жаһандану заманында бәсекелестікке төтеп беру де оңай шаруа емес. Ұлттық намыс пен жігерді жани түсу керек, ұлттық рухты асқақтата түсу керек деп ойлаймын. Бұл үшін өз қазаныңның ішінде қайнап қоймай, одан асып төгіліп, өзіміздің тамаша ұлттық құндылықтарымызды сыртқы әлемге де сіңіре білуіміз керек. Қазіргі қазақ философиясының мәні барлық жағынан алғандағы еркіндік және қазақша еркін ойлап, еркін сөйлейтін тұлғаны қалыптастыру мәселесі болуы керек.

Қазақ диаспорасы пәнаралық проблема ретінде тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында қолға алып зерттеуге атсалысқанымыз рас. Жаңа диаспоратану ғылымын ашып, оның зерттеу пәні мен әдістерін анықтадық. Оны жаңа «Қазақстан» ұлттық энциклопедиясына енгіздік. Ол қазір әлемдік гумани-тарлық ғылымда кеңінен қолдануда. Бірнеше кітаптар жарық көрді. Онын үстіне, осы 22 жылдың ауқымында осы мәселе бойынша бірнеше ғылыми-зерттеу жобаларының орындалуына жетекшілік жасап, жалпы диаспоратану мәселесінің әлемдік деңгейдегі теориялық-әдіснамалық тұстарын ашып көрсетуге тырыстық. Әсіресе, қазақ халқының тарихына байланысты диаспоралық мәселелердің қыр-сырын ашуға әр түрлі саладағы ғалымдарды жұмылдырумен айналысқандығымыз өз жемісін берді. Қазіргі кезеңде қазақ диаспорасы мәселесінің тарихы, құқықтық, құндылықтық, әлеуметтік-психологиялық, этнодемографиялық, дүниетанымдық қырлары біршама

айқындалды. Ал, енді оралмандар үшін квотаның жылдан жылға көбеюі қажет-ақ болып отыр. Өйткені, олар бір сәтте және тез шешіле қойылатын шаруалар қатарына жатпайды. Олар біршама шыдамдылықты, этникалық төзімділікті, халықаралық дипломатияның ұтымды тұстарын тиімді пайдалануды қажет етеді. Қазақстан тәуелсіздік алысымен Германия мен Израиль сияқты үшінші ел болып, өзінің диаспорасына мемлекеттік қамқорлық жасап келеді. Шын мәнінде өзінің ұлттық диаспорасының жағдайына шынайы мән беріп, көңіл бөле бастаған халық қана нағыз есейген, жетілген ұлттың қатарына жатары анық.

Шетелдегі қазақтар өздерінің қазақылығын, қазақтық құндылықтарын біршама сақтаған, ал ұйғырлар мен өзбектер ассимиляцияға түсіп кеткен. Қазақтарға белгілі бір мемлекеттің ішінде қысым күшті болған сайын олардың өзін-өзі сақтау қабілеті күшейіп, жоғары сипатта болған. Сонда Ингвар Сванберг қазақтың эндогамиясына (өзін-өзі сақтау қабілетіне) таң қалғанын айтады.

Біздер үшін ең қауіптісі мәдени жаһандану. Болашақ қазақылыққа төнген қауіп емес пе? Қазақ несімен қазақ? Өзіндік ұлттық құндылықтарымен, тілімен, ділімен, әдет-ғұрпымен, салт-дәстүрімен, мәдениетімен. Елжылдан соң ұлттық тәуелсіздігімізді, қазақылығымыз бен дәстүрлі мәдениетімізді, ұлттық құндылықтарды сақтай аламыз ба? Үлкен мәселе. Сақтай алмай қалуымыз да мүмкін. Оның үстіне бүгінгідей жаһандану процесінен тыс қалатын ел болмайды, әсіресе, біз сияқты жас, енді ғана тәуелсіздігінің 22 жылдығын атап өткен мемлекет үшін өте қауіпті. Өзіміздің жастар ұлттық құндылықтар мен әуеннен гөрі батыс әуені мен құндылықтарын қабылдауға құштар.

Біздер ата-бабамыздан мұра болып қалған дәстүрлі мәдениетіміз бен құндылықтарымызды ақпарат құралдары және білім алу арқылы бойымызға сіңіре отырып сақтап, сонымен бірге әлемдік қауымдастықта өз орнымызды тауып, онымен үйлесе отырып орнықты дамуымыз қажет.

Шетелдердегі қазақтар аз болса да, негізінен, өз ұлтының салт-дәстүрлері мен құндылықтарын сақтаған әрі өзге ұлттармен туысқандық араласуға, қан араласуына өте қатал қараған. Мен 1991 жылы Германияның Кельн қаласында бір қазақ жігіттің үйлену тойында болдым. Болашақ келіншегі Париж қаласынан болды. Сонда Осло қаласында тұратын Халифа Алтай ақсақалдың үлкен ұлымен таныстым. Ослода неше қазақ бар деп сұрасам, үш отбасы тұрады екен. Өзі қазақша ойлап қазақша сөйлейтін сияқты. Сонда маған шетелдегі қазақтардың өз елін, өз ұлтын, өз құндылықтарын сүю сезімі күштірек екені байқалды.

Сол кездің өзінде Еуропаның жүрегі іспеттес Кельнде 32 мешіт бар екен. Ал әрбір қазақ отбасында қонақ күту үшін екі бөлме дайындалыпты. Бірі – сол елдегі қазақтар үшін жасалған, киіз, кілем төселген, көрпе салынған, жастық тасталып, жерге дастархан жайылған бөлме болса, екіншісі – Қазақстаннан келгендерге арналған. Ондағылар бізді «орыстанған қазақтар» дейді екен, сондықтан бізге арналған бөлме еуропаша, биік орындықтармен жасақталған.

Бұрын қазақта дастархан тек тамақ ішетін орын болмаған. Дастархан үлкен рухани-мәдени және әлеуметтік-экономикалық мәселелерді шешетін орын, тәрбие мектебі болған. Сол дастархан басында жастарға үлгі-өнеге боларлық әңгімелер айтылатын, жастардың ұлттық құндылықтар әлемі қалыптасатын.

Тағы бір айта кететін жайт: шетелдегі қазақтарда «мен қазақпын» деген ұлттық сезім басым екен. Ал бізде одан гөрі, «мен арғынмын» дейтін рулық сезім басым. Біз осындай санадан әлі арыла қойған жоқпыз. Ұлттық намыс деген де ұлттық санадан туындайды ғой. Осыған орай еліміздің ішіндегі қазақтардың құндылықтар әлемі де этносаралық қатынастарға байланысты бірталай жаңаруға ұшырады. Одан кейін біздің көршілеріміз – Қытайда қытайландыру, Ресейде – орыстандыру, Өзбекстанда – өзбектендіру процесі қарқынды жүруде. Осының арқасында жастардың

құндылықтық әлемі қатты өзгеруде. Сонымен қатар әлемде жаһандану процесі кең етек алып барады. Қарап отырсақ, бірнеше процестер қабаттасып жүруде. Осындай жағдайда қазақтар өздерінің ана тілінен айырылып, бүкіл ұлтқа, ұлттық құндылықтарымызға үлкен қауіп-қатерлер төніп тұр деп есептейді. Егер тіл жойылса, онда ұлт жойылады. Сондықтан біздер рухани-адамгершілік жағымызды күшейтуіміз ауадай қажет, қазақ руханиятын жаңа мәдени-тарихи жағдайға байланысты дамытқанымыз абзал.

Ал, енді қоғамдағы әлеуметтік маңызды құндылықтары, жеке адамдардың бостандықтары мен құқықтары мәселесіне келсек, біздің еліміздің азаматтарының бәрі этникалық тегіне, дініне, т. б. қарамастан, бәрі де тең құқылы, бәріне де тең мүмкіндіктер берілген. Мұның өзі қазақстандықтарды іштей топтастыруға, ортақ Отанымыздың болашағы мен бүгінгі мүддесі жолында бірігуімізге, сөйтіп, бірте-бірте ұлттық идеяны, құндылықтарымызды сақтаудың негізі ретінде ту етіп бірегей халыққа айналуымызға ықпал етеді.

Қазақстан Республикасы – қазақ ұлтының төрткүл дүниедегі жалғыз Отаны, бірден-бір қара шаңырағы екені әлемге аян. Қазақ диаспорасының арқа сүйер сүйеніші де, өсіп-өнетін атамекені де – тек тәуелсіз Қазақстан, байырғы қазақ жері. Сондықтан қазақ ұлты дамуының этникалық-мәдени және құндылықтық кеңістігі де Қазақстан Республикасы.

Әлем қазіргі кезеңде түбірінен өзгеруде. ХХІ ғасыр түркі тектес егеменді елдер үшін керемет тарихи заман болмақ, білім мен ғылымды дамыту, интеллектуалдық ұлтты, адами капиталды қалыптастыру халқымыз үшін тамаша өркениет пен демократия жолы, қазақстандық экономиканың қарқынды өсуі мен дамуына сенеміз. Әлеуметтік-саяси тұрақтылықтан жүйелі жаңару арқылы гүлденген Қазақ елін құру – біздің қазақстандық жолымыз осы. Іштегі және сырттағы қазақтар рухани-құндылықтық және этникалық жағынан біртұтас ұлт

болып ұйып, келешекте өркениетті және мәңгі Қазақ елі жаңа белестерге көтерілетініне ешқандай күмән жоқ. Ол үшін бізге тұрақтылық, бейбітшілік, төзімділік, қарқынды еңбек, жаңа патриотизм, жүйелі құқықтық тәртіп пен әлеуметтік-экономикалық реформа қажет.

Әлемнің әртүрлі мемлекеттерінде ғұмыр кешіп жатқан қазақ диаспорасының өкілдері өздерінің ұлттық құндылықтары мен негіздерін ешқашан ұмытқан емес. Дүние жүзінің әлеуметтік-экономикалық кеңістігінің біртұтас интеграцияға ұшырап, жаппай жаһандану процесі жүріп жатқанда Қазақстандағы қазақтар да, шетелдердегі қандастарымыз да өзіндік этникалық келбетін және ұлттық бірлігін жоғалтпаудың жолдарын іздеуде. Мұндай әрекет барлық халықтар үшін маңызды болып тұр. Әрине, қазақ диаспорасы үшін өздері өмір сүретін жерлердегі басым үрдістердің екпініне шыдай қою да оңай шаруа емес. Мәселен, Ресейде және Батыс Еуропада өмір сүріп жатқан қандастарымыздың жас ұрпағының өз тілін үйренуге мүмкіндіктері шектеулі, олар тек қана тұрмыстық жағдайда ғана тіл мен діннің, салт пен дәстүрдің негіздерін білуге тырысады. Осындай күрделі мәселелерді зерделеген аға ұрпақтың өкілдері осы процестің болашағын болжағандықтан, қалайда қазақ бозбаласы қазақтың бойжеткеніне табысқанын қалайды. Бұл ұлтшылдықтың теріс көрінісі емес, ұлтжандылықтың таза келбеті, этно-психологиялық сиысушылықтың заңдылығын білуден туындаған нәтиже.

Кезінде өз жерінде қалған Қытай қазақтарның бірегейлігі трансформацияға ұшырады. Содан ондағы қазақтардың санасындағы құндылықтар жүйесі де өзгерістерге ұшырады. Көп жылғы бір мемлекет шеңберіндегі өзара әсерлесудің нәтижесінде қазақ кейде қытайша ойлап қазақша сөйлейтін болды, оның жүріс-тұрысы да қытайға ұқсап кеткендей болды. Сол сияқты Ресейдегі қазақтар да орысша ойлап қазақша сөйлейді. Бұл олардың құндылықтық әлемінің бұзылғандығын көрсетеді. Өзбекстандағы қазақтардың қазақ тілінде

білім алуға мүмкіндіктері аз жерлерде өзбекше білім алып, тіпті өзін өзбек ұлтының өкілімін деп жаздыру арқылы жақсы жұмысқа тұру, жақсы пәтер алу деректері де кездеседі. Баяғыда менің бабам немесе дәдем қазақ еді, бірақ мен өзбекпін дегендерді жиі кездестіруге болады. Осыған орай Қазақстандағы мәдени мұра мен шетелдердегі қазақтардың мәдени мұрасын бірлікте қарау арқылы «Қазақстан» ұлттық энциклопедиясына және мәдени мұраға шетелдердегі қазақтардың рухани мұрасын енгіздік. Соның арқасында елімізде мәдени және ұлттық бірегейлену процесі іске асуда.

Еліміздегі адам капиталы мен ресурсын дамытуға, оның тапшылығын жоюда шетелдегі қазақтардың үлесі айтарлықтай болмақ. Өйткені олар нарықтық экономикасы біршама дамып жатқан Еуропа мен Азия елдерінен келген. Тек сыртқы және ішкі қазақтардың рухани-мәдени және ұлттық бірлігін жаһандану заманы талабына сәйкес нығайту ауадай қажет. Осы жерде ұлттық идея бүкіл әлемдегі қазақтарды біріктіретін факторға айналуға.

Қазақстан Республикасы – тәуелсіздік жолында ғасырлар бойы мың өліп, мың тірілген қазақ ұлтының тарихи Отанында құрылған ұлттық унитарлық мемлекет. Сондықтан, қазақтардың өз есімімен аталған елдің бүгінгі хал-жағдайына да, болашағына да өзге этностық топтарға қарағанда жауапкершілігі көбірек болуы заңды. Осы уақытқа дейін біздің халқымыз бұл тарихи жауапкершілікті сезініп, өзінің асқан төзімділігі мен сабырлығының арқасында елдегі этносаралық татулықты сақтауға ұмтылып келеді.

Сонымен, неге біз мемлекетімізді құрап отырған Қазақстандағы жетекші ұлт – біртұтас іштегі және сырттағы қазақ халқының тарихын, ежелден тамыр тартқан мәдениетін, философиялық және әлеуметтік ойын, ардақ тұтқан құндылықтарын (еркіндік, бірлік, тұрақтылық) өзіміз танып біліп, соның арқасында өзге отандастарымызға ұғындырып ортақ діл мен ортақ тарихи сана қалыптастыру үстіндеміз. Нағыз

«қазақылықтың» мазмұны еркіндікте, тәуелсіздікте, дербестікте, бірлікте жатыр.

Қорытындылай келе, Қазақстан Республикасы мен шетел қазақтары арасындағы қарым-қатынасты тереңдету мен кеңейту мақсатында мынандай ғылыми-практикалық ұсыныстарды тиісті мемлекеттік органдарға ұсынамыз:

1. Сонау көне заманнан бүгінгі күнге дейінгі біртұтас қазақ халқының ұзақ уақыт іштей бірігу және ұлттық топтасу тарихы әлі жасалған жоқ. Бұл қазақтардың этногенез мәселесін шешу арқылы іске асатын ұлттық идеяның көрінісі.

2. «Қазақ диаспорасы» пәнаралық зерттеуді қажет ететін кешенді мәселе, сондықтан оны зерттеудің жаңа әдіснамасы мен әдістемесін анықтай түскен жөн.

3. Іштегі және сырттағы қазақтардың құндылықтық әлемін біріктіретін ортақ базалық құндылықтарға айрықша мән берген жөн. Шетел қазақтарының ұлттық тарихы мен құндылықтық әлемін сақтау бүкіл іштегі және сырттағы қазақ ұлтын рухани бірлікте сақтау болып табылады. Оралмандар да елімізді көркейтуге өз үлестерін қосатынына ешқандай күмән жоқ.

4. Әрбір облыстағы оралмандарға тиісті бейімделу орталықтары арқылы әлеуметтік, құқықтық, қаржылық көмек көрсету керек. Осыған орай орташа және шағын бизнесті, әсіресе, ауылдық жерлерде өрістеткен жөн.

5. Оралмандардың елімізге қажетті жаңа мамандықтарды игеруі, өзіміз-дегі индустриалды-инновациялық даму стратегиясын, «Қазақстан-2050» стратегиясын іске асыруға ат салысуы, олардың құндылықтар жүйесі мен қазақстандықтардың құндылықтар жүйесін ұштастыру мен біріктіру, қазақша ойлап, қазақша еркін сөйлейтін жастарды тәрбиелеу бүгінгі күннің өскелең талабы.

### **3.3 Жаһанданудың шетел қазақтарының құндылықтық санасына тигізетін әсері және әлем қазақтарының біртұтастығы идеясы**

Жаһандану – бұл өте жаңа ақпараттық және қаржылық технологияларды, сондай-ақ халықаралық өндірістік, саяси-құқықтық және ұйымдастырушылық-экономикалық әрекеттің жаңа формаларын пайдалана отырып, бәсекелестердің ұлттық әлеуметтік-мәдени стереотиптеріне қысым жасау арқылы экономикалық әрекетті ұлттан тыс қоюдың жаңа формаларына негізделген бәсекелестік артықшылықтарды қалыптастыру процесі. Бұл процестің терең астарлы мәні ұйымдастырушылық-технологиялық және валюталық-қаржылық факторлармен қатар, әлеуметтік-мәдени тегеуірінді ықпалымен де айқындалады.

Қазіргі тарихи кезеңде шаруашылық өмірдің интернациялануы, ықпалдасу барысында еуроамерикандық типтегі дамыған (өнеркәсіпті) елдердің әлеуметтік-мәдени базасына негізделген шаруашылық жүргізу үрдісінің таралуы орын алады. Осы қырынан алғанда жаһандануды әлемдік шаруашылық байланыстардың жаңа формасы ретінде қарастырып, оны «өмір тәртібінің экспорты» деп атауға болады.

Қазіргі тарихи кезеңде осыған орай елімізде біршама көрініс беріп отырған жемқорлыққа, коррупцияға, экономикалық қылмыстарға, көлеңкелі экономикаға қарсы күрестің заңдық және құқықтық негіздерін күшейту арқылы рухани қауіпсіздігімізді нығайта аламыз.

Кез келген қоғамның даму үрдісі ондағы адамдар мен әлеуметтік топтардың даму қарқыны арқылы айқындалады. Біздің елімізде адамды тұлғалық дамытуға осы соңғы мезгілде ғана көңіл аударыла бастады. Тіпті, көп уақытқа дейін отандық ұлттық экономиканы өрге сүйрейтін біртұтас ұлттық элитаны толық қалыптастыра алмадық. Ал, өзіміз қоғам орнықтылығының кепіліне балап, жиі айтатын «орташа тап» тек ұлттық элита қалыптасып болғаннан

кейін, ұлт ішіндегі өзара үйлесімді де ынтымақты еңбек бөлінісінің іске қосылуы нәтижесінде пайда болады. Қазіргі заман тұлға дамуы үшін ең қолайлы заман болып тұр. Еуразиялық деңгейдегі интеграциялық үдерістер осы құбылысқа қызмет етері анық. Беларусь, Қазақстан, Ресей мемлекеттерінің өзара экономикалық интеграциясы шетелдегі отандастарымызға игілікті әсер етеді.

Қазақстанның инновациялық экономикалық дамуының қуатты қарқыны таяу болашақта еліміздің адам ресурстарына тапшылығын ең бір өзекті мәселеге айналдыруы мүмкін. Сондықтан біз отандастарымыздың санын да, сапасын да күрт дамыту ісін қолға алудамыз.

Елімізде сапалы тұрғын үй құрылысының қауырт қолға алынып, отандастарымыздың денсаулығын қорғау жүйесінде де ауқымды өзгерістердің болатынына күмәнданбаймыз. Тіпті, қазақстандықтардың саны да күрт өсіп, 2015 жылға қарай жиырма миллион адамға жетпесе де, соған жақындауы мүмкін. Бірақ мұндай әлеуметтік жақсарулар мен сандық өзгерістер отандастарымыздың сапалық жаңаруына алып келе ме?!

Қазіргі әлеуметтану ғылымында «қоғамның әлеуметтік қуаты» деген ұғым бар. Бұған ұлттың, халықтың басым бөлігінің бойындағы рух күші, билік тармақтарына сенімі, қоғамдағы әртүрлі әлеуметтік және этникалық топтар арасындағы өзара түсіністік пен сенім т. б. проблемалар кіреді.

Бізде қазақ ұлты мен этникалық топтар арасында жақсы қарым-қатынас қалыптасқан. Ал осындай түсіністік әлеуметтік топтар арасында, немесе халық пен билік тармақтары арасында бар ма?! Мұның бәрі еліміздегі адам ресурстарының сапалық дамуына әсер ететін жағдайлар.

Қоғамымыздың саяси-экономикалық және рухани-мәдени ахуалы қалай түзілуіне байланысты отандастарымыздың, яғни адамның сапалық даму тенденциялары да бірнеше үлгіде өтуі мүмкін. Қазірдің өзінде бұл үлгілердің нышаны айқындала бастаған сыңайлы.

Шынымен-ақ біздің нарықтық қарым-қатынастар үстемдік етіп, демократиялық құқық пен бостандықтар салтанат құратын, әлемдік капитал (қаржы, тауар, қызмет т. б.) мен тәуелсіз ақпарат ағынына ешқандай шек қойылмайтын ашық қоғам үлгісіндегі дамыған, өркениетті елдер қатарына қосыламыз деген мақсатымыз болса, онда осы мақсатты жүзеге асыруға тиіс адамды (жеке алғанда да, тұтас алғанда да), яғни сіз бен бізді тану, бағыттау, өзгерту қажет.

Ұлттың эндогамиясын өзін-өзі сақтау рефлексі мәселесі де – тереңдей зерттеуді қажет ететін, халықтың ғасырлар бойғы қалыптасқан әдет-ғұрпында көрінісі сақталған күрделі тақырып.

Еуразия құрлығының дәл ортасындағы кең-байтақ кеңістікті иеленген қазақ ұлтының өзін-өзі сақтау рефлексі сонау көктүріктер заманындағы, Шығыс пен Батыстың шаңын ат тұяғымен бір-біріне қосқан кезеңге қарағанда кейін тарихи рөлдердің ауысуына сәйкеселеулі өзгеріске түскен. Көктүріктер заманында көпшілдік, яғни ұрпағымызды таза сақтайын деп қауіптенбей, ешкімді жатырқамай, жаугершілік жолында кездескен этностарды топ-тобымен құрамына сіңіре беру үрдісі үстемдік етсе (Ұлы Түрік, Бұлғар, Хазар қағанаттарының түбіне жеткен де осы кеңпейілдік болатын), кейін өздері өзге ұлттардың ығына жығылып, боданына айналған кезде ұрпағының тегі мен қанын, діні мен әдет-ғұрпын, тілі мен ділін таза сақтауға бағытталған табиғи ұлттық рефлекс қалыптаса бастады. Тіпті, күні кешегі кеңес дәуірінде, интернационалдық некелер жаппай насихатталып, Қазақстан «халықтар достығының лабораториясы» аталған кезеңде де халық бойындағы өзіндік болмыс-бітімін сақтауға ұмтылған осы табиғи рефлекс тегеурінді насихаттың бәріне төтеп берді.

Осы дәстүрдің ықпалынан дербес мемлекетімізді құрып, елдегі мемлекет құршы біріктіруші ұйытқы ұлтқа айналған бүгінгі күнге дейін арылған жоқпыз. Бәлкім, бір есептен, батысымызбен де, шығысымызбен де экономикалық қарым-қатынасымызды кеңейтіп, ашық

қоғам құрып, Азия мен Еуропа сияқты әлем құрлықтары арасындағы байланыстырушы ел болып отырған кезде шыққан тегімізді, ділімізді, дінімізді, тілімізді таза ұстау дәстүрінің сақтала бергені де дұрыс шығар. Алайда, басқа этникалық топтардан тараған отандастарымыздың бәрін бауырымызға тартып, ұйытқы ұлт міндетін атқарып, ортақ қазақы діл негізінде біртұтас халық ретінде қалыптасу процесіне көшбасшылық жасау үшін бізге бұрынғы оқшаулап, қорғап келген ұлттық ділімізді жүйелеп, таразылап, өзге отандастарымызға ұғындыруға тура келеді. Оның үстіне дәстүрлі ұлттық ділдің экономикаға, өндірісті ұйымдастыру тәсіліне ықпал ететіні ежелден белгілі ақиқат.

Біздің еуразиялық сипатымызға сай, тарихи даму жолымыз барысында қалыптасқан өзіндік діліміз бар және осы діл болашақ өркениетті қоғамымыздың әлеуметтік-экономикалық моделін жасауда шешуші рөл атқарады.

Бір жағынан, атамекеніміз табиғатының қаталдығына, көшпелі ата кәсібіміздің ауырлығына байланысты дәстүрлі қазақ қоғамында бір-біріне жәрдемдесіп, қауымдаса ғұмыр кешу дәстүрі баяғыдан қалыптасқан. Қауым ішіндегі жетім де, жесір де қамқорлықсыз қалмаған. Қайғысын да, қуанышын да ағайынмен бөлісіп отыру, басына іс түскенде әр адамның көпшіліктен жәрдем дәмету әдеті әлі күнге дейін сақталып келеді. Түркияға қоныс теуіп, шағын шаруашылықтарын дөңгелетіп отырған қандастарымыз, негізінен, туыстық, әлеуметтік жақындықтарына қарай біріккен. Өзіміз айта беретін кеңес заманында да «отбасылық мердігерлік» деген атауды ойлап тауып, өндіріс барысында жеке мүдде мен қоғамдық мүддені ұштастырудың қауымдық, яғни әулеттік тәсілінің тиімділігін пайдалануға тырысқанымыз көпшіліктің есінде.

Ауыл шаруашылығы кәсіпорындарын жекешелендіріп, жеке қожалықтар құру кезінде өндірісті ұйымдастырудың ежелгі әулеттік тәсілі көп жерлерде қайта жаңғыртылуда. Және мұндай қожалықтар өзге, таза құқықтық-келісім-шарттық негізде құрылған

шаруашылық субъектілерімен салыстырғанда тиімді, орнықты жұмыс істеуде. Әулеттік, тектік, таныстық, жерлестік байланыстар негізінде құрылып, өндіріс пен қызмет көрсетудің әр түрлі салаларымен айналысып жүрген өзге де фирмаларды, кәсіпорындарды, бірлестіктердің бар екенін тілге тиек етуге болар еді.

Екінші жағынан, қазақ қоғамында ежелден жеке адамдардың даралық қасиеті өте жоғары бағаланған. Кез келген батырлық жырларымызды немесе халықтың мақал-мәтелдерін сүзіп шығыңыз. Бәрінде де негізгі рөл тұлғаға беріліп, жігіттің батырлығы, дарқандығы, адамгершілігі, кісілігі, жомарттығы т.б. асыл қасиеттер насихатталады. Тіпті, ғасырлар бойы ауыл-ауыл, ата-ата, құда-жекжат, ру-ру боп, қауымдаса тіршілік кешкен қазақ қоғамындағы әр ауыл, әр ру белгілі батырлардың, беделді билер мен байлардың маңына топтасқан. Әлгі дара тұлға өзінің саясына паналаған елді жауға алдырмай, жұтқа ұрындырмай, аштыққа ұшыратпай аман-есен өсіріп өрбітуді парызы санаған. Қазіргі беделді де білікті азаматтар маңына ұйысып, шаруашылықтарын дөңгелетіп жүргізе бастаған қожалықтар мен шағын фирмалар жұмысынан да осы дәстүрдің ұшқынын байқау қиын емес.

Ұлттық ділдің экономикалық құрылымға тигізетін ықпалына жоғарыда тоқталып өттік. Ал, мұның этникалық жіктер арасындағы өзара төзімділік пен татулықты, ұлттық бірегейленуімізді қамтамасыз етудегі рөлі ерекше зор. Мысалға, бенгал ақыны Р. Тагордың бір өлеңіне байланысты басталған дау студенттер толқуына ұласып, ақырында тұтас бір елдің екі жарылуына, сөйтіп, қазіргі Бангладеш мемлекетінің пайда болуына әкеп соқтырғаны күні кеше ғана еді ғой. Немесе мыңдаған адамның өмірін жалмаған Таудағы Қарабақ жанжалы қас қылғандай сол аймақтағы басым этностың ұлттық азалы күні жасалған тойдағы болмашы төбелестен басталмап па еді?! Бұл мысалдар бірегей ұлтқа айналғалы отырған бізге ортақ ділімізді – бәріміз мойындайтын құндылықтарымызды тарихи-дүниетанымдық санамыз

бен мінез-құлық өлшемдерімізді осы бастан айқындап алуымыз қажет.

Үстіміздегі ғасырда бір жеңнен қол, бір жағадан бас шығарып ұйысу, яғни қазақстандықтардың «бірегейлену» проблемасы – халықтың денсаулығын қорғауды ұйымдастыруға қарағанда әлдеқайда күрделі, әлдеқайда астарлары көп әлеуметтік мәселе. Мен бұл арада құлағымыз әбден жауыр болған «ұлттаралық жанжал қатері» туралы айтып отырғаным жоқ. Қазақстан мұндай қатерлі сыннан сүрінбей өтті. Ұлттық татулық пен халық бірлігін нығайтуды үнемі назарда ұстап отырған Елбасымыздың байсалды саясаты жалғаса берер болса (мен бұған күмәнданбаймын), түптің түбінде Қазақстанда этникалық жіктелу жойыла бастауы мүмкін. Яғни Қазақстан бірте-бірте моноұлттық елге айнала бастайды. Қазір әр түрлі түсінбестік туғызып жүрген «Қазақстан халқы», «қазақ халқы» деген тіркестер арасындағы мазмұндық алшақтық жойылып, олар түбінде бір ұғымды білдіретін атауларға айналады.

Алайда мұндай «бірегейлікке» жету үшін өзге этникалық топтар өкілдерінің әлеуметтік-психологиялық жайсыздық сезімдерін жаймалап тарататын уақыт, оларды шоғырланып тұрып жатқан аймақтарында тілінің, мәдениетінің, білім беру жүйесінің жойылмайтынына сендіретін нақтылы мемлекеттік іс-шаралар, тең құқықтарының ешуақытта бұзылмайтынына кепілдік беретін заңдар қажет. Бұлардың бәрі бізде бар, тек отандастарымыздың кейбір бөлігінің әлгі әлеуметтік-психологиялық жайсыздық сезімінен арылуына мүмкіндік беретін уақыт тапшылығы болмаса.

Шет елдерде (тіпті, Ресейдің өзінде де) қазақстандықтарды «қазақтар» деп атай береді. Олар үшін атақты шаңғышы В. Смирновта қазақ, бір ойыншымыздан басқасының бәрі өзге ұлттың өкілдерінен құралған хоккей командамыздың бәрі де қазақ. Ата тегін қазбаламай, әр елдің азаматын сол елге ат беріп отырған ұлтқа теліп рәсімдеу әлемдік түсінікте қалыптасқан

дәстүр. Мұны әлгі азамат намыс көрмейді. Керісінше, ол осындай әлеуметтік деректі мақтанышпен қабылдайды.

Осы дәстүр Қазақстанның өз ішінде де тезірек қабылданып, орнығуы үшін біз – қазақстандықтар төмендегідей кейбір әлеуметтік ақиқаттарды күлбіл-телемей, анық түсінісіп алуымыз керек. Қазақстан – қазақ ұлтының жер бетіндегі жалғыз отаны, мемлекеті, бірақ ол өз азаматтарының ұлтына, тіліне, сеніміне қарамай, бәрінің бірдей тең құқықтарын қамтамасыз етеді. Демократиялық мемлекеттің түпкі мақсаты теңдік пен бостандықтың іштей үйлесімділігін қамтамасыз етеді. Белгілі бір аумақтарда шоғырланып қоныстанған этникалық топтардың тілі мен мәдениетінің дамуына қамқорлық жасайды. Кез келген дамыған ұлттың негізі бірнеше этникалық жіктерден құралған. Яғни, этносаралық бірігу, бірегейлену мемлекеттік ауқымда емес, ұлттық ауқымда жүзеге асуы қажет. Мұндай бірігу мемлекеттің іргесін бекітеді, ұлттың да рухани-мәдени жағынан молығуына, кемелденуіне жеткізеді. Осындай ұлттық бірегейлену процесі неғұрлым тез жүзеге асса, еліміздің экономикалық өсуі мен дамуы да, ұлттық қауіпсіздігінің нығаюы да, азаматтық қоғам құруға талпынған демократиялық реформаларымыз да қарқынды әрі орнықты бола түсер еді.

Қазіргі кейбір саясаткерлер жиі айтатын «азаматтық қоғам», яғни жеке адамдардың құқықтары қатаң қорғалатын, олардың саяси және экономикалық бастамаларына еркіндік берілетін, кез келген әлеуметтік проблеманы мемлекеттің араласуынсыз өзін-өзі реттейтін механизмі қалыптасқан қоғам ұлттық бірегейленуден кейін ғана пайда болады. Мемлекет өзін өзі сақтау үшін үнемі этникалық жанжалдардың алдын алып, еріксіз қоғам өміріне араласуға мәжбүр болып отырған жағдайда «азаматтық қоғам» ешқашан құрылмайды.

Ұлттық бірегейлену процесінің қажеттілігін түсініп, отандастарымыздың осынау табиғи құбылысты санасы мен жүрегі арқылы шынайы түрде қабылдай бастауына мемлекеттік рәміздеріміз бен атрибуттарға

деген құрмет, еліміздің азаматтары қай жерде, қандай қиындықтарға тап болса да, оларды қорғауға ұмтылуы, өз азаматтарымыздың мүдделеріне басым қамқорлық жасап, «әр азаматтың жақсы тұрмысының өзі де тұрып жатқан мемлекеттің егемендігі мен қауіпсіздігіне байланысты екенін» сөз жүзінде емес, іс жүзінде нақтылы көрсетуі оң ықпал жасар еді.

Сонымен қазақ қоғамының сан ғасырлық тарихи дамуы елеп-екшеп, бүгінгі күнге дейін жеткізген ұлттық діліміздің өзге отандастарымызды еліктіретін, сөйтіп бірегей халық боп ұйысуға жәрдемдесетін қандай қадір-қасиеттері бар. Мінез-құлқымыздағы жарамсыз әдеттеріміз қайсы?!

Біріншіден, қазақ халқы – табиғатынан қиналғанға қол ұшын беруге даяр тұратын, ізгілікке жаны құмар гуманист данышпан халық. Қонақжайлығы да, кеңпейілдігі де, жомарттығы да, тіпті, шашпалығы да осы сезімнен туындаған. Діні қаттылықты, бар бола тұра ештеңе татырмайтын шығайбай сараңдықты әжуа етумен келеміз. Бәлкім, аталарымыздың дұрыс байлық жинай алмай кеткені де осыдан болар. Алайда, ұлттық діліміздегі бұл қасиетті мансұқ етуге болмайды. Керісінше, жарлы-жақыбайға көмектесуді жаппай дәстүрге айналдырғаннан ұтылмаймыз.

Екіншіден, ізеттілік, яғни үлкенді сыйлау, кішінің көңіліне қаяу салмау – атадан балаға көшіп келе жатқан асыл қасиеттеріміздің бірі. Қазақтар, тіпті, ренішінің өзін ишаралап жеткізеді. Жоқ, бұл – шығыстық қулық емес, шын көңілден шыққан ибалылық пен имандылық, қазақтың өте бай дәстүрлі этикасының көрінісі.

Үшіншіден, қоғамның кішкентай ұясы түріндегі отбасындағы ынтымақ – аға ұрпақ пен жас ұрпақ арасындағы келісім қазақ қоғамында көздің қарашығындай сақталған. Ата-ананы, аруақтарды қастерлеу, анасының, әйелінің, қарындасының арына кір жұқтырмай сақтау – биік адамгершілік парыз деңгейіне көтерілген. Отбасындағы балаларды ұлттық тәрбиелеуде әженің рөлі айтарлықтай. Тіпті, дәстүрлі

қоғамдағы жесір дауы жер дауынан кейінгі екінші орынға көтерілетіні де сондықтан. Мұны өзге отандастарымыз да, шетелдік әріптестеріміз де мықтап есте ұстағаны ләзім.

Төртіншіден, адалдық. Досқа, ағайынға, ұлтқа, Отанға адалдық қазақ халқының ұғымында айрықша әспеттеледі. Ата-бабаларымыздың ғасырлар тереңінен жеткен аманаты сынды батырлық жыр-дастандарымызды парақтап шығайықшы. Олардың бәріндегі негізгі трагедиялық желі жауын жапыра жеңіп келген батырдың ту сыртынан жасалған сатқындық пен опасыздықтан туындап жатады. Бейне опасыздық пен сатқындыққа айтылған лағнеттің үні құлағына келгендей болады.

Осы орайда, жеке құлқынының қамы үшін топалаң тиген малдың етін, елді емдеудің орнына, қосымша сырқатқа душар қылатын дәрі-дәрмектерді шекарадан бері өткізіп жіберіп отырған кеденші қандастарымызға осы батырлық жырларымызды қайта бір жаттаса ғой деген ой келеді. Бәлкім, ар-ұяты оянар. Халқымыз «жақсының жақсылығын айт – нұры тасысын, жаманның жамандығын айт – құты қашсын» деген даналықты баяғыдан өсиет етіп кетсе де, қазіргі ұрпақ кім-кімнің де жамандығын атын атап, түсін түстеп, көзге шұқып көрсетуден, сөйтіп бүкілхалықтық рухани тазару мен арылу үлгісін бастаудан тайсақтап-ақ келеді. Кімнен тайсақтайды, неден қорқады – білмеймін. Сондай-ақ, біз жақсылықты да мойындаудан, айқайлап айтудан да именетін тәріздіміз. Әлде қызғанамыз ба?! Әйтпесе, қаңқу сөздердің бірін де құлағына ілмей, ел мүддесі мен халық қамы үшін өз ісіне адал беріле, қауіп-қатерге басын тігіп қызмет етіп жүрген азаматтарды, жігіттерді неге мақтаныш етпейміз. Мұндай әрекет болашақ ұрпағымыздың да адалдықты, халқына берілгендікті, биік ұлттық рухты қанына сіңіріп өсуіне әсер етер еді ғой деген сенімдемін.

Әкімдікте отырған кейбір ағайындар «орыс тілінде сөйлей алмайды, жаза алмайды» деген талаптар қойып,

«елім», «туған жерім», «атамекенім» деп келген азаматтарды кеудеден итергендей болады. Мұның бәрі қоғамдағы рухани дамудың жетіспеушілігінен де болар.

Қазақ диаспорасы туралы соңғы жиырма төрт жылда швед ғалымдары Линда Бенсон мен Ингвар Сванбергтің «Түркиядағы қазақ босқындары» мен «Қытай қазақтары» дейтін мақалалары «Қазақ диаспорасы. Этникалық өмір сүру мәселелері» деген атпен 1997 жылы жарық көрді. Моңғолиядағы қазақ ғалымдары Ислам Қабышұлының «Моңғолия қазақтарының тарихы», Биқұмар Кәмашұлының «Моңғолиядағы қазақтардың салт-дәстүрлері», қазіргі кезеңде Қазақстан азаматы, белгілі ғалым Зардыхан Қинаятұлының «Моңғолиядағы қазақтар», Америка ғалымы Марта Бриль Олкоттың «Қазақтар» еңбектері және тағы басқа монографиялар жарық көрді. Қазақ диаспорасының басты тарихи оқиғалары, атақты тұлғалары көп томдық «Қазақстан» атты ұлттық энциклопедияға да енгізілді. Бұл бұрын болмаған жағдай. Осылардың барлығын қазақ диаспорасының тарихи, әлеуметтік, этнодемографиялық, саяси, рухани, экономикалық, экологиялық және этномәдени мәселелерін зерттеуге қосылған үлес деп бағалаймыз.

Қазақ диаспорасы – қазақ ұлтының құрамдас бөлігі. Егеменді еліміздің жаңа мемлекеттік ұлт саясаты шеттегі бауырларымыздың мұқтажын қоса қамтып отыр. Сондықтан қазақ диаспорасы туралы Мемлекеттік бағдарлама алдағы уақытта толығырақ және тиімді түрде іске асырылғаны жөн.

Алдымызда қазақ диаспорасының өкілдерінің білім алуын құқықтық жағынан қамтамасыз ету міндеті тұр. Осыған орай Ресей мен Өзбекстанда тұратын жастарды тиісті оқулықтармен қамтамасыз ету, басқа этникалық ортада ана тілін сақтау сияқты келелі мәселелер тезірек шешуді қажет етеді. Шеттегі қазақтар қытай, моңғол, ағылшын, парсы, француз, неміс, араб тілдерін жақсы игерген. Бұл жағдайды халықаралық қарым-қатынасты өрбітуге тиімді пайдалануға болады.

Өзбекстанда өмір сүріп жатқан қазақтардың өзіндік санасына келетін болсақ, онда бұл республикадағы қазақтар өздерінің ұлттық келбетін, салт-дәстүрін, әдет-ғұрпын, тілін, дінін сақтай білуге ұмтылған. Дегенмен елдегі этникалық үлкен халық – өзбектердің өмір салты, мәдениеті мен салт-дәстүрі өзінің ықпалын этникалық топтарға тигізуі заңды құбылыс. Бірақ қазақ ұлты өкілдерінің өзінің ана тілінде білім алуға мүмкіндіктері аз жерлерде өзбекше білім алып, тіпті өзін өзбек ұлтының өкілімін деп жаздыру деректері де кездеседі. Баяғыда менің бабам қазақ еді, бірақ мен өзбекпін дегендерді кездестіру қиын емес.

Өзбекстандағы қазақтардың саны жөнінде әртүрлі деректер бар. Өзбектеніп кеткен қазақтардың санын айқындау өте қиын мәселе. Онан басқа да мәселелер ауқымы қазақ диаспорасы үшін жеткілікті сияқты.

Белгілі бір мемлекеттегі байырғы халық ішіне «сіңісіп», оның этникалық кеңістігінде ұзақ уақыт ғұмыр кешіп жатқан қазақтар өздерінің ұлттық қасиетін тамаша сақтаған. Неғұрлым қазақ диаспорасы үлкен доминантты ұлттың (мысалы, хансу ұлты) немесе бірнеше ұлттардың (қытай, үнді, ауған, түрік, неміс) ішінде этникалық қысым көрген сайын ол өзінің этникалық тұтастығын, ұлттық ділін солғұрлым күштірек сақтауда табандылық пен тұрақтылық көрсеткен. Ингвар Сванбергтің пікірінше, үлкен түркі ұлтының ішінде басқа түркі тектес халықтармен салыстырғанда, қазақтар ассимиляцияға көп ұшырамаған диаспора. Мұндай этникалық және тілдік ортада өмір сүретін қазақ диаспорасының қазақтығын, ұлттық тұтастығын сақтауы – әлемдегі барлық 40-тан астам мемлекетте тұратын қазақ диаспорасына тән жалпы құбылыс.

Қазақтардың XX ғасырдағы этникалық тарихы әр түрлі драмалық, кейде трагедиялық оқиғаларға толы болды. Соның ішінде ана тілі мәселесі бойынша туындаған жағдай қазақ диаспорасы мен Қазақстандағы ұлт өкілдері арасындағы қарым-қатынасқа әсер етпей қоймады. Өйткені, қазақ әліпбиі үш рет түбірлі өзгеріске

ұшырады. Алдымен араб әліпбиі болса, одан соң қазақ тілі ХХ ғасырдың 30-жылдары латын әліпбиіне негізделсе, соңынан халқымыз кириллицаны негізгі әліпби етті. Мұның бәрі сырттағы қазақ диаспорасы өкілдерімен ақпараттық, білімдік, мәдени-рухани қарым-қатынас жасауға елеулі кедергілер жасағаны белгілі. Елбасымыз Н.Ә. Назарбаев халқымыздың ХХ ғасырдағы күрделі тарихы туралы: «...қазақтар бет-бетіне таратылып, бір халық, бір ұлт, бір ел екенін атымен ұмытатындай күйге жеткізілді. Жер бетінде отаршылдық көрмеген халық кемде-кем болғанымен, бір ғасырда осыншама көп реформаға ілініп, тоз-тоз болатындай тәлкекке ұшыраған халық ешқайда да жоқ шығар» [1].

Ендігі мәселе осы тарихи әділетсіздіктің орнын үйлесімді қатынастармен өрбіту, бұрынғы деструктивті іс-әрекеттердің түптамыры болған іргетасты өзгертіп, жаңа өркениетті дамуды қалыптастыру міндеті тұр. Еліміздегі адам ресурсын дамытуға, оның тапшылығын жоюда шетелдегі қазақтардың үлесі айтарлықтай болмақ. Өйткені олар нарықтық экономикасы біршама дамып жатқан Еуропа мен Азия елдерінен келген. Сонымен қатар 2015 жылы еліміздегі халықтың санын 20 миллионға жеткізуге де өзінің ықпалын тигізбек. Тек сыртқы және ішкі қазақтардың рухани-мәдени және ұлттық бірлігін жаһандану заманы талабына сәйкес нығайту ауадай қажет. Ендеше еуразиялық экономикалық интеграция біздің еліміз үшін өте пайдалы ойдамыз.

Қазақстан Республикасы – тәуелсіздік жолында ғасырлар бойы мың өліп, мың тірілген қазақ ұлтының тарихи Отанында құрылған унитарлық мемлекет. Сондықтан, қазақтардың өз есімімен аталған елдің бүгінгі хал-жағдайына да, болашағына да өзге этностық топтарға қарағанда жауапкершілігі көбірек болуы заңды. Осы уақытқа дейін біздің халқымыз бұл тарихи жауапкершілікті сезініп, өзінің асқан төзімділігі мен сабырлығының арқасында елдегі этносаралық та, әлеуметтік те татулықты сақтауға ұмтылып келеді.

Ендігі міндет – сын сағатта тек сабырлылық қана танытып қоймай, өркениетті білім мен ғылымның өрелі биігіне көтеріле отырып, өз маңына өзге отандастарымызды да топтастыру болып отыр. Туған елінде «мен – осы елдің иесімін» деп кеуде қақпау керек, керісінше, мықтылығыңды Отаныңның өркендеуіне, отандастарыңның іштей топтасуына қосқан жеке үлесіңмен дәлелдеуің қажет. Алдымен қазақтар бірлікте болмайынша, барша қазақстандықтар бірлікте болмайды [2].

Әлем қазіргі кезеңде түбірімен өзгеруде. ХХІ ғасыр түркі тектес егеменді елдер үшін керемет тарихи заман болмақ, білім мен ғылымды дамыту халқымыз үшін тамаша өркениет пен демократия жолы, қазақстандық экономиканың өсуі мен дамуына сенеміз. Іштегі және сырттағы қазақтар рухани және этникалық жағынан біртұтас ұлт болып ұйып отырғанымыз орынды. Ол үшін «Мәңгілік Ел» жалпы ұлттық идеясын іске асыру қажет және ол өз кезегінде «Қазақстан-2050» Стратегиясын жүзеге асыру міндетімен астасып жатады [3].

Қазіргі жаһандану заманында этнодиаспоралық кеңістік қазақтар үшін әр елде, тіптен ТМД-ның ішкі жағдайында да әртүрлі ерекшеліктерге толы. Мәселен, Ресейдегі этнодиаспоралық кеңістік қазақтың этникалық тобы үшін «орыс тілінде сөйлейтін тұрғындар» категориясы шеңберінде қалу қаупі бар. Бұл өткен тоталитарлық кезеңнің қазіргі заманға жеткізген «өзіндік сыйы» деуге болады. Өкінішке орай осыған ұқсас жағдай басқа алыс-жақын елдерде (Өзбекстанда, Моңғолияда, Қытайда, Түркияда, Еуропа елдерінде) орын алып отыр. Әрине, қазақ диаспорасы өкілдерінде бұл үрдістердің неге апарып соғатынын түсіну жоғары деңгейде дей аламыз. Сондықтан да болар үнемі қазіргі кезеңде ұлттық тілдің мән-мағынасын арттырудың жолдарын іздестіру әрекеттері жасалуда. Бұл – ұлттық өзіндік сананың бірте-бірте өзін-өзі барынша тұтастанған күйде анықтауға ұмтылуы.

Өзіндік сананың негізгі қасиеті – басқа мәдени орталардағы әртүрлі жетістіктерді белгілі сұрыптаудан

өткізіп, бойына сіңіруге тырысуы. Бірақ сонымен қатар өзінің этникалық төлтумалық ерекшеліктерін ол барынша жетістік ретінде бағалауға тырысады. Әйтпесе ұлттық келбет жоғалып, халық үшін Жер бетіндегі жалпы тұрғындар қатарына қосылу болашағы ғана қалады. Ондай жағдайда өмір сүріп жатқан, өзіндік әлеуметтік-этникалық «менін» жоғалтқан әр түрлі ұлттың өкілдері дүние жүзінде мыңдап саналады. Олар тек өздерінің ұлттық тілдерін ғана емес, жалпы ұлттық мәдениетін жатсынады, ешқандай терең зерделеуден өткізбей-ақ, негізінен, тұрмыстық өзімшіл құндылықтар жүйесін ғана мойындайды. Жалпыны ойлайтын «Бізден» гөрі, өзінің өзімшіл «Менін» әлдеқайда жоғары қойып, соның мүддесін күйттейді. Міне, жаһандану осы үдерісті барынша күшейтпесе, әлсіретпейді. Өйткені жаһанданудың құндылықтық бағдары жетекші мемлекеттерге тиімді.

Дәстүрлі мәдениетке тән әр түрлі ұлттық ерекшеліктер өз уақытында, көбінесе сынға түсіп отырды. Сондықтан Қазақстанда болсын, көрші Ресей мен Өзбекстанда, Қырғызстан мен Түркіменстанда болсын кешегі КСРО заманында рухани әлем «социалистік өмір салтының» ықпалында болатын. Осындай ұқсас жалпы жағдайдың қазіргі кезеңдегі ұлттың өзінің іштейгі өзара қарым-қатынастары үшін, әлеуметтік-психологиялық түсіністігі үшін өзіндік оң мағынасы да байқалады. Бұл, көбінесе, бір-біріне ұқсас мемлекеттік құндылықтар жүйесінен шыққан қазақ этносы өкілдерінің бір жерде үйлесімді тоқайласуына әкелді.

Қазіргі нарықтық қатынастар үшін осындай стереотиптер жүйесі өзінің кедергісін жасайтыны белгілі. Ол сонымен қатар жақын шет елден көшіп келген қазақ диаспорасы өкілдерінің этникалық санасында айқын байқалады. Көші-қон мәселесінде де бұл құбылыс өзінің кейбір көлеңкесін түсіруі мүмкін. Жаңа тәуелсіз мемлекеттің экономикалық, құқықтық, саяси, әлеуметтік мүмкіндіктері сырттан көшіп келген қандастарды жоғарғы деңгейде қарсы алуға, қоныстарға орналастыруға, жаңа көпэтностық құрылымға кірікті-

руге онша қолайлы болмай келгені де тарихи шындық. Дегенмен соңғы кезеңде бұл мәселеде үлкен өзгерістердің нышаны бар. Негізінен ұлттық диаспораға байланысты бірнеше іргелі мәселелердің шешімін табуға бетбұрыс жасалды. Мәселен, Қазақстан азаматтығын алу қазақ этносы өкілдері үшін барынша қарапайымдандырылу мәселесі көтерілуде, яғни құжаттарды толтыруға кететін уақытты азайту, оралмандарға қолайлы жерлерден жер бөліп беру, өз еркімен белсенділік көрсетіп, шаруашылықпен айналысушыларға жағдайлар жасау (несие беру) әрекеттері жаңа этникалық көңіл-күйді қалыптастыруда.

Қазақ халқының ұлттық мәдениетіне талдау жасай отырып, бұрынғы кезеңде де, қазірде де қазақтың өнерге деген ұмтылысы әрқашан өте биік болған деген тұжырымға келуге болады. Шет елдердегі қазақ этносының өкілдерінде атышулы ақындар мен әншілер, жазушылар мен өнер қайраткерлері көптеп кездеседі. Солардың ішінен атап өтеріміз Майра Мұхамедқызы мен Рәпиля Нұрмұхамедқызы Қытай елінен келген әнші қыздарымыз. Майра Мұхамедқызы қазақ жерінде өзінің дарынын танытып қана қоймай, халықаралық деңгейде, сонау ол өзінің әншілік өнерін әлемге паш етіп, танытуға мүмкіндік алды. Бұл дарынды өнер иесінің жеке жетістігі ғана емес, ол бүкіл қазақ халқының ән өнерінің әлемдік деңгейде өзіндік мерейін танытқаны. Жалпы сөз және саз өнері, музыка, ән өнері бойынша ұлтымыз өзіндік келбетін әлем жұртшылығына жарқын таныта түсуде. Бұл халықтың ежелден бұл салаларға табиғи дарындылығын танытады.

Қазақ диаспорасының хал-жағдайын Кеңес өкіметі тұсында зерттеу мүмкіндігі шектеулі болатын. Дегенмен шет елдерге жолы түсіп, қазақ этносының шоғырланған жерлерінде болған ғалымдарымыз, жазушыларымыз өздерінің пікірлерін, көзқарастарын білдіріп отырған. Мәселен, қазақтың көрнекті жазушысы Сәбит Мұқанов Моңғолия жерінде болған сапарында былай деген екен: «Моңғолия қазағынан үш түрлі олжа таптым. Біріншісі,

қазақтың әдет-ғұрып, салт-санасы қаймағы бұзылмай сақталыпты. Екіншісі, сыбызғы деген ата-бабамыздың музыкалық мұрасы сендерде оркестрдің аспабындай ойналады екен. Үшіншісі, мұндағы қазақтар арасында оқығыш, білімдар, сауатты зиялылар мол екенін көріп, көңілім толды». Міне, осы пікірдің астарында түсінген адамға екі жақты ұштастырып, біріктіру қажеттігін аңсап тұрған көңіл, арман бар екенін байқауға болады.

Қазақ диаспорасының алыстағы (ТМД-ның сыртындағы) елдерінің ішіндегі көбірек қатынас жасап, барынша тәуелсіз Қазақстанға бетін бұрғаны Моңғолия қазақтары болып табылады. Жалпы саны 150 мыңдай қазақтардың біршама бөлігі Қазақстанның әр жеріне қоныс аударып та үлгірді. Ал, енді бұл диаспораның менталитетінде қандай ерекшеліктер бар. Алдымен бұл елдің (Моңғолияның) кешегі коммунистік партия заманында көрген «құқайларын» ескере кеткен жөн.

Қазіргі кезеңде Түркия жеріне барынша бейімделген қандастарымыз Еуропаны «бағындыруға», «мойындатуға» бет бұрған десе де болады. Еуропа елдеріндегі көптеген диаспора өкілдері осы Түркия жерінен тарағандар. Ұлыстың негіздері – наймандар мен керейлер. Мамыр айының 18–19-да (2002 жыл) өткен Еуропа қазақтарының құрылтайын (Кельн қаласындағы) осы Түркиядан қоныс аударған қандастарымыз жасады. Бұл этникалық сананың биік деңгейін, тұтастануға талпынысын көрсетеді.

Қазіргі тарихи кезеңде Қазақстан Республикасы өзінің «Қазақстан-2050» стратегиясына сәйкес мемлекеттілігін барынша нығайту үстінде. Өтпелі кезеңдегі көптеген қиыншылықтар әрбір қазақстандықтың өмірінде елеулі із қалдырғанымен, болашаққа деген үміт, жақсылыққа деген сенім көпэтносты мемлекетіміздің рухани негізі. Соның арқасында ТМД елдері арасында Қазақстан саяси тұрақтылығымен, экономикасының өсуімен, мәдениетінің жандануымен ерекшелене бастады. Әрине, әлеуметтік ортада шешімін табуға тиісті мәселелер әлі де көптеп табылады. Бірақ жалпы даму үрдістеріндегі оңды

процестер байқалу үстінде. Солардың қатарына кезінде туған елінен шеттеп қалған қазақ ұлтының елеулі тобымен жаңа негізде қарым-қатынастың орныға бастауы жатады. 1991 жылдан бастап елімізге этнодиаспоралық өкілдердің қоныс аудара бастауы, оған мемлекеттің тиесілі мән бере түсуі жатады.

Кез келген мемлекеттің ұлттық егемендікке жеткеннен кейін түгендей бастайтын құрылымдары мен құндылықтары болады. Солардың ішіндегі ең маңыздысы адам тағдырына байланысты сала болып табылады. Тағдырдың тәлкегімен, тарихтың әр түрлі күйзелісті кезеңдерімен астасып жататын бұл мәселенің қазақ диаспорасы үшін әлеуметтік әділеттілікті қалпына келтіру тұрғысынан маңыздылығы зор. Әрине, қазақ диаспорасы мәселесі туралы сөз қозғағанда оған бірыңғай сыңаржақты пікір айтып, қазақ халқының тоталитарлық жүйенің құрбаны болғаны жөніндегі тұжырымдармен барлық құбылыстардың мәндік-мағыналық негізін дәйектеп тастауға болмайды. Өйткені, тарихи процесте өзіндік логикасы бар, әр түрлі жағдайлар ауқымына әлеуметтік субъектілердің түсуі де кездейсоқ жәйт емес, сондықтан бұл мәселенің көп астарлы себеп-салдарлық құрылымы бар.

### **3.4 Қазақ диаспорасы – ерекше әлеуметтік-этникалық құбылыс\***

Қазақ диаспорасы мәселесі басқа диаспоралық қауымдастықтар сияқты өткен тарихымызда, әсіресе кеңестік негіздегі тоталитарлық заманда жабық тақырып болып келді. Социалистік идеологияның негізгі бағдарларына сәйкес келмегендіктен бұл проблема шектеулі межеде қарастырылды. Мемлекеттік тәуелсіздікке қолы жеткен Қазақстан үшін қазақ диаспорасы гуманитарлық ғылыми проблема ретінде 1991 жылдан бастап Философия институтында «Қазақ

---

\* Профессор С. Нұрмұратовпен бірге дайындалған.

диаспорасы: мәселелері мен болашағы» атты ғылыми бағдарлама шеңберінде жүйелі түрде зерттеле бастады. Оған философия ғылымының кандидаты, доцент Ә.Қ. Арғынбаев көп еңбек сіңірді. Бірнеше ғылыми конференциялар мен отырыстар осы мәселеге арналып, кітаптар шыға бастады. Сөйтіп, «Қазақ диаспорасының ғылыми-зерттеу мәселелері» атты алғашқы кітап жарық көрді. Бұрын қоғамтану саласында елімізде ешқандай өзіндік орны болмаған «диаспора және қазақ диаспорасы» ұғымдары халықаралық ғылыми термин ретінде қалыптасты және беки түсті; тіптен ресми құжаттардан өзінің мәртебесін алды.

Диаспора туралы ілім басқа елдерде кеңінен зерттеліп келгенін де жасыруға болмайды. Диаспорология ілімі негізінен өзге этникалық орталарда ғұмыр кешіп жатқан белгілі бір этникалық топтың мәселелерін зерттейді. Сондықтан бұл гуманитарлық бағыттың тиімді ұлт саясатын қалыптастыру мен іске асыруда мемлекеттік идеология ауқымында алатын орны айтарлықтай. Мемлекет ішіндегі өз атамекенінің тарихи иесі – негізгі ұлтпен бірге ғұмыр кешіп жатқан ұлттық диаспоралар арасында оқтын-оқтын қайшылық пайда болып отырады. Кейде осы қайшылық дау-жанжалға ұласып, ол мемлекеттік және территориялық тұтастыққа қауіп төндіреді. Сондықтан мемлекет шеңберінде негізгі халық пен ұлттық диаспоралар арасындағы қайшылықтарды олардың ұлттық мүдделерін тиімді үйлестіру арқылы шешкен жөн; бұл әлеуметтік тұрақтылық пен орнықты мемлекеттік дамуды қамтамасыз етеді.

Сонымен, диаспоратану бұрын болмаған, енді ғана қайшылықты өтпелі кезең талабына сай дүние жүзінде аддыңғы шепке шығып отырған негізгі ұлт пен өздерінің атамекенінде мемлекеттері бар басқа ұлттардың құрамдас бөліктері саналатын диаспоралар арасында пайда болатын этнодемографиялық, этнопсихологиялық, әлеуметтік-мәдени, саяси-экономикалық және рухани-мәдени мәселелерді зерттейді. Диаспора – қалыптасып келе жатқан жаңа диа-

споратану ғылымының негізгі ұғымы. Қазақстанда негізгі қазақ ұлты мен басқа орыс, неміс, кәріс, тағы басқа ұлттық диаспоралар арасындағы күрделі де қиын мәселелерді дер кезінде шешу этносаралық және әлеуметтік тұрақтылықтың, түбегейлі демократиялық реформаларды пәрменді жүргізудің, орнықты дамудың бірден-бір шарты болып табылады.

Барлық диаспоралардың өздерінің тарихи атамекенінде дербес мемлекеті бар, ол – сол халықтардың дамуының әлеуметтік-этникалық кеңістігі. Өздерінің этникалық ортасынан басқа этникалық кеңістікке көшіп келіп, сіңіп отырған ұлттың шашыраған бөліктерін ұлтқа санап, елімізді көп ұлтты деу ғылыми тұрғыдан шындыққа сәйкес келмейді. Қазақстандағы қазақтар мен орыстар арасында дәйекті және өркениетті қатынас орнату қазақ ұлтының мәдениеті мен руханилығын қайта өрлету үшін ауадай қажет. Сондықтан республикада диаспоратанулық зерттеулерді барынша өрістеткен жөн. Теориялық және қолданбалы диаспоратану бойынша көптеген зерделі зерттеулер ұйымдастыру – алда тұрған міндет.

Кезінде еліміздің ұлт саясаты жөніндегі Мемлекеттік комитет ҚР ҰҒА Философия институты базасында зерттелу үшін 1996-1998 жылдары арналған қазақ диаспорасы мәселесіне арналған ауқымды ғылыми-зерттеу жұмыстарын қаржыландырды. 1996 жылдың 30 желтоқсанында шетелдердегі қазақтарға мемлекет тарапынан қамқорлық көрсету туралы Президенттің жарлығы жарияланды. Бұл құжатта қазақ диаспорасы өкілдеріне қатысты мәселелерді ғылыми жағынан қамтамасыз етуді Философия институтына тапсырылғанын атап өтуге болады. Ғылыми зерттеулерсіз жаңа ұлт саясаты қалыптаспайды. Егемен еліміздің сыртқы саясаты қазақ диаспорасы өкілдері көптеп орналасқан мемлекеттерге бағытталуы қажет деп танылды. Сөйтіп, нәтижесінде іштегі және сырттағы қазақтарды біртұтастықта, ұлттық бірлікте қарастырып, көлемді монография даярлану жоспарланды және

тиісті орындарға жаңа ғылыми-практикалық ұсыныстар берілуі көзделді.

Сөйтіп, қазіргі Қазақстанда қазақ диаспорасы мәселесі еліміздің тәуелсіздік алған кезеңінен бастап белсенді түрде зерттеле бастады. Бұл мәселені ғылыми зерттеуге А.А.Айталы, А.К.Арғымбаев, З.Қинаятұлы, Г.Меңдіқұлова, Н.Мұхамедханұлы, Ә.Нысанбаев, С.Е.Нұрмұратов, Г.Г.Соловьева, М.Тәтімөв, Г.Омарова және т.б. ғалымдар өздерінің қомақты үлестерін қосып келді. Қазақ халқының, оның диаспорасының этникалық мәдениетінің өзекті мәселелері қазақстандық философтардың, әдебиеттанушылардың, мәдениеттанушылардың, өнертанушылардың және тағы басқа гуманитарлық білім саласының мамандарының еңбектерінде қарастырылған. Осы мағынада төмендегідей еңбектерді атап өтуге болады: «Қазақ диаспорасы: бүгін мен ертеңі» (Астана, 2005), «Еуразиялық интеграция және қазақ диаспорасы» (Алматы, 2007), З.Қинаятұлының, «Моңғолиядағы қазақтар» (Астана, 2001) және т.б.

Шетелдегі қазақтардың рухани және материалдық мәдениетінің мәселелерін белсенді зерттеулерге қарамастан қазақтардың жаһандану жағдайындағы құндылықтық-мағыналық әлемі туралы қолданбалы мағынада зерттеулердің жекіліксіз екенін атап өтуге болады.

Қазақ халқы түркі тектес халықтарға жатады. Осы түркілік тұтастықты оларға ортақ ғұлама тұлғалардың, ойшылдардың рухани мұраларын (Қорқыт Ата, Қожа Ахмет Ясауи, Абай, Әлішер Науаи және т.б.) зерттеу, ортақ ақпараттық-мәдени кеңістікті құру, олардың диаспораларын зерттеу, халықаралық жалпытүркілік ғылыми-зерттеу қорын құру арқылы іске асыру қажет. Қазақ диаспорасы – қазақ ұлтының құрамдас бөлігі. Егеменді еліміздің жаңа ұлт саясаты шеттегі қандас бауырларымыздың мұқтажын қоса қамтып, оларға мемлекеттік қамқорлық жасағаны жөн. Қазірге келгенде қазақ диаспорасы туралы Мемлекеттік бағдарлама белгілі бір деңгейде іске асуда.

Алдымызда қазақ диаспорасының өкілдерінің білім алуын құқықтық жағынан қамтамасыз ету міндеті тұр. Осыған орай Ресей мен Өзбекстанда тұратын жастарды тиісті оқулықтармен қамтамасыз ету, ана тілін сақтау сияқты келелі мәселелер тезірек шешуді қажет етеді. Шеттегі қазақтар, қытай, ағылшын, парсы, француз, неміс, араб тілдерін игерген. Қазақ халқының басынан нендей қиын-қыстау замандар өткені белгілі. Ресей мен Қытай империяларының 300 жыл бойы қыспағында болған қазақ елі талай зорлық пен зомбылыққа ұшыраған.

Тіптен, патшалық Ресей қазақтардың мемлекеттік және ұлттық рухын жоюды, ұлттық мәдениеті мен тарихын барынша бүлдіруді, тілін қыспаққа алуды, халықты надандықта ұстауды, оны іштей ірітуді, барынша орыстандыруды мемлекеттік саясат деңгейінде жүргізген. Кеңес империясының зұлымдық-тоталитарлық орыстандыру саясаты онан да асып кетті. Сөйтіп, 1916-1935 жылдары халқымызға жасалған қастандық, зорлық-зомбылық нәтижесінде қазақ диаспорасының ауқымы онан сайын кеңейді. Жалпы алғанда, XVI-XVII ғасырлардағы халқымызға жасалған зорлық, XVIII ғасырдағы жоңғар шапқыншылығы, XIX және XX ғасырдың бас кезіндегі патшалық Ресейдің қазақтың шұрайлы жерлерін иемденуі, қазақтардың теріс әрекеттері біртұтас қазақ халқын әлемнің түкпір-түкпіріне күшпен шашыратып жіберді. Барлық іштегі, шеттегі және сырттағы қазақ халқының шынайы ұлттық тарихын жасау ауадай қажет болатын. Бұл көш қоғамдық-саяси жағдайларға байланысты дүркін-дүркін жалғасып, күштеп ұжымдастыру дәуіріне жалғасты.

Қазақ диаспорасының тағы да бір ұлғаюы мен кең етек жаюы XVIII ғасырдың соңынан басталған, XIX-XX ғасырларда күшейе түскен. Бұлар Ресейдің қазақ жерін күшпен иемдену, отарлау саясатын жүзеге асыру мақсатымен жергілікті халықты тонау, төзімсіз жағдайға душар етіп, туған елі мен жерінен кетуден туған диаспоралар. Бұл кезеңдегі көші-қон қозғалысының негізгі

себептері – патша өкіметінің империялық отарлау саясаты архив деректерінде мол ұшырасады. Ал, осы көші-қон қозғалысының сипатын ел аузындағы аңыз-әңгімелерден, жазба деректерден, Зар заман ақындарының өлең жырларынан айқын көреміз. Осындай қуғын-сүргін дүрбелеңді басынан өткізген қазақ халқының елдігін сақтап қалуына оның көшпелі өмір салты, рулық-тайпалық қоғамдық құрылымының игі ықпалы болғаны да даусыз.

Отарлау саясатының зұлымдығына мойынсұнбай, қазақтығын, елдігін, дәстүрлі дүниетанымы мен мәдениетін, ұлттық салт-дәстүрін жоғалтпай сақтау жолында жан аямай күрескен ата-бабаларымыз қоныс аударғаннан соң ағайын арасынан пана тауып, қазақтың ежелгі қонақжайлық дәстүріне, этникалық кендігіне сай орналасқан. «Алтау ала болса, ауыздағы кетеді» деген балаларымыз ауып келген ағайынға әрқашан қамқор болған. Қазақ диаспорасын зерттеу қазақтың көші-қоны оның елдікті сақтап қалу үшін күресінің тарихы ретіндегі мән-маңызын аша түсері сөзсіз. Қазан төңкерісінен осы кезеңге дейін саяси озбырлықтың, қасаң идеологияның шырмауында болған бүгінгі қазақ мәдениетінің болашақ даму жолын белгілеуде қазақ диаспорасының халқымыздың мәдениетінің нышандарын сақтағанын еске ұстауымыз керек.

Қазақ диаспорасында ұлттық дәстүрлер, салт-саналар, этнос мәдениеті сақталуымен қатар, ұлт тарихын зерттейтін ғылыми дәстүр де қалыптасқан. (Н. Мыңжани, З. Қинаятұлы, И. Қабышұлы, Н. Мұхамедханұлы және т.б.).

Бүгінгі жазу мәдениеті негізгі қарым-қатынас құралы болып тұрған заманда мұның өз біртұтас ұлттың бөлініп, бір-бірінен рухани жаттауына, мәдени оқшаулануына, лингвистикалық және этнопсихологиялық ерекшеленуінің бел алуына себеп болып отыр. Басқа этникалық ортаның, негізгі халықтың сол мемлекеттегі қазақ диаспорасына, оның тіліне, дініне, мәдениетіне, ұлттық психологиясына, менталитетіне, іс-қимылына,

іскерлігіне тигізген әсерін зерттеу – бүгінгі таңдағы келелі мәселе. Сонымен қатар өзінің этникалық және тілдік ортасында отырған қазақ халқы кеңес империясы кезінде, коммунистік идеологияның әсерінен тілінен, дәстүрлі мәдениетінен айырылып қала жаздады.

Белгілі бір мемлекеттің негізгі доминантты халық ішіне «сіңісіп», оның этникалық кеңістігінде ғұмыр кешіп жатқан қазақтар өздерінің халықтық, ұлттық қасиетін тамаша сақтаған. Неғұрлым қазақ диаспорасы үлкен доминантты ұлт (мысалы, хансу ұлты) немесе бірнеше ұлттар (қытай, үнді, ауған, түрік, неміс) ішінде өздерінің қазақтық этникалық тұтастығын, ұлттық менталитетін байытса солғұрлым оны күштірек сақтауда табандылық пен тұрақтылық көрсетуде. Ингвар Сванбергтің пікірінше, түркі халықтарының ішінде басқа түркі тектес халықтармен салыстырғанда қазақтар – ассимиляцияға көп ұшырамайтын диаспора. Мұндай этникалық және тілдік ортада өмір сүретін басқа қазақ диаспорасының қазақтығын, ұлттық тұтастығын сақтауы – барлық 39 мемлекеттерде тұратын қазақ диаспорасына тән құбылыс. Бұл – шеттегі қазақтардың ұлтына, атажұртына, тіліне, дініне салт-дәстүріне жалпы алғанда, ұлттық мәдениетіне, дәстүрлі халықтық дүниетанымына, даналыққа деген керемет құштарлықтың, өшпес үміттің нәтижесі және осындай керемет қасиеттердің шығу тегі халқымыздың болмысы мен ойлау стилінде жатыр.

Қазақстан Республикасы – қазақ ұлтының төрткүл дүниедегі жалғыз Отаны, бірден-бір қара шаңырағы екені әлемге аян. Қазақ диаспорасының арқа сүйер сүйеніші де, өсіп-өнетін атамекені де – тек Қазақстан, байырғы қазақ жері. Сондықтан қазақ ұлты дамуының этникалық-мәдени кеңістігі де Қазақстан Республикасы. Бүгінде жаңарған Конституциясын іске асырып жатқан отандастарымыз президенттік-парламенттік басқару жүйесіне қарай қозғалуда, барлық қазақстандықтар демократиялық азамат қоғамын құру үстіндеміз. Осы жерде шеттегі қазақ диаспорасының тәжірибесі өте пайдалы.

Қазақ диаспорасының кезек күттірмейтін ғылыми және практикалық мәселелерін шешу үшін мемлекет тарапынан тиісті қаржы бөлінуде. Сонымен қатар қазақтануды зерттеу міндетін мемлекеттік емес ғылыми орталықтарда қолға алғаны дұрыс. Сөйтіп, қазақстандық қазақтар мен қазақдиаспорасын іштей тұтастандыратын іс жалпы халықтық қозғалысқа айналған жөн. Қазақстан Республикасының «Мәдени мұра» (2004-2009 жж.) бағдарламасы іштегі және сырттағы қазақтарды мәдени жағынан тұтас қамтиды. Қазақ диаспорасы жөніндегі жауаптан сұрақ көп екені баршаға аян. Сондықтан қазақ диаспорасының тарихы мен философиясын, әдебиеті мен тілін, менталитеті мен дінін, ұлттық психологиясы мен педагогикасын, этномәдениеті мен этнодемографиясын, этно-экология мәселелері мен зиялы қауымның ұлттық келбетін зерттеу – бүгінгі тәуелсіз еліміздің алдында тұрған қажетті мәселе.

Қазақстан Республикасы өзінің тәуелсіздік алған күнінен бастап, қандай қиын жағдайға тап болғанына қарамастан сырттағы қандастарымызға қамқорлық жасауды назардан тыс қалдырған емес. Елбасымыз Н.Назарбаевтың қазақтар тұратын мемлекеттер басшыларымен кездесулерінде қандастарымыздың хал-жағдайына қатысты мәселелер сан мәрте ресми түрде қозғалды. Қазақтардың атажұртына біртіндеп оралуын, олардың азаматтық мәртебе алуын, тұрғын үймен қамтамасыз етілуін, қолдан келгенше жәрдем берілуін шешуге Үкімет тарапынан елеулі талпыныс та жасалып келеді. Ауғанстандағы ауыр жағдайға тап болған қандастарымызға ұшақ жіберіп, көшіріп алуымыздың өзі тәуелсіз ел болып, етек жаба бастағанымыздың белгісі. Қазақстан өзінің тәуелсіздігін нығайта түсуімен қатар алые және жақын шет елдердегі қазақ диаспорасына ерекше көңіл бөліп отыр. Қазақ жерінен кезінде әр түрлі себептермен көшіп кеткен қандастарымыз мемлекетімізге орала бастады. Сондықтан оларға «оралман» деген атау да берілді. Халықаралық деңгейде «репатриант» деп аталатын бұл құбылыстың өзектілігі арта түсуде.

Әлем қазіргі кезеңде түбірінен өзгеруде. ХХІ ғасыр түркі тектес егеменді елдер үшін керемет тарихи заман болмақ, білім мен ғылымды дамыту халқымыз үшін тамаша өркениет пен демократия жолы. қазақстандық экономиканың өсуі мен дамуына сенеміз. Іштегі және сырттағы қазақтар рухани және этникалық жағынан біртұтас ұлт болып ұйып. келешекте өркениетті Қазақ елі жаңа белестерге көтерілетініне ешқандай күмән жоқ. Ол үшін бізге тыныштық, бейбітшілік, төзімділік, қарқынды еңбек, жүйелі құқықтық тәртіп пен реформа қажет.

Мұндай мақсатқа мемлекеттік шаралармен ғана қол жеткізу мүмкін емес, оған халқымыз тұтастай жұмыла кіріскенде ғана табысқа жетуге болады. «Тек мемлекеттің ғана жұмысы» деп «қазақ диаспорасы», «оралмандар» мәселесіне селқостық танытуға болмайды. Өйткені бұл мәселелер этнопсихологиялық астарларға толы дүниелер. Алдымызда латын әліпбиіне тезірек көшіп, кириллица мен латынды бірдей ұстанып, бірте-бірте латын әліпбиін таңдаған жөн болар (кириллицаны табиғи түрде ығыстырып шығару). Мұндай жағдайда көптеген өзекті мәселелер өз шешімін табады.

Ал, енді жаңа жерге сіңісіп кету, этникалық кірігу мәселесі күрделі әлеуметтік психологиялық құбылыс. Оған атүсті қарауға болмайды. Тек көшіп келгендер ғана емес, сонымен қатар жергілікті халықтың тоңсыраймай өз қандастарын бауырына тарта білуі де үлкен мәселе. Аракідік өзінің төменгі мәдениетін, қарабайыр қатынасын танытып алатын еліміздің тұрғындары болмаса, жалпы халық бұл процестерге оң көзбен, ықыласпен қарайтыны белгілі.

Бүгінгі әлемдегі, Еуропа мен Азиядағы тайталас – экономикалық және ақпараттық бәсеке түріне ауысқан. Егер Сіз біртұтас мұхитқа айнала бастаған әлемдегі аласапыран қаржы мен ақпарат ағыстары арасында өзіңіздің ұлттық рухыңыз бен келбетіңізді, ұлттық болмысыңыз бен қадір-қасиетіңізді сақтап қалғыңыз келсе, дүниетаным жүйеңізді, ойлау машығыңызды

таза сақтаңыз. Әйтпесе, әлгі ағыстармен бірге жұтылып жоғаласыз. Онда ата-бабаң ғасырлар бойы қанын төгіп, Сізге мирас еткен жеріңнің астындағы мұнайың мен асыл тасыңның да құны көк тиын. Онда замандастарымыздың қаншама азабымен іргесін қалап жатқан дербес мемлекетіміздің жер бетінен заты жоғалып, картада аты ғана қалады. Құдайым ондай қатердің бетін аулақ қылсын! Бүгінгі күннен бастап әрбір ұлымыз бен қызымыздың қанына биік ұлттық рух дәнегін себу, міне, осы қатердің алдын алу үшін де қажет.

Осыған орай елімізде жайылып бара жатқан сыбайлас жемқорлыққа, экономикалық қылмыстарға, көлеңкелі экономикаға қарсы күрестің заңилық және құқықтық негіздерін күшейту арқылы да ұлттық қауіпсіздігімізді нығайта аламыз. Кез келген қоғамның даму тенденциясы ондағы адамдар мен әлеуметтік топтардың даму тенденциясы арқылы айқындалады. Біздің елімізде адамды дамытуға осы соңғы мезгілде ғана көңіл аударыла бастады. Тіпті көп уақытқа дейін отандық ұлттық экономиканы өрге сүйрейтін біртұтас ұлттық элитаны толық қалыптастыра алмадық. Ал, өзіміз қоғам орнықтылығының кепіліне балап жиі айтатын «орта тап» тек ұлттық элита қалыптасып болғаннан кейін, ұлт ішіндегі өзара үйлесімді де ынтымақты еңбек бөлінісінің іске қосылуы нәтижесінде пайда болады.

Қазақстанның экономикалық дамуының қуатты қарқыны таяу болашақта еліміздің адам ресурстарына тапшылығын ең бір өзекті мәселеге айналдыруы мүмкін. Сондықтан біз отандастарымыздың санын да, сапасын да күрт дамыту ісін қолға алуға мәжбүрміз. Осыған орай қазақ диаспорасы өкілдерінің елімізге оралуы бұл мәселені шешуге септігін тигізеді. Бізде іштегі мен сырттағы қазақтар, қазақ ұлты мен этникалық топтар арасында біршама жақсы қарым-қатынас қалыптасқан. Ал осындай түсіністік әлеуметтік топтар арасында, немесе халық пен билік тармақтары арасында бар ма! Мұның бәрі еліміздегі адам ресурстарының сапалық дамуына әсер ететін жағдайлар болып табылады.

Қоғамымыздың саяси-экономикалық ахуалы қалай түзілуіне байланысты отандастарымыздың, яғни адамның сапалық даму тенденциялары да бірнеше үлгіде өтуі мүмкін. Қазірдің өзінде бұл үлгілердің нышаны айқындала бастаған сыңайлы. Шынымен-ақ біздің нарықтық қарым-қатынастар үстемдік етіп, демократиялық құқық пен бостандықтар салтанат құратын, әлемдік капитал (қаржы, тауар, қызмет т.б.) мен тәуелсіз ақпарат ағынына ешқандай шек қойылмайтын ашық қоғам үлгісіндегі дамыған, өркениетті елдер қатарына қосыламыз деген мақсатымыз болса, онда осы мақсатты жүзеге асыруға тиіс адамды (жеке алғанда да, тұтас алғанда да), яғни сіз бен бізді өзгерту қажет.

Жаһандану процесінің қазақтың ұлттық рухына тигізетін әсерін зерттеп, кезінде Ресей және Кеңес империялары жүргізген отарлау саясаты салдарынан жаншылған ұлттық рухты қалпына келтіру ауадай қажет. Іске асырылған және көне заманнан бүгінгі күнге дейінгі мәдени жәдігерлерді түгендеген «Мәдени мұра» (2004-2006, 2007-2009 жж.) мемлекеттік бағдарламасы қазақтың ұлттық рухын орнықтандыруды қамтамасыз етудің бірден-бір негізі. Нарықтық экономикаға негізделген кез келген қоғамдағы тәрізді бізде де ұлттың өз ішінде бай, кедей, орташа жіктер қалыптасуда. Тек өкініштісі, бұл процесс өзге елдердегі тәрізді бізде де капиталдың қорлануының алғашқы кезеңіне тән материалдық байлықты бөлудің әділетсіз, астыртын әдісімен тым астасып кетті. Онсыз да өтпелі кезеңнің барша ауыртпалықтарын үнсіз көтеруге мәжбүр болған халықтың көпшілігі үшін ортақ «ойын ережесі» іске қосылмай-ақ қойды. Соның салдарынан қазіргі таңда біздің халқымыздың 10 пайызы ауқаттылар, 60 пайызы кедейлер, 30 пайызы орташалар деген дерек бар. Қоғамдағы әлеуметтік жіктелудің мұндай көрінісі кез келген елдің орнықты дамуына қатер туғызады.

Осы қатердің алдын алу мақсатымен, елімізде орта және шағын бизнесті дамыту шаралары қолға алынып, орнықты дамуымызды қамтамасыз етуге тиісті

орташа тапты қалыптастыру бағытында батыл кадамдар жасалуда. Бұл тұста, жеке іскерліктері мен ілкімділіктерінің, білімділіктері мен біліктіліктері арқасында әжептәуір байлық жинаған, сойтіп, шет елдік бизнес алпауыттарының өзімен бәсекелесіп, ұлттық капитал мен өндіріс мүддесін қорғауға жарап қалған «жаңа қазақстандықтар» өкілдерінің мемлекеттік билік басына батыл ұмтыла бастағаны бірден байқалады. Менімше, мұның өзі жақсы нышан. Жақсы болатын себебі: осы жас күштердің ықпалымен бұрын шет елдіктерге уақытша басқаруға берілген кәсіпорындар мен өндіріс ошақтарының бақылау пакеті ұлттық капитал иелігіне қайтарыла бастады. Күрделі құрылыс жұмыстары жанданып, жұмыссыздық азая бастады. Макротұрақтану – түпкі мақсат емес, ілгері дамудың іргетасы екендігін бәріміз анық сезінгендейміз. Үкіметтің міндеті әлеуметтік тұрғыдан аз қорғалған, оздігінен өмір сүре алмайтын зейнеткерлерге, жетім-жесірлерге ғана көмектесу, қалғандарында шаруамыз жоқ, өз күніңді өзің көр» деген пікір бұрынғыдай жиі айтылмайтын болды. Сірә, өз халқының қалған бөлігінің де жұмыс табуына, күнкөрістік шаруамен айналысуына жағдай жасау ісі де тек үкіметтің міндетіне жататыны деп бағамдаудың таяз екенін түсіне бастаған тәріздіміз. Оған қазіргі оралмандар тәжірибесі кепіл болып отыр.

Әр ұлттың ділі, яғни менталитеті туралы мәселе әлемдік әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдағы өзекті тақырыптардың бірі. Қаржы мен ақпарат ағынына шекара сызықтары бөгет бола алмайтын, адамдардың бір елден екінші елге жүріп-тұруына ешқандай шек қойылмайтын қазіргі өркениетті әлемдік құрылым жағдайында кез келген ұлт өзінің болмыс-бітімін, тілі мен ділін, дінін, мәдениеті мен әдет-ғұрпын басқалармен өзара ықпалдасу арқылы ғана қорғайды.

Дегенмен Қытайдан келген қазақтар ондаған жыл ішінде қытай-қазақ бірегейлігін орнатып, одан Қазақстанға оралғанда осы бірегейлігі трансформацияға түсіп, құндылықтар жүйесі мен сана-сезімі де белгілі

бір өзгерістерге ұшырайды. Ұлттың өзін-өзі, өзінің бірегейлігін сақтау рефлексі мәселесі де тереңдей зерттеуді қажет ететін, халықтың ғасырлар бойғы қалыптасқан әдет-ғұрпында көрінісі сақталған күрделі тақырып.

Жалпы қазіргі заманғы әлеуметтану ғылымында «этнос», «ұлт», «халық» ұғымдарын айқындауда әр түрлі ғылыми түсініктер бар. Қай ғылыми тұжырым, қай ғылыми көзқарас тұрғысынан қарастырсақ та, мына жағдай пікірталас тудырмайды: қазақтар дербес этнос ретінде де, дербес ұлт ретінде де, дербес халық ретінде де бұрынырақ қалыптасып болған тарихи қауымдастық. Ал енді Қазіргі біздің саяси-әлеуметтік терминологиямызда осы «этнос», «халық», «ұлт», «диаспора» ұғымдары да шатастырыла жиі қолданылып жүр. Егер ғылыми тұрғыдан қарастырсақ «Қазақстан көп ұлтты мемлекет» емес. Қазақстанда бір-ақ ұлт бар, ол – қазақ ұлты (белгілі демограф-ғалым М. Тәтімовтің мәліметі бойынша, қазір қазақтар 65 пайыздай болады екен). Ал еліміздегі өзге этностық топтар айырықша ұлт емес, олар – диаспоралар. Диаспора дегеніміз өзге елде өзінің тарихи отаны бар, бірақ тағдырдың жазуымен басқа мемлекетте тұрып қалған этностық топ. КСРО-ның аяқ астынан ыдырауы салдарынан Қазақстанда (басқа тәуелсіздік алған мемлекеттерде де) ондаған диаспоралар пайда болды. Бір қуанарлығы біздің елімізде қазақ ұлты мен басқа этностық топтар арасында орнықты жарасым, берік татулық күнделікті өмір салтына айналды. Әрине бұл, ең алдымен, тұңғыш Президентіміз Н.Ә.Назарбаевтың парасатты саясатының жемісі. Сондай-ақ, қазақ халқының болмысына етене тән қонақжайлық, бауырмалдық, төзімділік сияқты қасиеттер өзге этностық топ өкілдерінің өгейсімеуіне, Қазақстанды өз Отаным деп тануына қолайлы жағдай туғызды.

Жалпы кез келген елдегі диаспора өкілі екіұдай сезімді басынан кешіп жүреді. Бір жағынан, ол өзінің тарихи отанындағы өз этносымен байланысын үзбеуге ұмтылады, өзі тұратын елдегі қандастарымен әр түрлі мәдени қауымдастықтар құрып, ұрпақтарының өзге

елде жүрсе де төл мәдениетінен, ана тілінен ажырамауына күш салады.

Екінші жағынан, ол өзі азаматы болып табылатын елдегі «азаматтық қоғамның» мүшесі ретінде осы мемлекеттің саяси, экономикалық және әлеуметтік өміріне белсене араласып, жетекші ұлттың мәдениеті мен діліне кіріге түседі. Басқаша айтқанда, ол тұлғалық деңгейде екі полюстің тартылыс күші арасында ғұмыр кешеді. Егер жеке тұлғаның бойында өзінің туған этносына деген тартылыс күші басымдау болса, болашақ ұрпақтарының да туған этносының тол мәдениетінен емін-еркін сусындап өскенін қаласа, 20 адам сөз жоқ ерте ме, кеш пе – тарихи отанына оралады. Бұлар ешқандай «босқындар» емес, ғылыми терминологияда оларды «оралмандар» «отанына оралу» деп атап жүрміз. Ал егер диаспора өкілі өзі тұрған елді шынымен-ақ отаным деп сезініп, ұрпақтарының да түбегейлі осы елдің азаматы болғанын қаласа, онда ол, ең алдымен, «азаматтық қоғамның» мүшесі ретінде елдің саяси, экономикалық және әлеуметтік өміріне белсене араласа бастайды (демек, азаматтық бірегейлену процесіне қосылады), содан соң, бірте-бірте сол мемлекетті құрып отырған жетекші этностың тілін, ділін, мәдениетін қабылдап, түптің түбінде өзара араласып кетеді (яғни мәдени-өркениеттік бірегейлену процесі өтеді).

Қазақстандық халықтық бірегейліктің жоғарыдағы белгілерінің ішіндегі мені ғалым ретінде көптен толғандырып жүрген мәселе – қазақстандықтардың ортақ ділінің қалыптасуы. Осыған орай өзімізге жақынырақ шетелдік тәжірибеге сүйенген жөн сияқты, яғни сонау XX ғасырдың бірінші жартысында жаңа Түркия Республикасын құрып, оның іргетасын қалаған әйгілі Ататүрік салған сара жол біздерге пайдалы тәрізді. Міндетті түрде өзіміздің ерекшелігімізді ескерген жөн сияқты.

Бір мемлекетте тұратын адамдардың ортақ ділі болуы, яғни олардың ойлау машығының, мінез-құлқының, ардақ тұтатын құндылықтарының, ұстанатын әдет-ғұрпының, т.б. бірегейлігі көптеген әлеуметтік-

психологиялық факторларға байланысты қалыптасатын құбылыс. Олардың ішінде қоныстанған өлкесінің табиғаты, шаруашылық жүргізу тәсілдері сияқты қосымша факторлар болғанымен, ең басты біріктіруші фактор – адамдардың бір-бірімен тарихи тамырластығын сезінуі, былайша айтқанда тарихи санасының, тарихқа көзқарасының, тарихи жадының ортақтығы болып табылады.

Әрине, мен маман тарихшы емеспін, бірақ жаһандану жағдайындағы қоғамдағы кейбір күрделі және көпқырлы әлеуметтік мәселелерді ғылыми зерттеуде сан түрлі сала мамандарының өзара күш біріктіруіне тура келеді. Қазақстан халқының бірегейлену процесі, міне, дәл осындай қазіргі заманғы күрделі әлеуметтік құбылыстардың бірі. Бұл құбылысты зерттеп, оңтайлы тетіктерін табуға лингвистерде, философтарда, әлеуметтанушыларда, саясаттанушылар да, тарихшылар да, мәдениеттанушылар да ат салысуы қажет. Оның үстіне, қазіргі жаһандану заманында, еліміз бүкіләлемдік саяси, экономикалық, ақпараттық-коммуникациялық және мәдени процестерге етене араласқан сайын өзіміздің төл ұлттық болмысымызды зерттейтін гуманитарлық ғылымдардың рөлі мен маңызы арта түспек.

Соңғы кездері шетел басылым беттерінде жиі айтылып жүрген мынандай бір дұрыс пікір бар: егер XIX ғасыр физика, XX ғасыр биология ғасыры болса, онда XXI ғасыр гуманитарлық ғылым ғасыры болмақ, Техникалық, медициналық, тіпті, ғарыштық ғылымдар салаларындағы кейбір жаңалықтарды шеттен үйреніп, халқымыз игілігіне жарата алуымыз мүмкін. Ал төл тарихымызды, төл тіліміз бен әдебиетімізді, ұлттық мәдениетімізді, ұлттық философиямызды, ұлттық археологиямызды, ұлттық экономикалық мүдделеріміз бен ұлттық экономикалық жүйемізді бізге ешкім келіп, зерттеп бермейді. Қазіргі шағын тарих және этнология, философия және саясаттану, әдебиет және өнер, шығыстану, тіл білімі, археология, экономика институттары көптеген іргелі және қолданбалы зерттеулермен қатар «Мәдени мұра» (2004-2009 жж.) бағдарламасы

бойынша да өте үлкен істер атқарып жатыр, ендеше, оларға ұлттық мәртебе беріп жан-жақты мемлекеттік қолдау көрсетуді одан әрі жалғастырған жөн.

Негізінен алғанда Қытайдағы, Моңғолиядағы, Өзбекстанда, Ресейдегі қазақтар өзінің атажұртында өмір сүруде деуге болады, ал қалған қазақ диаспоралары әртүрлі жағдайларға байланысты кезінде қоныс аударуға мәжбүр болғандардың қатарына жатады. Сонымен, дүниежүзіндегі мемлекеттердің қай-қайсында болса да негізгі халық және көптеген басқа ұлттардың диаспоралары басқа этникалық ортада бірге тұрады. Кейде тіптен, диаспоралардың мемлекетаралық шекара бөлісіне түсіп, су бойымен, тау қыраттарымен, сызықшамен де бөлінген атамекенімен бірге байырғы халықтарды да қақ жарып тастаған жағдайлар да кездеседі. Осы миллиондаған халқы бар диаспоралар әр түрлі ғұмыр кешуде: бірі босқын, бірі кірме, бірі ұлттық азшылық атанып, дүние жүзінің барлық мемлекеттерінде тіршілік етуде. Мысалы, Қытайда негізгі қытай ұлты және 55 басқа ұлттардың топтары қосылып, бір үлкен мемлекет құрайды.

Бүгінде Қазақстаннан тыс жерлерде өмір сүріп отырған 5 миллиондай қазақтардың жартысынан көбі өз атажұртында өмір сүріп жатыр. Бұл – қазақ диаспорасын жан-жақты зерттеудің еске аларлық бір ерекшелігі. Қытай Халық Республикасында ұлттық үш облыс пен екі округті, Моңғолиядағы бір ұлттық аймақты, сондай-ақ ТМД елдеріндегі, атап айтсақ, Өзбекстан, Ресейдегі қазақтардың негізгі бөлігін бұрыннан өз атамекенінде отырған қандас бауырларымыз құрайды. Осыдан олардың сан ғасырлық тарихи-мәдени ерекшелігін, этникалық салт-дәстүр тұтастығын зерттеудің маңыздылығы туындайды.

### **3.5 Қазақ диаспорасының атамекенімен рухани-мәдени байланысы**

Қазіргі заманда алыс және жақын шетелдердегі отандастарымыздың өмір тіршілігін, руханият әлемін

ғылыми тұрғыдан жан-жақты қарастырудың мүмкіндіктері кеңейде. Қазақ диаспорасы құбылысының өзекті мәселелерін ғылыми тұрғыда қарастыра бастағанымызға да көп уақыт бола қойған жоқ. Дәлірек айтсақ, оның тарихы тәуелсіздік принциптері бекіп келе жатқан жиырма жылдан енді ғана аса бастады. Бұл бір жағынан алғанда, үлкен тарих үшін көп уақыт болмағанымен, екінші жағынан, белгілі бір талдаулар жасаулар арқылы қорытынды ойларды қозғап, тұжырымдар жасауға, этноәлеуметтік кеңістіктегі күрделі құбылыстарға сыни бағалаулар беруге жеткілікті болатын тарихи шама. Сондықтан шетелдегі отандастар тағдырына, диаспора мәселесіне аксиологиялық, құндылықтық талдау тұрғысынан ғылыми мағынада маңыздылық берудің, оны қарастырудың өзіндік қиындықтары мен болашағы туралы тереңірек сөз қозғайтын уақыт та келді. Міне, сондықтан қазақ диаспорасы мәселесінің түйткілді қырларын әлеуметтік-философиялық сараптаудың өзіндік ғылыми-зерттеу қадамдарын жасауға талаптанамыз.

Өткен ғасырдың соңына таман қазақ жеріне келген саяси және мәдени тәуелсіздіктің қоғам тарихында біршама жасампаз мүмкіндіктерді ашқанын, көптеген шектеулі дүниелердің ғылыми зерттеулердің, әлеуметтік практиканың нысанына айнала бастағаны белгілі. Қазіргі таңда қазақ диаспорасының өзіндік санасының дамуы аясындағы рухани сабақтасу мәселесін қарастыру да өзінің заманауи маңыздылығын арттырып отыр. Себебі, шетелдегі қазақтардың рухани кеңістігінде ұлттық мәдениетіміздің кейбір төлтумалық мәйегі, дәстүрлі жәдігерлері барынша бірегейлікпен сақталған жерлер де баршылық. Мәселен, осы тұрғыдан алғанда көрші жатқан Моңғолия, Қытай, Өзбекстан, Түркіменстан және Қырғызстан елдерін атап өтуге болады. Әрине, этикалық құндылықтарға негізделген ұлттық болмысымыздың басқа ұлттар арасында қағажуға ұшырамай, басымдылық танытатын мәдениетке толықтай жұтылып кетпей әрі қарай өрбуі этникалық келбеттің болашағы үшін маңызды. Ал, осы

мағынадағы әлеуметтік қауіптер мен келешекке деген күмәнданулардың бар екені анық, әрине жаһанданудың сын-қатерлері кез келген әлеуметті өзіндік қыспаққа алады, оның ішкі әлеуетін өзіндік сынақтардан өткізеді.

Қазіргі қазақтардың мәдениетінің тарихи бастауларын анықтау арқылы біз оның құндылықтар жүйесінің толық этномәдени, өркениеттік картинасын жасай аламыз. Қазақ халқының құндылықтар әлемінің рухани байлығы негізінен елімізде қордаланып отырғаны белгілі және осы тұрғыдан алғанда дүниежүзі қазақтары үшін «тарихи Отан» деп аталатын ресми мойындалған мекенмен шартараптағы қандастарымыздың рухани және мәдени қатынастарын тереңдете түсу мәселесі қазіргі таңда барынша өзектеніп отыр. Себебі, кезінде үзіліп қалған қатынастарды жаңғыртпай даму да болмайды.

Жоғарыдағы өзара мәдени қатынастардың жаңа қырлары анықталуда және ол негізінен құндылықтық бағдарларымызды қайта қарау мәселесімен байланысып жатады. Мәселен, көптеген этнологиялық, әлуметтік және саяси күрделі мәселелердің терең астарлары мен шешімдері осы өзара байланыстарды, ықпалдасуларды тиімді нұсқада дамытуда, өрбітуде болып отыр. Сондықтан, қазақстандық қоғамды өркениетті дамыту жолындағы қадамдармен қатар елімізде гуманитарлық және инновациялық білімді тарату аясында қазақ диаспорасының зерттеуге қатысты көптеген қайшылықты мәселелер барынша жан-жақты анықталуы тиіс. Мәселен, көптеген елдерде қандастарымыз ассимиляция үрдістерінің ауқымына барынша еніп бара жатқаны, кейбір жастардың өздерінің этникалық өзіндік санасына, тіліне, діліне салқынқандылықпен қарай бастағаны алаңдатады.

Қазақ диаспорасы өкілдерінің қазіргі замандағы әлемді эстетикалық тұрғыда рухани игеруінің ерекше белгілерін ашып көрсету үшін оның өзіне тән ерекшеліктерін ғылыми байыптау қажет және сонда ғана эстетикалық құндылықтардың мағынасы

баршаға нақтылана түседі. Эстетикалық түсініктер әлемдегі адамаралық қатынастардағы, адамның табиғатпен қатынастарындағы ырғақты және көркем үйлесімділіктерді анықтаумен байланысты. Осы тұрғыдан алғанда әсемдік әлеміне саяхат жалпы адамның дүниетанымдық кемелденуімен, біртұтастануымен тікелей байланысты. Өзінің ішкі әлемінің үйлесімділігін адам да, қауымдастық та құндылықтар жүйесін қалыптастыру барысында барынша қиындықтарға тап болады. Сондықтан құндылықтарды реттеудің қайнар көзі субъектінің әлемге деген қатынасын ретке келтірумен астасады.

Қазақ халқы өзінің тарихи даму эволюциясында түркі әлемімен және славяндық көршілермен қарым-қатынаста жалпы құндылықтық дүниесін қалыптастырғаны белгілі. Осыған орай заманауи түркі қауымдастықтарының мәдени болмысының өзара тарихи байланысын, қатынастарының әртүрлі қырларын көрсету арқылы қазіргі әлемдегі қазақ диаспорасының этникалық әлемінің аксиологиялық портреті жасалуы мүмкін. Әлемді баурап алған жаһандану дәуіріндегі мәдениетаралық өзара әрекеттесу аясындағы түркілік әлемнің рухани өзіндік біртұтастығын анықтап алу да, оның ықпалдасуының болашағын көрсету де өмір қажеттілігі болып отыр. Құндылықтарымыздың түйісетін жерін анықтау, өзара көмекке ұмтылу рухани даму тұрғысынан алғанда барлық халықтар үшін ауадай қажет дүние. Құндылықтарын халық қана басқа мәдениеттер алдында сыйлы бола алады.

Қазіргі Қазақстан – көп этнос өкілдері мен көп дін конфессиялары орын тепкен мемлекет. Қазақ халқы осы этноәлеуметтік кеңістікте жетекші рөл атқарады, оның осындай қызметі, миссиясы тарихи жағынан да, саяси-мәдени жағынан алғанда Ақиқатқа, тарихи шындыққа сәйкес келеді. Жаһандану жағдайында біздің еліміздің орнықты дамуының аса маңызды алғышарты және негізі қоғамымызда аса жоғары маңыздылыққа ие болатын этносаралық, мәдениетаралық және діндер арасындағы

сұхбат, келісім болып табылады. Сондықтан, тарихи Отан мен қазақ диаспорасы арасындағы қатынастар осы сұхбатты үйлесімді өрбуіне, өзара ынтымақтастың іргесі сөгілмеуіне қарай бағдар ұстауы тиіс. Сонымен қатар, тәуелсіздіктің арқасында көптеген жылдар бойы басымдық танытқан атеистік көзқарастардан бас тартып, діни дүниетанымның сүбелі және орнықты тұстарын зерделеуге мүмкіндіктер ашылды. Жалпы қоғам руханиятын дамытатын тетіктердің барлығын толықтай игеріп, оның әмбебаптық қасиеттерін айқындаумен айналысқан да орынды.

Бір миллиондай қандастарымыздың еліміздің заманауи полиэтникалық кеңістігіне сіңісе бастағанына да, өзінің азаматтық етенелесуін орнықтыра бастағанына да жиырма жылдан аса кезеңнің ауқымы болып отырғаны белгілі. Кезінде тәуелсіздіктің ашып берген мүмкіндіктерінің арқасында еліміздің елді мекендеріне қоныс аударып үлгерген қазақ диаспорасының өкілдерінің, яғни репатрианттарының бірталайы өзінің құндылықтық әлемін тарихи Отанында қалыптасқан ұстанымдармен, дәстүрлермен сәйкестендіре отырып қалыптастырып және дамытып жатқаны да баршаға мәлім. Әрине, осылай құндылықтардың сәйкестеніп кетуі де оңай шаруа емес, дегенмен, қазақ ежелден «көш жүре түзеледі» дейді. Кез келген үрдістің өзіндік қиындықтары да, қызықтары да болады.

Қазақстан Республикасына қоныс аударған қазақ этносының өкілдері үшін бұл көші-қон қадамдары оңайға соққан жоқ. Елімізге келіп, жаңа полиэтникалық кеңістікке ендеген бауырларымыз тек тұрмыстық қиындықтармен қатар этикалық және эстетикалық құндылықтар тұрғысынан алғанда, дүниетанымдық ұстанымдар бойынша да өздерінің көзқарастарына біршама түзетпелер жасауға мәжбүр болды. Бұл тарихтың ырғағымен жүзеге асатын, әрбір мигранттың басынан отетін заңды құбылыс болатын. Ешкім, ешқандай қауымдастық бұл заңдылықты айналып өте алмайды және оны қажет емес деп ысырып тастау да мүмкін

емес, оған барынша түсіністікпен қарап, төзімділіктің арқасында бейімделуі де шарт.

Қазіргі тарихи кезеңде дамыған мемлекеттер мен қауымдастықтардың өзі өздерінің жарқын болашағы үшін заманауи тарихи кезеңде ел бірлігі мен оның біртұтастығын сақтап қалу үшін пәрменді қадамдар жасап жатқаны белгілі. «Бірлік бар жерде тірлік бар» деген халықтың қанатты сөзінде терең даналыққа толы астарлар бар екені белгілі. Сондықты бірлікті қоғам дамуындағы маңызды этикалық, рухани, саяси және мәдени құндылықтық бағдары, іргетасы деп атауымызға болады. Қауымдастық – белгілі бір халықтың этникалық көрінісі ретінде, ұйысқан ұлт ретінде, бір мемлекеттің азаматтарының адами синтезі сипатында өзінің ішкі бірлігін, біртұтастығын жоғалтқан жағдайда ол әлеуметтік дүниеде әртүрлі қиындықтарға душар бола бастайды, ұйып отырған жеріндегі әр қилы бағыттағы әлеуметтік қатынастарға нұқсан келеді. Бұл құбылысқа әлемдік практикадан нақты мысалдарды көптеп келтіруге болады. Мәселен, Араб елдеріндегі саяси жағдайлар осындай келеңсіз үрдістердің көрінісі болып табылады.

Сондықтан өзінің ішкі бірлігін, ынтымақтастығын шынайы әлеуметтік маңыздылыққа, ерекше құндылыққа айналдырған халық ғана өмірдегі талай асуларды алуға көбірек мүмкіндіктерге ие болады және басқалардың алдында өзінің біртұтастығы жарасқан қадірлі ұлтқа айналары хақ. Міне, осы бағытта біздің тәуелсіздік елімізде атқарылып істер аз емес. Еліміздің болашақта дамыған 30 елдің қатарына қосылуына қадамдары нақты. Бұл тарихи талпыныстар қазақ халқының, қазақстандықтардың болашақтағы тарихында ерекше ілтипатпен, құрметпен аталуы мүмкін. Себебі, кез келген елдің ішкі әлеуетін дұрыс пайдаланудың арқасында дамудың белгілі бір деңгейлеріне, сатыларына көтерілуге болады.

Әрине, дүниені түгелдей өзара жақындатып, өзара ықпалдастырып жатқан жаһандану құбылыстары елімізді әлемнің барлық түкпірлерімен байланысты

тереңдете түсетіні анық. Объективті процестер ретінде танылған жаһандану үдерістері еліміздің этноәлеуметтік кеңістігін айналып өтуі де мүмкін емес еді. Қазақстан кең мағынадағы Шығыс пен Батысты жалғастырып, түйістіріп отырған Еуразиялық кеңістіктегі мәдени, саяси және экономикалық көпір қызметін атқаруда. Оның үстіне, осындай өзіндік әлеуметтік, технологиялық, өркениеттілікті бірізділікті насихаттайтын үдеріске өзіндік қарсылық қадамдары жасалынуда. Ол кейде ашық түрде, кейде жасырын сипатта байқалып отырылады. Жалпы дараланған келбетті танытатын ұлттық ерекшеліктерді қорғауға бағытталған қадамдары оқшаулану немесе локализациялану деген ұғыммен сипатталуда.

Осындай қатынастар ауқымында, қазіргі заманауи әлемдік процестерге тән қайшылықты үрдістердің аясында Қазақстан Республикасының саяси жүйесі өзіндік көзқарасын, стратегиялық бағытын, түбегейлі құндылықтық тұғырларын анықтап алуы қажет болатын. Халық даналығының тілімен айтқанда алдымен елдің біртұтастығы мен бірлігі қажет. Қазіргі замандағы бәсекелестікке толы әлеуметтік шындықта жоғарыдағы этикалық сипаттағы рухани құндылықтарды қалайда жоғары деңгейде сақтап қалу үшін не істеу керек? Міне, осындай проблемалық түрдегі қоғамдағы күрделі мәселелердің тоғысқан жерінен орнықты жол таба білудің өзі үлкен даналықты қажет етеді және ол елдің саяси элитасы мен басқару жүйесі үшін нағыз заманауилық тарихи мағынадағы сын.

Болашаққа қарқынды жылжудың өзі белгілі бір дәстүрлерді, өмір салтын бұзуға, оларды түбегейлі жаңғыртуға алып келеді. XX ғасырдың аяғында бұрынғы кеңестік кезеңде қалыптасып қалған түсініктер мен таптаурындардан бас тартып, жаңа заман ұсынып отырған жаңғырған дүниелерді, жаңа бағдарламаларды қабылдаудың уақыты келді. Елімізде осы бағыттағы сындарлы саясаттың арқасында пәрменді өзгерістер жүзеге асты деуге болады және ол шын мәнінде қоғам дамуына қатысты көп нәрсені анықтайтынына көзіміз жетті.

Әрине, кемшіліктерді түзеумен қатар өз жетістіктерін орнықты пайымдай алғанда ғана қауымдастық алға қарай пәрменді жылжудың мүмкіндіктерін ұлғайтады және ол адам капиталының әртүрлі қырларын өрбіте түседі.

Қазақ халқының күрделі тарихының көптеген көлеңкелі беттерінің айғағы ретінде отандастарымыздың өткен ғасырларда бір бөлігінің еріксізден көршілес елдердің азаматтарына айналуын жақызуға болады. «Қазақ диаспорасы» деген ұғым барлық шетелдердегі қазақтар туралы айтыла бастады және сонымен қатар бұл ұғым кезінде ХХ ғасырдың басында шекараны анықтау кезінде арғы бетте өзінің ата-бабасының мекенінде қалып қойған және оны әлеуметтік ғылымда «этникалық ирредента» деп атайтын қандастарымызды қамтыды. Осы жалпы саны бес миллионға жақын ісі қазақ ағайындардың тәуелсіздік нығая түскен жиырма жыл ауқымында бір миллиондайының өз тарихи Атамекеніне оралды, онда толыққанды азамат болып тіркелді, көбісінің квота бойынша баспаналы болды. Дүниежүзі қазақтары қауымдастығы осы стратегиялық бағдарламаға өзінің комақты үлесін қосты, өркениеттік принциптерге сүйене осы үрдістің жетілдіру түрлерін іздестіруден жаңылған жоқ.

Қазақстан Республикасы Жер бетіндегі барлық этникалық қазақтар үшін қайталанбас жалғыз тарихи мекен, заңды Отан. Тәуелсіз мәртебесі бекіген елімізге оралуға ниет еткен отандастарымызды қабылдауға түбегейлі бетбұрыс жасалғаны белгілі, бұл үрдіс шын мәнінде көптеген жылдар бойы ұлттың ішкі бірлігін нығайтудың тетігіне айналды. Тәуелсіздіктің құндылықтық сипатын әрбір қазақ баласы өз санасы мен жүрегінен өткізді. Қазіргі тарихи кезеңде квотаның берілуінің уақытша үш жылға тоқтатылғаны белгілі. Бірақ ол жалпы қазақ репатриантарының елімізге бағытталған көші-қонын жасанды түрде тежеу, тоқтату емес. Керісінше, мемлекеттік жүйеден тыс еліміздің әлеуметтік және қоғамдық күштерін айқындай түсуге

деген бетбұрыс. Шетелдегі қандастарымыздың әлеуетін, әр қилы бағыттағы мүмкіндіктерін айқындауға деген қадамдар болып табылады.

Жалпы кез келген құбылыстың өзіндік сипатын анықтау кезеңінде әр қилы технологияны, әдіснаманы, тәсілдер мен механизмдер алуандылығын ескерген орынды. Осыған орай өзінің шетелдегі бауырластарымен байланыс жасауға және мәдени көпір орнатуға тырысатын этникалық қауымдастықтар, ұлттық мемлекеттер халықаралық деңгейде көптеп саналады. Мәселен, осы мағынада «Израиль мен Германияның озық тәжірибесіне сүйенетін болсақ, олар мемлекетке алақан жайғаннан гөрі ұлт патриоттары арқылы «Ұлттық көші-қон қорын» құру жолымен де өз қандастарының мүддесіне тиімді біраз мәселені шешіп отыр. Қытай ұлты да өз топырағындағы халық санының қауырт артуына байланысты хан ұлты жұмыскерлерін өзге елдерге апарып, жұмыс зерттеушілерге әр түрлі қаржылық қолдау білдіріп отырады» [4]. Осы әлемдік тәжірибенің кейбір нұсқаларын біздің елде де қолдануға болады.

Еуропада соңғы жылдары әр жыл сайын өткізіліп келе жатқан кіші құрылтайдың соңғысы Дания жерінде өткені белгілі. Міне осы кіші құрылтайдың қатысушыларына арналған құттықтау сөзінде еліміздің Президенті төмендегідей ұшқыр ойын тұжырымдады: «Құрметті бауырлар! Сіздерді қай уақытта да құшақ жайып қарсы алатын елдеріңіз барын, сүйенгенге тірек, іздегенге пана болар жерлеріңіз барын әрдайым естен шығармаңыздар» деген болатын. Әлемдегі біртұтас қазақ халқының құрамдас бөлігі болып табылатын қазақ диаспорасының тағдыры мен болашағы, отандастарымыздың өмір сүру шындығы, әр қилы проблемалары еліміздің саяси басқару жүйесі мен мемлекет органдары үшін маңызды.

Дүниеге көз жібертсек, онда өзінің тарихи отанынан жырақ кетіп, жаңа мекенде өмір сүріп, өздерін әлемге танытқан, тіпті мемлекет құрған әртүрлі ұлт өкілдері әлемде көптеп саналады. Өткен ғасырларда

жаңа жерлерді бағындыруға ұмтылған жетекші қауымдастықтар Жер бетінің көптеген елдерінде өздерінің тілдерін таратып, мәдениетін, діндерін орнықтырып үлгергені белгілі. Қазіргі кезеңде біршама кейінірек қимылдаған қытайлықтар мен үнділіктер сияқты демографиялық алпауыттар басқа этникалық кеңістіктерді игеруге ұмтылуда. Әрине, өздерінің тарихи мекендеріндегі демографиялық жағдайдың қысымы да осы процестерге әсер ететіні де тарихи дерек екенін мойындау керек. Қазақстан Республикасы өзінің шетелдердегі отандастарына қамқорлық жасау және сонымен қатар олармен өзара қарым-қатынаста болу саясатын ұстанады. Бұл қатынастарды қазіргі дәуірдік өзіндік заманауи талабы деп қабылдау керек.

Жалпы қазақ диаспорасының жаңа толқыны шетелдерде қалыптасуда. Бұл үрдістің бұрынғы замандардағы үдере қоныс аударудан айырмасы жермен көктей. Иммигранттардың жаңа легінің қазіргі жаһандану жағдайында әлеуметтік жаңғыру үрдістеріне сәйкес үйлесімді сипатта, өзіндік заманауи қисынмен қалыптасуынан үркіге болмайды. Оны кезіндегі қазақтардың жан сақтауы үшін іргелес елдерге көшуімен механикалық түрде салыстыруға болмайды. Қазіргі кезеңдегі қандастарымыздың кейбір елдерді өмір сүруге таңдауының өзі және оның саналы түрде жүзеге аса бастауының өзі еліміздің азаматтарының өркениеттік деңгейінің арта бастағанын білдіреді, олардың шетел тілдерін жете меңгеріп, белгілі бір кәсіби саланың бәсекеге қабілетті мамандары болғандықтан ғана сіңісе алып жатқандығына көзіміз жетіп отыр. Бәсекелестікке толы нарықтық қатынастар заманында адам өзге этникалық кеңістікте жеткілікті қәсіби біліктілік арқылы және өзінің тұлғалық қабілетімен ғана орнықты орнын таба алады.

### **3.6 Шетелдегі қазақтардың құндылықтарындағы басымдықтар. Әлемнің әртүрлі елдеріндегі отандастарымыздың құндылықтық жүйелерінің ерекшеліктері**

Тәуелсіздік беки түскен сайын мемлекетіміздің халықаралық қатынастар ауқымындағы беделі өсе түсуде. Осы оңды үрдістер аясында отандастарымыздың құндылықтық бағдарларының өзгеруі де заңды құбылыс. Еуропада өз кезегінде қазақ ұлтының өкілдерінің даму серпілісі анық байқалып жатыр, мысалға, бертінде Дания мен Францияда күллі еуропалық қазақтардың құрылтайы ұйымдастырылған болатын.

Франциядағы Еуропа қазақтары Құрылтайы барысында Қазақстан делегациясы үш күн бойғы іс-шаралардың барлығына белсене қатысып, бұл жиынының биік деңгейде өтуіне ат салысты. Сондай-ақ, Еуропа қазақтары қауымдастықтарының басшылары – Әбілқайым Кесіжі, Али Құрбан, Бесир Малабақан және т.б. көптеген белсенді азаматтар үлкен ұйымдастыру жұмыстарын жүргізді. Соның нәтижесіне, қазақтың дәстүрлі қонақжайлылығының Еуропа жерінде де жойылмағандығының куәсі болдық.

Франциядағы Төтенше және өкілетті елшіміз Нұрлан Дәненов бастаған Қазақстан Республикасының елшілігі Құрылтайдың табысты өтуіне үлкен көмегін тигізді. Бұл ретте, Қазақстан мен Франция елдері арасындағы өзара жан-жақты байланыстардың барынша дамып келе жатқанын да айта кеткеніміз жөн. Осыған орай, Қазақстанның Франциядағы елшілігінің өзінің игілікті істерін, дипломатиялық қызметтерін осы елдегі саяси мекемелермен, отандастармен тиімді байланыстырып отыратындығы бізді ерекше қуантты. Осыған байланысты және бір мәселе ойға оралады. Шетелдердегі қазақ диаспорасымен байланыс жасап, әртүрлі сипаттағы ұйымдастыру жұмыстарын жүргізу үшін Қазақстан елшіліктеріне әлі күнге қаржылық тұрғыдан марадымды қолдау жасалмай келеді. Сондықтан олардың

мүмкіндіктері шектеулі болып отыр. Болашақта осы мәселе бір жүйеге түсірілгені жөн.

Кіші құрылтай кезінде еуропалық қазақтар Қазақстанның қазіргі табыстарына қуанып, қиындықтарына бірге қиналатындарын және шамалары келгенше Атамекенмен өзара байланысты нығайта түсуге ынталы екендерін де жеткізді. Әрине, олардың арасынан Қазақстанмен көрші жатқан Өзбекстан, Қытай және Моңғолия сияқты елдердің қазақтарындағыдай көшіп келуге деген белсенділік байқалмайды. Бұған барынша түсіністікпен қараған жөн. Осыған орай, Еуропа елдерінде де қазақ ұлтының өкілдерінің тұрақты тұрып, өркениетті елдердің озық үлгілерін бойына сіңіріп, оны атамекендегі отандастарына жеткізе білгені де ерекше маңызды деп ойлаймыз. Яғни, олар экономика мен мәдениет, ғылым мен білім саласында айтарлықтай жетістіктерге жетіп, осы арқылы Қазақстанға да пайдасын тигізер болса бұған біз тек қуануымыз керек.

Осыған орай, Қазақтан Республиксы шетелдердегі өз диаспорасымен байланыс жасауды қазіргіден де жақсартып, жаңа деңгейге көтеру керек деп есептейміз. Бұл ретте, диаспоралармен жұмыс істеудің тәжірибесі көптеген елдерде жоғары деңгейде екенін де ескере кеткеніміз дұрыс. Мәселен, Германия, Ресей, Израиль, Түркияны айтпағанның өзінде, бұрынғы Кеңес мемлекеттерінің арасынан Армения, Әзірбайжан және Грузия сияқты елдердің де бұл мәселеге үлкен мән беретінін ұмытпаған дұрыс. Оларда бұл жұмысқа мемлекеттік деңгейде үлкен қаржылар бөлініп, арнаулы комитеттер мен басқа да мемлекеттік мекемелер құрылып, тұрақты қызмет атқарады; елшіліктерінің де мүмкіндіктері өте жоғары. Осыған байланысты, Қазақстандағы Дүниежүзі қазақтары қауымдастығының да қоғамдық ұйым емес, мемлекеттік мәртебесі бар мекемеге айналатын уақыты келген шығар деген ой да туындайды. Өйткені, қазақ халқының үштен бір бөлігі шет елдерде тұратындықтан олармен қарым-қатынасты жаңа деңгейге көтеру бүгінгі таңда ең өзекті мәселелердің біріне айналып отыр.

Осыған орай, Парижде өткен басқосудан туған кейбір ой-пікірлерімізді де ортаға сала кетсек дейміз. Бұл кіші құрылтай заманауи кезеңдегі адамаралық қатынастардың өрбуіне, этникалық қазақтардың бірлесуі мен бірігуіне, тілі мен дәстүрінің біршама жандануына себепкер болатынын байқадық. Тіпті, осындай кіші Құрылтайлардың әртүрлі елдердегі жастардың өзара танысып, қазақтың Еуропадағы жас отауларының құрылып жатқандығы жөнінде жақсы хабарларды естідік. Жалпы, Еуропа қазақтары өз ұрпағының ана тілін ұмытпай, этникалық сипаттағы тұрақты отбасын құрғанын қалайды. Құрылтайға келген қазақтар арасында жүргізілген социологиялық сауалнамада қандастарымыздың құндылықтық артықшылық беретін позициялары анықталды. Құндылықтар иерархиясын анықтау барысында Еуропалық қазақтардың жасы үлкендер жағы, яғни респонденттердің 90 пайыздан астамы «Қазақ халқының тағдыры мен болашағы бір, Атамекенді аңсаймыз» деген жауапты таңдады. Олар Қазақстан мен Еуропа қазақтары арасындағы қатынастың үзілмегенін, оның әрі қарай өрбігенін құптайды. Жастар арасындағы жауаптарда көбінесе жеке тұлға мен отбасының құндылықтары алға шығады. Олардың жергілікті елдің тілі мен түрік тілін жете меңгеріп, қазақ тіліне келгенде біршама қиналатындары да байқалды. Сондай сәтте туған жерімізде орыс тілінің ыңғайына жығылып, өзінің ана тілін толық игере алмай жүрген қандастарымызды еске алдық. Мемлекеттік тілдің елімізде қызметін толыққанды орындай алмай, тиісті мәртебесіне толық жете алмай жатуының бір себебі – еліміздегі өз ағайындарымыздың бұл іске бел шешіп, шынайы деңгейде кіріспей жатқанын-ау деген ой да келді.

Сөз реті келгенде, диаспоралық үрдістің түпкі себептері мен оның әлеуметтік ортадағы өрбу заңдылықтары туралы келелі тұжырымдар заманауи қоғамтанушы, оның ішінде диаспоратанушы мамандардың еңбектерінде айқын бағамдалғанын да

айта кеткен орынды. Яғни, қазіргі кезеңде әлемнің өркениеттенген, дамыған елдерінің көбісінде қазақ халқының өкілдері өмір сүруде. Олардың басым көпшілігі – ежелгі атамекендерінде отырған, бірақ әртүрлі жағдайлармен атамекеннің шекарасынан сырт жерлерде қалып қойған ағайындар. Сонымен бірге қазақ диалектісінің арасында шетелдерге түрлі әлеуметтік қыспақтарға ұшырап, тағдыр тәлкегімен барып қоныстанғандар да, саналы түрде таңдау жасап, көшіп барған немесе оқу мен кәсіптің көзін іздеп қалып қойғандар да аз емес. Яғни, бүгінгі күні 5 миллион диаспора өкілдерін құрайтын бұл отандастарымыз бір қауым ел болып отыр. Солардың қатарында өткен ғасырда қалыптасқан «Еуропа қазақтары» деп аталатын қандастарымыздың үлкен тобы да бар. Білім мен кәсібилік деңгейі жағынан алғанда оларды шетелдердегі алдыңғы қатарлы бауырларымыз десе де болады. Әсіресе, Еуропадағы қазақ жастары білімге ерекше ден қойғаны қуантады.

Осыған орай Еуропадағы ағайындарды «Еуропа қазақтары» және «Еуропадағы қазақтар» деп екіге бөліп атауға болады деп есептейміз. Яғни, «Еуропа қазақтары» деген ұғыммен Еуропа елдерінің азаматтығын алып, сол елдерде өмір сүріп жатқан, кәсіби және әлеуметтік орнықтылығы бар, азаматтық бірегейлігін толықтай анықтаған этникалық отандастарымызды атаған жөн.

Ал енді Еуропа мемлекеттерінде білім алуға не кәсіпкерлікпен айналысуға байланысты уақытша тұрып жатқан қазақстандық азаматтарды «Еуропадағы қазақтар» деген ұғыммен бейнелеген орынды сияқты. Міне, осындай жағдайда олардың әрқайсысының өзіндік құндылықтық әлеміндегі айырмашылықтарын түсінеміз, ерекшеліктерінің себебептеріне өзіндік жауаптар табамыз.

Қоғамның пәрменді дамуын анықтайтын өзара байланыстар және әр қилы қарым-қатынастағы құбылыстардың өзіндік сипаттары кездейсоқ қалыптаспайды және олар көптеген әлеуметтік факторлармен астасып

жатады. Сондықтан егер өз қандастарымыздың хал-ахуалын, салт-дәстүрін тереңірек зерделеп, пайымдағымыз келсе, онда бұл құбылысты жан-жақты қарастырып, отандастарымыздың Атамекемен өзара байланысын кеңейтіп, тереңдете түскеніміз абзал. Бұл жағынан алғанда өзінің генетикалық тұрғыдағы қандас этникалық бауырластарына қамқорлық көрсетуге, олармен өзара байланыстарды тереңдетуге талаптанған ұлттардың әлемде аз емес екенін де ерекше ескергеніміз дұрыс. Мәселен, немістер, гректер, еврейлер, армяндар, орыстар, поляктар және басқа да халықтар қазіргі таңда өздерінің есейген, өркениеттенген ұлттар екенін әлемнің түкпір-түкпіріндегі өз отандастарымен ресми және әлеуметтік қарым-қатынастарды биік деңгейде өрбіту арқылы паш етуде. Қазақстан Республикасының да тәуелсіздік алғаннан бергі бұл бағыттағы әрекеттері мен жалпы диаспоралық саясаты осы қисынға жақындайды. Әрине, кейінгі уақытта репатрианттарға (оралмандарға) қатысты баспасөз беттерінде әрқилы пікірлер көрініс беріп жүр. Мемлекет тарапынан атқарылған жақсы істерге сындар да кездеседі. Дегенмен, қазақ диаспорасының репатриация мәселесі – тек мемлекеттің мойынындағы проблема емес, ол Қазақстан халқы мен диаспора өкілдерінің біріге атқаратын ортақ ісі. Осы мәселені үйлестірудің балама жолдарының пәрменділігін арттырған жөн.

Парижде өткен кіші құрылтай Еуропа қазақтарының өзара бірігуге ықыласы түзу және белгілі бір деңгейде ұйымшылдықтарының да бар екендігін, сонымен қатар өркениеттік сипаттағы деңгейлерінің де әжептәуір өскендігін анық көрсетті. Бұған отандастарымыздың Еуропаның қақ төріндегі ең танымал қалаға жиналып, бүкіл халқымызға ортақ өткір де өзекті мәселелерді жан-жақты талқылай білуі айқын дәлел. Осының нәтижесінде кіші құрылтай шет жердегі қандастарымыздың өз арасында адами қатынастарды айғақтайтын, нақтылайтын рухани және әлеуметтік көпірді орнатушы құбылыс ретінде есте қалды.

Соңғы уақытта елімізде жаңа қазақстандық патриотизм туралы кеңінен айтыла бастауда. Бұл жаңашаланған патриоттық сананың түпкі мақсаты – жас мемлекеттің біртұтастығын сақтау, ұлтына, дініне қарамай адамдар арасындағы ауызбіршілікті, ұлтаралық бірлікті нығайту. Бұл біздегі ескі патриотизмнің қадірі кетті дегенді білдірмейді; керісінше әлемнің жаңғырып, өзгеріп жатқан даму логикасына сәйкес қазіргі Қазақстанның да өзіндік құндылықтық бағдарын анықтау мен нақтылауға бет бұрғанын көрсетеді. Қазақстан Президентінің «Мәңгілік Ел» идеясын стратегиялық ұстаным ретінде алға тартуының астарында осындай терең мақсаттар жатқаны даусыз. Сондықтан шетелдердегі, оның ішінде Еуропа қазақтарының да Қазақстанның осы стратегиялық мақсаттарымен сырттай хабардар болып қана қоймай, бұл үлкен іске өздерінің де игілікті үлестерін қосқаны жөн. Париж де өткен кіші Құрылтай осы бір жақсы істің бастамасы.

Басты мәселе – қазақтар өздерінің бірегейлігін сақтай алды ма немесе ассимиляцияға ұшырады ма? Екінші нұсқа орын алса, онда қай түрінде: ішінара немесе жалпылай ма? Бұл әдетте «қожайын» мемлекетке көп байланысты болады. Ресейде, мысалға, ондаған қазақ ұлттық-мәдени орталықтар белсенді жұмыс істейді. Мәскеуде аймақтық ұлттық-мәдени бірлестік, Санкт-Петербургте «Атамекен» қазақ қауымдастығы, Омбыдағы «Мөлдір» атты облыстық мәдени орталық, Түмен қаласында «Достық» сияқты қауымдастықтар жұмыс істейді. Қазақ диаспорасының өкілдері (немесе – ирреденталар) жергілікті билік орғандарына депутаттар болып сайланады. Ресейдің көптеген қалаларында қазақ тілінде үнқағаздар басылып, кейбір ұлттық мектептер бар.

Түрлі мемлекеттерде қазақтарды жағдайы әр қилы болып келеді. Ұлттық-мәдени автономиялардың болғанына қарамастан, ресейлік қазақтар ассимиляциялануға жақын тұрады. Олардың көбі ата-бабалардың тілдерін ұмытқан, тек орыс тілін пайдалануды жөн санайды. Тек Таулы Алтайдың ауылдарында ғана қазақ

тұрғындарының сандық үлесі басымырақ болып келеді. Ескерте кететін тағы бір жайт: мұнда күллі Ресей бойынша алғандағы жалғыз екі қазақ мектебі жұмыс істейді. Қалған облыстарда қазақ тілінде тек бастапқы білім алуға болады. Осыған орай, келесі сұрақ туындайды: неліктен біз Кеден одағы мен Бірыңғай экономикалық кеңістіктің келісімділігі арқасында ұлттық-мәдени орталықтарға, мектептерге, баспасөздерге қолдау көрсетпейміз? Кеден одағы мен БЭК ұлттық-патриоттық қауымдастық тарапынан сынға түседі. Егер отандастарымызды гуманитарлық тұрғыдан қолдау беруді осы келісім-шарттар ауқымында көбірек ескеретін болсақ, онда сыни пайымдаулардың өткірлік танытқан тұстарын төмендетер едік.

Өзбекстаннан отандастардың хал-ахуалы мен құндылықтық басымдылықтары жайлы қатысты ақпараттар легі қайшылықты болып келеді. Ұлттық болмысты, этникалық өзіндік сана-сезімді тәрбиелеу, өрбіту және дамыту тұрғысынан алғанда бұл елдегі қазақ диаспорасының этникалық бірегейленуі, әдет-ғұрып және салт-дәстүрлерді сақтауы алсыстырмалы түрде жоғары деңгейде деуге болады. Ана тілінің мәртебесін көтеріп, этникалық ортада қолданыста ұстай білу қырынан алғанда этникалық иммунитеттің мықтылығы байқалады. Сондықтан Өзбекстандағы отандастарымыз өздерінің бұл саладағы жетістеріне қанағаттандырушылық білдіреді. Бұл бірінші бағалау позициясы болып табылады. Қазақстанға қоныс аударушы репатрианттардың негізгі контингенті Өзбекстаннан болғандықтан осы елдегі отандастарымыздың саны азая бастауда. Соның өзінде 1,5 миллиондай қазақ халқының өкілдері осы елді мекен етіп отыр.

Олардың шоғырлану мекендері – Ташкент облысы, Қарақалпақстан, Науаи, Жызақ, Сырдария және Бұхара облыстары болып келеді. Барлық облыстардағы қазақ диаспорасы өкілдерінің қазіргі кезеңдегі көші-қондық көңіл-күйі жаңа құндылықтық бағдарлардың топтама-сын жасап отыр:

1. Қазақ диаспорасы өкілдері жас ұрпақтың Қазақстанның жоғары оқу орындарында оқығанын және болашағы бар жұмыс орындарында орныққанын қалайды.

2. Репатриация барысында тарихи Атамекендегі тектік туысқандар мен ағайындардың арасына қоныс аударғанды қалайды.

3. Өзбекстандағы жұмыссыздық деңгейінің жоғарылығы қазақ диаспорасы өкілдерін еліміздегі еңбек ресурстарына қажеттілік туындаған жерлерлерге ұмтылдырады.

4. Отандастарымыздың арасында Қазақстанға қарай жаппай көші-қон үрдісінің бағытына еліктеу арқылы көшуге ұмтылушылық та байқалады.

Әрине, Өзбекстандағы қазақтардың барлығы бірдей елімізге қоныс аударуды жақын болашаққа жоспарлап отырған жоқ. Өйткені, ата-басының бірнеше ұрпағының Отаны болған әлеуметтік және тарихи кеңістіктерді тастап кетуге қимайтындар баршылық. Сонымен қатар қазақ шоғырларының басқа мемлекеттерде тұруының және сол жерлерде өзін сақтап отыруының өзіндік қисыны бар. Осындай жағдай әлем халықтарының көбісіне тән құбылыс екені анық. Диаспоралық саясатты ұстанған көптеген елдер осындай үрдістің орын алуын жоққа шығармайды.

Қазақ қауымдастығының өзбек жерінде сақталып келуіне негізгі себеп болған нәрсе – ұлттық құндылықтарымыздың, оның ішінде діни сенім мен тұрмыстық салт-дәстүріміздің сақталуы болып табылады. Сонымен қатар бұл елде қазақ диаспорасы үлкен қауымдастықтар ретінде әртүрлі елді мекендерді орнығып келуі де бұл іске игі әсер етті. Қазақтар көп тұратын жерлерде қазақ мектептері бар. Қазақ тілінде білім беретін 550 мектептің 220-сы таза қазақ тіліндегі мектептер болатын. Дегенмен соңғы уақытта ұлттық мектептердің саны жыл сайын азаюда және көптеген пәндер өзбек тілінде жүргізіле бастауда. Кейбір шенеуніктер жергілікті қазақтарды «өзбек» деп жазуға тырысып бағуда. Бұл жоғарыдан

түскен бұйрық емесі де анық. Дегенмен, мұндай үрдістер кейбір жерлерде көрініс беруде. Өзбекстан – ЕҚЫҰ мүшесі, сол себептен екі елдің арасында болып тұратын дау-дамайларды жоғары деңгейде реттестіруге болады.

«Нұрлы жол» деп аталатын қазақ тілінде газеті бар, Өзбекстан телевизиясында «Дидар» деп аталатын бағдарламасы бар, театр мен бірнеше мұражайлары бар қазақ диаспорасы бар өкілдері еліміздің саяси, мәдени, ақпараттық және экономикалық кеңістігімен тығыз байланыста болуды қалайды. Қазақстан мен Өзбекстанның арасындағы қатынастардың барынша ашықтығы, шынайылығы және өзара сенімділікке негізделген келбеті қазақ диаспорасы үшін өте қажет.

Қытай үкіметі бір уақытта жергілікті қазақтарға қол ұшын беріп, ұлттық кәсіпшілікті, оның ішінде дәстүрлі мал шаруашылығын қолдап отырды. Соңғы жылдары билік органдары Қытайдың ішкі аудандарынан Шыңжанға ханьдарды мақсаттылы түрде көшіре бастады. Бұл мақсаттың діттегені түсінікті: Пекиннің көңіліне жақпайтын сепаратистердің қызметін әлсірету. Оған қоса, террористік ұйымдардың қалыптасуына үлес қосатын адами ресурстарды қысқартып, қаржылық базаны әлсірету. Ал қазақтарға болса таяқтың бір ұшы тиіп жатады. Олар оңайлықпен шетел капиталы бар ірі өндіріс кәсіпорындарына қызметкерлер болып жалдана алмайды. Оларға тек киіз үй, жайлау, оған қоса сауда-саттық бұйырған. Алайда, аса дарынды отандастар оқытушы не әртіс бола алады. Сонымен қатар, олар жергілікті билік органдарына өкілдік етеді. Дегенмен, Қытай азаматтылығынан шығу көп уақыт пен шыдамдылықты талап етеді.

Түркия сияқты мемлекетте біздің көптеген қандастарымыз қиын кезеңдерде пана тапқан болатұғын. Қытайға қарсы көтерілістерде жеңіліс тауып, олар Қытай, Тибет және Британдық Үндістан, яғни Гималайдың тау асуларынан және Лоб-Нор, Такла-Мақан шөл далалары арқылы қысым көрсетушілердің қол астынан еркіндік іздеп қашқан еді. Түріктер қазақтарды діндестер және

түркілер ретінде қарсы ала отырып, олардың осы мемлекетте қолайлықта тұруларына барлық жағдай жасап, қоғамда өзара теңдікте болуды қамтамасыз етті.

Біздің пайымдауымызша, мемлекеттік бюджетті құру барысында қазақ диаспорасымен мәдениетаралық қатынастарды ескеріп отыру қажет. Осының барлығы айқын және нақтылы түрде көрсетіліп отырылуы тиіс. Менің пайымдауымша, осындай бағыттағы шығындарды Қазақстанның көпұлттың өкілдері бар халқы қолдамаса, қарсы шықпайды. Әрине, бұл жобалар қандастарымыз тұрып жатқан мемлекеттердің билік органдарымен келісілуі тиіс. Дегенмен, осындай жағдайлар белгілі бір қиыншылықтарды туындатады. Шетелдердегі отандастарымыз үшін кітаптар жинағын даярлайтын болсақ, онда түрік, азербайжан және өзбек қазақтарының латын тілінде жазып-оқитынын, қытай қазақтары арабтың өрме жазуын пайдаланатынын, Ресейлік, Қазақстандық және Моңғолия қазақтарының кирилл әліпбиін қолданатынын ескеруіміз керек. Біздің пікірімізше, мұндай қиыншылықтарға төтеп беруге болады. 20 жыл ішінде біз аудармашылар, оқытушылар мен ғалым-лингвистердің жеткілікті қатарын даярлап шықтық. Бұл тәжірибені алдымен Ресей қазақтарынан бастап, осы модельді көрші мемлекетте сынап көру керек. Кейін оны басқа мемлекеттерде пайдаланып көруге болады. Неліктен, Ресей? Өйткені, біздің менталитетіміз ұқсас және тілдік тосқауылдар жоқ. Оған қоса, жақында Астанада Нұрсұлтан Назарбаев пен Владимир Путин қол қойған ынтымақтастық және өзара көмек туралы жаңа Келісім өз кезегінде осындай іспетті қызметтерге үлкен жол ашады.

### **3.7 Жаһандану жағдайындағы қазақ диаспорасы өкілдерінің әлеуметтік, психологиялық және саяси бағдарлары хақында**

Қазіргі тарихи кезеңде кез келген халық өзінің этникалық болмысының негізі қаланған территорияда,

халықаралық келісімдер бойынша белгіленген шекаралар шеңберінде ғана мекендемейді. Қауымдастықтардың ұлы қоныс аударулары болғанын барлығымыз да жақсы білеміз. Сонымен қатар қазіргі заманның жаһандық қажеттіліктері мен заңдылықтары азаматтардан әлеуметтік мобилділікті, мәдени ықпалдасуды талап етеді. Еңбек миграциясы барлық ұлттарға тән құбылысқа айналды. Үлкен әлемдік деңгейдегі ерікті және еріксіз сипатта көрініс беретін көші-қон мәселесі мен заманауилық мәдени тоқайласулар мен байланыстар халықтар арасындағы жаңаша этносаралық, ұлтаралық қатынастар ауқымын қалыптастырды. Мемлекеттің өзіндік аталымына қатысты жетекші ұлт пен басқа этнос өкілдерінің арасында қатынасты үйлесімдендіру кезек күттірмейтін маңызды мәселе.

Адамзат тарихында өзіндік саяси, әлеуметтік және мәдени эволюцияның нәтижесінде және олардың әр қилы себептерінің арқасында диаспора құбылысы пай да болды. Сон дай мағынада ерекше жолдармен қалыптасқан әлемдегі өзінің ерекшелігі бар құбылысқа «қазақ диаспорасы мәселесін» жатқызуға болады. Қазақ диаспорасының қалыптасуы да белгілі бір заңдылықтарға бағынады және оның шығу тегінің екі түрлі жолы болды. Біріншісі, шетелдерде автохтондық сипатта өмір сүріп келген, басқа елдер территориясында қалып қойған ирредента күйіндегі диаспора өкілдері болса, екіншісі тарихи дүрбелеңдерге байланысты әртүрлі саяси, тұрмыстық қыспаққа түскен қандастарымыздың басқа елдердің территорияларына қоныс аударып, біршама жерсініп, бірте-бірте қазақ диаспорасының өкілдеріне айналуын атаймыз. Жалпы әлемдік полиэтникалық кеңістікте диаспоралық ахуалдың қалыптасуы мен өзгеру жағдайларында басқа ұлт өкілдеріне тән осыған ұқсас үдерістерді байқаймыз.

Осы орайда ғылыми айналымда жүрген диаспора мен ирредента ұғымдарының айырмасын ажырата білу қажет екендігіне біршама авторлар назар аударады. Шыныменде, гуманитарлық ғылымда «диаспора» деп өз

отанынан алыста, өзінің тарихи отаны емес жерде өмір сүрген белгілі бір ұлт өкілдерінің шоғыры аталса, ал ирредента ретінде «өзіміздің ата қонысымыз» деп бірнеше ұрпақтар бойы белгілі бір географиялық және саяси-әлеуметтік мекенде өмір сүріп келе жатқан этникалық қауымдастықтар өкілдері танылады. «Сондықтан да көршілес, шекаралас Ресей, Қытай, Өзбекстан, Қырғызстан, Түркіменстан елдеріндегі қазақтар ғылыми тұрғыдан қазақ ирредентасы деп аталғаны дұрыс деп есептейміз», – деген ойды ортаға салады Қ.И.Қобландин мен Г.М.Меңдіқұлова [5, 216 б.]. Әрине, ғылыми нақтылық тұрғыдан алғанда жоғарыдағы пікірлер орынды. Дегенмен, әлеуметтік және саяси кеңістіктегі қолайлы ұғымдар ретінде жалпылама түрде диаспора ұғымы қолданылып жүргенін де жоққа шығаруға болмайды.

Қалайда, қазіргі кезеңде шетелдерде біртұтас қазақ халқының үштен бір бөлігі, яғни 5 миллиондай қазақтар өмір сүруде. Бұл статистикалық мәліметтерге кейбір түзетпелер беретін қазақ халқының демографиясын зерттеуші мамандар да кездеседі. Дегенмен, әрбір елдердегі қазақ ұлты өкілдерінің санын долбарлап, шамамен алғанның өзінде олар 4,5 мен 5 миллионның маңайына дейін жететіні анық болып отыр. Сондықтан диаспора мәселесін зерттеушілер алдында осы деректік негіздер мен ізденістік бағдардың астарында жатқан күрделі дүниетанымдық, әлеуметтік-психологиялық, құқықтық, өркениеттік мәселелерді өзектендіру тұрғынын атап өтуге болады. Ол шын мәнінде қазіргі замандағы әр қилы диаспоралық өзіндік сананың заманауи сипаты мен қауымдастықты бірегейлейтін, оның өзгешелігін айғақтайтын біртұтас құндылықтық әлемін анықтауға негіз болады деген ойдамыз. Қазіргі жаһандану заманындағы аксиологиялық тұрғыда барынша нақты және ғылыми қарастыруларды қажет ететін жалпы алғандағы қазақ руханиятының өзекті заманауи мәселелері де бар.

Кейбір этникалық қауымдастықтар сияқты әлемге кеңінен таралып кеткен қазақ халқының өкілдерінің

менталитеті мен руханиятын зерттеуші мамандар оның ерекше құндылықтық әлемі, өзіндік бірегей санасы бар екеніне шүбә келтірмейді. Дегенмен, мәдениетаралық өзара қатынастар өрісінде өмір сүргендіктен үлкен Еуразия кеңістігіне ғасырлар бойы орныққан, дамып, өрбіген руханият әлемінің сипаттамасын да ескеру қажет. Әлемнің әртүрлі елдеріндегі қазақ диаспорасының жағдайы мен болашағы әр қилы деп айтуға болады. Осы тұрғыдан алғанда ғылыми жіктеме жасайтын болсақ, онда төмендегідей олшемдегі тұжырымдарды оқырмандарға ұсынуға болады:

Біріншіден, Түркі тілдес әлеуметтік-этникалық кеңістіктердегі қазақ диаспорасы және қазақ ирредентасы. Оған Өзбекстан, Түркіменстан, Қырғызстан, Түркия елдеріндегі және Ресейдегі татар, башқұрт сияқты қандастарымыздың мекендеген кеңістіктерін жатқызуға болады. Олардағы этникалық қазақтардың жалпы саны 2 миллионға жақындап қалады. Жалпы менталитеттік, ділдік және діни сенімдегі сәйкестіктер өзара қатынастарды жеңілдетеді және олардың арасында әлеуметтік және моральдік-психологиялық сиысушылықты орнауына негіз болады. Дегенмен, бұл елдердің барлығындағы қазақтар оздерінің ұлттық бірегейлігін сақтап қалуға ұмтылады. Осы мақсатта біршама этникалық болмыстағы зәрулікке ие екенін жасыруға болмайды. Қазақтардың шоғырланып қоныстанған жерлерінде қазақ мектептерінің жетіспейтіндігі белгілі. Қазақ тіліндегі мектептерді қандастарымыз сәтті бітіргенмен олардың әлеуметтік саладағы кәсіби келешегі басқа тілдермен байланысты екені де белгілі.

Екіншіден, Славян тілді елдердегі қазақ диаспорасы мен ирредентасы. Оған Ресей, Украина, Беларусь, Чехия, Словакия, Болгария, Польша сияқты елдердегі қазақтар енеді. Ресей жеріндегі қазақ орталарында ана тілінде екі ғана мектептің бар екені белгілі. Сондықтан этникалық диаспора өкілдері арасында орыстану немесе басқа славяндық ортаға бейімделі процестері белсенді жүріп жатқанын жасыруға болмайды. Қазақтар негізінен

өздерінің ұлттық болмысы мен ерекшеліктерін сақтау үшін тұрмыстық деңгейде этникалық дәстүр мен салттарын дамытуға тырысады, әр түрлі мейрамдар мен құрылтайлар өткізіп тұрады. Ал енді этносаияси үрдістер деңгейінде Ресей мен Қазақстанның арасындағы қатынастар өзара татулық ұстанымдарына арқа сүйейді.

Үшіншіден, моңғол мен қытай тілдес елдердегі қазақ диаспорасы. Оған Моңғолия мен Қытайдағы қазақтарды жатқызуға болады. Екі елдегі қазақ диаспорасы мен ирредентасының ұқсас жерлері мен айырмашылықтары да бар. Көптеген жылдар бойы өзіндік саяси қашықтықта болған Қытай елімен қатынас барлық салалар бойынша өрбуге. Сондықтан саяси мәселелерді тиімді шешумен қатар мәдени, құқықтық, әлеуметтік-психологиялық проблемаларды уақытында қарастырып отыру қажет. Солардың қатарында екі елдің арасында көші-қон мәселесін реттеу мен жүйелеу жатады.

Төртіншіден, Еуропа мен АҚШ-тағы ағылшын, неміс, француз және т.б. еуропалық тілдер тараған елдердегі қазақтар деп жіктелеуге болады. Саны жағынан аз болғанмен, жастарының барынша вестернизацияланып жатқанымен өзінің ұйымшылдығын танытып отырған қазақ қауымдастығы деп атауға болады. Олар өзара коммуникацияның арқасында біршама әлеуметтік және этникалық жақындасуды өрбітіп отыр.

Әрине, ғылыми классификация жасаудың әртүрлі ұстанымдарына, әдістемесіне байланысты әр қилы сипатта қазақ диаспорасын жіктемелер жасап, топастыруға болады. Мәселен, діни көзқарастарға, саяси режимдердің сипатына қарай әртүрлі елдердің ерекшеліктерін анықтау арқылы қазақ диаспорасының жай-күйіне өзіндік бағалаулар беруге болады. Қазақ халқының жалпы алғандағы рухани мәдениетін этикалық-аксиологиялық тұрғыдан талдау этникалық қауымдастықтың тұтастанған мағынадағы мәселелерін анықтау үшін маңызды. Қазақстан қазақ ұлты өкілдерінің өмір сүруі мен дамуының тарихи Отаны екені анық, дегенмен, сонымен қатар еуразиялық кеңістіктің

көптеген елдерінде өзін ирредента, немесе автохтондық қауымдастықтың өкілі ретінде сезінетін қандастарымыз көптеп кездеседі. Мәселен, Ресей, Өзбекстан, Қытай жеріндегі қазақтардың ата-бабалары ежелден сол территорияларды қоныстанғаны дәйек ретінде алға тартылады. Сондықтан, диаспоралық өзіндік санадағы кейбір қатпарлы күрделі құрылымдарды тереңдей пайымдауға тырысу мәселенің ғылыми объективтілікпен анықталуына жол ашады және этникалық сананың жарқын көрініс берген ерекшеліктерін нақты түсінуге көмек береді.

«Этностың рухани мәдениеті», «халықтың диаспоралық өзіндік санасы», «қазақ диаспорасының құндылықтар әлемі», «ирреданталық ахуал» сияқты ұғымдардың мазмұны жаһандану жағдайында өзгеріп отыратындығы белгілі, сондықтан бұл тақырыппен ғылыми зерттеу мағынасында айналысудың жалғасуы қажет екендігі жөнінде қорытынды жасауға болады. Ғылыми-практикалық мағынада шетел қазақтарының мәселелерімен айналысудың мәдени-философиялық, тарихи және социологиялық қарастырулардың қажеттіліктеріне күмән келтіруге болмайды. Бұл мәселелерді бағамдау түбінде олардың мәдени дамуын, өзара өркениеттік байланыстарды өрбітудің диахрондық және синхрондық қырлар бойынша жүйелі түрде қарастыруға өзіндік тетік болары сөзсіз.

Әрине, жақын елдердегі этникалық қазақтардың мәселелерінің практикалық қырларын анықтау бойынша біршама эмпириялық материалдар жинақталғаны белгілі (әсіресе, Қытай және Өзбекстанға қарағанда Ресей және Моңғолия қазақтары туралы мәліметтер еркін түрде және толыққанды жинақталады), бірақ дегенмен алыстағы елдердегі қазақ қандастарымыздың құндылықтық әлемі туралы мағлұматтар кейде жеткілікті болмай жатады және олардың жеке тұлғаларының этникалық бірегейленуін анықтау бойынша ғылыми талдаулардың қажеттілігі мол екені белгілі. Қазақстан Республикасындағы қазіргі кезеңдегі жүріп

жатқан этносаияси процестер ерекше назар аудартады және оларды аксиологиялық және семиотикалық талдау өтпелі кезең жағдайындағы этникалық өзіндік сананың дамуының әлеуметтік-мәдени заңдылықтарының басымдық танытатын жетекші үрдістерін анықтауға мүмкіндік береді.

Әлеуметтік өмірдің барлық саласындағы жаңару кезеңіндегі этникалық қазақтардың құндылықтық әлеміндегі өзгерістерді ғылыми сараптау қазіргі жаһандану жағдайындағы қазақ диаспорасының әлеуметтік-психологиялық сипаттамасын жасаумен астастырылады. Егер қазақ диаспорасы кең тараған елдердің ішінде өзектене түскен проблемалардың өзіндік құндылықтық жіктемесін жасайтын болсақ, онда алдымен тіл мәселесі алға шығады. Қазіргі кезеңде шетелдерде қазақ диаспорасы өкілдерінің өз этникалық тілінде жас ұрпағын мектептерде оқытуға мүмкіндіктер азая бастауда. Мәселен, осындай жағдай үрдіс ретінде Қытай, Ресей, Өзбекстан сияқты қазақ диаспорасының кең тараған елдерінде байқалады. Ресей сияқты үлкен елде бір миллиондай қазақ ұлтының өкілдері өмір сүріп жатса, онда қазақ мектептерінің саны қазіргі кезеңде екеу-ақ болып отыр.

Шетелдегі қазақтардың этникалық ділінің ерекше белгілерін бағамдау негізінен нақты тарихилық және салыстырмалы талдау ұстанымдары арқылы анықталады. Себебі әрқилы елдегі жағдайлардың өзіндік ерекше сипаттары бар екенін ескерген жөн. Мәселен, Қытай елі басқа елдерге қазақ ұлтының өкілдерін (басқа ұлт өкілдеріне катысты да) елімізде азаматтық алған жағдайда ғана өзіндегі азаматтықтан шығара алады екен. Осындай құқықтық тұрғыда сәйкес келмейтін халықаралық қатынастық қайшылықтар дұрыс шешімін тапқанда ғана көші-қон мәселесінде сапалы өзгерістер болары хақ.

Қазақ диаспорасының өзіндік санасының дамуы аясындағы рухани сабақтасу мәселесін қарастыру да маңызын арттырып отыр. Себебі шетелдегі қазақтар арасында ұлттық мәдениетіміздің төлтумалық мәйегі

сақталған. Қазіргі қазақтардың мәдениетінің тарихи бастаулары негізінен елімізде қордаланып отырғаны белгілі және осы тұрғыдан алғанда «тарихи Отан» деп аталатын ресми мекенмен шартараптағы қандастарымыздың рухани және мәдени қатынастарын тереңдете түсу мәселесі жаңа қырларын танытуда. Мәселен, көптеген этнологиялық күрделі мәселелердің терең астары мен шешімі осы өзара байланыстарды дамытуда жатыр. Сондықтан, зерттеу аясында қайшылықты мәселелер толығымен анықталады.

Қазақ диаспорасының өкілдері жалпы саны жағынан Моңғолияда екінші орындағы этносқа жатады, олар жалпы елдің демографиялық құрылымының 5 пайызын құрап, 120 мыңдай адамға жеткен [6]. Өзбекстанда соңғы мәліметтер бойынша қазақ халқының өкілдері жалпы республика тұрғындарының 4 пайызын құрап, 1,5 миллионға жақын болып отыр. Ресейдегі қазақтар 800 мыңдай болып, өзінің саны бойынша бұл мемлекеттің 11 орындағы этникалық қауымдастығына айналған. Түркіменстандағы 5 миллион халықтың 100 мыңға жақыны қазақтар, дәл осыған ұқсас жағдай Қырғыстанда болып отыр. Әрине, Қытайдағы қазақтар 1,5 миллион болғанмен бір жарым миллиардтан асатын бұл елдің демографиялық құрылымы үшін шағын ғана топ сияқты болып көрінеді. Дегенмен, алыс шетелдегі қазақтардың көбісі осы көрші елде тұрады. Ал енді Иран мен Түркиядағы, АҚШ пен Еуропадағы қазақтардың үлес салмағы жалпы шетелдегі қазақ диаспорасының жалпы құрылымында да, тұрып жатқан елдердің демографиялық құрамында да азшылықта болып отыр.

Мемлекет болашақ қазақстандықтарға квота бере отырып, өздерінің экономикалық мәселелерін де шешкісі келгені түсінікті. Атап айтқанда, ол білікті мамандары басқа елдерге көшіп кеткен солтүстік облыстарда өндірісті сақтап, ондағы ұлттық құрамды барынша толықтырғысы келді. Дегенмен, мұндай ұсыныстарды көшіп келгендер қалыпты тұрғыдан қабылдай қоймады. Олар, әдеттегідей, Астана және Алматы қалаларын

мекендегілері келді. Өйткені, ірі қалаларда жұмыс табу жеңілірек. Сол себептен, Петропавл немесе Қостанай сияқты қалалардан үй ала отырып, олар еш кідіргісіз оңтүстікке немесе мемлекет астанасына қарай бағыт алып, онда тағы жәрдемақылардың бөлінуін талап ететін. Екінші мәселе – психологиялық. Моңғолиядан немесе Қарақалпақстаннан келген адамды «моңғол» немесе «қарақалпақ» деп атайды. Дегенмен, менің ойымша, жалпы көші-қон қарым-қатынастары орныға алды. Бұл үрдістің жағымсыз жағына Карағанда, жағымдысы көбірек.

Қоныс аударушылардың жауаптарын талдағанда, келесі дерекке аңдамай назар аударасың: адамның тарихи Отанына келгенде алдымен күтетін нәрселер қандай екендігі маңызды рөл атқарады. Біреулері өздерінің материалдық жағдайларын жақсартуға талаптанса, екіншілері тұлға ретінде өзін паш еткісі келеді. Мысалға, менің әріптесім, ғалым Зардыхан Қинаятұлы жаңа әлеуметтік-мәдени кеңістікке салыстырмалы түрде тез үйренісіп кетті. Ол Моңғолиядан келіп, докторлық диссертацияны қорғап алды. Моңғолия жөнінде жеңіл және тез оқылатын кітап жазды. Қытай елінен келген Набижан Мұхаметханұлы Қазақ Ұлттық университетінде сабақ береді. Болашақ қытайтанушылар үшін оның білімі мен өмірлік тәжірибесінің алар орны ерекше. Осындай жағдайларды ескере отырып, қазақ жері дарынды жазушылар, ақындар мен қолөнершілерге қол жеткізгеніне дән ризамыз. Менің ойымша, біз отандастарымыздың елге оралу үдерісі – бұл объективті және өте жағымды құбылыс. Бұл жерде еліміздің Президенті басқаратын Дүниежүзілік қазақтар қауымдастығының маңызды рөл атап өткен жөн. Ол қоғамдық ұйым болғанына қарамастан, еренді жұмыстар атқарады. Ал құрылтайлардың нәтижелері бойынша маңызды шешімдер қабылданады. Мысалға, жақында мемлекет парламенті қазақ репатрианттарының азаматтықты алу үдерісін жеңілдететін түзетпелерді бекіткен болатын. Дегенмен, мұнда да ақтандықтардың саны аз емес.

Азаматтықты алу үдерісі кейде бір жарым жылға дейін да созылуы мүмкін. Осындай «белгісіз» күйде өмір сүріп жүрген адам не сезінуі тиіс? Отан-анам қарсы алады деп келген оралман кейде өгей шешеге ұрынып қалып отыр...

Бұл – нағыз бюрократизм. Оны басқаша да атай алмайсың. Менің ойымша, бұл – 20 жыл бойы репатрианттарға жетекші болып жүрген құрылымдардың толассыз өзгеріп отыруының кесірінен қалыптасқан жағдай. Біресе Ішкі Істер министрлігі, біресе Әділет министрлігі. Бір кездері бұл үдеріске Еңбек және әлеуметтік қорғау министрлігі жетекшілік еткен болатұғын. Бүгін оны қайтадан полицейлік мекеме жауапкершілігіне жүктеп отыр. Менің ойымша, бұл дұрыс шешім емес. Бұл үдерістің ерекшелігін біліп, түсінетін арнайы министрлік қызмет етуі тиіс. Бұл құрылым әдетте әскери емес, азаматтық сипатта қолданыста болуы керек. Мүмкін, біздің мемлекетімізге отандастармен жұмыс бойынша Министрлік қажет шығар? Менің ойымша, Қазақстан халқы Ассамблеясының жасаған кейбір қалыптарды қолдануға болады. Шынтуайтына келгенде, бізге осы бағытта жұмыс істейтін жалпы Мемлекеттік бағдарлама қажет. Кез-келген адамда Қазақстанға келу, не өзге елде қалуды таңдау құқығы болуы тиіс. Дегенмен, бұл жерде ескерілетін жайт: ол әрдайым өз Отанының қолдауын сезінуі керек. Кез-келген халықаралық келісім-шартқа гуманитарлық құрамдасты жазып отыру керек. Және де бұл заң шығарушыларға қатысты айтылған ұсыныс.

Қазіргі Қазақстан үшін бірегейліктің нақты үлгісі оның саяси және мәдени өміріндегі ең бір қиын мәселелердің бірі. Елбасы Н. Назарбаев өзінің «Тарих толқынында» атты еңбегінде бұл мәселені шешуде екі деңгейлі көзқарас керектігін айтады. Оның алғашқысы «азаматтық әрі саяси бірлікті қазақстандықтарда қалыптасқан саяси құндылықтарды басым тетікке айналдыру арқылы қалыптастыру. Оның мәні – өзіміздің азаматтық саяси тағдырымызды барша азаматтардың тағдырымен бірдей дәрежеде қорғайтын Қазақстан мемлекетімен

ұштастыруда жатыр. Бұл – біздің бірлігіміз бен орнықтылығымыздың іргетасы. Бірегейліктің екінші деңгейі қазақтардың өздерінің ұлттық бірегейлігіне байланысты. Бұл қазақтың ұлт ретінде өзін өзі түсінуі мен рухани өрістерін анықтау мәселесімен байланысты» [7]. Сондықтан «республикада саяси жетекші болып табылатын қазақ этносы бүкіл Қазақстан халқын өз тоңірегіне топтастыратын өзек болуы тиіс» [8].

Жалпы қазақ диаспорасының қоғамдық санасындағы өзін-өзі тану мен пайымдау үлгілері талқылаудың өзектілігі мол. Бұл қадам қазіргі жаһандану заманындағы әлеуметтік шындықтағы теориялық қана емес, сонымен қатар көптеген практикалық мәселелерді шешуге негіз болады.

### **3.8 Қазақ репатрианттарының еліміздегі саяси-экономикалық, мәдени және рухани жағдайларға бейімделуі. Заманауи кезеңдегі қазақ репатрианттарының құндылықтық әлемінің өзгеруі**

Қазақстан өзінің тәуелсіздігін нығайта түсуімен қатар алыс және жақын шет елдердегі қазақ диаспорасының өкілдеріне ерекше көңіл бөліп отыр. Оның себебін көбінесе үйреншікті әдеттеріміз бойынша әлеуметтік-экономикалық құрылымдардың толық жетіле қоймауымен, одан қалса саяси процестердің кейбір қайшылықты астарларымен түсіндіреміз. Бір жағынан шыныменде оралмандарын атамекеніне орналастыру мәселесі дамыған, өркениетті елдер үшін де оңайға соқпай отыр. Мәселен, Германия, Израиль, Ресей сияқты елдер өздерінің отандастарын қабылдау жөнінен біршама тәжірибе жинаған мемлекеттер қатарына жататынын айта аламыз. Дегенмен, олардың өзінде де бірқатар игілікті шараларды жүзеге асыру мемлекеттің бюджетіндегі мүмкіндіктерге тікелей байланысты екені белгілі. Осы мәселені тек кезеңдеп, сатылап қана шешуге болатыны анық. Бұл мәселенің түпкілікті және үйлесімді шешіміне жетуге болатындығына өркениетті

елдердің үкіметтерінің көздері жеткен. Тілек пен практика саласындағы жүзеге асудың арасындағы біршама қашықтықтың болатынына әбден сенімді.

20 жылдан аса тәуелсіздік ішінде квота бойынша көптеген шетелдік мемлекеттерден 850 мың адам көшіп келді. Бұның негізгі себебі: олар өз бірегейлігін сақтап қалғысы келеді, қазақ болып қалуды ойлайды. Ескерілетін бір жайт: қазақтар ешбір мемлекетте өздерінің билік өкілдеріне қиындықтар тудырып отырған жоқ. Олар заңды құрметтейтін азаматтар ретінде танылады. Мысалға, қазақтар мен ұйғырлардың ежелгі түркілік шығу тегі ортақ болғанымен олардың Қытайдың өзінде үкіметке қарсы шығуы қазіргі кезеңде жоқтың қасы.

Бастапқыда қоныс аударушылар («оралмандар») квота бойынша келетін. Оларға үй немесе пәтер сатып алу үшін мемлекет тарапынан қаржы бөлінетін. Республиканың облысына қарай, кейбіреулері бірнеше миллион теңгеге дейін жететін. Оларға, әдетте, тегін немесе арзан бағамен жер бөлініп берілетін, немесе сатылатын. Кейбір жағдайларда дайын үйлер де салынып берілетін. Дегенмен, бірер уақыттан кейін қоныс аударушылардың саны лезде ұлғайып кетті, сол себептен үш жылға (2015 жылға дейін) квота тоқтатылған болатын. Себебі түсінікті: жеткілікті қаражат жоқ. Енді әзірге Қазақстанға қаржылай қамтамасыз етілген адам ғана көшіп келе алады. Әрине, ондай адамдардың саны көп емес. 20 жыл ішінде Қазақстанға 1 миллионнан астам адам көшіп келді, олардың басым бөлігі – этникалық қазақтар. Осы уақыт ішінде 3,5 миллион адам көшіп кеткен болатын. Олардың басым бөлігі – орыстар, немістер, басқа ұлт өкілдері. Таза жоғалтқандарымыз – 2,5 млн адам. Басқаша айтқанда, бұл қазақтардың жаппай көшіп келуінің, еліміздегі миграциялық көңіл-күйдің екінші қыры. Кез-келген әлеуметтік үдерістің кемшіліктері мен артықшылықтары болады.

Оралмандар мәселесінің әлеуметтік кеңістікте сан түрлі қырлары бар. Алыстан келген ағайынға мемле-

кет тұрғысынан квота берілуінің өзі тәуелсіздік алып келген жақсы нышан екені белгілі. Әрине, ежелгі отанына оралғысы келген қандастарымыздың сұранысы мен еліміздің бұл мұқтаждықты қанағаттандыруы мүмкіндіктері арасындағы алшақтық әзірге зор болып тұрғаны баршаға аян. Еліміз өзінің материалдық-қаржылық базасын нығайтқан сайын болашақта бұл салада оңды істерді атқара түсетініне сенімдіміз. Бірақ, жағдайдың жақсаруын күтудің өзі еліне асыққан азамат үшін күрделі нәрсе екені де белгілі.

Квотаны ғана назарда ұстаумен, немесе мемлекеттің ғана қамқорлығы арқылы оралмандар мәселесін толық шеше алмайтынымыз анық. Тіптен, кейде төмендегідей мәселе туындайды. Мәселен, Солтүстік Қазақстан облысында оралмандарға деп бөлінген 13 үйге қоныстанушылар табылмауда деп кезінде дабыл қағылды (2004 жылдың мамыр). Ол үйлердің бар кемшілігі ауылдарда болғандығында болып отыр. Әрине, оралмандардың барлығы бірдей ауыл-селоларда орналасуға тиісті деген келте пікірге сүйенбеу керек. Дегенмен ауылдық жерлердегі қазақ бауырластарымыз ешкімнен кем болмайтын күн туатынына сенген жөн және ауылды нығайту бұл мәселені шешудің тиімді варианттарының бірі ғана екені белгілі.

Жалпы ғаламдағы қалалану процесінің удей түсуі азаматтардың көбісін үлкен мегаполистерге итермелейді. Ол үшін ешкімді жазғырмасымыз белгілі. Дегенменде жағдайлардың ішкі қисынын ескере келіп, қалалардың болашағын адамды рухани жетілдіруде, немесе табиғатпен үйлесімдендіруде жарқын екен деп ауызды толтырып айта қою қиын. Егер қоныс аударған азаматтың кәсібі, мамандығы тек қалалық жерде ғана болып жатса ғана түсінікті іс болары анық. Ал басқа жағдайда Қазақстан деп келген қандастарымыздың іліккен жерге қанағат еткені, сосын бірте-бірте қалалар мен астанамызды мекен еткені ақылға сыйымдырақ болар.

Жақын шетелдерден келген қандастарымыздың тек облыс орталықтарының маңынан ғана қоныстық

орын іздеуін байқаймыз. Оның қиыншылығы өте көп нәрсе екенін өмір көрсетіп отыр. Әрине, бұл әрекеттердің астары да түсінікті. Адамдардың тіршілігіне қажетті несібе табуға ауылға қарағанда сырт көзге мүмкіндіктер баршылық. Шын мәнінде ауылдың өзінде өркеніеттіліктің негізін қалаған елдер әлемде аз емес. «Қазақстан» телеканалында 2005 жылдың шілде айының соңғы күндерінде атап өтілген дерек бойынша Ақтау қаласына Өзбекстаннан, Түркіменстаннан көшіп келген оралмандар негізінен саяжайларды сатып алып, сол жерлерде күнелтеді. Бірақ, кезінде арзан бағаға сатып алынған бұл саяжайлардың құжаттары дұрыс алынбағандықтан бұрынғы қожайындары қазіргі жер мен үйдің қымбаттаған уақытысында сот арқылы қоныстанып жатқан оралман бауырларымыздан қайта тартып алып жатқан деректер бар. Бұл әрине, Қазақстанның барлық өңірлері үшін типтік негіздегі құбылыс болмасада, ұлттық бірлікті шайқалтатын, іштей адамдар арасында іріткі тудыратын, көңілге кірбің ұялататын нәрсе.

Елім, жерім, атамекенім деп алыс және жақын шетелдерден келген қандастарымыздың үмітіне балта шауып, өзектен тепкенмен бірдей әрекет деуге болады. Өзінің сатқан үйін Әкімшілік заңына сүйене отырып қайтіп алу формальді түрде дұрыс болғанмен, оның адамгершілік, мораль заңдылығына келгенде отандастарымыздың бұл әрекеттері руханилықты белінен басу болып табылады. Адамдардың құқықтық сауатсыздығын білдіреді. Бұндай жағдай жекелеген дерек болғанмен, басқа шенеуніктік бюрократизмнің кілтпандарымен қоса есептегенде қазіргі заманда Еуроазиялық кеңістікте миллиондаған санға жеткен қазақ диаспорасының тәуелсіз Қазақстан республикасына, Атамекенге деген сенімін жоғалтуға ықпал етері сөзсіз. Әрине, шын отансүйгіштік қасиет оралмандар үшін бар кедергіні жеңер күшке бірте-бірте айналарына сеніммен қараймыз. Оған негіз жоқ та емес.

Оралмандар үшін елімізде бейімделу орталықтарының құрылғаны құптарлық іс. Бірақ, репатриант-

қазақтарға байланысты мәселелер бойынша барлық істерге қатысты барлық жүкті бейімделу орталықтарына аударып, бойкүйездікпен карап отыру жергілікті әкімшіліктердің бағдарына, ұстанымына айналмауы тиіс. М. Тәтімов оралмандар мәселесі бойынша өзінің бірталай ой-тұжырымдарын, ұсыныс пікірлерін жақында жарық көрген «Қазақ диаспорасы: бүгіні мен ертеңі. Астана: Елорда, 2005 – 352 б.» атты еңбекте жария еткен болатын [9]. Автордың «Қазақтардың тарихи отанына қайта оралуы туралы концепция-тұжырымдамасында» оралмандармен еліміздің ішінде жүргізілетін жұмыстар жөнінде біршама жақсы пікірлер білдіріледі. Тек осы істерге тікелей жауап беретін қызметтердің құзырын нақтылай түсу керек.

Әсіресе, алыстан оралған ағайындарға деген қатынастағы ерекше астар бұл мәселенің нәзіктігін, күрделілігін білдіреді. Басқарушы орындар тарапынан және бұқаралық ақпарат құралдары арқылы қоғамдық пікірде белең алатын кейбір үстірт сипаттамаларды, теріс таптаурындарды (стереотиптер) жоюға деген талпыныстар болғаны жөн. Атап айтқанда, оралмандардың келген елінің атымен (Қытай, Моңғолия, Ауғанстан, Қарақалпақстан және т.б.) атау үйреншікті әдетке айналған. Бұл әлеуметтік-психологиялық сипаттағы әрекет тек біздің халқымыз ғана емес, немістерге де, еврейлерге де, ресейліктерге де тән қасиет болып отыр. Кәдуілгі санада қалыптасқан осындай дәстүр әлемнің әр бұрышында көрініс беріп отырады. Оның негізгі себебі адамдардың пендешілікке салынып өзін басқалардан биіктеу, атажұрттау сезінгісі келуінде. Одан шын мәнінде ешкім биіктей де қоймайды, рухани дамудың жолында да болмайды.

Өкінішке қарай кезінде Моңғолиядан, Өзбекстаннан, Ресейден көшіп келген қандастарымыздың сағы сынып, бір бөлігінің диаспоралық мекендеріне қайта көшіп кеткендері де болды. Әрине, бұндай жағдай репатрианттар арасында сирек кездесетін дерек болғанымен шын мәнінде осындай оқиғалар кейбір кезде халық ретінде

танытатын дәрменсіздігімізді білдіреді. Дегенмен бұл үрдістің кейінгі кезде әбден саябырсығаны көңілге үміт ұялатады. Жақынның әрқашанда жасқанбауы қажет екендігі, қиналғанда қол үшін бере алатын жұрт бар екендігіне толық сенім әрбір қандасымыздың жүрегіне орнықса, онда көп мәселенің өзіндік тиянақты шешімі табыла бастары анық. Ал, енді бұл сенімді мұқалтатын күрделі қайшылықтар заманы отіп, оңды әлеуметтік, рухани процестердің беті бері қарағанына да шүкіршілік етеміз. Ең бастысы қазақтың өзіндік мемлекеттілігі жылдан жылға нығая түсуде деген ойдамыз. Оның үстіне шет елдердегі қандастарымыз да Қазақстанның орнықты болашағына сене бастаған сияқты. Оны көптеген кездесулер мен қазақ диаспорасына арналған ғылыми форумдарда айтылады. Бұл қуантатын қазіргі заманның үрдісі.

Еліміздің этноәлеуметтік кеңістігін мекендеген әртүрлі халықтардың өкілдеріне ұқыптылықпен қараушылық рухани дамуымыздың бір көрінісі болып табылады. Өйткені, олардың тарихи отандары бар деушіліктің ар жағында кешегі бірге өмір сүрген отандастарымыздың тағдырына немқұрайлылықпен қараушылық түр және ол өмірдегі өз пендешілігімізді барынша байқатуымыз болады. Әрбір ұлттың өкілі өз тарихи Отанымен байланыста болғанын қалайтыны заңды құбылыс. Сондықтан біздің мемлекетімізде осы мағынадағы әрекеттерге кеңдік жасалғаны жөн. ХХ ғасырдағы қазақ диаспорасының кейпін өзіміздегі әр түрлі диаспоралар сезінбегені моральдік тұрғыдан дұрыс. «Ата жұртына Моңғолиядан, Қытайдан, Ресейден, Ауғанстаннан, Өзбекстаннан, Ираннан және т.б. елдерден келіп жатқан қазақтарды қандай сезім жетелесе, Қазақстаннан көшіп жатқан бұрынғы отандастарымыз әрекетінің де негізінде осы сезім жатыр», – деген тұжырымдармен қазіргі таңда қосылуға болады [10].

Әрине, елімізден басқа елдерге қоныс аударуға тілек білдірген әр түрлі халықтың өкілдеріне, жалпы алғанда Қазақстан азаматтарының құқықтарына, олардың моральдік-психологиялық көңіл-күйлеріне ешқандай

нұқсан келтіріліп жатқан жоқ деген тұжырымды толық келтіре аламыз. Керісінше, еліміздің ұлт пен ұлыстар бойынша саясатында бұрынғы тұрғындарының этностық белгісіне қарамай мемлекетімізге қайтіп келуіне, содан кейін қайтадан азаматтығын қалпына келтіруіне мүмкіндіктер жасалынып қойылған. Бұл дегеніңіз мемлекетіміз қазіргі заманғы ашық, демократиялық қоғамның принциптеріне бет бұрды деген сөз. Бұл мемлекетіміз ұстанған полиэтникалық біртұтастықты түсінуге, қабылдауға тырысқан құндылықтық бағдар екенін атап өте аламыз.

Қазақстандық ғалым Ә.Нысанбаев қазақ диаспорасының жаңа тарихи кезеңдегі жағдайын талдай келіп, «...кеңес дәуірі кезіндегі үзіліп қалған рухани-мәдени байланыстарды қайта жаңғырту мәдениетіміз бен тарихымыздың жаңаша түрленуіне ықпал етері сөзсіз. Олардың өз халқының қайталанбас руханилығын, этникалық тұтастығын сақтап қалу себептері – оның қайта жаңғыруына тарихи мүмкіндік туатынына деген сенім мен өз тағдырының иесі болатындығын шексіз қалаушылық еді», – дейді [11]. Осындай ішкі бірлікке деген ұмтылыс әрбір ұлттың біріктіруші рухани іргетасы болып келеді, онсыз әлемдік тарихи процесс көшінің соңында, өркениеттіліктің ақырында қалуға да болады. Алды-артымызды түгендеуді қолға алған заманда ең негізгі құндылық – рухани бірлігіміз мен мемлекеттік біртұтастығымызды сақтап қалу.

Қоғамдағы әр түрлі қайшылықтарды айтқанда, әрине, адамның дүниетанымының сипаттамасын жан-жақты беруге тырысамыз. Сол әмбебап дүниеге қатынастық жүйеде қалыптасқан көзқарастардың бағыт-бағдарының маңызды екенін байқаймыз. Себебі, адамның әлемді түсіну, оны рухани игеру көкжиегінде белгілі бір тәртіп, үйлесімділік болмаса, онда әлеуметтік саладағы барлық өзгерістерге қатынасы барынша үстірт кейіпте көрініс береді. Ол жағдай еліміздің байырғы тұрғындарына да, қаншама жылдардан кейін атамекенімен қайта табысқан оралмандарға да ортақ

нәрсе болып кала береді. Міне, сондықтан адамның іргелі мәселелер бойынша дүниеге қатынасы бұл үлкен істе маңызды рөл атқаратынын айта кеткен жөн дейміз.

Жалпы тіршіліктің табиғи сұраныстарын бәрінен биікте ұстауды әдетке айналдырған адам көбінесе дінге де өзінің күнделікті сұраныстарын, талап-тілектерін қанағаттандыратын құрал ретінде қарайды. Оны өзіне, өзінің жоспарына ыңғайлы кейіпте ғана қабылдап, сыртқы формасына бас игеніне шүкіршілік етеді. Ал оның ішкі мәніне бойлауға, Ақиқаттың жарқын жолымен жүруге ниет етпейді. Өйткені, онда адам өзінің өмірлік принциптерін өзгертіп, басқа адамдардың мүдделерін көбірек ескеріп жүретін жолға түсуі керек, яғни пенде өзінің жеке әлемін қоршаған ортаның өзгерістеріне бейімделуі тиіс болады. Бұл өмір бойы өзімшілдіктің тұтқыны болып келген пенде үшін өте күрделі нәрсе. Дегенмен болашағын ойлаған адам үшін ол қиын да болса дұрыс жол болары анық.

Ал, енді оралмандар мәселесін қоғамдық деңгейде шешер кезде, әрбір субъектіге (әлеуметтік болсын, жеке болсын) басқа үлкенді-кішілі нәрселердің бәрін қарастырар кезде оларды көмкеріп тұрған осы негізгі дүниетанымдық қайшылықты шешу мәселесі тұрғанын байқаймыз. Кез келген қайшылық бір мезетте шешілмесі анық.

Қазақстандағы отандастар мен оралмандардың арасындағы қатынасты өрбітуде осы құндылықтық тепе-теңдікті ұстанған абзал, бұл екі жаққа ғана тиімді емес, сонымен қатар әлемдік деңгейдегі дағдарыстарды жұмсартуға игі әсерін тигізуі әбден мүмкін. Қазақстандағы этноәлеуметтік, саяси, мәдени жағдайдың жақсы болуы тек Қазақстан халқы үшін ғана маңызды емес, ол қазірі әлемдік интеграцияның күшейген заманында көрші мемлекеттерге де ықпалды фактор болып табылады. Тіптен, мұхиттың арғы жағындағы Америка да алаңдайтын әдеті бар емес пе осындай мәселелерге байланысты. Ол да бекер емес шығар түптің түбінде, өйткені ақпараттар ағыны күннен күнге әлемдік кеңістікте ұлғаюда, көкжиегін кеңейтуде.

Дүниені жайлаған жіктелу мен оқшалану құбылыстары болып отырғаны баршаға аян. Оған кінәліні жекелеген содырлардан іздегеннен гөрі, санамыздың түкпірінде жатқан қорқыныштардан тапқан жөн. Адамның Жақсылыққа деген сенімі жоғалған жағдайда оның жалған құндылықтарға арқа сүйеуі күшейе түсетіні анық. Сондықтан, оралмандар мәселесін орнықты шешу үшін әр қайсымыздағы рухани негіздер күшейе түсуі шарт. Міне сонда ғана қоғамдағы күрделі мәселелердің бірі тиімді шешімін табады деген ойдамыз. Ол дегеніңіз әлеуметтік саланы жетілдірілумен, үйлесімдендірумен астасып отырылатын дүние. Сондықтан қоғамдағы нарықтық қатынастардың пәрменді түрде өрбуі, жаңа өркениетті өндірістік қатынастардың беки түсуі осы заман үшін оралмандар мәселесін шешудің тағы бір тетігі болып табылады. Әрине, тек қана «экономикалық тетіктерге сүйеніп қана оралмандар мәселесі толық шешімін тауып кетеді» деген сөз үстірт пікір. Бұл мәселенің кешенді іргетасы, құрылымы бар екені белгілі.

Кез келген этникалық топ басқа ірі топтардың арасына енген кезде барынша әлеуметтік бейімделу сатыларынан өтуі тиіс. Бұл заңдылық барлық этникалық субъектілер үшін жазылмаған сияқты нәрсе. Бір қызық жері – қазіргі оралман-қазақтардың ата-бабасы қоныс аударған елдерінің этноәлеуметтік болмысына барынша бейімделуге тырысса, енді қазіргі жағдайда жаңа ұрпақ Атамекеннің өзіне үйрену үстінде. Бұл этникалық тағдырдың өзіндік келбеті іспетті. Ондай жағдайға еврейлер, немістер, армяндар, орыстар және т.б. халықтар ұшырап отырғанын байқаймыз. Олардың қазақ репатриантарынан айырмашылығы өздерінің ана тілінің оралған елдерінде толық үстемдік етуінде, және сонымен қатар оралмандарға байланысты мемлекеттік бағдарламалардың үкімет тарапынан барынша қатаң қадағалануында болып отыр. Міне осындай тәжірибе қазіргі жауапкершілікке толы тарихи кезеңде бізге де керек-ақ.

Ал, енді этникалық топтың жаңа мекенге бейімделуі мәселесі бар. Ол жөнінде қазақ диаспорасын зерттеуші

ғалым Ингвар Сванберг былай дейді: «Очевидно, что способность группы к адаптации в новом окружении зависит от ее культурного происхождения и накопленных знаний в той же мере, как и от того, в какой степени эти знания подходят к новому окружению. Система ценностей, жизненный опыт и знания, приобретенные казахами, необходимы для того, чтобы приспособиться к стране, принявшей их. Понятно, что речь идет не о пассивном переносе знаний и надежде на свою способность использовать их в новом окружении, нет. Склонность к приспособлению включает в себя способность и желание активно познавать новую социальную реальность и совершенствовать культурный репертуар, т.е. образцы поведения, действий, роли, нормы, знания и ценности, необходимые для функциональной адаптации к новой окружающей среде» [12].

Осы айтылған ойларды біршама деңгейде оралмандарға да байланысты колдануға болады. Өйткені, ондаған жылдар бойы басқа құндылықтық жүйелерге бейімделген қазақ диаспорасы Қазақстан жеріндегі жағдайға бірден суға сіңгендей болып кетуі оңай емес. Талай жылдар бойы үстемдік еткен кеңестік діл, өмір салты және қоғамдық психология азаматтарымыздың әлі де саналарының түкпірлерінде жатырғаны белгілі. Ол болса өз кезегінде алыстан келген ағайындардың түсініктеріне де өз түзетпелерін жасамай қоймайды. Міне, осы факторларды ескеру жалпы алғанда оралмандар мәселесінің құндылықтық мазмұнын қалыптастырады.

Алыс және жақын шет елдерден келген оралмандардың әлеуметтік жағдайы туралы социологиялық зерттеулер кең мағынада жүргізіле қойған жоқ. Оған тиісті қаржыландару бөлінбегені де қол байлау болғаны белгілі. Дегенмен мамандардың қазақ-репатриантармен жүргізген тереңдетілген сұхбат әңгімелері, БАҚ-тағы материалдарға жүргізілген контент-талдаулар, бақылау, нақты тарихилық тәсілімен зерттеу біршама мәліметтер бергенін айта аламыз. Әсіресе, құндылықтық

басымдылықтықтарды зерттеуде интервьюерлердің көмегімен ғана кейбір жекелеген социологиялық жұмыстардың жемісті болатынын анықтадық.

Міне, осындай мақсатпен жекелеген қазақ диаспорасының өкілдерімен сұхбат жасалынды. Мәселен, Өзбекстандағы қазақ диаспорасының бірнеше өкілдерімен, Қазақстан мемлекетіне келіп оралман аталған азаматтармен жүргізілген сұхбаттар томендегідей нәтиже берді. Сұрақтарға жауап беруші респондент ретінде Ташкент облысының Бостандық ауданының тұрғыны Жұмагүл Омарова өз пікірін білдірді. Оның екі баласы Қазақстанның екі қаласында – Екібастұз бен Астанада қызмет істеп, өмір сүреді екен, әрқайсысының отбасы бар және сонымен қатар олардың кезінде квотаға іліккендердің қатарында болғанын қуанышпен жеткізді. Ендігі арманы – Өзбекстандағы кенже қызының Қазақстанның бір қаласында жоғары білім алғанын қалайды. «Өзбекстандағы қай қазақтың отбасын алсаңызда өздерінің жас ұрпақтарының Қазақстанға бет бұрғанын, қоныс аударғанын қалайды», – деген тұжырымды сауалдарға жауап беруші респондент нақты білдірді. Бұл диаспоралық жағдайдағы көрші елдердегі қандастарымыздың көптен бері қалыптасып келе жатқан құндылықтық басымдылықтары, өмірдегі басшылыққа алған стратегиялық бағдарлары деуге болатын дерек. Осыған ұқсас жағдайды Қарақалпақстаннан келген оралмандармен болған сұхбаттан естідік. Түркіменстан, Қырғызстан, Тәжікстан сияқты жақын шет елдерден келетін репатрианттардың құндылықтық басымдылықтары соларға ұқсас боларына сенімдіміз. Өйткені ол елдердегі күрделі саяси-әлеуметтік ахуал осындай процестерге итермелейтіні анық.

Соңғы жылдардағы Қазақстан қалаларындағы, сонымен қатар поселоктарындағы үйлердің күрт қымбаттауы өзіндік жолмен қоныс аударымын деушілерді біраз тежеп тастағанын бірнеше азаматтар айтып берді. Оның ішінде Қаскелең қаласында тұрып жатқан Бауыржан Теміров сынды азаматтың әрекеті көпшілікке

үлгі боларлықтай. Ол өз бауырлардың барлығына үй салуға, кейбіреулеріне сатып алуға көмектесіп, ал Қарақалпақстан жерінде қалған ағайындарының үнемі қарым-қатынаста болуына, жаз айларында еңбек ақы тауып кетуіне барынша көмегін тигізуде екен. Сөйтіп, азаматтық белсенділік көрсетудің арқасында үкімет орындары жасамаған қызметтерді оралмандар үшін өз еркімен атқарып жүрген жайы бар корінеді. Міне, осындай қамқорлық негізінен туған-туысқа, ағайынға жасалуы мүмкін. Дегенмен, «көп түкірсе көл болады» демекші, осындай іс-әрекеттердің арқасында ХХІ ғасырдағы қазақтың ұлы көшінің бір шеті нағыз азаматтарға тән істермен, қадамдармен көмкеріліп отырмай ма?

Сұрақтарға жауап берушілердің барлығына жуығының пікірінше Кеңес дәуірімен салыстырғанда диаспоралық жағдайда өмір сүріп жатқан қазақтардың этникалық көңіл-күйі, болашаққа деген жарқын үміті бәсеңдеу түскендігі білдірілді. Білім алу болсын, кәсіп ету болсын, мамандық бойынша қызмет ету болсын қазіргі нарықтық қыспақ шағында, бәсекелестіктің күшейген кезінде өз атамекеніндегідей еркіндікті сезінбейді екенсің» деген қорытындыға жетелейтінін білдіріп отырды сұраққа жауап беруші әрбір азамат. Осындай жағдай ТМД елдеріндегі қазақ диаспорасының барлығы тән нәрсе деуге болады. Ал оның қасында алыс шет елдердегі қандастырымыздың моральдік-психологиялық жағдайына ондай күрт өзгерістер ене қоймағанын байқаймыз. Еуропадан, Түркиядан, Қытай мен Моңғолиядан қайтіп оралған этникалық қандастарымыздың дүниетанымдық жүйесінің құрылымы соны аңғартады.

Жалпы әлемді жайлап келе жаһандандудың салқыны Еуроазиялық кеңістікті толығымен қамтыған сияқты. Көбінесе жаһандануға теріс баға беруге дайын тұрамыз. Себебі, ол процесс әрбір жеке ерекшелігіне онша мән бермейді, техникалық, технологиялық, материалдық дамуды ғана мақсат етеді. Тіптен, елдердің саяси бағдарына алып бара жатқан процестер десе де

болғандай. Бірақ, мәдениеттерді, этникалық, әлеуметтік қауымдастықтарды барынша жақындата түсетін, субъект аралық қашықтықты жақындата түсетін құбылыс екені анық. Одан репатриант қазақтардың да, қазақ диаспорасы өкілдерінің де салыстырмалы түрде ұтатын жақтары біршама екен. Олар өздерінің бұрынғы өмір сүрген жерлеріндегі ағайындарымен электрондық пошта, немесе интернет арқылы хабарласып тұрады. Онан қалса ұялы телефондар өзара ақпараттық қатынастарды барынша жақындата түскенін байқаймыз. Бұл әлемдік технологиялық дамудың диаспоралық мәселеге өзіндік тигізген әсері деуге болады. Оралмандардың күрделі мәселелеріне шамалы болса да демеу болар фактор деп қарастыруға болады.

Әрине, жаһандану процестері репатриантардың толып жатқан проблемаларын шешіп тастамайды, тек оған өркениеттенген кейіп береді. Мәселен, Еуроазиялық кеңістегі қазақ диаспорасының да жағдайы әр түрлі деңгейде екенін екшелей келіп, Дүниежүзі қазақтары қауымдастығы төрағасының бірінші орынбасары Талғат Мамашев төмендегідей мәселелер төңірегінде ой қозғайды «Еуропадағы қазақ Қазақстанға көшеміз деп жатқан жоқ. Олар бізбен мәдени байланысты күшейтсек дейді. Қазіргі кезде оншақты мәдени орталықтары құрылған. Бізбен байланыста жұмыс жасап жатыр. Қолдан келгенше көмек көрсетіп жатырмыз. «Қазақ елі» газеті мен «Алтын бесік» журналын жіберіп, ашылған сайтымызға Қазақстан туралы ақпараттар беріп жатырмыз. Сондай-ақ, «Каспионет» спутниктік телеарнасы да олардың көз қуанышына айналды. Оның негізгі бағыты, Еуропада жүрген қазақтар үшін емес, шетелге Қазақстан туралы ақпарат тарату. Сондықтан да, олар тілдік тепеңдікті сақтауға тырысады» [13].

Ал енді көші-қон процестерінің құқықтық негіздерінің, заңдық іргетасының қазіргі тарихи кезеңде қаланып үлгіргені туралы Зардыхан Қинаят өз еңбектерінде атап өтеді [14]. Әсіресе, отандастарымызды репатриациялау мәселесіне мемлекетіміз соңғы жылдары

құқықтық негізде көңіл боле бастағанына тоқталады. Дегенмен Қазақстан Республикасының көптеген азаматтары сияқты еліміздегі репатрианттардың да жұмыссыздықтан қорғалмай келе жатқандығына қиналыс білдіреді. Жұмыстың қай саласында болсын қазақ оралмандары өздерінің білікті мамандар бола алатындығын таныту үстінде. Бұл өз кезегінде этно-әлеуметтік кеңістіктегі жетілмеген қоғамдық санада қалыптасқан кейбір теріс қоғамдық пікірлерге тосқауыл болатын дерек болып табылады.

Әлемдік тәжірибеге сүйене отырып, репатрианттар мәселесінің әр түрлі сипатын анықтауға болады. Мәселен, немістердің Германияға оралуына байланысты өзінің атамекені қандастарына ана тілді білу жөнінде, білмесе оны қысқа мерзім ішінде үйрену жөнінде шарт қояды. Біздіңше, бұл талаптың ешқандай сөкеттігі жоқ нәрсе. Себебі, кез келген этникалық құрылым өзінің ішкі дүниесінің біркелкі, үйлесімді, ырғақты, біртұтас болғанын қалайды, сонда ғана адамаралық жатсыну да әлеуметтік кеңістікте азырақ көрініс берері анық. Бірақ, мәселенің барлығын тіл мәселесіне ғана тіреп қою да проблеманы түсінудегі сыңаржақтылықты білдіреді. Өйткені, қазіргі таңда бір тілде сөйлесіп жүргендердің арасында да талай өзара түсінбестік, дұрдараздық жеткілікті. Оның түпкі себебі адамның рухани әлсіздігінде, пендешілігінде, өзін жетілдірмеуінде, яғни зерде иесінің дүниені тарылтып жіберетін, басқаны кемсітуге дайын тұратын өзімшілдігінде. Осы қасиеттерді ауыздықтамай, оған әлеуметтік дүниені бүлдірмейтін деңгейде бас білдірмей адамдар арасындағы қатынастарға үйлесімділік, мейірімділік орнауы екіталай. Осы мәселелерге халықтық тәрбие барысында көңіл бөлінсе құба-құп болар еді.

Отанынан шет жүрген азаматтардың жүрегінің бір бұрышы туған елінде, ата-бабасының Атамекенінде, сондықтан әрқашанда осы сезімге кір шалдырмаудың жолын іздеу керек. Қазақстан Республикасының сыртындағы жердің бәрі бірдей қазаққа атажұрт емес деп

айтуға да болмайды. Өйткені, қазіргі Қазақстанның шекарасы белгіленгенде Ресей жерінде, Өзбекстан мен Қытай территориясында қазақ үшін ирреденталық жағдай туған қандастарымыз мыңдап саналады. Өйткені, ол жерлер қазақтар үшін жеті атасының атамекені, талай ұрпаққа отан болған этникалық кеңістік болып табылады. Сондықтан, қазақтың диаспоралық жағдайындағылардың бір бөлігі өзінің тұрған жерлерін оздеріне құндылығы мол дүние деп тапса, оған қарсы уәж айта берудің де қажеті аздау. Әрине, олар да Қазақстан Республикасын оздерінің тарихи Отаны деп есептейді [15].

Тағы бір жаңа ғасырдың алып келген қазақ дүниесіндегі жаңалығы байырғы Қазақстан азаматтарының, оның ішінде қазақ халқының өкілдерінің де басқа шет елдерді (әрине, өркениетті, дамыған мемлекеттерді) мекен етуге таңдай бастауы. Мәселен, Германия, Болғария, АҚШ және т.б. елдерді өмір сүрудің кеңістігіне айналдыра бастаған қандастарымыз бар. Бір қарағанда біздің халқымыз Қытай сияқты өз территориясына сыймай жатқан жоқ, әлі де жалпы тұрғындардың үштен екісін құрамайды. Басқа жерлерде сұлтан болғанша, өз елімізді ұлтан болған болған елсүйгіштікті білдірмей ме деген пікір де айтылуы мүмкін. Әрине, әркім өз тұжырымына өзі қожайын. Дегенмен мұндай еркін эмиграциядан онша қорқа қоюдың қажеті жоқ. Есесіне басқа этникалық орталардағы мәдениет үлгілерінен халқымыздың өмір салтына жаңа толқындар соғары анық. Ал, енді оның сапалық деңгейі қандай боларын әлеуметтік шындықтың өзі көрсетер. Дегенмен Еуразиялық интеграция осындай адамаралық қатынастар арқылы тезірек түзеледі және өзара кірігудің барлық мазмұны рухани байланыстарды өрбіту болмаса гуманистік болашақ туралы айту қиын.

Өзінің есік-терезесін жауып алған мемлекеттердің жай-күйін жақсы білеміз. Сондықтан қоғамдық қатынастардың демократиялана түсуі де қазақ диаспорасының және қазақ репатрианттардың өзекті мәселелерін тиімді, әрі уақытылы шешіп отыруға игілікті әсерін тигізеді

деген ойдамыз. Қазіргі Қазақстандағы әлеуметік және рухани процестердің болашағына алаңдаған зерттеуші ғалымдарымыз төмендегідей тұжырымдарды келтіреді: «Қазақтың келелі келешегіне деген сенім мен үміттің асқақтауымен қатар, ғасырлар бойы ұлттық дертімізге айналған кемшілік тұстарымыз, осынау нарықтық қатынастар кезеңінде орны толмас зардапқа – ұлттық трагедияға ұласпас па деген күдікті ойлардың тайталасы біздің жадымызда жүргенін ұмытпағанымыз жөн. Бүкіл әлемдік ірі саяси-әлеуметтік сілкіністер тұсында қазақ елі, қазақ қауымы өз бағыты мен жеке ұлттық мәртебесін белгілей алды ма? Өкініштісі сол, демократия орнады десек те, қазақ қоғамы әлі де өзінің ішкі мүмкіндіктерін пайдалануды білмей, ұлттық өркениеттілікті бағдарлай алмай келгеніміз шындық» [16].

Ұлттық жетілудің бір саласы ретінде оралмандардың мәселелеріне өте жауапкершілікпен қарауды жатқызатын кез келді. Сон да жоғарыда келтірілген алаңдаушылықтардың орны толып, қазақ қоғамы өзінің мықты іргесін қалай түседі. Ал енді бұл мәселеге үстірт қараушылығымыз түбінде көптеген қайшылықтар туындатары анық. Солардың ішіндегі негізгісі – халықтың іштейгі біртұтастығына нұқсан келуі мүмкін. Сонымен қатар этнодемографиялық ахуалдың да қазақ халқы үшін белгілі бір биікке көтерілуі үшін бұл фактордың маңызын жоққа шығаруға болмайды. Сондықтан ұлт ретіндегі біршама мәселелеріміз осы өзекті мәселенің төңірегінде шоғырланған десе де болады. Оны біздің депутаттарымыз, журналистеріміз үнемі назарында ұстап, үкіметтің есіне салып отырса артықтық етпейді деген пікірді білдіре аламыз. Бұл қасиетті істің қайтарымы зор екенін де ескергеніміз жөн. Ал дымен өсіп келе жатқан жас ұрпақтың болашағы шет жерлердегі қандастарымыз үшін туған елімізде орбіп жатса неге қуанбасқа. Міне отансүйгіштіктің бір белгісі де осындай-ақ болар.

Қазіргі кезеңдегі еліміздегі өзекті мәселелердің қатарына оралмандардың атамекеніне азаматтық және этникалық тұрғыда сіңісіп кетуді жатқызамыз. Өйткені,

әлемнің 40-тай еліне тарап кеткен қазақ диаспорасының өкілдері соңғы жылдары пәрменді түрде көштің басын туған жерге деп бұрғанын айта аламыз. Алыс және жақын шет елдердің әрқайсысында әр түрлі саяси, әлеуметтік, дәстүрлік жағдайдың алуандығы болғаны белгілі болғандықтан, олардың тәуелсіз Қазақстанның этноәлеуметтік кеңістігіне етенелесіп кетуі де оңай шаруа емес.

Қазақ репатрианттары өзінің тарихи Отанына, яғни тәуелсіз Қазақстан кеңістігіне оралуы тарихи процесс ретінде әлеуметтік әділеттілікті қалына келтірудің бір саласы деп қарайтын болсақ, онда мемлекеттік бағдарлама бойынша оралмандарға бөлінетін квота санының 2005-2007 жылдар аралығында 15 мың отбасы болып бекітілуі мәселенің шешімін іздеудегі ауқымды кадам деп бағалануы тиіс. Әрине, миллиондаған қазақ диаспорасының өкілдерінің сұранысын бұл квоталық мөлшер толығымен қанағаттандыра қоймасы анық. Өкінішке орай еліне оралуға тиісті қазақ репатрианттарының Қазақстанға қолайлы түрде сіңісіп кетуіне, азаматтық және ұлттық сәйкестенуіне 2004 жылы қаржылық негіз бола алатын 850 миллион теңгенің игерілмей қалуы көші-қон және демография агенттігі жұмысының, сонымен қатар жалпы мемлекеттік орғандардың оралмандарға қатысты жұмысының кейбір осал тұстарын аңғартады [17].

Құндылықтар жүйесін қалыптастырған кез-келген қоғам өзінің әлеуметтік және рухани саласында шешім табуға тиісті мәселелермен пәрменді түрде айналыса бастайды. Нарықтық қатынастардың іргетасын қалап үлгерген Қазақстан Республикасы қазіргі кезеңде көптеген әлеуметтік, рухани, тарихи негіздердегі мәселелерді өрбітуге көңіл бөле бастады. Қоғамды демократияландырудың құқықтық базасын жасау жолына бет бұрды. Міне бұның бәрі өз уақытында жүзеге асырылуға тиісті тарихи міндеттер екені белгілі. Бірақ өз уақытында тиімді жолдармен жасалынбаған әрекеттер түбінде өзінің қайшылықты сипатын танытады, уақытылы ем-

делмеген сырқаттай әлеуметтік процестерді барынша күрделендіре түсері анық. Сондықтан оралмандар мәселесі жан-жақты шешімін табуы тиіс.

Өзінің тарихи отанына қайтып оралған қандастарымыздың әлеуметтік мәселелерінің шешімін табуы жалпы мемлекетіміздің саясатының бағыт-бағдарларымен, оның концептуалды жолымен астасып жататындығы белгілі. Ұлттық етенелесуді қазақ диаспорасы жағдайында-ақ құндылықтар жүйесіне толық негіз еткен оралмандар Қазақстан Республикасына көшіп келгенде алыс және жақын шет елдердегі өздерінің сандаған жылдар бойы қалыптастырған бағалау бағдарын тереңдете бекіте түсетінін байқаймыз. Қазақстандағы қазақтардың етенелесуі мен ұлттық сәйкестендірілуі мәселесі де біршама күрделі тарихи кезеңдерден өтіп, ол қазіргі кезеңдегі жағдайына жетіп отыр. Дүрбелеңге толы өткен ғасырдың өзінде қазақ елі алдымен Ресей патшалығының құрамында, сосын Кеңестер Одағында өмір сүріп, соңынан тәуелсіз мемлекет мәртебесіне ие болды, қаншама тілдік реформаларды басынан өткерді. Бұның өзі етенелесулік динамиканың қазіргі кезеңдегі сипатының күрделі екендігін көрсетіп отыр.

Қазақ диаспорасын зерттеуші ғалым Г.М. Меңдіқұлова «репатриация идеясы жалпы қазақтардың этникалық келбетін нығайта түсуге қызмет ете түсуі керек» деген ойды орынды айтады [18]. Осы пікірге қосарымыз қазақ репатрианттары ұлтымыздың мәдени мұрасын жаңғыртуға, рухани негіздерді бекіте түсуге өз үлесін қосады деген үміттеміз. Өйткені, шет елдік этноәлеуметтік кеңістікте өмір сүрген қандастарымыз ұлттық нақыштағы өнер туындылары, әдет-ғұрып пен дәстүрлердің біршамасын өз бойына сақтай білген. Әрине, қазіргі кезеңдегі жаһандану процестерінің қисынына сүйенетін болсақ жастарымыз батыстанған, нигилистенген, бұқараланған мәдениет үлгілеріне негізінен басымдылық беріп жатқандай. Бірақ, ұлттық келбетін анықтайтын дүниелер әлде қайда құндырақ екені белгілі.

Қазіргі Қазақстан Республикасындағы жалпы орнықты дамуын идеологиясы бір мақсатты көздейді. Ол еліміздің этноәлеуметтік кеңістігінің үнемі үйлесімділікті кейпін сақтауы, яғни өмір сүріп жатқан ұлттар мен ұлыстардың бірлігін қамтамасыз ету және әрбір азаматқа лайықты өмірге сай жағдайлар туындату болып табылады. Өзара байланыстан, қарым-қатынастан тұратын этникалық құрамы бар Қазақстандағы қазақ халқының жетекші рөл атқаруға тиісті мәртебесіне қарсылық білдіру позициялары зерттеушілер арасында да кездеседі [19]. Олардың пайымдауынша 1995 жылғы Қазақстан Республикасында көрсетілген халықаралық құқықтар басымдылығы іс жүзінде еліміздегі биліктің этникалық мазмұнының нығаюымен қайшы келеді. Осы тұжырымдардың астарында этникалық тендікке шақырудан гөрі бұрынғы орыс тілді мәдениеттердің үстемдігін еліміздің саяси, әлеуметтік және мәдени кеңістігінде сақтауға тырысушылық бар сияқты. Ол үстемдікті онсыз да экономикалық және ақпараттық салалардағы сұраныстар мен ұсыныстар жасап отыр.

Сондықтан, басқа ұлттардың Қазақстандағы диаспораларына әзірге алаңдауға негіз де жоқ. Дегенмен қазақ тілінің мемлекеттік тіл болып бекітілуі формальді түрдегі нәрсе болып қалмауы қажет. Әсіресе, бұл мәселе Қытайдан, Монголиядан, Түркиядан және т.б. елдерден келген қазақ репатрианттары үшін маңыздылығы зор мәселе. Сонымен қатар тілдік асудың мемлекеттік деңгейде алынбай отырылуы оралмандар санының көбеймеуіне әсер ететін фактор екенін айтып өткеніміз жөн. Ол асудың биіктігі соншалық ол әлі күнге дейін Қазақстанның бес облысында ғана іс-қағаздарды мемлекеттік тілде жүргізілумен байқалады.

Қазақстан – қазақ ұлтының жер бетіндегі қайталанбас жалғыз Отаны, ол сонымен қатар басқа ұлт өкілдеріне өгейлік көрсетпеуге тырысатын этноәлеуметтік, саяси, мәдени, географиялық, құқықтық кеңістік. Елімізде өмір сүріп жатқан әр түрлі ұлттың өкілдеріне өзінің тарихи отандары барынша қамқорлық көрсетуге тырыса-

ды. Немістерге Германия, орыстарға Ресей, корейлерге Корея және т. с. с. өркениетті елдер бар.

Ал, енді оз ұлтымыздың мәселелерін ашық, жариялылық тұрғысында талқылауға салып, шешімін іздеуге тырысуымыз демократиялық ел болуға ұмтылғанымыз емес пе? Мәселен, Дүниежүзі қазақтары қауымдығы жанынан құрылған ақсақалдар алқасы 2005 жылдың басында бас қосып, оралмандардың екі өзекті мәселесін талқылады. Біріншісі, көші-қон жөніндегі комитеттің құзырын арттыру, оны президентке тікелей бағынатын орган ретінде құру, екіншісі, оралмандардың зейнетақы мәселесі. Журналист Есенгүл Кәпқызы «Қазіргі есеппен шетелден оралып жатқан зейнеткерлер тым көп емес. Қалай дегенмен де, отбасылық институты берік сақталған қазақтар атамекеніне қоныс аударарда өзінің жасы жеткен қарт ата-аналарын тастап кете алмайды. Ал, олардың әлеуметтік мәселесі шешілмеген күйде қалып отыр. Сол себепті де көптеген зейнеткерлер Қазақстан азаматтығын алуға асығар емес. Олар үшін 2700 теңге жәрдемақыдан гөрі, өзі қызмет еткен елде тағайындалған зейнетақыны алған артығырақ». Осы жерде Карл Маркстың «Болмыс сананы анықғайды» деген сөзі еске түседі.

Сондықтан, қазақ репатриантының әлеуметтік болмысы қағажау көрмеуі, кедергілерге тірелмеуі қажет-ақ. Ал ол үшін жалпы қазақстандық отансүйгіштік идеясының құрамдас бөлігі репатрация мәселесі екенінде ескеруіміз шарт.

Жалпы ұлттық діліміздегі жақсы қасиеттердің тарихи процесте танылатын кезі келген іспетті. Мемлекетіміз нарықгық экономиканың біршама тетігін тиімді іске қосып, көршілес ТМД елдерінен бұл көрсеткіштер бойынша алға шыққан жайымыз бар. Міне, осыған орай тарихтың түкпірінде жіберілген әділетсіздіктердің орнын толтырып, жөнге келтіретін уақыт та келді. Қазақ диаспорасын құрайтын 5 миллионға жақын қазақтың бәрін елімізге әкелудің мүмкіндігі болмас. Ондай мақсат та қойылмайды. Өйткені, адамдар өздерінің қалаған

мемлекеттерінде тіршілік етуге, қызмет жасауға құқықты, тек өзінің ішкі талпынысы бойынша туған халқымның мемлекетін қалаймын деген жанға неге тиісті қамқорлық жасалмасқа. Бұл біз үшін ұлт ретінде өркениеттілігімізді, жетілгендігімізді білдіретін ерекше бір өлшем болмақ. Осы жағына Израиль, Германия сияқты елдерден үлгі алғанымыз артық болмас. Әрбір еврей, әрбір неміс ұлттық етенелесуін әлдеқайда жүйелі түрде жүргізе алады. Ондай мәртебені иеленуге мемлекет қамқорлық болғанының айғағы деген ойдамыз.

Шетелдерден келген қандастарымыздың мәдени келбеті әрқилы. Әсіресе, тілдік ассимиляцияға ұшырау мәселесі қазақтардың диаспоралық алуандылығын білдіреді. Ұлттық тілдің сақталуы, немесе сақталмауы жөніндегі төмендегі пікірден біраз нәрсені аңғаруға болады. «Дүниежүзі қазақтарының алғашқы құрылтайында академик Әбдуали Қайдаров айтқанынай, Монголиядағы қазақтардың ұлттық тіл жағдайы, Өзбекстан мен Ресейдегі қазақтардың тілімен салыстырғанда әлдеқайда жоғары дәрежеде екені және бұл қорытынды Монголиядағы қазақ зиялыларының мақтаныш сезімін тудырып, көңілін біршама көтеріп тастағаны рас. Өйткені ол Моңғолияның географиялық, экономикалық, адам ресурсы және басқадай жағдайларына байланысты. Онда қазақ тілінің мұңғылға бейімделу процесі біршама баяу жүріліп келеді», – дейді З.Қинаятұлы [20].

Оралмандардың Қазақстан Республикасының, атап айтқанда қазақ халқының мәдени байлығына қосатын үлесі зор. Тек осы мәселенің төңірегінде ұлтшылдықтың жалауын желбіретудің қажеттілігі жоқ. Өйткені, кезкелген ұлттық мәдениет диахронды – генетикалық (тарихи даму қисыны бойынша – вертикальді) және синхронды (басқа ұлттық мәдениеттермен байланысты – горизонтальді) сипатта дами алады. Бұл дегеніңіз ұлттық етенелесудің астарында этикалық, адамгершілік принциптердің жатқаны.

«Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы Қазақстанда өмір сүріп жатқан халықтар мен оған келіп

сіңісіп жатқан, кірігіп жатқан қазақ репатрианттарының арасын жақындата түсетін орнықты рухани кұбылыс екенін айта аламыз. Ол сонымен қатар әлемдік мәдениетке де рухани көпір рөлін атқарады десе де болады.

Көптеген елдерде миграция мәселесімен айналысатын мемлекеттік орган дар бар екені белгілі. Ал енді Израиль сияқты елде жаңадан келген репатрианттар жұмысымен абсорбация Министрлігі айналысады. Онда азаматтықты рәсімдеуге санаулы күндер кетеді. Бірақ, ең бастысы – олар Бен-Гурион аэропортына келу сәтінен бастап, еврей халқының берік достық қатынасын сезінеді. Израильдік тәжірибе бізге жақсы үлгі бола алады. Оған коса, шетелдерде біздің бірнеше миллион қандастарымыздың қалғанын ескеру қажет. Әрине, олардың барлығы көшіп-қонуға бел байлай бермейді. Дегенмен, бұл үдеріс басталып кетті. Оны енді тоқтату мүмкін емес. Бірақ израильдік мекемемен салыстырғанда біздің еліміздегі сәйкес министрлік алдында келесі екі міндет түр: бір жағынан, шетелдердегі қандастарымызды барынша қолдау жасау және олардың туған жерге келем дегендерін аса құрметпен қарсы алу. Әрине, біз жас мемлекетіміздің қаржылық мүмкіндіктері бұл бағыттардағы қызметтерді ауқымды атқаруға мүмкіндіктер бермегенмен концептуалды тұрғыда бұл бағдарлардың маңыздылығы зор.

### **3.9 Мағжан дүниетанымы және философиясы**

Жиырмамыншы ғасырдың басы – қазақ философиясының даму тарихы тұрғысынан пәнаралық бағытта әлі күнге дейін зерттелмеген кезең. Бұл кезеңде әйгілі ақындар мен жазушылардан, ғалымдар мен қоғам қайраткерлерінен құралған демократиялық бағыттағы зиялылардың ерекше шоқжұлдызы: Шәкәрім Құдайбердіұлы, Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынов, Мұстафа Шоқай, Міржақып Дулатов, Жүсіпбек Аймауытов, Мағжан Жұмабаев, Мұхтар Әуезов сынды алыптар өмір сүрді. Олардың бізге жеткен шығармашылық мұрасын қайта

жүйелі зерделеу кезінде бұл ойшылдардың сол заманда-ақ көтерген мәселелерінің мәні өте терең екенін және айтқан ойларының мағынасын енді ғана толық түсіне бастағанымызды байқаймыз. Шын мәнінде олар өз заманынан озық туған тұлғалар болыпты. Бүгінгі таңда біз шешімін іздеп отырған сұрақтардың – тәуелсіздік, бостандық, азаттық, жер, су және тағы басқа өзекті мәселелердің жауабын осыдан бір ғасырға жуық уақыт бұрын айтып қойған тұлғаларға бұлай баға бермеске шара жоқ.

Жалпы Шығыстың бай философиялық және әлеуметтік ойы, оның ішінде қазақ халқының философиялық ойы батыстағыдай қалыптасқан философиялық жүйелерде емес, поэзияда, фольклорда, ауыз әдебиетінде, мифологияда, мақал-мәтелдерде, қанатты сөздерде жатыр. Әлемді, адамды, оның өзін-өзі тануын, тұлғаның өмірдегі орны мен рөлін философиялық және этикалық тұрғыдан жан-жақты зерделеуге айрықша мән беру қазақ философиясының ерекше сипаты болып табылады. Бұл тұрғыдан келгенде қазақ философиясы – шығыстық философиядағы ең алдымен толық, рухани жағынан жетілген адам болу рухын қастерлеу мен зерделеу дәстүрін жалғастыра отырып, оны өзіндік мазмұнмен байытқан философия.

«Қазіргінің талай елін қайран қалдырған осынау байтақ кеңістікті кернеген поэзиялық әлем, – деп атап көрсетті Президент Н.Ә. Назарбаев өзінің «Тарих толқынында» атты монографиясында, – тек қана сұлулық пен сезімнің шеңберінде шектелмеген. Ол жаңашылдықтың жалынын лаулата да білген. Содан да болар, қазақтың поэзиялық шығармашылығында мейлінше терең танымдық қасиеттер бар. Сондықтан да қазақтың дәстүрлі поэзиясы ұдайы философиямен шендесіп жатады».

Қазақ халқының философиялық және әлеуметтік ойын зерттеуші ғалымдар осындай ерекшеліктерді ескеріп, ұлттық әдебиетті ұлттық философияның өмір сүру пошымы ретінде түсінгені, көркем әдебиет ту-

ындыларын салыстырмалы талдау әдісін қолдана отырып зерделегені, жеке тұлғалардың поэтикалық мұрасындағы философиялық мазмұнды ашып көрсету үшін оны философиялық ойлау құралдары көмегімен қайта саралағаны дұрыс болар еді.

Жиырмамыншы ғасырдың басындағы қазақ ойшылдарының көзқарастары терең демократиялық және гуманистік сипатта болды. Олардың шығармаларында жалпыадамзаттық маңызға ие философиялық мәселелер – адамның болмысы мен еркіндігі, өмірдің мәні, дін мен еркіндіктің арақатынасы, т.б. мәселелердің де көтерілгенін атап айтуымыз керек. Қазақ ойшылдары адам бойындағы даралық қасиетке ерекше мән берді, кез келген кісіге қайталанбас жаратылыс жұмбағы ретінде қарады, адам мен ұлттың тарихтағы рөлін дұрыс бағалай білді. Философиялық мәселелерді ізгілік пен қараулық аясында қарастырып, дүниетанымдық ойларын этикалық бояумен астастыра бейнеледі.

Дәл осы кезеңде ғұмыр кешкен ең көрнекті қазақ ақындарының бірі Мағжан Жұмабаев поэзия аспанын өзінің құдай берген жарқын талантымен ерекше шұғылаға бөледі. «Өлеңнің тілге жеңіл, құлаққа жылы тиюін Абай да іздеген, – деп жазады Жүсіпбек Аймауытов өзінің 1923 жылғы «Мағжанның ақындығы туралы» деген тамаша мақаласында, – Абай да сөздің ішін мәнерлеп, тонын сұлу қылуға тырысқан, бірақ дыбыспен сурет жасауда, сөздің сыртқы түрін әдемілеуде Мағжанға жеткен қазақ ақыны жоқ... Олай болса, ақындық жүзінде Абайдан соңғы әдебиетке жаңа түр кіргізіп, соңына шәкірт ерткен, мектеп ашқан күшті ақын Мағжан екенінде дау жоқ».

Ал қазақ халқының тағы бір кемеңгер перзенті Мұхтар Әуезов 1927 жылы «Еңбекші қазақ» (қазіргі «Егемен Қазақстан») газетінің сауалдарына қайтарған жауабында «Мағжан – культурасы зор ақын... заманнан басып озып, ілгерілеп кеткен ақын болады... Сондықтан бүгінгі күннің бар жазушыларының ішінен келешекке бой ұрып, артқы күнге анық қалуға жарайтын сөз –

Мағжан сөзі. Одан басқамыздікі күмәнді, өте сенімсіз деп білемін» деп жазады.

Бұдан біз көзі тірісінде-ақ Мағжан Жұмабаев жырларының қазақ халқы, тек қазақ халқы ғана емес-ау, бүкіл түркі әлемі зиялы қауымының санасы мен сезімін жаулап алып, аймақтық, тіпті, әлемдік мәдениеттегі ерекше құбылысқа айналғанын байқаймыз. Шынымен-ақ, Мағжан шығармаларында айтылатын қағидалар мен ойлар, ақын жүрегін мазалаған толғаныстар бүгінгі таңда, бір ғасырға жуық уақыт өтсе де, өз мәнін жойған жоқ. Керісінше, уақыт озған сайын ұлттық, ұлыстық, жалпыадамзаттық философиялық-әлеуметтік проблемалар қатарында алдымыздан қайта шығып отыр.

Ол қандай ойлар, қандай толғаныстар еді?! Жалпы киіз туырлықты қазақ үйінде дүниеге келіп, әлемдік мәдениетке ерекше құбылыс болып қосылған Мағжан Жұмабаев шығармашылығының қайнар-бастаулары қайда жатыр?!

Бұл сауалдарға бір мақала аясында толық жауап беріп шығу қиын шығар, алайда осы бағытта жүргізілуге тиіс болашақ зерттеулердің бағыттарын анықтап алудың мезгілі жеткен сияқты.

### **а) Мағжан шығармашылығының қайнар көздері мен бастаулары**

Мағжан Жұмабаев, ең алдымен, ерекше табиғи дарын иесі. Адам бойындағы айрықша қабілет – Құдайдың сыйы, әлі ғылым зерттеп бітпеген жаратылыстың жұмбағы. Әйтпесе, қазіргідей оқу-ағарту жүйесі, кітап шығару өндірісі қалыптаса қоймаған дәстүрлі қазақ ауылында дүниеге келген Мағжанның төрт жасында хат тануы, он тоғыз жасында алғашқы өлеңдер жинағы «Шолпанды» кітап етіп жариялатуы таң қаларлық-ақ дерек емес пе?! Және бұл қандай өлеңдер десеңізші?! 1912 жылы Қазан қаласында жарық көрген «Шолпан» жинағы хат танитын қазақ қауымын бірден елең еткізді. Ұлы Абай рухын бойына сіңірген, кең байтақ қазақ даласының сұлулығы мен сырлы аңыздарынан арман-

сыз сусындап өскен бұла таланттың дүниеге келгені белгілі болды.

Табиғатпен етене араласып ғұмыр кешкен туған халқының тұрмыс-салты, әні мен жыры, аңызы мен әпсанасы, өз тарихы мен өзге жұртқа көзқарасы, бір сөзбен айтқанда, қазақ халқының дәстүрлі дүниетанымы – міне, Мағжандай дара талантты тудырған әлеуметтік орта осы. Сондықтан да ол қазақтың кең даласын «әне, сол анам еді мені тапқан» деп жырлап отыр. Ақынның кейінірек жазған «Қорқыт», «Баян батыр», «Қойлыбайдың қобызы» сынды классикалық поэмаларының да халықтық аңыздар желісінің негізінде жазылуының осындай сыры бар.

Екіншіден, Мағжан Жұмабаев – Құдай берген талантына қоса өз заманына сай жан-жақты жоғары білім алған зиялы азамат. Қызылжар қаласындағы Мағжан оқыған «Шалақазақ медресесі» сол заманда Қазақстандағы белгілі оқу орындарының бірі болатын. Медреседе сабақ берген Мұхамеджан Бегішов – Стамбул қаласындағы Түрік университетін бітірген көрнекті қазақ зиялыларының бірі еді. Мағжан бұл медресе қабырғасынан бес жыл ішінде араб, парсы, түрік тілдерін меңгеріп, түркі халықтары тарихынан жақсы мағлұмат алып шығады. Бірақ алған білімін місе тұтпай, әкесінің қарсылығына қарамастан, бірге оқыған досы Бекмұхамбет Серкебаев (Ермек Серкебаевтың әкесі) екеуі 1910 жылы Уфадағы «Ғалия» медресесіне оқуға аттанады. Сол замандағы Ресейдегі түркі халықтарының жастары үшін мәдени және ғылыми орталыққа айналған «Ғалия» медресесін қазақ халқының тағы бір зиялы азаматы Сәлімгерей Жантөрин басқаратын, татар халқының атақты жазушысы Ғалымжан Ибрагимов те осында сабақ беретін. Мағжан «Ғалия» медресесінде үш жыл оқып, Біләл Сүлеев, Зейнелғабиден Иманжанов, Бейімбет Майлин сынды кейінгі көрнекті қазақ зиялылары болып қалыптасқан азаматтармен танысқан, Орынборда Ахмет Байтұрсынов шығара бастаған «Қазақ» газетінің жұмысына белсене араласқан, Қазан қаласында

алғашқы жыр жинағын жарыққа шығарған. Ең бастысы – жас ақын Шығыс мәдениеті мен философиясының озық үлгілерінен мол мағлұмат алады. Мағжанның бұдан кейінгі тағдырына орасан зор ықпал еткен адам – Міржақып Дулатов. Жас ақынның шығармаларынан тума талантты, өзімен рухтас тереңдікті байқаған М. Дулатов Мағжанға орыс тілін үйретеді, шет ел және орыс ақындарының өлеңдерін аудартады. 1913 жылы Мағжанның Омбыдағы мұғалімдер семинариясына оқуға түсуіне де М. Дулатовтың ақыл-кеңесінің ықпалы болған. Мұғалімдер семинариясында оқыған төрт жыл Мағжан Жұмабаев дүниетанымының қалыптасуындағы елеулі кезең болды. Осы оқу орны қабырғасында ол белгілі энциклопедист-ғалым Г.Н. Потанинмен кездесіп, түркітану ғылымының атасы жас ақын бойынан «екінші Шоқан» бейнесін көрген. Семинарияда Мағжан «Потанин қорынан» стипендия алып тұрған. Ақынның Батыс Еуропа классиктері Гёте мен Гейне шығармаларын құмарта оқитыны, орыс қаламгерлері Л. Толстой мен А. Блок шығармаларымен, неміс философы О. Шпенглердің «Еуропаның сөнуі» кітабымен, орыс философы В.С. Соловьевтың туындыларымен жақын танысатыны да осы кез. Семинарияны алтын медальмен бітірген Мағжан Жұмабаевтың қоғамдық және педагогтік қызметінің басталуы Ресейдегі әлеуметтік толқулармен тұспа-тұс келген еді. Кейін жиырмасыншы жылдары ол Мәскеудегі Жоғары әдебиет және көркемөнер институтында оқыған шағында шет ел және орыс әдебиетінің озық үлгілерін терең зерделеуін жалғастырып, орыс қаламгерлері С. Есенинмен, М. Горькиймен, В. Брюсовпен, А. В. Луначарскиймен достық қарым-қатынаста болады.

Ақынды елдегі әлеуметтік-саяси күрес майданы бірден үйіріп әкетті. Негізгі халқы «ақ» пен «қызылға» бөлініп, бір-біріне қарсы бітіспес қан майдан ашқан бұрынғы империядағы аласапыранды пайдаланып, қазақ ұлтының дербес мемлекетін қалпына келтіруге ұмтылған Алаш қайраткерлерімен бірге Мағжан да қолынан келгенше осынау ұлы арманның жүзеге асуына өз үлесін

қосуға тырысып баққан. Абақтыға да түскен, атқа мініп алаш ұлдарын еркіндікке шақырып та көр-ген. Алайда «бостандық әперем» деген қызылдардың көкейіндегі астыртын арам ниетін сезген, оларға қарсы көтерілген «ақ гвардияшылардың» бейбіт қазақ ауылдарын тал түсте қырғынға ұшыратқан қатыгездігінен жаны түршіккен, халық басына түскен осындай қасіретке қарамастан бас-басына би болып, екіге жарылған қазақ зиялыларының істерінен түңілген ақын жүрегі қан жылайды.

Арман күйреді. Қазақстанда кеңестер билігі орна-ды. Мағжан енді жаңа билік иелерінің берген аз ғана мүмкіндігінің өзін тиімді пайдаланып, туған халқының оқу-ағарту жүйесін жетілдіруге бар күш-жігерін ар-найды. Ақмолада (қазіргі Астана) «Бостандықты» газетінің редакторы, Ташкентте Қазақ-қырғыз білім комиссиясының мүшесі бола жүріп қыруар шаруа бітірді. «Шолпан», «Сана» журналдары мен «Ақ жол» газетінің жұмысына белсене араласты. Екі жыр жинағын, оның рухани әлемінің бірден-бір кілті ретіндегі «Педагогика» оқулығын жарыққа шығарып, оқу-ағарту ісіне, әдебиет пен мәдениет тарихына қатысты ондаған ғылыми мақалалар жазды. 1924 жылы Мәскеуге қызметке ауы-сып, үш жыл бойы КСРО халықтарының кіндік баспасын-да (директоры Нәзір Төреқұлов) қызмет атқарды, қазақ тіліне М. Горькийдің, Мамин-Сибиряқтың, В. Ивановтың т. б. шығармаларын аударды. 1927 жылы елге оралып, Қызылжардағы Қазақ педагогикалық техникумы мен кеңес-партия мектебінде сабақ берді. Алайда күшіне міне бастаған кеңестік билік күні кеше ғана Қазақ елінің дербестігін аңсаған ақынның бұрынғы қылығын кешпеді. Әлде оның халық арасындағы даңқы мен мұқалмаған ру-хынан қорықты. Әйтеуір Мағжан Жұмабаев 1929 жылы үш жүзден астам қазақ зиялыларымен бірге қамауға алынып, Карелияға айдалды. Бұл жазадан 1935 жылы М. Горькийдің көмегімен босанғанымен, екі жылдан соң, 1937 жылдың 30 желтоқсаны күні қайтадан тұтқынға алынып, қазақтың ақиық ақыны атылған және «қызыл террордың» құрбаны болып кете барды.

Бұл пәнидегі қырық бес жылдық ғұмыры халқымыз тарихындағы атыс-шабысқа толы, қырғын зұлмат кезеңге тұспа-тұс келсе де, аттың жалында, түйенің қомында жүріп, артында сан ғасыр бойы ұмытылмайтын мұра қалдырған, көзі тірісінде-ақ қазақ поэзиясындағы Абайдан соңғы ұлы құбылыс болып бағаланған Мағжан Жұмабаев шығармашылығы соңғы 10-15 жыл шегінде егжей-тегжейлі зерттеле бастады. Белгілі ғалым Ш. Елеукеновтің «Мағжан» монографиясы бұл бағыттағы елеулі еңбек болып танылып, лайықты бағасын алды. Алайда бүгінге дейін жарық көрген зерттеулердің көпшілігінде, негізінен, Мағжан Жұмабаев шығармашылығы әдеби-көркемдік тұрғыдан талданып келді. Ал оның жырларындағы терең толғаныстардың философиялық-дүниетанымдық астары, ақынды сан түрлі сезімге түсірген жағдайлардың әлеуметтік мәні зерттеушілер назарынан тыс қалып келеді.

### **ә) Ұлттық рух және дәуір тынысы**

Иә, Мағжан Жұмабаев, ең алдымен, ақын, Жүсіпбек Аймауытов сөзімен айтсақ, «Мағжан сыршылдығымен, суретшілігімен, сөзге еркіндігімен, тапқыштығымен күшті, маржандай тізілген, торғындай үлбіреген нәзік үнді күйімен, шерлі, мұңды зарымен күшті». Оның өлеңдері «әлде өкіндіреді, әлде мұңайтады, әлде жылатады, әлде аятқызады, әлде есіркетеді, әлде жігер береді».

Біздің бұған қосарымыз, ақын жырларындағы әлгі «нәзік үнді күйдің» де, «шерлі, мұңды зардың» да астарында қорғасындай ой жатыр, ұлы тұлғаның танды таңға ұрған толғаныстары жатыр. Ол қандай ой, қандай толғаныстар?!

Ақынды алғашқы өлеңдерінен бастап, соңғы демі үзілгенше туған халқының, бүкіл түркі жұртының, Шығыс мәдениетінің, жалпы адамзаттың тағдыры толғандырады. Ес білгеннен көкжиекке дейін керілген кең байтақ даланы тамашалап, еркін өскен, елінің өткен даңқты тарихы мен ертегі- аңыздарын құлағына құйып

ер жеткен Мағжан бойында, әуелгіде, өршіл ұлттық рух кемерінен асып төгіледі:

«Шынында менің өзім де – от,

Қысылған қара көзім де – от.

Мен оттанмын, от – менен

Жалынмын мен жанамын

Оттан туған баламын.

Талай зулап ұшқанмын Альпіге барғам

Алтайдан Балқанға барғам Қытайдан...»

Ақынның «от» деп отырғаны – халықтың ұлы рухы.

Ұлттың тарихи және философиялық зердесін оятып, рухын көтеру арқылы ғана бодандықтан құтылуға, ел тәуелсіздігіне қол жеткізуге, тіпті, әлем халқына өз өркениетіңді танытуға болады деп есептейді ол:

«Қайғыланба, соқыр сорлы, шекпе зар,

Мен – Күн ұлы, көзімде күн нұры бар.

Мен келемін, мен келемін, мен келем,

Күннен туған, ғұннан туған пайғамбар».

Жоқ, жоқ, бұл – кезінде Еуразия құрлығын ат тұяғымен дүбірлеткен, алыс-жақын ұлыстарға мәдениет пен шаруашылықтың жаңа тәсілдерін үйреткен, бірақ кейін тағдырдың жазуымен әлемдік өркениет көшінен кенжелеп қалған өлке перзентінің аспандағы айды алам деп секірген тарпаңдығы емес. Бұл – өз халқының бойындағы биік рухқа сенген, сол рух қайта бір дүр сілкінсе, армандаған азаттыққа жеткізеді, әлемдік өркениет көшінің алдыңғы легіне қайта қосылуға болады деп үміттенген азаматтың парасатты да мақсатты әрекеті. Жалпы біз – марксистдердің «сананы болмыс билейді» деген қағидасын Құран аятындай жаттап өскен ғалымдар күні кешеге дейін философиядағы «рух» категориясын, оның әлеуметті топтастырып, рухани және экономикалық табыстарға бастар ықпалын зерттемей келдік. Тұлға немесе тұтас халық бойындағы рухтың осындай қуатты әлеуметтік күшке айналу ықтималдығын мойындау «идеализм» деген бәлеге апарып соқтырады деп қорықтық. Еліміз тәуелсіздік алған жылдардан бастап, Шығыс философиясын, оның ішінде

қазақ философиясының өзіне тән ұлттық ұғымдары мен категорияларын жүйелеуге бет бұрсақ та, әлі бұл бағытта көп алға жылжи қойғанымыз жоқ.

Ал Мағжан ақын болса, халықтың тарихи зердесін оятып, ұлттық намысы мен ұлттық рухын сілкіндірудің қажеттігін, ортақ мүдде жолында топтасқан ұлттың ғана азаттық алып, әлемдік өркениеттік қауымдастық қатарына қосыла алатынын осыдан бір ғасырға жуық бұрын-ақ түйсініп, өршіл жырға айналдырып, айта алған. Және туған халқының сол замандағы қиын халін, кенжелеп қалған тұрмыс-тіршілігін көре отырып, осылай жасаған:

«Ұйқы басқан кабағын,  
Бастыра киген тымағын,  
Жалқаулықты жар көрген.  
Жүрген ескі заңымен,  
Алдындағы малымен  
Бірге жусап, бірге өрген  
Алаш деген елім бар,  
Неге екенін білмеймін –

Сол елімді сүйемін!», – деп суреттейді ақын сол замандағы ұлтының болмысы мен тұрмыс-тіршілігі туралы. Ақын әлемде не болып жатқанымен шаруасы жоқ, «алдындағы малымен», «ескі заңымен» қоңырқай тіршілік кешіп жатқан халқын сүйіп қана қоймайды, оның болашағының жарқын болатынына сенеді. Оның сол жарқын болашаққа тезірек жетуі үшін жанын да, қанын да аямайтынын паш етеді.

### **б) Ұлттық мүдде және тәуелсіздік**

Ұлтты сүю, кісілік деңгейге дейін көтерілу, туған халқының мүддесі үшін құрбандыққа баруға әзірлік – Мағжан Жұмабаевтың өмірлік мұраты. Жас ұрпаққа арналған «Педагогика» оқулығында ол: «Өзінің елін сүю, яғни еліне жауыздық тілемей, ізгілік тілеу, пайда келтіріп зиян келтірмеу» мақсатын әрбір адамның қасиетті борышы ретінде атап көрсетеді.

Жиырмамыншы ғасырдың бас кезіндегі қазақ зиялыларының ұлы шоғырын топтастырған ортақ мұрат

– бодандық бұғауында жаншылған елін құлдықтан құтқару, өзге өркениетті елдер қатарына қосу болғаны белгілі. Мағжан да осы мұратты жүзеге асырудың жолдарын іздеп, басын тауға да, тасқа да соққан.

Бірде:

«Кел, қазақ, қолдағыдан құр қалмайық,  
Отырайық жиылып, оңдалайық.

Мың жылғы өткен қумай ата заңды,  
Өнерден кем қалмайық, ойланайық,  
Жер қалар, біз жиылып қала салсақ,

Қайдағы оңды жерді таңдап алсақ», – деп, отырықшы тұрмысқа көшіп, қала салуды елді, жерді ешкімге бермей, сақтап қалудың бірден бір жолы ретінде ұсынады. Енді бірде:

«Ескіше тұрып егеспе,  
Заман – түлкі, тазы бол

Базарша дүкен құр енді», – деп халықты сауданың тілін білуге, қазіргі тілмен айтқанда, базар экономикасы заңдарын меңгеруге шақырады. Ал мына өлеңінде ақын:

«Кітап әпер, оқысын, балаң қолына,  
Малды аяма оқу-білім жолына.

Өнер алып, басқалармен қатар бол,

Қосыл бірдей азаматтың тобына!» – деп, қазақ ұлтының әлемдік өркениет көшіне қосылуының жолын өнер-білімнен, жас ұрпақты өзге елдердегі замандастарымен бәсекеге түсе алатындай етіп тәрбиелеу ісінен іздейді.

### **в) Ауыл мен қала**

Мағжан ақынның осы ойларының қай-қайсысы да дәл бүгінгі заманымыз үшін де маңызды. Мәселен, қазіргі әлемдік қаржы мен ақпарат ағынына шекарамызды ашып, мол мүмкіндік беру, адами аралас-құраластықты ынталандыру өркениетті елдер арасында тең құқықты өмір сүрудің басты шартына айналған жаңа ғасырда кең байтақ жерімізді қалай сақтап қаламыз? Бір жағынан, ұлттық қазақы қалпымызды жоғалтпау, өзге мәдениеттер ықпалымен жұтылып кетпеу, екінші

жағынан, әлем елдерімен тығыз саяси, әлеуметтік, экономикалық, мәдени қарым-қатынасты дамыту мүмкін бе?

Дәл осы мәселелердің жауабы бұдан бір ғасырға жуық уақыт бұрын Мағжанды да толғандырыпты. Сәби шағынан кең байтақ қазақ даласының сұлулығын түйсініп, бұла табиғатпен етене араласып өскен, қазақ дала өркениетінің бел перзенті Мағжанның ауылға деген махаббаты қазіргі біздің бойымыздағы сезімнен кем болды деп айта алмаспыз, сірә! Керісінше, қаладағы тұрмыс, қалалықтардың мінез-құлқы әуелгіде ақынды қатты шошындырады емес пе:

«Айналасы – тұман, түн...

Дем алысы – от, түтін.

Жарқ-жүрқ етер көздері.

Сөзі у-шу, ың да жың,

Сасық ауа ауыр тым.

Тұншықтым ғой, құдай-ай!..

Кейін қарап нетеміз?

Ауылға қашан жетеміз?

Айдашы атты, Сәрсембай.

Әйелдері ұятсыз,

Күнде сүйгіш, тұрақсыз.

Қылмыңдасар кәрілер.

Жүздерінің қаны жоқ,

Көздерінің жаны жоқ,

Еркектері – «перілер».

Осы Мағжан, қалалықтардың мінез-құлқының бәрінен жасандылықтың белгісін байқаған, далалықтардың табиғи бұла сезімінің ұлылығын асқақтата жырлаған ақын енді келіп «жеріңді сақтағың келсе, қала сал», «бір жерге жиылып қалада тұр» деп үндеу тастайды халқына.

Иә, біз – басым көпшілігіміз күні кеше ғана ауылдан шыққан бүгінгі қазақ зиялылары базар заманында тоз-тозы шыққан қазіргі қазақ ауылының жәй-күйін ойлап күңіренеміз. Елбасымыздың ұсынысымен алдағы үш жылдың «Ауыл жылы» болып жарияланғанына,

ауылдың әлеуметтік және экономикалық жағдайын көтеруге қомақты қаржы бөлінгеніне бөркімізді аспанға атып қуанып жүрміз. Қаржы да бөлінер, ауылдың аз да болса тынысы кеңейіп, әлеуметтік жағдайы жақсарар. Алайда онымен мәселе шешілмейді. Ашығын айту керек, кезіндегі Кеңес Одағының өнеркәсіпті орталықтарды арзан етпен, сүтпен, нанмен қамтамасыз ету үшін құрған кеңшарлары мен ұжымшарларындағы жағдайды қайтадан орната алмаймыз. Бәлкім, ірі-ірі өнеркәсіп орындарының азық-түлік өндіретін қосалқы шаруашылықтары түріндегі азын-аулақ ауылдар әлгі кеңшарлар дәрежесіне жетер, бірақ ауыл еңбеккерлерінің көпшілігі базар нарқына өтетін өнім өндіріп, сол өндірген өнімдерінен түскен пайдамен ғана күнін көретіні анық. Бұл – базарлы экономика заңы. Мемлекет тарапынан тек ауылшаруашылық өнімдерін сату базарын ұйымдастыру, өнім ұқсату өндірісін дамытуға, жаңа құрал-жабдықтар, асыл тұқымды мал сатып алуға жәрдемдесу, өзінің өндірістік, ұқсатушы, сатушы құрылымдары бар ауылшаруашылық концерндерін жасақтау сияқты «қамқорлықтар» жасалуы мүмкін. Демек, халқымыздың қырық бес пайызын құрайтын, әлі де жоғарыдан жақсылық күтіп отырған ауыл тұрғындарын «кәмпит көрсетіп алдарқатудың» қажетті жоқ. Ерте ме, кеш пе, олардың басым көпшілігі өнеркәсіпті қалаларға жиналып, жаңа мамандықтарды игеруі тиіс.

«Урбанизация» (кенттену) әлемнің барлық халықтары басынан өткерген процесс. Әлеуметтік зардаптарына қарамастан, бұл процесс қазіргі заманғы жеке ұлттардың дербес мемлекет құруы ісіндегі болмай қоймайтын құбылыс деп саналады. Өз мемлекетін екі ғасырдан соң қайта құрған қазақ халқының «кенттенуі», яғни Қазақстандағы орташа қалалардың «қазақтану» процесі қазірдің өзінде жүріп жатыр. Тек бұл процесс ешқандай жүйесіз, әлеуметтік зерттеу орталықтарының назарынан тыс, мемлекеттік бағдарламасыз жүріп жатыр. Сондықтан да оның әлеуметтік зардаптары (ауылдан келгендердің қара базар маңындағы арзан

жұмыс күшіне айналуы, қылмыстық топтарға қосылуы, нашақорлық, жезөкшелік, т.б.) күрт асқынып кетті. Сондықтан «Ауыл жылы» іс- шараларының аясында ауыл жастарының жаңа кәсіптерді, мамандықтарды меңгеруіне жәрдемдесу, оларды нысаналы түрде өнеркәсіп орындарына жұмысқа таріу, баспанамен қамтамасыз ету, т.б. шаралар да жүзеге асырылуы қажет.

Жалпы қазақтардың «кенттенуі» немесе қалалардың «қазақылануы» дербес мемлекеттігін орнатқан ұлт мүддесінің айқын бедерленуіне қажетті шарттардың бірі. Мысалы, еліміз ішіндегі қазіргі саяси кеңістікте, тәуелсіз бұқаралық ақпарат құралдарының бетінде, әр түрлі жиындарда қазақ ұлтының мүддесін көздеген топтардың үні неге бәсең? Мұның себебі мынада: кез келген елде, кез келген заманда үлкен саясат үлкен қалаларда жасалады, содан да қалалықтар ең ықпалды әлеуметтік топ болып табылады. Еліміздегі мемлекетті құрушы ұлт болып саналатын қазақ халқы өкілдерінің қалалықтар арасында сандық басымдыққа ие болмауы ұлттық мүдденің батыл білдірілмеуінің себебі болып отыр. Қазірдің өзінде бел ала бастаған қалалардың «қазақылану» процесі бұл олқылықтың орнын толтырып, әлемнің барлық мемлекеттері үшін қалыпты жағдайдың біздің елімізде де орнығуына жеткізеді. Бұдан бір ғасырға жуық уақыт бұрын Мағжан айтқан «жеріңді сақтағың келсе, қала сал, қалаға жинал» деген ойдың мәні, міне, осында.

Ал ақынның екінші өлеңіндегі «базарша дүкен құр енді» деген ойын тура мағынасында «саудамен айналыс» деген сөз ретінде қабылдау жеткіліксіз. Мағжан бұл жерде қазақ халқының іскерлік, ілкімділік қабілеттерді меңгеру қажеттігі туралы айтып отыр. Сондай-ақ, ақынның «малды аяма оқу-білім жолына, өнер алып басқалармен қатар бол, қосыл бірдей адамзаттың тобына» деген ойының да мән-маңызы күні бүгінге дейін төмендеген жоқ. Керісінше, дәл қазіргі таңдағы ұлтымыз алдындағы ең маңызды мәселенің өзі осы болып тұр.

Шетелдік ғалымдардың (Арон, Росту, Тойнби, т.б.) адамзат қауымының күні бүгінге дейінгі даму жолын

үш кезеңге: «дәстүрлі қоғам», «индустриялық қоғам», «постиндустриялық қоғам» деп бөлетін қағидасы әлемдік ауқымда мойындала бастаған сыңайлы. Олардың пікірінше, қазіргі «постиндустриялық қоғамда» шешуші тетік ақша емес, білім мен білік, яғни жеке адамның қарымы мен қабілеті. Мысалға, соңғы 10-15 жыл шегінде әлемдегі ең ауқатты адамдар қатарына қосылған америкалық жас жігіт Билл Гейтс осыншама мол байлықты білімі мен білігі арқасында ғана жинап отыр. Алысқа бармай-ақ, өз еліміздегі күнделікті баспасөзді шолып шығыңызшы. Білікті мамандарды жұмысқа шақырған жарнамалардан көзің тұнады. Отандық фирмаларға да, шетелдік компанияларға да қазіргі заманғы техниканы меңгерген, бірнеше тілде сөйлей алатын әмбебап мамандар ауадай қажет. Ал біздің жастарымыз болмашы нәпақаға бола қара базарлар маңында сеңдей соқтығысады. Араларында жоғары білімді «дипломдылар» да жеткілікті. Неге? Себебі, олардың әлгі фирмалар мен компанияларға барып жұмыс істеуге жарамды мамандығы жоқ немесе алған білімдері бүгінгі талапқа сай келмейді. Оқығаны болғанымен тоқығаны кем.

Әрине, бұл орайда бар кінәні еліміздегі білім беру жүйесіндегі олқылықтарға, жоғары оқу орындарындағы шалағайлықтарға, тіпті осының бәрін жөнге сала алмай жатқан үкіметке, білім берудің ұлттық доктринасының жоқтығына аудара салуға болар еді. Бірақ, ешбір елде ешқашан үкімет адамдарға бәрін әзір етіп бермейді. Артында атын өшірмейтін ұрпақ қалдыруды бұл пәнидегі адам өмірінің негізгі мәні деп ұғынатын әрбір ата-ана өз баласының болашағын өзі ойлауы шарт. Бір жағынан, шетелдік әріптестерімен бәсекеге түсе алатындай әмбебап маман, екінші жағынан, ата-бабасының тілі мен ділін, дәстүрі мен мәдениетін бойына барынша сіңірген отаншыл азаматтарды тәрбиелеу – бүгінгі қазақстандықтардың адами парызы ғана емес, ұлттың алдындағы борышы да. Мағжанның «адамзаттың тобына» қосылу үшін, балаңды оқыт, оның жолында

байлығыңды аяма деген сөзінің астарында осындай ой жатыр.

### **г) Қазақ зиялыларының тарихи миссиясы және әлеуметтік жауапкершілігі**

Ақынның ұшқыр қиялы бірде туған халқының өткендегі даңқты тарихын шарласа, енді бірде жарқын болашағын болжайды. Сол болашаққа жету жолдарын аласұрып іздейді.

«Келешек» пенен «кеше» – анық,

«Бүгін» деген бір бу ғой», – деп өз заманының күрделі құбылыстарын ой елегінен өткізіп байқаған ақын елдің болашағы, ең алдымен, зиялы қауымның бірлігі мен оның өкілдерінің іс-әрекетіне байланысты деген тұжырымға тоқталады. Содан да ол:

«Азамат! Анау қазақ қаным десең,

Ұжмақтың суын апар, жаным десең.

Болмаса, ібіліс бол да у алып бар,

Тоқтатам тұншықтырып қанын десең», – деп, бүкіл зиялы қауымға жар салады.

Жиырмасыншы ғасырдың басындағы қазақ зиялыларының өз тарихи миссиясын абыроймен атқарып шыққаны анық. Олар патшалық және кеңестік отарлаушылардың дүлей күші алдында төтеп бере алмағанына қарамастан, сол замандағы қазақ қоғамының ең ықпалды саяси-әлеуметтік күші бола білді. Олар қоғамдағы мұндай беделге қалай ие болған? Осыдан бір ғасырға жуық уақыт бұрынғы қазақ зиялыларында болған тегеурін олардың бүгінгі избасарларында неге жоқ? Бұл да қазіргі қоғамтанушыларымыздың назарына әлі күнге дейін іліге қоймаған жаңа мәселелер.

Жалпы, кез келген қоғамның белгілі бір кезеңдегі даму бағдарын бұқара халық емес, сол бұқараның сеніміне ие болған, халық арасынан өсіп шыққан «қоғамның қаймағы сынды» элита айқындайды. Ғалымдар оларды «саясаткер (немесе шенеуніктер) игі жақсылар», «әскери игі жақсылар», «бизнестегі игі жақсылар», «интеллектуалдық игі жақсылар» деп топ-

тап жүр. Бір қызығы, осы топтардың қай елде қандай беделге ие екенін бірден байқауға болады. Мысалға, Түркия немесе Пәкстан сияқты елдерде күні кешеге дейін неге әскери төңкерістер жиі болып, үкімет саясатын қалыптастыруға осы топтың ықпалы жүрді. Себебі, бұл елдерде ежелден «әскери игі жақсылардың» беделі мығым, олар халық арасында құрметке ие. Ал, қазіргі Чехияда, Балтық бойы елдерінде неге билік басына жазушылар, музыканттар, т.б. жиі келеді. Бұл да сол қоғамдардағы «интеллектуалдық игі жақсылардың» беделіне байланысты. Ал қазіргі Қазақстанда ше? Қандай игі жақсылар тобы ықпалды күшке ие? Әрине, «саясаткер игі жақсылар». Халқымыздың өзіндік діліне байланысты болды ма, әлде заманның ыңғайы солай жасады ма, әйтеуір кеңестік кезеңде-ақ қазақ халқы өкілдерінің арасында қызметке құмарлық, басқарушы іске бейімдік байқалатын және Мұның өзі ықпалды саясаткер игі жақсылардың қалыптасуына жетектеді. Еліміздің тәуелсіздік алуының басы-қасында тұрғандар да, дербес мемлекетіміздің іргетасын нығайтуға негізгі үлес қосқандар да осылар болғанын мойындамасқа шарамыз жоқ. Тек соңғы жылдары ғана еліміздегі әлгі саясаткерлер қамқорлығымен өсіп жетілген «бизнестегі игі жақсылардың» өз үнін сездіруге тырысуы, халық арасында бедел алуға ұмтылуы байқалады. Ал еліміздегі «интеллектуалдық игі жақсылар» ше?! Өткен Парламент сайлауы олардың халық арасындағы беделін жиырмамыншы ғасырдың басындағы ұлы шоғыр беделімен салыстыруға да келмейтінін көрсетіп берді.

Біздің ойымызша, жиырмамыншы ғасырдың басындағы қазақ зиялыларының ел құрметіне бөленуіне, ең алдымен, олардың бойындағы туған халқы үшін құрбандыққа шалынуға даяр шынайы ұлтжандылық пен отаншылдық қасиеттің барлығы және осы қасиетті көпшіліктің анық сезінуі негіз болған. Мағжанның абақтыда жатып:

«Не көрсем де алаш үшін көргенім,  
Маған атақ ұлтым үшін өлгенім,

Мен өлсем де, алаш өлмес, көркейер

Істей берсін қолдарынан келгенін», – деп жазғанындай ұлтжандылық, ұлттық мүддеге қалтқысыз адалдық сол замандағы қазақ зиялыларының көпшілігіне тән және оларды топтастырған қасиет еді. Бұл – бір.

Екіншіден, алмағайып тарихи аласапырандар тұсында ғұмыр кешкен ұлы ағаларымыз бір-біріне биік талап та қоя білген, егер ұлт мүддесіне қылаудай көлеңке түсіретін кемшіліктерін байқаса, оны күлбілтелемей немесе әлдебір арам ниет көздемей ашық айтқан. Мысалға, 1921 жылы жиырма төрт жасар М. Әуезов жазған мына пікірдің мәніне ой жүгіртіп көрелікші: «елді мәдениетке жеткізіп ағарту, өнер-білім таратып, құралдандыру, дүниенің халін көруге көзін ашу, шаруасын туралап, ішінен жетілу. Міне, бұл тілектердің бәрі де азаматтың мойнына қарыз. Егер бұл тілектерді теріс деп, біз бұл міндеттерді атқаруға міндетті емеспіз дейтін азамат болса, ол қазақ жұртының қызметкері емес. Ол елдің басшысы да, уәкілі де емес. Бұл міндеттерді қарызым еді деп, мойнына алмайтын азамат болса... жылы орында жайланып отырмақ болса, оған айтар сөз де жоқ. Ол құдайдың берген қонағы. Елдің кішкене қазанына ортақ болып, еріксіз кірген еркелері...».

Қазіргі зиялы қауым өкілдері арасында кеңестік кезеңнен қалған бір түсінік бар: «мен талантпын, ал талант – халық игілігі, сондықтан халқым мені мәпелеп, алақанында ұстауы керек» дейді олар. Өте қате түсінік. Мың жерден ерекше жаратылған жан болсаң да өзіңді халықтың «қонағы», елдің «еркесі» сезінуге болмайды. Қолыңнан келсе, талантыңмен табындыр, ел үшін жасаған еңбегіңмен халық құрметіне бөлен! Ал табынбаса, құрметтемесе, оған халық кінәлі емес. Тіпті, бұған ренжуге де қақың жоқ. «Жақсылық көрсем өзімнен, Жамандық көрсем өзімнен» деп қазақтың тағы бір көрнекті ақыны С.Торайғыров айтпақшы, өзіңді кінәла да, еліңнің қажетіне жарайды-ау деген еңбегіңді үн-түнсіз жалғастыра бер. Бұған баса назар аударғызып отырған себеп: қазіргі қазақ зиялылары арасында «бол-

май жатып, болдым деу, толмай жатып толдым деу», арзан дүниесіне атақ дәметіп, кез келген ортада өзін зорлап құрметтетуге әуестік, өз халқынан өзін жоғары қою, т.б. қылықтар асқынған ауруға айналды. Бұл дерт алпыстан асқан ақсақалдарды қойып, кейінгі жастарды да зақымдай бастады. Мұның бәрі айналып келгенде «зиялы қауым», «зиялылық» деген ұғымдардың бағасын түсіріп, интеллектуалдық игі жақсылардың халық арасындағы беделінің азаюына әкеп соқтырды. Басқаша айтқанда, Мағжан ақын кезінде:

«Біреуіне» сен тәңірім деп табынад,

«Біреуіне» мен құлың деп бағынад,

«Біреуіне» садақа бер деп жалынад,

«Біреуіне» күйрық болып тағылад,

Ылғи сорлы сағым қуып сабылад,

Ылғи түссіз бір сүр нәрсе жамылад, – деп, зәрін төккен зиялы қауым өкілдерінің қатары біздің заманымыздатым көбейіп кеткені шындық.

Ақын бұл өлеңінде зиялы қауым өкілі үшін, ең алдымен, ой тәуелсіздігі қажет екенін айтып отыр. Биліктен де, байлықтан да тәуелсіз болып, өз парасатың мен жүрегіңнің қалауы бойынша халқыңа қызмет ету – зиялылықтың бірінші шарты. Он тоғызыншы ғасырдағы орыс жазушысы Л. Толстой сынды биліктен де, байлықтан да тәуелсіз ғұмыр кешіп, елдегі саяси және әлеуметтік оқиғаларға Елбасымен бірдей ықпал ететін зиялы тұлға біздің бүгінгі қоғамда бар ма, сірә. Білмеймін. Ондай тұлға бүгінгі еліміз зиялыларының келер ұрпақтары қатарынан шықса да тәубә! Бұл қазақ «интеллектуалдық игі жақсыларының» жуық арада қоғамдағы ықпалды күшке айналуы неғайбыл деген сөз. Бәлкім мен қателесіп отырған шығармын. Ылайым солай болғай...

«Сезінбей өзгенікін, өзінікін

Аты өшкір оқығандар нетіп жатыр», —

деп жазады Мағжан алғашқы өлендерінің бірінде. Сол кездегі жап-жас жігіт қазақ зиялы қауымы арасында кейін меңдеген дертке айналар қатерлі құбылысты қалай аңғара білген десеңші?! Иә, «өзінікін өзгенікінен

айырмаудың», яғни маргиналдық құбылыстың зиялы қауым ортасынан басталып, бүгінгі күні қазақ қоғамының бірлігіне сызат түсіре бастағаны өтірік емес. Бұл дерттен қалай жазыламыз, іштен қоғам бірлігін қалай сақтап қала аламыз, ол енді басқа мәселе.

Болашақ қатерді алдын ала көре білу, артында ғасырлар бойы өшпейтін ұлағатты өсиет қалдыру, сірә, шынайы даналықтың көрінісі болса керек. Мағжан ақынның артында қалған мұрасы арасында бүгінгі біздің заманымыздың қордаланған проблемаларымен астасып жатқан ойлары мол-ақ. Солардың бірі – ана тілінің тағдырына қатысты.

«Ерлік, елдік, бірлік, қайрат, бақ, ардың  
Жауыз тағдыр жойды бәрін не бардың...

Алтын күннен бағасыз бір белгі боп,

Нұрлы жұлдыз, бабам тілі, сен калдың!» – деп, бұған да шүкіршілік еткен ақын ана тілінің сақталуын ұлттың өмір сүруімен тікелей байланыстырады. Ол тілді, ұлтты бір-бірінен бөлуге болмайтындығын, тіл мен ұлт ажырамас біртұтас екенін, оның бірінің жойылуы екіншісінің де күйреуіне алып келетіндігін өзінің «Педагогикасында» қадай айтады: «Тілсіз ұлт, тілінен айырылған ұлт, дүниеде ұлт болып жасай алмақ емес, ондай ұлт құрымақ. Ұлтының ұлт болуы үшін бірінші шарт – тілі болуы. Ұлттың тілі кеми бастауы ұлттың құри бастағанын көрсетеді». Мағжанның ойынша, ұлттық тіл жәй қарымқатынас құралы ғана емес, ол сол ұлттың, оның тарихы мен мәдениетінің өзіндік және бірегей болмысын танытады. Ол бұл туралы өз ойын былайша тұжырымдайды: «Бір ұлттың тілінде сол ұлттың жері, тарихы, тұрмысы, мінезі айнадай ашық көрініп тұрады. Қазақтілінде қазақтың... асықпайтын, саспайтын сабырлы мінезі – бәрі көрініп тұр».

Мағжанның бұл ойларынан қандай қорытынды шығады? Біріншіден, қазақ тілін білмейтін адамды толық қанды қазақ ұлтының өкілі деп есептеуге болмайды. Себебі, ол – тек ана тілін ғана емес, өз халқының ділін де, тарихын да, дәстүрін де, бір сөзбен айтқанда, барша

болмысын сезінбей өскен жан. Екіншіден, қазақ тілінің елдегі жалғыз мемлекеттік тіл ретіндегі қолданысын қамтамасыз ету міндеті – бүгінгі таңдағы жалаң лингвистикалық проблема емес, болашақта «қазақ ұлты сақталып қала ма, қалмай ма» деген тағдырлық сұраққа жауап беретін өзекті мәселе. Қазіргі басшы шенеуніктер, әсіресе қазақтар өздерінің баяндамаларын аз ғана қазақша бастап, «барлығымызға түсінікті орыс тілінде сөйлеуге рұқсат етіңіздер» деп сайрай жөнеледі. Осындай қалыптасқан жаман әдеттен тезірек арылуымыз қажет-ақ. Мемлекеттік тілді қоғамдық өмірдің барлық саласына жүйелі және белгілі бір мерзім ішінде енгізу үшін тіл туралы заңға жаңа баптар енгізген жөн. Бұл бізге қажет әлеуметтік жаһандану заманының талабы.

#### **д) Мағжан және түркі әлемі**

Мағжан Жұмабаев – тек бір ұлттың ішкі әлеуметтік проблемаларымен шектеліп қалмаған ойшыл. Дана ақын ойы қазақтың кең даласынан жоғары көтеріліп, бүкіл әлемді шарлап кетеді:

«Адамзат баласына енді көштім:

Япыр-ай, осындай-ау адамдағы

Бірі күшті, біреуі жамандағы

Күштісі әлімжеттік қылғаннан соң,

Дүние де жақсылықтан аман-дағы».

Иә, адамзат қауымындағы Мағжан заманында болған негізгі қайшылықтар бір ғасыр өтсе де шешімін тапқан жоқ. Керісінше, жиырма бірінші ғасырдың басында олар әлдеқайда күрделене түскен сыңайлы. Бұл әлемде күшті мен әлсіз, бай мен кедей қалай бейбіт қатар өмір сүре алады? Күштінің әлсізді жем қылуы, өз мүддесіне пайдалануы, өз ықпалында ұстауы өзгермейтін заң ба әлде? Бүгінгі жаһандану заманында талай елдің алдында тұрған осынау сауалдардың жауабы кезінде Мағжан ақынды да толғандырыпты. Қандай жауап тапқан дейсіз ғой. Ол, міне, мынау:

«Күшсіздер де тырысып, қатар болсын!

Дедім де жөнелдім мен қолым сермей!»

Қалай «тырысады», қалай «қатар болады»? Әрине, өзін-өзі дамыту, содан соң бір-бірімен бірігу арқылы. Мағжанның жұрттың бәрі айтып жүрген «түркішілдік» идеясы, яғни түркі халықтарының рухани және мәдени бірлігін жырлауы, міне, осыдан шыққан.

«Қарашы төңірекке мойның бұрып,  
Алтай, Орал бойында тұрған түрік.

Аты да, заты да жоқ, дыбысы жоқ,

Жоғалған әлдеқайда іріп-шіріп...» – деп, сонау замандарда ықпалымен жарты әлемді қалтыратқан түркі халықтарының бір-бірінен іргесі ажырағаннан соң, әркімге бодан болып кеткенін күйіне жырлаған ақын, ендігі әлемдегі күштілермен теңесудің бірден-бір жолы сол бірлікті қалпына келтіру деп біледі:

«Япыр-ай, айырылдық па калың топтан,

Шабылып қайтпайтұғын жауған оқтан?!

Түріктің жолбарыстай жүрегiнен,

Шынымен қорқақ құл боп жаудан бұққан?!

Шарқ ұрып ерікке ұмтылған түрік жаны,

Шынымен ауырды ма, бітіп халы?!

От сөніп жүректегі құрыды ма

Қайнаған тамырдағы ата қаны?!

Бауырым!

Сен о жақта, мен бұ жақта

Қайғыдан қан жұтамыз.

Біздің атқа лайық па құл боп тұру?

Жүр, кетелік Алтайға, ата мирас алтын таққа».

Алтай – түркі халықтарының бір алтын бесігі, өз тарихында мың өліп, мың тірілген ұлысқа пана болған, жойылып бара жатқан тәуелсіз елдігін сан мәрте қайтадан қалпына келтіруге қуат берген құтты мекен. Кезінде сақтар да, ғұндар да, түркілер де, тіпті, Шыңғыс хан да сол Алтайдан шығып, әлемнің жартысын жаулап алған. Мағжан ақын да сол даңқты оқиғаларды түркі жұртының жадына түсіріп, «күштілермен қатар болғымыз келсе, қайта бірігейік» деп жар салады.

Ақынның бұл ұлы арманы Кеңес Одағы ыдырап, әлем картасында түркі халықтарының жаңа тәуелсіз

мемлекеттері пайда болғаннан кейін ғана жүзеге аса бастағаны белгілі. Түркі халықтарының бүгінгі өзара саяси, экономикалық, мәдени және рухани қарым-қатынастарының даму қарқыны жаман емес, тіфа-тіфа, тіл-көзден сақтасын дейік.

Қазір қырықтан аса халық болып қалыптасқан барлық түркі жұртының әрбір баласы үшін жер бетінде ыстық та қастерлі екі мекені бар. Оның бірі – жоғарыда өзіміз айтқан Алтай, екіншісі – Түркістан. Мағжан өзінің «Түркістан» поэмасында былай дейді:

«Түркістан – екі дүние есігі ғой,  
Түркістан – ер түріктің бесігі ғой,  
Тамаша Түркістандай жерде туған,  
Түріктің тәңірі берген несібі ғой».

Шынында да, Түркістан екі дүниенің – Шығыс пен Батыстың – рухани есігі ғой. Бұл тек қана ақынның жеке тұжырымы емес, барша түркі баласының санасына мықтап орныққан түсінігі. Себебі, дәл осы жерде жеке үлгі-өнегесімен барша түркі жұртын ислам біліміне, сопылық іліміне ұйытқан, бұдан кейінгі танымы мен түсінігін қалыптастырған, алпыс үш жасында өз еркімен қылуатке түсіп, Хақ дидарын көруді, яғни дүниенің ақиқатына жетуді мұрат тұтқан ұлы піріміз Қожа Ахмет Иасауи тұрған. Себебі, дәл осы жерде ақтық аманаттары орындалған аруақты ата-бабаларымыз жерленген. Мұнда ақыл-парасатымен болашақты болжаған даналарымыз, қаһарымен алыс-жақын көршілерін қалтыратқан әміршілеріміз, қаһармандығымен кең-байтақ елін көз алартқан дұшпандардан қорғап қалған атақты батырларымыз бақилық орнын тапқан. Түркістанның пәни жалғаннан бақи дүниені жалғар қасиетті рухани қақпа аталатыны, міне, осыдан.

### **е) Батыстың ақыл-ойы және Шығыстың руханилығы**

Ұлт тағдыры, ұлыс бірлігі туралы «он ойланып, жүз толғанған» қазақ ақыны бірте-бірте әлемдік ойшылдар қатарына көтеріліп, жалпы адамзаттық проблемаларға

өзінше үн қатады. Адамдардың жаппай пайда қууы, өнер-білімнің өзін пайда табудың, біреуге зорлық жасаудың құралына айналдыру – адамзатты апатқа соқтыратын жол екенін Мағжан сол кезде-ақ сезінген. Пайдакүнемдік рационалдық ойлауға негізделген Батыс өркениеті ақынды қатты шошындырады. Шығыс философиясындағы сезімдік таным әдісі, пайдалылыққа емес, руханилыққа басымдық беру дәстүрі Мағжанды қатты қызықтырған. Әлемді апаттан құтқаратын Шығыстағы дәл осы руханилық нұры деп есептейді ақын:

Көп білем деп бөлуге,  
Көп күлем деп өлуге  
Жақын қалды Күнбатыс...  
Қысық көзді Күншығыс,  
Болсын соңғы бұл жүріс.  
Күнбатысқа жүрелік...  
Гүл қылайық қаласын,  
Ұл қылайық баласын,  
Мейірім есігін ашалық.  
Мұңдарларды адасқан, —  
– Айырылып естен шатасқан  
Күншығыстың жолына  
Салайық, шетсің демейік,  
Аямайық көмейік  
Күншығыстың нұрына...»

«Таспен атқанды, аспен ат» деп, қатігез адамның өзін мейірім шуағымен қайта тәрбиелеп алуға болатынына сенетін қазақ халқының ұлы гуманистік рухын бойына сіңіріп өскен Мағжан әлемді меңдеген «өзімшілдік» дертін де мейіріммен, руханилық нұрымен ғана жеңу қажет дейді.

Біз қазір төрткүл дүниенің Батысы мен Шығысы, Солтүстігі мен Оңтүстігі арасындағы тайталастың тым өршіп кеткенінің куәсі болып отырмыз. Не жасаса да пайдалылық принципін ғана ұстанған АҚШ пен Батыс әлем байлығының басым бөлігін бауырына басып қана қоймай, ғылым мен техниканың барша жетістіктерімен

мұздай жарақтанып алып, енді жұмыр жер бетіндегі адамзатты бірегейлендіруді көздеген жаһандану процесін бастап кетті.

Әрине, жер бетіндегі адамзат қауымы біртұтас. Бірақ олардың ұстанатын діни сенімі де, ділі де, дүниетанымы да, ойлау машығы да сан алуан. Әрбір ұлт пен ұлыс жаһанданудың аранында жұтылып кетпей, өзіндік ерекшелігін сақтап қалғысы келеді. Оған ықпалды да өзімшіл АҚШ пен Батыс бой берер емес. Бүкіл әлемге әлеуметтік құрылым туралы өз түсінігін, өзіндік ойлау машығын таңғысы келеді. Мұндай тегеурінге қарсы тұрар қауқары жоқ Шығыс не істей алады? Біреулер күрестің тым ұшқары түрі – жанкештілік (шаһиттік) пен лаңкестікті (терроршылдық) таңдап алуда. Ал қазақ ақыны Мағжан Жұмабаев осыдан бір ғасыр бұрын-ақ бұл тайталастың басты қаруы – Батысты Шығыстың «мейіріміне, руханилық нұрына» бөлеу деп айтып кеткен. Мағжан ақынның бүгінгі тәуелсіз Отаны – Қазақстан дәл осы бағыттың, Батыс пен Шығыс арасында өркениеттік сұхбат арқылы рухани келісім мен татулық орнату ісінің орталығына айналып келеді.

### **3) Адам құқы мен бостандығы**

Ұлт – ұлыс – жалпы адамзат қауымындағы саяси-әлеуметтік мәселелер туралы тереңнен ой толғаған Мағжан ақын әлемдегі барлық дау-жанжал мен қайшылықтардың түп тамыры жеке адамда, оның бойындағы ізгілік пен зұлымдықтықтың арақаты-насында жатыр деген тұжырымға келеді.

Ойшыл ақын адам болмысына жақсылық жасауға деген ұмтылыс пен жамандықтан бойын аулақ салу тән, «ізгілікке ұмтылу, жауыздықтан безу адамның жаратылысының өзінде бар нәрсе» деп есептейді. Мағжанның пікірі бойынша, «махаббат» және «ізгілік» сөздерінің мазмұны өте жақын, өйткені сүю ізгілікке ұмтылуды, қараниеттен аулақ болуды білдіреді. Бақытты өмір адам мен қоғамның, ұлт пен адамзаттың бірлігін қалайды. Адам бақыты, біріншіден, анаға, одан кейін

жақынына, Отанына сүйіспеншілігіне, екіншіден, ұлт пен адамзаттың жай-күйіне тәуелді. Адам өз заманы мен мәдениетінің перзенті, ол өзінің қызметінде өз ұлты мен адамзаттың мүддесін басшылыққа алады. Ой еркіндігі Мағжан дүниетанымының басты принциптерінің бірі. Еркіндік адамның өз ойы мен ісі үшін жауапкершілікте екенін білдіреді. Жауапкершілік сезімі адамның басқалармен бірге өмір сүру қажеттілігінен туындайды. Адамның ақылы мен ойы неғұрлым терең болса, соғұрлым оның жауапкершілік сезімі де жоғары.

Мағжан тылсым табиғатпен іштей тілдесе және сұхбаттаса отырып, оның сұлулығының алдында басын иеді:

«Көкке тиген биік тау,  
Құшақтасып тұманмен,  
Ақырын ескен жылы жел,  
Маужыратып тербетіп»

\* \* \*

«Сылдыр-сылдыр, сылдырлап,  
Бірінің сырын бірі ұрлап,  
Толқынды-толқын қуады.

Мағжан қазақ халқының шынайы өкілі ретінде әлемді, тарихты, кеңістікті «адам мен адам», «адам мен қоғам» және «адам мен табиғат» арасындағы үйлесім арқылы бейнелейді. Ұлы ойшыл адамның жан дүниесіне керекті бірден бір қасиет – қиялдың қалыптасуына жағдай тудыратын оның қоршаған ортасы деп санаған. Адам халықтың мүддесі тұрғысынан шынайы қиялдай білуге тәрбиеленуі керек, сонда ғана арман мен қиял адамды жақсылыққа, ізгілікке жетелейді.

Мағжанның көзқарасы бойынша, адамның әдемі пішіндерді, табиғаттың сұлулығын көру қабілеті, терең ойлау мен қиялдың ұшқырлығы күрделі таным процесі арқылы жүреді. Ақын жалпы «таным» деген ұғымды әртүрлі әдемі түстерден рақат алу, табиғат құбылыстарының жаратылысы, ондағы дыбыстардың сан алуандылығынан ерекше әсер алу деп түсінеді. Сұлулықты сезіну адамның өмірге деген

қызығушылығын, даналыққа құштарлығын, қабілетін арттырады. Ол эстетикалық талғамы бар адамның барлық уақытта жамандықтан жиреніп, ізгіліктің, жақсылықтың қажеттілігін сезіне білетіндігін баса айтады: «Сұлулық сезімдері адамның дұрыс, сұлу, ләззат іздеуіне, сұлу нәрсені сүюіне, көріксіз нәрседен жиренуіне, хатта жақсылыққа ұмтылып, жауыздықтан тиылуына көп көмек көрсетеді».

Ақын табиғат жайлы былай толғанады: «Үлбіреген гүл, күңіренген орман, сылдыраған су, былдырлаған бұлақ, шексіз-шетсіз қара-көк теңіз... Міне, осылар сықылды жаратылыстың сұлу заттары, яки искусствоның тылсымды жанды билеп алып кететін ән, күй, сиқырлы сөз... адамның көру сезімін сиқырлап барып, жанда сұлулық толқындарын туғызады».

Мағжанның философиялық көзқарасы бойынша, жан дегеніміз әлемді тануға бейім әрі адамның ерік күш-жігерін өзіне аудару, әдемі буын, тамаша дыбыс, ғажап түрмен (пішінмен) ләззаттану. Жан жамандыққа жиіркеніш сезімімен қарап, жақсылыққа, ізгілікке қарай талпынады. Философ-ақын адам үшін жанның қаншалықты мәнді екені жайында: «Адамзат дене һәм жан аталған екі бөлімнен тұрады, бұл екі бөлімнің соңғысы, яғни жан, адамзат үшін аса қадірлі болады, дұрысын айтқанда, адамға шын мағынасымен адам деген атты осы жан береді» деп жазады.

Мағжанның ойынша, жан дегеніміз оның көріну пошымдарының жиынтығы емес, ол құпия қалпында қалады. Тек тіл ғана жан құпиясына жақындай түсуге мүмкіндік береді.

Қазақ халқының дәстүрлі дүниетанымы арнасында Мағжан жанды, көбінесе, жүрек бейнесінде жырлайды:

«Өзгеріссіз өмір сорға айналмақ,  
Жүйрік жүрек сүр өмірде байланбақ.  
Шын адам сол – ылғи шаттық жырымен,  
Жүрек қалай қуса, солай айдалмақ».

Өз жүрегінің қалауымен, жан-дүниесінің тілегімен ғұмыр кешкен адам ғана бақытты дейді ақын. Бірақ

Мағжан ғұмыр кешкен заман ақынның өз жүрек қалауымен өмір сүруіне мүмкіндік бермеп еді. Содан да ол:

«Уланды жүрек, жан күйді,

Ішім толған қызыл шоқ.

Не себептен, тәңірі ие,

Денеге ем бар, жанға – жоқ», – деп күңіренеді, бұл пәнидегі өз ғұмырының, жалпы адамзат тіршілігінің мәніне ой жібереді.

Жалпы адам өмірінің мәні, өмір мен өлім проблемасы – философиядағы мәңгілік тақырыптардың бірі. Әсіресе, қазақ философиясында бұл тақырып терең зерделенген. Мысалға, өлімді өнердің күшімен кідірткен Қорқыт Ата ұлағатының өзі – әлемдік философиядағы мәңгілік проблеманың өзгеше шешімі болып табылады.

Ал, Мағжан «Қорқыт» поэмасын жазып, философиядағы өмір мен өлім тақырыбын өзінше қозғайды:

«Әншейін өмір деген ермек үшін,

Күні ертең соғар жүрек өлмек үшін.

Ойланып қалай ғана уланбассың,

Берілсе адамға өмір өлмек үшін».

Иә, адам – жер бетінің қонағы. Қазақ халқы бұл ақиқатты «өзекті жанға бір өлім» деп қысқа да нұсқа тұжырымдаған. Ал Мағжан болса, өлімді адамның жер бетіндегі ғұмырының аяқталуы деп қана емес, мәңгілік мекеніне аттануы деп бағалайды. Ажал адамның:

«Өлгені емес, жерді тастап кеткені,

Шын бақытқа ерте бастан жеткені».

Содан да ақын бір сәт:

«Жел күңіренбе, жасың тый

Өлім күйі – тәтті күй

Балқиды жаным бұл күйге

Мені де, өлім, әлдиле

Әлдиле, өлім әлдиле», —

деп, жер бетіндегі азап пен қасіреттен құтылып, мәңгілік тыныштық табуды аңсайды?

Жалпы Шығыс философиясында, оның ішінде қазақ философиясында да, адам баласының ертеңгі «бір өлім» туралы ойлануы оның имандылыққа, ізгілікке бет

бұруының өлшемі ретінде қарастырылады. Өлім туралы ойланған адам арамдық жасамайды, бұл пәнидегі ғұмырын мәнді өткізуге ұмтылады. Мағжан да өлім туралы ойлана отырып, бұл пәнидегі өз өмірінің мәні туралы тебіренеді:

«Ақылға кеш айналдым, қайран күнім,  
Бір күні құшағына алар өлім.  
Қара жерді құшақтап мен жатармын,  
Сол кезде не деп мені сынар елім?»

Кешегі кеңестік саясат ұзақ уақыт бойы осынау кемеңгер ақынның есімін де айтқызбай, халық жадынан ұмыттыруға тырысып бақса да, Мағжан жырлары қара түнектің өзін жарып шықты, сөйтіп өзі армандаған тәуелсіз қазақ елінің еркін ойлы азаматтарына мәңгілік рухани азыққа айналды.

«Жібердің басқа жұртқа жолбасшылар,  
Әр жұрттың жолбасшымен көзі ашылар.  
Не елші, не жол сілтер кітабы жоқ,  
Алашқа әлде жазғаны бар да шығар?» —

деп, бүгінгі күнді болжап кеткен ақынның сұңғылалығына тәнті бола отырып, нағыз сын сағатта елімізді тәуелсіздікке бастаған Жолбасшының да болғанына, жол сілтер кітаптардан да кенде қалмағанымызға мың да бір шүкіршілік етеміз.

Биыл 25 маусымда «Әз Жәнібек сендер бол, мен Асан болып өтейін» деп өзі жазғандай қазақ поэзиясындағы Асан қайғыдан басталған әлеуметтік ойшылдық сарынды ілгері дамытып, даналығымен адамзат өркениетінің келешегін көре білген жауһар жырларымен әлем әдебиетіндегі ерекше құбылысқа айналған ғұлама Мағжан ақынның туғанына 110 жыл толмақшы.

Шынайы поэзия туындысының қадір-қасиеті уақыт өткен сайын бедерлене түсетіні белгілі. Тарихи тұлға Мағжанның туған халқы мен адамзат өркениеті алдында сіңірген еңбегі де солай – ғасырдан ғасыр озған сайын өркештене түседі. Ал, тағдырдың ең бір қиын бұралаңдарында халқының бойына қуат берген, жігерін жанумен болған өткір Мағжан поэзиясы келер ғасырлардағы

толқын-толқын талай ұрпаққа ата-бабаларының мұңы мен шерін, арманы мен рухын ұмыттырмай, үнемі құлағына құюмен болары анық. Жер бетінде Қазақ елі мәңгі тұрғанда, осынау мәңгілік сарын да ешуақытта үзілмейді және сөнбейді. Оған ешкімнің ешқандай күмәні болмас. Сонымен қатар оның рухани мұрасында өз халқының жарқын болашағына мол сенімі, жалпы сенім басты құндылық ретінде тереңірек қарастырылған.

Мағжан поэзиясындағы адам құқы мен бостандығы ұлттық пен жалпыадамзаттық құндылықтар, поэзия мен философияның арақатынасы, ой еркіндігі, адам болмысы мен имандылығы, әлеуметтік таным мәселелері, Мағжанның ойлау мәдениеті және дүниетанымы қазіргі күні әлеуметтік жаһандану тұрғысынан жүйелі және тереңірек философиялық-дүниетанымдық зерттеуді қажет етіп отыр.

Ең бастысы, этностық құрамы ала-құла еліміз әлеуметтік-экономикалық дағдарысқа ұшыраған мемлекеттер жиі жолығатын аласапыран егес қатерін айналып өтіп, халықтың басым көпшілігі тыныштық пен орнықты дамудың қадір-қасиетін ұғынған тәрізді. Дұрысы – Елбасымыз баршамызға ұғындырған тәрізді.

Осы айтылған жағдайлардың бірқалыпты дамуының өзі-ақ біздің Президентімізге өз халқының алдында да, әлемдік қауымдастықтың алдында да жеткілікті саяси капитал әперер еді. Бірақ өткен жылдың соңында елімізде әлем назарын аударған екі үлкен оқиға өтті. Бірі – Қазақстанның жаңа Астанаға түпкілікті көшуі болса, екіншісі – Қазақстанның келер ғасырдың 30-шы жылына дейінгі даму стратегиясының жариялануы. Және бұл екі оқиғаның да ішкі мүмкіндіктеріміз бен болашақ ұлттық мүдделерімізді ғылыми таразылаудан туған іргелі шешім екендігіне мәселенің мәніне бажайлап қарай білетін алыс-жақын жұрттың көзін жеткіздік. Сірә, әлем жұртшылығы қанымызда сақталған барыстық мінез ұшқынын әлден-ақ аңғара бастаған болар.

Әсіресе, біздің еліміз дамуының 2030-шы жылға дейінгі стратегиясында айтылған тұжырымдамалар-

дың ғылыми негізділігі мен тегеурінді қарқыны әлемнің әр түкпіріндегі сан түрлі саяси-әлеуметтік үрдістерге куә болған сарытіс саясаткерлердің өзін таң қалдырғаны анық.

Сонымен, енді 32 жылдан кейін еліміздің қандай болатынын әрқайсымыз көз алдымызға елестетерліктей нақты кезеңдерден тұратын стратегиямыз бар. Мақсат айқын болмай бағыт түзу болмайды. Осыған орай дйттеген нысанаға жету жолдары да белгіленді. Сағат іске қосылды.

Жоқ, бұл жарыс емес. Бұл – халқының саны аздығына қарамастан Еуразия құрлығының дәл ортасындағы әлемдік мүдделер мен коммуникациялар желісінің болашақ торабына айналуға тиіс маңызды да кең байтақ геосаяси аймақты алып жатқан, жерінің асты қазынаға толы үлкен елдің ұлан-асыр даму көшінің басталғаны. Демек, біз – бүгінде санымыз он алты миллионның о жақ, бұ жағынан аспайтын бүкіл қазақстандықтар басталып кеткен ауқымды әлеуметтік, экономикалық және саяси үрдістің сырттай қызықтаушылары ғана емес, тікелей қатысушылары мен оны іске асырушылары екенбіз.

Қоғамдық-әлеуметтік даму үрдісінің сәтті болуы, ойлаған жоспар-лардың көңілдегідей орындалуы ең алдымен, оны жүзеге асыруға қатысатын адамдар әрекетінің тиімділігі мен белсенділігіне байланысты. Халықтың көпшілік бөлігі елдегі биліктің негізгі иесі болып табылатын демократиялық қоғамда тұрғындардың басым бөлігінің еркі мен көңіл қалауы шешуші фактор болып саналады. Әрі-беріден соң, еліміздегі өтпелі кезеңде жіберілген кейбір тактикалық қателіктер мен соның салдарынан туындап жатқан тұрмыстық қиындықтарға тек билік басындағылар ғана кінәлі емес, оған баршамыздың да қатысымыз бар (мен бұл мәселеге кейінірек тоқталмақпын). Міне, сондықтан, Президентіміздің Қазақстан халқына Жолдауында таяу болашақтағы дамуымыздың шешуші факторы ретінде адамды және оның дүние-танымын жетілдіру мәселесі алға шығарылып отыр. Егер сіз бен біз өмір талабына сай

өзгермесек, сана мен психология өзгермесе, бағдарлама сол бағдарлама күйінде әдемі қиял боп қалмақ.

«Жаман айтпай жақсы жоқ» дейді халқымыз. Үш жүз жыл бойғы бодандық бұғауы санамыз бен мінез-құлқымызға әбден сіңіріп тастаған масылдық, көкезу ақылгөйлік, енжарлық, күншілдік, дарақылық, жікшілдік сияқты жаман әдеттер тағы да бойымызды жаздырмай, іс-әрекетімізді тұсап, Елбасымыз көрсеткен ілгерілеу бағытынан жаңылсақ немесе белгіленген қарқыннан кешіксек, онда тағдыр аяқ астынан қолымызға ұстатқан тарихи мүмкіндіктен – Қазақстан халқының бүгінгі әлемдік өркениет үлгісіне сай, іргесі берік, дамуы орнықты дербес мемлекетін құру мүмкіндігінен айырыламыз.

Қоғам дамуының ағымдық және ұзақ мерзімдік бағдарламаларының бәрі адамды әлеуметтік тұрғыда қорғау мен дамыту ісінен басталып, осы міндетті жүзеге асыру оның бүкіл өн бойындағы негізгі арқауына айналып, аталған мәселенің жоғары деңгейде шешімін табуы түрінде түйінделуі тиіс.

Демек, халықтың басым көпшілігінің төзімділігі мен сабырлылығының көмегімен, Елбасымыздың парасатты саясатының арқасында макротұрақтылыққа қол жеткізген Қазақстан Республикасының ендігі орнықты дамуы, сөйтіп, бірте-бірте орталық Азияның жас «барысына» айналуы, ең алдымен мемлекеттің басты байлығы – адамдардың заман талабына сай өзгере алуына байланысты екен. Ендеше, бүгінгі таңда «Біз осы қазір кімбіз? Ертең қандай болуымыз керек?» деген сұрақтардың жауабын табу таза қоғамдық ғылымның міндеті шеңберінен шығып, өткір өмірлік мәселе санатына қосылған екен. Және бұл сауалдың жауабы билік басындағылардың немесе мамандардың шағын тобынан емес, халықтың көпшілігінің шынайы сенімінен туындап, берік мұратына, күнделікті іс-әрекетінің қозғаушы күшіне айналуы қажет. Сондықтан, Президентіміз белгілеген еліміздің стратегиялық даму бағдарламасын жүзеге асыруға кіріскен алғашқы күннен бастап, алды-

мен, осы сауалдардың жауабын айқындап алмай болмайды. Сонымен...

### 3.10 Біз қазір кіміз?

Елбасымыз Қазақстан халқына Жолдауында сегіз түрлі ішкі басымдықтарымызды атап өтсе, оның алтауы адамға, яғни бүгінгі біздің болмысымызға қатысты.

Керісінше, Елбасымыз астын сызып көрсеткен қазіргі таңдағы сегіз түрлі босаң тұстарымыздың да алтауы бәріміздің бойымыздағы кемшіліктің салдары екен.

Бұл не? Заңдылық па, жоқ әлде қайшылық па? Талдап көрелік.

«Қоғамымыздағы өзгерістер ықпалымен, өзіміз көбіне оны түйсіне де бермей, құндылықтардың сапалық тұрғыдағы өзге жүйесі мен адамдық қарым-қатынастардың жаңа түріне дағдылана отырып, өзіміз де түгел өзгердік, – деп жазылған Жолдауда, – Қысқасы біз азаттық алдық. Мемлекеттік-ұжымдық дүниетанымның жекешіл дербес дүниетаныммен ауысуы біздің өміріміздің әрбір қырын өзгертті» (астын сызған біз – Ә.Н.).

Бұл – біздің ішкі басымдықтарымыздың бірі. Ал, босаң тұстарымыз ше? Бірінші босаң тұсымыз: «... Бұл коммунистік принциптер рухында тәрбиеленген адамдардың бірнеше ұрпақтары қалыптастырған біздің діліміз. Кейбіреулер жақында болған өзгерістерді ынта-жігерімен пайдаланды, бірақ басым бөлігі олай істеген жоқ. Адамдарға субъективтік және объективтік факторлар ықпал етеді, олар болып жатқан өзгеріс-терге баяу бейімделіп, өз мәселелерін шешуде бұрынғысынша мемлекеттің көмегіне иек артып отыр. Мұндай фэлсәфа мен тұрмысқа деген көзқарас олардың жаңа қиындықтарға төтеп беруіне бөгет болады, күш-қуаты мен іс-әрекет жасау талабынан айырады...

Біз бұл ретте жаңа құндылықтар жүйесіне тезірек бейімделіп кеткен, болашаққа жаңаша көзқарасы бар

жас ұрпаққа сүйене отырып, бұқаралық сананы төзімділікпен жаңғыртуға тиіспіз.

Адамның ой-санасын бір сәтте өзгерту мемлекеттің қолынан келмейді. Бірақ мемлекет өзгерістер үрдісін объективті тенденцияларды түсіндіру, маңызды ақпаратты халыққа жеткізу жолымен және де, ең бастысы, өзіндік молшылыққа бағытталған әлеуметтік-экономикалық саясатты іске асыру жолымен жеделдетуге қабілетті. Адамдардың жаңа дүниетанымы қалыптасқанша ондаған жылдар қажет болады» [21].

Президентіміздің Қазақстан халқына Жолдауындағы бұл тұжырымдарды толығырақ келтіріп отырған себебim – дәл осы жолдарда қазіргі замандастарымыздың біршама бөлігінің ащы трагедиясы жатыр. Бұл трагедияның тамыры тек «коммунистік рухта тәрбиеленгенімізге» ғана барып тірелмей, одан да тереңірекке кете ме деген күмәнім бар...

Жоспарлы экономикадан нарықтық экономикаға көшу қай елге де оңай болмаған. Атақты поляк реформаторы Бельцерович бұл процесті «балық сорпасынан қайтадан аквариум жасаумен бірдей іс» деп сипаттайды. Дегенмен, социалистік идеологияға негізделген экономика-сын аз уақыттың ішінде нарыққа бейімдеп, әлемдік өркениет санатына сеніммен қадам басқан Қытай, Чехия, Венгрия сынды елдер бар. Балтық теңізі жағалауындағы кешегі еншілестеріміз де кедейлікке ұрынып, суыққа тоңбай-ақ дербес мемлекеттерін нығайтып жатыр.

Әрине, салыстырмалы түрде, Қазақстанның жағдайы да тым жаман емес. Бірақ...

Біріккен Этностар Ұйымының Даму бағдарламасы шеңберінде 1997 жылы жарық көрген «Қазақстандағы адамдық даму туралы Есебіне» (оны даярлауға мен де қатынасқанмын) қарағанда біздің еліміз адам әлеуетінің даму индексі (индекс развития человеческого потенциала, қысқаша, ИРЧП) бойынша 1997 жылдың басында әлемнің 174 елінің арасында 93-ші орын (1992 жылы 72-ші орында еді), ал бұрынғы КСРО құрамында болған

елдер арасында 7-ші орын (1991 жылы 9-шы орында еді) иеленген. Біздің алдымызда Эстония, Латвия, Литва, Ресей, Бела-русь, Армения елдері тұр. Адам әлеуеті даму индексінің негізгі төрт өлшемі: тұрғындардың өмір жасының орташа ұзақтығы, ересек тұрғындардың сауаттылық дәрежесі, 6 мен 24 жас аралығындағы өскелең ұрпақтың барлық деңгейдегі оқу орнына тартылу пайызы және елде өндірілген жалпы ұлттық өнімнің жан басына шаққандағы мөлшері (АҚШ долларымен саналған) бойынша анықталатынын ескерсек, жоғарыда келтірілген дерек қарама-қайшы ойларға жетелейді.

Біріншіден, 1990-1995 жылдар аралығында қазақстандықтардың өмір жасының орташа ұзақтығы 4,7 жылға қысқарған.

Екіншіден, осы аралықта елдегі барлық деңгейдегі білім алушылар саны 39 пайызға азайған.

Үшіншіден, осы кезеңде елімізде өндірілген ұлттық табыстың жан басына шаққандағы мөлшері 7 есе азайып, бұл көрсеткіш бойынша біз 1995 жылы әлем мемлекеттерінің арасында 129-шы орынға сырғыдық. Тек соңғы екі жыл ішінде ғана экономикамыздың құлдырауы тоқтап, өндірістің кейбір салаларының, соған сай ішкі ұлттық табыстың баяу да болса өсуі байқалады (мысалы, алдын ала есептеулер бойынша бұл өсім 1997 жылы 2 пайызға жетіпті). Осының нәтижесінде жалпы ұлттық табыстың жан басына шаққандағы мөлшері өсіп, біз 1997 жылдың басында бұл көрсеткіш бойынша бұрынғы КСРО елдері арасында 6-шы орынға көтерілдік.

Алайда, әлеуметтік-экономикалық дамуымыздың мұндай қарқыны Қазақстанды келер ғасырдың жас барысына айналдыра қоюы екіталай. Расында да, кең байтақ жеріміздің асты толған байлық, шетелдік қаржыларды экономикамызға тарту жөнінен, тіпті, халқының саны да, жері де ұлан-ғайыр Ресейді артқа тастап, бұрынғы социализм елдері арасында Венгриядан кейінгі екінші орынды иеленіп отырмыз. Құдайға шүкір, ұлтаралық егес дертінен аманбыз, іргеміз бүтін, сыртымыз тыныш. Олай болса, дамуымыздың қарқыны неге

төмен? Неге біз адамдардың тұрмыс деңгейінің негізгі көрсеткіштері бойынша ағыл-тегіл байлығы жоқ Беларусьтен немесе күні кеше ғана жойқын жер сілкінісінің зардабы мен көрші елдегі ұлтаралық соғыс шығынын көтеруге мәжбүр болған Армениядан кейін қалып қойдық?

Әрине, бұл орайда жеріміздің кең-байтақ болғанымен, инфрақұрылым жүйесі мен коммуникациялар желісі дамытылмағанын, бізге Кеңес Одағынан негізінен шикізат өндіруші немесе шикі өнім шығаруға бейімделген кәсіпорындар ғана мұраға қалғанын, бұрын біртұтас жүйенің құрамдас бөлшегіне айналып, әбден байланып-маталған эконо-микамызды дербестендірудің үлкен зардаптарға алып келгенін, жер асты байлықтарымызды әлемдік рынокқа шығаратын құбыр желілері мен арзан тасымал жолдарының жоқтығын т.б. тілге тиек етуге болар.

Бірақ, негізгі себеп бұл емес. Негізгі себеп: дамудың қуатты қозғаушы күші болып табылатын халықтың басым көпшілігінің экономикалық өзгерістерге белсене араласпауы, жаңа құндылықтар жүйесіне тезірек бейімделе алмауы. Басқаша айтқанда, сіз бен біздің жағдайды түсінуіміз, Елбасымыз жүргізіп отырған саясатқа ауызша қолдау білдіруіміз, төзімділік пен шыдамдылықтың ерен үлгісін танытуымыз жеткіліксіз болатын. Реформаның объектісі қалпында қалмай, экономикалық белсенді субъектіге айналуымыз қажет-ақ еді. Мұндай белсенділікке, яғни ашық экономика мен еркін кәсіпкерлікке негізделген демократиялық дербес мемлекетімізді құруға көпшілігіміз дайын болмай шықтық. Тіпті, біздің жаппай жайбарақаттығымыз бен бұрынғы теңгермешілік дүниетанымға бауыр басқан күмәншілдігіміз үкіметке қолбайлау болып, кейбір экономикалық реформаларды батылсыз, баяу, жарты-кеш жүзеге асыруға мәжбүр етті. Адамзат тарихындағы ұлы ойшылдардың бірі Иммануил Кант адамға дамудың құралы деп емес, дамудың түпкі мақсаты ретінде қарауды өсиет етіп кетті.

Алайда, еркін кәсіпкерлік пен пайда табуға ұмтылушылықты дамудың қозғаушы күші деп білетін Адам Смит тұжырымы бүгінде әлемде салтанат құрып тұр. Өз елдеріндегі күшті әскери қуат пен трансұлттық компаниялардың көл-көсір байлығының шексіз мүмкіндігіне арқа сүйеген, адамзат өркениетінің біз әлі қадіріне жетіп болмаған жаңалығы – ғаламдық ақпарат алмасу жүйесін шебер жолға қоя білген бүгінгі Адам Смит ізбасарлары Платон мен Марксті тәрк етіп қана қоймай, «байлық – біз іздеп жүрген нәрсе емес, ол тек сол нәрсені іздеп табу жолында пайдасы тиетін дүние ғана» деген Аристотельдің уәжіне де әжуамен қарайды... Хайек пен Поппердің жеке адам құқығы мен өндіріс құралдарына тұтастай жеке меншікті бәрінен биік қоятын «ашық қоғам» туралы идеясын ту еткен «жаңа оңшылдар» қазір батыстың дамыған елдерінің бәрінде дерлік билік тұтқаларын иемденіп бітті. Олар, тіпті, соғыстан кейінгі жылдары өз елдерінде социализм емес, бірақ «жалпыға бірдей молшылық қоғам орнатуға» тырысып, халыққа әлеуметтік қамқорлық жасау жүйесін жан-жақты құрып кеткен саясаткерлердің аға ұрпағының іс-әрекеттеріне консерваторшылдық деп баға бере бастады. Қысқасы, ақпарат пен қаржы желілері арқылы біртұтас кеңістікке айналған дүниедегі адамдардың бәріне өндіруші немесе сатып алушы деп қарау, ал экономикалық байлықты әлемге билік жүргізудің басты құралы деп бағалау батыс елдеріндегі ішкі және сыртқы саясаттың негізгі бағытына айналған сыңайлы.

Күншығыс елдерінде бұл бәсекеден тыс қалғылары жоқ. Жапониядағы, Оңтүстік Кореядағы, Қытайдағы, Сингапурдағы т. б. елдердегі соңғы экономикалық секіріс тұрғындардың басым көпшілігінің күш-жігерін жұмылдыру нәтижесінде жүзеге асқан «жұмбақ «екендігі белгілі болып отыр. Олардың ішінен суырылып шыққан ірі іскерлері ендігі жерде, реті келсе баюдың бұл тәсілін даму көшінен кенже қалған көршілеріне (мұның ішінде біз де бармыз) қолданып көрмек.

Ал, «Оңтүстік» деген ұғым қазіргі әлем саясаткерлерінің тілінде тек кедей, дамушы елдерге қатысты

ғана қолданылады. Және бұл ұғым аясына ашық демократиялық қоғам тұрмақ, ислам қағидалары мен ежелгі ел басқару тәртібін қатаң сақтап отырса да, мол мұнайларының арқасында әлемнің «отын-қуат» қоймасына айналған, соған сай қазіргі таңдағы саяси және экономикалық ықпалды күш болып табылатын Таяу Шығыс елдері енбейді. Міне, әлемдегі осындай ба-сым дүниетаным мен пиғыл ахуалы белең алып тұрған заманда, атамзаманғы қасаң саяси және экономикалық қағидалар шылауынан ажырамаймын деп әлемдік өркениет дамуынан кеш қалып, ақыры ыдырап тынған алып империяның бір сынығынан бөлек елге айналуға талпынған Қазақстанның алдында таңдайтындай көп жол жоқ-ты.

Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында бәріміздің бөркімізді қара қазандай етіп дүрдиткен үміт – анау араб елдеріндегі сияқты мол мұнай мен басқа да қазына байлықтар біздің жеріміздің астында да бары рас еді. Бірақ, ол байлықты зерттеп, өндіріп, өңдеп, өзгелерге пұлдап сататындай, түскен ақшаны ел мұқтажына, халықтың әл-ауқатын көтеруге жұмсайтындай күнге жету үшін де қыруар қаржы мен ондаған жылдар қажет болатын. Мұндай көп қаржы жаңадан мемлекет боп құралып жатқан Қазақстан тұрмақ, әлемнің алтыдан бір бөлігін ғасырлар бойы емін-еркін билеп келген бұрынғы Ресей, кейінгі КСРО империясының қазынасында да қалмаған-ды. Оның үстіне, Еуразия құрлығының дәл орталығына орналасқан Қазақстанның өз өнімдерін әлемдік базарға төте жолмен апаратын құбыры да, кеме көлігі жоқ.

Сонда не істеу керек? Әлемдік өркениетке қарай тәй-тәй басқан жас мемлекеттің буынын бекітетін, аңғал-саңғал жайрап жатқан ел экономикасының жыртығын бүтіндейтін, сөйтіп біртұтас тиімді экономикалық жүйеге айналдыратын амал бар ма? «Жаңадан велосипед ойлап табуға әуреленудің қажеті жоқ, өзге жұртты ұшпаққа жеткізетін жол бізге де жат емес» деген қанатты сөз, міне, осы кезеңде жиі айтылғаны бәріміздің есімізде.

Жоғарыда атап өткеніміздей, Батыстағы да, Шығыстағы да өзге жұртты ұшпаққа жеткізген жол біреу ғана еді: әлемдік қаржы көздері мен озат технологиялардың еркін ағылып келуіне, жеке адамдар еркі мен жекеменшік кәсіпорындар мүддесінің жүзеге асуына мүмкіндік беретін **ашық қоғам** орнату; өнімнің (қызметтің) бағасы мен сапасын, мөлшері мен бағытын өзінен өзі реттеп отыратын, барша өндірісті (қызмет көрсету желісін), басқаша айтқанда, елдің бүкіл экономикасын үнемі жетілуге, ілгері жылжуға мәжбүр ететін **нарық заңдарына** көшу; барлық адамдарға бірдей құқық беретін, олардың күш-қабілеттері мен ақыл-ойларының, қоқан лоқысыз, әділ бәсекелесе алуына жағдай туғызатын, саяси-әлеуметтік егестердің бейбіт жолмен шешуіне мүмкіндік беретін **демократия** принциптерін қабылдау. Мен ашық, қоғам, нарық, демократия ұғымдарын әдейі бөліп көрсетіп отырмын. Себебі, көп жұрт шатастырып жүргендей, бұлар синоним ұғымдар емес. Нарық заңдары шектелген елде де ашық қоғам орнауы мүмкін. Ал, демократия ашық қоғам орнатудың құралы ғана. Алайда осы үш ұғымды біріктіріп тұрған ортақ арқау бар, ол жеке адамға берілген бостандық пен соған жүктелген жауапкершілік. Бұрын ұжымға, қауымға, қоғамға жаппай үміт артып, иек сүйеп келсек, ендігі жерде тұлғалық таңдау құқығы, жеке адамның белсенділігі мен білігі, саналылығы мен адалдығы, күш-қуаты мен қаржысы көп рөл атқармақ. Қоғамдағы жеке адамдардың осы қасиеттерінің ортақ жиынтығы сол қоғамның даму қуатың ілгерілеу қарқынын айқындамақ. Елде іскер де білімді, адал да ақылды, қажырлы да бай адамдар неғұрлым көп болса, сол елдің көші көлікті, жүрісі жылдам.

Өзге жұрт әлдеқашан ұрынған осы ақиқатты біз қазір ғана түсіне бастаған тәріздіміз. Егер, шынымен-ақ түсіне бастасақ...

Бүгінде «бұрынғы ортақ байлық шағын ғана топтың қолына көшті, жұртты қайыршылыққа ұшыратып, бәрін өздері бөліп алды» деген күңкілді қаладан да, даладан да жиі естиміз. Шынымен-ақ елімізде байлар көбейгеніне

қуанып, жаппай кедейшілікке қатгы қынжылар едім. Бірақ бай мен кедей өте тығыз байланысты. Әлемдегі ашық азаматтық қоғамда тек байлардан немесе тек кедейлерден тұратын мемлекет жоқ. Бірақ, күн сайынғы ішкі-сыртқы аппарат тасқынынан қанша іздесем де, қазақтан шыққан, қазақстандықтар арасынан пайда болған миллиардтаған қаржысы бар алпауыттың аты-жөнін таба алмадым. Егер ондай адам табылса, Соколов-Сарыбай комбинатын «Айведонға» беріп, елді отпен, жылумен қамтамасыз етіп отырған газ құбырларын «Трактебельге» сатып, нәтижесінде жер түбінен келген сырбаз шетелдік әріптестеріміздің өз елдеріндегі банктерінен алған несиелерінің пайыздары мен барыс-келіс шығындарын төлеуге мәжбүр болып отырмас едік қой.

Иә, біз отандық экономикамызды өрге сүйрейтін, жеке қаржысын ішкі өндіріске жұмсап, жұртты жұмыспен қамтамасыз ететін, мемлекет қазынасын ауқымды салықтық түсіммен молайтатын өзіміздің кәсіпкерлерімізді қалыптастыру үстіндеміз. Әлемдік өркениет үлгісіне тезірек көшіп, өз мойнын артық жүктен шапшаңырақ азат етуге ұмтылған, ол үшін ішкі және сыртқы қарым-қатынастарда нарық заңын іске қосуға асыққан мемлекет те бұрынғы ортақ меншіктегі ірілі-ұсақты кәсіпорындарды жекешелендіру кезінде осы бір әлеуметтік-экономикалық маңызды мәселені ескермеген тәрізді.

Қазақ халқының дүниетанымындағы «қой үстіне бозторғай жұмыртқалайтын заман» үлгісі орындалмайтын арман ғана. Кез келген қоғамда біреудің біреуге тең болуы мүмкін емес. Әлеуметтік әділеттілік принципі дегеніміз әрбір адамға берілген бостандық пен таңдау теңдігі ғана. Ол мүмкіндікті біреу ақылмен пайдаланып, қажымай күш-жігер жұмсап бай болады, біреу жалқаулыққа салынып, ақылы не төзімі жетпей кедей болады. Яғни Абайша айтсақ, «Жақсылық, жамандықты жаратқан – Құдай, бірақ қалдырған құдай емес, ауруды жаратқан – құдай, ауыртқан құдай емес, байлықты, кедейлікті жаратқан – құдай, бай қылған, кедей қылған құдай емес».

Мәселенің мәні – қолыңнан келсе ерен еңбегіңмен бай болуға ты-рыс, бірақ өз қатарыңнан оза шыққан отандасыңды күндеме, аяғынан шалма, керісінше, тілекші бол. Себебі, ол өзіне ғана байлық жинап жатқан жоқ, елдің байлығын молайтып, ертеңімізге қызмет жасауда. «Қой асығын қолыңа ал, қолайыңа жақсы сақа қой «дейтін де,» Өзіне ар тұтқан жаттан зар тұтады» дейтін де мақалды айтып кеткен сол біздің қазақ емес пе?!

«Бай бір жұттық, ер бір оқтық» деп, дүниенің баянсыздығына налып, бес күндік өмірдің қызығын мол қамтып қалуға үндейтін біздің қазақтың дүниетанымында тағы бір кілтипан бар. Айтпақшы, мұндай мінез өз көршіміз орыс халқынан да байқалады. Сірә, бұл жеріміздің кеңдігінен, ғасырлар бойы қысылып-қымтырылмай емін еркін ғұмыр кешкен жайбарақаттылықтан қалыптасқан діл (менталитет) ме екен? Әлде, жеке-дара тіршілік еткеннен гөрі, бір-біріне көмектесе, қауымдаса өмір сүруге дағдыланған, көрші-көлем мен ағайынның ешуақытта аштан өлтірмейтініне әбден сенген елдің психологиясы мен қанына сіңген қасиет пе?

Осындайда Макс Вебердің «бүкіл батысты өркениетке жеткізген протестанттық еңбек этикасы» деген пікірі еске түседі. Байқап қарасақ, жылына 7-ақ күн еңбек демалысын алатын анау жапондардың еңбек тәртібінің негізінде де будашыл рух күші жатыр. Ал, мұндай еңбек этикасын біз қайтіп қалыптастырамыз.

Бұл сұрақ кезінде ұлы Абайды да қатты мазалаған. «... құдай тағала қолына аз-маз өнер берген қазақтардың кеселдері болады. Әуелі – ... өнер арттырайын деп, түзден өнер іздемейді. Екінші – ... бір-екі қара тапса, малға бөге қалған кісімсіп, «маған мал жоқ па?» дегендей қылып, еріншектік, салдау-салғырттыққа, кербездікке салынады...». Дала кемеңгерінің осы сөзін оқығанда есіме алыпсатарлықтан тапқан азын-аулақ ақшасын ырду-дырдуға құртып жүрген бүгінгі желөкпе «бизнесмендер» оралады.

Замандастарының бойындағы оғаш мінездерге жаны ауыра езіліп, туған жұртының арасынан елін

ілгері сүйрер дара тұлғалар, өрелі азаматтар іздеген Абай зары күні бүгінге дейін өз зәрулігін жойған жоқ. Елбасымыз бастаған санаулы азаматтарымыздың жас мемлекетіміздің ілгері дамуын шапшаңдатуға ұмтылған күш-жігері, егер көпшілік тарапынан белсенді қолдау таппаса, есіл еңбек күйінде қалуы мүмкін. Азаматтық өрелілік, елжанды жанқиярлық дәл бүгінгі өтпелі кезеңде жетіспей жатыр. Бұған мысал іздеп қиналмай-ақ қазіргі ауыл мәселесін алыңыз...

Дербес мемлекетке айналған тұста біз алып империяның азық-түліктің негізгі түрлеріне деген мұқтажын өтеуге бейімдендірілген аграрлық ел едік. Әрі «әйтеуір бір нәрсемен айналысып, әлеуметтік ши шығарып жүрмесе болды» деген жымысқы саясат та бар болар, әйтеуір қияндағы құмның арасына дейін колхоз, совхоз құрылып, нәпақалық жалақы алу мүмкіндігіне ие болып келгеніміз рас. Империя ыдырады. Енді халықтың жартысына жуығы қоныстанған әлгі қаптаған колхоздар мен совхоздарға қажетті қыруар қаржыны тауып отыруға жас мемлекеттің шамасы жетпей қалды. Ал, олардың өз беттерімен өндірген өнімдерін пұлдап өткізіп, еңбеккерлеріне қаржы тауып беруге қауқары жоқ еді. Ішкі базарға көп азық-түліктің қажеті жоқ, алысқа жеткізуге күш аз болды. Оның үстіне шикіөнім күйінде ғана алынатын біздің ауылшаруашылығы өнімдеріміз өзіндік құны жағынан әлемдік бәсекеге төтеп бере алмайтын болып шықты. Мысалға, табиғаты да, ауа-райы да өзімізбен бірдей Канадада әр гектардан 50 центнерден астық алынса, біз 8-10 центнерден егін орғанымыздың өзін үлкен жетістік санадық.

Енді не істеу керек? Үкімет амалсыздан ауылшаруашылығы кәсіпорындарын жекешелендірді. Сөйтіп, 1991 жылдың басында 2183 кәсіпорындар болса, ол 1997 жылдың қаңтарының басында 77-ге дейін қысқарды. Бұл шешімнің баяғы партиялық науқан түрінде жүзеге асқаны сондай, ауыл-ауылда санақмен ұғып болмас аласапыран басталды. Бір ауылда құны пәленбай мың доллар тұратын қозы сою цехын пайға таласқандардың

тақтайларына дейін талқандап бұзып алғанын естігенде жағамды ұстағаным бар. Парасатты азаматы бар жұрт осындай да есерлікке бара ма сірә? Ал, әлгі тақтайды бес күн отқа жақты делік. Сонда не боды? Одан да, тұтас цехты қаржысы бар кісіге пұлдап сатып, ақшасын бөліспей ме ең болмаса?

Нәтижесінде ауылда жұмыссыздық басталды. Пайға алған мал ұстағанның қолында, тістегеннің аузында кетті. (Әрине, жағдай барлық жерде мұндай емес шығар). Халық, әсіресе, жастар үлкен қалаларға үдіре көше бастады. Мұны әлеуметтік ғылым тілінде «кенттену» дейді. Кенттену үрдісінен үлкен-кіші халықтардың бәрі де өткен. Бірақ бұл үрдістің біздің еліміздегі бүгінгі қарқыны көңілге қатер ұялатады. Ойлап қараңыз, ресми мәліметтерге сүйенсек, 1996 жылдың аяғында Қазақстандағы халықтың 44 пайызы ауылда тұрған екен, ал 1997 жылдың аяғында бұл сан 35 пайызға дейін азайған, әлі де азая бермек, ол – заңдылық. Мені алаңдататыны үрдістің өзі емес, қарқыны. Бір жылдың ішінде ауыл тұрғындарының 10 пайызға жуығы және күш-қуаты толысқан нағыз белсенді бөлігі үлкен қалаларға қоныс аударды делік. Олар қайда, қалай орналасты? Мұны қадағалап отырған кім бар? Егер кейбір саясаткерлер «қара базар» соның бәріне жұмыс тауып береді деп үміттенсе қателескені. Қара базардың да өз заңы, өз мүмкіндігі болады. Торығу, қылмыс, маскүнемдік, анаша құмарлық осы иесіз қалған, жақсылықтан үмітін үзген топтан шықпай ма?

Тағы да ресми мәліметтер бойынша, еліміздегі еңбекке жарамды адамдардың 6 пайызға жуығы жұмыссыз екен. Бұған 5,5 пайыз ақысыз демалыста жүргендерді қосыңыз. Және барлық жұмыссыздардың 41 пайызы 16 мен 29-дың аралығындағы жастар. Басқаша айтқанда, Қазақстанды келер ғасырдың барысына айналдыруға тиіс жас ұрпақ жұмыссыздардың жартысына жуығын құрап отыр. Орнықты дамуымызға төнер әлеуметтік дүмпу қатерін былай қойғанда, осыншама мол қуаттың ілгерілеу үрдісіне қосылмауы

қоғамымыздағы үлкен олқылық. Оны тезірек шешу үшін жаңа мемлекеттік жастар саясатын іске қосу қажет.

Жақында бәріміз де Елбасымыздың өзі бас боп қатысқан Алматы – Астана «Қайырымдылық» телемарафонының куәсі болдық. Бастама өте жақсы. Мәселе тұскен қаржының көлемінде емес, ниетте. Философтар арасында «дүниені пәледен әдемілік, ізгілік, ақиқат құтқарады» деген қанатты сөз бар. Қырғын соғыс жылдарында аш-жалаңаш жүріп, жеңіс үшін күні-түні еңбек еткен халықтың жарты таба нанды бір-бірімен бөліп жеп, ізгіліктен, имандылықтан жандарына медеу мен жылу тапқанына бала кезімде талай куә болдым. Дегенмен ол кезде әкесі мен шешесін қарттар үйіне тапсырған жігіттер және баласын көшеге қаңғыртып жіберген аналар болмады.

Бірақ, қайырымдылық көмегі жұмыссыз жүрген жұрттың көпші-лігінің торыққан көңіліне жұбаныш бола алмайды. Тіпті, Елбасымыздың қадағалауымен беріліп жатқан 400 долларлық кіші несиенің де тақыр кедейдің аяғынан толық тік тұрып кетуіне жағдай туғызуы неғайбыл.

Онда қандай амал бар? Шағын және орта бизнесті дамыту туралы жоспар да дұрыс. Бірақ, ол қандай бизнес? Тағы да сауда ма? Бұл сала шегіне жете толған. Қызмет көрсету жүйесі ме? Оған қарапайым ізет пен бейімділік, яғни мамандық қажет. Ал, әлгі ауылдан келген, ескі оқу бағдарламалары бойынша білім алған қыздарымыз бен жігіттерімізді бұл мамандықтарға кім баулиды?

Мен экономист емеспін, бірақ, осы шаруашылық жүйемізде қанша ойласам да түсінбейтін кілттипандар көп: анау мұхиттың арғы жағындағы Америкадан тасып әкелінген тауық мына іргемізде өсірілген тауықтан қалайша арзан? Немесе, өзіміздің Алматы мақта-мата комбинаты қаңтарылып тұрғанда Оңтүстік Қазақстан облысында өсірілетін мақта жер түбіндегі шетелге неге сатылады? Әлде шетпен сауда жасау сәнге айналған ба? Әлде ел ішіндегі серіктестер бір-біріне деген сенімін жоғалтқан ба? Сірә, бәрі де меншік қатынастарының

жартылай ұжымдық, жартылай мемлекеттік нысаны заңсыз жолмен пайда табуға құмарлықты қоздырып, экономикалық тиімділік пен тиімсіздік ұғымдарын шатастырып жіберген-ау деген күдік туады кейде.

Өркениетті елдердің бәрінде «әлеуметтік жұмысты» зерттейтін ғылыми сала және «әлеуметтік қызметкер» деген мамандық бар. Бұл өзі жан-жақты білім мен асқан шеберлікті қажет ететін жаңа қызмет. Тіпті, Америкада үш томдық әлеуметтік жұмыс энциклопедиясы бар. Жанымыздағы Ресейдің жоғары оқу орындарында да осы мамандық иелерін даярлайтын арнаулы бөлімдер ашыла бастады. Әлеуметтік жұмыс арнаулы пән ретінде оқытылғаны жөн. Себебі, өтпелі кезеңде әртүрлі әлеуметтік топтардың мұң-мұқтажын зерделеп, олармен нысаналы жұмыс істей білудің маңызы өте зор. Өйткені әлеуметтік мәселе ең көкейтесті мәселеге айналып отыр. Ал, біздің еліміздегі Әлеуметтік қорғау және еңбек министрлігінің жұмысынан мұндағы кейбір қызметкерлер есепшілерден құралғандай әсер туады. Жанды әлеуметтік жұмыстың орнына еститініміз – зейнетақының есебі, қысқарған жұмыс орындарының саны. Қоғамдағы күрделі әлеуметтік үрдістерді талдап және болжап, оларды дұрыс арнаға салу үкіметтің міндетіне енбейтін мәселе тәрізді.

Мәселен, қазір қазақстандықтардың, әсіресе, қазақ жастарының арасында мынадай бір сәйкессіздік бар: жоғары білім алған, зиялы тәрбие көрген қыздар көп те, олардың биік талғамына тең келер жігіттер аз. Қыздар интеллектуалдық дамуы жағынан алға шықты. Мұның қайдан пайда болғаны айқын: қазір ұлдарға қарағанда қыздардың ой-өрісі, білімі әлдеқайда тереңірек. Сенбесеңіз, Алматыдағы кез келген жоғары оқу орнының (Аграрлық университеттен басқасының) аудиториясына бас сұғып көріңіз. Шет тілін жетік меңгергендер де, компьютерлік техниканы игерген де, заң жүйелері мен экономика заңдылықтарын, сыртқы байланыс пен қоғамтану негіздерін оқып жүргендер де – қыздар. Олардың өз отандастары арасынан тепе-

тең ой бөлісе алар серік іздеуі заңдылық. Мұндай жігітті жолықтыра алмай жалғызбасты қалуы да немесе іздегенін шетелдіктер арасынан кезіктіріп, амалсыздан жат елге сапар шегуі де ықтимал. Бұл – ұлттың болашағына көлеңке түсіруі мүмкін мәселе емес пе?! Санай берсек, мұндай түйткіл жетерлік.

Өтпелі кезеңде аға ұрпақ пен жас буын, шеше мен қыз, әке мен бала дүниетанымдары арасында қаншама алшақтықтар пайда бола бастады. Бұл қайшылықтарды терең психологиялық қақтығыстарға ұрындырмай, тігісін жатқызып, ащы зардаптарсыз жаңа сатыға көшуге жетелейтін де әлгі айтқан білікті әлеуметтік қызмет мамандары болуы қажет сияқты.

Мен, бұл орайда, қыбын таппаса, жаймалап отырмаса қуатты мемлекеттің өзін шайқалтып жіберетін қатерлі жарылғыш зат іспетті этностық топтар арасындағы ұсақ-түйек кикілжіңдер мен біз енді тап болған тосын түйткіл – ауқаттылар мен кедейлер арасындағы әлеуметтік-психологиялық жаттануға, діни қауымдастықтар мен кейбір топтар арасында тамыр жая бастаған секталар қызметінің кейін белгі беруі мүмкін зардаптарына әдейі тоқталмай отырмын. Бұлар арнайы әрі асқан ептілікпен талдауды қажет ететін, көп астарлы күрделі мәселелер. Тіпті, өзіміз ашық қоғам құруға алғаш талпыныс жасағалы бері кәсіпкері бар, көлденең көк аттысы бар, әйтеуір елімізге ағылып келе бастаған шетелдіктер мен жергілікті тұрғын халық қарым-қатынастарындағы бөтенсіну салқынын қалай жібітеміз, сөйтіп жерлестерімізді өз қадір-қасиетін сақтай отырып, жатжерлікпен ізетті де іскер қарым-қатынас жасауға қалай үйретеміз?! Бұл да – арнаулы мамандар жан-жақты ойластырып шешетін өте шетін мәселе.

Немесе, бір қарағанда, жақсылықтан басқа ешбір залалы жоқтай көрінетін мынау бір мәселені талдап көрелік. Биылғы жылдан бастап, Елбасымыздың тікелей назар аударуының арқасында жас ұрпаққа білім беру мекемелерін жаппай компьютерлендіру ісі қолға алынды. Және бұл жаңа бетбұрыс ауыл мектептерінен

басталмақ. Еліміздің Батыс пен Шығыстың аралығындағы маңызды географиялық және геосаяси орталыққа орналасуы – біздің барған сайын дами түскен ғаламдық ақпарат желілерінің болашақ торабына айналып, осы дан қыруар пайда табуымызға таптырмайтын қолайлы мүмкіндік.

Құдайдың өзі алтын табаққа салып қолымызға ұстатқан осы кілттен айырылып қалуға болмайды. Сондықтан, әлгі кілтті шеберлікпен пайдалануға тиіс өскелең ұрпаққа жаппай компьютерлік білім беру ісін шұғыл жүзеге асыру қажет. Бірақ, шұғыл әрекетке көшу – алды-артына қарамай, түпкі нәтижесін бағамдамай, көзіңді жұмып жүгіре беру емес. Мұны баса айтып отырған себебім: компьютерлік техника – жұмысың мен тұрмысыңды мүлде биік, жаңа сатыға көтеретін өркениеттің озық жаңалығы ғана емес, сырын зерделеп, тегін танып болмай жатып әуестенсең, байқатпай ұрпағыңның ойлау машығы мен ұлттық болмысын өз анасы танымастай өзгертіп жіберетін қатерлі ойыншық. Сондықтан, парасатты жұрт алдымен өз халқының ойлау машығына негізделген компьютерлік бағдарламалар түзуге маңызды ұлттық мәселе ретінде қарайды, ал бізде бұған жіті мән беріп жүрген мемлекеттік мекеме де, қоғамдық ұйым да байқалмайды.

Елбасымыздың Жолдауында ұлттық қауіпсіздік мәселесі бұдан былайғы дамуымыздың бірінші ұзақ мерзімді басымдығы деп жарияланған. Келер ғасырдың табалдырығын аттағалы тұрған әлем жұртшылығы өз елдерінің ұлттық мүддесін қолына қару алып жүзеге асыру ниетінен бас тартқан тәрізді. Әрине, шағын аймақтық, қысқа мерзімді қақтығыстар қатері әлі де жойылған жоқ. Әйтсе де, бұрынғыдай ғаламдық жанжалдар, қанқұйлы қырғындар қатері сейілген сияқты. Бірақ, бұл әлемдегі елдер мен халықтар арасында мүдделер қақтығысы болмайды деген сөз емес. Тек ендігі тайталас басқа түрге – экономикалық және ақпараттық бәсеке түріне ауысқан. Егер сіз біртұтас мұхитқа айнала бастаған әлемдегі аласапыран қаржы мен ақпарат

ағыстары арасында өзіңіздің ұлттық болмысыңыз бен қадір-қасиетіңізді сақтап қалғыңыз келсе, дүниетаным жүйеңізді, ойлау машығыңызды таза сақтаңыз. Әйтпесе, әлгі ағыстармен бірге жұтылып жоғаласыз. Онда ата-бабаң ғасырлар бойы қанын төгіп, сізге мираз еткен жеріңнің астындағы мұнайың мен асыл тасыңның да құны көк тиын. Онда замандастарымыздың қаншама азабымен іргесін қалап жатқан дербес мемлекетіміздің жер бетінен заты жоғалып, картада аты ғана қалады. Құдайым, ондай қатердің бетін аулақ қылсын! Бүгінгі күннен бастап әрбір ұлымыз бен қызымыздың қанына барыстық рух дәнегін себу, міне, осы қатердің алдын алу үшін де қажет.

Демек, ұлттық қауіпсіздік ұғымы саяси қауіпсіздік, әскери қауіпсіздік, экономикалық қауіпсіздік, экологиялық қауіпсіздік, әлеуметтік қауіпсіздік, рухани-адамгершілік қауіпсіздік болып бірнеше арнаға жіктелгенімен де, бұл арналардың бәрінін, түптің түбінде тоғысар нүктесі біреу, ол – Адам. Болашақ отандасымыздың, шынымен-ақ, адамзат өркениетінің алдыңғы легінде жүретіндей, өзге жұрт өкілдерімен терезесі тең тұрып бәсекелесе алатындай, сонымен бірге өзінің ұлттық қадір-қасиетін жоғалтпайтындай орнықты дамуы бүгінгі таңдағы басты міндетке айналды. Егер біз осы міндеттің оң шешімін таба алсақ, онда саяси-экономикалық қауіпсіздігімізді де қамтамасыз ете аламыз.

Кез-келген қоғамның даму тенденциясы ондағы адамдардың даму тенденциясы арқылы айқындалады. Біздің елімізде адамды дамытуға осы соңғы мезгілде ғана көңіл аударыла бастады. Тіпті, осы уақытқа дейін отандық экономиканы өрге сүйрейтін ұлттық элитаны толық қалыптастыра алмадық. Ал, өзіміз қоғам тұрақтылығының кепіліне балап жиі айтатын «орташа тап» тек ұлттық элита қалыптасып болғаннан кейін, ұлт ішіндегі өзара үйлесімді де ынтымақты еңбек бөлінісінің іске қосылуы нәтижесінде пайда болады. Сондықтан мен қазіргі Қазақстан қоғамындағы адамдар әлеуетін сипаттайтын жалпы көрсеткіштерге, назар

аударылмай отырған кейбір әлеуметтік мәселелерге, көпшілігіміз әлі күнге арыла алмай жүрген ескі түсініктер мен әдеттерге тоқтала отырып, ұлттық элита қалыптастырудың қажеттігін біршама дәлелдегендей болдым. Қоғамымыздағы саяси-экономикалық ахуалдың қалай түзілуіне байланысты келер ғасырдағы отандастарымыздың, яғни адамның даму тенденциялары да бірнеше үлгіде өтуі мүмкін. Қазірдің өзінде бұл үлгілердің нышаны айқындала бастаған сыңайлы. Шынымен-ақ біздің нарықтық қарым-қатынастар үстемдік етіп, демократиялық бостандықтар салтанат құратын, әлемдік капитал (қаржы, тауар, қызмет т.б.) мен тәуелсіз ақпарат ағынына ешқандай шек қойылмайтын ашық қоғам үлгісіндегі дамыған, өркениетті елдер қатарына қосыламыз деген мақсатымыз болса, онда осы мақсатты жүзеге асыруға тиіс адамды (жеке алғанда да, тұтас алғанда да), яғни сіз бен бізді тану, бағыттау, өзгерту қажет. Бұл мәселе еліміздің 2030-шы жылға дейінгі дамуының нақтылы стратегиялық жоспарын айқындап берген Президентіміз Н.Назарбаевтың «Қазақстан халқына Жолдауында» да негізгі арқау етіп алынған.

«Экономикалық ілгерілеу біздің азаматтарымыздың игілігіне өздігінен кепілдік бере алмайды « – делінген Президент жолдауында. Керісінше, экономикалық ілгерілеудің «жетекші факторы – бұл адамдардың өзі олардың ерік-жігері, күш-қуаты, табандылығы, білім-білігі. Бұл – бізге гүлдену мен тәуелсіздік есігін айқара ашуға мүмкіндік беретін нақ сол алтын кілттің өзі».

Осындайда еске түркі халқының тағы бір ұлы перзенті, өз елінің даму бағдарын әлемдік өркениет арнасына бұрған Мұстафа Кемал Ата-түріктің «Түрік халқын дамыту стратегиясы» («Егемендіктің және ұлттың ілгері даму шарты») оралады. Сол стратегия бауырларынан оқшауланып, терең экономикалық дағдарысқа ұшырап, әлемдік даму көшінен кеш қала бастаған елді қайта түлетуге, отандастарының бойында жаппай іскерлік рухын сіңіруге түрткі болғаны анық.

Біздің Президентіміздің «Қазақстан халқына Жолдауы» да таяудағы 32 жыл шегінде Қазақстан халқын немесе қазақ халқын қайта түлетудің, сол арқылы елімізді әлемдік өркениет сапына қосудың стратегиялық жоспары болып табылады. Мен өз басым, «Қазақстан халқы» мен «қазақ халқы» деген ұғымдардың арасында елеулі алшақтық бар деп ойламаймын.

Көпэтностық, яғни көпэтностық жіктеушілік қай мемлекеттің де ішкі тұтастығына сызат салып, үнемі қыруар күш-қуатты жұмсап отыруды талап ететін құбылыс. Егер біз, шын мәнінде, гүлденген елдің еркін азаматтары болғымыз келсе, мемлекеттің онсыз да тапшы болып отырған қаржысы мен күшін желге шашпай, жасампаздық мақсатқа жұмсалыуына мүдделілік танытуымыз қажет.

«Бүгін «Біздер – қазақстандықтар кімдерміз?» деген сырттай қарағанда қарапайым сауалға кез келген адам бірден жауап бере алмайды, – деп жазылған ел Президентінің Қазақстан халқына жолдауында, – өзін-өзі бірегейлендіру мәселесін шешу үшін уақыт пен белгілі бір тарихи даму кезеңі қажет болады».

Зерделей қарасақ, Елбасымыз өз еңбегінде қазіргі қоғамымыздағы күрделі де маңызды әлеуметтік мәселені қозғап отыр. Дәл осы ұлттық бірегейлену мәселесінің қалай шешілуіне байланысты еліміздің де ертеңгі болмыс-бітімі айқындалмақ.

### **3.11 Ұлттық бірегейлену деген не?!**

Кез келген ұлттың өзін өзі бірегейлендіруі ұзақ тарихи даму кезеңінің нәтижесінде қалыптасатын құбылыс екені белгілі. Бірақ, қазақ халқы бірегейлену, тұтас ұлт боп ұйысу үрдісінен баяғыда-ақ өткен. Бұған қазірдің өзінде 2 миллион 700 мың шаршы километр алып аумақты иеленіп отырған халқымыздың Алтай мен Еділ жағасында тұратын өкілдерінің тілінде, мінезінде, әдет-ғұрпында, тіпті, қанының құрамында титтей де өзгешеліктердің болмауы дәлел. Көшпелі

өмір салты, шаруашылық жүргізу үрдісінің ұқсастығы, ел мен жердің ортақтығын сезіну түйсігі, қалыптасқан дәстүрлі билік жүргізу және басқару жүйесінің ғасырлар бойы сақталуы, біртұтас рухани-мәдени әлем... бәрі-бәрі қазақ халқының бірегей ұлт ретінде қалыптасу кезеңін әлдеқашан басынан өткізгенін көрсетеді. Тіпті, біздің осынау бірегей салтымызды үш ғасырға созылған сыртқы экспансиялық өктемдік, қитұрқы отарлау саясаты да бұза алмады. Қаратау мен Алтайдың, Еділ мен Ертістің, Маңқыстау мен Баянауылдың өз жері екенін ат жалын тартып мінген қазақ баласының бәрі кітап оқымай жатып-ақ біліп өсті.

Демек Президент Жолдауында айтылған «бірегейлену» әртүрлі тарихи себептермен біздің елімізге қоныс тепкен, ондаған жылдар бойы қуанышымызды да, қиындығымызды да бірге бөліскен, Қазақстанның өндірістік қуатының негізін қалауға ат салысқан, бұл күндері тәуелсіз еліміздің тең құқықты азаматтары болып отырған өзге ұлт өкілдері жайында болып отыр. Бұрынғы КСРО аталатын, қолдан күшпен құрастырылған ортақ «шаңырақтың» күйреп, оның орнына ұлттық негізге сүйенген бірнеше тәуелсіз елдердің пайда болуы алғашқыда біздің бұл отандастарымызды абыржытып тастағаны рас. Бір жағынан – олардың әрқайысының басқа жақта өзінің ұлттық мемлекеті немесе мемлекеттік құрылымы бар, ол жерде ана тілі мен мәдениеті дамып жатыр. Ұлттық мақтаныш кез келген адамның бойындағы табиғи қасиет екенін ескерсек, қазақстандық орыстың, немістің, украиннің, корейдің, еврейдің, шешеннің т.б. алыстағы өз отанында болып жатқан жақсылыққа сүйініп, қасіретке күйініп отыруы заңдылық. Тіпті, болашақ үрім-бұтақтарының өз отанына етене бауыр басқанын, ұлттық тілі мен мәдениетінің қайнаған ортасында ержеткенін қалап, пәлен жылғы ыстық қонысымен қимай қоштасып, ата жұртына үдіре көшу әрекетінің шын сырын да жүрегіңмен түсінесің. Бұл үрдістің ешқандай саяси немесе экономикалық астары жоқ. Ата жұртына Моңғолиядан, Қытайдан,

Ауғанстаннан, Ираннан т.б. елдерден келіп жатқан қазақтарды қандай сезім жетелесе, Қазақстаннан көшіп жатқан бұрынғы отандастарымыз әрекетінің де негізінде осы сезім жатыр. Олар Ресей баспасөзі әлдебір топтардың саяси ұпайын көбейту үшін екіжүзділікпен қорлап жазатынындай «босқындар» емес, «өз отанына қайта оралушылар». Саяси тұрғыдан, біздің отандастарымыздың бәрі тең құқық иеленіп келді және иелене береді де, ал экономикалық тұрғыдан біздің елімізде өзге ұлт өкілдерінің жергілікті ұлтқа қарағанда бақуатты тұрып келгенін, қала мен ауыл арасындағы әлеуметтік-экономикалық теңсіздіктің тереңдей түсуіне байланысты бұл жағдайдың көзге бадырайып көріне бастағанын ешкім жоққа шығара алмас. Демек, өткен 1997 жылы 190 мың адамның Қазақстаннан шет елдерге қоныс аударғанынан саяси немесе экономикалық астар іздеу артық.

Рас, бауыр басқан ортасын, дос-жарандарын, ағайын-туысын, орныққан үй-жайын тастап, өз Отаны болса да өгейсініп қалған ортаға, сыры беймағұлым жаңа өмірге тәуекел жасап, қадам басудың әр адам үшін күрделі психологиялық және материалдық зардаптары бар. Германия, Израиль сынды дамыған елдер отанына оралған өз қандастарының осы зардаптарды аса көп қиналмай жеңуіне жәрдемдесіп, жыл сайын белгіленетін көшіп келушілер квотасына сай мемлекет бюджетінен қаржы бөліп отыр. Біздің елімізде де «Көші-қон туралы» заң жасалып, әртүрлі тарихи зорлық-зомбылық себептермен жат жұртқа үдіре көшуге мәжбүр болған қандастарымыздың ата жұртқа оралғысы келіп отырған бүгінгі ұрпақтарын қабылдаудың жыл сайынғы квотасы белгіленіп, олардың жаңа қонысқа орналасып кетуіне ішкі материалдық және қаржы қорларының тапшылығына қарамастан қолдан келгенше азын-аулақ жәрдемдер жасалуда. Тіпті, өзге елдердегі бауыр-ларымыздың тезірек сол елдің азаматтығынан шығарылып, ата жұртына оралуы туралы мемлекетаралық кездесулер кезінде мәселе көтеріп, ортақ мәмлеге келуге әжептәуір күш-жігер жұмсап

жүрміз. Ешкімді кінәламау, байбалам салмау, қолыңнан келсе өз қандастарыңа өз қаржыңды бөліп көмектесу – қалыптасқан өркениет үлгісі, әлем жұртшылығы мойындаған халықаралық қарым-қатынастар нормасы.

Сонымен, әлем құрлығының алтыдан бір бөлігін иеленіп келген КСРО-ның ыдырауынан кейінгі алып аумақтағы адамдардың әрлі-берлі үдіре қоныс аударуы мұндай ірі оқиғадан соң болмай қоймайтын әрі тарихи, әрі табиғи процесс екен. Тек бұл процесс бір елдерде өткір сипат алып, қарқынды басталып, тез бітсе, екінші бір елдерде үзік-создық сипат алып, ұзағырақ мерзімге созылуда. Біздің еліміздегі көрінісі соңғы үлгіге жақындайды.

Президентіміздің қыруар күш-жігер жұмсауының нәтижесінде егемендіктің алғашқы жылдары аса қатерлі көрінген екі ірі этностық топ аралығындағы жіктелушілік бірте-бірте сабасына түсіп, адамдардың болашақұрпақтарының отандарын айқындау үрдісі ауыр зардаптарсыз өтуде. Олардың бір елдің азаматтығынан шығып, екінші елдің азаматтығын еш қиындықсыз қабылдау ісін оңайлатқан да біздің Президентіміздің бастамасымен қабылданған еларалық келісімдер еді. Еліміздің азаматтарының ұлтына, тіліне, сеніміне қарамастан тең құқығын заң түрінде де, іс жүзінде де қамтамасыз ету, тіпті, орыс тілінің мемлекеттік тілмен бірдей дәрежеде (көп жағдайда басым) қолдануына конституциялық тұрғыдан берік кепілдік беру т.б. өзге ешбір елде жоқ шынайы демократиялық шаралардың өзі, амал қанша, адамдардың түпкі отанына оралуға деген табиғи ұмтылысын тежей алмауда.

Мамандардың болжауынша, Қазақстан үшін орны толмас әлеуметтік және экономикалық зардаптар әкеліп отырған көші-қон үрдісі әлі бес-алты жылға созылып, 2005 жылдарға қарай аяқталмақ.

Қандай зардаптар дейсіз бе?! Кейбір деректерге қарағанда, біздің елімізден шетелдерге қоныс аударушылармен бірге жыл сайын 150 миллион АҚШ долларына жуық қаржы сыртқа кетуде. Әрине, ізгі ниет жетегінде беймағұлым болашаққа аттанған бұрынғы

отандастарымыздың шегетін тұрмыстық меҳнаты мен психологиялық күйзелісінің жанында бұл еске алуға болмайтын да шығын болар. Өкініштісі, біздің еліміз өз тұрғындарының еңбекке жарамды, интеллектуалдық және инженерлік жұмыстарға маманданған бөлігін жоғалтуда. Олардың орнын толтырарлық мамандар даярлау үшін біршама уақыт, елеулі қаржы жұмсауымызға тура келетіні белгілі. Тіпті, ең бастысы, бұл да емес. Ең бастысы: біз, қазақстандықтар, жыл өткен сайын азайып бара жатырмыз. Қайсыбір жылдары санымыз 17 миллионнан асып еді, биыл 16 миллионға да жетпей қалдық. Мамандардың болжауынша, 2000 жылға қарай 15 миллионға құлдырап бір-ақ тоқтаймыз. Мұндай демографиялық дағдарыстың негізгі себебі табиғи өсімнің баяулағаны мен адамдардың орташа жасының болмашы қысқарғанында жатқан жоқ, негізгі себеп – жоғарыда айтқанымыздай, бұрын өзге ұлттың өкілдері көптеп келіп, атамекенінің бір пұшпағында жүргендей сезінетін, солжайлылығына бола «халықтар достығының лабораториясы» атанған біздің республикамыз егемен елге айналған соң, бұрынғы отандастарымыздың тарихи отандарына қайта қоныс аударуларында.

«Өткенге салауат, қалғанға береке» дейді сан ғасырлық тарихында мың өліп, мың тірілсе де келешегінен үмітін үзбейтін біздің халық. Тәуелсіздік үшін, дербес ел болу жолында тартар зардабымыз, шегер азабымыз осымен бітсе, шүкіршілік етеміз де.

Ендігі міндет: қазағымыз ба, орысымыз ба, ұйғырымыз ба... әйтеуір, Қазақстан аталатын қасиетті мекенге кіндігіміз байланған, оны шын көңілімізбен, адал ниетімізбен Отаным деп таныған он бес миллион халықтың бір жеңнен қол шығарып ұйысуы, бірте-бірте демографиялық тежелуден шығып, асты да, үсті де байлыққа толы кең байтақ атамекеннің кез келген бәсекеге төтеп беретін атпал азаматтары боп ер жетуі.

Бұл орайда, демографиялық тежелу, яғни табиғи өсімнің баяулауы мен адамдардың орта жасының қысқаруы сынды өтпелі кезеңнің ауыртпалықтарынан

туындаған келеңсіз көріністерді жеңу қиын емес. Олар – уақытқа және экономикалық өсуге байланысты шешімі табылатын мәселелер. Елбасымыз Н. Назарбаевтың таяудағы «Халық денсаулығын қорғау туралы» Жарлығы дәл осы бағытта атқарылатын жұмыстарға тың серпін берді. Құдай қаласа, жиырма бірінші ғасыр табалдырығын аттайтын азаматтарымыз қазіргіге қарағанда анау-мынау сырқаттан ада, еңбекке қабілетті, салауатты өмірге құштарлау болмақ.

Ал, келер ғасырда бір жеңнен қол, бір жағадан бас шығарып ұйысу, яғни қазақстандықтардың «бірегейлену» мәселесі – халықтың денсаулығын қорғауды ұйымдастыруға қарағанда әлдеқайда күрделі, әлдеқайда астарлары көп әлеуметтік мәселе. Мен бұл арада құлағымыз әбден жауыр болған «ұлтаралық жанжал қатері» туралы айтып отырғаным жоқ. Қазақстан мұндай қатерлі сыннан сүрінбей өтті. Соңғы күндердегі әлеуметтік сұрау салу нәтижелерінің қорытындылары көрсеткендей, еліміздегі әр түрлі этностық топ өкілдері бірауыздан Қазақстанда ұлтаралық жанжал қатерінің сейілгенін мойындаған. Осыдан екі-үш жыл бұрын бұл мәселе өзінің өткірлігі жағынан 6-шы орында тұрса, қазір 13-ші орынға сырғыды. Ұлттық татулық пен халық бірлігін нығайтуды үнемі назарда ұстап отырған Елбасымыздың байсалды саясаты жалғаса берер болса (мен бұған күмәнданбаймын), жоғарыда айтқан табиғи көші-қон үрдісінің аяқталу кезеңіне қарай Қазақстанда этностық жіктелу жойыла бастауы мүмкін. Яғни Қазақстан бірте-бірте моноұлттық елге айнала бастайды. Қазір әр түрлі түсінбестік туғызып жүрген «Қазақстан халқы», «қазақ халқы» деген тіркестер арасындағы мазмұндық алшақтық жойылып, олар бір ұғымды білдіретін атауларға айналады. Алайда мұндай «бірегейлікке» жету үшін өзге этностық топтар өкілдерінің психологиялық жайсыздық сезімдерін жай-малап тарататын уақыт, оларды шоғырланып тұрып жатқан аймақтарында тілінің, мәдениетінің, білім беру жүйесінің жойылмайтынына сендіретін нақтылы

мемлекеттік іс-шаралар, тең құқықтарының ешуақытта бұзылмайтынына кепілдік беретін заңдар қажет. Бұлардың бәрі бізде бар, тек отандастарымыздың кейбір бөлігінің әлгі психологиялық жайсыздық сезімінен арылуына мүмкіндік беретін уақыт тапшылығы болмаса.

Ұлттық бірегейленудің осындай мән-маңызына қарамастан бұл табиғи процесс неге тежелуде?! Қандай кедергілер бар? Тіпті, әлі күнге дейін қоғам өмірінің осы бір нәзік саласында атқарылатын мақсатты, жан-жақты ойластырылған шаралардың қарапайым жоппары неге жоқ?! Міне, бұл сауалдар саясаткерлер мен қоғамтанушыларға тікелей қатысты.

Ең алдымен, бірегейлену үрдісіндегі ұйытқы ұлт – мына біздер, қазақтар өзімізге жүктелген күрделі де жауапты міндеттің салмағын толық сезіне алмай отырмыз. Өз елімізде отырып, атамекенімізге өзге отандастарымызды бауырға тарта қамқорлық жасаудың орнына, жетімдіктің зары өтіп кеткен бала тәрізді жеке мүддеміздің аясынан шыға алмай, айналамыздың бәріне өгейлене қараймыз.

Мен қазіргі Парламент мүшелерінің біразын жақсы танымын. Олардың көпшілігі қазақ тілін сіз бен бізден жақсы біледі. Парламент қабырғасында ілеспе аударма жасайтын құрылғылар орнатылып, екітілге бірдей аудармашылар тобы жасақталған. Алайда Парламентіміздің жұмысы, негізінен, орыс тілінде жүреді. Үкімет жұмысы да солай. Күні кеше ғана үйренуге кіріскен ағылшын тілінің өзін біршама меңгеріп алып, қажетті жерінде сөйлеп те жүрміз. Ал мемлекеттік тіліміз – қазақ тіліне келгенде шабан аттай кібіртіктейміз де қаламыз. Неге?! Себебі, заң, экономика, саясат, өнеркәсіп т.с.с. салаларға қатысты біздің тіліміздегі ұғымдар жүйесі қалыптасып орнықпаған. Біз үшін «закон» да заң, «законодательство» да заң, «юридический» да заң, «Рынок деген сөзді «нарық» түрінде аударғанымыз дұрыс болды ма, әлде «базар» деген сөзбен ауыстырсақ па екен деп әлі күнге дейін дауласыл жүрміз. Бұл бер жағындағы бір-екі ұғым. Ал, құқықтану мен экономика салаларындағы

ұғымдар жүйесі мағыналық айқындықты, нақтылықты, қатаң шектілікті талап ететін күрделі әлем. Ғылыми технология мәселесі күн тәртібінде тұр. Егер заңда немесе іскерлік келісім-шартта бір сөз екі түрлі түсінілсе, осы жағдай кейде жеке адам тағдырына, кәсіпорын не мемлекет мүддесіне қатысты ауыр зардаптарға әкеліп соқтыруы мүмкін.

Сондықтан, қазақ тілін еркін сөйлеп отырған біздің парламентшілеріміз қабылданып жатқан құжаттың мазмұндық астарларына келгенде бір-бірімен орысша пікірталастырып жатады.

Сондықтан, Парламентіміз қабылдаған заңдарды шынымен зерделеп көңіліне тоқуға ниет еткен әрбір маман мемлекеттік тілді біле тұра алдымен әлгі заңның орыс тіліндегі нұсқасын оқуға кіріседі.

Экономика саласындағы іскерлік байланыстарда да осы. Мемлекетаралық келіссөздер жүргізу кезінде де осы. Қажетті ұғымдары жүйеленген, қалыптасқан, орныққан орыс тілі ана тіліміздің алдын орап кетіп жүр.

Бұл біздің пайдалы, жоспарлы жұмыстан гөрі даурықпа әңгімеге, дақпыртпен жапатармағай ала шапқынға үйір қазақы мінезіміздің зардабы. Өткен жеті-сегіз жылдың ішінде басым бағыттарды нақтылы айқындап алып, үкімет бөлген азын-аулық қаржыны ақылмен жұмсап, ғылыми күштерді біріктіріп, ең болмағанда, негізгі екі-үш салада (мысалы, заң шығаруда, халықаралық қатынастарда, экономикалық-іскерлік байланыстарда) қазақ тілінің толыққанды қолданысын қамтамасыз етуге болушы еді ғой. Жоқ, біз бір мезгілде төңкеріс жасап, қазақ тілін тау-кен ісіне, металлургияға, тіпті, космонавтикаға енгізіп жібергіміз келді. Мемлекеттік билік, қоғам ішіндегі күнделікті әлеуметтік қарым-қатынастар мемлекеттік тілде жүргізілмей жатқанда шахтерді не металлургті қазақ тілінде сөйлетем деп қаратер болу күлкілі емес пе?! Әзірше үйренген тілі мен кәсібін жасап жүре тұрсын. Онда тұрған не бар? Уақыты келгенде, күш пен қаржы негізгі салалардан босағанда бірте-бірте бұл жаққа да ауысуға болады.

Демек, тіл мәселесі – интеллектуалдық күш пен қаржының, содан соң уақыттың мәселесі екен. Ал, «әлдекімдер біздің тілімізді менсінбейді», «билік басына келген жаңа қазақтар ана тіліне мұрнын шүйіріп қарайды» деп байбалам салу – құр байбаламнан өзге ештеңе де емес. Ұғымдарды жүйелеп, жаңа атаулардың мағыналарын орнықтырып, ана тіліміздің қай салада да қолдануға жарамдылығын қамтамасыз етіп берейікші, сол кезде қазақша ойлап, қазақша сөйлеу қажеттілігін жасауға да болады, қажеттілік болған соң, бірер жылда ағылшынша да үйреніп алған отандастарымызға атамекенімізде жүріп ана тілімізде сөйлеуді меңгерту қиынға соқпас.

Айтпақшы, Ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінің құрамына енгізіліп, қайта құрылған Тілдерді дамыту департаментінің Астанада-ғы жұмысынан басым бағыттарды түсініп, тың серпінмен әрекет ету нышаны сезіледі. Елбасымыздың арнаулы тапсырмасымен жасалынып жатқан көптомдық төл энциклопедиямыз да барлық салаларға қатысты ғылыми ұғымдарды жүйелеп, орнықтыру ісіне үлкен үлес қоспақ.

Тек мұның бәрі даңғазасыз, жоғарыда айтқанымыздай, еліміздегі ұлттық бірегейлену үрдісінің жылдамдауына кесел тигізбейтіндей байсалдылықпен атқарылуға тиіс. Қазір «этностық сана» түрінде түсініліп жүрген «ұлттық сана» «мемлекеттік санаға» айналғанда, «ұлттық мүдде» мен «мемлекеттік мүдде» ұғымдарының арасындағы айырмашылық жойылғанда біз бір халық болып қалыптасып бітеміз.

Ұлттық бірегейлену үрдісінің қажеттілігін түйсініп, отандастарымыздың осынау табиғи құбылысты сана-сы мен жүрегі арқылы шынайы түрде қабылдай бастауына мемлекеттік рәміздеріміз бен атрибуттарға деген құрмет, еліміздің азаматтары қай жерде, қандай қиындықтарға тап болса да, оларды қорғауға ұмтылуы, өз азаматтарымыздың мүдделеріне басым қамқорлық жасап, «әр азаматтың жақсы тұрмысының өзі де тұрып жатқан мемлекеттің егемендігі мен қауіпсіздігіне

байланысты екенін» сөз жүзінде емес, іс жүзінде нақтылы көрсетуі оң ықпал жасар еді. Бұл орайда, азаматтарымыздың төлқұжаттарын ауыстыру ісінің аяқталуы, шекара мен кеден, елімізге келуге және шығуға виза беру, шет елдік азаматтарды тіркеуге алу сынды дербес мемлекетке тән жұмыстардың жақсы жолға қойылуы отандастарымыздың ұлттық бірегейлігін сезінуін жылдамдата түсері сөзсіз.

Сонымен, еліміздегі ұлттық бірегейлену үрдісі қазірдің өзінде баяу да болса жүріп жатыр екен. Бұған дәлел: тәуелсіздігіміздің алғашқы жылдарындағыдай этностық жіктер арасындағы бөтенсінудің жойыла бастағаны. Соңғы күндердегі социологиялық зерттеулер нәтижесі көрсеткендей, халқымыздың басым көпшілігі біздің еліміздегі этносаралық жанжал қатерінің сейілгенін мойындайды. Ал, әр түрлі ішкі және сыртқы топтардың Қазақстандағы кейбір этностардың жағдайына жаны ашығансып, жанталаса дабыл қағуы жоғалта бастаған саяси ұпайларын қайтаруға тырысқан әлегі ғана.

Тек олар өздеріне сенімсіздікпен (бәлкім, күншілдікпен) көз тігіп отырған жұртшылықтың қаңқу сөздеріне назар аудармай, жікшілдік, пайдақұмарлық, мансапқорлық, қараулық іспетті аға буын шенеуніктердің жаман әдеттерін бойларына дарытпай, қазіргі Ресейдегі тәрізді топ-топ қаржылық-өнеркәсіптік олигархиялар құрып алып, содан соң билік үшін бір-бірінің жағасын жыртыспай ел мүддесін бәрінен жоғары қойып еңбек етсе кәнекей.

Егер олар өздеріне тек экономикамыздың ғана емес, бүкіл ұлтымыздың адамгершілік және рухани сауығуының, ортақ діл мен тіліміз негізінде бірегейленуінің барша жауапкершілігі жүктеліп отырғанын сезінсе, капитал жинақтаудың алғашқы кезеңіндегі қулық-сұмдықтарынан, таныс жағалау әдетінен, жеңіл мінездерінен т.б. «байлықтың балалық ауыруынан» тезақ арылар, сөйтіп, қалың көпшіліктің кәсіпкерлікпен айналысуына мүмкіндік беретін әділ «ойын ережесін»

орнықтырар, халқымыздың бойында тұнып жатқан табиғи іскерлік қуатты даму көшіне қосар деп сенемін.

Әсіресе, ұлттық бірегейлену үрдісінің мән-маңызын ұғынып, қазақстандықтардың ортақ дүниетанымы мен ділін қапыптастыру ісіне қамқорлық жасау да осы жас күштердің тұрақты назарында болуға тиіс. Себебі, ашық қоғам жағдайында 2 миллион 700 мың шаршы километрлік атамекенімізді, ұлттық кеңістігімізді, дербес мемлекетімізді бар-жоғы 60 мыңдық армиямызбен де, қыруар қаржымызбен де қорғай алмаймыз. Қорғайтын – осы аймақта тұратын халықтың, тұтас ұлттың өзге ешкімге ұқсамас ерекше сипаты, намысы, ортақ ділі мен дүниетанымы.

### **3.12 Ортақ діл және ой еркіндігі**

Әр ұлттың ділі, яғни менталитеті туралы мәселе әлемдік әлеуметтік-гуманитарлық ғылымындағы өзекті тақырыптардың бірі. Қаржы мен ақпарат ағынына шекара сызықтары бөгет бола алмайтын, адамдардың бір елден екінші елге жүріп-тұруына ешқандай шек қойылмайтын қазіргі өркениетті әлемдік құрылым жағдайында кез келген ұлт өзінің болмыс-бітімін тілі мен ділін, мәдениеті мен әдет-ғұрыпын аман сақтау арқылы ғана қорғауға тырысады. Сондықтан олар дәстүрлі мәдениетін дамытуға, әдет-ғұрыптарын атадан балаға таза жеткізуге күш салады. Сан ғасыр бойы жер шарының әр қиырында шашырап жүрген еврей халқы ділінің мықтылығының арқасында жерін қайтарып, дербес мемлекетін орнатып, ғасырлар тозаңының астында ұмытылуы мүмкін-ақ тілін қайта тірілтіп алды. Оған, керісінше, қырық рудан құралған ең жас этностардың бірі американдықтар, салыстырмалы түрде аз уақыт шегінде халықты топтастыратын ортақ діл жасап, әлемдік өркениет дамуының көш басшысына айналып отыр. Ал, этностық жіктелу қатерінен арылмай отырған өзге халықтар қасіретінің негізгі сыры – осы ортақ ділдің болмауында жатыр. Тіпті, «кеңес халқы» де-

ген жаңа этнос қалыптастырдық деп 70 жыл бойы жар салған КСРО-ның ыдырауына да себеп болған осы: оның құрамындағы этностардың ғасырлар бойғы төл ділін сақтап қалуы.

Қазіргі кейбір қоғамтанушы ғалымдар қазақ ұлтын «жас ұлт» деп атап жүр. Егер халқымыздың орта жасына қарап бағалайтын көзқарас тұрғысынан алсақ, біз, шынында да, жас ұлтпыз, ал тарихи-әлеуметтік даму тұрғысынан алып қарағанда, қазақтар – ортақ тілі мен ділі әлдеқашан орныққан, өзін-өзі сақтау рефлексі қалыптасқан, сыртқы ықпалды әсерлердің қай-қайсысына да алдырмай, болмыс-бітімін таза сақтаған байырғы этностардың бірі.

Ұлттың өзін-өзі сақтау рефлексі мәселесі де, тереңдей зерттеуді қажет ететін, халықтың ғасырлар бойғы қалыптасқан әдет-ғұрпында көрінісі сақталған күрделі тақырып.

Батыстық өндіріс тәсілі мен шығыстық өндіріс тәсілі арасындағы айырмашылық бізге Маркстің «Капиталынан» белгілі. Алайда, экономика теориясының батыстағы мамандары шығыстағы қауымдаса-ұжымдаса еңбек етудің мән-мағынасын түсіндіре алмай, әр түрлі жорамал айтумен шектелетін. Үстіміздегі ғасырдың ортасынан басталған Жапониядағы, Солтүстік Кореядағы, Сингапурдағы, Қытайдағы т.б. «Шығыс жолбарыстары» аталған елдердегі экономикалық дүмпу қауымдық еңбек қарым-қатынастарының, тіпті де, патриархалдық сипатпен шектеліп қалмайтындығын көрсетті. Бұл жеке мүддені қауымдық, яғни қоғамдық мүддемен ұштастырудың тиімді формасы болып шықты. Жетпіс жыл бойы социализм елдері келістіре алмаған мүдделер ұштасуының оңтайлы шешімі Шығыста (оған біз де қосыламыз) баяғыда-ақ тектік, бауырластық, туыстық негізде шешіліп қойған.

Айтпақшы, осы мәселе біздің Президентіміздің «Қазақстан халқына Жолдауында» ашық айтылады. «Бүгін тоталитарлық және либералды қоғам арасындағы дау жойылған кезде либералдық қоғам

модельдерінің әр түрлі болатыны және әр елдің өзіндік ерекшеліктері болатындығы анықталып отыр, – дейді Президент, – Негізгі айырмашылық модельдердің екі үлгісінің: ағылшын-саксон және «азиялық жолбарыстар» көрсеткен азиялық арасында болып отыр. Бірқатар бағыттарда ортақ сипаты бола тұра, олардың арасында үлкен айырмашылықтар байқалады. Бірінші модельге көбіне даралық, екіншісіне – коммунитаризм тән. Бірінші жағдайда мемлекеттің шектеулі рөлі уағыздалса, екіншісінде мемлекеттің жоспарлаумен белсенді түрде айналысып, жекеше сектор мен бүкіл қоғамға жетекшілік күшейтілген рөлі уағыздалады. Бірінші модельде көңіл макро-экономикаға, екінші модельде – микроэкономикаға бөлінеді және т. с. с.

Біз – өзіміздік белгілі тарихымыз бен өзіндік болашағымыз бар еуразиялық елміз. Сондықтан біздің моделіміз басқа ешкімнің моделіне ұқсамайтын болады. Ол өз бойына әр түрлі өркениеттердің жетістіктерін сіңіреді».

Көріп отырғанымыздай, Елбасымыз да біздің еуразиялық сипатымызға сай, тарихи даму жолымыз нәтижесінде қалыптасқан өзіндік діліміз бар екенін және осы ділдің болашақ өркениетті қоғамымыздың әлеуметтік-экономикалық моделін жасау да шешуші рөл атқаратынын ашық айтып отыр. Ол модельдің қандай болатынын болжап көруді қоғамтанушылардың еркіне қалдырған іспетті.

Ендеше біз де, қолымыздан келгенше, осы мәселеге, яғни ұлттық діл табиғатына ой жүгіртіп көрелік. Мұндай пайымдаудың өзге отандастарымызды ұйытқалы отырған ортақ ділімізді оларға түсінікті етуге жәрдемі тиер деген де үмітіміз жоқ емес.

Бір жағынан, атамекеніміз табиғатының қаталдығына, көшпелі ата кәсібіміздің ауырлығына байланысты дәстүрлі қазақ қоғамында бір-біріне жәрдемдесіп, қауымдаса ғұмыр кешу дәстүрі баяғыдан қалыптасқан. Қауым ішіндегі жетім де, жесір де қамқорлықсыз қалмаған. Қайғысын да, қуанышын да ағайынмен бөлісіп

отыру, басына іс түскенде әр адамның көпшіліктен жәрдем дәмету әдеті әлі күнге дейін сақталып келеді. Түркияға қоныс теуіп, шағын шаруашылықтарын дөңгелетіп отырған қандастарымыз, негізінен, туыстық, әлеуметтік жақындықтарына қарай біріккен. Өзіміз айта беретін кеңес заманында да «отбасылық мердігерлік» деген атауды ойлап тауып, өндіріс барысында жеке мүдде мен қоғамдық мүддені ұштастырудың қауымдық, яғни әулеттік тәсілінің тиімділігін пайдалануға тырысқанымыз көпшіліктің есінде болар. Бүгінгі күні де ауыл шаруашылығы кәсіпорындарын жекешелендіріп, жеке қожалықтар құру кезінде өндірісті ұйымдастырудың ежелгі әулеттік тәсілі көп жерлерде қайта жаңғыртылуда. Және мұндай қожалықтар өзге, таза құқықтық-келісімшарттық негізде құрылған шаруашылық субъектілерімен салыстырғанда тиімді, орнықты жұмыс істеуде. Әулеттік, тектік, таныстық, жерлестік байланыстар негізінде құрылып, өндіріс пен қызмет көрсетудің әр түрлі салаларымен айналысып жүрген өзге де фирмаларды, кәсіпорындарды, бірлестіктерді тілге тиек етуге болар еді. Екінші жағынан, қазақ қоғамында ежелден жеке адамдардың даралық қасиеті өте жоғары бағаланған. Кез келген батырлық жырларымызды немесе халықтың мақал-мәтелдерін сүзіп шығыңыз. Бәрінде де негізгі рөл тұлғаға беріліп, жігіттің батырлығы, дарқандығы, адамгершілігі, жомарттығы т.б. асыл қасиеттер насихатталады. Тіпті, ғасырлар бойы ауыл-ауыл, ата-ата, ру-ру боп, қауымдаса тіршілік кешкен қазақ қоғамындағы әр ауыл, әр ру белгілі батырлардың, беделді билер мен байлардың маңына топтасқан. Әлгі дара тұлға өзінің саясына паналаған елді жауға алдырмай, жұтқа ұрындырмай, аштыққа ұшыратпай аман-есен өсіріп өрбітуді парызы санаған. Қазіргі беделді де білікті азаматтар маңына ұйысып, шаруашылықтарын дөңгелетіп жүргізе бастаған қожалықтар мен шағын фирмалар жұмысынан да осы дәстүрдің ұшқынын байқау қиын емес.

Алайда, бұдан біздің болашақ экономикалық құрылымымыз әулеттік, тамыр-таныстық байланыстар негізінде ұйысқан қауымдық-ұжымдық субъектілерден құралатын болады деген қате пікір тұмауы керек. Екінші жағынан, мұндай шағын кәсіпкерлік бірлестіктер елді жік-жікке бөліп, ұлттық тұтастығымызға қатер төндіреді деп орынсыз қауіптенудің де қажеті жоқ.

Еліміздің таяу болашақтағы ең ықтимал және бәрінша тиімді экономикалық құрылымы, соған сай пайда болатын әлеуметтік жіктері төмендегідей үлгіде қалыптасуы мүмкін:

1. Іскерлік пен біліктілік арқасында бүгінгі күні ақ біршама байлық жинап, билік тұтқаларына өз өкілдерін өткізіп үлгірген, болашақта ірі-ірі өнеркәсіп орындарын иеленіп ұлттық экономикалық элитаға айналатын ауқаттылар тобы. Бұлар бірте-бірте ел экономикасының іргетасын құрайтын кәсіпорындар акцияларының бақылау пакетін мемлекеттен, шетелдік қожайындардан сатып алу жолымен үкіметтің мойнын ішкі шаруашылықтық жүктерден босататын болады. Мемлекет бюджетін молайтатын салықтардың да басым бөлігі осы ауқаттылар табысынан жиналады. Осындай элитарлық мәртебесіне орай бұл топ, жоғарыда айтқанымдай, мемлекетіміз бен ұлтымыздың өсіп-өркендеуіне мүдделі және жауапты. Сондықтан, оларға қауымдық немесе әулеттік мүдделер аясында шектеліп қалуға болмайды, жалпы мемлекеттік мүдде бәрінен биік тұруға тиіс. Мен, тіпті, ұлтымыздың болашағы үшін бұл топтың өз арасында саяси және экономикалық бәсекелестіктің мүлде болмағанын қалар едім. Керісінше, халық та, үкімет те ішкі және сыртқы рынокта шетелдік әріптестері мен иық тірестіре бәсекеге түсуге қабілетті, қажет болса өзара күш біріктіре алатын, тіпті, кейбір сапаларда монополиялық мәртебеге ие, қуатты өнеркәсіптік бірлестіктер құруға ынталы болуы керек. Мұндай ұлттық монополиялардан шошынудың қажеті жоқ. Үкімет бақылау тетігін өз қолына ұстап қала береді емес пе?! Ал, оларды тоқыратпай, үнемі жетілуге

мәжбүр ететін қозғаушы күш – бәсеке десек, ашық қоғам жағдайында мұндай қарсыластар әрқашан табылады.

2. Бірқатары жоғарыдағы ірі ұлттық компаниялардың маңына шоғырланған, екінші біреулері ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіріп, өңдеп ұқсатуға маманданған, үшінші біреулері қызмет көрсету саласына бейімделген, төртінші біреулері делдалдықпен, кеңес берумен, өсімқорлықпен айналысатын т.с.с. шағын және орта кәсіпкерлер. Қоғамдағы орташа топты құрайтын бұлар әулеттік қауымдасу негізінде де, келісім-шарт бойынша жеке адамның жалдамалы жұмысшылар ұстауы негізінде де қызмет етуі мүмкін.

3. Мемлекеттік қызметкерлер, зиялы қауым өкілдері, банк мамандары т.б.

4. Жалдамалы жұмысшылар мен мамандар. Қазақ қоғамында біреуге жалданудың қорлық болып саналып келгені белгілі. Ежелден қазақтар шағын да болса дөңгеленген өз шаруашылығы болғанын, жұрттан қалмай жазда жайлауға, қыста қыстауға көшкенді мәртебе санаған. Бұл тұрғыдан біздің ұлттық діліміз жалақысы қанша көп болса да ірі кәсіпорындардағы қызметін тастап, қатер мен қиындыққа толы шағын кәсіпорын ашуға тырысатын американдықтарға ұқсас. Осындай жаппай ауқаттылар қатарына қосылуға құлшыныс түріндегі «американдық арманның», яғни ұлттық кәсіпкерлік рухтың нәтижесінде ол ел халықтың жартысы шағын және орта бизнеспен айналысады, елі де өркениеттің көш басында. Еркін кәсіпкерлік рух, яғни өз шаруашылығын құруға ұмтылыс, көріп отырғанымыздай, қазақ қауымына да жат болмаған. Мәселе осы рухты қайта оятып, дұрыс арнада дамуына әділ мүмкіндік туғызуда болып отыр.

5. Еңбек етуге, өздігінен шаруашылығын құруға қабілетсіз, сондықтан мемлекет қамқорлығына алынуға тиісті зейнеткерлер, кемтарлар, жетім-жесірлер т.б. Мемлекет денсаулық сақтау, салауатты өмір салтын уағыздау, қоршаған органы қорғау, отбасылық және сақтандыру міндеттемелерінің орындалуын қадағалау,

қайырымдылықты қолдау шаралары арқылы бұл топқа жұмсалатын шығындарды азайтуға мүдделі.

Қоғамымызда қазірдің өзінде бедері білініп қалған, болашақта араларындағы алшақтық айқын біліне бастайтын әлеуметтік жіктердің сипаты осындай. Бізге ұнаса да, ұнамаса да, барша өркениетті елдердің даму үрдісіне түскен қоғамымыздағы экономикалық құрылым осыған алып келеді. Ендігі мәселе осы жіктердің өзара ынтымағын жарастырып, халқымызды іштей топтастыратын, сөйтіп, ашық қоғам жағдайында ұлттық бірегейлігіміз бен қауіпсіздігімізді сақтап қалатын ортақ ділімізді, яғни дүниетанымымызды айқындауға келіп тірелмек.

Президентіміздің биылғы жылды «Халық бірлігі және ұлттық тарих жылы» деп жариялауында да көп мән жатыр. Себебі, асқан адалдықпен шынайы да күмәнсіз баяндалған ұлттық тарихымызды түзеп алмай халық бірлігін қамтамасыз ету қиын. «Менің атам батыр болған, сенің атаң батыр емес» деп, тұтас халық тарихын ата, ру, тайпа мәртебесін биіктетуге пайдалану – Отанға жасаған опасыздықпен пара-пар. Әрбір тарихи тұлғаның еңбегі, әрбір тарихи оқиға сол кезең аясында ұлт мүддесі тұрғысынан екшеліп, әділ бағасын алуы қажет. Біз биыл бірінші томы жарық көретін төл энциклопедиямызды жасау кезінде де осы принципті қатаң ұстанып отырмыз.

Ой еркіндігі, пікір дербестігі қазақ халқының қанына туа біткен қасиет. Әлі күнге дейін алыстағы құм арасында қойын бағып жүрген қарапайым малшың да сізге өмір туралы, жақсы мен жаман туралы қазіргі қоғам туралы өзінің өмірлік фәлсәфасын ұсынады. Далалық демократия жағдайындағы осындай ой еркіндігі, пікір еркіндігі кейде анархияға, «бас басына би болуға» дейін ұласып кетіп отырған. Сірә, қазақ қоғамының кезінде қатаң билік үстемдік құрған елдерден кенже қалуы, сөйтіп, өзгенің боданына айналуы осы еркіндіктің шектен шыққан әрекеттерге ұласуынан да болар.

Бірақ, бұл ойлау еркіндігінің пайдасынан зияны көп деген сөз емес. Қалыптасқан қағидаларға күмәнмен

қарау – дамудың негізі. Тәуелсіз ойлау адамзаттың танымын кеңейткен талай-талай ғылыми жаңалықтардың ашылуына себеп болды. Кез келген қоғамдағы жүргізіліп отырған саясат, алған даму бағдары сол қоғамдағы парасат иелерінің талқысынан өтіп, күмән мен сенім таразысына салынуы қажет. Демократия ережелері салтанат құрған елдердегі бір-бірімен бәсекелес партиялардың алма-кезек билік басына келіп, бірі тұғырға қонғанда, екіншісі оппозицияға кетіп жататыны да осы таразының қоғамға керектігінен туған.

Ал, қазіргі біздің қоғамымызда ше? Билік тармақтарының шешімдерін біліктілікпен, адал ниетпен талдай білетін, салмақтай алатын таразының екінші басы бар ма? Әзірше жоқ. Мұндай әлемдік өркениет үлгісіндегі салиқалы оппозициялық партияның орнын жоқтатпай, ең болмаса, дәстүрлі қазақ қоғамындағы жырауларымыз бен ақындарымыздың үрдісін жалғастырып, халықтың арман – мұңын ашық білдіріп отыруға тиіс зиялы қауым өкілдерінің де үні жиі естілмейді. Естілсе, қолдап қолпаштау не қара аспанды төндіріп бәрін күйелеу. Түйінді мәселелер төңірегінде байсалды пікірталас жүргізудің орнына біз неге ылғи ұшқарылыққа ұрынамыз. Мұның себебі біздің көпшілігімізде тәуелсіз пайымдау, еркін ойлау үрдісі жетіспейді. Бұл үрдісті кезінде Кеңес үкіметі қыспаққа алғаны да рас. «Сүйікті партиямыз» бізге, бір жағынан, материалдық қамқорлық, шығармашылықпен айналысуымызға жеткілікті жағдай жасап, сеніміне ұйытса, екінші жағынан, өз сөзін сөйлеп, өз жырын жырлайтын, басқаша айтқанда, қалған халықты әлгі сенім шырмауында ұстауға жәрдемдесетін көнбіс топ жасауға тырысты. Баршамызды бірдей ойлауға шақырды, сөйтіп, ой еркіндігі болмады.

Бүгінгі зиялы қауымның арасында сол күндерді аңсау сарыны басым. Біреулеріміз ежелгі әдетімізше билік басындағыларға жағынғымыз келеді, екіншілеріміз баяғы «қолдан жем жеген аквариумдағы жағдайымыздың» қалайша көзден бұл-бұл ұшқанына

түсінбей ашынамыз. Қысқасы, қазіргі тәуелсіз, еркін ойлай алмай отырғанмыз материалдық тәуелсіздікке қолымыз жетпегенің кесірі.

Ал, зиялы қауым материалдық тәуелсіздікке қалай қол жеткізеді. Жалпы, материалдық тұрғыдан өзгеге тәуелді, үнемі қол жаюмен жүретін адамды зиялы деп айтуға бола ма?! Міне, мәселенің төркіні қайда жатыр.

Өркениетті елдерде таланты мен білігі арқылы зор беделге ие болған ой еңбегі иелерінің бәрі ешкімге тәуелсіз болуға мүмкіндік беретін дәулет жинап алған. Дұрысы – дәулет өзі келген. Себебі, олардың еңбегін қалың көпшілік шынайы бағалап, сатып алып отыр. Ал бізде, кейінгі кеңес дәуірінде кез келген ой еңбегінің бағасын көбінесе халық емес, билік басындағылар беретін жаман әдет пайда болды. Бірте-бірте халық дақпыртқа, атаққа, лауазымға ғана құрмет көрсетіп, шынайы ғылыми, эстетикалық талғам қалыптастыру ісі кейінге ысырылды.

Қазір бізде ұлы емес жазушы, ғұлама емес ғалым жоқ. Және бірін-бірі мойындай бермейді. Кейде ойлайсың: әлем тілдеріне аударса, қазақ дүниетанымының өзгеше бірегей бітімін, өзіндік болмысын танытып, дүние-жүзінде дүмпу туғызатын қазақ жазушыларының қандай шығармалары бар екен деп. Егер ондай дүние болса, калталы кәсіпкерлеріміздің бірін үгіттеп, осы тиімді бизнес түрімен айналысуға көндірер едік-ақ. Әй, бірақ, ондай шығарма табыла қояр ма екен.

Әрине, ауызды құр шөппен сүрте берген де жараспас. Қазақ кино мамандарының, музыканттардың, суретшілердің т.б. әлемдік аренаға шыға бастағаны көңілге қуаныш ұялатады. Демек, бізде жаңа экономикалық элита іспетті, жаңа рухани-мәдени элита да қалыптасып келеді. Тек бұлар ұлттық ділі мен тілінен ажырамағай, дәстүрлі рухани мәдениетіміз үрдісінде өсіп-жетілсе игі. Сол кезде олар саясат, кәсіпкерлік салаларында негізгі тұтқаларды қолдарына ала бастаған замандастарының жақсылығы мен жамандығын тайсалмай айтып отыратын шын мәніндегі еркін, тәуелсіз ойдың иелері болып қалыптасар еді.

Жалпы сұңғыла ақылымен кез келген қоғамның ілгері дамуына ықпал ететін парасат иелерінің қалыптасуы бір бөлек мәселе да, сол парасатты адамның өз ойын еркін білдіруіне немесе бұл ойдың дер кезінде ықпалды күшке айналуына мүмкіндік беретін әлеуметтік алғы-шарттардың (демократиялық бостандықтардың, материалдық тәуелсіздіктің, сындарлы пікірді түсініп, қабылдауға әзір әлеуметтік ортаның т.б.) болуы екінші мәселе.

Дәстүрлі қазақ қоғамында өз халқының ағымдағы хал-жағдайын ақыл таразысынан өткізіп, болашағын болжап, ілгері даму бағытына ықпал етуге ұмтылған ой иелері аз болмаған. VII ғасырдағы Қорқыт пен Тоныкөктен бастап, салыстырмалы түрде, күні кешегі Бұқар мен Абайға дейінгі аралықта, талай дана бабаларымыз туған халқының сол кезеңдегі жағдайын, болашақ тағдырын ойлап, тебіреніп өтпеді ме?! Тіпті, осы жиырмасыншы ғасырдағы Ә. Бөкейхановтан бастап М. Әуезовке дейінгі зиялы қауым өкілдерінің ой мен күреске, арман мен мұңға толы ғұмырлары көп нәрсені аңғартпай ма?!

Демек, халқымыз ақылымен қара тасты да ерітер парасат иелеріне кенде болмаған, бүгінгі таңда да мұндай перзенттерінен құр емес. Мәселе сол азаматтардың сындарлы ойының қоғамға ықпал етіп, әлеуметтік күшке айналуында.

Бұл орайда өзіміз кеңес дәуірінде сынап-мінеп келген замандастарымыз француз Анри Бергсонның «өмір философиясы» мен ағылшын Арнольд Тоинбидің «өркениеттер теориясында» ойландыратын тұстар көп. Шынымен-ақ, жеке қоғамның немесе кез-келген өркениеттің қозғаушы күші «шығармашылық элита» болар (А. Тоинби «шығармашылық» ұғымының аясында ақыл-ой еңбегімен айналысатын нағыз зиялы қауымды түгел қамтып отыр). Ал осы элита өкілдерінің материалдық тәуелсіздікке қол жеткізе алмай жеке тұрмыстық қасіретпен ғұмырын аяқтауы, қоғамда демократиялық бостандықтар болмауы салдарынан

билік басындағылар тарапынан қуғындалуы, тіпті, жазалануы, мұны түсінетін ортаның болмауы салдарынан жалғыздық зарын тартып, күңіреніп өтуі тарихта талай рет болған, сірә, әлі де бола беретін шығар...

Мысалға, «жартасқа бардым, күнде айғай салдым, одан да шықты жаңғырық» деп, «соқтықпалы, соқпақсыз жерде» өскен ұлы Абай тұлғасы соңғы пікіріміздің айғағы. Немесе, заманымыздың заңғар жазушысы Шыңғыс Айтматовтың әлем жұртшылығы әр түрлі қабылдаған «Көріпкел таңбасы» («Тавро Кассандры») романының негізгі түйіні де осы: ақиқатты ұғынған парасат иесінің өз замандастарынан қолдау табудың орнына, олардың қарғысына, лағінетіне ұшырауы. Және бұл мәселені Ш. Айтматов бүкіл ғаламдық ауқымда алып, барша адамзат өркениетіне қатысты қозғап отыр. Себебі, жеке тұлғаның, яғни парасат иесінің ойына тұсау салмау, керісінше, оның ықпалды күшке айналуына қамқорлық жасау мәселесі – мәңгілік және ғаламдық мәселе.

Бұл өмірде бәрі де шартты. Кемшілік Аллада ғана жоқ. Пенде біткеннің бәрі де мінсіз емес. Әңгіме сол пенделерден құралған қоғамдағы ықтимал үйлесімге жақындап, ақиқатқа ұмтылуда. Қазір біз өзімізге үлгі тұтып, өркениет өнегесін үйренуге тырысып жатқан қоғамдардағы сөз бостандығы мен ой еркіндігі де шартты. Әртүрлі бағыттағы басылымдары мен телеарналарында айтылып жататын пікірлердің астарында белгілі бір топтың, саяси ұйымның т.б. мүддесі қылаң беріп көрініп қалады. Тек олардағы өз ойын жеткізу мәнерінде сыпайылық пен қитұрқы шеберлік бар. Және қалың жұртшылық та мұндай пікірталастарға үйренген.

Біздің еліміздегі демократиялық үрдістердің дамуы осы әлемдік үлгіге жақындап келеді. Бірақ, өз ойымызды ешкімнің намысына тимей жеткізе білетін пікірталас мәдениеті, сөз қозғап отырған тақырыбымызды егжей-тегжейлі талдай алатын біліктілік жетпей жатыр. Кімнің кім екенін бағалауға қабілетті, тасқа басылған сөздің бәріне құдайдың пікіріндей сене бермейтін әлеуметтік орта қалыптастыру, яғни парасат иесі мен оның за-

мандастары арасындағы байланысты қамтамасыз ету мәселесі де өткір күйінде тұр. Экономикалық даму, демократиялық үрдістердің орнығуы, ақпарат желілерінің кеңеюі бізді кез келген ойды жұртшылыққа еркін айтудың ықтимал үлгісіне жеткізбек. Тек сол ой, шынымен-ақ, ешқандай топтың мүддесіне тәуелсіз, маргиналдық пен көзқамандықтан ақиқат пен халық қамына (жалпы адамзат болашағына) қалтқысыз жаны ауыратын парасат иесінің жүрегінен шықса игі.

### **3.13 Қазақстандағы толеранттық сананың қалыптасуы және этностардың бейбіт қатар өмір сүру мәдениеті**

Толерантты сана және келісім мәдениеті. Шығыс әуезі тәрізді құлаққа жағымды жаңа ғылыми атаулар. Бұл атаулар қазіргі заманғы өзекті мәселелер мәнінің байыбына баруға мүмкіндік береді. Бұған адамдардың ғасырлар бойы бірлікке, келісімге ұмтылатынын айтып қарсы тұруға болады. Дегенмен қазіргі жағдай бұрын болмаған мәдени тарихи сапалықпен көзге түседі. Бұрынғы барлық тарихи дәстүрлерден айырмашылығында келісім, жергілікті таңдап алу принципі сапасында шамаланбайды, ол әмбебап сипатқа ие болады, барлық әлеуметшіл топтарды, этностарды, жас ерекшеліктерін, мәдениет, халықтар, елдерді қозғайды. Дәстүрлі, жағымды қалып сапасында талқыланатын, демократияны өмірге енгізген ежелгі гректің қала мемлекеттеріне (полис) бет бұрамыз. Бұл әлеуметтік ортада келісім болды ма? Сөзсіз, бірақ ол еркін азаматтар «таңдаулылар» шеңберімен шектелді, құлдарды (сөйлейтін жануарлар), әйелдерді (олардың орны үйдің әйелдер бөлігінде), балаларды (олардың алдында әлі адам болу тұр) қоспай қатал шектен шығарды. Демек полис үнсіз, дұшпан, күшпен жаншылғандардың келісімінсіз «келісімімен» қолданды. Ал басқа грек қалалары бірін-бірі және басқа ел адамдарын (варварларды) көп бәлсінбей қару күшімен бағыныштылыққа көндіреді.

Келісімнің тарихи түрлерін тыңнан жасамаймыз. Келісімнің қаншалықты шектеулі болғанына, жалпыға бірдей болмағанын түсіну үшін осы мысал да жетеді. Қазіргі жаһандастыру дәуірі өзге сөзсіздіктермен (императивтермен – ауд.) сипатталады. ХХ ғасырдың басында Макс Шелер адамзат тарихының кең көлемді қайта құрылған сәттерімен салыстыруға болатын, мәдениеттегі батыл өзгерулер туралы жазды. Мәдениеттің «үнсіз келіспеушілікте» болған барлық қабаттары, әлеуметтік топтары мен этностары кім келісімнен ләззат алса, солардың бақылауынан шықты, өз құқықтары туралы мәлімдеді: шығыс елдері мен аймақтары батыстық бейнедегі озбырлыққа қарсы; езілген топтар – байларға қарсы; әйелдер – ерлерге қарсы; балалар – үлкендерге қарсы өз дауыстарын көтерді. Бұдан әрі келісімге таңдаулылар арасында ғана жетудің мүмкін болмай қалғаны анықталды, оның барлық және кез келген шекаралардан өтуі, барлық этностарды тартуы, мәдениеттерді, барлық ерлер мен әйелдерді, үлкендер мен балаларды, байлар мен кедейлерді, барлығын қамтуы, әмбебаптығы керек болды. Бұл, келісімнің өзге сапалық сипатын – оның әмбебаптығын айқындады.

Тек осындай келісімнің қажеттілігі ХХ ғасыр дамуы тенденцияларының өрістеуімен және жаһандастыру белгісімен постиндустриалды ақпараттық мәдениеттің қалыптасуымен дәлелденді. Адамзат шын мәнінде бірлескен әрекет пен экономикалар, саясаттар, тілдер, мәдениеттер, адамдар өмірлік әртүрлі практикалар мен жүріс-тұрыс түрлері қатынасының жаңа дәуіріне кірді. Келісім әмбебаптығы тарихи тәжірибенің өзімен дәлелденді. Бүгін келісімді орнату үдірісінен бірде бір адамды, этнос, халық, мәдениет, әлеуметтік топты шығаруға, бөлектеуге, «тырнақшаның сыртына шығаруға» болмайды. Ол қазіргі заманның үзілді-кесілді анықтаушысы.

Тарихи масштабта жаңа мәселе пайда болады. Бұрын келісімге «келіспегендерді» басу, жанышу арқылы қол жеткізілсе, демек, ол шектеулі болды және кім

таңдаулылар қатарында болса, солардың жүріс-тұрысы қабылдауға болатын жалғыз ереже сапасында ұсынылды. Бүгін, келісім әмбебап болып қалыптасқанда, бірінші орынға ажырату, бірегей мәдениеттік және жеке тәжірибе мәселесі шығады. Келісімге өзіңнің жеке ұлттық абыройыңды, өзіңнің жеке статусыңды сақтай отырып, қалай келуге болады? Әмбебаптық және бірлік, ұқсас еместік, өзіндік, тең еместік, ажырату сақталатын, мүмкіндік қалай пайда болады? Адамзат өзінің мәдени табыстарын мойындамай және жүріс-тұрыстың жалғыз вестернизацияланған, стереотиптік қалпы сапасындағы үлгісін қабылдап, келісімге келе алмайды. Бұл жанышу және мәдени езгі арқылы «келісімге» қайтадан келу болар еді. Бүгін сөз келісімнің басқа түрі, айырмашылықты сақтауға негізделген және өзара түсініктің ішкі механизмдері, өзара мойындау, толеранттық, құрметтеу туралы болады. Адам толерантты болып дүниеге келмейді, бірақ оқу және тәрбие, мәдениет аралық және этнос аралық сұқбат үдерісінде қалыптасады. Бұл жерде діннің, өнердің, философия, әдебиет, әуездің (музыка – ауд.) толеранттық сана қалыптасуындағы алатын үлкен орын басып айту керек.

Келісім әмбебаптағы сақталу, сонымен қатар айырмашылықты қабыл алу мен көтермелеу арқылы жүзеге асады. Бұл қазіргі жаһандану дәуіріне тән әмбебаптықтың ерекше түрі, постмодернистердің теориялық негіздік пікірлерінде ой елегінен өткізілді. Олар бұрыннан бар категориялық аппаратқа сыймайтын жағдайларды сипаттау үшін ғылыми айналымға өзге пәндерден жиі көшіріліп алынған әдеттен тыс терминдерді кіргізеді. Теодор Адорно жұлдыздардың бір-біріне, және жылт-жылт еткен қозғалтқан орталыққа салыстырмалы екі есе жылдамдығын білдіретін астрономиялық «констелляция» терминіне сүйенеді. Жұлдыздардың тартылысы, айрықша статусы олардың ішкі бірлігін туындатады. Делез ботаникадан «тамырлардың көптігін» білдіретін және бір түбірі, діңгегі, одан тарайтын бұтақтары бар «ағаш» астарына қарсы тұрған «ризом» терминін кір-

гізеді. «Ризома» зорлық-зомбылыққа, қысымға душар болмайтын көптеген «түбірлердің» келісімі мүмкіндігін ашады. Постмодернистер бірегей мәдениеттің күйреуі, «ыдырауы» идеологиясын айтпайды. Керісінше, олар бірлікті сақтауға мүмкіндік беретін айырмашылықты табу есебінен, модельдерді теориялық негіздеу мен анықтауды жаңа ақиқаттарды түсінуге демек, көптеген түрлердегі тәжірибелердің дамуы және шұғыл көрінуі арқасында әмбебап келісімді табуға талпынады. Әмбебап болып қалыптасқан келісім айырмашылықты сақтайды және алға өрбітеді, сондықтан ол зорлық-зомбылық, жаныштауға емес, өзара ішкі түсіністік, рухани жақындық, ұлттық мінез-құлыққа және менталитетке негізделеді.

Келісім осындай қойылымында өзара түсінік контекстіне кіргізіледі. Бұл ақиқатқа жету тәжірибесін тануға, ғылыми әдістеме бақылайтын аймақты арттыруға мүмкіндік береді. Өзара түсінік түсіндірудің парасатқа сай процедураларымен қиылыспайды, бірақ эмоцияның, бейнеліліктің, интуицияның, өмірлік даналықтың қосылуын шамалайды. Өйткені өмірлік маңызды шешімдер туралы сөз болғанда, біз оны ғылыми сарапшыларға сеніп тапсырмаймыз. «Түсіну үшін еріктің зорланған күш салуы, – дейді қазіргі заманғы герменевтиканың ұстазы Георг Гадамер, – не де болса бөтенмен соқтығысу, арандатушы, бағыттан адастыру сезімінен басталады». Тек сонда, қашан адамдар әр түрлі тілдерде сөйлегенде, герменевтикалық міндет, жалпы тілді іздестіру міндеті және келісім кеңістігі өзінің барлық байыптылығымен көрінісін табады.

Бұл үдеріс, мәдениет аралық сұхбаттай өзара түсінік түрімен сөзсіз байланысты. «Айырбас үдерісі, сұрақ-жауаптық ілікпе сөз, сұхбаттың негіздік құрылымын, адамдық қатынас негізінде жататын бастауды табады» (Гадамер). Сұхбат диалогтар ретінде түсіндірілуі мүмкін, әңгімелесушілердің әрбірі айтылып тұрғанның мәніне тартылмаса – бұл тек сыртқы сұхбат. Басқа жағдайдың да болуы мүмкін, – әңгімелесушілер бірін-бірі

құлақ қоя тыңдайды, бірақ өз пікірлерінде қалады. Және, соңында тағы бір келісімге жету үшін ең бір артық көрінетін сұхбат варианты: әңгімелесушілер тек бір-бірін құлақ қоя тыңдап қана қоймай, сонымен қатар өзара өзгереді, сұхбатқа дейін оларға белгісіз болған әлденелерді ашады. Тек осы жаңа мазмұн терең, рухани құлықты өзара түсінісумен байланысты экзистенциалдық келісімге келуге мүмкіндік береді.

Сұхбаттың бұл түрлерін келесі терминдер көмегімен сипаттауға болады: бөтенді өзіңдікі ретінде, бөтенді бөтен ретінде және бөтенді өзгелік басқаша ретінде қабылдау. Келісімнің бірінші түрі сұхбаттасушылардың бірдейлігін терістеуі, немесе керісінше, оның тәжірибесіне қалыптасуды (ассимиляция) шамалауы мүмкін. Екінші түрі, пікірді және сұхбатшының құндылық жүйесін қабылдамауды, «бөтеннің» жағымсыз үндестігі түсіндірмесін еске салады. Ақырында бәрінен де қалаған келісімге сай келетін үшінші түрі: сұхбаттасушылар жеке ұқсастықтарын жоғалтпай бір-біріне ұқсас еместіктерін мойындайды және оған құндылықты, жағымды мән береді. Басқа болу – айрықша тартымды болуды, келісімнің айрықша қорын білдіреді.

Қазіргі заманғы жағдайда, қалаулы және қажетті келісім болып табылатын өркениеттер мен мәдениеттер сұхбаты кеңістігінің қалыптасуынан, дауласқан әлемнің бірден бір әлеуметтік және мәдени ұйымдасуының приоритетті түрі пайда болады. Сұхбат қарым-қатынас және қатар өмір сүру түрі ретінде зорлық-зомбылыққа, үстемдікке, бірлестікке (монополия) ақиқат балама болады. Қайшылықты, қарама-қарсылықты адамзат қауымдастығының тарихи дамуының объективтік бағыты, сол әлемнің орталықсыздандырылған және келісілгенін көргісі келмейтін, өз көзқарастары мен саяси еркін басқа елдер мен халықтарға таңушы күштер жағынан табанды қарсылық кездестіруде. Бұл өз мәнінде нағыз ішкі келісім мен демократиялық еркіндікті түп тамырымен құрту жолымен алдамшы келісім, жалған еркіндік және квазидемократия қолдауын тапқан, өзін жойған прак-

тика. Мәдениеттер мен өркениеттер сұхбаты мұндай түрдегі саясатқа әлемнің құрылымдануы тәсілі мен мүмкіндіктерін және нағыз келісімге жетуін көрсетіп, мықты тосқауыл болуы мүмкін.

Шығыстың дәстүрлі болмыс тәсілдері мен құндылық бағытының, либералды өмірді ұйымдастырудың батыстық принциптерімен қарым-қатынасының болуы мәдениеттер сұхбатының өзекті тақырыбы. Қазақ мәдениеті де жататын әлемді қабылдаудың дәстүрлі түрі, құдайлық орта ретінде түсінілетін табиғатқа бүтіндей қатынасқа негізделген. Келешек биоәлеуметтік ағза ретіндегі руды әлеммен салыстыруға болады, және адам да табиғатпен туыстық дәнекерлермен байланысты. Адам рулық қауымға өз бетінше шешім қабылдамайтын және ұжымның еркіне бағынатын оның табиғи бөлшегі ретінде кіреді. Рудан сырт шығып қалу бәрін – шаңырағын, отбасын, бақыт, болашағын жоғалтуды білдіреді. Дәстүршілдік және ұжымшылдық – мұндай социумның маңызды құндылығы.

Ымырашылдық принципі келесі: индивидуалдық, кісі бостандығы және жауапкершілігі, адамның еркін білдіруі, оның ынтасы мен іскерлігі демократиялық, әлеуметтік болмыс көптүрлілігінің алғы шартын жасайтын приоритеттерден шығады. Осындай екі, қарама-қарсы болып көрінетін баптарды қалай біріктіруге болады? Әрине, дәстүрлі құндылықтар өткен шаққа ауысқан жоқ, олар бейсаналыққа терең еніп, ұжымдық бейсаналылық архетиптер жүйесін құрастырады. Кісілік белсенділіктің алғашқылығын болжайтын ежелгі аңыздық поэтикалық сана демократиялық мемлекеттің қалыптасуына кедергі болмай ма? Сонымен бірге, біз үшін Қазақстандағы бұқаралық сананың батыстық институттар мен құндылықтарды игеруі үдерісін зерттеу де маңызды. Бұл сұрақ шынайы зерттеулік талқылауды керек етеді.

Дәстүрлердің жаңа түсіндірмелеріне және оның тарихи шығармашылыққа қарым-қатынасына сүйену керек. Макс Вебер өткеннің жолын ұстаушылық дәс-

түрді жаңаны бекітетін, мақсатты әрекет жүйесі ретінде модернизацияға қатал қарсы қояды. Дегенмен, басқа зерттеушілер мұндай қарсы қоюшылықпен келіспейді. Олар тарихи мирасқорлықты сақтайтын, мәдени үдерістер үзілмейтін дәстүрдің маңыздылығын уағыздайды және дәстүрдің өзінің өзгеруі мүмкіндігін, оның жаңашылдықпен (модернизация) диалектикалық өзара әрекетін көрсетеді. Дәстүр өзара түсінік пен келісімнің маңызды шарты сапасында түсіндіріледі. Өйткені түсіну әрқашан бүтіннің ең алғашқы бейнесін алдын ала – көру, алдын ала – сұқтануды жобалайды. Мұндай түсіну қалай мүмкін болады? Герменевтика, тек түсіну есебінен біз тарихи дәстүр үздіксіздігіне қосыламыз және кез келген парасат түсіндірмесіне дейінгі бүтіннің бейнесін құрастыратын, құндылығы шексіз тәжірибеге ие боламыз деп бекітеді. Сондықтан қазақтың дәстүрлі және батыстың ымырашыл құндылықтарын өзара жоюшы сапасында бейнелеуге болмайды. Адам өзінің бостандығын және тұлғалық таңдауын түсіну, өзара түсіну және келісім жағдайына мүмкіндік беретін тарихи дәстүрге қосылғанда ғана жүзеге асырады. Басқа жағынан, дәстүр тұлғалық бастаудан толық еркін емес, ол адамдардың еркі, күш салуы арқылы жүзеге асады.

Біз келісімнің жалпы планетарлық императив болғаны қорытындысына келдік, ол этностық шығу тегі мен жекелік айырмашылық себебі арқылы жүзеге асуы керек және сондықтан сыртқы сипатта болмай, ішкі күш, терең сұхбат және мәдениет аралық қатынас салдары болады. Қазіргі қауымдастыққа мұндай келісімге дейін алыс, өйткені әзірге бір жақты (однополярном – ауд.) әлемде күш салтанат құрады және бір ірі мемлекет билік құрып тұрады, деп қарсылық білдіруге болады. Дегенмен бұл ақиқатқа да сай келе бермейді. 25 мемлекетті біріктірген Еуропа Одағы, сонымен қатар басқа да мемлекеттер аралық құрылымдар – Қазақстан, Ресей, Белоруссия, Украинаны біріктірген экономикалық кеңістік сияқты қарсы әсерлер қалыптасуда. Мұнан

басқа, келісім мәдениеті туралы айта отырып, біз бар нәрселердің жағдайын ғана еске алып қоймай, болуы керекті, болашақтың моделін де жасаймыз. Қазіргінің анықталуын жүзеге асыратын болашаққа бағыт сілтейтін теорияның тағдыры тек осында.

Мәдениеттік келісім тұрғысынан ислам және христиан өркениеттерінің қарсы тұруы, аты шыққан «өркениеттік күйреуі туралы тезис сынды көтермейді. Сұхбатқа және мәдени қатынасқа, мемлекеттердің ұлттық мақсат-мүддесін қорғауға жағдай жасайтын және күшейіп отырған жаһандастыру жағдайында мәдени айырмашылықты сақтау бағытындағы мемлекеттердің өзара әрекеті жүйесін қалыптастыруға бет бұрған объективтік қарама-қарсы тенденция байқалады. Менің ойымша, осыған байланысты «халықаралық қатынас» категориясы түсінігінің өзін өзгерту қажет. Бұл тек қана мемлекеттер арасындағы саяси қатынастар ғана емес, сонымен қатар әр түрлі шекаралардан өтетін және мәдениет аралық ортақ кеңістік жасайтын байланыстар.

Белгіленген теориялық тезистерге сүйеніп, толеранттық мәдениет пен келісімнің біздің Республикамыздағы жағдайының қандай екендігін талдаймыз. Егер халықаралық деңгей туралы айтатын болсақ, онда Президент Нұрсұлтан Назарбаевтың саясаты әлемнің жас демократиялық мемлекеттері қатарынан нық орын алды және оның посткеңестік кеңістіктегі болашағын, демек, қоғамдық-саяси келісім, демократиялық алға басу тұрғысындағы беделі мен жақсы атын қамтамасыз етті. Қазақстанның ішкі мәселелері және оның жасаған көп этностық қоғам үлгісі, белгілі бір ойда халықаралық қауымдастық үшін және басқа елдердің келісім мен толеранттық мәдениетке қосылуына мысал қызметін атқара алады деуге болады. Бұл біздің Республикамыздың келісім идеясын «лайықты, идеал» түрінен «бар, ақиқат» түрге табысты аударатынын, біріншілердің қатарында біріңғай (унитарлы) мемлекетте келісім мен халықтардың қатар өмір сүруінің бағасы жоқ тәжірибесін басқаларға көрсетуін білдіреді.

Біз қашан бірлік және келісім туралы айтқанда, бірінші кезекте бұл, этника аралық және мәдениет аралық өзара әрекетке қатысты. Көп этностық, көптеген мәдениеттер тоғысқан мемлекет болып отырған Қазақстан бұл жағдайды маңызды құндылық, елдің дамуын байытушы мүмкіндіктер жиынтығы (спектрі) ретінде қарастырады. 130-дан аса этностар жанжал мен соқтығыстарды білмей бейбітшілік және келісіммен өмір сүруде. Көп жағдайларда бұл толерантты санаға ие болған қазақ ұлтының еңбегі. Өйткені қазақтар тарихи ерекше тілектестігімен, қонақ жайлылығымен, ақ пейілділігімен көзге түседі және тотальдық өкімет жылдарында, кеңес үкіметі түрінде кімге тағдырдың бақытсыздығы төнсе, соны өзінің туған жерінде әлпештеп қабылдады. Посткеңестік мемлекеттер ішінде Қазақстан эмиграциялық үдерістерден құтыла алмаса да, көптеген этностардың белсенді қарым-қатынасын және жалпы достығы сипатын сақтады. Одан басқа, Қазақстанда мәдениет аралық қатынастың және мәдениеттердің қатар өмір сүруінің жаңа тәжірибесі: Қазақстан халықтарының ассамблеясы пайда болды. Бұл тәжірибе басқа посткеңестік мемлекеттер тарапынан жоғары баға алды және алыс шет елдер үшін де этностардың қатар өмір сүруіне, ұлт аралық келісімге үлгі болуы мүмкін.

Ассамблеяның жұмысы туралы көптеген баяндамалар жасауға болады. Дегенмен біз үшін, толеранттық сана мен келісім мәдениетінің қайшылық, талас-тартыс мәселесі жиынтығын жоққа шығармайтынын түсіну маңызды. Келісімге тек қайшылықтарды, қиындықтарды жылы жабу, реттеу жолымен емес, шешу арқылы жетеді. Менің ойымша, Ассамблея қызметінің белсенділігін арттыру үшін, Ассамблеяның функциясы мен статусы туралы, оның көкжиегін кеңейтіп, мақсатқа жету әрекетіне салмақтылық пен тиімділік беретін жаңа заңдар қабылдануы керек. Республикадағы барлық этностардың өзара әрекеті, бейбіт қатар өмір сүрулері үшін заң шығарушы негізді қалыптастыру,

мәдени көптүрлілікті дамыту керек. Сонда Қазақстанда жаңа өмір басталады. Бірақ мұндай Заңды жасау мен қабылдаудың созылып бара жатқаны анық. Біреуге мұндай Заңның өмірге енуінің өте керегі жоқтай әсер пайда болады.

Келісім мәдениетінің болашағы және Қазақстандағы этностардың қатар өмір сүруі, бәрінен бұрын елдегі басым болып отырған қазақ және орыс этностарының өзара әрекетімен байланысты. Оларда мәдениет аралық және өзара түсінушілік үшін терең тиянақты негіз бар. Бұл бұрыннан келе жатқан евразиялық ағайындық өзара рух және ұжымшылдық, көп ғасырлық экономикалық, мәдени, саяси салалардағы қатынастың берік дәстүрлері. Қазақтар мен орыстарды ментальдық бағдарлама деңгейіндегі дәнекерлер, демек, бұл этностардың ұлттық сипатын, әмбебаптық анықтаушы түрлер: ұжымдасуға бейімділіктері, әйелге бірдей қатынасы, билік функцияларының белгілі түсіндірмесі берік байланыстырады.

Бірақ, бейбіт мәдениет пен этностардың қатар өмір сүруінің ең басты бағыты қазақтар мен орыстар, қазақтар мен басқа этностар арасында жатпай, оның қазақ этностың өз ішінде болуы әдеттен тыс. Атап айтқанда екпіннің ұлттың ішкі өзара қатынасына жасалуында. Мүмкін, бұл, елде қазақтардың ара салмағының артуымен байланысты болар, және олар басқа этностар алдында тәуелсіз туған мемлекетінің тағдыры үшін өздерінің айрықша борышын, міндетін, айрықша жауапкершілігін сезінер. Енді, қоғамда қазақтардың ролі өлшеусіз өскенде, ұлттың ішкі келісімі мен бірлігі, ұлт аралық өзара қатынас пен серіктестіктің басты жағдайы болады. Әр түрлі этностар мен мәдениеттер арасындағы түсінісу неден басталады деп сұрағанда, бір-біріне сенімнен, басқаның не айтқысы келетінін түсінуге ықыласты болуға, шынайы қызығушылық білдіруден, деп жауап беруге болады. Қазақтардың өзі туралы да осыны айтуға болады.

Келесі мәселелер, қайшылықтар және керек десең тартысты жағдайлардың болуы сөзсіз, өйткені әр түрлі

қабаттардың, топтардың мақсат-мүдделері соқтығысуға келеді. Бірақ дәстүрлі қазақ мәдениетінің айрықша белгісі, өте құнды қасиеті ең бір өмірлік қиын дағдарыстардан шығудың жолын табуы, тілектестік, ашықтық, өзара түсіністікке ерік білдіру, топтың барлық мүшесін бірдей силау болады. Бұл қазақ халқының ежелден аты шыққан ұлы қатынас өнері. Біз өзіміздік, көре алмаушылық, батыс прагматизмі мен салқын есептің мәдениет дәстүріндегі келісім мен өзара түсінік бастауларын шайқалтуына мүмкіндік бере алмаймыз.

Қазақ ұлтының ішкі жағдайы бір кезде тарихи отанынан кетуге мәжбүр болғандардың қайта оралуына байланысты күрделене түседі. Әлемнің әр түрлі елдерінде 5 миллионнан артық қазақ өмір сүреді және олардың басым бөлігі өздерінің балаларының болашағын тарихи отанына қайта оралуымен байланыстырады. Дегенмен, Қытайдан келген қазақтардың Ресейден немесе Америкадан келгендерден басқаша ойлайтыны және сезінетіні анық болып отыр. Тағдыр отанымен берік байланысты силаған қазақтарға олардың екеуі де ұқсас емес. Бәрі де бір тілде сөйлейтін болып көрінгенмен, өздерінше ойлайды, өздерін әртүрлі жағынан көрсетеді. Ал, егер нақтырақ болсақ, онда қазақ тілі де басқа көптеген тілдердің әсерлерімен стилистикалық және грамматикалық өзгерістерге ұшырауда. Осы әр түрлі мәдени және тілдік үдерістер қазақ ұлтының ішінде өзара түсінушілік пен бірлікті қиындатады, ал сонысымен ұлт аралық қатынастарда жаңа мәселелерді туындатады. Керек десе біртұтас қазақ ұлты бар ма, деп сұрақты әлі де өткірлеу қойғым келеді: Шамасы, оралмандардың әлеуметтік-экономикалық бейімделуі шараларына шешуші қадамдар жасай отырып, сонымен қатар, оларда жаңа менталитеттің қалыптасуына қамқорлық көрсетіп бәрінен бұрын туған ұлт өкілдеріне өзара түсінушілік пен келісім рухына сай келетін, ал солар арқылы басқа этностарға бірегей Қазақстан халқы болып табылатын кең көлемді әрекеттерді де істеу керек. Мемлекет те, Ассамблея да, зерттеу мекемелері де

мұнан сырт қалмаулары керек. Оралмандар тек сөйлеп қана емес, қазақша ойлайтындай арнайы білім беретін бағдарламалар қабылдау, психологиялық тренингтер өткізу керек.

Қазақ ұлтының келісімі мен бірлігіне қатер төндіретін тағы бір айтарлықтай қарсы тұрушылық: қала мен ауыл. Қазақтардың 56% қалаларда, ал 44% ауылдарда өмір сүреді. Бұл айтарлықтай үлкен пайыз. Ауылды көтеру туралы Президент бағдарламасы ауылдың көтерілетіні, дүр сілкінетіні туралы сенімді оятты. Бұл бағытта көптеген жұмыстар жасалды, бірақ кем-кемнен қайта құру қарқыны бәсеңдеді. Ауыл әлі де болса, өзінің шешілмеген мәселелерімен бірде бір қазақты, бірде бір қазақстандықты бей жай қалдырмайды. Қазақстанның гүлденуі мен дамуы болашағы тек ауылдың қайта өрлеуімен байланысты. Бүгінгі күні ауыл мәселесі, қаланың да мәселесі болып отыр. Ауыл қазақтары жұмыс және жақсы өмірді іздеп қалаларға келуде. Мұның еш қайсысы да қолдарына тимеген олар, қылмыстық құрылымдарға қосылып, қалаларда тынышсыздық пен тұрақсыздық жағдайын туындататын қылмыстар жасайды, нашақорлыққа салынады. Қала мәселесі болып отырған ауылдың қиындықтары өзінің барлық күрделілігімен және аса маңыздылығымен күн тәртібіне қайтадан қойылуы керек.

Біз келісім мәдениеті, халықтардың өзара байланыстары мен қатар өмір сүруі туралы айтқанда, тек этностарды ғана емес, сонымен қатар, ұрпақ гендерлік жайды да еске аламыз. Біз басып айтқан келісу – келісімшілдікті түсіну, сыртқы қысымға бағыныштылықты емес, терең ұғынылған жеке мәдени бірегейлікті сақтай отырып, өзара түсіністікке ішкі себептілікпен ұмыту. Келісім ұрпақтар қатынасын да сипаттайтын категория. «Әкелер мен балалардың» мәңгілік ауыр жағдайы бүгін одан да әрі ширыға түсуде. Атап айтқанда жастар мемлекетшіл, тәуелсіздік жылдарында үлкен артықшылықтарға ие болғандай көрінеді. Жастар еліктірме ойлардан, ескірген құндылық бағыттарынан тез бас тартып, қазіргі заманға

сай ой ойлап, тез өзгеріп, жаңа құндылық мақсаттарын және жүріс-тұрыс үлгілерін игеруде. Қазақстандағы ірі бизнес жастар атымен лайықты көрсетіледі. Осымен қатар, атап айтқанда жастар арасында, – бұл ашық оғаштық, – білімі аздар, керек болса жай білімі жоқтар көбейіп бара жатыр. Басқа қарама-қарсы нәрсе – дипломы барлардың білімі құжатында көрсетілгенге мүлде сәйкес келмейді.

Бізге бәсекеге икемді, қазіргі заманғы ғылым жетістіктерін игерген, дамушы жер шарының әлемдік мәдениеті категорияларымен ойлайтын, ал ең бастысы – өзара келісім құрлымына кіруге қабілетті қазақстандық ұлт керек. Келісім мен бірлік әйелдердің әлеуметтік тобына бет бұруды керек етеді. Бұл, керек десе топ та емес, Қазақстан тұрғындарының басым бөлігі. Халықаралық құжаттардың қазіргі тілі тармақталған гендерлік зерттеулер жүйесіне сүйеніп, гендерлік сөздікті пайдаланады. Халықаралық немесе ұлттық деңгейдегі бір де бір әлеуметтік жоба, бірде бір әлеуметтік бағдарлама бүгін ерлер мен әйелдердің әлеуметтік тәжірибесін дифференциялауды, олардың әр түрлі келісілген және үйлестірілген болуы керек мақсат-мүдделері мен сұраныстарының гендерлік өлшеусіз өткізілуі мүмкін емес.

Гендерлік бағытта басқа орта Азия елдерімен салыстырғанда Қазақстан ең алдыңғы болып көрінеді. Қазақстан Республикасы Президенті жанында от басы және әйел ісінен комиссия белсенді жұмыс жүргізеді, «Қазақстан Республикасының гендерлік даму концепциясы» қабылданды, әйелдердің экономикалық және саяси алға жылжуы, жүзеге асырылып, гендерлік білім беру өмірге енгізілуде. Мұның бәрі – анық табыстар пайдалылар. Бізге, ерлерге кейде мұнда еш қандай мәселе жоқ сияқты. Біздің әйелдер бүгін айтарлықтай белсенділік танытып бизнеспен, саясатпен айналысуда. Дегенмен бізде жыныс белгісіне орай ашық дискриминация болмаса да, ол жасырын, елеусіз түрінде сақталған. Тек бір мысал, әйелдің жалақысы ерлер жалақысының 67% құрайды. Ненің есебінен? Ерлер жетекшілік лау-

азымдарда (тікеден тік дискриминация) және ең бір жоғарғы жалақысы бар өндіріс салаларында (көлденең дискриминация) жұмыс істейді. Табыс табатын ерлер әсерлі жарнама және соның ішінде зейнетақы қорымен өздерін айтарлықтай қамтамасыздандырады.

Келісім мәдениетіне тағы не кедергі келтіреді? Әлеуметтік жалғыздық мәселесі. Өздерін экономикалық қамтамасыздандырған адамдардың, ерлер мен әйелдердің көпшілігі жан ұя құруға асықпайды. Күннен-күнге ұлғайып отырған ажырасулар саны куә болатыны сияқты, отбасы әлеуметтік институт ретінде «жойылады» деп есептеледі. Дегенмен, бүгінгі зерттеушілер белгілі бір тарихи түрдегі от басы дағдарысы туралы айтады және от басының өткінші емес құндылық болатынына екпін жасайды, өйткені тек от басы ғана адамға ең басты – қамқорлық, сүйіспеншілік, психологиялық қолдау, күнделікті қатынас мүмкіндігін береді. Өзінің бірінші сөзінде айтатын Абайдың сұранышын еске түсірейік: «Ғылым бағу? Жоқ, ғылым бағарға да ғылым сөзін сөйлесер адам жоқ». Білгеніңді кімге үйретерсің, білмегеніңді кімнен сұрарсың? Мұңдасың, шер тарқатысар кісі болмаған соң, ғылым сөзі – бір тез қартайтатын күйік. От басын әлеуметтік қолдауды жетілдіріп, жоғары статусын сақтау үшін БАҚ арқылы, білім беру арқылы жедел шаралар қабылдау керек. Әлеуметтік жалғыздыққа ұшыраған адамдар біздің «келісім шеңберімізден» шығып қалады және соңында өздерін үлестен құр қалғандай және бақытсыздай сезінеді.

Келісім мәдениеті және халықтардың қатар өмір сүруі... Біз «келісім» түсінігіне екпін жасадық. Мәдениет бұл сөз тіркесінде келісімді жүйелі түрде оқып үйрену керек, ол бір оқиғадан келесі оқиғада ғана көрінісін таппай, дағдыға, қалай да екінші табиғатқа айналуы керек дегенді білдіреді. Сонымен жастардың толеранттық мәдениеті тәрбиесіне, халықтың толеранттық санасының қалыптасуына айрықша назар аудару керек. Егер Аристотельді еске түсірсек, онда қайырымды деп,

қайрымды әрекет жасаған кім болса соны емес, кім ол үшін мінезін үйлесімді тәрбиелеп, оны дағдыға айналдырса соны қайрымды деп есептеу керек.

Біз Қазақстан халқында келісім мен қатар өмір сүру мәдениетінің қалыптастыруына, біздің халқымыздың мінез-құлқының күнделікті іс-әрекеттерінен және мәдениетаралық қатынас пен интеграциялық актілерде көрінуіне, біздің бірлігіміз бен келісіміміз ішкі айырмашылығын сақтап, ұлттың өзіндік сана-сезімі мен әлемді мәдени игеруіне ұмтылуымыз керек. Қазақстан осындай келісім мәдениеті мен этностардың қатар өмір сүруі жолында. Біздің еліміздің тәжірибесі ХХІ ғасырдың әлемдік қауымдастығында үлкен сұранысқа ие болуы мүмкін. Өйткені тек біздің еліміз өте сирек кездесетін дәстүрлерді жинақтау мен жаңартуды, қазіргі мен болашақты – өткен мәдени мұрамен келістіру тәжірибесін көрсетеді. Сіз 2004-2006 жылдарға арналған, жүзеге асырылуына отандық қоғамтанушылардың ең білімді өкілдері қатыстырылған, орасан күрделі ұлттық мәдени мұра жобасы туралы білесіз. Біздің институтымыз қазақ тілінде әлемдік философия тарихынан, сонымен қатар көп томдық қазақтың философиялық ойы тарихын баспаға дайындауда. Бұл біздің бәрімізді рухтандыратын, оның орындалуы халықтың мәдени және рухани тәжірибесін байытатын мүмкіндік және туған мәдениетке, сонымен бірге басқа халықтардың философиялық дәстүрлерінің құнды қазыналарына бет бұратын, мемлекеттік қазақ тіліне жаңа, мәдени бастау болатын жоба. Тағы бір рет біріңғай унитарлы мемлекет шеңберінде этностардың қатар өмір сүруі мен мәдениетті және өркениетті өзара байланысы үшін заң шығаратын, құқықтық негіз жасаудың қажеттілігін баса айтқым келеді.

Келісім мәдениеті мен халықтардың бейбіт қатар өмір сүруі үлкен күш салуды, қарқынды еңбекті, таусылмайтын қуатты талап етеді. Бірақ сенім, толеранттық, силастық, өзара қызығушылық білдіру өз жиынтығында келісу мәдениеті мен қатар өмір сүруге қосылатын,

біздің өзара байланысты және өзара тәуелді әлеміміздегі ақиқат, мейрімділік пен сұлулық, руханилықтың жоғарғы идеалдарын бекітуге бағытталған аса маңызды құндылықтар.

### **3.14 Қазақстанның дербес дамуы және жаһандану**

Қазақ халқы өзінің ұлттық бостандығы мен тәуелсіздігі үшін 260-тан астам ұлт-азаттық қозғалысқа, көтеріліске шыққан, соның соңғысы 1986 жылғы желтоқсан көтерілісі болды. Еліміздің барша азаматтары, тілі шығып, бір нәрсені түсінуге жараған бүлдіршіннен бастап жүз жасаған ақсақалды қарияларымызға дейін – бәріміз дербес мемлекетіміз бар екендігін осы он жыл ішінде анық сезінетін халге жеттік. Әрине, бес саусақ бірдей емес. Еліміздің барша азаматтарының ұлттық тәуелсіздігімізге көзқарасы этностық тегіне, әлеуметтік жағдайына, әсіресе, жас мөлшеріне қарай әр қилы. Аға ұрпақ өкілдерінің, тіпті, кейде орта жастағылардың да кешегі кеңестік дәуірдегі алаңсыз, бейқам өмірлерін сағына еске алатындары өтірік емес қой. Олардың мұндай сезімге бой алдырулары негізсіз де емес: түбегейлі экономикалық реформалардың нәтижесі қоғамдағы әлеуметтік ауыртпалықтарға әкеп соқты. Ал, экономикалық реформалар біздің тәуелсіздік алған жылдарымызбен тұспа-тұс келді. Міне, сондықтан да біздің азаматтарымыздың бірқатарының санасында өздерінің тұрмыс жағдайының нашарлауын еліміздің тәуелсіз мемлекетке айналуымен байланыстыратын қате, жалаң түсінік қалыптасқан. Ұлт тәуелсіздігі мемлекеттік тәуелсіздік жағдайында ғана мүмкін.

Бұл жерде, әлгі әлеуметтік ауыртпалықтардың тек жалғыз біздің ғана басымызға түскен зауал еместігін, бұрынғы Кеңес Одағының аумағында бізден де нашар тұратын халықтар барлығын, қайта қазақстандықтар жалақы мен зейнетақыны ТМД елдеріндегі «мұңдас-тарына» қарағанда әлдеқайда көп алатынын айтып, өзімізді өзіміз жұбатуға да болар еді. Тіпті, болма-

са, әлімсақтан белгілі ақиқат – ештеңенің де жоқтан бар болмайтынын, дүниедегі жақсылық атаулының бәрі азапты еңбек арқылы жасалатынын, қайта біздің ұлттық тәуелсіздікке көп қантөгіссіз қолымыз жеткенін, болашақ ұрпағымыз азат елдің еркін азаматтары болып ер жетуі үшін бүгінгі біздің азап шегуімізге тура келетінін айтып, алдарқату да қиын емес.

Алайда, жұбату мен алдарқатуға әбден тойған ауыл қазағына, сабыр түбі сары алтын деп жүріп, қап арқалауға мәжбүр болған қарабазардағы қандастарыма мұндай уәждің ендігі жерде көп әсер етпейтінін білемін. Жерге жекеменшікті енгізу, ауылды қайта түлету, агроөнеркәсіп кешенін жандандыру, ауыл мен қала арасындағы айырмашылықты жою үрдісі басталды.

Қоғамтанушы ғалымдардың қолынан келетіні – ұлттық тәуелсіздік алған соң-ақ жақсы өмірге тезірек күмп ете қаламыз деп сенген қалың көпшіліктің бүгінгідей жағдайға неге тап болғанын мұнан қалай, қашан шыға алатынымызды талдап түсіндіру ғана.

Зілзаланы тегін тексеретін сейсмология ғылымында жердің тік және көлденең ығысуларының бір мезгіл мен бір мекенде тоқайласуы деген ұғым бар. Мұндай тоқайласудың салдары апатты жағдайға соқтырады.

Біздің Қазақстан қоғамында да тәуелсіз де дербес мемлекет қалыптастыру үрдісі бүкіл тиімді экономикалық жүйемізді жаңа принциптер негізінде түбірінен өзгерту шараларымен қоса қабат келді. Және біз мұндай екі ауыр міндетті тәжірибесіз, ғылыми негіздемесіз, қараңғыда қармалып, қабынып-сүрініп жүріп атқарған тәріздіміз. Бұдан басқа жол жоқ еді. Егер біз экономикасы нарықтық қатынастарға сәлпәл де болса бейімделген, халқы мұндай жағдайда өмір сүру әдетін ұмытпаған күйімізде тәуелсіздік алған болсақ, қазіргі Балтық теңізі жағалауындағы елдер сияқты тез-ақ оңалып кетер едік. Немесе, түбегейлі экономикалық өзгерістерді саяси және экономикалық тәуелсіздігі әбден қалыптасқан дербес ел жағдайында жасасақ, мұнымыз қазіргі Венгрия, Польша, Чехия мем-

лекеттеріндегі тәрізді тез-ақ жемісін берер еді. Амал не, тағдыр қазақстандықтардың бүгінгі ұрпағының мандайына отарланусыздану (деколонизация) үрдісі мен жоспарлы экономикадан нарықтық экономикаға көшу кезеңі (транзиттік қоғам) ауыртпалықтарын бір мезгілде басынан өткеруді жазыпты. Отарланусыздану да, транзиттік қоғам да әлемдік ғылымда әжептәуір талданған құбылыстар.

Қоғамның отарланусыздануының саяси, экономикалық, әлеуметтік қырларына тоқталмай-ақ, бір ғана рухани жағын алып қаралықшы. Қазіргі әжептәуір байлық жинап алған кәсіпкерлерімізден бастап, көше тәртібін қадағалаушы қарапайым сақшыларымызға дейін өздерін тәуелсіз елдің төл азаматтары секілді сезініп, «бұл – менің мемлекетім, сондықтан мен оның мүддесіне кіршіксіз адал болуым қажет» деп алғаусыз айта алар ма екен?! Айтпақ тұрмақ, «мұндай пікірімді біреу-міреу есітіп қалып, күлкіге қалармын» деп, қуыстануы мүмкін. Міне, үш ғасыр бойғы бодандықтың санамыз бен рухымызға салған сызатының ізі. Көпшілігіміз дербес мемлекеттік мүддені (мұны көп елде «ұлттық мүдде» деп атайды) көздің қарашығындай қорғау қажеттігін ұмыта бастағанбыз. Соның салдарынан, экономикамызды нарықтық қатынастарға көшіру мақсатымен іскерлік пен кәсіпкерлікке еркіндік беріліп еді, қолдарына мұндай құқық тиген «азаматтарымыз» бұрынғы ортақ байлықты онды-солды тонауға көшті. Тап бір өз елінің, өзінің болашақ ұрпақтары өсіп-өнетін жердің емес, жаулап алған жат мемлекеттің байлығы сияқты талан-тараж басталды да кетті... Мұның зардабын енді тарта бастадық.

Бұл орайда зиялы қауым да осалдық танытты. Жалпы қоғамның рухани-адамгершілік негіздерін сақтайтын рухани азаттықтың қайнар бастауы – барлық елде де осы зиялылар болып саналады. Жетпіс жыл бойы қолдан берген жемге жалтақтауды әбден әдетке айналдырған, көпшілігі кәсіби жанкештілік пен шеберлік шыңына көтерілуді емес, кезендік, «көпшілік қолды» туындыла-

ры арқылы көзге түсуді мақсат тұтқан біздің зиялыларымыз сын сағатта дәрменсіздік танытып, ұсақ-түйек өз мүдделері шеңберінен аса алмады. Ендігі жерде ес жиып, тегеуірінді қажыр-қайрат көрсете алсақ та кеш болмас еді. Егер алдап-арбау мектеп пен мешітті, өнер мен ғылым ордаларын да түгел шарпыр болса, мұны қоғамның рухани-адамгершілік негіздерінің шайқайғаны, пейілдің бұзылғаны деп біліңіз. Оның салдары сұмдық.

Сондай-ақ, қазір қалыптасып қалған қоғамымыздың ұлттық саяси және кәсіпкерлік элитасына да жүктелер міндет ауыр. Олар ендігі жерде біздің тәуелсіз мемлекетіміздің ұлттық мүддесі мен тағдыры өз қолдарында екенін анық ұғынулары қажет.

Қазіргі таңда (болашақта да) ұлттық тәуелсіздікті жалпы бұқараның емес, әлеуметтік ықпалды топтар қоғамдағы интеллектуалдық, саяси, кәсіпкерлік элитаның дұрыс түсінгені өте маңызды болып тұр.

Мемлекеттік тәуелсіздіктің бір-ақ түрі бар, ол – толық саяси тәуелсіздік. Ал, «экономикалық тәуелсіздік», «ақпараттық тәуелсіздік» т.б. дегендеріміздің бәрі осы саяси тәуелсіздікті қамтамасыз ететін «мемлекеттік тәуелсіздік» ұғымының құрамдас бөліктері іспетті.

«Мемлекеттік тәуелсіздік» ұғымы кез келген елдегі саяси жүйе мен құрылымның тегіне, түріне қарамастан жұрттың бөріне ортақ бір ғана «ұлт-азаттық» мағынасында қабылданады, солай түсініледі. Әртүрлі саяси ағымдар мен билік жүргізушілер бұл касиетті ұғымды өздерінің кезеңдік, уақытша мүдделеріне орайластырып, басқаша реңкте қолдануы мүмкін. Бірақ, одан ұғымның түпкі мәні өзгермейді, бәрібір сол мәнге қайта ораламыз.

Сонымен, Қазақстанда бір-ақ ұлт бар. Ол – жалпы халықтың 56% құрайтын қазақ ұлты. Мемлекетіміз де – қазақ ұлтының мемлекеті. Ал кез келген мемлекетте оның негізін қалаған ұлтпен бірге өзге де этностық топтардың өмір сүруі – әлемдік тәжірибеде бұрыннан бар, үйреншікті құбылыс. Тек Қазақстанда тұратын этностық топтардың құрамы ала-құлалау, әрі саны да

көбірек. Бірақ, бұл фактор Қазақстанның өзінің тарихи мекенінде мәңгі бақи өмір сүріп отырған қазақ ұлты мен басқа этностық топтар бірігіп құрған біртұтас унитарлық мемлекет екендігін жоққа шығармайды.

Екіншіден, кез келген ұлттық мемлекет оны құрған ұлттың өзге этностық топтар алдындағы басымдығын таныту құралы емес. Адамзат тарихында мемлекет этностардың бір-бірімен өзара әсерлесу мүмкіндігі көбейген кезде, белгілі бір ұлттың бірегейлігін (аумағын, дінін, тілін, мәдениетін т.б.) аман сақтап, дамыту қажеттігіне орай пайда болған. Қазақстан Республикасы да, ең алдымен, сан ғасырлық тарихы бар қазақ ұлтының бірлігі мен бірегейлігін сақтап, дамытуға қызмет етеді. Мұның өзі өзге этностық топтар мәдениетіне қысым жасалады деген сөз емес. Керісінше, олардың да төл мәдениеті дамып, әрі Қазақстанның мәдени дамуына бір бұлақ болып қосылып, әрі біздің өзге халықтармен (әлгі этностық топтардың атамекендерімен) мәдени байланыс жасауымыздың тиімді арнасына айналуы қажет-ақ.

Ал, енді қоғамдағы әлеуметтік құндылықтар, жеке адамдардың бостандықтары мен құқықтары мәселесіне келсек, біздің еліміздің азаматтарының бәрі этностық тегіне, дініне т.б. қарамастан бәрі де тең құқылы, бәріне де тең мүмкіндіктер берілген. Мұның өзі қазақстандықтарды барынша топтастыруға, ортақ Отанымыздың болашағы мен бүгінгі мүддесі жолында бірігуімізге, бірте-бірте бірегей қазақстандық ұлтқа айналуымызға ықпал етеді.

Бір мемлекет аумағында ұзақ уақыт бойы бірге тұрған этностық топтардың бірегейлене келе бір ұлтқа айналуы әлемдік тәжірибеде жиі болған процесс. Бұған алыстан мысал іздемей-ақ, өзіміздің бауырларымыз түрік халқының тарихи тағдырын-ақ алайық.

Қазақстанда да қазірдің өзінде осындай бірегейлену үрдісі жүріп жатыр. КСРО ыдырағаннан кейінгі кезеңде адамдар өздерінің болашақ ұрпақтары өсіп-өркендер Отанын таңдау құқығын жүзеге асыруда. Бұған азаматтық алу, жаңа төлқұжат беру т. б. шаралар он ықпалын

тигізді. Ендігі міндет – текке, түрге бөлінбей, барша қазақстандықтар болып, ортақ жалпыұлттық идея, саяси құндылықтар негізінде Отанымызды өркендету.

Осы орайда, біздің мемлекетіміздің халықаралық тіл – ағылшын тіліндегі жазылуын бір үлгіге түсіру қажеттігін айта кету қажет. Мемлекетіміз бұрын «Kazakhstan» деп жазылатын. Кейін қай білгіштің өзгертенін білмеймін «Kazakstan» болып жазыла бастады. Ал, бұл атау арқылы бізді мәселенің мән-жайына мән бере білмейтін қарапайым шетелдіктердің көпшілігі кезінде отарлау саясатының қолшоқпарына айналып, әпербақандықпен аты шулы болған «казактармен» шатастырады. Олар «қазақтар», біз «қазақтармыз» деп қай адамға түсіндіріп жатарсың. Сондықтан мемлекетіміздің бастапқы ағылшынша аталуын қалпына келтіру қажет.

Отарлық күйден дербес мемлекетке айналған елде мемлекеттік тіл бірден өз күшіне толық ие болып кете алмайды. Ұзақ уақыт бойы бұрынғы үстем тіл қосанжарланып мемлекеттік тілмен қолданыста жүреді. Үндістанда ағылшын тілі, Алжирде француз тілі сондай рөл атқарған. Қазақстанда да қазір орыс тілі осы рөлді атқарып отыр.

Сондықтан, қазақ тілі неге бірден мемлекеттік тіл міндетін атқарып кете қоймады деп, шыдамсыздық танытудың қажеті жоқ. Бұған, әзірше екі жағдай қолбайлау болуда.

Біріншіден, объективті және субъективті себептердің әсерінен еліміз халқының бірқатар бөлігі (оның ішінде өзге этностық топтар өкілдерімен бірге өзіміздің қазақтар да бар) қазақ тілін толық дәрежеде меңгермеген.

Екіншіден, қазіргі заманғы сан-салалы қызметтерді атқаратындай қазақ тілінің ғылыми терминологиясы толық қалыптасып бітпеген.

Бұл екі мәселені оңтайлы шешу үшін біршама күш-жігер және қаржы жұмсау қажет. Мұндай мүмкіндікті мемлекетіміз табуға тиіс. Және тезірек тапса құба-құп. Себебі, өзін құрып отырған халықтың тілін дамыту

– мемлекеттің бірден бір міндеті. Онсыз мемлекет өз мәнін жоғалтады.

Тағы да қайталап айтамын: Қазақстан Республикасы – тәуелсіздік жолында ғасырлар бойы мың өліп, мың тірілген қазақ ұлтының тарихи Отанында құрылған мемлекет. Сондықтан, қазақтардың өз есімімен аталған елдің бүгінгі хал-жағдайына да, болашағына да өзге этностық топтарға қарағанда жауапкершілігі көбірек болуы заңды. Осы уақытқа дейін біздің халқымыз бұл тарихи жауапкершілікті сезініп, өзінің асқан төзімділігі мен сабырлығының арқасында елдегі этносаралық та, әлеуметтік те татулықты сақтауға ұмтылып келеді.

Ендігі міндет – сын сағатта тек сабырлылық қана танытып қоймай, өркениетті білім мен ғылымның өрелі биігіне көтеріле отырып, өз маңына өзге отандастарымызды да топтастыру болып отыр. Туған елінде «мен – осы елдің иесімін» деп кеуде қақпау керек, керісінше, мықтылығынды Отаныңның өркендеуіне, отандастарыңның іштей топтасуына қосқан жеке үлесіңмен дәлелдеуің қажет. Алдымен қазақтар бірлікте болмайынша барша қазақстандықтар бірлікте болмайды.

Қазақтардың ата-жұртында тәуелсіз мемлекет құру бақытына ие болған бүгінгі замандастарымыз, сонымен бірге, шеттегі қандас бауырларымызға да қолынан келген көмегін аямауы қажет. Бұдан мемлекет те қалыс қалмайды деп сенемін. Себебі, кез келген мемлекет өзін құрып отырған ұлттың сыртта жүрген өкілдеріне қамқорлық жасауды мерей тұтады. Себебі, мұндай ізгі ниет – оның абырой – беделін, қуатын танытатын, өзіне өзгелердің құрметпен қарауын туғызатын шара. Мысалға, Германияның пәлен ғасыр бұрын көз жазып калған қандастарына жасап отырған қамқорлығы, шынымен-ақ, кісі қызығарлықтай.

Кейде керісінше де болады. Жаңадан дербестік алған өзінің этностық Отанының аяғынан тез тұрып кетуіне сол мемлекетті құраған халықтың сырттағы ауқатты өкілдері елеулі көмек жасайды. Кезінде Израиль мемлекеті солай қуаттанған. Әсіресе, шет ел-

дерде тұратын 56 миллион қытайлықтардың «Қытай реформасының» табысты іске асуына тигізген жәрдемі елеулі болды.

Соңғы кезде Үкіметке «сырттағы бауырларымызға неге көмектеспейміз, көшіп келгендерге неге жағдай жасамаймыз» деген ренішті көп айтамыз. Реніш өте орынды. Мүмкіндік болса көмектесу керек-ақ, бірақ, біз сол үкіметтің бұрынғыдай орталық үкімет емес, өз үкіметіміз екенін ұмытпайық Оның коржынындағы қаржы – басқанікі емес, өзіміздің күнделікті қажетімізге жеткізе алмай отырған ақша. Сондықтан «анау маған бөлген ақшанды соларға бер» деп айқайласақ, өте әділ болар еді. Олай деп айта алмаймыз ба, онда құр байбалам ұран салмай, салқын ақылмен сырттағы қандастарымызға заң жүзіңде қамқорлық жасаудың үкіметтегі жоспарлы іс-қимылын жүзеге асыруға жәрдемдесу керек.

«Ұлттық идея» (ұлттық идеология емес), «ұлттық мүдде», «ұлттық рух», «ұлттық намыс» және «ұлттық экономикалық жүйе» деген мәселелер – философия мен саясаттану ғылымындағы күрделі мәселелер екені рас. Бір қоғамға, бір елге қатысты болғандықтан бұл үрдістердің дамуы арасында өзара тығыз байланыс, өзара ықпалдастық болатыны да түсінікті. Алайда, ұлттық тәуелсіздіктің тағдырын осы ықпалдастықтың оңтайлы үлгісінің табылу-табылмауына апарып тіреп қоюға болмайды. Соңғы жылдары қауырт дами бастаған отандық философия мен саясаттану ғылымында бұл үш мәселені жеке-жеке де, бір-бірімен байланыстырып та ғылыми зерттеу ісі қолға алынды. Алғаш-қы нәтижелер жаман емес. Тек сол ғылыми зерттеулер нәтижесі үкімет мүшелерінің назарына ілініп, күнделікті іс-тәжірибелерінде басшылыққа алынса екен. Оларды қадағалап оқып отыру журналистерге де артық жүк болмас еді.

Бізде мемлекеттік идеология деген жоқ. Кешегі кеңестік қоғамда мемлекеттік идеология ретінде жұрттың бәрінің санасы мен көзқарасын темір құрсаудың шеңберінде ұстауға тырысқан «марксизм – ленинизм-

нен» тартқан зардабымыз есіңізде болар. Тек демократия принциптеріне негізделген қоғам ғана өркениетті жолмен дами алады. Шынында да адамдардың бір қоғамда ынтымақтаса тіршілік етуінің әзірше «демократиядан басқа ойлап табылған үлгісі жоқ». Ол қоғамда әр алуан пікірлер мен көзқарастардың, яғни әртүрлі идеологиялық ұстанымдардың өмір сүруі қалыпты құбылыс болып табылады. Адамдар әлеуметтік мүдделері мен мұрат-мақсаттарына орай сол әр қилы идеологиялық ұстанымдарды ту етіп көтерген әртүрлі саяси ұйымдарға (не партияларға) біріге алады. Біздің Ата-заңымызда да осы принциптерді ұстанатынымыз жазылған. Бірақ, бұдан мемлекет ұстанатын идеялық құндылықтар болмайды деген пікір тумауы қажет. Мемлекет халықты іштей топтастырып, біріктіретін, ілгері дамуға жетелейтін, көпшіліктің мүддесіне сай келетін жалпыұлттық идеяны темірқазық етіп ұстайды.

Көп елде бұл «ұлттық идея» деп аталады. Бізде Қазақстанда да «ұлттық идея», яғни «қазақ ұлтын немесе қазақстандықтарды топтастыру идеясы» халықты біріктіруші идея болуы керек. Мұны қазіргі тандағы жалпыұлттық-мемлекеттік идея деп атасақ та артық болмас.

Екіншіден, біз әлі күнге дейін «мемлекеттік» және «ұлттық» деген ұғымдарды ескі кеңестік көзқарас тұрғысынан түсінеміз. Қазақстан тәрізді біртұтас унитарлық елде «ұлттық» пен «мемлекеттік» сөздері бір ғана мағынада қолданылуы қажет. Әлемдік түсінікте де солай. «Ұлттық мүдде» десе, мемлекеттік мүддені түсінеді. «Ұлттық идея» десе, мемлекеттік идея деп біледі. Біз де бұдан былай осы түсінікті бойымызға сіңіруіміз қажет.

Біздің Президентіміз айқындаған «Қазақстан-2030» стратегиясының негізінде ұлттық идея жатыр. Осы еңбектерде қазақ ұлтын және басқа да этностарды іштей біріктіріп, дамытудың бағыт-бағдары жақсы ашылған.

Ағылшынның ғана емес, адамзат тарихында аты қалған атақты саяси қайраткер Уинстон Черчилль «экономика ұлттық болу қажет» деген сөзді осыдан жар-

ты ғасыр бұрын айтса да, бұл пікір өзінің маңызын әлі жойған жоқ, керісінше, ол кезде күшін енді ғана көрсете бастаған «трансұлттық» компаниялар ауқымдана-ауқымдана келе әлемдік экономикада ықпал аймағын өзара бөлісіп болған қазіргі біздің заманымызда, тіпті, бұл ең өмірлік мәселеге айналды. Және бұл тек Англияға немесе Қазақстанға қатысты ғана мәселе емес, бүкіл әлем елдерінің кез келгенінің басында бар жағдай.

Шынымен-ақ, қазіргі заманда әлемдегі кез келген ел дүниежүзілік капитал мен технологиялардың елеулі бөлігін иемденіп алған қуатты да мүмкіндігі мол трансұлттық компаниялардың жәрдемінсіз дами алмайды. Әлемдегі шикізат көздері мен сауда рыногін өзара бөлісіп алып, баға саясатын реттеушілер де солар. Тіпті, салалық ғылымдарды, жаңа технологияларды дамытуда да олардың ықпалы зор. Кейде, мен ойлаймын, аймақтық жанжалдарда да сондай бір әлеуетті күштердің ықпалы бар-ау деп. Қазіргі Америкада реттелетін дау-жанжалдар тұжырымдамасы зерттелуде.

Бірақ, амал қанша, өркениет көшіне ілесу үшін барлық елге қаржы қажет. Оның үстіне, тауар мен ақпарат ағынына тосқауыл қойып шекараны бітеп, өзге әлемнен оқшау, тұйық елге айналу қазіргі заманда мүмкін емес және мұның қандай зардаптарға соқтыратынын біз өзіміздің кешегі кеңестік кезеңдегі өмір тәжірибемізден мықтап ұғындық.

Сондықтан Қазақстан шетелдік ірі-ірі компаниялардың көмегімен әлемдік экономикалық жүйеге кіруге ұмтылуда. Біздің мәңгілік жауымыз жоқ, тек мәңгілік ұлттық және стратегиялық мүддеміз ғана бар. Қазақ елінің бейбіт пейілін түсінген трансұлттық компаниялар да біздің экономикамызды жаңа сатыға көтеруге құлшыныс танытып, қаржыларын жұмсауда. Халқымыз олардың бұл іс-әрекеттерінің, ең алдымен, бізге қажеттігін түсініп, жылы қабақпен қарағаны ләзім.

Үкімет осы компаниялардың көмегімен тиімді және ішкі біртұтас және икемді ұлттық экономикалық жүйемізді құруға да талпыныс жасауда. Әсіресе,

соңғы жылдары салынған, салыну жоспарланып отырған аймақаралық темір жолдар, бұрынғы әр жаққа бағытталған энергетика мен мұнай-газ тасымалдау желілерінің бір-бірімен ұштаса бастауы, отандық тауар өндірушілер мен кәсіпкерлердің жұмысын қолдау, ауылды қайта түлету т.б. шаралар таяу жылдары ішкі рыногымызды өзіміздің тауарлармен қамтамасыз етуге мүмкіндік беруге тиіс. Осылайша, отандық өндірісшілеріміз еркін бәсекелестік негізінде өз өнімдерінің сапасын жақсартып, сыртқы рыноққа да шығатын күнге жетерміз деп ойлаймын.

Сөйтіп, ғасырлар тоғысында Қазақстан дербес елге айналып, саяси, әлеуметтік және экономикалық жүйесі әлемдік өркениет үлгісінде қайта құрылды. Кең мағынада алғанда, қоғамдағы демократиялық принциптердің салтанат құруы тек тәуелсіз елде ғана жүзеге асады. Сондай-ақ, шынайы демократия мен халықтың басымы көпшілігінің рухани тұрғыдан осы демократиялық бостандықты пайдалана алатындай кемелденуінсіз мемлекеттің тәуелсіздігін баянды ету де мүмкін емес.

Демек, ұлттық тәуелсіздік – қоғамдағы демократиялық принциптердің орнығуы мен халықтың рухани жаңаруының іргетасы болса, демократия мен рухани жаңару – елдің саяси және экономикалық тәуелсіздігін баянды етудің басты құралы.

Тәуелсіздік қазақ халқының, қазақстандықтардың ғасырлар бойы аңсаған асыл арманы мен мұраты еді. Ата-бабаларымыз қанын да, жанын да аямай, канша арпалысса да жете алмай кеткен осынау кастерлі мақсатқа біздің ұрпақ XX ғасырдың аяғында ешқандай қан төгіссіз қол жеткізді. Әлем жұртшылығы халқымыздың дербес елдігін таныды, өркениетті мемлекет құруға ұмтылған қадамымызды құптап, қолдау көрсетті.

Біз – тәуелсіздігімізді нығайту, экономикалық жүйемізді түбірінен жаңарту, демократиялық принциптерді орнықтыру, мемлекеттік, ұлттық және мәдени бірегейлену сынды күрделі-күрделі үрдістерді басымыздан өткізіп жатқан елміз. Мұның өзі қоғамдағы орнықты

саяси ахуал жағдайында, халықтың басым көпшілігінің рухани және мәдени жаңаруы арқасында жүзеге асуы мүмкін процестер. Рухани бостандық, ой еркіндігі, ұлттық философия мен тарих, қазақ ұлтының сонау қонған заманнан бүгінгі күнге дейінгі жүріп өткен ұлы тарихи жолын өркениеттік әдіс тұрғысынан тереңірек зерделеу тәуелсіз және егемен Қазақстан жағдайында ғана мүмкін болды. Тек тәуелсіздік пен егемендік жағдайында ғана Қорқыт Ата, әл-Фараби, Қожа Ахмет Иасауи, т.б. ғұлама ойшылдар мен гуманистер көзқарастары, қазақтың ұлттық дүниетанымы туралы бүкпесіз айтуға, айтып қана қоймай, жүйелі түрде зерттеуге, халқымыздың бай рухани және мәдени мұрасын игере отырып, ұлттық өзіңдік сананы қалыптастыруға, біртұтас ұлт болып бірегейленіп ұюға мүмкіндік алдық...

Қазақстан Республикасы Конституциясы бойынша мемлекеттік билік атқарушы, заң шығарушы және тәуелсіз сот сияқты үш тармаққа бөлінген. Елбасы Н.Ә.Назарбаев «Қазақстан – 2030» стратегиясы негізінде бүкіл халық қолдайтын ішкі және сыртқы саясатты іске асырып келеді. Ішкі саясат жаңа қоғамды одан әрі тереңірек топтастыруға, тұрақтылықты, азаматтық бейбітшілікті және рухани келісімді одан әрі нығайтуға, мемлекетті және оның институттарын қалыптастыру мен дамытуға, халықтың әл-ауқатын көтеруге бағытталған. Сыртқы саясат жаһандану, әлемдік ауқымдану заманында Қазақстанның көпвекторлы және көпдеңгейлі интеграциялық іс-әрекетіне, аймақтық және әлемдік қауіпсіздікті нығайтуға, әлемдік қауымдастықта еліміздің орнықты дамуын қамтамасыз етуге, жоғары технологияны пайдалана отырып, экономикалық өсуге бағытталған. Мемлекет басшысы Қазақстан халықтары Ассамблеясының VIII сессиясында және Ғылым академиясының 2001 жылы өткен жылдық сессиясында сөйлеген сөздерінде бұл тұрғыда атқарылған іске баға беріп, олқылықтарды орынды сынға алды. Қазіргі кезде ел бірлігін нығайту және жаһандану жағдайында ғылыми-зерттеулерді уақыт та-

лабына орай дамудың жеделдеткіші ретінде пайдалану міндеттерін қойды.

Нарықтық экономиканы қалыптастыруда қоғам алдында туындаған басты экономикалық басымдықтар мен мақсатты саралау аса маңызды мәнге ие болды. Сондай мақсаттардың ішінен мыналарды бөліп атауға болады:

- өндірістің мол да сапалы тауарлар шығаруы, сервистік қызметтер көрсетуі жағдайындағы экономикалық өсу, яғни лайықты өмір сүру жағдайына ұмтылу;

- жұмысқа ынталы және қабілетті адамдардың нақты іспен айналысуына заңнамалық және экономикалық негіз қалау;

- шектеулі ресурстардан аз қалдықпен жоғары өнім алуға тырысатын экономикалық тиімділік;

- бағаның тұрақты деңгейі мен валюталық тұрақтылық, яғни инфляция көрсеткіші болып табылатын бағаның жалпы деңгейін өрескел көтеруден сақтау қажеттігі. Сондай-ақ елдің экономикасының көрсеткіші болып табылатын ұлттық валютаның – теңгенің – әлемдік қаржылық рынокта тұрақтануына қол жеткізу;

- кәсіпорындарды, тауар өндірушілер мен қызмет көрсетуді, сондай-ақ тұтынушыларды басқарудың негізгі принциптері ретіндегі экономикалық еркіндік;

- мүгедектерге, жұмысқа жарамайтындарға, қарт адамдарға қамқорлық;

- бүгінгі және келешек ұрпақтың өмірі мен денсаулығының кепілі – айнала қоршаған ортаны, табиғатты аялау;

- елден шығатын және кіретін тауарлар мен қызметтер бағасының сәйкестігін жүзеге асыратын сауда тепеңдігі.

Осыған орай қазіргі кезеңдегі мүмкіндікке сәйкес Қазақстанда тауар өндіруде бәсекелестікке негізделген экономикалық қарым-қатынас жүйесінде әрқайсысы өз қызметін атқаратын жеке және мемлекеттік меншікті біріктірген әлеуметтік нарық экономикасын қалыптастыру мақсатын іске асырдық.

Егер өндірісті ұйымдастырудың нарықтық үлгісіне тән еркін ілкімділік, кәсіпкерлік жүйесінің ережелерін сипаттар болсақ, алдыңғы лекке жекеменшік шығады. Жекеменшік ұғымына бұл жерде еркін ілкімділік жүйесі жағдайында иеленуге, пайдалануға, сатып алуға, сатуға немесе мұраға қалдыруға болатынның барлығы жатқызылады. Көп жағдайда нарықтық жүйеде материалдық ресурстарды өкімет емес, жеке адамдардың және жеке институттардың меншігі құрайды. Мұндай жекеменшік жеке адамдар мен кәсіпорындарға келісім-шарт жасауға еркіндік бере отырып, материалдық ресурстарды өз қалауынша тұтынуға, бақылау жасауға, пайдаланып жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Бәсекелестіктің нәтижелі жұмыс істеуі және оның залал тигізу мүмкіндігін шектеу үшін елімізде арнайы монополияға қарсы заңдар қабылданды, ол заң жеке тұлғалардың өз пайдасын өсіруге тырысқан кезде бір-біріне, зиян келтірмеуін қамтамасыз етті. Бәсекелестік тұтынушылар мен сатушылардың істеріндегі жеке мүддесіне шек қояды, сондықтан да ол еркін ілкімділік жүйесінде негізгі реттеуші күш болып табылады. Бұл орайда, бәсекелестік өндірушінің өзін қызықтырған нақты сала өндірісіне кедергісіз енуіне немесе қандай да бір заңды шектеусіз-ақ шығып кетуіне жағдай жасайды. Бәсекелестіктің бұл қыры экономиканың уақыт ағынында өзінің тиімділігін сақтауына аса қажет икемділік сипатының шарты болып табылады. Белгілі бір салаға ену еркіндігі экономиканың тұтынушылар талғамының өзгеруіне, ұсынылған ресурстарға немесе жаңа технологияға бейімделуі қажет. Біз киім сәнінің қаншалықты тез өзгеріп жатқандығын көріп отырмыз, сол сияқты нарықтық экономика жағдайында күнделікті тұрмысқа қажетті жаңа тауарлар өндіріліп жатады, автомобильдер де, тағы басқалар да өзгеріп тұрады.

Егер Қазақстан экономикасын бүгінгі әлемдік қауымдастықтағы қазіргі үлгімен егжей-тегжейлі салыстырсақ, онда маңызды айырмашылықтың бірі өндіріс құрал-жабдықтарын жеке иемденетін адамдар тобының аз

екендігіне көз жеткіземіз. Сондықтан да экономикалық реформа бағдарламасында мемлекеттік меншікті бірте-бірте азаматтар қолына көшіретін кең көлемді жеке-шелендіру ерекше орын алды. Бірақ бұл мәселені жедел шешуге тырысқан алғашқы талпыныс аса күрделі кедергілерге тап болды. Энергия, транспорт, коммуникация және тағы басқа стратегиялық нысандардың көпшілігі мемлекеттік меншікте болғаны дұрыс. Материалдық байлықты бөлудегі советтік тенгермешілік принципі бұл жағдайда тиімсіз болып шықты, себебі барлық адамды бірдей жекешіл және шаруашылық иесі етіп шығару мүмкін емес. Мәселе мынада: жеке меншік иесі болу, яғни беріле жұмыс істеу, басқару, өндіріс тиімділігін қамтамасыз ету, өз қаражатыңмен, жағдайыңмен, қала берді болашағыңмен тәуекел ету деген сөз. Сөз жоқ, көпшілік адамдардың меншік иесі болуға, өндіріс нәтижесі үшін жауапты болуға, өз қаражатын жұмсауға, жағдайы мен тыныштығын тәрк етуге мүмкіндігі жоқ, тіпті ондай бола да алмайды. Қазақстан Республикасының жекешелендіру жөніндегі мемлекеттік бағдарламасы шаруашылықтың нарықтық жүйесіне ену сәтінде адамдардың барлығына бірдей жағдай жасауды көздеді. Ал ілкімділік саласында мамандық түрін немесе жалдамалы еңбекті қалау адамның жеке басының ісі болмақ, Осылайша, қоғам еркін ілкімділік, кәсіпкерлік жүйесінің ережелері мен басты тетіктерін игере отырып, бірте-бірте нарықтық жүйеге енді.

Қазақстанның тәуелсіз дамуының басты нәтижелері: этносаралық үйлесімділік және саяси тұрақтылық, рухани келісім, бейбітшілік, экономикалық өсу, ұлттық мүддені қорғау негізінде ішкі және сыртқы қауіпсіздікті одан әрі нығайту, жүйелік әлеуметтік-экономикалық және саяси реформаларды қарқынды жүргізу, тәуелсіз елдің демократиялық саяси жүйесін қалыптастыру. Осындай қыруар жұмыстың барысында кейбір қателіктер мен кемшіліктер болса да, негізгі стратегиялық бағытымыздың дұрыстығына әбден көзіміз жетті.

XX ғасырдың соңына қарай дүниежүзілік дамуда жаһандану үрдісі басталып, тез қарқын алды. Дамыған елдер барынша үстемдік жүргізу әрекеттеріне қарай (АҚШ және оның, ең жақын әріптестері), географиялық орналасуына қарай (Батыс Еуропадағы мемлекеттер, Шығыс Азия елдері), көмірсутегі шикізатын шығару мүмкіндігіне қарай (ОПЕК елдері) топтасып алып, ықпал жүргізу аймақтары үшін, тауар шығару елдері үшін нағыз талас пен жанжал басталды. Жаһанданудың басты бір талабы қандай да болсын бір қауымдастықтың құрамына кіру қажеттігі болып қалды.

Осындай жағдайда Қазақстан өзінің дербес дамуын жаһандану үрдісімен үйлестіруге мәжбүр болады. Былай алып қарағанда, еліміздің өз еркімен өркендеуіне барлық мүмкіндіктер бар сияқты. Қазба байлығымыз жеткілікті, шетелдік инвестициялармен бірге жаңа технологиялар да келіп жатыр, ойлы да байыпты саясаттың арқасында кадрлар даярлау ісі де оналып қалды. Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың көрегендікпен айтыш жүргеніндей, жаһандану жағдайында шикізатқа бай елдердің жұлдызы жанады. Олай болса, ата-бабаларымыз бізге мұра ретінде қалдырған жердің қойнауындағы байлық, егер дұрыс және тиімді пайдалана білсек, ұтымды саудалай алсақ, еліміздің өркендеуіне негіз, халқымыздың әл-ауқаты артуына азық бола алады. Алайда, сол байлықтарымызды өндіру де, оны өнімге айналдыру да, сыртқа шығарып сату да Қазақстанның әлемдегі талай-талай елдермен ықпалдастықта болуын, интеграцияға түсуін талап етеді.

Ендігі міндет Азияның барысы болуға ұмтылған мемлекеттің даналық пен әккілікті, айбат шегу мен икемділікті қатар алып жүруінде болса керек. Мұндайда жақсы мағынасындағы мемлекеттік шамшылдық та, ақылды тәуекел де қажет. Осы айтылғандарды ой сарабына салып көрсек, Республика Президентінің Орталық Азия мемлекеттерімен экономикалық қауымдастықты, Ресей, Беларусь, Қазақстан, Қырғызстан және Тәжікстан кіретін Еуразиялық экономикалық қауымдастықты

дамытуға, Шанхай ынтымақтастық ұйымын Қазақстан үшін барынша тиімді пайдалануға жанын сала әрекет етіп жүргенін түсінуге болатындай. Бүгінде Қазақстан ішкі дербес дамуын жалғастыра отырып, дүние жүзінің барлық бұрышынан өзіне сенімді әріптестер іздеуде. Бұл тұрғыдағы әрекеттердің де нәтижесіз емес екеніне көзіміз көріп жүр.

Егер бүгінгі заманның жаһандық мәселелері тоғысын мұқият сараласақ, олардың бір-бірімен іштей байланысып жатқандығына көз жеткізу қиын емес. Мұның өзі оның әрқайсысын басқаларымен бірге кешенді қарастырғанда ғана толық шешуге болады деген сөз. Мәселен, дамушы елдердегі көптеген мәселелер кедейліктен туындап отыр, яғни екінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі жылдары адам басына шаққандағы ұлттық табыс деңгейі тұрғысынан дамыған және дамушы елдер арасындағы айырмашылық елеулі болса, қазір бұл айырмашылық тіпті өсіп кетті

XXI ғасырда ғылыми жаңалықтар мен зерттеулердің мәні өлшеусіз өсетін болып отыр. Мұның өзі республика зиялылары мен ғалымдарынан жаңа технологиялар мен техникаларды талдап жасауға барынша ден қойып, оларды ел игілігіне қызмет еткізуді, Қазақстанның Ресей және Қытай сияқты ұлы көршілерімен тарихи тағдырластығының, Орта Азиядағы елдермен туыстық тағдырластығының дәнекерлерін тауып, солардың негізінде бүгінгі ынтымақтастықтың қажеттігін ғылыми негіздеуді талап етеді.

Қазақстан дербес дамуды үйренді, сол жолмен нық жүріп келеді. Енді жаһандану жағдайында өзі соған кіріге отырып, онын серпінділігін сезінуші жақ қана емес, сездіруші жақ ретінде де әрекет етуді игеруі керек.

Қазақстан Республикасы аталатын жаңа мемлекеттің әлемдік қауымдастық қатарына қосылғанына биыл он жылдан асты. Он жыл деген ұлан-ғасыр тарих көшінің биігінен қарағанда қас-қағым сәт іспетті көрінер, сірә. Бірақ, бұл сыртқы әсер ғана. Сол он жылда аласапыран оқиғалар арасында, бұрын табынып келген

мұраттарымыз бен құндылықтарымыздан қинала арыла отырып, өзін өзі өзгертудің қиын жолынан өткен, қанша қиналсақ та, ғасырлар бойы аңсаған тәуелсіз еліміздің бұғанасы бекіп, әлемдік қауымдастық төрінен салиқалы орын иелене бастағанына шүкіршілік ететін біз – барша қазақстандықтар өзгелерге қас-қағым сәт сияқты көрінер осы кезеңді жүз жылға балар едік. Бұл пікіріміздің дұрысы мен бұрысын болашақтың тарихшылары таразылай жатар. Ал, біздің бүгінгі анық ұққанымыз және өзгелерге де ұқтырғанымыз: қазақ деген халықтың қазіргі заманғы үлгідегі дербес мемлекетін құрып, жаһандану заманында ешкімге жалтақтамай, өркениетті елдер тәрізді өмір сүре алатындығы.

Кез келген мемлекеттің әу бастағы құрылу үрдісі оңай болмаған. Анау Американы алыңыз, бергі Батыс Еуропа мемлекеттерінің тарихына үңіліңіз, қазіргі Африка мен Азияда өтіп жатқан оқиғаларды зерделеңіз. Қайда қарасаңыз да, жаңа мемлекеттің қаз тұрып, болашаққа қадам басуы сыртқы және ішкі мүдделер қақтығысынан, қанқұйлы соғыстардан кейін ғана барып жүзеге асқан.

Елбасымыз, ең алдымен, еліміздің сыртқы қауіпсіздігін нықтап берді. Енді біздің кең-байтақ жерімізге ашық түрде көз алартатын, саяси талап қоятын ешбір мемлекет жоқ. Керісінше, тәуелсіздігіміздің алғашқы жылдары қауіпсіздігімізге кепілдік берген әлемнің алпауыт мемлекеттерінің басшылары соңғы кезде басқа аймақтардағы саяси және әскери кикілжіндерді қалай реттеу жөнінде Қазақстан Президентінің пікіріне құлақ салатын болып жүр. Мұның өзі тек Президенттің ғана мәртебесі емес, еліміздің қазіргі таңдағы өскен көрсеткіші.

Әлемдік экономикалық кеңістіктегі алар орнымыз қомақтана түсті. Қазақстанның мұнайы мен астығы, мысы мен хромы т.б. байлықтары ақшалы трансұлттық компаниялардың көз жауын алуда.

Дүние жүзімен саяси және экономикалық байланыстарымызды қалыпты арнаға салып алған Елбасы 2000 жылдан бері мемлекетіміздің ішкі әлеуметтік

мәселелеріне көбірек назар аударуда. Зейнетақы уақытылы төленіп, халық денсаулығын сақтауға қомақты қаржы бөлінді. Шетелдік компаниялардың тапсырыстары өз еліміздің кәсіпорындарына беріліп, жұмыссыздық азайды. Орта және кіші кәсіпкерлікті дамытуға несие бөлінді т.б. Бірақ бұл үлкен жұмыстың бастауы ғана екен. Елбасымыз былтырғы ұлы мереке – Тәуелсіздігіміздің он жылдығын дәл осы бағыттағы әлеуметтік шаралар кешенін жүзеге асыру сипатында атап өту қажеттігін жыл басында тағы да қадап айтты.

Мен өз басым, 2001 жылғы 2-3 ақпан аралығында Алматы қаласында өткен білім және ғылым саласы қызметкерлерінің 2 республикалық съезін осы әлеуметтік шаралардың жүзеге аса бастауының бір көрінісі деп қабылдадым.

Съезд республикамыздағы білім беру мен ғылым саласындағы қордаланған мәселелерді ашық та бүкпесіз талқылауымен, оларды шешудің оңтайлы жолдарын іздестірумен есте қалды. Елбасымыздың съездегі сөзін білім және ғылым салалары қызметкерлерінің бүгінгі таңдағы, таяу жылдардағы іс-қимылдарының негізгі бағыттарын айқындаған бағдарлама ретінде қабылдадық. Ең алдымен, қоғамның интеллектуалдық қуатының маңызы туралы айтылған ойлардан кейін менің әріптестерім көңілдеріндегі кейбір түйткілдер мен күмәндарынан арылғандай болады. Расында да, кез келген қоғам өзінің ішкі ұлттық интеллектуалдық қуатының мықтылығына табан тірей отырып қана болашаққа сеніммен қарай алады. Үшінші мыңжылдықта қазіргі заманғы ілім-білімдерді өзінің ұлттық ерекшеліктеріне бейімдеп менгермеген, өзге жұрттармен тең дәрежеде өркениеттік сұхбат жүргізе алмайтын халықтың да, адамның да тағдыры қыл үстінде болмақ. Жоқ сізді сырттан біреу қарудың күшімен жаулап алмайды, құлдыққа да салмайды. Әлемдік жаһандану үрдісі жағдайында ақпараттық, технологиялық бәсекеге төтеп бере алмай, өзіңнен өзің өркениет арнасының жиегіне шығып қаласың. Әсіресе, мұндай қатерден жері ұлан-байтақ,

сол жердің қойнауындағы игерілмей жатқан байлығы одан да ұшан-теңіз, бірақ салыстырмалы түрде саны аз, сондықтан оң-солымен бейбіт, ашық саяси және экономикалық қарым-қатынас жасаудан басқа амалы жоқ қазақ ұлты әлі арыла қойған жоқ Біз өзімізбен өзіміз тұйықтала алмаймыз, тұйықталудың қажеті де жоқ Керісінше, ашық қоғамның мың сан тиімді жақтарын барынша өз пайдамызға жаратуымыз қажет. Сонда әлгі қатерден сақтанудың амалы қайсы? Амалы: шет елдік әріптестерімен бәсекеде ұлттық болмысы жағынан да, білігі жағынан да, рухы жағынан да жеңілмейтін жас ұрпақ тәрбиелеп өсіру. «Білімі мықты мынды жығар, білегі мықты бірді жығар» деген ойды баяғыда-ақ айттып қойған халқымыздың ұлдары мен қыздары кез келген жаңалықты жедел игеру жағынан ешкімнен кем түспейді. Тек үйренуге жағдай жасаңыз. Үйреткенде ұлттық ділі мен тілін сақтай отырып, бабаларымыздың отансүйгіш өршіл рухын бойына сіңіре отырып үйретіңіз.

Мемлекеттің қыруар қаржы бөліп, білім беру іс компьютерлендіруге, «мектептерді компьютерлендіруге» бағытталған бағдарламасына жауапты адамдарға сын айтылды. Әлемдік ақпараттық жүйені пайдалану – үшінші мыңжылдық адамының күнделік жұмысына айналмақ. Әсіресе, өзінің географиялық орналасу жағдайына лайық әлгі әлемдік ақпарат жүйесінің нақ жүрегі болмақ және содан қыруар пайда таппақ Қазақстанның болашақ азаматтары үшін бұл саланы меңгеру – кезек күттірмейтін міндет. Сондықтан, мемлекет бөлген мектеп компьютерлерін музей экспонатына айналдыру – қылмыспен тең. Елбасының төл отандық оқулықтарымыз туралы айтқан пікірлері де жанды жерімізге дөп тиді. Оқулық – тек оқу құралы ғана емес, мемлекет қауіпсіздігінің кепілі де. Дүние жүзіндегі барлық елдерде төл оқулықтарын жасауды кезек күттірмейтін міндет санайтыны сондықтан. Мәселен, француз балалары ешуақытта Қазақстан тарихын қазақстандық авторлар жазған оқулықпен оқымайды, оны міндетті түрде Франция мүддесі тұрғысынан француз ғалымдары жазуы шарт.

Бізде де солай болуы қажет. Өскелең ұрпақ ұлттық діліміз, салт-дәстүріміз, ұлттық экономикамыз, мәдениетіміз, құндылығымыз, саяси құрылымымыз т.б. ескеріле отырып, ең соңғы ғылыми тұжырымдар мен әдістемелер негізінде жасалған оқулықтармен оқылуға тиіс. Мемлекет басқа әлеуметтік шаралардан бұрын осы іске қыруар қаржы бөлді. Саны әжептәуір ғалымдарымыздың біліктілігіне сенді. Нәтижесі көңілден шықпай жатыр. Демек, авторларға не білік жетпейді, не ұлттық отаншылдық рух жетпейді.

Елбасымыз қозғаған мәселелердің екінші тобы оқу-тәрбие үрдісінің үздіксіздігі мен сабақтастығына қатысты болды. Өткен кеңестік кезеңнің жақсы дәстүрлерін жаңа жағдайға сай қайта жаңғыртып, оны демократиялық және нарықтық қоғам принциптерімен ұштастыру міндеті алға қойылды. Жергілікті әкімдерге әр аймақтың ішкі мүмкіндігіне қарай бұрынғы балабақшаларды қайта, мектептерді шефтік қамқорлыққа беруді ұйымдастыру туралы тапсырма берілді.

Қазіргі білім беру жүйеміздегі ең күрделі мәселе – білім алудың үздіксіздігін қамтамасыз ету болып отыр. Адам ғұмыр бойы үйренумен өтеді. Бір сәт оқымай қалдың ба, тоқырауға ұшырайсың. Бұл орта мектепті жаңа бітірген жасөспірімге де, жоғары оқу орнын тамамдаған маманға да, тіпті ғылыми атақтың шыңына шыққан академикке де қатысты қағида. Заманмен болашаққа бірге адымдағың келсе, оқы да үйрен, ең негізгісі тоқы. Оқығанымен бірге тоқығаның болсын. Бірақ орта мектепті бітірген, жоғары оқу орнына түсе алмаған жасөспірім қайда оқиды, қажетті мамандықты қалай игереді. Бұрынғы кәсіптік-техникалық училищелер жабылған, қалғандары ақылы оқыту жүйесіне көшкен, педагогикалық институттар классикалық университеттерге айналған. Міне, съезде осы мәселе көтерілді. Өндіріске қажет орта буын мамандар даярлаудың орнына, жекеменшік оқу орындары заңгерлер мен экономистерді топ-тобымен шығарып жатыр. Олар қайдан жұмыс табады? Мұндай жағдайда,

нарық өзінен-өзі бәрін реттейді деп қол қусырып қарап отыру – жүзе білмейтін адамдарды асау теңізге лақтырып жіберіп, қызығын тамашалаумен бірдей күнә. Адамдарға бағдар беру, түсіндіру қажет. Кейін темір жонушы мен инженерді шетелден шақыртуға мәжбүр болмас үшін мемлекет бұл істің жоспарлы жүргізілуіне мүдделілік танытуға міндетті. Елбасы мұны да қадап айтты. Тиісті министрліктерге әр аймаққа болашақта қандай және қанша маман қажет болатынын есепке алып отыруға тапсырма берді.

Елбасы білім беру жүйесі мен ғылымның, ғылым мен өмірдің байланысы мәселесін де тереңнен қозғап өтті. Жоғары оқу орындары тек мамандар даярлау ісімен шектеліп қалмай, ғылыми зерттеулер жүргізетін ірі орталықтарға айналуы тиіс. Ғылымды да, өндірісті де жете білетін, әлемдегі ғылыми және технологиялық жаңалықтарға ілесе алатын білікті мамандар сондай орталықтардан өсіп шығады. Ал ғылымның өмірмен байланысы мәселесі кеңес дәуірі кезінде де сан рет көтерілген, бірақ шешімін таппаған, ал қазір «біздегі ғылым қажет пе өзі», «бізге қандай ғылым қажет» деген сұрақтың күн тәртібіне қойылуына жеткізген ең күрделі мәселе.

Бір мысал келтірейін: елімізде жұмыс істеп жатқан шетелдік компаниялар мен өзіміздің отандық ірі фирмалардың өндірістік және технологиялық жобаларын ғылыми сараптаудан өткізу үшін шетелдік мамандарға жыл сайын миллиондаған доллар қаржы төленеді екен. Неге мұндай сараптауларды отандық ғалымдарымыз жасамайды?! Бәлкім оларға сенбейді, бәлкім оны жасай алатын мамандардың өз елімізде де бар екенін білмейді. Демек, жеке ғалымдарымыз, ғылыми-зерттеу институттарымыз мемлекеттік бюджеттен бөлінер азын-аулақ қаржыға ғана үміт артпай, өзін өзі насихаттап, өндірістік компаниялармен тығыз байланыс орнатып, қосымша ақша табудан арланбауға тиіс.

Қазақстанның ТМД елдері арасында қажетті саяси, әлеуметтік және экономикалық реформаларды батыл

да жедел жүргізіп, өркениетті елдер қатарына қосыла алған нарықтық экономикасы бар алғашқы мемлекет екенін қазір АҚШ пен Батыс Еуропа елдері, шетелдік сарапшылардың өздері мойындай бастады. Жүйелі реформалардың білім беру жүйесі мен ғылымды да қамтығаны рас. Демократияландыру мен нарықтық қатынастарға бейімдеу ісі бұл салаларды ауыр сыннан өткізді, бірақ жаңа жағдайда өмір сүре білуге де үйретті. Еңдігі міндет – жіберілген кемшіліктер мен олқылықтардың орнын толтырып, нық сеніммен еңбек ету...

### **3.15 Азаматтық қоғамның қазақстандық үлгісі туралы**

Біздің ұрпақтың өмірлік үлесіне тиіп отырған ғасырдың, ғасыр ғана емес-ау мыңжылдықтың соңы халықтар мен мемлекеттер тағдыры жөнінде тереңірек толғануға мәжбүр етіп отыр. Адамзат қоғамы дамуының сандаған ғасырларында әртүрлі өркениет өкілдері тарих тағылымы мен болашақты болжау мүмкіндіктері жөнінде ежелден ойланып келеді. Адамның айналаны және өзін-өзі танудың көкжиегі ғасырдан ғасырға өткен сайын іргесін кеңейте түсуде. Егер ежелгі египеттіктер әлемді «фараондар тұрағымен» шектесе, антикалық гректер грекше сөйлемейтіндердің барлығын жабайылар деп таныса, адамдар өздерінің жалпы адамзаттың біртұтас қауымдастығының мүшелері екендігін кейінірек қана түсінді.

Адамзаттың қоғамдық прогресі атын жамыла отырып, табиғат пен қоғамды күшпен өзгертуге тырысқан түрлі әлеуметтік теориялар туындауда. Осылайша кезінде социалистік ілімде тарихи прогрестің басты өлшемі – адамды адам қанауының, теңсіздіктің негізі болып табылатын жеке меншікті жою деп жарияланды. Бірақ коммунистік идеалды практикада жүзеге асыруға тырысқан адамзаттың тарихи тәжірибесі жекеменшікті жоюдың – оның иесі миллиондаған адамдарды жоюымен бірге жүзеге асырылатындығын көрсетіп отыр. Оның

үстіне иесінен ажыраған жеке меншік утопиялық социализм өкілдері армандағандай халықтың берекесіне емес, мемлекет меншігіне айналады екен. Сондай-ақ өзінше пайда болған әміршілдік-әкімшілдік негіздегі әлеуметтік-экономикалық жүйе жұртшылықтың тұрмыс күй жағдайларын, туындап жатқан күрделі экологиялық мәселелерді шешуге дәрменсіз екен.

Ал әрқайсысы өздерін тарихи прогрестің ең жоғарғы басқышында тұрмыз деп жариялаған екі әлемдік идеологиялық жүйенің әскери-саяси текетіресі кезінде одан да қауіпті болды. Капитализм мен социализмнің ауқымды қақтығыстары адамзаттың термоядролық өзін-өзі құрту қаупін туғызып, планета адамдарының көпшілігін ортақ мақсат пен тағдыр жөнінде ойлануға мәжбүр етті.

Ғасырымыздың екінші жартысында адамзат қоғамдық даму барысында туындайтын мәселелерді шағын, аймақтық және жалпы планеталық деп үшке бөлуге болатындығын түсіне бастады. Адамзат өркениетінің өмір сүру негізіне байланысты, тіпті жер бетіндегі тіршілікке қатысты жалпы планеталық мәселелерді әдетте әмбебаптық, ғаламдық мәселелер деп атайды.

XX ғасырдың соңына қарай қоғамдық дамудың жанына батқан мынадай ғаламдық мәселелер болды:

– дүниежүзілік термоядролық соғыс қаупін сейілтуді және планетадағы әлем халықтарының өзара сенім мен жалпы адамзаттық ынтымақ негізіндегі бейбіт қатар өмір сүруіне қолайлы жағдайлар туғызу;

– адамзаттық өркениеттің айнала қоршаған табиғатқа жүргізген парықсыз өктемдігінен туындаған әлемдік экологиялық дағдарысты жеңу;

– батыстың дамыған индустриалды елдері мен басым көпшілігі аштық пен қайыршылық, сауатсыздық күйін кешіп отырған Азия, Африка, Латын Америкасы елдері арасындағы әлеуметтік-экономикалық даму деңгейінің өсіп бара жатқан алшақтығын азайту;

– көптеген дамыған елдердің экономикалық жағдайын күрделендіріп отырған халық санының есепсіз өсуін, яғни «демографиялық жарылысты» реттеу;

– маңызды табиғи байлықтарға, азық-түлікке, шикізат пен энергия көздеріне бақылау жасау;

– бүгінгі ғылыми-техникалық революцияның жағымсыз зардаптарын болжай білу және оның жетістіктерін адамзат мүддесі үшін тиімді пайдалана білу. Көріп отырғанымыздай, адамзат ХХІ ғасыр шегінде планетаның барша мемлекеттері мен халықтары тіл тауып, жұмыла кіріскенде ғана шеше алатын қоғам дамуының аса маңызды мәселелеріне маңдай тіреп отыр. Мемлекетаралық күштерді үйлестіріп отыру мақсатынан халықаралық ұйымдар құрылуда, солардың бірі планетаның күллі тәуелсіз мемлекеттерінің басын қосатын Біріккен Этностар Ұйымы. Өзінің ұлттық тәуелсіздігін алған Қазақстан Республикасы БҰҰ-на және басқа да ұйымдарға еніп, халықаралық қауымдастықтардың толық мүшесі болды. Егер бүгінгі заманның ғаламдық мәселелері тоғысын мұқият сараласақ, олардың бір-бірімен іштей байланысып жатқандығына көз жеткізу қиын емес. Мұның өзі оның әрқайсысын басқаларымен қарастырғанда ғана толық шешуге болады деген сөз. Мәселен, дамушы елдердегі көптеген мәселелер кедейліктен туындап отыр, яғни соғыстан кейінгі жылдары адам басына шаққандағы ұлттық табыс деңгейі дамыған және дамушы елдер арасындағы айырмашылық 10:1 болды. Қырық жылдан кейінгі бұл айырмашылық дамушы елдер қанша күш салғанмен 12:1 болып өсе түсті.

Сонымен бірге, әлемдегі ең бай елде бұл көрсеткіш адам басына 20000 доллардан келетінін көрсетсе, ең кедей елде бар-жоғы 200 доллардан айналады екен. Оның есесіне планетадағы ең кедей деген мемлекетте экономикалық қайыршылыққа, әлеуметтік, рухани-мәдени мешеулікке қарамастан нағыз «демографиялық жарылыс» байқалып отыр. Ал дәулетті мемлекеттерде ең бай адамдар 20 пайыз қана, олар әлемдік табыстың 83 пайызын иемденеді, ал Оңтүстік пен Шығыс елдеріндегі ең кедей 20 пайызы бар-жоғы 1,47 пайызға ғана ие. Былайша айтқанда, планетаның 20 пайыз байларының

табысы кедейлер табысымен ара салмағы 60:1 болады екен. Дәл осы салыстырмалы ара қатынасты Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев БҰҰ трибунасынан сөйлеген сөзінде «әлемдік теңсіздік» деп атап көрсетті. Бұл мәселені шешпей тұрып, қақтығыстарды жою мен шын мәніндегі әлемдік әділетті тәртіп жөнінде сөз қозғау өте қиын.

Осылайша, қоғамдық дамудың бүгінгі кезеңінде адамзат алдында өркениеттің жетістіктерін материалдық және рухани игілік ретінде сақтаудың мәселесі туындап отыр. Бұл мәселені шешуге әлемнің барша халқы, күллі мемлекеттері бар күш-жігерлерін аямауға тиіс. Мұның өзі жалпы адамзаттық мүдденің кез келген мемлекеттік, ұлттық, топтық, діни мүддеден жоғары тұратындығына байланысты.

Яғни әрбір халық өз мемлекетінің ішкі мәселелерін шеше отырып, ұлттық мәдениетін, өмір салтын, әдет-ғұрпын дамыта отырып, адамзаттың түрлі бөліктерінің өзара түсіністігінің кепілі болатын барша планеталық ынтымақтастықты естен шығармауы тиіс. Адамзат тарихының даму тәжірибесі бізді осы тұжырымға бой ұсындырады, әсіресе, ондаған миллион адамды қыршынынан қиған дүниежүзілік соғыстар мен төңкерістер трагедиясын бастан кешкен ХХ ғасыр тағылымы ойлануға тұрарлық. Дүниетаным жетілуінің кемел шегіне көтеріле отырып, бүгінгі ғасыр шегінде біз қандай да қымбат мақсат болса да қан төгуге болмайтынына анық көз жеткізіп отырмыз. Ал әлемдік термоядролық соғыстан келетін зардаптардың өлшеусіздігі сондай – ядролық қарусыз, қысастықсыз бейбіт тірлік – адамзаттың ғаламдық, аймақтық, тағы да басқа мәселелерін шешудің бірден-бір шарты, адамзаттың ең қымбат, асылы екендігі айдан анық.

Бүгінгі заманның ғаламдық мәселелері адамзатты жолайрығына тіреп, үлкен таңдауды алдына тосып отыр, ол – не өзін-өзі жойып құрту да немесе жалпыпланеталық өркениеттің жаңа әлемінде түсіністікпен ынтымақтаса өмір кешу, орнықты даму.

Бүгінде адамзаттың ұлы ойшылдары планетада ноосфера дәуірінің туатындығын айтуда, яғни жұртшылықты зардапты қателесуден сақтандырып, келер ұрпақтың бақытты тағдырына кепіл болатын ұжымдық ақыл-ойдың қалыптасатындығына сендіреді. Бірақ бұл дәуірдің тууының басты шарты әлемдік өркениеттің болашақ тағдырына деген ұжымды жауапкершілікке негізделген халықтардың рухани ымыраластығы болып табылады. Осыған орай егемен Қазақстан да әлемдік қауымдастықтың толық мүшесі болды, бірақ оның ұлттық тәуелсіздікке бағытталған жолы өте ұзақ болды.

Сонау XV ғасырда ұлан-ғайыр кең далада көне феодалдық мемлекеттің мұрагері ретінде қазақ хандығы шаңырақ көтерді. Түрлі тарихи жағдайлардың пәрменімен XVIII ғасыр мен XIX ғасыр ортасына дейінгі аралықта Қазақстанның аймақтары Ресей империясының құрамына енді. Осыдан кейінгі кезеңде Қазақстанның саяси тарихы ұзақ уақыт Ресей империясы тарихының қосымшасы болып қана келді. Азаматтық қоғам құру жөніндегі идеал Ресейде тек XX ғасыр басында ғана көтеріле бастады, ал шет аймақтарына тым кеш естілді. Дегенмен, басында Ә. Бөкейханов, А. Байтұрсынов, М. Дулатов басқарған Қазақстан либерал-демократ зиялылары ұлттық мемлекет болудың жолдарын, оның келешек өзіндік келбетін ерте-ақ талқылай бастады. Маңайына алдыңғы қатарлы зиялыларды топтастырған «Қазақ» газеті кезінде бұл мәселеге қызғылықты мақалалар арнады. Қазақстандағы тарихи даму өркендей келе 1916 жылғы ұлт-азаттық қозғалысы жаңа ұлттық сананы оятуға әкелді. Оның соңы патшалық Ресейдегі революцияға қосылды.

Ресейде социалистік революция жеңіп, 1922 жылы КСРО құрылған соң Қазақстан алғашқыда автономиялық республика, ал 1936 жылдан бастап Одақтық Республика ретінде сол мемлекеттік құрылымға енді. Соның салдарынан бұрынғы патшалық Ресейдің басқа да халықтары сияқты қазақтар да жетпіс жылдан астам социалистік сипаттағы мемлекеттік ұжым болып құру тәжірибесін

бастан кешірді. Бұл тарихи эксперименттің негізін жеке-ні қоғамдық ойға батырған, буржуазиялық демократия деп айдар тағылған жеке меншікті түбімен жоққа шығарған марксизм-ленинизм идеологиясы құрады. Марксизм негізін салушылар мемлекетсіз коммунистік қоғам құруды мұрат тұтты. Сондықтан да олардың пайымдауынша, болашақта мемлекет пен азаматтық қоғам қарым-қатынасы жөнінде сөз қозғаудың мәні болмады. Мемлекет болмаған жерде құқықтық институттардың да болмайтыны белгілі, олай болса онда құқықтың өзі де болмақ емес.

Марксизм негізін салушылар коммунистік қоғамда «адамдардың жан-жақты дамуының» нәтижесінде адамның адамға тәуелділігі жойылатындығына, әркімнің кез келген саламен айналыса алатындығына, өз мамандығын еркін өзгерте алатындығына кәміл сенді. Ақша қоғамдық еңбек өлшемі болудан қалады да, өз мәнін жояды. Тауарлы өндіріс пен қайшылықты мүдделер жағдайында ғана мәнді келісім-шартты жүйе соның кебін киеді. Қай жерде тауарлы өндіріс болмаса, онда мүдделер қайшылығы да болмақ емес, сөз жоқ онда келісім-шарттың принципке деген сұранысы да болмайды. Маркс қоғамды үстемдіксіз ғана емес, өкіметсіз деп елестетті. Өкімет жоқ жерде басқаруды да ешкім қажетсінбейді, яғни «халықты басқару», демократия дегеннің де мәні болмайды. Сондықтан да В. И. Ленин ескі мемлекеттік жүйені қирату қажеттігін айта отырып, азаматтық қоғам және құқықтық мемлекет ұғымдарын ауызға алмады. Адамзатты азат ету ақыр соңында таптық айырмашылықты жоюға, одан соң азаматтық қоғам мен мемлекеттің бөлінуін жоюға, сондай-ақ жеке адам мен ұжымдық өмір сүруді үйлестіруге жеткізеді деп есептелді. Нәтижесінде, шынайы социализм жағдайында, жалпы мүдделердің кепілі мен тілегін білдіреді деп есептелген мемлекет шын мәнінде күллі қоғамды өзіне бағындырып, жұтып қойды. Сондықтан да «кеңестік» қоғамтануда «азаматтық қоғам» түсінігінің мүлде жоғалып келгендігіне таң қалуға болмайды.

Марксизм-ленинизмнің утопиялық идеологиясын жүзеге асыруға тырысу ХХ ғасырдағы аса ауқымды тарихи оқиға болды. Планетаның түрлі бөліктерінде ондаған мемлекеттер социализмді өзінің қоғамдық дамуындағы тарихи мақсат ретінде жариялады, революцияларды, қанды азамат соғыстарын бастарынан өткерді. Тек Ресейде ғана революциядан кейінгі азамат соғысы қырғынында 15 миллиондай адам құрбан болды, ал миллиондаған түрлі азаматтары шет жерлерге жер ауып кетті. Социалистік құрылысты орнықтыру кезінде, әсіресе, азаматтық құқықтан айырылған сталинизмнің тоталитарлық жүйесі кезіндегі құрбандық одан да асып түспесе, кем болмады. 1936 жылы салтанатты түрде қабылданған КСРО Конституциясында көптеген азаматтық құқық пен еркіндік жария етілсе де, іс жүзінде оның бәрі қағаз бетінде ғана қалды. КСРО-дағы жаппай қудалаудың, қуғын-сүргіннің бұрын болып көрмеген шарықтау шегіне жетуінің дәл осы уақытқа келуі де тегін емес, ол Қазақстан халықтарының басына да қара бұлт болып төнді. Мысалы, Қазақстанда әдейі қолдан жасалынған 1932-1933 жылдардағы аштық қазақ халқының тең жартысына жуығын қаусатып кетті, ал үштен бірі ата қонысын тастап, қаңғырып кетті. Біртұтас қазақ ұлты сиырдың бүйрегіндей бөлшектеніп, Иран, Ауған, Тәжікстан, Түрікменстан, Өзбекстан, Қырғыз, Ресей, Түркия, Қытай мен Моңғолия жерлеріне шашырап кетті. Бүгінде қазақ халқының шағын топтары әлемнің 44 елінде тұрады екен. Олардың өкілдері 1992 жылғы Алматыда өткізілген Әлем қазақтарының 1-құрылтайында ғана тұңғыш бас қоса алды.

ХХ ғасырдағы элеуметтік трагедия тәжірибесі КСРО мен басқа да социалистік елдердің қоғамдық дамудағы өз үлгісін жалпы адамзаттың өркениеттегі қалған дүниеге қарама-қарсы қоюы тарихи тығырыққа әкеліп тірейтіндігін айқын дәлелдеді. Қаншама халықтың қанын сүліктей сорып, отарлық езгіге салып, зорлық-зомбылыққа ұшыратқан, табиғи байлығын шексіз талапайға салған алып елдегі 1917 жылғы қазанда

орнаған әлеуметтік-экономикалық жүйе ғасырымыздың 90-жылдарының басында іштей күйреді. Халықтардың ескі жүйеден босанып шығуы Шығыс Еуропа мен Балтық Республикаларынан басталып, Орта Азия мен Қазақстанға дейін ретпен жүзеге асты.

Қазақстандағы жергілікті ұлт өкілдерінің мүддесін аяқасты еткен саясат ондаған жылдар үздіксіз жүргізілді. Әсіресе, Қазақстанға 40-жылдары еріксіз жер ауып келген халық өкілдеріне бұл саясат ауыр тиді. Қазақстан жеріне үздіксіз келіп жатқан, мақсатты түрде жер аударылған, мысалы, тың игеру кезеңінде келген келімсектер саны республикадағы демографиялық жағдайды күрт өзгертіп жіберді. 30-жылдардың өзінде қатары селдіреп, сансырап қалған қазақ халқы ата-бабалары көзінің қарашығындай сақтап келген қара орманында сандық азшылыққа душар болып, шетқақпайға ұшырады. Бәрінен де бұрын қазақ халқына айықпас зардап әкелген Арал мен Семей трагедиясы тәрізді көптеген аймақтарда экологиялық апат бой көтерді. Бес миллионнан астам адам өміріне апат қаупін тудырып отырған Арал қасіреті XX ғасырдағы ең үлкен экологиялық апаттың бірі болды. КСРО ыдырасымен одақтық ведомствоға кезінде жылына 40 мың тонна балық өндіретін ұлы теңіздің орнына миллиондаған тонна тұз қалдырып жалтарып кете барды. Қазақтың ең ардақты жерлерінің құйқасын тесіп, құл еткен Семей полигоны ондаған жылдар жергілікті халықты ядролық жарылыстың тәжірибелі құрбандарына айналдырды. Мұнда жаппай қырғынға ұшыраған қаруды жер астында ғана емес, 50-жылдары ауада да ашық сынап, қазақ халқының генофондына орны толмас зардаптар жасады.

Қазақстан халқы егеменді мемлекеттің ұлттық өркендеу үрдісінің негізін қалаушы ретінде өз елінің тарихи тағдырын қолына алған кездегі XX ғасырдың 90-жылдары бізге қалдырған мұра осындай болатын. Шындығында да біздің ата қонысымыз мыңдаған жылдар бойына талай басқыншылықты басынан кешті. Қаншама көне қалалар, мәдени орталықтар қирады,

кітаптар өртеліп, жазықсыз жандар құрбан болды, өлшеусіз қан төгілді. Бірақ қандай қырғын болса да алтын бесік ата-баба жері, атамекен дәл бүгінгідей ойрандалған емес. Жер ананың аялы алақанында аман қалған әрбір от басынан рулы ел тарап, халық қашан да еңсесін көтеріп, ел болып дамып кете беретін. Халқымыздың ата-қоныс қара орманға деген ұрпақтық сүйіспеншілігінің түп-тамыры да дәл осында жатыр. Сондықтан да ата-бабамыз осындай ұлан-ғайыр жерді ақ найзаның ұшымен, ақ білектің күшімен қорғап, ұрпақтан-ұрпаққа мұра еткен.

Өкінішке орай, осы бір тарихи жалғастық Қазақстанды да өз уысында ұстаған тоталитарлық мемлекет кезінде үзіліп қалды. Жетпіс жыл ішінде жүргізілген аяусыз зұлмат тек қазақ халқын сан жағынан ғана селдіретіп, өз отанында азшылыққа ұшыратып қойған жоқ, ол өмір сүретін табиғи ортаны да ойрандады, халық санасын уландырды, оның тарихында мыңдаған жылдар бойына мәңгілік болып саналап келген талай табиғи байлық ондаған жылдардың ішінде-ақ сарқылып, келмеске кетті.

Отандық тарихымызда қазақ халқының ұлттық өркендеуіндегі көкейкесті мәселелерді шешудің шынайы мүмкіндігі туып отырған бүгінгі сәтте біз тек қана ашық, демократиялық азаматтық қоғам құра білгенде ғана, әлемдік өркениеттің, жалпы адамзаттың тәжірибесіне қол арта алғанда ғана сәтті қадам жасауға болатындығын түсініп отырмыз.

Бүгінгі өркениеттің аса бағалы көп сипаттарының ішінде әрбір мемлекетте қоғамдық өмірді демократияландыру қажеттілігін түсінуге негізделген, әлемдік қауымдастықта құрметті орынға лайық, адам құқы ерекше орынға ие. Сөз жүзінде адамдардың еркіндігі мен құқын айғайлай жариялағанмен де, тоталитарлық қоғам өз табиғатында қоғамда шынайы демократия орнатуға дәрменсіздігін танытты. Сондықтан да елдің қожасы деп жарияланған еңбекшілер іс жүзінде партиялық-мемлекеттік машинаның елеусіз теңгермешілік жоғары өнімді еңбекке деген ынта-ықыласты жойды. Адам

қоғамның идеологиялық диктат пен өмір ағысын қатаң реттеу жағдайында өзіндік таңдау құқығынан мүлде айрылды. Бұл жағдай ең алдымен тұлғаның демократиялық құқығы мен еркіндігін жоққа шығарған тоталитарлық саяси режим басқаруының салдарынан болды.

Құқықтық мемлекет құру мен қоғамды демократияландыру – қайшылықты, ұзақ та күрделі процесс. Бұл біздің жас мемлекетіміздің аяғынан қаз тұру жолынан да жақсы байқалады. Тоталитарлық жүйеден демократиялық қоғам өміріне өту қажеттілігі айқын болған күннен бастап-ақ Қазақстан тұрғындарының алдында ең алдымен қалыптасып келе жатқан демократиялық жетістіктерді қорғаудың механизмдерін жасаудың міндеті туындады. Сол маңызды механизмнің бір құрамдас бөлігі – Қазақстан мемлекетінің егеменділігі мен тәуелсіздігі.

Бұл орайда демократияны дамыту – меншік қатынастарын реформалау мен нарықтық экономикаға өту экономиканы тығырықтан алып шығудың, ұлттық мемлекеттің қалыптасуына қолайлы жағдай туғызудың толассыз жолы. Саяси саладағы басты мақсат – жас егеменді мемлекетті қуатты президентті республика етіп қалыптастыру. Біздің мемлекетімізде барлық азаматтардың теңдігі барлығының заң алдындағы бірдей жауапкершілігі, кімнің қай ұлтқа жататындығына қарамастан, бірдей екендігі әуелден-ақ нақты көрсетілген, әрине, кейбір жағдайда жергілікті ұлт – қазақтардың мүддесі, бірқатар мемлекеттердегі сияқты ерекше ескеріледі. Мұндай жағдайда ұлттық мәдениетті, тілді өркендету, қазақ диаспорасының рухани-мәдени және басқа да байланыстарын қалпына келтіру, олардың өз Отанына қайтып оралуына қолайлы жағдайлар туғызу жатады.

Бұл орайда басқа елдер деңгейімен салыстырмалы түрде алғандағы экономикалық байлыққа қол жеткізудің алғышарты – бүкіл қоғамдық өмірді демократияландырған тұрақты құқықтық мемлекет екендігін түсіну

шарт. Олай болмаған жағдайда нәтижелі іске тиянақ болатын қоғамның организмі мен қуатында қайшылық күшейіп, барлық төгілген тер, істелген іс, ортақ үйімізге пайда, бейбітшілік пен материалдық байлық әкелудің орнына сор әкеліп, босқа кетпек. Бұрынғы социализм орнына орнығып жатқан қоғамдық жүйенің аты жөнінде даурығудың қажеті шамалы, бұл – кәдімгі көп укладты нарықтық экономикаға негізделген қалыпты демократиялық қоғам. Біз мұндай қоғамды әрбірадамның алдында басқамен тең мүмкіндік ашылатындығына, өзінің мұратын еркін таңдауына, экономикалық, әлеуметтік, ұлттық және саяси мүдделерін жүзеге асыруға кең жол ашылатындығына үміт артамыз. Оның үстіне, мұндай демократиялық қоғамда ең алдымен заң, халықтың еркі мен салқынқанды ақылы үстемдік етеді, ал экономикалық жетістікке іскер, еңбексүйгіш адамдар ғана қол жеткізбек.

Құқықтық демократиялық мемлекетте Конституцияның, яғни біздің қоғам өмірінің Негізгі заңының аса жоғары мәнге ие екендігі белгілі. Конституция жобасын жасаудың Қазақстан Республикасының тәуелсіздік пен егемендік алған сәттен-ақ басталып кетуі кездейсоқ емес. Тәуелсіз Қазақстанның Конституциясы қабылдаудан бұрын бүкілхалықтық талқылаудан өтті.

Біздің Конституциямыз бойынша, Қазақстан халқы егемендіктің иесі, республикадағы мемлекеттік биліктің жалғыз қайнар көзі болып табылады. Бұл орайда оның келешек дамуына зор саяси маңызы бар мәселе бой көтереді. Егеменді Қазақстанның тарихындағы тұңғыш Конституцияны талқылап, қабылдай отырып, әртүрлі тағдырдың тәлкегінен республикамыздың толыққанды азаматы болып отырған түрлі халықтар өкілдері белгілі саяси ымыраға келуі тиіс болды. Мәселе қандай да болмасын аз ұлттың азаматтық құқығын шектеу әлемдік қауымдастықтың толық мүшелігіне апаратын бір құрып жатқан құқықтық демократиялық мемлекет жағдайымен сыйыспайтындығында. Оның үстіне құқықтық мемлекетте Президент пен Парламент

республикасының халық жұртшылығының қатысуымен тікелей және жалпы халықтық сайлаумен сайлануы тиіс. Сонда ғана өкіметтің сайланбалы өкілдері батыл реформалық қайта құру жүргізуге заңды құқық ала алады.

Бұдан шығатын қорытынды біреу ғана, бүгінгі демографиялық жағдайда негізгі қазақ халқы мен басқа да ұлт өкілдері арасындағы кез келген этносаралық шиеленіс ұлттық мемлекеттің қалыптасу үрдісіне кері әсерін тигізеді. Сондықтан да ұлттық мемлекет құру мүддесін көздеген қазақ халқы өз қамын күйттеумен қатар, ең алдымен барлық құқылы жағдайларды пайдалана отырып, жас мемлекетіміздің тыныштығын, оны одан әрі нығайтуды ойлауы тиіс.

Сондай-ақ қоғамды демократияландыру мен құқықтық мемлекет құру бағдарының ұлттық мүддемен өзін-өзі тану ұранын желеу еткен этностық немесе территориялық бөлшектену пиғылын да қолдамайтындығын атап көрсеткен дұрыс. Халықаралық қауымдас-тықта белгілі жағдайда этностардың өз талаптарын қоюын жоққа шығармаса да мұндай жағдай Қазақстан территориясында өмір сүріп жатқан ұлт өкілдеріне қатыссыз болуға тиіс. Қазақстан өзінің сонау ежелгі дәуірден бергі саяси тарихында қашан да біртұтас мемлекет болып келеді, оның территориясында басқа халықтардан тұратын мемлекеттік құрылым болған емес. Сондықтан этностар құқығын желеу етіп біздің мемлекетіміздің жерін қайта пішуге ешқандай заңдық негіз жоқ. Қазақстанда тұратын халықтар өкілдері оның шынайы патриоттары болуы қажет.

Қоғамдық өмірді демократияландыру саясаттың, экономика мен мәдениеттің барлық саласында жүргізілуі тиіс. Бұл, әсіресе, қазақ тілінің қоғамдық өмірдегі рөліне қатысты. Қазақ тілі біздің еліміздің негізгі тірегі болып отырған халықтың тілі бола отырып, заң жүзінде Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі болып табылады. Өкінішке орай, ұзақ жылдар бойына қазақ тілінің қалыпты өркендеуіне қолайлы жағдай болмады, соның салдарынан тілдің атқаратын қоғамдық-

мәдени міндеттері азайып, өрісі тым тарылып кетті. Әсіресе, бұл жағдай ғылым мен жоғары оқу орындарында, іс жүргізу істерінде айқын байқалды. Тіпті басқаны айтпағанда, қазақ мектептерінің қазіргі халі де мәз емес. Тек Қазақстан өз егемендігін жариялап, қазақ тілін дамытуға байланысты арнайы заң қабылдаған соң ғана жағдай өзгере бастады. Мыңдаған қазақ балалары ана тілінде бала бақшада тәрбиеленіп, мектептерде оқи бастады. Қазақ жастарының жаңа толқыны жоғары оқу орындарында ана тілдерінде еркін білім алуда.

Қазақ халқының білім мен ғылым шыңына, әдет-ғұрпын сақтауға және мәдениетін танытуға ұмтылған қиын жолы сөздіктер мен энциклопедиялар арқылы анықталады. Осыған орай, Қазақ энциклопедиясының бас редакциясы егемен Қазақстан Республикасының жаңа көп томдық Ұлттық энциклопедиясын даярлауға қызу кірісті. Сонымен қатар басқа да сөздіктер мен энциклопедиялар даярлауда.

Дегенмен, демографиялық жағдайдың күрделілігі сонда, тәуелсіз Қазақстанда бүгінде қазақ халқынан басқа 130-ға жуық ұлттың өкілдері тұрады, олардың әрқайсысы өздеріне оң көзқарас талап етеді. Олардың ішінде орыс, ұйғыр, корей, неміс сияқты өздерінің ұлттық мәдениеті мен тілін дамытуға мүдделі, сан жағынан ауқымды ұлт топтары бар. Яғни мемлекетіміздің орнықты дамып, қоғамдық өмірді демократияландыру жолында жетістікке жетуі және мәдениетті оппозицияны қалыптастыру үшін ұлт өкілдерінің арасында келісім мен түсіністік болуы шарт, бұл әсіресе, мәдени салаға қатысты. Қазақтық және жалпыұлттық ынтымақ идеясы жоғарыда аталған жаңа энциклопедияның да негізгі арқауы болмақ.

Республика жұртшылығының көп бөлігін қазақ тілін білмегені үшін кінәлауға болмайды, ол бізге тоталитарлық жүйеден қалған ортақ мұра, оны жеңу үшін қаржылық жәрдем, мемлекеттік деңгейдегі қамқорлық қажет. Қалыптасқан жағдайды өзгерту біртіндеп, сатылап жүзеге асырылуы керек, қазақ тілін іс жүргізу

ісіне енгізу, оны ғылым мен философия тіліне айналдыру орыс тілін бірден ысырып тастау деген сөз емес, ол қазақ тілімен қоса қабат республикада әлі де ұзақ уақыт қолданылады. Бізде әлі де ғылыми және философиялық терминология мәселелері зерттелмеген. Сонымен қатар Қазақстан Республикасының ұлттық мүддесі жұртшылық арасында ағылшын, қытай, түрік, араб тілдерінің де әлемдік қауымдастықпен экономикалық және мәдени байланысқа жетелейтін құрал ретінде кең дамуына жағдай жасауда. Қазақстанның тең құқылы мүше ретінде әлемдік қауымдастыққа енуінде, басқа да факторлармен қатар шетелдерде де тұрып жатқан қандастарымыз да зор рөл атқарады. Сыртқы мемлекеттік саясатты осыған орай қалыптастырған жөн. Ұлттық мемлекетімізді, ғылымымызды, мәдениетімізді өркендетуде, республикамыздың әлемдік саяси және экономикалық қауымдастықтан лайықты орнын иеленуі үшін барлық күш-қуатты біріктіру бүгінгі ісіміздің басты мақсаты болуы тиіс.

КСРО өзінің 70 жылдық тарихында этностардың, этностық топтардың, аз халықтардың теңдігі мен құқы жөнінде жар салудан жалыққан емес, ал іс жүзінде халықаралық міндеттерді сақтау былай тұрсын, тіпті, конституциялық заң ережелері де орындалмады. Шынайы демократия болмағандықтан да заң әрқашан қағаз жүзінде қалып отырды, оны жүзеге асырудың заңды кепілдері мен құқықтық механизмдері болмады. Тек егеменді Қазақстан Республикасы жағдайында ғана құқықтық мемлекет құрудың шынайы мүмкіндігі туып отыр, онда ұлттық байлық пен дәстүр жалпы адамзаттық мәдениетпен сіңісе үйлесіп, барлық халықтар әлемдік өркениет өнегесіндегідей ынтымақта тұрмақ. Біздің жас мемлекетіміздің Конституциясында міне осы қадам тәуелсіз Қазақстанның демократиялық дамуының кепілі ретінде жүзеге асырылады.

Демек, құқықтық мемлекет құру, қоғамдық өмірді демократияландыру, жалпыхалықтық келісім мен ынтымақ Қазақстан Республикасының әлемдік қауым-

дастықтың лайықты, толық мүшесі болып енуінің басты шарты болып табылады. Онсыз мемлекетіміздің әрбір азаматының жоғарғы экономикалық деңгейге көтерілуі, өз өмірін мазмұнды өткізетін еркін адам дәрежесіне жетуі мүмкін емес. Қоғамдық келісім мен әлеуметтік-саяси тұрақтылық еліміздің демократиялық дамуының қажетті бағыты.

### **3.16 Конфессияаралық сұхбаттың гуманистік негіздері және өзара түсінісу философиясы**

Орталық Азия мәселесі, оның өркениеттік дамуы, конфессиялардың сұхбаты мен оны дамыту жолдары жөніндегі сауал соңғы кезде өзекті мәселеге айналып отыр. Мұнда жаңа тәуелсіз мемлекеттер құрылып, өзіндік айқындалу жолдарын іздестіруде, өзіндік мәдениет ретінде жүзеге асуға ұмтылуда.

Жаһандану – әлемдік қауымдастық дамуының жетекші үрдістерінің бірі, ол экономикалық және саяси процесстерге ғана емес, сондай-ақ мәдени-өркениеттік саладағы қарым-қатынастарға да өз әсерін тигізеді. Ол батыстыққа қарағанда басқаша құндылықтық, өмірлік мәнді, діни негіздерге сүйенген мемлекеттер алдына қазіргі замандық жаһандық процесстер мен қатынастарға өзіндік дәстүрлі құндылықтық бағдарларын сақтай отырып, үйлесе кірігіп кету міндетін қойды. Өкінішке орай, Батыс өзінікінен басқа пікірлерге өте салғырттықпен қарайтынынын анықтай кеткен жөн. Ислам сондықтан да батыс өркениетінің ислам және соның негізінде қалыптасқан мәдениет қазіргі замандық әлем конфессияларының сұхбатында тең дауысқа ие емес деген көзқарасының үстем болуына қарсы идеологияға айналууда.

Мемлекет пен діннің қарым-қатынастары және әлемдегі жаһандық процесстер сан алуан сипатты болып келеді. Шығыс елдеріндегі қайсыбір діни-өркениеттік іргетастың беріктігі мемлекеттілік дәстүрлерінің күшқуат дәрежесімен үйлесе отырып, олардың қазіргі

замандық саяси жүйелерінің өзіне тән ерекшелігін анықтайды.

Әлемдік діндердің басым бөлігінен айырмашылығы – исламда зайырлы және діни негіздерге бөлу жоқ. Орталық Азияда этногенездің айтарлықтай ерекше жүргенінің және ұлттық айқындалудың негізгі өлшемдері дәстүрлі Шығыс елдеріне қарағанда басқаша болғандығының да маңыздылығы кем емес. Басты орынды бір этностың немесе бір діннің құрамында болу емес, субэтностық туыстық, рулық және басқа қатынастар мен байланыстар жүйесі алып келді және әлі де алып келеді. Сонымен қатар жаһандану барлық осы қатынастарды бір ізге салу дегенді білдіреді.

Діни фундаментализм, діни экстремизм мәселесі де және т.с.с. жаһандық процесстер аясында аса маңызды және көкейкесті болып отыр, себебі бұл соңғылары экстремизм мен терроризмге халықаралық сипат беруде.

Ақырында, конфессиялар сұхбаты тақырыбын сөзсіз өзекті ететін тағы бір жағдай – бұл нағыз әлеуметтік-саяси, экономикалық және мәдени мәселелердің толық кешені, олардың діни жағдайға әсері және керісінше, діни процесстер мен бірлестіктердің Орталық Азия аймағы елдеріндегі жағдайға әсері.

Осы жағдайларда нәтижелі мәдени-өркениеттік байланыстарды реттестіру мен конфессияаралық сұхбатты қалыптастыру жолдарын іздеу және табу қажет. Сонымен бірге, жаһанданудың, сыртқы байланыстарды кеңіту мағынасындағы, келеңсіз аспектілеріне, адамдар мен мәдениеттер арасындағы ішкі, рухани байланыстарды, сондай-ақ жаңа өзара түсіністік философиясын қалыптастыруды қарсы қою аса маңызды.

Бұрынғы тоталитарлық идеологияның күйреуімен қоғамымызда діннің рөлі айтарлықтай өсуде. Халықтың басым бөлігі дәл дін арқылы дәстүрлі құндылықтар мен қоғамның әдептік қағидаларын қайта жандандыруға ұмтылуда, мұны, жалпы алғанда, тек құптау қажет. Дегенмен бұл жерде қоғамның этностық және діни сипаттамасын араластыруға болмайды (бұл жағдай қоғамда

жиі кездеседі), яғни кез келген орыс автоматты түрде православтық христиан немесе қазақ мұсылман болып табылмайды.

Қазіргі уақытта белгілі бір конфессияға сенетіндердің санын бағалау барысында қайсыбір этностың өкілдері көп жағдайда тек ұлттық ерекшелігіне байланысты осы немесе басқа діни қауымдастыққа жатқызылады. Шындығына келгенде, нағыз діни адамдардың, яғни әлеуметтік жүріс-тұрысы сәйкес постулаттармен анықталатындардың пайызы этностың және ұлттық диаспораның тек бір бөлігін ғана қамтиды. Бұған қоса, бұл бөлік, біздің транзиттік қоғамның ерекшелігіне сай, этностық топтың азшылығын да құрауы мүмкін.

Осылайша, Ресей территориясы мен одан тыс жерлердегі бірқатар этностық қақтығыстардың алғышарты ретінде көбінесе христиан және мұсылман халықтары арасында бар сияқты саналатын жаһандық қарамақайшылықты атайды. Мұндай жұпыны ақ-қара түсті әлеуметтік картинаның негізінде жағдаятқа жалпы баға беріліп қана қоймай, сондай-ақ әр түрлі болжамдар мен ахуалдың даму сценарийі жасалады, туындаған қарамақайшылықтарды шектеу мен шешу ісі бойынша нақты шаралар ұсынылады.

Шындығына келгенде, бұрынғы Кеңес Одағы территориясындағы ислам ұлттық диаспоралар мен жергілікті тұрғындар арасындағы этностық қақтығыстарды анықтаушы фактор ретінде мүлдем болған емес, ал оның христиандықпен бірге, мемлекеттің тарихи қалыптасқан евразиялық сипатына сай, қатар тіршілік етуі әлеуметтік және рухани өмірдің қажетті компоненті ретінде танылады. Сондықтан біздің елімізде исламды мойындамаудың қандай да бір көрінісі әлеуметтік тұрақтылық мүдделеріне қайшы болып қана қоймай, сонымен бірге кері нәтижеге алып келеді.

Себебі әлеуметтік шиеленіс үдей бастаған жағдайда, әр түрлі саяси күштер дәстүрлі ислам мәдениеті мен руханилығын сақтау, ұлттық бастаулар мен тамырларға қайта оралу, халықтың ұлттық рухын жандандыру

және т.с.с. ұрандарды өз пайдаларына қолдана отырып, өздерінің корпоративті мүдделерін қорғай бастайды.

Қазіргі замандық күрделі әлемдегі жағдай діни келіспеушіліктер мен діни фанатизм өзегінде пайда болатын қақтығыстардың өсуі мен күшеюіне байланысты одан әрі күрделене түсуде. Сондықтан бүгінгі таңда қоғамдық өмірдің дін және діни бірлестіктер сияқты саласына, әсіресе, олардың мемлекет және қоғаммен практикалық өзара әрекет ету формаларына терең назар аудару аса маңызды.

Осы тұрғыда жаһандану аясындағы қазіргі замандық поликонфессиялық қазақстандық қоғамды танытатын картина қандай? Тарихи қалыптасқан мейірбандық дәстүрлердің, толерантты евразиялық (славян-тұрандық) діл ерекшелігінің, Қазақстан Президентінің салмақты ішкі және сыртқы саясатының арқасында республикадағы жағдай анағұрлым тұрақты. Қазақстанда үлкен және ұзақ, тіпті қантөгісті діни қақтығыстарға итермелейтін ішкі алғышарттар жоқ және болуы екіталай. 2001 ж. республикада 40 астам конфессиялар, 2124 ғибадатханалары бар 2618 діни бірлестіктер болды, ал 1990 ж. олар барлығы 670 болған.

Әрине, қайсыбір сенімді ұстану ретіндегі дін өздігінен қандай да бір әлеуметтік зұлмат болып табылмайды. Керісінше, шынайы мағынасындағы дін қоғамның дамуында оң рөл атқаруға қабілетті және көбінесе атқарып та келеді. Шынында, исламдық сенім өз уақытында – Қазақстан территориясында таралған тарихи кезеңінде, қазақ этносының шоғырлануына, қазақ ұлтының қалыптасуына оң әсерін тигізді. Діндарлықтың мұндай оң бастамасы адамдардың осы немесе басқа үлкен идеологиялық топқа сырттай қатысты болуымен ғана байланысты емес, сонымен қатар әрбір шынайы діннің адамзат қоғамының жоғары құндылықтарына қойған ішкі талаптарымен де сабақтас. Сондықтан қазіргі кезде қоғамның өзгеру үрдісінде діни және демократиялық құндылықтардың үйлесімділігі мәселесін зерттеу аса маңызды.

Дегенмен, егер діни дүниетаным немесе қандай да бір нақты дін адамзат болмысының басқа формаларына немесе конфессия ретінде қалыптасқан басқа бірлестіктерге қарама-қайшы қойыла бастаса, бұл, абсолютке айналдырылған кез келген идеология секілді, мемлекеттің ішкі және сыртқы қауіпсіздігіне қатер төндіреді. Бұлай болатын болса, бүгінде әлемнің көптеген аймақтарында, соның ішінде Қазақстан шекараларына таяу жерлерде болып жатқан түбегейлі қарама-қайшылықтарға, ашық дау-дамайға, қарулы қақтығысқа әкелетін жағдайға тап боламыз.

Сондықтан қазіргі кезде қазақстандық ішкі саясаттың басты міндеті этносаралық келісімді сақтау және нығайту ғана емес, сондай-ақ бәрінен бұрын діни толеранттылық, конфессияаралық сұхбат пен келісімді сақтау және күшейту болып отыр. Егер бұл салаға дұрыс назар аудармай, көзден таса етіп алсақ, онда Қазақстанды мекендейтін халықтардың ғасырлар бойы қалыптасқан бірлігі шытынауы мүмкін, ал бұл, әрине, аса қауіпті зардаптарға, тіпті орны толмас қасіретке әкелуі мүмкін. Басқаша айтқанда, рухани келісімді келісімнің барлық басқа формаларының негізі ретінде қарастыруға болады, себебі ол – адам-аралық байланыстардың ішкі, дүниетанымдық-дүниеқатынастық өзегі.

Егер тікелей Қазақстан туралы айтатын болсақ, мұнда бәрінен бұрын елде басымдылық танытатын ислам мен христиандық – еуразиялық континенттің екі: түркітілдес және славян суперэтностарының діни сенімі болып табылатын екі негізгі әлемдік дін арасындағы рухани келісім аса қажет. Қазақстанда Президент Н. Ә. Назарбаев өзінің 2030 жылға дейінгі республика дамуының Стратегиясында айтып өткен қазақстандықтардың толеранттылығы дәл осы «ислам – христиандық» осі бойынша қалыптасап, сақталуы тиіс. Бұл келісім – жай ғана уақытша күй немесе болашаққа деген ізгі тілек емес: ол жаһандану аясында Қазақстанның өркениетті тұрақты әлеуметтік-экономикалық және саяси дамуының негізінде, сондай-ақ сүйіспеншілікке, қайырымдылыққа,

сенімге, ашықтыққа, жақын-алыс адамдарға құрметке, лайықты жүріс және қайырымды істер арқылы өсуге шақыратын ислам мен христиандықтың маңызды өсиеттерінің негізінде әбден мүмкін болатын құбылыс. Конфессияаралық сұхбаттың гуманистік негіздері осындай. Осыған байланысты елімізде шынайы мүмкіндіктер бар, бірақ олар әлі жүзеге нашар асырылып жатыр. Әрине, конфессиялар сұхбатын ұйымдастыруда қиындықтар бар, бірақ олардан өтуіміз қажет.

Жалпы алғанда адамдағы нағыз адамдықты (руханилықты) дамыту өнері ретінде танылатын кез келген шынайы діннің ұстанымдары осындай. Егер «діндар» атанған біреу басқа адамдарды «бөтендер», «күпірлер», «дінсіздер» деп қарастырса және бұған қоса, ол жаңағыларға қарсы шыға, қолына қару алса, онда мұны діни ұранды желеу етіп, діннің шынайы өсиеттерін таптайтын жалған сенімнің салдары ретінде бағалаудан басқа амал жоқ. Бұл жағдайда біз дінге емес, оның жаңарған партикулярлық формасына, оның бұрмаланған түрі – фанатизм және экстремизмге тап боламыз. Бұл жерде дін «күш патшалығы» саясатпен, ал руханилық – пенделік мүдделермен толық араласып кетеді, нақтырақ айтқанда, дін саясатты өзінің астында жаншиды, сонда саясаттың өзі радикалды идеяларды бойына сіңіре отырып, агрессивті және сондықтан да қауіпті саясатқа айналады.

Кейбіреулер, шындығында, мұндай саясаттандыруға, мұндай радикализмге барлық діндер, әсіресе, қоғамның барлық өмірін өзіне бағындыруға және мемлекетті тек исламдық негізде құрылған жүйеге айналдыруға ұмтылатын ислам бейім тұрады деп санайды. Бірақ ол шынымен осылай ма? Және әрқашан осылай ма? Тарих пен қазіргі заман исламның исламға ұқсамайтынын көрсетеді немесе, қатаңырақ айтсақ, діндарлар, соның ішінде мұсылмандар әр түрлі болады. Қазақ халқы ешқашан фундаменталистік бағыттағы исламды қабылдамайды: қазақтарға басқа ислам – әл-Фараби, Яс-сауи, Абай, Шәкәрім исламы жақын және түсініктірек.

Әрине, қазіргі замандық Қазақстанда зайырлы-діни және конфессияаралық өзара қарым-қатынастар саласының бәрін сәтті және қалтқысыз деп түсінуге болмайды. Республика ішінде «жалған діндердің» болуының өзі, бұған қоса бізге тікелей шет жақтардан қауіп төндіретіндері сергек болу керектігін көрсетеді. Иә, Қазақстанда діни бірлестіктер, бағымызға орай, ерекше немесе жалпы саяси күш қызметіне ие емес, бізде «әскери-діни» ұйымдар сияқты жан түршігерлік конгломераттар жоқ. Дегенмен мұндай күштер мен ұйымдар бізден аса алыс та емес. Демек, объективті түрде олар Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігіне қатер төндіреді, олар республика тұрғындарының арасында шиеленіс пен конфронтация тудыруға қабілетті. Қалай болғанда да, теориялық тұрғыдан болса да, мұндай мүмкіндікті есептен шығармау керек. Бүгінде бұл мәселеге жайбарақаттық танытуға болмайды.

Рухани-әдептік қауіпсіздікті қамтамасыз етуде маңызды рөлді дін атқарады. Қазақстанның көп конфессиялы және көп мәдениетті халқын қауіпсіздендіру үшін бұл салада не істеу қажет? Бәрінен бұрын өз іс-әрекеттерін өмір және оның рухани игілігі – адамгершілік сияқты шынайы адамдық құндылықтарға қарсы бағыттайтын экстремистік діни ұйымдардың қызметіне тыйым салу қажет. Дін саяси ойынның объектісіне айналмауы тиіс. Конфессиялық қауіпсіздік жас қазақстандық мемлекеттілікті нығайтуға, әрбір азаматтың діни сенімге қатысты еркін таңдауын іске асыруға бағытталуы қажет. Мемлекет діндарлардың құқықтары мен еркіндіктеріне қысым жасау әрекеттерін түбірімен жоюы тиіс. Мемлекет сондай-ақ рухани-әдептік ағартушылыққа бағытталған мемлекеттік жастар саясатын және сол адамдарды әлеуметтендіру ісін жүргізуі керек, себебі діндарлар контингенті көп нәрседен тәжірибесі мен берік дүниетанымдық тұғыры жоқ жастар есебінен толысып отырады. Діни ұйымдарды тіркеу барысында олардың идеологиялық платформа-сын зер салып оқу маңызды. Тіркеуге қойылатын та-

лаптарды қатаңдатқан да жөн. Әлемдік қауымдастықта бар барлық діни бірлестіктер мен ұйымдарға қатысты мәліметтер қорын жасау және олардың Қазақстандағы көрінісін сараптау керек, Орталық Азиядағы діни элиталар социологиясын зерттеу қажет. Біз конфессияаралық араздық отының тұтанып, этносаралық өзекке ауысып кетпеуі үшін, Қазақстанда оңайлықпен келмеген рухани және этносаралық келісімді сақтаудың барлық мүмкін жолдарды қарастыруымыз керек. Бүгінде біздің институт «Қазақстан Республикасындағы дін және конфессияаралық қатынастар саласындағы мемлекеттік саясат тұғырнамалары» атты жоба жасап, еліміздің Үкіметіне ұсынған.

Діннің мемлекет істеріне араласуына, бұған қоса, мемлекет еркін өзімен алмастыруына болмайтыны секілді, мемлекеттің де діни ұйымдардың істеріне дөрекі араласпағаны және ар-ұждан мен діни сенім бостандығы ұстанымын бұзбағаны жөн. Мемлекеттің ақылға салмай араласуы – тіптен, игі ниеттен болса да – жағымсыз нәтижелерге әкелуі мүмкін және көп этносты және көп конфессиялы социумда қақтығысты жағдайларды ушықтыруы мүмкін. Сонымен бірге мемлекет өзінің азаматтарының діни өмірінде болып жатқан құбылыстарын сырттай бақылаушы болып қана қалмауы тиіс. Мемлекет діни саладағы істерді зейінмен және жүйелі түрде бақылап отыруы қажет, бірақ өз қағидаларын діндарларға күштеп сіңдірмей, тұрақтылықты ұстап тұру мен рухани қауіпсіздікті қамтамасыз ету және қоғамдық болмыстың рухани-әдептік бастамаларын дамыту мақсатында бұл саладағы жағдайлар мен қарым-қатынастарды бақылап және реттестіріп отыруы қажет.

Дегенмен өткен ғасырлар, әсіресе жақында ғана аяқталған жиырмасыншы ғасыр мүлтіксіз талапты – тек жай түсініп қана қоймай, яғни танымның кейбір нәрселерін меңгеріп қана қоймай, сонымен бірге адамдардың өзіне, олардың конфессияларына, дүниетанымдарына және мәдениеттеріне өзара түсіністікке келу керектігін

көрсетті немесе, анығырақ айтқанда алға шығарды. Батыс және шығыс дәстүрлерінен келе жатқан бұрынғы субъект-объектілі және интрасубъекті сипаттағы қағидалар қазіргі кезде адамзатаралық мәдени сұхбатқа біртіндеп жол салып келе жатқан үрдістермен алмасып келеді.

Сұхбат кеңінен жайыла түскен жаһандану дәуірінде тақырыпқа емес, мәселеге – өзара байланысты және дау-дамайлы әлемнің шарттылықтарында қазіргі замандық өмірдің барлық салаларын қамти түскен және өмірде нақты кездесіп отырған күрделі мәселеге айналып барады. Бүгінде этностар, этностар, мемлекеттер; халық пен билік; қоғам дамуындағы модернизм мен дәстүр; философия мен ғылым; ғылым мен дін сұхбаты; дәстүрлі және дәстүрлі емес діни сенімдер сұхбаты; конфессияаралық және конфессияның ішіндегі сұхбат; ұстаз бен шәкірт, педагог пен тәрбиеленуші қарым-қатынасындағы сұхбаттықты және т.с.с. жедел қалыптастыру қажеттігі жөнінде айту әділетті және бұл болашаққа алаңдаудан туындап отыр. Және бұл сұхбат теориясы мен өзара түсіністік пен келісім мәселесінің тек кейбір жақтары ғана. Әрине, мұндай мәселелер әрқашан болған, бірақ қазір, ХХІ ғасырда олар өте өзекті болып отыр. Мұндай жағдайдың себебі – қарама-қайшылыққа толы қазіргі замандық әлемнің өмірдің бір саласында немесе бір аймақта пайда болған мәселе басқа салаларға және басқа аймақтарға берілетін; жергілікті масштабтағы қиындықтар мен қарама-қайшылықтар жаһандық мәселелер мен қарама-қарсылықтарға айналып, әлем тірі қалу мәселесі табалдырығында тұратын даму кезеңіне тап болғандығымен түсіндіріледі. Бұған қоса, этноұлттық әлемдер дамудың қарқындылығына да және өзіндік жойылуына да әкелетін бір-біріне кірігіп кететін немесе жай көршілес болатын конфессиялар арасындағы өзара әрекеттесу үрдісіне енген.

Жалпы алғанда, мәдени-философиялық тұрғыдан, жаңа әлемді қалыптастыру мәселесі Батыс пен Шығыс арасындағы сындарлы сұхбат пен өзара өркениетті

қарым-қатынастар жасау түрінде көрінеді. Батыс пен Шығыс дүниетанымның, дүниеге деген қатынастың, әлемдегі болмыс тәсілінің екі қарама-қайшы типін, мәдениеттің: іс-әрекеттік және пайымдаушылық, интеллектуалдық-рационалистік және образды-поэзиялық, белсенді-прогресшіл және ұстамды-консервативті, прагматикалық және экологиялық екі қарама-қайшы типологиялық формаларын білдіретіні белгілі.

Сондықтан Шығыс пен Батыс арасындағы берік, тең дәрежелі сұхбатты қалыптастыру қажеттігі, олардың өзара әсерлесу және өзара баюының салмақты, теңдескен және үйлесімді типін тілге тиек ете отырып, жаңа өзара түсіністік философиясын – бұл біздің жаңа мың-жылдыққа жинақталған бай қорымызбен еруге көмектесетін өзекті мәселелер мен міндеттерді шешуге бағытталған нағыз болашақ философиясы деуге болады.

Бастапқы түсіністік философиясы өзінің түп бейнелерінің бірі ретінде – мүмкін үлгілерінің бірі ретінде дәстүрлі қазақ, ал қазіргі күні еркін қазақстандық философияда көрініс тапқан десек, әсіре айтпаймыз. Қандай жағдайда болса да, өзінің мәдени-тарихи сипаты бойынша қазақ және қазақстандық философия таза күйінде немесе басым бөлігінде не батыстық, не шығыстық болып табылмайды. Ол – еуразиялық философия, демек, Батыс пен Шығыстың, Еуропа мен Азияның жетістіктерін біріктіре алатын философия. Дәл осылайша өзінің дүниетанымдық және идеялық әлеуеті мен мазмұны бойынша да отандық философиялық ой өзінде үйлескен мәдениеттерді құрметтеу, жиындық рух, басқа мәдениеттердің әсері мен жетістіктеріне деген бауырмалдық пафосын сіңірген. Бұл отандық философиялық өзара түсіністік мәдениеті үшін мақтаныш тудырып қана қоймай, сондай-ақ ол туралы жазып, айтып және сол мәдениетті жасап жүрген әрбір адамға оның гуманистік әлеуетін сақтап және іске асырып жүру жауапкершілігін жүктейді.

Сондықтан мүмкіндігінше Қазақстан философиясын өткені мен бүгінгі интегративтік мүмкіндіктері

мен үрдістері тұрғысынан кең қарастырып, республикамыздың мәдени панорамасын қазіргі замандық өркениеттік процесстер мен әлемдік мәдениет аясында көрсету қажет. Бұдан басқа, әрине, конфессиялар сұхбатын зерттеудің методологиясын, өзара түсіністік философиясының сүйенетін ұстанымдарын және адамзатты қазіргі заманның қиын да күрделі жаһандық мәселелеріне тіреген ХХІ ғасырдың сұраныстары мен талаптарына жалғыз жауап беретін дүниетанымдық бағдарларды анықтап алу қажет.

Ислам Иран Республикасының Президенті С.М. Хатами: «Құдайдың үндеуіне жан тереңінен жауап қату болып табылатын діни сенімдер кенеттен пайда болмайды және өзгермейтін күйде болмайды. Діндерді біздің түсінуіміз және түсіндіруіміз сенім рухымен кереғар болмауы тиіс, ондай болмаған жағдайда, кез келген бейбіт өмірдің алғашқы қажетті шарты болып табылатын «діндер арасындағы сұхбаттың» болуы мүмкін емес... Сұхбат арқылы жасалатын бейбітшілік парасаттың, мейірімділіктің және адамның ең жақсы рухани қасиеттерінің жеңісіне айналады» [22].

Шығыс пен Батыс сұхбаты мен интеграциясы үрдісінде, конфессиялардың, мәдениеттердің, халықтардың, дүниетанымдардың сындарлы сұхбатын қалыптастыруда мәдениеттің барлық салалары: саясат, ғылым, дін және т.б. белсенді қатысып және өздері де осы сұхбатқа қамтылады. Мәселенің және қарастырылып отырған сұрақтар шеңберінің кеңдігі осы жағдайға да байланысты: себебі бұл сұхбатқа қатысушы маңызды бір сала ескерілмей кетсе, онда өзара түсіністік жайлы айту мүмкін емес болып қалады.

Бір-бірін өзара байытатын мәдениет интеграциясы кезеңдеріне келсек, олар кестелі түрде төмендегідей көрінеді. Адамзат тегінің бастапқы қауымдастығы (бірлігі) мәдениеттер, этностар, әлемге деген қатынас типтерінің дифференциациясымен алмасады; содан кейін, әсіресе қазіргі замандық көп полярлы әлемде өзара түсіністік пен өзара келісім жолдарын іздеу

жүреді; сонымен сұхбатқа түсу, ал соның ішінде – басқа конфессияны, басқа мәдениетті тану мен түсіну жүзеге асырылады. Бұл процессте өзара байланысқа түсетін этностар, конфессиялар, мәдениеттердің өмір сүруі мен дамуы үшін қажетті құндылықтармен өзара алмасу жүреді, сәйкесінше, осының негізінде ұлттық мәдениет бірегейлігін сақтай отырып, рухы бір адамзат, нағыз тең құқықты адамзат бауырластығы қалыптасады.

Мұндай мақсатқа жету үшін, әрине, сұхбат та өзінен талап етілетін түсіністік пен келісімге әкелетін кезеңдерден, сатылардан өтуі тиіс. Сұхбаттың мұндай өте қажет бірінші саты-кезеңі немесе оның шарты сұхбатқа түсетін жақтардың өзара сенімі болып табылады. Бұл жолдағы күмәндар алға басуды қиындатып, тежейді, тіптен, басқаның жағдайын түсінуге мүмкіндік бермей тастайды. Сенім мен ашықтық арқылы ары қарай бірін-бірі тану жүзеге асырылады және соның нәтижесінде өзара қызығушылық пен өзара құрмет пайда болады, себебі кез келген конфессияның құрамында басқа конфессияның қызығушылығын және құрметтеуін тудыратын рухани құндылықтар болады. Сонда ғана сұхбат осы немесе басқа ортақ мақсаттарға қол жеткізу ісінде, кешенді жаһандық және басқа да мәселелерді шешуде тығыз және өзара тиімді ынтымақтастыққа ұласады.

Конфессиялар сұхбаты туралы, өзара түсіністікке, келісімге және бірлікке қол жеткізу туралы айтқанда, біз шынайы сұхбат жөнінде, яғни сұхбатқа қатысушылар бір-бірін еститін немесе жоқ дегенде естуге тырысатын сұхбат жөнінде; басқа конфессия материалын теориялық түрде түсіну, баспен ғана меңгеру туралы ғана емес, жүрекпен мойындау жайында да айтып отырғанымызды баса көрсетіп кеткеніміз жөн. Біз үшін келісім – бір-біріне «төзуді» міндеттейтін формальды түрдегі және мәжбүр етілген келісім емес, керісінше, ол – мақсаттар мен міндеттер ортақтығын көре білу және шын жүрекпен қабылдай алу. Ақырында, бірлікті біз бір конфессияның бір ізге келтірілуі немесе біреуінің басқасының бойына сіңіп кетуі немесе бірін-бірі жұтуы, «аннигиляция»,

тіптен, конфессиялық көптүрліліктің жасанды сақталуы деп те түсінбейміз. Бірлік туралы формальды түрде емес, мазмұндық-диалектикалық мағынада айтсақ, бұл өзара әсерлесетін жақтарды байыта түсетін серіктес шығармашылық байланыс (мысалы, адам мен Құдайдың, адам мен адамның, бір конфессияның басқа конфессиямен шынайы бірлігі). Басқаша айтқанда, бірлікті біз көптүрліліктің ішкі үйлесімді байланыстылығы, бірліктегі көптүрлілік, демек, көптүрліліктің *дамуы* ретінде түсінеміз. Себебі даму тұтастың алуан түрлі жақтарының шығармашылық өзара әрекеттесуінің, өзара баюының, өзара әсерлесуінің арқасында жүзеге асырыла алады, бұлай болмаған жағдайда алуан түрлілік дамымай, керісінше құлдырайды. Дәл осы көп мәдениеттілік Қазақстан Республикасындағы этносаралық және конфессияаралық сұхбат пен өзара әрекеттесудің сәйкес үлгісі болып табылады.

Соңғы жылдардың қайғылы оқиғалары көрсеткендей, оқшаулағыш нұсқаулар, жабық және қозғалыссыз мономәдениет талаптары жан суырта арпалыстыратын «не болса да, кез келген жолдармен» әрекет ететін формаларға, яғни радикализмге, экстремизмге, терроризмге, халықаралық деңгейдегі фанатизмге әкеледі. Бірақ бұл – шынайы адамгершіліктің, ашықтықтың, толеранттылықтың, сенімнің, сүйіспеншіл танымның нәрлендіргіш сөлінен ажыраған және басқалармен бірге жасайтын шығармашылықтан ада болған мәдениет. Себебі мәдениет, сөздің тура мағынасында алғанда, сыртқы, заттық-практикалық көрініс пен руханилықтың – адамның әдептік болмысының шағылысы болып табылады. Кері және қазіргі әлемде жиі кездесетін жағдай – мәдениет құр мақсатқа, жаны жоқ жалаңаш жасандылыққа, сыртқы формалардың соңына түсуге немесе оларды сақтап қалу талпынысына айналуы – бұлар рухани дүниесі жоқ мәдениеттің жағдайлары. Ал бұл соңғысы антимәдениет аталатынға айналады.

Конфессиялар сұхбатының қажеттігі туралы мәселенің осылай қарастырылуы, біріншіден, қазақ-

стандық (рухы бойынша еуразиялық) философияның ерекшелігі қазіргі замандық көп полярлы әлемде кең жазылған әлемдік өркениеттік кеңістікке, конфессиялар, мәдениеттер мен өркениеттер сұхбатына шығуға мүмкіндік туғызатынын үлкен үмітпен және сеніммен айтуға негіз береді. Екіншіден, практикалық түрде жүзеге асатын конфессиялар сұхбаты арқылы ақыл-парасаттылық, мейірімділік және адамның рухани күштерінің жақындығының жеңісі болып табылатын рухани келісім мен азаматтық әлем қалыптасады. Үшіншіден, біз үшін жаңа мәдени-тарихи өлшемдерге осылайша ену Қазақстан мәдениетінің аясын басқа мәдениеттермен таныса отырып, кеңейтуге және осы процессте өзін-өзі жақсырақ тануға көмектеседі.

### **3.17 Түркі философиясы түркітанудың құрамдас бөлігі\***

Қазіргі түркі философтарының шығармаларындағы ой-толғамдар, басқа өкілдердің ойларымен қатар, әлемдік философиялық ойдың асыл қазынасында лайықты орнын тапты. Түркі философиясы, әлемдік философиялық ойдың дамуындағы ерекше кезең ретінде, қазіргі Қазақстанның рухани мәдениетін дамыту ісінде ерекше маңызға ие болып отыр. Десек те, ол Қазақстанның мәдениеті үшін ғана не қазақстандық ғалымдар үшін ғана керек емес, өйткені түркі елдері мен халықтар дәл осындай қажеттілікті сезініп отыр. Әлемдік философияға арналған жобаны жүзеге асыру, түркі халықтарының мәдени мұрасын зерттеу, түркі философиясының дербес дәрежесі, оның мәні мен мақсаты, тарихи рөлі мен рухани мәдениеттегі маңызы туралы мәселені көтеру, мұның бәрі де заман талап еткен жаңашыл әрі өзекті талпыныс деуге тұрарлық.

Бұрнағы кеңестік кеңістіктегі бірқатар түркі тілдес халықтардың өзін-өзі билеп, әлемдік қауымдастықта

---

\* Ғ. Құрманғалиевамен бірге жазылған.

тәуелсіз саяси-қоғамдық даму жолына түскеніне аса көп уақыт өткен жоқ. Тарихи маңызына теңдесі жоқ бұл оқиға, өз орнын іздеумен қатар, әлемдік ауқымды кеңістікке еруге байланысты, елеулі мәселелерге жолықты. Өзін-өзі бірегейлендіру мәселесімен байланысты қазіргі ауқымды кеңістікке жемісті кіру мәселесі берік негізді қажет етеді және ол түркі тілдес елдердің әлемдік қауымдастықта, әлемдік саясатта, әлемдік мәдениетте өзін-өзі жоғалтып алмауының кепілі.

Бұл үдерісте философияның ерекше рөлі мен міндеті бар. Философияның сипаты, мазмұны мен құндылықтары идеологиялық мәнге ие, қоғамдық дамуда ерекше маңызды. Қоғамның рухани-адамгершілік ахуалы мен сырттан келетін зиятты-рухани ықпалды қабылдауындағы тұрақтылығы сол қоғамда дәріптелетін философияға, онда көрініс табатын құндылықтарға, философияның замана талабының сауалдарына қайтаратын жауабының мәніне тәуелді.

Ұлттық-мемлекеттердің қалыптасу үдерістеріне қауіп төндіретін жаһандану үдерістері күшейген жағдайда тәуелсіздік алған түркі тілдес халықтар үшін мұның маңызы зор. Дәстүрлі өмір салты мен социалистік қоғамды құру кезеңінен мұраға қалған мәдени ықпалдар және қазіргі өмірге енді-енді еніп келе жатқан демократия мен нарықтық қатынастар мәдениетінің құндылықтары тоғысқан қоғамдық жүйенің түбегейлі өзгеріске ұшыраған кезеңінде өзіндік даму жолды таңдай білу – аса күрделі мәселе. Және бұл кезек күттірмейтін мәселе. Өзіндік жолдың қандай болу керектігін түйсіну және түсіну, қоғамда болып жатқан түбегейлі өзгерістер кезеңінде пайда болатын мәселелердің көкейкестілігін арттыра түседі: өткеннің рухани мұрасына деген көзқарас қандай болмақ? Оны қабылдау қажет па, жоқ па? Өткеннен қалай сабақ алуға болады? Қандай философияны дәріптеу дұрыс және қазіргі әлемнің философиясы қандай болуы керек?

Дамудың стратегиялық жолын таңдаудағы тұтастық қағидасын ескере отырып, біз өткеннің мәдени мұрасы

халық жадынан өшірілмеуі тиіс немесе әділетсіздік ұмытылмауы тиіс деген ұстанымды басшылыққа аламыз. Ол біздің бүгіміз бен келешегіміздің жағымды құрамды бөлігіне айналуы тиіс. Сондықтан қазіргі қазақстандық философия үшін, сондай-ақ Қазақстанмен көршілес жатқан елдердегі философияның дамуы үшін де, түркі философиясының тарихы мен қазіргі жағдайын зерттеу мәселесі ерекше маңызды. Өйткені, әлемдік философия тарихында осыған дейін «түркі философиясы» деген ұғым мүлде жоқ болатын, еуразиялық континентте ұланғайыр жерді алып жатқан, бай тарихы мен мәдени дәстүрлері бар халықтарға зиятты дүниетаным мен ой формасын қимай, философияны иеленуге рұқсат етілмеген.

Философияда түркі философиясын, оның тарихын, көпқырлы мәселелер жиынтығының жан-жақты зерттеуі белгісіз тақырып болатын, бірақ онда келешек зерттеулердің үлкен әлуеті бартын. Қазақ халқының рухани мәдениетінің дамуында стратегиялық маңызға ие болған Елбасы Н.Ә. Назарбаев ұсынған «Мәдени мұра» сияқты Мемлекеттік бағдарламаны дайындаған сарапшылар алқасының қазіргі түркі философиясын назарда ұстауы ерекше, жаңашыл оқиға болатын.

Философия тарихында да, қазіргі философияда да жоғарыда айтылған «түркі философиясы» ұғымының болмауының, аталған тақырыптың зерттелмеуінің, жалпы, түркілердің ұлы тарихы мен мәдениетін елемеудің астарында саяси, идеологиялық себептер жатыр. Қазақстанда түркі мәдениеті жетістіктерінің ауызға алынбауы, төмендетілу факторлары туралы, оның жағдайлары мен себептері туралы, түркі тарихын жадтан өшіргісі келген талпыныстар туралы алғашқы рет биік мемлекеттік деңгейде, ауқымды, іргелі түрде Н.Ә. Назарбаевтың «Тарих толқынында» атты құнды кітабында айтылды. Кітап кіріспесінде ол былай жазады: «Президент, өзінің ұлты, осы ғасырдағы Алтайдағы көптеген түркілер сияқты, жақын арадағы 100-200 жыл ішінде жойылып кетпей, керісінше, барынша гүлденіп,

басқа халықтардың әлемдік тобында тарихына лайықты орынды иеленуіне жауап береді».

Бұған тек Елбасы ғана емес, ғалымдар да жауапты. Бұл мақсатқа жету үшін олар өз деңгейінде біраз жылдан бері ғылымда қалыптасқан түркі тілдес халықтардың тарихы мен мәдениетіне деген теріс көзқарастың себептерін терең пайымдап, неліктен ұзақ уақыт философияда «түркі философиясынан» жатырқаудың және жаттанудың орын алғанын түйсінуі тиіс. Біз, дәл осыдай рефлексияның нәтижесі, түркі мәдениеті мен тарихына қатысты бір кезде үстемдік құрған әділетсіз көзқарасты еңсеру барысында жасалатын нақты қадамдар гуманитарлық білімнің бұл саласындағы ғылыми зерттеулерге оң әсері болады деген ойдамыз.

Дәл осы тақырыптың саяси мақсатта жабық қалуы, ең алдымен, «кеңестік Шығыстың» түркі халықтарының отарлық тарихымен, кейін кенжелеп қалған халықтардың тарихы қазан төңкерісінен кейін ғана басталды деген қағида идеологиялық тұғырға айналған социалистік құрылыспен байланысты. Тарихта бұрын-соңды болмаған жаңа құрылысқа түркілердің ертедегі айбынды тарихы, олардың тарихи үдеріске жасаған әсері туралы, әсіресе, қоғамдық сананың бағдарына тигізген әсері туралы айтылатын тарихтың қажеті шамалы еді. Жаңа социалистік мәдениет орнын басу тиіс болғандықтан, түркі халықтарының елеулі жетістіктері бар мәдениетінің керегі болмай қалды. Біздің кешегі тарихымызда бұқаралық сананы социализмге өткен кезде капитализмнен аттап, оған соқпай өткен халықтарда мемлекет қана емес, жазу да болмады дегенге сендірді. Кезінде мұны миллиондаған адам шындық ретінде қабылдады.

Түркілердің тарихы, мәдениеті, рухани өмірінің құбылыстары жайлы жақ ашпаудың сыры түсінікті болатын, өйткені социалистік идеология жаңа қоғамдық құрылымды мүлдем жаңа негізде қалау стратегиялық бағытын ұстанып, өткеннің мұрасын ескінің қалдығы деп саналы түрде лақтырып тастады. Түркі халықтарының

рухани мәдениетінің өнімдерін «феодал-байлардан қалған сарқыншақ» ретінде қарау басым болатын, тек кейбір жағдайларда ғана халықтың ауызекі-поэзиялық шығармашылығына назар аударылатын және сонда да, партиялық-таптық тұрғыда стихиялық материализм мен диалектиканың, қоғамның кемшіліктерін сынау элементтері преформалық түрде табылып жататын.

Бұған қоса, түркі мәдениеті мен тарихының жетістіктерін көзге ілмей, кемсітудің тағы бір себебі – гумани-тарлық ғылымда біраздан бері үстемдік құрған еуро-пашыл бағдарда жатыр. Бұл бағдар бойынша рухани мәдениеттің асқақ үлгілері, олардың шыны саналатын философия – өркениетті деп аталатын халықтарға ғана тән рухтың шығармашылық қызметінің нәтижесі-мыс. Ал оларға қарама-қарсы тұратын, яғни өркениетті да-муды білмейтін халықтар биік зиятты-рухани қызметке қабілетсіз болып шықты, демек, олар жасаған мәдениетте терең философиялық рефлексияның болуы мүмкін емес.

Мұндай дүниетанымдық-идеологиялық тұрғы түрін Гегельдің «Философия тарихынан дәрістерде» және «Фи-лософия тарихында» жүйелі, айқын көрініс тапқанын философтар жақсы біледі. Оның баршаға мәлім сентен-цияларын еске түсіруге болады: «Шын мәнісінде, фило-софия Батыстан басталады», «...біз, Батыста, шынайы фи-лософия топырағында тұрмыз», «Сонымен, шығыстық ойды философия тарихынан алып тастау қажет», «...бұл тұста философиялық танымға орын жоқ» және т.б.

Философия құбылысына, оның тарихына мұндай бағаның берілгеніне екі ғасырдан астам уақыт өтсе де, ол түбегейлі жойылмай, ықпалын сақтап келеді. Бірақ мұндай көзқарас белгілі бір әлеуметтік не идеологиялық көзқарасты білдірмейді, мұндай көзқарасты қазіргі демократиялық қағидалар мен мұраттар, сондай-ақ Шығыстың өз философиясы, оның ерекшеліктері мен бірегейлігі болу құқығын мойындайтын философияның парадигмасы жоққа шығарылды. Мұндай көзқарастың өміршеңдігін: философия деген не, оның мәні мен мақсаты неде, философияның ғылыммен, өнермен, по-

эзиямен, дінмен және т.б. байланысы мен арақатынасы қандай? – деген пікірсайыстың өзектілігімен түсіндіруге болады.

Философия құбылысы жайындағы түсінікте, әсіресе, егер ол мәдени-тарихи, әлеуметтік-саяси мағынамен, мәдени ерекшеліктермен, халықтың жағрафиялық жағдайлары мен әлеуметтік-психологиялық ерекшеліктерімен байланысты қарастырылса, әртүрлі пікірлер мен түсініктер пайда болады. Осындай когнитивті жағдайдың салдарынан философия қалай пайда болды, оның әмбебап құбылыс ретіндегі дәрежесі бар ма, жоқ па; бұл құбылыс кез келген халықта немесе мәдениетте бола ма деген келіспеушіліктер туындайды. Бұл жағдай философияның ұлттық және ұлттан тыс сипатына, философиямен айналысудың түрлері мен стильдеріне, философияның мәдениеттегі орны мен дәрежесіне қатысты маңызды мәселелерді көтереді.

Осындай күрделі мәселелердің болуы философтардың көзқарас-тарын философиядағы ұлттық бейнені жоққа шығаратындар мен оны мойындайтындарға жіктейді. Сонымен қатар, философтардың философияның пайда болуына деген көзқарасы да әртүрлі болатын. Ойшылдардың кейбірі философия белгілі бір қалыптасқан жағдайда ежелгі Грекия, Үндістан, Қытай елдерінде ғана пайда болып, кейінгі тарихта басқа аумақтар мен мәдени әлемдерге тарайтын бірегей құбылыс дегенді айтады, ал басқалары философияны кез келген мәдениетке тән және әр халықтың дамуында болған нәрсе деп біледі. Осы мәселеге қатысы бар басқа мәселелерде де келіспеушіліктер аз емес. Сонымен, қазіргі гносеологиялық жағдайда философияның мәнін, орнын, сипаты мен мақсатын түсінудегі көзқарастар алуан түрлі, алуан мәнді екен, ал бұл философияның «арабтық», «африкалық», «индонезиялық» және тағы сол сияқты түрлерін (бұлардың қатарында түркі философиясы да бар) мойындамауға әкеліп соғады.

Біз түркі философиясы – түркі тілдес халықтардың философиялық ойы-ның барша жетістігін қамтитын

философия дегенді негізге алдық. Түркі халықтарының тарихы сияқты, оның да «ақтаңдақтары» жетіп жатыр, өйткені соңғы жылдарға дейін кеңестік ресми философия оны елемей келген. Өзінен бұрын болған бүкіл философияның тарихын материализм мен идеализмнің күресі ретінде қарастырып, философия тарихын маркстік-лениндік философияның кепіл тұтқынына айналдырып, оны преформалық түрде түсіндірді, өйткені философияның барлық тарихы маркстік-лениндік идеялардың тарихи дайындығы ретінде қарастырылды.

Саяси тұрғыдан алғанда бұл идеология терең ұлттық-этникалық тамырлары үзілген, этностың жаны, негізінен, формальды символға айналып, өткізілетін шаралардың сыртқы нышаны ғана болатын жаңа құрылымның, яғни жаңа социалистік мәдениеті бар совет халқының пайда болғанын жариялап, ұлттық-этникалық ерекшеліктерді жоюға тырысты. Идеологиялық тұрғыда ресми философия ең озық дүниетаным ретінде коммунистік қоғамда тұратын адамның дүниетанымын жаппай дәріптеп бақты, бірақ оның ішінде түркілік тарих пен мәдениет мойындалатын тарихи жадқа орын табылмады. Жаппай жүргізілген идеологиялық қысымда коммунистік партияның тарихына тым көп көңіл бөлініп, түркі халықтарының тарихы ұмыт қалды. Түркі тарихын, руханиятын, мәдениеті мен дүниетанымын түркологиямен, түркітанумен айналысатын түркітанушы-мамандардың шағын тобы ғана зерттеді.

Ең бір қызығы, кәсіби түркологтардың өздері де түркі философиясы туралы жақ ашпайтын. Кеңестік түркология оған арнайы мәселе деп қарамады, өйткені сол кезде ғылымда кең тараған түсінік бойынша, түркі халықтарының рухани өмірінде, тарихы мен мәдениетінде ондай нәрсеге орын жоқ болатын. Дегенмен де, зерттеушілер түркілердің ежелгі, ортағасырлық дүниетанымын егжей-тегжейлі талдап, олардың дүниетанымдық әмбебаптарын, космологиясы мен антропологиясын, қоғамдық дәстүрлері мен рухани құндылықтарын зерттеді. Мұндай жағдай ғалымдардың

кінәсінен емес, орталық ұстанған идеологияның салдарынан қалыптасқан болатын.

Философия феноменінің пайда болуын еуропашыл бағытта ұғынатын тұрақты түсінік бойынша түркі тілдес халықтардың көшпелі өмір сүру салты философияның пайда болуына кедергі болған-мыс. Мұндай көзқараста көшпенділік пен зиятты қызметтің ең жоғарғы формасының арасы, яғни көшпенділік пен философияның арасы жер мен көктей, олар өзара сәйкеспейді деген ұғым болды.

Түркі халықтарының руханияты, мәдениеті мен тарихын зерттеген әділ зерттеушілер партиялық органдардың партиялық-таптық нұсқауларына қайшы болса да, елеулі жетістіктерге қол жеткізді. Ғылыми зерттеудің озық дәстүрлерін дамытқан бірқатар тамаша түркологтардың есімдері белгілі. Олардың арасында В.В. Бартольдт, В.В. Радлов, П.М. Мелиоранский, Б.А. Серебренников, Н.К. Дмитриев, Н.А. Баскаков, Л.Н. Гумилев, Н.Т. Сауранбаев, Ә. Қайдаров, М.Б. Балақаев, А.И. Ысқақов, С.А. Аманжолов, С. Кляшторный т.б. бар. Бұл ғалымдар түркілер тарихын, тілін, дәстүрін, сондай-ақ түркі мәдениетінің озық ойлы өкілдерінің дүниетанымын зерттеуге қомақты үлестерін қосты.

Дегенмен де, қазір белгілі болып отырғандай, кеңестік түркітанудың ортақ кемшілігі рухани өмір құбылыстарын қысқартып, оны баршаға ортақ форма ретіндегі тілдің болмысына қарай немесе халықтың ауызекі шығармашылығына қарай бұруында еді, яғни филологиялық зерттеудің парадигмасы басым еді, сондықтан тіл білімі, филология, түркі халықтары тарихы түркологиядағы басым бағыттар болатын. Ал философия арнаулы пән және кәсіби білімнің саласы ретінде қоғамның рухани өмірінде ерекше қызмет атқарғандықтан, идеологияға тым тәуелді еді, оның шырмауынан шыға алмай, «түркілік» тақырыптан да алыстай берді, ақыры, оны жоққа шығарды.

Сондықтан, қоғамдық сана үшін түркі философиясы беймәлім нәрсе болатын. Осындай ахуалдың

қалыптасуына «кеңестік Шығыс» республикаларында пантюркизм мен панисламизм идеяларына қарсы жүргізілген большевиктердің революциялық күресі де үлесін қосты. Көзқарастардың алуан түрлі болуы, басқаша ойлауды қабылдамау, барлығы да бірдей ойлаушылық, ақырында, қан төгіспен шындығын дәлелдеуді заңдастырып, ресми қабылданған пікірден басқа пікірлердің барлық түрлерін жоюмен аяқталды. Большевизм қабылдамай жойып жіберген идеологияда белгілі бір түрде түркі тарихы мен мәдениетіне қатысты идеялар бар еді, енді сол идеологиямен қоса түркі мәдениеті мен тарихының жетістіктері де лақтырылды. Қоғамның тарихи жадынан олардың ізін өшіріп, жаңа буын өз тарихи тамырын білмеу үшін басқарушы билік барын салды.

Пантюркизм идеологиясына қарсы революциялық күрестен туындаған түркілердің рухани мәдениетін төмендетіп, ол туралы айтпау кеңестік билік орнаған алғашқы кезеңде саналы түрде жүргізілсе, кейін идеологиялық қысыммен қоғамдық дамудың жаңа міндеттеріне оралайстырып, өз жалғасын тауып отырады. Ондай міндетке, алдымен, ұлттық дүниетанымның тамыры мен қайнарының ерекшелігін елемейтін рухани мәдениетті бірегейлендіру кіретін. Сонымен, кеңестік биліктің жетпіс жылдан астам тарихы ұлттар мен ұлыстардың гүлденуі мен жақындасуын жария еткен, бірақ, шын мәнісінде, халықтарды мәңгірттендіру заманы еді.

Бүгінде біз, кеңестік билік жылдары большевиктердің басқаша ойлауға, яғни «ұлы Түркістан» идеологиясына, ислам дініне және т.б. қарсы жүргізген революциялық күресі түркі халықтарының мәдениеті мен тарихына орасан зор зиянын тигізді дей аламыз. Жаңа мемлекеттің аумағына кірген жерлерде өмір сүрген түркі халықтары өз тарихында өркениеттік сипаттағы талай шығынды бастан кешірді. Олардың қатарына, біз мынадай факторларды жатқыза аламыз: шикізат көзі ретінде ғана пайдалану арқылы өркенниетті дамудың негізгі жолынан аластату, ұлттық тілдердің дамуы мен таралуына қысым жасау, ұлттық тілде білім алуға шектеу қою және т.б.

Кеңес Одағы аумағында мемлекеттік құрылымдар шеңберінде түркі тілдерін мемлекеттік тіл ретінде мойындамау дерегінің өзі, сол елдердің мәдениетіне өте үлкен нұқсан келтірді. Тілді кириллицаға көшіру әртүрлі буындардың арасын жалғап тұрған мәдени желіні қиып тастаумен бірдей нәрсе болатын. Мәдени дамудың алдыңғы кезеңіндегі жетістіктер жаңа буын түркілер үшін қол жетпес нәрсеге айналды.

Тоталитарлық жүйе ыдырап, бұрынғы кеңестік кеңістікте жаңа тәуелсіз түркі тілдес елдердің пайда болуына орай түбірлі өзгерістер де көріне бастады. Сол елдердегі тарихи сананың жаңғыруы, жан дүниенің тереңінен өткенге, өз тарихына, рухани мәдениеттің ең асыл үлгілеріне деген махаббат – түркі тілдес халықтардың азаттығын, бір кезде жоғалған қадір-қасиеті мен өзіне деген құрметтің оралуына дәлел. Зиятты ортада ғана емес, бұқаралық санада да пайда болған түркілік өркениеттік пен мәдени қайнарларға деген «ренессанстық» қызығушылық, ұмыт болуына қарамастан, сол қайнардың тірі екенін көрсетті. Ол тарихи жадтың арқасында бізге қайта оралды.

Қазақстан елі тәуелсіздік алған жағдайда бастауын алған тарихи жадты қайта қалпына келтіру, әлемдік тарихқа өз тарихының қатыстылығын түйсіну, ұлттық мақтанышпен отансүйгіштік сезімді тәрбиелеумен қатар, қоғамдық санада қазақ жерінде болған тарихи-мәдени үдерістің үздіксіздігі, ұзақтығы туралы идеяны қолға ала бастады. Бұл, бір кезде күшті түркілер мемлекеті болған деген жаңалыққа қайтадан қол жеткізген мемлекеттіліктің қадірін терең түйсінуге жетелейді. Ол бізге, қазақ халқының тарихы мен мәдениеті жайлы, ресейлік не кеңестік тарих пен мәдениетке қатысты болғандықтан емес, өзіндік біртұма, әлемнің тарихы мен мәдениетінде маңызды өз орны бар түркі мәдениеті мен тарихы туралы айтуға мүмкіндік береді.

Қазақстан мен Өзбекстанда, Қырығызстан мен Әзірбайжанда, Татарстан мен Башқұртстанда, басқа да түркі тілдес аймақтардағы өзгерген әлеуметтік-саяси

жағдайларға орай, түркі мәдениетіне, тарихы мен философиялық ойына арналған зерттеулер дами бастады. Өзекті қоғамдық талапқа жауап ретіндегі бұл зерттеулер, алған егемендіктің әсерінен болған қоғамдық санадағы серпілістер мен өзгерістерді, қоғамның төлтума тарихы мен рухани мәдениеті туралы шынайы білімді қажетсінуін айнытпай көрсетті.

Өзінің тарихы мен мәдениетін жаңадан тани бастаған үдерісте мынадай өзгерістер болды: біріншіден, олар ғылыми қызметтегі саяси басшылық қағидаларының өктемдігі мен қысымынан арылды, соның арқасында ғылыми зерттеулердің өзі, бұрыннан үстемдік құрып келген партиялық және таптық қағидалардан тазарды. Екіншіден, ғылыми зерттеулердің өрісі мен ауқымы кеңейді, енді оған бұрын зерттелуге тиым салынған, қарастырылмаған тақырыптар мен мәселелер енетін болды. Үшіншіден, дәстүрлі түрде қалыптасқан философиялық мәселелер жиынтығын, өзінің зерттеу өрісі мен бағыты, тарихы мен мәдениетінің мәселелеріндегі түркілік ықпалға, оның қайнары мен өкілдері аясындағы рефлексиялық пайымға алып келді. Оны жаңадан құрылған түркі тілдес елдердегі ғылыми мекемелердің зерттеулерінен байқаймыз. Айталық, Қазақстанда «қазақ философиясы» бағытын жаңадан дамыту, философиялық зерттеулердің, кеңестік кезеңге қарағанда, тым ілгері басқан қадамы болатын.

Қазақстан Республикасы білім және ғылым министрлігі Ғылым комитетінің Философия және саясаттану институтының ғылыми-зерттеу құрылымында 1992 жылы жаңа – қазақ философиясының тарихы бөлімі ашылды. Оның бірінші жетекшісі еліміз бен шетелде танымал ғалым, профессор, философия ғылымдарының докторы М.С.Орынбеков болды. Бұл бөлімнің ғалымдары Қазақстан қоғамтанушыларымен бірге қазақ даласының мәдениетін ашық, әділ түрде зерттеуге белсене кірісті. Олардың жаңарған дүниетанымдық және әдіснамалық парадигма тұрғысында жазған еңбектерінде қазақтың рухани мәдениеті бұқара көпшілікке терең дәстүрі бар

күрделі, көп қырлы әрі көп деңгейлі құбылыс ретінде көрініс тапты.

Тәуелсіздік жылдары бұл бөлім қазақ философиясын зерттеуге көп еңбек сіңірді. «Қазақ даласының ойшылдары» атты көптомдық ғылыми зерттеу жарық көрді, жаңа кәсіби-теориялық деңгейде қазақ философиясының өзекті теориялық және әдіснамалық мәселелері зерттелуде және, ең бастысы, қазақ философиясының біртума философиялық еңбектері қазақ тілінде дайындалып, басылды, ал мұның қазақ тіліндегі философиялық терминтануды дамытып жетілдіруге, қазақ философиясының болмысына барабар ұғымдар мен ойды жеткізетін тәсілдерді жасауға септігі мол болды.

Жоғарыда айтылғандай, кеңестік философияда «түркі философиясы» деген ұғым болмады, дәл осындай нәрсені «қазақ философиясына» қатысты айтуға болар еді, өйткені философия дегеніміз жүйелілік, дәлелділік, ғылымилық тән ойлау қызметінің бір түрі әрі ол теориялық дүниетаным деп есептелетін. Сонымен қатар, қазақ халқының руханияты, рухани мәдениеті мен дүниетанымы кеңестік Қазақстанда терең зерттелмеді.

Өткеннің және осы ғасырдың философиялық тәжірибесі алуан түрлі өмірлік, философиялық тәжірибелерді анықтап берді, философияның өнермен, ғылыммен, поэзиямен, дінмен шекаралас салаларға дейін жетіп, психология мен кәдімгі өмір аясына енуге ұмтылуы көрсетілді. Қазіргі заманда философияның алуан түрлі, Шығыста тарихи әртүрлі болатыны анықталды. «Қазақ философиясы» деген термин философиялық терминологиялық қорға еніп, философия сөздігін толықтырды.

Қазіргі кезде өркениеттің көшпелі түрінің заттық, рухани мәдениетіне, қоғамдық, мемлекеттік құрылысына қатысты түсініктер түбегейлі өзгеріп, олардың жағымды құндылық бағасы қалпына келтірілуде. Зерттеулер дәстүрлі көзқарастардан арылып, көшпенділердің өркениетін – дамудан тым алыс жатқан жол ретінде емес, өндірісті табиғатқа барабар биологиялық құралдармен жүргізу арқылы табиғатты игеруге негізделген әлеумет

пен табиғаттың өзара байланысынан туындаған ерекше тәсіл ретінде түсіндіреді. Әрине, көшпелі өмір салты көшпендінің дүниетанымын айқындайтын өзіндік ақыл-ой универсумын, рухани ғарышын да қалыптастырды.

Тарихи қайнар көздер дәлелдеп бергендей, отырықшы халықтарға қарағанда, көшпенділерге өз мәдениетінің ерекшеліктерін терең түйсіну тән. Айталық, мысалы, олар ғаламды, тарихты, уақытты, кеңістікті, адамның табиғатпен, қоғаммен байланысын, өмір мұратын, ар-намыс кодексін ерекше ұғынатын. Дәл осылай философиялық дүниетанымды да дәстүрге жатпайтын құралдар арқылы жеткізуге болады, біз оны қазақ мәдениетінен де, басқа түркі тілдес халықтардың мәдениетінен байқаймыз.

Егер философияны байырғы мәнінде, яғни рационалды-логикалық білімнің ерекше түрі ретінде ғана емес – жалпыға ортақ ойлау формасында көрінетін даналыққа, сана-сезімді тануға, өмірді тануға деген құштарлық деп түсінсек, онда Қорқыт Ата, Асан Қайғы сияқты ойшылдарды «көшпелі философтар» деуге толық негіз бар. Алғашқы пайғамбар Заратустра да, әйгілі «жеті данышпанның» бірі Анахарсис те скифтердің көшпелі ортасынан шыққан данышпан тұлғалар.

XV-XIX ғасырлардың қазақ поэзиясы философиялық-поэзиялық шығармашылықтың теңдессіз үлгісі ретінде болмыстың шекті негіздерін жалпылай түйсіну дәрежесі бойынша Рудаки, Сағди, Хафиз сынды өкілдері бар иран тілдес поэзияның әйгілі сыршыл-философиялық дәстүрінен кем түспей, өзінің айқын әлеуметтік сипатымен ерекшеленді. Қазақ халқының философиялық ақыл-ойы әр түрлі түрде: қоршаған ортаны діни-аңыздық, философиялық-көркемдік түрде, әлемді мистикалық, рационалды-логикалық, сондай-ақ, философиялық публицистика мен лирика түрінде игеру формасында дамыған.

Қазақ философиясының тарихында Асан Қайғы (XV ғ.) сынды көшпелі философ аса құнды рухани мұра қалдырды. Оның көзқарасы айқын әлеуметтік,

рухани-адамгершіл бағытты айқындап, этикалық пайымдаулары бар-шаға ортақ үйлесімге апаратын жолды іздеуді негізге алды. Асан Қайғы дүниедегі әуелден бар үйлесім өзара сыйластықтың этикалық императивінде нормативті көрініс табады деп есептеген. Әлемде игіліктің не зұлымдықтың салтанат құруы адамдар арасында, адам мен табиғат арасындағы өзара сыйластықтың болуына не болмауына байланысты.

Дүние сырын ашуды мақсат еткен Асан Қайғы адамның қоршаған ортаға құрметпен қарау дәстүрін енгізеді. Адамның барлық ниеті мен әрекеті, асқақ сенімнанымы әділдікке бағынуы тиіс. Қоғамдағы әділдік өзара сыйластық пен түсіністік, адамдар арасында игі әрекеттер бар болғанда ғана мүмкін болмақ.

Асан Қайғы бірнеше этикалық ұғымның нақты анықтамасын жасаған және ол Абайды қоса алғанда, кейінгі қазақ ойшылдардың шығармашылы-ғындағы философиялық моральдің даму бағытын анықтап берді. Оның «Жерұйықты» аңсауы – қазақ философиясындағы әлеуметтік-философиялық тақырыптың дамуын куәландырады. Ал оның дүниетанымы – әлем мен табиғаттың үйлесімін сақтауға бағытталған, сондықтан да адамның араласуын қажет етпейтін дамудың ішкі қозғалысы бар дүниетүсініктің үлгісі.

Асан Қайғының әлеуметтік-философиялық ойлары, жерұйықты іздеуі одан бұрын не кейін өмір сүрген көптеген еуропалық философтардың, атап айтқанда, Мордың, Сен-Симонның, Фурьенің идеяларымен таңқаларлық түрде үндесіп жатыр. Асан Қайғының философиялық шығармашылығын зерттеу қазіргі зерттеушілер қазақ философиясындағы көптеген жаңа, тамаша беттерді, жаңа есімдерді, тағдырлар мен идеяларды әлі де аштынын көрсетті.

Кеңестік дәуір кезеңінде қазақтық және шығыстық философиялық ойдың өзара байланысы, сондай-ақ Шығыс пен Батыста ХХІ ғасырда қалыптасқан философияның жаңа түрлерін игеру туралы өзекті мәселе қойылуда. Осы жаңа философияда демократиялық діл

мен азаматтық қоғамды қалыптастырудың бай тәжірибесі қамтылған, рационалдықтың балама үлгілері ұсынылды. Біздің ұлттық ерекшеліктерімізді ескерсек, мұндай тәжірибе біз үшін құнды болмақ, өйткені ол теориялық деңгейде ұлттық мәдениеттің басқа мәдени кеңістіктермен келісімге, бірлікке, өзара түсіністікке қол жеткізген кездегі даму мүмкіндіктерін анықтайды.

Сонымен, Орталық Азия ғалымдарының басқа түркі тілдес халықтардың ғалымдарымен үйлесімді ынтымақтастығы түркі халықтарының дәстүрлі ұлттық мәдениетін, оның дүниетанымдық әмбебаптарын, дәстүрлі дүниетанымы мен дүние түсінігін кешенді зерттеуге ықпал жасады. Біздің мәдениетіміздің тарихи тамырында, Қорқыт Ата, әл-Фараби, Ибн Сина, Ж. Баласағұн, әл-Хорезми, Қ.А. Иасауи, әл-Бируни, әл-Фергани, М. Қашқари, А. Науаи сияқты өткен дәуірдің көрнекті ойшылдарының рухани мұрасында ортақ дүниетанымдық-философиялық мәселелер өте көп. Олар түркі философиясының классиктері болып есептеледі, ендеше, түрік философиясы түркітанудың құрам-дасы болып табылады.

Өзінің «Тарих толқынында» деп аталатын монографиялық зерттеуінде Қазақстанның Президенті Н.Ә. Назарбаев Орталық Азия елдерінің ортақ аймақтық мүдделері туралы айта келе, Орталық Азиядағы бұрынғы кеңестік мемлекеттердің әлеуметтік-саяси өзгерістерінде және олардың бірігуінде мәдени мұра жағымды қызмет атқара алатының атап өтеді, өйткені өткенде салынған негіздерсіз болашақты құру мүмкін болмайды. Өткен көзге көрінбесе де, халықтың ойында, жадында, сезімі мен мінез-құлқында, материалдық және рухани ескерткіштерде сақталады.

Қазіргі жағдай, әсіресе, жаңа ХХІ ғасырдың бірінші онжылдығының соңында басталған әлемдік қаржылық-экономикалық дағдарыс, әлемнің көптеген елдері үшін интеграциялық сипаттағы мәселелерді ұшықтырып жіберді. Ол Орталық Азияны да айналып өтпеді. Интеграциялық үдерісте, бұрынғыдай, Қазақстан,

Өзбекстан және Қырғызстан елдері арасындағы қарым-қатынастар өз маңызын жоя қойған жоқ. Осыдан он жыл бұрын Н.Ә. Назарбаев: «ұлттық стратегияны жасаған кезде, қазақ, өзбек және қырғыз саясаткерлері жасалып жатқан саясаттың нәтижелеріне өзара жауапкершілікті басшылыққа алып, барлық орталық-азиялық елдердің ұлттық мүдделеріне деген өзара сыйластыққа негізделуі тиіс. Сонда ғана біз өзіміздің ортақ ұлы бабаларымызға лайық боламыз», – деп жазған еді.

Бұл стратегия қазіргі кезде де маңызын сақтап отыр. Бұған қоса, дәл осыны біз осы елдердің қоғамтанушы-ғалымдарына қаратып айта аламыз, өйткені әр елдің ұлттық мәдениетін зерттеу стратегиясы, жалпы түркі тілдес халықтардың рухани мәдениетінен оқшауланбау тиіс.

Орталық-азиялық елдерінің қоғамтанушылары, философтары мен тарихшылары, мәдениеттанушылары мен дінтанушылар өз елдерінің ғылыми бағдарламаларын дамыту стратегиясында бірқатар аймақтық кешенді зерттеулерді жүзеге асырып, түркі халықтарының руханияты, философиясы, таихы мен мәдениеті бойынша, заман талабына сай бірқатар өзекті іргелі зерттеулерді бірлесіп жүргізе алар еді. Осы мақсатта ғылыми зерттеулер мен басылымдардың орталықазиялық қорын құру, Орталық Азия философтар ассоциациясын құру, жоғары оқу орындарына арналған оқулықтар мен оқу құралдарын басып шығару, мысалы: «Түркі халықтарының философия тарихы», «Орталық Азия халықтарының философия тарихы», «Түркі философиясы» және т.б.

Қазіргі философия өзгеру үстінде және ол ғылыми ізденістің жаңа басым бағыттарын анықтап отыр. Бұл тұрғыда түркі философиясы бойынша зерттеу Шығыс философиясын, оның ерекшеліктерін жаңаша, терең пайымдауға септігін тигізеді. Батыстық философиямен салыстырғанда Шығыс философиясы адамның әлемге деген тұтас көзқарасының қисынына бағынады, сондықтан жаңа тарихи уақыттың ойлауын Шығыс

мәдениетінің логикасында рационалды түрде ұғынып, пайымдауға болады. Бұл зерттеудің осындай бағыты мен көзқарасын өзектендіре түседі, өйткені қазіргі қалыптасып келе жатқан жаңа интегралдық дүниетаным мен ғаламдық ойлау стилі замана болмысы мен талаптарын әлемге деген тұтас көзқарас қисыны тұрғысынан пайымдауды көздейді.

Түркі философиясы ғылыми қауымдастық тарапынан терең зерттелуге әбден лайық. Оның философиялық дәстүрде де, әлемдік тарихи-философиялық үдерістің зерттелуінде де орын алуға толық құқығы бар. Оның дамуында, түркі мәдениетінің дамуындағы сияқты, белгілі бір кезеңдер болған, оларды алдын-ала жалпы түрде: ежелгі, ортағасырлық және қазіргі кезеңдер деп көртсеуге болады. Өз кезегінде ондай кезеңдерді әрі қарай жіктеуге болады және біздің қазіргі кезең деп белгілеген нәрсеміз өз дамуындағы бірнеше кезеңдерге жіктеледі, мысалы, кеңестік кезең, тәуелсіздік алған кезең және т.с.с. Дәл осындай жіктеуді ортағасырлық кезеңге қатысты жүргізіп, оның ішінен түркі философиясының дамуындағы классикалық кезеңді бөліп алуға болар еді. Түркі философиясы зерттелген салаға айнала бастаған кезде, кезеңге бөлу мәселесі де нақтыланып, өзгеріп, тереңдей түспек. Жалпы алғанда, түркі философиясы туралы түркі әлемінде пікірталас ұйымдастырған жөн деп есептейміз.

Әлеуметтік, саяси және рухани дамудың дербес жолдарын таңдауына қарамастан, орталық-азиялық аймақтағы елдердің арасындағы көптеген ортақ нәрсе сақталған. Бұл – мәдени-тарихи тамырлардың, діннің, кеңестік кезеңнен қалған экономикалық, білім беру және басқа да стандарттардың ортақтығы ғана емес, әлемнің осы аймағында өмір сүріп, шығармашылықпен айналысқан көрнекті ойшылдардың қалдырған ортақ рухани құндылықтары да. Әл-Хорезми, әл-Фараби, Жүсіп Баласағұн, Қожа Ахмет Иасауи, Махмұт Қашқари, әл-Бируни, Бахманийар әл-Әзірбайжани және көптеген басқа көрнекті қайраткерлер Қазақстанда,

Түркіменстанда, Қырғызстанда, Өзбекстанда жаңа ғасыр мен мыңжылдықтың жаңа руханиятын жасауға бірдей атсалысқан. Түркі халықтарының ортақ рухани құндылықтары мен мәдени-тарихи тамырларында терең із қалдырған түркілік рухани мәдениеттің Қорқыт Ата сынды тұлғаның бір өзі – түркі халықтарының бөлінбес бөлігі мен жалғаушы негізі.

Қорқыттың философиялық дүниетанымының мәні – номадтардың мәдени-дүниетанымдық философиясының көрінісі. Өмірдің, ажал мен мәңгіліктің, адам тіршілігінің терең негіздерінің экзистенциалды мәселелерін көтеретін ол туралы аңыздың мазмұнының өзі түркілердің номадтық дүниетанымының философиялық маңызын айқындап тұр. Қорқыттың ел кезгенін баяндағанда, ол болған жерлер нақты сипатталып, көшпелі мәдениеттің отырықшы мәдениеттен ерекшелігі көрсетіледі.

Қоршаған ортамен үйлесімді өмір сүретін адамның жан дүниесіндегі толғаныстың мәнін нәзік жеткізетін, терең экзистенциалды мазмұны бар мұндай баяндаудың көшпелі қоғамның рулық жадында сақталмауы мүмкін де еместін. Мұнымен қоса, адам болмысының мәніне терең бойлағандықтан ол жай ғана отырықшы мәдениет жағдайында емес, оның дамуындағы ақпараттық-технологиялық кезеңінде өмір сүріп отырған қазіргі адамның да тарихи игілігіне айналды. Өлімді музыка күшімен жеңуі, адамды мәңгі ететін жасампаздық пен шығармашылық – Қорқыт туралы аңыздың бұл идеясы қазіргі дүниетаным үшін ең бір керемет, әсерлі нәрсе. Түркілердің ұлы гуманизмінің, рухтың еркіндігіне, табиғатпен, ғарышпен бірігуге деген шексіз ұмтылысының мәні осында.

Орталық-азиялық аймақтан шыққан ұлы ғалымдардың есімі орта ғасырлардан бастап әлемдік ғылымда белгілі болғанын тоталитарлық идеология жасырып келді. Айталық, көне Хорезм шаһарында дүниеге келген Орталық Азияның өкілі, әйгілі математик Мұхаммед ибн Мұса әл-Хорезми антикалық философ-

тар мен ғалымдардың еңбектерін араб тіліне аудару мәдени жұмысын жүзеге асырған «Даналық үйдің» жетекшілерінің бірі болған. Аударма қызметімен қатар, антикалық философия мен ғылым негізін қалаған идеяларды шығармашылықпен дамытудың арқасында, ежелгі грек ойшылдардың көптеген идеялары мен еңбектері ортағасырлық Еуропаға мәлім болды.

Қазіргі кезде түркі тілдес халықтардың тарихындағы, мәдениеті мен философиялық ойындағы ақтаңдақтарды мұқият зерттеу мен анықтау жұмыстары жүріп жатыр. Жаңа тарихи деректер жинақталып, материалдық мәдениет ескерткіштерінің жаңа археологиялық табылымдары белгілі болып жатыр, философияның дамуындағы алдыңғы кезеңдер философиялық сынға алынып, алынған білімді жалпылау мен жүйелеуді қажет ететін ғылыми зерттеулердің жаңа эмпирикалық қоры жасалуда. Өзгеріп отыратын пәндік сала, оның тарихи деректер мен құжаттарда, мәдени мәтіндерде толық ашылмауы түркілік зиятты-рухани аймақтың философиялық зерттелуіне қатаң талаптар қояды.

Қазіргі философияда жаңа деректер жаңа әдіснамалық және дүниетанымдық тұрғыда талданып, мәдениет пен философиялық ойдың терең ішкі талдауы жүзеге асырылса да, жалпы әлемдік философияның да, түркі философиясының да мәні, тағдыры, мағынасы сияқты іргелі сипаттағы мәселелер мәңгі мәселелер болып қала береді. Бұл мәндегі олардың үнемі ашықтығы мен толық шешілмеуі – тоқтамайтын философиялық ізденістердің пәні.

Аталған жағдай, өткен – қазіргіні түсінудің кілті деген белгілі ақиқатты қуаттайды. Біздің бүгіміміз – күннен-күнге жаһанданып бара жатқан әлем және бұл әлемдегі халықтар мен мәдениеттердің өзара тәуелділігі де күн сайын артып барады. Өте бай Абай философиясынан шығатын рухани әлуатті сақтау, оны жаңа тарихи жағдайда дамыту – бүгінгі біздің, біздің замандастарымыздың міндеті. Болмысымыздың шыннайылығын түйсінуге жақындататын өткеннің құтты

дәндері, оны баға жетпес нәрсеге айналдырады. Олар бізді кемелділікке ұмтылдырады. Сондықтан да Абай – қазақ руханиятының шоғырланған көрінісі, қазақ халқының жүйке тамыры, жүрегі мен ақылы, жаңа ғасырдың жаһандық әлеуметтік-мәдени өзгерістер дәуірінде рухани дамудың, ағарту мен адамгершілік тәрбиенің қайнарына айналады.

Генетика, синергетика, астрономия, медицина т.б. салалардағы революциялық ғылыми жаңалықтар ашылған кезде, ең жаңа ғылыми эксперименттер қойылып, ғылымның дамуындағы жаңа деректер табылып жатқан дәуірде ғылымның осындай түбегейлі әрі тағдырлы құбылыстары мен мәселелерін философиялық жалпылаусыз қалдыру мүмкін болмайды. Философия қоршаған әлемді және өзін-өзі тануға ұмтылған адам ойының жетістіктерін назардан тыс ешқашан қалдырған емес. Сондықтан қазіргі түркі философиясындағы аталмыш бағыттың болашағы жарқын болмақ.

Қазіргі түркі философиясына жасалған шағын шолуды аяқтай келе, оның ішіндегі жарияланымдар оқырманның, түркі әлемінің философиялық мұрасын, оның тарихы мен бүгінгісін бағалайтындардың қызығушылығын оятады дегенге сенгіміз келеді. Из салғандар мен өткеннің көрнекті ойшылдардың асыл дәстүрлерін жалғастыратын қазіргі түркі философиясы әлемдік философиялық аймаққа кіріп, қазіргі мәдениетті дамытады және Орталық Азия, Ресей, Түркия елдеріндегі түркі тілдес халықтардың рухани-адамгершілік негізін құрайды.

Оның септігі Орталық Азиядағы интеграциялық үдерістердің күшеюіне, ортақ мәдени-рухани дәстүрлер мен құндылықтарды нығайтуға, білім беру мен адамгершілік мінез-құлықтың гуманистік стандарттарын жасуға тиеді. Түркі философиясының зерттеу өрісі эмпирикалық материал мен жаңа тарихи-мәдени деректер көбейген сайын, объективті түрде кеңейе бермек. Әлде де онда беймәлім және зерттелмеген нәрселер көп, осыған байланысты ол болашақ философтардың тарапынан шынайы қызығушылыққа ие болады.

### **3.18 Білім берудің қазақстандық үлгісі: шығыс пен батыс тәжірибесі**

Қазақстан Республикасы мемлекеттік тәуелсіздігін алғаннан кейін бұрынғы әлеуметтік-мәдени кеңістіктің және соның шеңберінде қызмет етіп келген дәстүрлі білім беру жүйесінің толассыз құлдырауы басталды. Бәрінен бұрын төңкерістен кейінгі, яғни Орта Азия аймағы мен Қазақстанның Ресеймен тек экономикалық қана емес, сондай-ақ рухани бірігуі болған кезеңінде қалыптасқан мәдени-идеологиялық кешеннің жойылуы жөнінде сөз болып отыр. Бұрынғы геоэкономикалық, геосаяси шындықтарға және әлеуметтік-мәдени құндылықтарға қаншалықты жақын қарасақ та, олардың мүлдем басқа көзқарастармен алмаса отырып, біздің өмірімізден қарқынды кетіп бара жатқаны даусыз жағдай. Қазақстандағы жағдай туралы айта отырып, тоталитарлық қоғамның бір ізге салынған мәдениетінің орнын қазақ халқының біртұтас ұлттық мәдениеті емес, қалыптасып келе жатқан мемлекеттік социумның әр түрлі бағдарлары мен құндылықтар жүйесі бар мозаикалық мәдениет басып келеді. Тағдырдың бұйрығымен республика әлемнің әр түрлі ұлттық образдарының, қайта жаңғырған діни конфессиялардың, өтпелі қоғамның әр түрлі топтарының модернистік және дәстүршіл талпыныстарының қақтығысуының сахнасына айналып отыр.

Бұл процестер көп этностық қазақстандық қоғамның орталықтандырылған үлкен тоталитарлық мемлекеттен планетаның дамып келе жатқан елдерінің біріне айналуы аясында жүзеге асыруға болатын университеттік білім беру үлгілері таңдалатын әлеуметтік-мәдени ортаны қалыптастырады. Көптеген негізгі әлеуметтік-экономикалық сипаттамалар бойынша біздің республика өте шектеулі қаражаттық мүмкіндіктеріне қарамастан, жоғары білім беру жүйесіндегі негізгі басымдықтарды таңдау міндетін шешетін дамушы елдердің бірі ретінде қарастырыла алады. Сондықтан

болашақта біз білім беру жүйесінің барлық сатыларын бір ізге түсіру саласында күннен күнге үдей түсетін қиындықтарға кезігеміз.

Егер бұрынғы Кеңес Одағындағы білім беру саласында әлеуметтік жатсыну едәуір анық көрініп, барынша бір ізге салынған орта және жоғары білім беру жүйелерінде халықтың барлық қабаттары үшін білім алудың теңдей мүмкіндіктерін қалыптастыру идеологиясы үстемдік етсе, қазіргі кезде жаңа тәуелсіз мемлекеттердегі жағдай өзгере бастады. Әрбір жаңа егеменді мемлекетте білім берудің әр түрлі сатылы болып келетін оқу орындарының көлденең және тігінен стратификациясы неғұрлым байқала бастайды. Соның ішінде, әсіресе, білім жүйесін барынша коммерцияландыруға тырысатын және оны транзиттік қоғамның қалыптасып үлгерген жоғарғы қабаттарының мүдделеріне қызмет етуге бағыттайтын элиталық университеттік оқу орындары, мектептер мен сәйкес факультеттердің қалыптасуы анық көріне бастайды.

Біз қоғамның барынша сәтті қызмет етуі үшін ол саяси, экономикалық және мәдени элитаға мұқтаж екенін және олардың әрқайсысының білім беру жүйесі бұқаралық болмауы тиіс екенін жиі айтамыз. Бұған қоса, тәуелсіз Қазақстанға қарағанда, көбісінің экономикалық жағдайы неғұрлым қолайлы әлемдегі дамушы елдердің тәжірибесі көрсеткендей, мемлекет қаржы қорларын шұғыл шектеу арқылы көптеген жоғары оқу орындары үшін бірдей экономикалық мүмкіндіктер мен жағдайлар жасай алмайды. Барлық жерде дерлік басым бөлігі жеке меншік және мемлекеттік емес болып табылатын бірнеше элиталық жоғарғы оқу орындары мен қалған жалпы білім беру жүйесінің білім беру деңгейінде үлкен алшақтық байқалады (қазір елімізде 113 оқу орындары бар). Мұндай демократиялық білім беру жүйесі біздің постсоциалистік қоғамдық сананың стереотиптеріне қатты қарама-қайшы келсе де, ол біздің республикамызда да жүзеге асуда. Мұнда өтпелі кезеңдегі Қазақстан үшін жақсы маман иелерін дайындауға бағытталған

мемлекеттік және мемлекеттік емес жоғары оқу орындарын ақылға салып үйлестіру маңызды болып табылады.

Республикада жыл сайын мемлекеттік емес оқу орындарының саны көбейе түсуде, мұның оң нәтижелерімен қоса, кері салдарлары да бар. Баламалы мемлекеттік емес жоғары оқу орындарының пайда болуы қажетті білім алу мен таңдау мүмкіндіктерін кеңейтеді. Дегенмен білім беруді жаппай жекешелендірудің түбін қуалап, алынатын білімнің сапасы мен толыққандылығы назардан түсіп қалатын жағдайлар жиі кездеседі. Көп жағдайда үдемелі қарқынмен дамыған мемлекеттік емес оқу орындары, әсіресе жоғарғы оқу орындары, мемлекеттік оқу орындарының материалдық мүмкіндіктерін тартып алып қояды және толығымен немесе басым бөлігінде қабілеттіктер мен білім сайысының әмиян сайысымен ауыстырылуы сирек болмайтын құбылыс. Кез келген оқу орны ақшаны білікті білім үшін төлеу принципін ең маңызды міндет етіп қойып отырғанда, кейбір жеке меншік орта және жоғары оқу орындары білім алу үрдісін әдеттегі пайдакүнемдікке айналдырып, таза материалдық пайда мүддесін жетекшілікке алады. «Ақшалай-материалдық» принципінен туындап отырған мұндай ойлаудың университеттік білім беруді жоққа шығаруға әкелуі мүмкін.

Бүгінгі таңда басты мақсаттардың бірі ХХІ ғасырда ел мәселелерін көбіне шешетін болашақ ұлттық элитаны қалыптастыру болса да, дегенмен, біздің ойымызша, салыстырмалы түрде саны жағынан аз элитаның жүйелік дағдарысын және Қазақстанның ары қарай гүлденуі міндеттерін шеше алмайтынын да түсінуіміз қажет. Сондықтан, егер біз республикамызды белсенді түрде дамушы елдердің қатарынан көргіміз келсе, бүкіл халықтың білімділік және руханилық деңгейін біртіндеп көтеруге басты күш салуымыз қажет, ал бұл «бұқаралық білім беруге» эквивалентті емес.

Университеттік білім беру әлемдік білім беру кеңістігінде қабылданған белгілі бір деңгейге сәйкес болуы қажет.

Қажетті білім деңгейінің шеңберінде университеттік білім алудың жас ұрпақ үшін маңыздылығы білім берудің нормалары мен талаптарын анықтауды міндет етеді. Қазақстанда соңғы жылдары осы принциптен тайқу жағдайлары жиі кездесіп тұрады. Сондықтан мемлекеттік саясаттың тұрақты шамаларының бірі – қоғамдық-гуманитарлық, жаратылыстанулық және нақты ғылымдардың құндылықтарын ақылға сала үйлестіретін және барлықтары үшін міндетті минимум болса да, әрбір жеке тұлға үшін шектеу болып табылмайтын білім берудің толыққанды жалпықазақстандық стандартына бұрылған бағдары болуы тиіс. Қазақстанда бұл принциптің жүзеге асуы үшін Қазақстан Республикасының «Білім беру туралы» Заңы бар екені белгілі.

Әрине, білім беру жүйесінің дәстүрлі консерватизміне сай, бізде әлі бірқатар уақыт кеңестік билік жылдарындағы «россиецентристік» білім беру үлгісі үстемдік етеді. Бұған қоса, бұл білім беру жүйесінің негізінде қайсыбір сәтті жылдары оны әлемдік деңгейде бәсекеге қабілетті еткен кеңестік ғылым мен педагогикалық практиканың даусыз жетістіктері жатқанын да ескеру қажет.

Посткеңестік мемлекеттерде қалыптасқан демографиялық және әлеуметтік-мәдени жағдайларға, университеттік оқу орындарының әлеуметтік енjarлығына, оқытушылардың позициясы мен кәсіптік деңгейіне, түбегейлі реформаға мемлекет қаржысының болмауына қарай әлі де болса университеттік білім берудің «россиецентристік» үлгісі басымдылықтанытады. Дегенмен, ұлттық мемлекеттілік пен әлеуметтік қауіпсіздікті нығайтудың, жаңа ұлттық ділді қалыптастырудың, ұлттық мәдениет пен руханилықты қайта жаңғыртудың міндеттері әрбір жаңа тәуелсіз мемлекеттерде біржақты қайталаудан, тіпті қазіргі замандық ресейлік жоғары білім беру жүйесінің өзін көшіруден құтылуға деген қажеттілігі мен ынтасы туып отыр.

Жоғары білім беру саласындағы қалыптасып жатқан жағдайларға сүйене отырып, жаңа тәуелсіз

мемлекеттердің тұрғылықты халқының басым бөлігі дәстүрлі ұлттық құндылықтар мен мәдениет нормаларына бағдарланатын білім берудің мүлдем жаңа демократиялық жүйесін құруға тырысатынын болжауға болады. Осы тұста, туындайтын мәселелердің аса күрделілігін де назарға алу керек, себебі дәстүрлі мәдениет құндылықтарына жай оралып қана қою халықтың қол жеткен өркениеттік деңгейден қол үзіп және ХХІ ғасырдағы әлемдік өркениеттің үдемелі қозғалысынан елдің түсіп қалу қаупін тудыруы мүмкін. Сондықтан өткен тоталитарлық дәуірден мұра болып қалған демографиялық жағдайдың, сондай-ақ геозкономикалық және әлеуметтік-мәдени шындықтардың аса күрделілігіне байланысты тек қана қазақ халқының мәдени мұрасына негізделген дәстүрлі білім беру жүйесіне оралу тәуелсіз Қазақстан үшін мүмкін емес.

Біз мұны қаласақ та, қаламасақ та, біздің көп этносты қоғамның жаңа ұрпақтары дәстүрлі мәдениеттің ұлттық құндылықтарына жай қайта оралып қана қоймай, сонымен бірге білім іргетасын жаңа мыңжылдықтың еңбек нарығындағы бәсекеге қабілеттіліктің негізі болатындай етіп жеткілікті дәрежеде алулары тиіс. Өткеннің елесінен алшақтай отырып, қайсыбір жоғары білім беру жүйесінің тиімділігін бағалау кезінде, жастар үшін бастысы нарықтық көрсеткіштер болып табылатынын біз ескеруіміз қажет. Егер біздің жоғары оқу орындарын бітірген мамандар, тілдік, компьютерлік және әлеуметтік-гуманитарлық дайындық барысындағы жіберілген ақтаңдақтардың салдарынан әлемдік еңбек нарығына үйлесе алмаса, онда білім беру жүйесінің өзі жоғары талаптарға сәйкес емес болғаны. Жүзеге асыру үшін ұсынылған университеттік білім берудің жаңа үлгісінің негізін құрайтын жоғары мәдени құндылықтар туралы қанша қажет болса, сонша айта беруге болады, бірақ оны нарық таразысына салып өлшемесе, мұның бәрі бос сөз болып қала береді.

Қазіргі таңда тәуелсіз Қазақстан жабық қоғамнан әрбір азаматы өзіне жеке жауапкершілік пен инициатива

алатын әлемге, ашық қауымдастыққа көшуде. Сондықтан жаңа замандағы университеттік білім беру жүйесінің өзі жеке өзін материалдық жағынан қамтамасыз ете отырып, бүкіл қазақстандық қоғамның экономикалық гүлденуіне жағдай жасауға қабілетті, еркін, іскер және ынталы адамдарды тәрбиелеуге бағдарланған базистік құндылықтар мен нормаларға бағытталуы тиіс.

Жоғары білім беру жүйесінің қарқынды әлеуметтік-мәдени трансформациясының басты мәселелерінің бірі – жас ұрпақтың еңбек этикасының мүлдем басқа типін қалыптастырудағы жаңа бағдарларды іздеу болып табылады. Бүкіл білім беру жүйесі таза кәсіптік біліктілікпен қатар, адамның бойында еңбек этикасын тәрбиелеуі қажет, сонда қоғамдағы өндірістің ұжымдық үрдісіне қатысқан әрбір жеке адамның адалдығы мен ақ ниеттілігіне қол жеткізілуі мүмкін. Адамзат өркениетінің тарихында еңбек этикасының әр түрлі жүйелерінің ұлттық және діни дәстүрлерге, әдет-ғұрыптарға, субъектаралық және биліктік қатынастар типіне барып тірелетін күрделі және аса шиеленіскен тамырлары бар болғаны жақсы мәлім. Мысалы, Батыс Еуропа мен Америка Құрама Штаттарында көбінесе христиандық еңбек этикасы жөнінде, кейде ондағы протестантизм рухын ерекше көрсете айтады. Бұған қоса, дәстүрлі діни құндылықтарды қоғамның дамуы мен материалдық өркендеуінің негізгі қозғалтқыштары болып табылатын экономикалық еркіндік пен жеке инициативаның басты принциптерімен араластыруға тырысады. Мұнда экономикалық еркіндік, бәрінен бұрын, индивидтің өзінің еңбегі мен кәсіпкерлік ынтасы және іс-әрекетінің нәтижелері бойынша лайықты сыйақы алу құқығы ретінде түсініледі.

Оңтүстік-Шығыс Азияның бірқатар елдерінде әлеуметтік-экономикалық модернизация мен трансформацияның нәтижесінде еңбек этикасының қызықты, кей жағдайда өте тиімді жүйелері қалыптасты. Мұндай, соғыс жылдарынан кейінгі Жапониядағы экономикалық ғажаппен қатар, Тайвань, Сингапур немесе Гонконг-

ты атауға болады. Оларға ұлттық дәстүрлер, тәртіп пен өзін-өзі тәртіпке салу, еңбекқорлық пен өзара көмекті білім беру жүйесі арқылы меңгерілген батыстық бизнес жүйесімен, жаңа өнеркәсіптік технологиялардың кәсіпкерлік белсенділігімен және халықаралық сауда тәжірибесімен біріктіру ерекшелігі тән. Бұл мемлекеттер жаңа интеллектуалдарды және Қазақстан халқының жаңа ділін қалыптастыруда Қазақстан үшін көрнекті үлгі болып табылады. Жеке өзіндік еңбек этикасын қалыптастыру саласында қол жеткізген едәуір жетістіктерді Түркиядан және ислам әлемінің бірқатар басқа мемлекеттерінен көруге болады. Мұнда сондай-ақ ислам қоғамының дәстүрлі құрылымы мен батыстық экономикалық жүйеден алынған өнеркәсіптік өндіріс пен бизнесті ұйымдастырудың қазіргі замандық технологияларының арасындағы оңтайлы балансы іздестіріледі.

Ұлттық тәуелсіздікті нығайту аясында Қазақстан өзінің мотивациялық сипаттамалары бойынша бұрынғы дүниетанымдық құндылықтар жүйесінен өзгеше еңбек этикасының жаңа негіздерін шығаруға мұқтаж. Алдыңғы ұрпақтардың этикалық мотивациясында үлкен орын алған социалистік қиялдардың күлі көкке ұшқаннан кейін болашаққа деген сенімін жоғалтқан көптеген адамдар үшін моральдық нигилизм уақыты келді. Бүгінгі таңдағы дағдарыс қазіргі білім беру жүйесінің барлық сатыларына да ауыртпалық түсірді және сол жүйе аясындағы қоғам өмірінен алынған жағымды мысалдар негізінде тәрбиелеу ұғымының өзі құнсызданды. Сондықтан бүгінде педагогтар мен тәрбиешілердің өздері үшін жағдайды қайта қарап, одан шығудың ең лайықты жолын табуға талпынып көру өте маңызды. Осы ретте ескі идеологиялық стереотиптер мен соқыр нанымдарға жүгінудің немесе осы саладағы өзгенің тәжірибесін автоматты түрде, ойланбастан көшірудің қажеті жоқ. Әрбір мемлекеттің өз тағдыры және көптеген ұрпақтардың қажымас еңбегімен құрылатын болашақ өмірі бар.

Жақсы мәлім әлеуметтік-мәдени және демографиялық факторларға байланысты елдің таза ұлттық, мономәдени және монолингвистикалық даму үлгісі Қазақстан үшін қолайсыз. Сондай-ақ еңбек этикасын әлемдік діндердің біреуінің, яғни осы жердегі ислам мен христиандықтың бірінің моральдық нормалары негізінде құруға болмайды. Қазақстанның тәуелсіздік пен егемендік алғаннан кейінгі тарихи тағдырының өзі ел басқару қабілетіне, саяси партиялар мен үкіметтік емес ұйымдарға, барлық республика азаматтарының шектен тыс жауапкершіліктегі өзінің үлесін ұғынуына және жас мемлекеттің басты мақсаттары үшін келісімдерге, азаматтық бейбітшілікке, әлеуметтік және саяси тұрақтылыққа баруына байланысты. Елдің және оның азаматтары өркендеу үшін қоғамда рухани келісім атмосферасына қол жеткізіп, оны сақтау университеттік білім берудің демократиялық жүйесін әлеуметтік-мәдени тұрғыдан таңдау барысында басты бағдар болуы тиіс, себебі қалғандары осы басты міндетке тәуелді.

Жоғары білім беру жүйесінің терең трансформациясы мен оның негізгі сапалық сипаттамаларының өзгеруі, біздің пікірімізше, эволюциялық жолмен, яғни қоғамның қол жеткізген рухани келісімі мен әлеуметтік тұрақтылық жағдайында жүруі тиіс. Сондықтан дамудың қазіргі кездегі деңгейінде транзиттік қоғам сауатты және өз бетінше ойлай алатын экономика мен халықаралық бизнес мамандарына, дипломаттар немесе жоғары мамандандырылған жұмысшыларға ғана емес, сондай-ақ өзінің жеке өмірін елінің тағдырымен бірге қабылдайтын патриоттарға да мұқтаж. Осыдан университеттік білім беру жүйесінің барлық саатыларында тәуелсіз мемлекеттілікті нығайтуға және республиканың жаңа Конституциясын жүзеге асыруға бағытталған арнайы күш салу қажеттігі туындайды.

Тұрақты даму үшін жалпыұлттық бірігу мен әлеуметтік серіктестіктің мұндай идеясы қазақ халқының және көпұлтты мемлекеттің басқа да халықтарының ең жақсы ұлттық дәстүрлерімен қатар адамзаттың та-

рихи дамуы барысында қалыптасқан құндылықтарын біріктіруі тиіс. Тек жеке адам ғана емес, сондай-ақ жалпы мемлекет қазіргі замандық бетбұрысты кезеңнің тарихи үндеуіне сәйкес болуы тиіс.

Басқаша сөздермен айтқанда, біздің республикамызда азаматтық қоғам мен құқықтық демократиялық мемлекет құруға бағдарлану қажет және осы принциптерді білім беру жүйесінің, соның ішінде университеттік білім беру жүйесінің іргетасына салу қажет. Дегенмен, әрине, Қазақстан Конституциясында айтылған қағидаларды шынайы түрде жүзеге асыру едәуір тырысушылықты ғана емес, сондай-ақ ұзақ уақытты да талап етеді. Университеттік білім берудің оңтайлы және демократиялық жүйесін әлеуметтік-мәдени тұрғыдан таңдаудың негіздерін ғана қалай отырып, біз, бұған қоса, осы салада қабылданатын шешімдер үшін бүкіл жауапкершілік деңгейін түсінуіміз қажет.

Қазіргі замандық қоғам барлық деңгейде білім берудің тармақталған жүйесінсіз өмір сүре алмайтындықтан, қабылданып жатқан және жүзеге асырылып жатқан білім беру жобаларының салдарларын мұқият таразылау қажет. Барлық кемшіліктеріне қарамастан, бізде ең жақсы деген үлгілері әлемдік деңгейде бәсекеге қабілетті бола алған іргелі ғылым мен білім беру жүйесі болды. Бұған қоса, бұрынғы кеңестік экономиканың космостық және қорғаныс секторларында бірегей технологиялар мен зерттемелердің көптеген параметрлері бойынша әлемде бірінші орын алатын аса білікті мамандар шоғырланған болды. Сондықтан қазіргі кездегі университеттік білім беру жүйесінің трансформациясының өзі дифференциалды түрде, яғни новацияларға деген ұмтылыстармен қатар дамудың бұрынғы сатысының ең жақсы деген дәстүрлері сақталатындай етіп қарастырылуы тиіс.

Егер элиталық білім беру туралы айтар болсақ, бәрінен бұрын «элита» ұғымының әдептік-рухани мағынасын баса көрсету керек. Республикада қалыптасқан білім беру жүйесі стандартталған бұқаралық мәдениет

механизмдерін жасауда және ол жеке тұлғалық бастамасынан ажыраған, бұқаралық қоғамның нормалары мен үлгілеріне жауап беретін орташаландырылған индивидті «өндіруді» көздейді. Мұқият жасыруға тырысатын бұл әсіре-міндет, дегенмен, білім беру үрдісін ұйымдастыру жүйесінің өзінен көрінеді: бір жағынан басқалардың идеясы мен басқалардың теорияларын ыждағатты баяндайтын (конспектілер бойынша «оқытын») оқытушылар, екінші жағынан – лектордың өзінен шықпаған «дәйексөз ретіндегі» ойларын жатсына қабылдайтын көпшілік аудитория. Әрине, бір қалыпта қалған атмосфераға «шығармашылық рух» беруге тырысатын талпыныстар да болып тұрады: шетел тәжірибесіне, жаңа білім беру технологияларына, циклдық білім беру, «мастерлік» идеяларына жүгінеді. Бірақ бұл технологиялардың бәрі оқытушы – студент диспозициясының өзі өзгермейінше, тек игі ниеттер ғана болып қала береді. Студент шынайы білім алып, шығармашылық түрде ойлануды үйрену үшін, оқытушы үлкен әріппен жазылған Оқытушы болуы тиіс, яғни кафедрадан басқаның ойын айтып беретін емес, өз тұғырнамалары мен теорияларын жасайтын, жеке шығармашылық әлеуеті бар адам болуы тиіс.

Элиталық университеттік білім беру бәрінен бұрын «студент – оқытушы» қатынасының орталық нүктесі ретінде беймәлім нәрсені ашатын және ол жөнінде студенттерге айтып беруге қабілетті жасампаз, ойшылды қоюды көздейді. Ол көпшілік индивидке, лық толған аудиторияларға мәжбүр емес, бірлескен сұхбатта шығармашылық қарым-қатынас кеңістігін және ортақ зерттеу қызығушылығын қалыптастыра отырып, әрбір студентпен жеке жұмыс істейді. Элиталық жоғары оқу орнында барлық қазіргі замандық білім беру технологиялары сәтті қолданыла алады, себебі ең басты нәрседе жетістікке қол жеткізілген: білім берудің шынайы субъектілері – әйгілі, аты шулы Ғалым, ірі ғылым қайраткері ретіндегі Профессор мен көпшіліктік пен стереотиптіктен құтылған Студент қалыптасуда. Жеке

тұлғалық-бағдарлық педагогикаға сәйкес дербес жұмыс зерттеу-оқыту, ортақ ғылыми ізденіс принциптерінен құрылады. Осы орайда элитарлық көпшілікке арналған білім беру шаблондарынан құтылу, табиғи және әлеуметтік әлемнің мәнді ұстанымдарын шынайы меңгеру деген ұғымды білдіреді.

Элитарлы университеттік оқу орнында қандай мамандықтар басым бола алады? Бәрінен бұрын, алғашқы ұстанымдарды, алғашқы мәндерді, алғашқы себептерді зерттейтін және сезімдік қабылдаудан осы бірінші мәндерге біртіндеп көтерілуді жүзеге асыратын философия. Жаңа ұрпақтың философы постмодернистік – темпоральдық тарих стратегиясына сай, яғни әлемдік өркениеттік Шығыс және Батыс үрдісінің құрамдас бөліктерінің барлығының тең және тең әсерлі қатысуын мойындай отырып қалыптасады. ХХІ ғасыр философы философияның тұйықтығын «ашады», оның мәдениеттегі басым ролін жеңіп шығады, гуманитарлық білімнің философия, өнер, ғылым және дін жанасатын экстерриториялық салаларын қалыптастырады.

Саясаттану. Элитарлы университеттік оқу орнында бұл мамандық орнықты философиялық іргетасқа, саяси тарихты тиянақты білуге, қалыптасқан жағдайларды салыстырып, талдай алуға, сараптамалық шолулар мен болжам үлгілер жасауға негізделеді.

Әлеуметтану. Элитарлық оқу орнында әлеуметтану тағы да сол философиялық негізге жүгінеді. Оның орталығында адамның постклассикалық гуманистік тұғырнамасына бағытталған жеке тұлға социологиясы орналасады. Сондықтан анықтаушы методология ретінде адамның жеке тұлғасының мүдделері мен ниеттерін шетте қалдыратын сандық социология емес, интерактивті қарым-қатынастағы индивидтердің ішкі дүниесін де зерттеуді көздейтін сапалық социология болады.

Логика. Элитарлы оқу орнында студенттер формальды логиканы ғана меңгеріп қоймайды, сонымен қатар олар аргументация, дәлелдеу және терістеу теориясын, пікірсайыс, жарыссөздер, пікірталас жүргізе

білуді, толеранттылық позициясын сақтай отырып, өз позициясын қорғау мен қарсыластарының пікірлерін жоққа шығаруды үйренеді. Студенттер ойлаудың жалпы әмбебап формаларын, категорияларды, олардың тұрақты дамуын сараптайтын, яғни макро және микрокосмос үлгісін категориалды түрде, тұтас түсінуге мүмкіндік беретін диалектикалық логиканы да меңгереді.

Психология. Бұл пәнді оқытуда бүгінге дейін сақталған материализм мен идеализмді қарама-қарсы қою идеологиялық штампынан бас тарту өте маңызды болып отыр. Қазіргі замандық психологтарды дайындаудағы басты міндет – адам тұлғасын және оның психикасын түсінуде Шығыс пен Батыс дәстүрлерін жинақтау, Шығыстың рухани тәжірибесін Батыстың мәдени дәстүрлерімен біріктіру және байланыстыру.

Әлеуметтік жұмыс (паблик рилейшнз – ПР). Бұл саладағы мамандар саясат философиясы мен бизнес философиясының өмірдегі шынайы қызметінің көрінісін танытады және әлеуметпен байланыс жүйесін, сондай-ақ фирма немесе мекеме ішіндегі байланыстар ұйымдастырады. Элитарлы университеттік оқу орындары қабырғаларындағы әлеуметтік жұмысшыларды дайындаудың ерекшелігі олардың жақсы философиялық, әлеуметтанулық, психологиялық және логикалық білім, яғни «әлеуметтік жұмыстың» іргетасын қалайтынның бәрі жөнінде білім алатындығында.

Университеттік білім беру мен тәрбиелеу жүйелері адамды тұлға ретінде қалыптастыру, оның шығармашылық қабілеттіктерінің дамуына, рухани-әдептік әлемінің, дүниетанымдық мәдениетінің және т.с.с. қалыптасуына ықпалдасу мәселесін шешуге жұмылулары тиіс. Бұған қоса бүгінде басымдылық танытып отырған қазіргі замандық жалпы-өркениеттік даму типі адамды нақты бір кәсіптің иесі, яғни, маман, кәсіпқой маман ретінде қалыптастыруды көздейді. Адам санатына келтірілген білім беру жүйесінде педагогикалық стратегияның осы екі бағытын оңталы үйлестіру мә-

селе болып отыр, олардың үдемелі түрде ілгерілеп отырған сәйкессіздігі ХХ ғасыр соңының жаһандық дағдарысының іргелі негізі болып табылады.

Оқушыларды адамгершіліктік-рухани тұрғыдан ағарту тақырыбы Қазақстан Республикасында білім беру жүйесін реформалау ісінде өте өзекті және аса маңызды. Батыс рационализмінің дәстүрлеріне бағдарланған қазіргі кездегі білім беру үлгісін қайта құру мен жаңа мыңжылдық талаптарына сәйкес келетін және әлемді біртұтас қабылдауға, жеке тұлғаның адамгершіліктік-рухани әлеуетін айқындауға бағытталған мүлдем басқа үлгіні қалыптастыру жаһандық міндеті қойылып отыр. Бұл жерде жаңа білім беру үлгісі негіздерінің ғылыми базасы ғана қажет, сондай-ақ оқу бағдарламаларын жасау, оқу құралдарының жинақтарын даярлау, оларды сынан өткізу және соңында – оқу үрдісіне енгізу қажет.

Жеке тұлға қалыптасуының ең ерте кезеңдерінен – балабақша, мектеп, жоғары оқу орнынан бастап жүзеге асырылуы тиіс. Барлық осы әлеуметтік институттар адамды рухани-адамгершіліктік тәрбиелеу ісінде өзара сабақтастықпен байланысқан орындар ретінде қарастырылады.

Бұл жерде педагогтардың ғана емес, сондай-ақ философ, психологтардың, қазақтың дәстүрлі мәдениеті бойынша мамандардың да қатысуы көзделеді, бұл рухани-адамгершіліктік ағартушылықтың ғылыми негізделген тұғырнамасын жасауға мүмкіндік береді.

Шығыс пен Батыстың педагогикалық идеяларын қолдана отырып, әлемдік педагогика тәжірибесі мен отандық оқытудың ең жақсы деген үлгілерін қабылдауда қазақ халық педагогикасына, басты принцип ретінде ар-намысты ақыл мен ақылды жүрек принципін ұстанған әл-Фараби, Яссауи, Абай, Шәкәрім секілді қазақ топырағының гуманистерінің идеяларына басты екпін қою көзделіп отыр.

Әлемнің көптеген шығыс және батыс елдерінде қазіргі таңда білімдерді жеке тұлғалық мағынасынан тыс, жалпыадамзаттық құндылықтар алаңынан тыс

меңгеруге бағдарланған батыс білім беру үлгісінің тек шектеулігі ғана емес, бұның үстіне залалдығы мен қатерлігі анық сезілді. Үстемдік онтологиясы мен антропологиясы тудырған шектен тыс рационализм мәдениеттің барлық формаларын, соның ішінде білім беру жүйесін қалыптастырды, бірақ мұнда оның басты мазмұны – Адамның адам болып қалыптасуы, оның Махаббат мен Ізгілік құндылықтарына тартылуы ескерілмей қалды. Сондықтан Қазақстан батыс дәстүрінің шектен тыс рационализмін жеңетін, бойына шығыс тәжірибесін сіңірген және Қазақстан Республикасын мекендеген басқа этностардың педагогикалық идеяларымен сұхбатқа түскен қазақтың дәстүрлі педагогикасына бағытталған өзінің жеке ұлттық білім беру үлгісін табуы тиіс.

### **3.19 Елімізде ұлттық философияның қалыптасуы мен дамуы**

Тәуелсіз Қазақстандағы өтпелі кезең әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдар алдына түбегейлі реформалау міндетін қойып отыр. Нарықтық қатынастар жүйесіне өту жағдайында әлеуметтік-экономикалық және саяси өзгерістердің негізінде ұлттық мәдениет пен руханилықты жаңғыртудың жобасын жүзеге асырудың және жалпыадамзаттық өркениетке табиғи түрде енудің материалдық мүмкіндіктері жасалынуы тиіс.

Кеңес дәуіріндегі жоғарыда аталған ғылымдардың дағдарысының негізгі себебі: олардың шектен шыққан идеологиялануы болып табылады. Философия идеологиямен етене теңестіріліп, түгелімен мемлекеттік бола түсті. Сөйтіп, әлеуметтік шындықтың нақты қайшылықтарын сыни және объективті түрде талдау мүмкіндігі шектеле түсті, оның орнына философия апологетикалық доктринаға айналды.

Әсіресе, салыстырмалы философияның, салыстырмалы әлеуметтік, саяси және құқықтық философияның жағдайлары мәз емес еді. Олардың тұжырымдамаларын

қоғамдық өмірдің ағымын өзгертуге болатын әлеуметтік технология ретінде қолдануға болатынын атап өту керек. Міне, сондықтан да болар бұрынғы кеңес заманындағы қоғамтану аясында философиялық білімнің осы салалары тиісті деңгейде дами алмады.

Бұл үрдістер қазақ халқының ұлттық дүниетанымының өзіндік рухани қайнар көздері мен түптамырларын елемеуге әкеліп соқтырады. Қоғамтану теориялары әлеуметтік дамудың абстрактылы, қайшылықсыз схемалары ретінде қарастырылды. Мұндай жағдайлар ресми мәдениеттің идеологияланған кеңістігінде ғана қалыптасуы мүмкін еді. Ал нақты өмірде, әсіресе, қазақ халқының бай рухани әлемі мен ұлттық психологиясымен түйіскенде бұл теориялар әр түрлі қайшылыққа толы қорытындылар жасайтыны айғақталды. Сырт көзге дұрыс болып көрінетін абстрактылы ұстындар халықтың тіршілік әлемінен оқшау тұрғандықтан, өзінің дүниетанымдық маңыздылығы мен әлеуметтік құндылығын жоғалта бастады.

Философиялық теорияның мемлекеттік идеологияның ықпалында болуы, ұлттық рухани мәдениеттің ерекшеліктерін елемеушілігі отандық философиялық ілімнің халықаралық философиялық бірлестіктен оқшаулануымен тығыз байланысты болатын. Әлемдік философиялық мектептердің негізгі бағыттарымен идеялық теке-тірестік жағдайында болу өзара тиімді дүниетанымдық және әдіснамалық сұхбатты жүргізу мүмкіндігін шектей түскен болатын. Біздің философияның томаға-тұйықтығы әлеуметтік мәселелердің практикалық шешімін іздеуде догматизм мен әдіснамалық әлсіздікке әкеліп соқтырды. Екінші жағынан осылай догмаланған философиялық теория қоғамтануды өз жолынан адастырды, әмірші-әкімші жүйенің елді әлеуметтік-саяси тұрғыдан басқару істерін ақтап отырды.

Қазақстандағы философияның реформалануы бұрынғы жылдардың негізгі бағдары болған идеологиялық ұстындардан бас тартумен байланысты. Осылай философияның идеологиясыздануы – филосо-

фиялық танымның, саяси шешімдердің үстемдігі мен идеологиялық цензураның шектеулерінен құтылу мүмкіндіктерін ашады. Бұл өтпелі кезеңнің нақты қайшылықтары мен жанжалдарына жан-жақты талдау жасауға жағдай жасайды, объективті зерттеулер республикадағы жүріп жатқан әлеуметтік-саяси трансформациялау процестерін терең түсінуге бағдар болады.

Философия ғылымындағы осындай түбегейлі қиындықтардың терең тамырлары әлеуметтік жатсыну процестерімен байланысты. Бұл – адамның меншіктен жатсынуы, өзінің ұлттық философиясынан жатсынуы, тіпті адамның өз мәнінен жатсынуы, тарихы мен мәдениетінен, тілі мен дінінен жатсынуы болып табылады. Соның нәтижесінде адамдар әлеуметтік процестердің құралы мен нысанына айналды. Догматизм мен монополия осындай негізде пайда болады. Сондықтан қазіргі кезеңдегі философия ғылымының басты міндеті әлеуметтік жатсынуды жеңудің жолдары мен ерекшеліктерін анықтау болып отыр. Айта кететін бір жәйт «Ғылым» баспасынан профессор Қ.Ә. Әбішевтің жалпы басшылығымен «Адам жатсыну әлемінде» деген атпен көлемді ұжымдық жұмыс жарық көрді. 1992 жылы Философия институты Е.А. Букетов атындағы ҚарМУ-мен бірге жатсыну проблемаларына арналған республикалық ғылыми-теориялық конференция өткізді. Сонымен қатар 1991 жылы «ҚР ҰҒА хабаршысы, қоғамдық ғылымдар сериясы» журналында осы тақырып бойынша бірнеше нөмірде ғылыми дискуссия жүргізілді. Бұл форумдардың философия бойынша зерттеу және оқыту жұмыстарындағы маңызы зор. Әсіресе, қазіргі қиын уақытта ғылыми дискуссиялар өтпелі кезеңнің жаңа тұлғалық философиясын қалыптастыруға қызмет ететініне күмән жоқ.

Әлеуметтік-экономикалық жүйенің нарықтық типіне өту жағдайында қоғамның бірыңғай ойлауға сүйену бағдары қоғамдық және жеке сананың дүниетанымдық және құндылықтық плюрализмімен ауысады. Осындай уақытта, бір жағынан, саяси волюнтаризмді жеңу жүріп

жатса, екінші жағынан, халықтың философиясы өзіне қайтарылады, адамдар саясатқа саналы түрде қатыса бастады. Бұқаралық сананы бұрмалауда қолданылатын теориялық догмалар, идеологиялық мифтер мен стереотиптер қоғам мұқтаждықтарымен сәйкес келмейді және әлеуметтік-экономикалық мүдделерді реттеуші нарықтық механизммен сиыспайды. Көп жылдардан бері философтардың арасында айтылып келе жатқан теория мен практиканың бірлігі ұстыны туралы сөздерден халықтың дәстүрлі рухани мәдениетін қарастыратын терең зерттеулерге ауысу күтіп тұр. Сонымен қатар олар қазақстандық қоғамды дамытудың өтпелі кезеңіне сәйкес ұлттық тарихымыздың нышандарын айқындай түсуімен тығыз байланысты болып отыр.

Рухани өмірдің бедерсізденуін жеңу мен қазақ халқының өзіндік санасын жаңғырту міндеттері философиялық ғылымдарды Шығыс, оның ішінде түркі өркениетінің ерекшеліктері мен тарихи тамырларын дүниежүзілік мәдениетпен салыстыра отырып кешенді түрде зерттеуге назар аудартады. Бұл жерде тарихпен философияны зерттеуші ғалымдардың, республикамыздың жалпы қоғамтанушыларының және халықаралық ғылыми қауымдастықтың, әсіресе, Шығыс елдері мәдениеті өкілдерінің кәсіби мүдделері түйіседі.

Менің пікірімше, егемен Қазақстанның одан әрі тарихи дамып-жетілуіне әр қырлы мүмкіндік, жағдайлар бар сияқты. Ол үшін әр қилы қоғамдық қозғалыстар мен саяси партиялардың егемен, тәуелсіз мемлекеттегі негізгі қазақ ұлты мен басқа этностарға шынайы жанашырлық танытуы арқасында сәт сайын өршіп келе жатқан буырқаныстары мен толқуларының алдын алып отырмақ керек. Мамандардың міндет-парызы күннен-күнге туындап отырған мән-жайды екшеп, сараптап, нарықтық қатынастарға көшу кезеңіндегі таңдап алған өркениеттік дамудың ерекшелігіне орай тарихи қалыптасуды таразылауға тиіс.

Бір қарағанда, дәл бүгінгі әлеуметтік құлдыраудан шығудың жолы қазақ халқының Қазан төңкерісіне

дейінгі байырғы тұрмыс-салтын қалпына келтіру болып көрінуі мүмкін. Өкінішке орай, халқымыздың дүниетанымы мен бай ұлттық көне мәдениетінің жұлым-жұлым жұрнағы ғана қалды. Онда да тағдыр тәлкегіне, тоталитарлық тепкіге ұшырамаған, туған жерінен жырақ жүрген қазақ диаспорасы ғана төңкеріске дейінгі қазақтың ғұрпын қазқалпында сақтап қала алған. Оған біздердің қайта оралуымыз бүгінде мүмкін емес. Әйтсе де ештен де кеш жақсы дегендей, қарағанды жинаған сынықшыдай, рухани ұлттық мұраны өз қалпына келтіру және мәдениет пен руханилықты жандандыру бұдан былайғы мәдени майдандағы басты шаруа-мыз болмақ. Оны да жалпытүркілік тұтастық идеясы негізінде жүргізген жөн.

Демократияландыру процесі тереңдеп, жариялықтың арта түсуі әрбір халықтың ұлттық болмысындағы ескерілмей, еленбей келген жақтарының қаншалықты маңызды екенін көрсетіп берді. Тіпті, бұған дейін «халық даналығы», «ұлттық философия», «ұлттық дүниетаным» деген ұғымдарды зерттемек түгіл оларды айтудың өзі ұлтшылдықты насихаттау болып саналды ғой. Ал халықтың дана, ақылман ұлдарының дені хан, би, жырау, сопы, ойшылдар болғандықтан оларды тоталитаризм заманында зерттеу таптық идеология шеңберінен тыс қалдырылды. Сондықтан да халық ойшылдарының айтқаны ел санасында сақталып, бар еңбектері архивтерде шаң басып қала берді\*.

Қазақта Декарт, Кант, Гегель сияқты философиялық жүйе құрған ойшылдар болмаған. Сірә, көшпелі халықта ондайлардың қажеттілігі де тумаған шығар. Брақ біз өзімізге этникалық тегіміз жағынан келсек, мың жылдан аса мәдениетіміз, тарихымыз, философиямыз бар халықпыз. Философия дегенде оның халықтық және кәсіби формаларын айтуыңыз керек. Тарихқа XIV-XV ғасырда «қазақ» деген атпен енсек те, түркі, қыпшақ мәдениетінің төл мұрагерлерінің біріміз. Сондықтан

---

\* Егемен Қазақстан. 1991. 2-4 тамыз (Ғарифолла Есіммен бірге)

халқымыздың дүние- танымы мен ойлау мәдениетінің де мың жылдан аса тарихы бар деуге әбден болады.

Халқымыздың дүниетанымының ерекшелігі оның болмыс-тұрмысынан аңғарылуы заңды, сондықтан араб-парсы мистикалық фәлсафасын қазақ халқы дәл сол күйінде қабылдап қоймай, өзінің өмір сүру тәсілінің ерекшелігіне сай қабылдаған. Көшпелі қауымға, негізінен, мистика жат құбылыс, сондықтан араб мистицизмі қазақ халқының санасында оптимистік, өміршеңдік арнаға түсті. Мұның ең басты дәлелі – халық әдебиетіндегі «Махаббат» тақырыбы. Махаббат деген адамның еркіндігінің көрінісі. Бұл мистикаға кереғар түсінік. Көшпенді қазақ махаббат дастандарын діни-қасиетті кітаптардан кем бағалаған жоқ. Өйткені, махаббат Алланың нұры болғандықтан оған әркімнің қолы жете бермек емес.

Біздің тағы бір тоқталатын мәселеміз – қазақша ойлау жүйесі. Халқымыздың «қазақ» атанып, шаңырақ көтергені хандық дәуірде болғаны дау туғызбайтын тарихи шындық. Солай болғанмен халқымыздың хандық дәуірі тарихтағы өз орнын енді ғана анықтауда. Дегенмен, «хан» және «хандық мемлекет» деген әлеуметтік-саяси, тарихи ұғымдар идеологиялық құрсаудан онша арылмаған. Әйтсе де, күні кеше хан туралы сөз болса, бетіне қаны шапшып, шекесі қызып шыға келетін «белсенділер» бүгінде азайғанға ұқсайды. Сондықтан да республика жұртшылығы Қабанбай, Бөгенбай, Райымбек, Сыпатай, Исатай, т.б. халық батырларының мерейтойларын тойлауда. Сонымен қатар данышпан ойшылдарымыз Абай мен Әуезовке арналған салтанатты жиындар әлемдік деңгейде өтті. Ахмет Байтұрсынов айтқандай, «қазақи» ойлаудың жүйесі хандық дәуірде қалыптасқан. Оның тамаша үлгілеріне атақты билер шығармашылығы жатады.

Би сайланып қойылатын қызмет емес, би атану үшін адам өзінің ерекше қабілетімен, ойлау тәсілімен, фәлсафалық даналығымен көпшілік сүйіспеншілігіне бөленуі керек. Би – жүзден жүйрік шыққан шешен,

мыңнан шыққан көсем. Тарихта хандардың қасында сайланған билер де болған, бірақ олар, негізінен, халық жадында сақталғандар емес, өз даналығымен аты шыққан билер болған. Олардың ішінде аты алашқа әйгілі Төле би, Қаз дауысты Қазыбек би, Әйтеке би бар. Мұндай билерді халық «тура би» деп атаған.

Билер айтты деген фольклорлық материалдармен танысып отырсақ, олардың ойлау тәсілінің ерекшелігіне таңқаласың. Би әманда тұспалдап сөйлеген. Оны зерделі адам ғана ұғады, ал санасыз жанға, Абай айтқандай, «итке маржан не керек» дегендей, ол мәнсіз шаруа. Қазақ өз тарихында сөз түсінер, сөз ұғар, бір ауыз сөзге тоқтаған адамды өте жоғары бағалаған. «Аталы сөзге арсыз ғана таласады» деген. Сөздері қор болатын жерде билер билік жасамаған. Тұспалдап, астарлап сөйлеу тәсілін зерттейтін ғылымды герменевтика дейді. Біз герменевтиканы Батыс Еуропа ғалымы Гадамер еңбегі арқылы танып жүрміз.

Әрине, қазіргі білім саласы атанып отырған герменевтика мен қазақша ойлау тәсілін білдіретін герменевтика мән жағынан өзгешелеу. Оны зерттеу қажет. Біздің айтып отырғанымыз, мәселенің мәнісіне орай айтылған пікір. Қазақша ойлау тәсілінің өз ерекшелігі бар.

Хандықдәуірдіңтамашаойшылжыраулары:Қазтуған жырау Сүйінішұлы, Сыпыра жырау Сұрғалтайұлы, Доспамбет жырау, Шалкиіз жырау Тіленішұлы, Марғасқа жырау, Жиёмбет жырау, Ақтамберді жырау, Есет жырау, Метай жырау, Бұхар жырау, Жанкісі жырау, Қобыланды жырау. XVIII ғасырда қазақ даласында хандық жойылып, патшалық Ресей отаршылдық саясатын жүргізе бастағанда жыраулық дәстүр де жойылды.

Жырау – әлі гуманитарлық ғылымда зерттелмеген, сыры ашылмаған күрделі ұғым. Ол тек ақын, әнші емес, сонымен қатар қоғам қайраткері. Бірақ сонымен бірге өнері бар, ал қажет болғанда – ел бастайтын қолбасшы.

Билер, жыраулар заманы тозып, халық өзін-өзі билеуінен айрылған кезде қазақ ақындары сарыуайымға ұшырады. Ол тарихта «зар заман» деген атпен қалды.

Оған негіз болған Шортанбайдың «Зар заман», «Бала зар» деген шығармалары. Онда ақын «ер басына күн туып, бұта түбі үй болар» деп күңіренген. Олай деуінің себебі, қазақ халқы хандығынан, яғни саяси дербестігінен, бостандығынан айырылып, басы бодандыққа мықтап түскен кезі болатын. Егемендігінен, еддігінен айрылған халқын көре тұра, ақын неге зарланбасын?!

Бұл отаршылыққа қарсы батытталған тұңғыш саяси, рухани наразылық еді. Сондықтан Шортанбайды бар бітім-болмысымен, ұлылығымен тану бүгінгі күндері ғана мүмкін болып отыр. Кезінде сталинизмнің қылышынан қаны тамып тұрған кезде «Зар заман» туралы нендей пікірлер айтылмады?

Шортанбай мен Абайдың шығармашылығындағы элеуметтік үндестікті көп зерттеушілер аңғарғылары келмейді. Анығында Абайдың «Қалың елім қазағым, қайран жұртым, ұстарасыз аузыңа түсті мұртың» деуі Шортанбай дәстүрінің жалғасы емес пе?

Біздің назарымыздан тыс қалып келе жатқан мәселе – ол ұлттық ойлау мәселесі, өйткені қандай биік әрі терең философиялық жүйе болмасын, ол өмір, тұрмыс болмысынан алшақ кете алмайды. Әр адамның өмір, өлім, мәңгілік туралы түсінігі бар, өмір сүруге, әрекет етуге ынтасы бар, ал сонда ол бұл қоғамның шытырман қойыртпаққа толы қайшылығын, толып жатқан саяси-экономикалық идеологиялық қағидаларын қалай ұғынып, қалайша шешіп өмір сүрмек? Сондықтан бүгінде фәлсафа адам қажеттілігіне айналуы керек. Ол – байырғы қазақ халқы үшін оның өмір салты. Байқап отырсақ, дәстүрлі қазақ дүниетанымы осы мәнде қалыптасқан. Қазақ философиясы – халықтың өмір сүру салты және тәсілі. Халықтың «жалған өмір» туралы түсінігі тек бойкүйездікке құрылмаған, ол белсенді әрекетті де жоққа шығармайды. Қазақ «түстік ғұмырың болса, кешкі мал жина» дейді.

Қазіргі қоғамда күн санап жаңа демократиялық сана қалыптасып келеді. Сондықтан алға басып, жаңа санаға жол ашу үшін, өткен тарихи және дәстүрлі

дүниетанымымызды, санамызды саралап, соны негізге алып, республиканың 2030 жылға дейінгі даму стратегиясы іске асуда.

Әдетте, ұлт өз дүниетанымын тілі, діні, мифологиясы, фольклоры арқылы білдірген. Демек, ұлттық ойлауды зерттеу үшін негізгі сүйенетініміз – халықтың дәстүрлі мәдениеті, рухани мұрасы, өмір сүру тәсілі, діни нанымы, күнделікті тұрмыстағы әдет-ғұрпы, салт-санасы.

Ұлттық философия тек философия үшін қажет емес, ол – ұлттың өзін-өзі тануы үшін аса қажетті білім саласы. Өз тілінде пәлсапасы болмаған халықты мәдениетті ел қатарында деп айту қиын. Халқымызда фәлсафалық ой-толғаныстар молынан бар, мәселе соның бәрін рет-ретімен танып, халықтың өз рухани керегіне жарату. Мысалы, кейінгі кезде радио, теледидар хабарларынан термешілерді жиі тыңдап жүрміз. Байқап отырсақ, «терме» дегеніміз өмір, өлім, туыс-жекжат туралы толғанысын тақпақпен нақыштап, өз күйзелісін, ойын пәлсапалық мәнде бере білген. Терме өнері – халқымыздың ойлау тәсілінің ерекшелігін білдіретін мәдени құбылыс. Немесе соңғы кезде қайта жанданған халық өнері – айтысқа зер салайықшы. Айтыс дегеніміз сұхбаттың поэтикалық формасы. Бүгінгі айтыста ақындар айтары әншейін ауыл әңгімесі немесе қыз бен жігіт арасындағы жеңіл қалжың емес, ол – ұлттың, халықтың, елдің мүддесіне қатысты терең ойлар. Айтыс өнерінің шығу тегі – өкінішке орай бізде әлі зерттелмеген тақырып. Айтыс – өнердегі сұхбат. Ал Платон бар шығармаларын сұхбат формасында жазған. Осы көне философиялық дәстүрді қазақ өзінше өнер сайысына айналдырған.

Халықтық дүниетаным мәселесіне келгенде қазақ санасындағы Қорқыт философиясына ерекше назар аудару қажет. «Атамекен» деген халық ұғымы – Қорқыт философиясының айрықша көріну формасы. Қандай қиыншылық көрмесін қазақ атамекенін ешкімге және ешқашан сатпаған. Тек қиындықтан қашқандар үшін бұл ұғым өз мәнін жояды. Қиындықты жеңе білмейтін,

өз өмірі үшін күресе алмайтындар «қаңбақ» секілді қай жерде жеңіл өмір мен тұрмыс бар соны іздеп атамекенін ұмытып кете берген. Осындайларға тоқтау жасау үшін халық Қорқыт философиясына ұйыған. Қайда барсаң «Қорқыттың көрі», яғни өз тағдырыңнан қашып құтылу мүмкін емес. Қиыншылықтан қашып бәрібір ғұмыр кеше алмайсың. Сондықтан өмір сүру үшін өз тағдырың үшін өзің күресуің керек. Бұл – табиғат пен адам үйлесімділігінен туған терең ой.

Қазақ мәдениетінің сатылы дамуының табиғи жолы – түрік-ислам әлеміне бірте-бірте бойлау сияқты. Соның өзінде тек қана мұсылман мәдениетімен тұйықталып қалуға ешбір болмайды. Себебі, бұған дейін қазақтың кең, шалқар даласында әр түрлі діни нанымдар болған. Мәселен, көне христиан діні, буддизм, ислам т.б. Ал, тәңірі діни жүйе ретінде ислам дінінен кем түспейді. Менің ойымша, рухани татулық пен ынтымақ болғанда ғана тәуелсіз Қазақстан болашақта биік шаңырақ көтереді, сондықтан оның түрік-ислам әлеміне енуі де әзірше қиынырақ. Оның объективтік және субъективтік себептері де бар.

Панисламшылық пен пантүркішілдік идеясы бүгінгі жалпы славяндық бірігу идеясынан еш кем емес. Бұл күндері түрік тілі қолданып отырған латын графикасына лайықтап, барша түркі тектес халықтардың тілдері өз әліпбиін осы негізде қайта түзсе, онда оны болашақтың бағдары деп білуіміз керек. Бұл қадам – жалпытүркілік ақпараттық орталығы ғана емес, сонымен қатар, ғылыми және философиялық, тағы басқа терминологиялық өзіндік мәдени негіздегі орталық болар еді. Ислам діні қазақ ұлтының рухани және имандылық дамуының құрамында болуы тиіс.

Біздегі мәдениет дамуының ең тиімді жолын, бейнелеп айтқанда, «еуразиялық мәдени кеңістік» деп ататан жөн болар. Бұл мәселе өткен ғасырдың 20-жылдарынан бері айтылып келеді.

Сөйте тұрып, күні кешегі Кеңес заманы кезіндегі әр қилы байланыстардың біртіндеп үзілгеніне қарамастан,

әлі де барыс-келіс пен араласып-құраласу жалғасып жатқан тұста «еуразиялық мәдени кеңістік» жайлы толық мағлұматымыз әлі шамалы. Мына түрімен Қазақстан бара-бара, күні ертең ертегідегі екібасты айдаһар секілді екі тілде сөйлеп, бірімізді-біріміз түсінісе алмай жүрмесек болғаны да – мұны да ескерген жөн. Өйткені онда қазақ және орыс этностары (екі түрлі мәдениет, тіл, діл, дін, ұлттық тарих, әдет-ғұрып) мемлекеттік бірлік жағдайында өмір сүруде, сөйтіп бірлікке, татулыққа ұмтылуда. Бұл да қазіргі ұлттық дүниетанымға әсерін тигізбей қоймайды.

Тәуелсіз мемлекет, асылы, айқын мәдени және рухани-адамгершілік бағдарсыз ойдағыдай дамымайды. Өткеннің барлығы із-түзсіз жоғалып кетпейді. Оның есесіне ұлт санасында ертегі-аңыз, эпос халықтың философиялық пайымдау жүйесінің өзегі болып, тарихтың қатпар-қатпар қойнауында жинала бермекші. Егер Қазақстанға жағырапиялық және әлеуметтік-мәдени шолу жасасақ, біздің еліміз Батыс пен Шығыс және ежелгі өркениетті Қытайдың қақ ортасында орналасқан. Бұл факторқазақхалқының кешегі, бүгінгі және болашақтағы рухани болмысына және дүниетанымына әсерін тигізбей қоймайды. Ендеше біздер үшін мәдениеттің экономика мен саясатқа қарағанда артықшылығы басымырақ. Дәстүрлі қазақ қоғамын осындай өркениеттік бағытта зерттеу қомақты ғылыми нәтижелерге жетектейді.

Бәрінен бұрын есте тұтарлығы – түркі тектес халықтардың біртұтас тарихы мен мәдениетінің, өкінішке орай, күні бүгінге дейін зерттелмеген тұстары өте көп. Олардың тарихы мен мәдениеті, тілі мен діні ортақ. Бұл алғашқы Түрік қағанатынан басталатын екі мың жылдық тарихы, бел-белесі бар өте-мөте күрделі мәселе. Осы мәселеге орай діни сенім, табынулары мен мифтік тұлғалар ортақтығына орай көптомдық түркі тарихы тезірек жазылса, ешқандай артық емес. Мұнда түркінің шынайы шығу тегі жайлы жаңа ғылыми тұжырымдар, Түрік қағанатының ерекше рәміздері жайында айтылған болар еді. Ежелгі Орхон-Енисей ескерткіштері мен

ежелгі түркі руникалық таңбалары жайлы жарқырата жазылған тарихи- пәлсапалық кең ауқымды танымдық дүниелер қажет. Олар былай деп жазыпты: «Төбемізде – көк аспан, табанымызда – қара жер жаратылғанда, екеуінің арасында адамзат баласы пайда болған. Сол адамзат баласына билік етсін деп менің көк түрік бабамды жаратқан».

Түркілерде көшпелі және отырықшы бақша шаруашылығы болғаны белгілі. Мәселен, ғұндар – таза көшпелілер. Оғыздар мен қандылар диқан, ал үйсіндер жартылай көшпелі, малшылар болған. Осындай дәстүрлі түркілік дүниетанымын зерттеу – болашақта барлығымызға ортақ іс. Ондай келелі істі біздер жалпы-түркілік байланысты, руханилықты және мәдениетті қалпына келтіру арқылы жүзеге асырамыз.

Біз үшін Жүсіп Баласағұнның бай шығармашылық мұрасының маңызы ерекше. Әсіресе, ғылымның адамның ақыл-ойына әсері, ғұмыр негізі және таным құндылықтары жайлы жазылған «Құтадғу білік» еңбегін атап отырмаймыз. Бұл аса бағалы пәлсапалық және этикалық құнды шығарма барша түркі тілдес халықтар тарихы жайлы зерттеуге сара жол іспеттес. Одан басқа Махмұт Қашқаридың түркі халықтары тарихындағы бір жүйеге түсірілген түрік мәдениетінің тұрмысы мен оның этникалық терминологиясы жайлы жазылған «Диуани лұғат ат түрк» еңбегінің бағасы өте зор. Аталмыш еңбек XI ғасырдағы дәстүрлі түрік қоғамының ғұмыры мен кәсібі жайындағы тарихтың бұлағы десе де болғандай. Оның құндылығы да осында.

Зерттеудің ең бір құнды парасы ретінде түркі ғылымының әл-Хорезми, Аббас Жауһари, Ысқақ әл-Фараби және белгілі жағырапияшы Жанақ ибн Акан әл-Кимаки т.б. қайраткерлерінің еңбегін алуға болады.

Түркі, оның ішінде қазақ фәлсафасының керемет мақтаншы, артында «Диуани-и-хикмет» – «Ақыл-ой кітабын» қалдырған Шығыстың ұлы ойшылы, гуманисті Қожа Ахмет Иасауидің өмірі мен шығармашылық мұрасын зерттеу – біз үшін ең бір қасиетті парыз. Биылғы

жылы Алматыда Философия институтында «Қожа Ахмет Иасауи – түркі әлемінің ғұлама ойшылы» атты көлемді ұжымдық монография жарық көрмек. Онан басқа Әбуов Айдардың докторлық диссертациясы қорғалды. Ұлттық философия мен дүниетанымды әлемдік мәдениет шеңберінде аса терең зерттеу телегей-теңіз тер төгуді қажет етеді. Жалпы түркі халықтарына ортақ Қорқыт, Иасауи, Баласағұн, тағы басқа ғұламалардың рухани мұрасын зерттеу арқылы түркі әлемі нығаяды.

Түркі тарихында Қорқыт Ата мен Асан Қайғы сияқты ғұлама ойшылдардың фәлсафасын зерттеу мұрты бұзылмаған қалпында тұр. 1997 жылдың аяғында Қызылорда облысында «Қорқыт және түркі әлемі» атты халықаралық ғылыми-теориялық конференция» өткізілді. Олардың (Қорқыт Ата, Асан Қайғы т.б.) оғыздар мен түріктердің, қыпшақтардың тарихына қатысты рухани мол мұраларына үңіле білсек, біздің ұлтымыздың саяси және рухани түлеуіне тигізген әсері жайлы мол мағлұматтарға қанық болар едік.

Бір сәт осы мына жалпытүркілік идея мәселесін барлығымыз болып зерттеудің өзі түркі мәдениетінің көптомдық тарихының іргетасы болар еді деген ой келеді. Біздің ойымызша, жоғарыда аталған келелі мәселелерді шешу үшін Жалпытүркілік еуразиялық гуманитарлық ғылымдар орталығын құру, ол түркі тілдес елдердің ортақ рухани ойшылдарын және мұрасын зерттеуі қажет және түркі тектес халықтардың энциклопедиясын дайындап шығаратын жалпытүркілік баспа құру – кезек күттірмейтін іс. Олардың қызметін қаржыландыру үшін халықаралық жалпытүркілік ғылыми және мәдени қор құру керек. 2000 жылы ЮНЕСКО-ның арнаулы шешімі бойынша бүкіл түркі әлемнің рухани астанасы болып есептелетін ежелгі Түркістан қаласының 2000 жылдық мерей тойы дүние жүзінде кеңінен аталып өтпек. Оған Қазақстан мемлекеті де дайындалып жатыр. Осыған орай Қазақ энциклопедиясының Бас редакциясы «Түркістан» деп аталатын халықаралық тарихи энциклопедияны тұңғыш рет көркемдеп дайындап шығарды.

Сонымен қазақтың ұлттық дүниетанымының қалыптасуы мен дамуының өзіндік тарихы бар, ол жалпытүркілік тұтастық қойнауында өзінің қызметін атқарады; қазақтың дүниетанымы оның дәстүрлі және кәсіби формаларының бірлігі.

Дәстүрлі ұлттық мәдениетті және оның дүниетанымдық әмбебаптарын зерттеуде түркі халықтарының дүниеге көзқарасын айшықтауда Орталық Азия мен басқа да түркі тілдес халықтардың ғалымдарымен біріге отырып, зерттеулер жүргізу үлкен маңыздылыққа ие болу үстінде. Біздің мәдениетіміз бен рухани мұрамызда көп ортақ нәрселер кездеседі. Өткен дәуір ойшылдары: Қорқыт Ата, әл-Фараби, Ж. Баласағұн, М. Қашқари, Қ.А.Иасауи, Ә.Науаи және басқалардың рухани мұраларын бірге зерттеуіміз қажет.

Ғылыми зерттеулердің қорын жасау және оларды баспадан шығару, Орталық Азия философтарының ассоциациясын құру, жаңа «Түркі философиясы» атты оқулықтар мен «Түркі халықтарының философия тарихы», «Орталық Азия халықтарының философия тарихы», «Қазақ философиясы», «Қазақ диаспорасы» атты оқу құралдарын жасау қажеттілігі туындап отыр. Сөйтіп, философтардың біріккен күшіне арқа сүйене отырып ұлттық имандылық пен руханилықтың негізгі құрылымын халықаралық зерттеулермен комплексті түрде қарастыруға көшу болашағы күтіп тұр. Осыған орай түркі тілдес мемлекеттердің философиялық қоғамының халықаралық федерациясын құрған жөн.

Бүгінгі таңда тәуелсіз елдің рухани атмосферасына сәйкес философия өз мазмұны мен келбетін өзгерту үстінде, ғылыми ізденістердің жаңа бағдарлары анықталып, басымды бағыттары айшықталу жағдайында. XX ғасырдағы адам ойлауын Шығыс мәдениетіне сай логика ұғымдарымен түсіндіруге болады. Айта кететін бір жәйт: егер еуропалық ойлау ХХІ ғасырдың қарсаңында әр түрлі ойлау формаларының жиынтығы болып, іс-әрекет логикасына айналып отырса, онда Шығыс мәдениеті адамның дүниеге тұтастанған қатынасы логикасына

арқа сүйейді. Бұл жерде айта кететін нәрсе жоғары оқу орындарында оқу пәні ретінде оқылатын философия үшін үлкен маңызы зор Ә.Нысанбаевтың он томдық «Ғылым тарихы және философиясы» еңбегі.

Бұл философиялық зерттеулердің бәрі жинақтала келе үлкен міндеттердің шешімін табуға көмектесті: халықтың бұқаралық санасын азаматтық қоғам мен құқықтық мемлекет құндылықтарына қарай бағыттау, батыстық және шығыстық дүниетанымның стратегиясымен танысу, батыстық және шығыстық мәдениеттердің сұхбаты аясында ғылым методологиясын салыстыра зерттеу құнды. Сонымен қоса бұл еңбектерде өтпелі кезеңдегі қоғамның сипаты, негізгі қайшылықтары мен экономикалық сапалықтары қарастырылады, Қазақстанның орнықты дамуының және әлеуметтік болашағының әр түрлі мүмкіндіктеріне болжамдар жасалынады, қазақстандық демократияның моделі ұсынылады, орнықты адами дамудың мүмкіндіктері мен нарықтық қарым-қатынастары зерттеледі, қазақстандық қоғамның рухани-адамгершілік жағдайына талдау мен болашағы жайлы пікірлер айтылады.

Қазіргі тәуелсіз Қазақстан жағдайында отандық философия әлемдік философияның құрамдас бөлігіне айналғаны жөн. Ол өз бойына әлемдік мәдениеттің, ғылым мен техниканың жетістіктерін жинақтап, жалпыадамзат рухының логикасын танытатын құбылысқа айналғаны абзал. Сонда ғана қазақтың ұлттық философиясы мен әлемдік философиясы арасында байланыс орнап, зерттеу мен оқыту кең қанат жайып, адам санасы мен рухындағы терең астарлар айшықтана түседі.

Міне, осы әлемдік философия тұрғысынан қазақтың ұлттық рухы, әлем образы мен ділінің қалыптасуы мен даму тарихы тұжырымдалады. Басқаша айтқанда, қазақ ғарышында, оның ұлы даласында қалыптасқан ойы әлемдік философия тарихының құрамдас бөлігіне айналды. Ал бұл тарихтың субъектілері болып қазақтың дана хандары, билері, жыраулары, ақындары, ағартушылары мен ғалымдары, ойшылдары есептеледі. Осы мағынада

түсінілген тәуелсіз Қазақстанның философиясы еркіндік пен әмбебаптық шексіз деңгейге ие болып, адам рухының кез келген биік көріністерін байқатып, адамдардың болмысын біріктіруші негізге айнала бастайды.

Қазақстандағы қазіргі кезеңдегі рухани ахуал философия алдында жаңа әлеуметтік және саяси шындықтың күрделі мағынасын ашу, өтпелі кезеңнің қайшылықтары мен ерекшеліктерін анықтау, нарыққа өтудің қазақстандық жолының моделін жасау, тәуелсіз Қазақстанның әлемдік өркениеттік қауымдастықпен бірігуінің мәдени-тарихи алғышарттарын байыптау сияқты қиын да күрделі міндеттер тұр. Жаңа философиялық білім беру, ғылыми-техникалық, ұлттық және мәдени саясатты қалыптастыру мәселелері сананың азаматтық қоғам мен нарықтық экономиканың құндылықтарына бағдар аударумен байланысты. Жаңа құндылықтық бағдар Қазақстан дамуының демократиялық жолмен өрбуіне, әлеуметтік қатынастардың қоғамды біріктіре түсетін құрылысқа айналуына негіз бола алады. Бұл этносаралық, әлеуметтік және саяси тұрақтылықтың республикада нығая түсуіне ықпал етеді. Сондықтан көптеген философтар тез өзгеріске ұшырап жатқан республикадағы әлеуметтік-саяси және рухани-мәдени жағдайға терең талдау жасап, болашаққа болжамдар айтуда. Олар республикалық газет-журналдар бетінен ғылымталдау мақалалары, әр түрлі баяндамалар түрінде көрініс табуда. Олардың ең маңызды ойлары мен идеялары республика басшылығының ресми құжаттары мен әр түрлі оқу құралдарында, мақалалар мен монографияларда айшықталды.

Қазақ халқының ұлттық мәдениеті мен рухани жаңа мәселелерінің тұтастанған талдауын жасау, Қазақстандағы экологиялық әлсіздіктен орнықты дамуға көшу мәселелерін қарастыру, әлемдік экологиялық проблемаларды адамдағы руханилықты асқақтату тұрғысынан зерттеу, халықтың ұлттық мәдениеті ауқымында адам экологиясы философиясын зерттеу

мәселелері алда тұр. Өйткені экология, экономика және саясат өзара байланысты дүниелер.

Республикада қалыптасып келе жатқан жаңа рухани жағдай көптеген құндылықтарды түбірінен қайта қарауға итермелейді, методологиялық және концептуалдық плюрализмге шақырады. ҚР ҒМ – ҒА-ның Философия институтында «Өзгеруші қоғамдағы жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтар» деген кітап жарық көрді. Қазіргі уақытта алдыңғы қатарға салыстырмалы философия, салыстырмалы саяси және құқық философиясының, тарих пен мәдениет философиясының мәселелері шығып отыр, оларда антропологиялық философия мен адам онтологиясына қарай бетбұрыс байқалады. Мұндай зерттеулер адам болмысын, қоғамдық ой-пікірді және қазақ халқының философиясын мұқият сараптаудан өткізу іс-әрекетіне негізделуі тиіс. Әсіресе, түркі және қазақ философиясының тарихына назар аудару үлкен маңызы бар мәселе. Өйткені, ол халықтың шынайы руханилығын түсінуге, оның тамырлары мен ұлттық ойлаудың ерекшелігін, төлтумалылығын, қоғамның әлеуметтік сипатын тереңірек зерделей түсуге мүмкіндіктер ашады, осыған орай «XIII-XV ғасырлардағы қазақтың ұлттық мемлекеті қалыптасуы жағдайындағы қоғамдық және эстетикалық ойдың қалыптасуы» (Алматы, 1998) тақырыбы зерттеліп, арнаулы монография жарық көрді.

Біздің алдымызда қазақ диаспорасының ой-пікірі тарихын қоса, қазақ философиясының ежелгі дүниеден қазіргі күнге дейінгі көп томдық жинағын жасау міндеті тұр. Қазақстанның 2050 жылға дейінгі даму стратегиясынан және оның жаңа 1995 ж. Конституциясынан қазақ халқының үздіксіз дамып отырған ой-пікірі тарихын қайта жаңғырту ақиқаты туындайды. Бұл жерде соған лайықты тарихи-философиялық зерттеу әдіснамасын жасау қажеттілігі де бар. Өйткені бұрынғы зерттеулер мен оқулықтарда еуропаорталық тұрғыдан қарастырушылық басым болатын және олар шығыстың, әсіресе, түркі мен қазақтың философиялық ойлауы-

ның мәні мен ерекшелігін толық мағынада аша алмай келді.

Дәстүрлі қазақ қоғамының қалыптасуы мен дамуын қарастыруға, оның пайда болуының тарихи-мәдени алғышарттары мен рухани бастауларын, терең тамырларын зерттеуге, бұрынғы кезең мен қазіргі заманның арасындағы тарихи сабақтастықты сипаттауға, әр түрлі кеңістік; пен уақыттағы мәдениет сұхбатын анықтауға өркениеттік тұрғыдан тұжырымдаулар көмектеседі. Міне, осындай зерттеулер көшпелі қоғамның ерекшелігін ашып, оның рухани өндірісін, ондағы мәдениеттің экономика мен саясатқа басымырақ әсерін анықтауға мүмкіндіктер ашады. Профессор М.С.Орынбеков ертедегі протоқазақтардың философияға дейінгі ойларының қазақ халқының философиясына айналуын зерттеп, 1995 жылы «Пред философия протоказахов», «Мировоззрение протоказахов» және «Философские воззрения Абая», сондай-ақ «Абай философиясы мен дүниетанымы» деген ұжымдық жұмыстарды жарыққа шығарды. Алғашқы жұмыстарда ежелгі қазақтардың наным-сенімі, культі мен мифологиясы, көшпелілік пен отырықшылдық қарым-қатынасы, сақтардың дүниетанымдық бағдарлары, ғұндар мен үйсіндердің және т.б. өз уақытындағы өзіндік философиясы, олардың сапаны, мөлшерді, өлшемді, кеңістік пен уақытты және форманы түсіну ерекшеліктері орын алған.

Философия институты жоғары оқу орындарындағы философтарды қатыстыра отырып, ежелгі заманнан қазіргі күнге дейінгі қазақ философиясының бай тарихын баяндайтын еңбектер сериясын жасау мақсатында «Қазақ даласының ойшылдары» атты тақырыпта қызмет етуде. Жоғары аталған еңбектің төрт кітабы жарық көрді, оның алғашқысы «Қазақстанның ІХ-ХІІ ғасырлардағы қоғамдық ойы» деп аталады. Ал қазіргі кезеңде «Қазақстандағы кәсіби философияның қалыптасуы» атты еңбек даярлануда. Сөйтіп, «Қазақ философиясы тарихы» атты бес томдық еңбек дарияланды.

IX-XIII ғасырлардағы ғылым мен мәдениеттің дамуы философияда да көрініс берді. Бұл, әсіресе, халықтық философия деңгейінде кең тараған Қорқыт Атаның шығармашылығынан айқын көрінеді. Онан кейінгі кезеңдерде әл-Фараби, Ж.Баласағұн, М.Қашқари, ҚА.Иасауи сияқты кәсіпқой философтардың терең ойлары қалыптасты. Олар адам болмысының сан алуан көріністерін, әлеуметтік этиканы, түрік мәдениетін, таным құндылықтарын айшықтай түсті. XIV-XV ғасырларда қазақтар этникалық жағынан біріге бастады, соның арқасында тілдік қауымдастық құрыла бастады. Оған негіз болған қыпшақ тілі болды. Ал оның негізгі құрылымы «Кодекс куманикуста» айшықталған болатын.

Эстетикалық, экологиялық, әлеуметтік-философиялық түсініктер Асан Қайғы, Қазтуған сияқты ұлы ойшыл-жыраулардың шығармашылығында айқын қалыптасты. Олар бірте-бірте әуездік мәдениет пен қазақтардың дәстүрлі этикасының қалыптасуына үлкен ықпал етті.

Қ.Жалайри мен М.Х. Дулатидің еңбектерінде тіл философиясының негізі қаланды, ол «Ақтабан шұбырынды» дәуірі дүниетанымының қалыптасуына әсер етті. Бұл ұлы ойшыл-билердің аренаға шыққан кезі еді. Төле би, Қазыбек және Әйтеке билер халықтың даналарына айналған уақыт болатын, олардың рухани мұрасында Қорқыт Атаның құнды ойлары жалғасын тапты. Сөйтіп, өзіндік билер философиясы жарыққа шықты.

Адамзат тарихында XIX ғасырдың рөлі айрықша. Міне, осы кезеңде Қазақстанда Ш. Уәлихановтың қоғамдық прогресс философиясы, Құрманғазы мен Дәулеткерейдің музыкалық эстетикасы, Ы. Алтынсариннің оқу-ағарту философиясы мен Абай Құнанбаевтың адам философиясы дүниеге келді. Ал XIX ғасырдағы қазақ философиясының ұлы ойшылдарына Ш.Құдайбердіұлы, Ә.Бөкейханов, А.Байтұрсынов, М.Жұмабаев, Ж.Аймауытов,

М.Дулати, М.Шоқай және басқалар жатады. Олар тәуелсіздік пен егемендікті ту етіп, ұлттық идеяны іске асыруға тырысты. Ал кеңес үкіметі кезінде ұлттық философияға жол ашылмай, негізінен, бізге жат маркстік-лениндік философия үстемдік етті.

Кеңестік дәуірден кейінгі уақытта қазақ және түркі философиясы арасындағы рухани байланысты тереңдету мәселесі өзекті бола түсуде. Сонымен қатар ХХ ғасырда кең дами бастаған жаңа философиялық ойлау және пайымдау типтерін игеру маңызды болып отыр. Өйткені оларда демократиялық мәдениеттің, азаматтық қоғамның қалыптасуы, тоталитарлық ойлаудың түбірінен өзгеруі, рационалдықтың жаңа моделі көрсетілген. Бұл тәжірибе біздің ұлттық ерекшелігімізді ескере отырып, ұлттық философиямыз бен мәдениетімізді атамекенде өркендетуге теориялық көмек береді, басқа мәдени кеңістіктермен сұхбатта және бірлікте болуға ықпал етеді.

Философия институтында өткен ғасырдың 60-шы жылдарынан бері ұлы әл-Фарабидің философиялық және ғылыми мұрасын сараптау үшін үздіксіз белсенді ғылыми-зерттеу жұмыстары жүргізіліп келеді. Оның көптеген еңбектері араб тілінен қазақ және орыс тілдеріне аударылды, көптеген еңбектері жарық көрді, тарихи-философиялық фарабитанулық зерттеулер жүргізілді. Соңғы уақытта әл-Фарабидің «Музыка мен поэзия жайлы трактаттары» (Алматы, 1992 ж.), «Таңдаулы трактаттар» (Алматы, 1994 ж.) және «Әл-Фараби философиясы» (Алматы, 1998) баспадан шықты. Бұл рухани мұралардың қазақ халқының ұлттық санасының дамуына және тәуелсіз Қазақстандағы басқа да халықтардың рухани жағынан өркендеуіне көмектеседі.

Профессор Қ.Әбішев қазақ тілінде «Философия» (Алматы, 1998) атты өзіндік оқу құралын жарыққа шығарды. Одан кейін академик Ә.Нысанбаев пен профессор Т.Әбжановтың «Қысқаша философия тарихы» (Алматы, 1998) атты жаңа оқу құралы қазақ тілінде жарық көрді. Олар жоғары оқу орындарында философияны

пән ретінде оқытуда үлкен көмекші құрал болатынында күмән жоқ. Қазақстандық жоғары оқу орындарында философия бойынша жаңа оқулыққа зәрулік байқалып отыр.

Кәсіби философияның күрт дамуы – халықтың өзіндік ұлттық санасының дамуының көрінісі, оның рухани еркіндігінің, ашық азамат қоғамын құруға талпынысының, қазақстандық демократияның ұстындарын нығайтудың айғақтары.

### Әдебиеттер

1 Назарбаев Н. Тарих толқынында. – Алматы, 1999. – 190 б.

2 Шулембаева Р. Объединенные любовью к Отчизне // Казахстанская правда. 2012, 11 октября.

3 «Қазақстан-2050» Стратегиясы – қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты. Қазақстан Республикасы президенті – елбасы Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. – Алматы, 2012. – 109 б.

4 Шәкенұлы Ж. Алыстағы бауырға бізден көмек бола ма? // Түркістан. 2013, 31 қаңтар.

5 Қобландин Қ.И., Меңдіқұлова Г.М. Өзбекстандағы қазақтардың тарихы және бүгінгі дамуы. Алматы: ДҚҚ, 2009. – 296 б.

6 Байғабатова Н. Представления и практики воспроизводства этничности в повседневной жизни казахов Монголии (по материалам полевых исследований) // Отечественная история – Отан тарихы. Алматы, 2011/4. С. 170-178.

7 Назарбаев Н. Тарих толқынында. Алматы, 1999. – 190 б.

8 Нысанбаев А.Н., Кадыржанов Р.К. Гражданское общество в Казахстане: проблемы, противоречия, прогнозы // Казахстанское общество и социальное прогнозирование. Алматы, 2001. – 99 с.

9 Тәтімов М.Б. Қазақ диаспорасының этнодемографиясы және егемен Қазақстан // Қазақ диаспорасы: бүгінгі мен ертеңі – Казахская диаспора: настоящее и будущее. Астана: Ел орда, 2005. – 352 б.

10 Нысанбаев Ә.Н. Еліміздегі адам ресурсы: сан мен сапа // Егемен Қазақстан. 2004. 7 мамыр.

11 *Нысанбаев Ә.Н.* Қазақ диаспорасы және қазақтану // Нысанбаев Ә.Н. Қазақстан. Демократия. Рухани жаңару. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 1999. – 416 б.

12 *Сванберг И.* Казахские беженцы в Турции // Казахская диаспора: проблемы этнического выживания. Алматы: Атамұра. 1997. – 224с. /93/

13 *Мамашев Т.* «Бұл құрылтай бұрынғыдан өзгерек» «Көш толастайтын емес» / Көш. 2005. 26 шілде. Сұхбатты жүргізген Есенгүл Кәпқызы.

14 *Кинаят З.* Проблемы защиты прав и свобод казахской диаспоры // Қазақ диаспорасы: бүгінгі мен ертеңі – Казахская диаспора: настоящее и будущее. Астана: Елорда, 2005. – 352 б.

15 *Мендикулова Г.* Теоретико-методологические предпосылки исследования казахской диаспоры и ирреденты // Қазақ диаспорасы: бүгінгі мен ертеңі – Казахская диаспора: настоящее и будущее. Астана: Елорда, 2005. – 352 б.

16 *Кәпқызы Е.* Оралмандар зейнетақы беруді сұрайды // Түркістан. 20 қаңтар 2005 жыл.

17 *Нысанбаев Ә.* Қазақ диаспорасының бүгінгі мен ертеңі // Жаһандану және мәдениетаралық сұхбат мәселелері. – Алматы: Философияжәне саясаттану институты компьютерлік-баспа орталығы, 2004. 2 том. – 308 б.

18 *Мендигулова Г.М.* Исторические судьбы казахской диаспоры. Происхождение и развитие. Алматы; Ғылым, 1997. – 264 с.

19 *Гунашев А.А., Сапонова Л.Я.* Национальная и гражданская идентичность малых народов в контексте проблемы формирования казахстанской нации // Гражданское общество и философские проблемы права. Материал международной научно-теоретической конференции, посвященной 70-летию Акмамбетова Галихана Галамгалиевича. Алматы, КазГЮУ, 2005. – 300 с.

20 *Қинаямұлы З.* Моңғолиядағы қазақтар. – Алматы, 2001. – 320 б.

21 *Назарбаев Н.Ә.* «Қазақстан 2030» Ел Президентінің Қазақстан халқына жолдауы. Алматы: «Білім», 1197, 21-б.

22 *Хатами Сейид Мухаммад.* В человеке сосредоточены душа Востока и разум Запада. М., 2001. с. 40.

## ПУБЛИКАЦИИ В ЗАРУБЕЖНЫХ ИЗДАНИЯХ

1. Россия и Казахстан в XXI веке: опыт модернизационных реформ. –Новосибирск, 2005 (соавт.: О.В. Нечипоренко).
2. Нурсултан Назарбаеұ: Қазақстан – тәрәторыя мiру i 3 годы Мiнск. «Выдавецкi цэнтр БПУ», 2007 (соавт. Г. Малiнiн).
3. Қазақ философиясы. ECO Cultural institute (ESI), Tehran, 2002.
4. Kazakhstan: Cultural interitance and Social Transformation. Washington, 2004.
5. Kazak turklugunu Aydinlatanlara Nysanbayev'in Bakışı. Hazirlayan Prof. Dr. Sadik Tural. Ankara, 1999.
6. Kazak turklerinin Felsefesi. Ankara, 2002.
7. Состояние и перспективы фарабиеведческих исследований в Казахстане. В кн.: Uluslararası Fârâbi Sempozyumu Bildirileri Ankara, 7-8 ekim 2004. 370-379.
8. Казахстанский диалог Абу Насра аль-Фараби и Мераба Мамардашвили. В кн.: Мераб Мамардашвили: «Быть философом – это судьба...». Материалы Международной конференции «Мераб Мамардашвили: вклад в развитие философии и культуры». Москва, 9-11 декабря 2010 года. С. 247-258. (в соавт. с Соловьевой Г.Г.).
9. Философия и демократия в современном мире. Актуальные проблемы гуманитарного сотрудничества. Москва, Прогресс – Традиция, 2008 г. (коллективная). С. 24-28, 108-116.
10. О роли историко-культурного наследия в формировании национального самосознания народа Казахстана. В кн.: Национальное самосознание народов стран СНГ и Балтии: роль общих культурных основ. Москва, Прогресс – Традиция, 2008 г. (коллективная). С. 39-47.
11. Принцип соответствия в математике. В кн.: Проблемы истории и методологии научного познания. Москва: Изд-во «Наука», 1974. С. 170-182.
12. О принципе соответствия в развитии математики. В кн.: Принцип соответствия (Историко-методологический анализ). Москва: Изд-во «Наука», 1979. С. 161-167.

13. Взаимосвязь оснований и развития математики. В кн.: Методологический анализ оснований математики. Москва: «Наука», 1988. С. 93-96.

14. Kazakların Fikiz Yazari. Muhtar Awezov hakkında Makaleler. Ankara, 1997. С. 2-20.

15. Мысленный эксперимент как средство математического познания. В кн.: Методологический анализ математических теорий. Москва, 1987. С. 22-33. (в соавт. с Каплиным В.Н.).

16. О роли математики в интеграции научного знания. В кн.: Единство и многообразие мира, дифференциация и интеграция научного знания. Москва: изд-во «Наука», 1983. С. 365-370.

17. Роль принципа противоречия в развитии математики. В кн.: Методологические проблемы развития и применения математики. Москва, 1985. С. 10-20.

18. The national idea of Kazakhstan. The Dialogue of Cultural Traditions: A Global Perspective. P. 551-561.

19. От «единомыслия» к плюрализму мнений (Беседы о путях к социальному диалогу). Москва: Изд-во «Знание», 1990. С. 64.

20. Философский анализ развития математики в контексте человеческой культуры. В кн.: Закономерности развития современной математики. Москва: «Наука», 1987. С. 279-287.

21. Bildiriler Papers. Uluslararası international symposium. 15-17 aralık 2000. December 15-17. Ahmet Yesevi ve Mevlana da Tasavvut ve Hosgörü Anlayisi The Understanding of Tölerance & Tasavvut of Ahmet Yesevi & Mevlane. P. 213-216.

22. Hoca Ahmet Yesevinin Dünya Görüsü. – Turk Dünyasi Cacas Lence ve edebiyalari Sempozyumu (21-23 Nisan 2000? Mugla). P. 141-160.

23. Kazakistan'da Pede Korkut. Prof. Dr. Abdumalik Nusanbayev. – Ankara: AYK Atatürkkültür Nerkezi Baskanligi, 2002.

24. Qoja Ahmet Yasawidin Düniyetanum Men Filosofiyasi // BIR. Türk Dünyasi incelemeleri Dergisi. 3. Istanbul, 1995. S. 75-87.

25. Kazak Felsefesi ve geleneksel Kültüzün Evrensellekezi // VI. Milletlerarasi Türk Halk Kültüzü Kongresi. Son Elli vilda Türkiye Disindaki Türk Halk Kültüzü Galismalari Seksiyon Bildirileri. Ankara, 2002. S. 183-192.

26. The categorical nature of mathematical cognition // *Philosophia mathematica. An international Journal Philosophy of mathematics USA*. 1991. Second Series. Vol. 6. №1. P. 39-52 (соавт.: Р. Кадыржанов).

27. Хожда Ахмет Иасауи как великий мыслитель и гуманист // *Общественные науки в Синьцзяне (КНР)*. 1994. №3. С. 50-58.

28. Die rolle der mathematic als Penomen der gegenwartigen kultur // *information-bulletin*. Berlin. 1989. №8. S. 37-39.

29. Die wechselbeziehund von qualitativen und quantitaven Methoden in Mathemi-sierungsprozep der Wissenschaften // *Wiss. Z. Karl-Marx-Univ. – Leipzig*. 1981. – Jg. 30. H.1. – S. 106-110.

30. Единство абстрактного и конкретного в развитии математики // *Вопросы философии*. – 1980. №5. С. 46-52.

31. Проблема реальности в теоретическом познании // *Научные доклады Лейпцигского университета (Германия)*. 1978. №3. С. 68-82. (Соавт.: Г. Мостовенко), (на нем. языке).

32. О взаимосвязи качественных и количественных методов в процессе математизации научного знания // *Материалы XVI Всемирного философского конгресса в Дюссельдорфе (ФРГ) «Успехи и границы математизации»*. М., 1978. С. 35-41. (на англ. языке).

33. О взаимосвязи принципов дополнительности и ответственя: (к 100-летию со дня рождения А. Эйнштейна) // *Філософська думка*. 1979. №3. С. 68-74. (соавт.: У. Раджабов) (на укр. языке).

34. О формах влияния естествознания на развитие категориального аппарата диалектики // *Диалектика и современное научное познание*. – Ташкент, 1983. – С. 133-137.

35. Предметът на математиата в контекста на Човешката култур // *Философска мысль*. София. 1983. Кн. 9. С. 104-111. (Соавт.: Р. Кадыржанов, на болг. языке).

36. О культурном контексте генезиса математического знания // *Вопросы философии*. – 1984. - №4. – С. 117-121. (Соавт.: Р. Кадыржанов).

37. Основания математики как философская проблема // *Вопросы философии*. – 1984. - №2. С. 131-137.

38. Die Dialektik als Logik des mathematischen Erkennes // *Wiss. Z. Karl-Marx-Univ. Leipzig*. 1984. – Jg. 33. H.2. – S. 126-134.

39. О роли математики в ускорении научно-технического прогресса // *Методологические проблемы технических наук*. – М., 1985. – С. 34-43.

40. Принципы относительности к средствам доказательства и его методологическое значение // *Логика и системные методы анализа научного знания*. – М., 1986. – С. 275-276.

41. Мысленный эксперимент как средство математического познания // Методологический анализ математических теорий. – М., 1987. – С. 22-33. (Соавт.: В. Каплан).

42. Dialectics of truth and error in formation and grounds of scientific theory // Abstracts of VIII international congress of logic, methodology and Philosophy of science. 17-22. August. – Moscow, 1987. – W. 4. 9. 6. – P. 45-47.

43. О великом казахском писателе и мыслителе // Общественные науки в Синьцзяне. – 1997. - №3-4. (қазақ тілінде).

44. О традиционной этике казахов. – Алматы, 1997. (соавт.: З. Сарсенбаева).

45. Модернизационные процессы в сельских локальных сообществах (в одном совместном казахстанско-российском проекте) // Социс. – 2002. – №12. – С. 53-58.

46. Средневековый арабоязычный перипатетизм и исламская религиозная традиция // Вопросы философии. – 2001. – №11. – 0,9 п.л.

47. Цивилизационные традиции и менталитет казахского народа // The vision of the Asian Community: Материалы Первой Международной конференции по азиатской философии (Стамбул, 29 сентября - 2 октября). – Стамбул, 2005. – 0,3 п.л.

48. К проблеме поиска нового рационализма // XIX Всемирный Философий конгресс (Москва, 22-28 апреля). – Алматы, 1993. – С. 154-162.

49. Диалектика и новое политическое мышление // Коммунист. – 1991. – №11. – С. 44-53.

50. Наша задача: войти в мировое социологическое сообщество // Социс. – 2007. – С. 44-47.

51. Г.Г. Соловьева, С.Ю. Колчигин. Абдумалик Нысанбаев. В серии «Жизнь замечательных людей» – Астана: «Елорда», 2001. – 232 с.

52. Зарубежная оценка трудов академика А.Н.Нысанбаева. – Алматы, 2014. – С. 172.

53. «Социально-духовное развитие казахстанского общества в период независимости: философский контекст» в Истории Казахстана (с древнейших времен до нашей дней) в 5-ти томах. – Т. 5. – Алматы: Атамұра: 2010. Раздел шестой (на казахском и русском языках).

## МАЗМҰНЫ

АЛҒЫ СӨЗ.....	3
1 ТӘУЕЛСІЗДІК ФИЛОСОФИЯСЫ ЖӘНЕ ДЕМОКРАТИЯ.....	13
1.1 Тәуелсіздік идеясының қалыптасуы.....	13
1.2 Тәуелсіздік жағдайындағы жаңа қоғамдық сана мен құндылықтар жүйенің қалыптасуы.....	25
1.3 Ататүрік салған арда жол.....	68
1.4 Түркі әлемі туралы сөз.....	74
1.5 Жаһандану және халықтың философиялық және тарихи санасының қалыптасуы.....	88
1.6 Біртұтас ұлт, бірегей жұрт.....	105
2 МӘДЕНИ ЖАҒАҢДАҢ ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ДҮНИЕТАНЫМЫ.....	117
2.1 Тәуелсіздік – біздің басты құндылығымыз.....	117
2.2 Бағыт айқын болмай, көш түзелмейді.....	138
2.3 Демократия – өркениетті ашық қоғам орнатудың өзегі.....	149
3 ҰЛТТЫҚ ТӘУЕЛСІЗДІК ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ДИАСПОРАСЫ.....	156
3.1 Шетел қазақтары және ұлттық идея.....	156
3.2 Шетел қазақтарының құндылықтық әлемін зерттеудің теориялық-әдіснамалық негізі.....	169

3.3	Жаһандандудың шетел қазақтарының құндылықтық санасына тигізетін әсері және әлем қазақтарының біртұтастығы идеясы.....	177
3.4	Қазақ диаспорасы – ерекше әлеуметтік-этникалық құбылыс.....	193
3.5	Қазақ диаспорасының атамекенімен рухани-мәдени байланысы.....	208
3.6	Шетелдегі қазақтардың құндылықтарындағы басымдықтар. Әлемнің әртүрлі елдеріндегі отандастарымыздың құндылықтық жүйелерінің ерекшеліктері.....	218
3.7	Жаһандану жағдайындағы қазақ диаспорасы өкілдерінің әлеуметтік, психологиялық және саяси бағдарлары хақында.....	227
3.8	Қазақ репатрианттарының еліміздегі саяси-экономикалық мәдени және рухани жағдайларға бейімделуі. Заманауи кезеңдегі қазақ репатрианттарының құндылықтық әлемінің өзгеруі.....	237
3.9	Мағжан дүниетанымы және философиясы.....	258
3.10	Біз қазір кімбіз?.....	290
3.11	Ұлттық бірегейлену деген не?!.....	307
3.12	Ортақ діл және ой еркіндігі.....	317
3.13	Қазақстандағы толеранттық сананың қалыптасуы және этностардың бейбіт қатар өмір сүру мәдениеті.....	328
3.14	Қазақстанның дербес дамуы және жаһандану.....	343
3.15	Азаматтық қоғамның қазақстандық үлгісі туралы.....	365
3.16	Конфессияаралық сұхбаттың гуманистік негіздері және өзара түсінісу философиясы.....	379
3.17	Түркі философиясы түркітанудың құрамдас бөлігі.....	392

3.18	Білім берудің қазақстандық үлгісі: шығыс пен батыс тәжірибесі.....	412
3.19	Елімізде ұлттық философияның қалыптасуы мен дамуы.....	425

*Ғылыми басылым*

ТӘУЕЛСІЗДІК. АШЫҚ ҚОҒАМ.  
ҚАЗАҚ ДИАСПОРАСЫ

10-том

Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 25 жылдығына  
арналған академик Ә.Н. Нысанбаевтың таңдаулы ғылыми  
еңбектерінің 10-томдық жинағы

Компьютерлік дизайн жасаған  
және беттеген *Л.Н. Тоқтарбекова*

Басуға 25.05.2016.  
Пішімі 84/108 1/32  
Шартты баспа табағы 28,3 б.т.  
Офсеттік басылым.